

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**А. В. СИДОРОВИЧТИҢ, Ә. Ә. ӘБІШЕВТИҢ  
жалпы редакциялауымен**

# **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА**

*Оқулық*

*Қазақстан Республикасының Білім және  
ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы, 2011

ӘОЖ 330(075)  
КБЖ 65.02 я7  
Ұ 43

*Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің  
Ғылыми кеңесі оқулық ретінде ұсынған  
(2010 жылғы 27 сәуірдегі хаттамасынан көшірме)*

**Пікір жазғандар:**

**О.Б. Баймұратов** – экономика ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА академигі;  
**С.С. Арыстанбаева** – экономика ғылымдарының докторы, профессор;  
**Ж.Я. Әубәкірова** – экономика ғылымдарының докторы, профессор;  
**К.Е. Кубаев** – экономика ғылымдарының докторы, профессор.

**Ұ 43 Ұлттық экономика: Оқулық. /А.В. Сидоровичтің, Ә.Ә. Әбішевтің жалпы редакциялауымен.** – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 616 бет.


ISBN 978-601-217-230-0

Оқулықта Қазақстанның ұлттық экономикасының ғаламдану жағдайындағы ерекшеліктері мен оның қалыптасу тенденциялары әлемдік экономиканың экономикалық жүйелерінің интеграциялық процестері тұрғысынан қарастырылады. Еліміздің ұлттық экономикасының қазіргі кезеңдегі дамуы мен келешегіне ерекше назар аударылған.

Кітапта еліміздің ресурстық әлеуетін пайдалану мен бағалаудың инновациялық нысандары мен әдістері, бәсекеге қабілеттілік пен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдері, сондай-ақ ұлттық экономиканы мемлекеттік қолдау мен реттеудің шаруашылық жүргізуде нарықтық механизмдері ескерілген бағыттары баяндалады.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, магистранттарына, аспиранттарына, бизнес-құрылымдарының, ғылыми және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арналған.

ӘОЖ 330(075)  
КБЖ 65.02 я7



351982

№ 3 оқу залы

ISBN 978-601-217-230-0

© Сидорович А.В.,  
Әбішев Ә.Ә., 2011  
© Қазақстан Республикасы  
Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2011

## КІРІСПЕ

Ғаламдану және нарықтық реформалар жағдайында Қазақстанның экономикасында түбегейлі ұйымдастыру және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер белең алуда. Осыған байланысты еліміздің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуға көшуін қам-тамасыз ету мақсатында ҚР экономикасын жеделдетіп жаңғырту тұжырымдамасын іске асыруға қабілетті жоғары білікті экономистер мен жаңаша ойлайтын басқарушыларды даярлау қажет екені өткір сезіледі.

Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіруі халықаралық стандарттарға жауап беретін инновациялық – дамуға және ұлттық экономикалық білім жүйесінің технологиясын жетілдіруге біршама дәрежеде байланысты. Осы орайда жақын және алыс шет елдердің оң тәжірибесін ескере отырып, ұлттық экономиканың жұмысы мен дамуының ерекшеліктерін, заңдылықтарын зерделеуге негізделген, теориялық және практикалық жағынан білімді мамандар даярлауға ерекше назар аудару қажет.

Осы дәрежеге жету үшін инновациялық бағыттағы озық үлгідегі оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеп, оларды оқыту процесіне енгізу қажет. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ ұлттық экономикалық білім беру жүйесін реформалаудың басымды бағыттарын ұстана отырып, халықаралық білім беру және зерттеу қызметтері нарығына кіруге қатысты қомақты жұмысты еңсерді.

Кәсіби ғылыми-педагогикалық мамандар даярлаудың жаңа үлгісін қалыптастыру мақсатында республиканың экономикалық бейіндегі жетекші оқу-әдістемелік және ғылыми орталығы – Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің ғалым-педагогтері Ресейдің әлемдік деңгейдегі ең ірі жоғары оқу орнымен ынтымақтастық жасасады.

Жоғары экономикалық білім беру жүйесінде ұзақ жылдар бойы «Экономикалық теория», «Микроэкономика», «Макроэкономика» сияқты экономикалық пәндер оқытылып келді. Кредиттік оқыту жүйесіне көшудің арқасында студенттерге өздерінің білім алу өрісін қалыптастыруға мүмкіндік беретін элективтік пәндер ауқымын кеңейту мүмкіндігі пайда болды. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ студенттеріне ұсынылатын жаңа пәннің бірі «Ұлттық экономика негіздері» деп аталады. Аталмыш пән жоғарыда аталған курстарды зерделеу кезінде алынған жалпы теориялық білімді Қазақстанның ұлттық экономикасының нақты сипаттамаларымен толықтырады. Жаңа оқу пәнін ойдағыдай игеру үшін Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ оқытушылары М. В. Ломоносов атындағы ММУ-дің оқытушылар ұжымымен бірлесе отырып бұрын алынған білімнің негізінде жаңа білім алуға, сонымен бірге еліміздің экономикасы жөнінде жүйе ретінде толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқулықты дайындады.

Ұлттық экономиканың ұдайы өндірістің барлық фазалары, экономиканың барлық деңгейлері, техникалық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілердің біртұтас жүйесі ретінде қарастыратын кешенді тәсілдеменің іске асырылғаны осы оқулықтың ерекшелігі болып табылады.

Оқулықта барлық мәселелер еліміздің экономикасының тұрақты дамуын, яғни тұрақты экономикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік, экологиялық даму көзделетін Тұрақты даму тұжырымдамасы тұрғысынан зерттелген.

Сол немесе басқа ел экономикасының ахуалы, ең алдымен, оның қолындағы өндірістік күштердің, ресурстардың даму деңгейіне, экономиканың, яғни оның секторларының салалары мен аумақтық құрылымдарының ауқымы мен құрылымына байланысты. Оқулықта Қазақстанның ұлттық экономикалық жүйесі қызметінің теориялық негіздері, Ресей мен Қазақстанда экономикалық процестердің дамуы баяндалады, сонымен бірге біздің елдерімізде көбінесе бір тұрпаттас ұлттық экономикалық үлгілердің дамитыны көрсетіледі. Бұл қазіргі кезеңдегі аралас экономиканың қалыптасуындағы жалпы қағидаларымен де, сонымен бірге біздің елдеріміздің ортаық еуразиялық кеңістікте орналасуымен де байланысты. Авторлардың шығармашылық ұжымы осының арқасында Қазақстан экономикасының нақты проблемаларын зерттегенде және әлемдік шаруашылықта, сондай-ақ бұрынғы кеңес кеңістігінде орын алған процестерді зерттеу-де ортақ көзқарасты ұстанды. ММУ мен Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ ғалымдарының күш-жігерін біріктіру арқылы бұрынғы кеңес кеңістігіндегі экономиканың трансформациялану заңдылықтарының түсінігін айтарлықтай ілгерілетуге және Президент Н. Ә. Назарбаевтың «білім беру жүйесін жаңа сапа деңгейіне бірлесіп көтеру – іс жүзінде біртұтас еуразиялық білім беру кеңістігін құру» қажеттілігі жөніндегі идеясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқулықта егемен Қазақстанның жеке меншік, мемлекеттік және аралас меншік нысандары, экономиканың тауарлар шығаратын салалары мен қызметтер көрсететін салалары, сондай-ақ нарықтық шаруашылық институттары мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары кіретін жаңа құрылымдарынан құралатын экономикалық құрылымының ерекшеліктері баяндалады.

Оқулықтың авторлары экономикалық саясаттың әдіснамалық қағидалары мен оның мәніне сүйене отырып, экономикалық саясаттың ақша-кредит, бюджет-салық, инвестициялық, әлеуметтік, экологиялық, сыртқы экономикалық және т.б. негізгі бағыттарын қарастырды. Олардың маңызын зерттегенде әрбір нақты кезеңнің айрықша ерекшеліктері мен құралдарын көрсететін белгілі бір сатылар жекеленеді.

Мәскеу қаласының «Дело и сервис» баспасын ынтымақтастық жасасқаны үшін алғысымызды білдіреміз.

Оқулықтың жекелеген тараулары мен параграфтарының авторлары:

Проф. Әбішев Ә.Ә. (ҚазЭУ) – кіріспе, 8.7-8.9-тараулар; проф. Сидорович А.В. (ММУ) – кіріспе, 1.1-1.7, 2.5, 3.1-3.14, 5.1-5.10, 6.1-6.3, 9.1-9.6, 10.1-10.4, 11.1-11.3, 15.1-15.4, 16-тараулар; проф. Әбділманова Ш.Р., э.ғ.к., Святлов С.А. (ҚазЭУ) – 14.3-14.8-тараулар; доц. Байшоланова Қ.С. (ҚазЭУ) – 16-тарау; доц. Безгинова В.К. (ҚазЭУ) – 4.1, 4.5, 4.9, 4.12-4.13-тараулар; э.ғ.д. Борисова С.Г. (ММУ) – 5.8-5.9-тараулар; доц. Васильева Н.И. (ММУ) – 19.1-19.2, 19.6, 22-тараулар; проф. Гайнуллин Ф.Р. (ҚазЭУ) – 5.8-5.10-тараулар; доц. Досқалиева В.К. (ҚазЭУ) – 7.8, 7.10-тараулар; аға оқыт. Жолдасбаева Т.К. (ҚазЭУ) – 15.4-тарау; проф. Иванов Ю.Н. (ММУ) – 18.1-18.2-тараулар; проф. Ынтықбаева С.Ж. (ҚазЭУ) – 12.1-12.9-тараулар; проф. Кәрібжанов Ә.С. (ҚазЭУ) – 20.4, 21, 22-тараулар; доц. Крымова В.Ж. (ҚазЭУ) – 13.1-13.7-тараулар; проф. Куликов В.В. (ММУ) – 9.1-9.6-тараулар; аға оқыт. Құнашева Б. (ҚазЭУ) – 18.3-18.4-тараулар; проф. Кульков В.М. (ММУ) – 2.4, 5.3-5.6-тараулар; доц. Лебедев В.М. (ММУ) – 17.1-17.2-тараулар; доц. Логвина А.М. (ММУ) – 13.1-13.7-тараулар; проф. Любимцев Ю.И. (ММУ) – 12.3-12.5, 12.7-тараулар; доц. Масакова С.С. (ҚазЭУ) – 21-тарау; доц. Мисихина С.Г. (ММУ) – 10.1-10.4, 11.1-11.3-тараулар; доц. Мауленова С.С. – 1.7, 9.1-9.2, 9.4-9.6, 10.1-10.4, 11.2-11.4-тараулар; проф. Ольсевич Ю.Я. (ММУ) – 22-тарау; аға оқыт. Оралтаев Т.Қ. (ҚазЭУ) – 6.4-тарау; проф. Пасеченко П.С. (ҚазЭУ) – 17.1-17.6-тараулар; доц. Прокофьева М.А. (ММУ) – 12.1-12.2, 12.6, 12.9, 14.1-14.8-тараулар; проф. Разумов А.А. (ММУ) – 10.1-10.4-тараулар; доц. Разумова Т.О. (ММУ) – 10.1-10.4-тараулар; проф. Рябушкин Б.Т. (ММУ) – 18.1-18.2-тараулар; проф. Сейітқазиева А.М. (ҚазЭУ) – 17.1-17.6-тараулар; проф. Таранұха Ю.В. (ММУ) – 7.1-7.10, 8.1-8.13-тараулар; проф. Текенов У.А. (ҚазЭУ) – 19.1-19.6, 22-тараулар; проф. Темірбекова А.Б. (ҚазЭУ) – 8.7-8.9-тараулар; проф. Хубиев К.А. (ММУ) – 4.1-4.13-тараулар; проф. Черковец О.В. (ММУ) – 19.3-19.5, 20.1-20.4-тараулар; проф. Чумаченко Б.П. (ҚазЭУ) – 2.1-2.5, 3.11-3.14-тараулар.

# ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

## 1.1. Экономикалық жүйе. Ұлттық экономикалық жүйе. Ұлттық экономика үлгісі

Қоғамның экономикалық өмірі нақты елдерде жүзеге асырылады. Қоғамның экономикалық өмірінде осы тарихтың ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге жалпықоғамдық дамуға тән жалпыэкономикалық процестер мен заңдылықтар, осы жүйенің дамуының ерекшеліктері де із қалдырады. Яғни ел экономикасы – жалпыэкономикалық, жалпыәлемдік, өңірлік және елдің экономикалық процестерінің өзара ықпалдасуының айрықша күрделі өнімі. Сонымен бірге ол – қоғамның өркениетті негіздерінің дамуымен біртұтас алынған елдердің тарихи өзгерістерінің нәтижесі. Экономика тарихынан ұлттық экономика мен оның жұмыс істеу қағидалары ұлттық шаруашылықтың қалыптасу жағдайында немесе елде оның дамуының негіздерін қозғайтын түбегейлі қайта құрулар жүзеге асырылғанда ерекше маңызға ие болатынын айғақтайды.

Германияда XIX ғасырдың басында ұлттық экономика теориялары кездейсоқ жасалмады. Осы кезеңде ел кеден шекараларымен бөлінген экономикасы бөлшектенген мемлекеттердің бірлестігі ретінде өмір сүрді. Сыртқы шекаралардың шетел тауарлары үшін ашық болуы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ауыр жағдайын одан бетер шиеленістірді. Осының барлығы Германияның бірігуіне және ұлттық экономикалық шекаралар мен мүдделерді қорғау нысандарын іздестіруге ынталандырды. Осы жағдайдың теориялық жағы Фридрих Листтің «Ұлттық саяси экономия жүйесі» деп аталатын атақты еңбегінде ұлттық экономиканың алғашқы жалпы теориясының қалыптасуында баяндалды (1841).

Теорияның кезекті даму сатысы нарықтық шаруашылық жағдайында, бәсекелік орта, еркін кәсіпкерлік дамуының белсенді факторы болса да, өзінің ерекшеліктеріне сай бүкіл ел ауқымында белгілі бір реттеуді қажет ететіні анық болғанда ұлттық экономиканың негіздерін іздеумен байланысты болды. Ордолиберализмнің негізін қалаушылардың бірі Вальтер Ойкеннің «Ұлттық экономика негіздері» деп аталатын еңбегінде экономикалық өмірдің институционалдық жағдайлары конституциялық құқықтық нысандар ғана емес, сонымен бірге осы елге тән салт-дәстүрлерді де сіңіруге тиіс деген тұжырымдама жасалған. Осы негізде ГФР-да әлеуметтік нарықтық шаруашылықтың экономикалық жүйесінің пайда болуы соғыстан кейінгі Германияның экономикалық саясатының ғана емес, сонымен бірге XX ғасырдың экономикалық теориясының жаңа деңгейінің заңды нәтижесіне айналды.

Ұлттық экономика мәселесі қазіргі заманғы жағдайда өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Біріншіден, өтпелі экономикаларда жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экономиканың үлгілерін таңдауымен, елдердің экономикалық шекараларды анықттық қауіпсіздігімен байланысты. Ұлттық экономикалық жүйелер мен оларды зерттеуге деген ықылас ірі интеграциялық бірлестіктер жүйесінде ел өзінің орнын анықтаған кездегі интеграциялық процестер жағдайында одан бетер күшейеді. Екіншіден, ғаламдану барлық елдердің алдына оның жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын мемлекеттердің ұлттық мүдделерімен үйлестіру мәселесін шешуді талап етеді. Осы мәселенің шешімін табу үшін ұлттық мүдделердің рөлі жөніндегі түсініктерді нақтылап, қазіргі бар ұлттық экономикалық жүйелердің қызметіне өзгеріс енгізу қажет.

Ғаламдану бір жақты түсінік емес, ол әлемнің әр алуандылығы, қоғамдық дамудың ұлттық үлгілерінің ерекшелігі, қатынастарды өңірлерге бөлу арқылы жүзеге асырылады. Осының барлығы ұлттық экономикаларды зерттеуге деген ынтаны төмендетпейді, керісінше, оларды зерттеуді талап етеді. Ұлттық экономикалардың әлемдік шаруашылыққа кіру тәсілдерінің өзгеруі, ұлттық мүдделерді қорғаудың жаңа нысандарының пайда болуы, экономикалық егемендік проблемасының шиеленісуі, елдердің ғаламданудың бір жақты идеяларын жақтаушыларға төтеп беруге тиіс болуы осыған себепкер болды. Ғаламдану ұлттық ерекшеліктерді жоймайтынының тағы бір дәлелі ретінде ұлттықтан жоғары құрылымдар мен халықаралық корпорациялардың жұмыс істеу тәжірибесін атауға болады. Осы мысал аталмыш институттар өзінің қызметін ұлттық жағдайларды, дәстүрлер мен мүмкіндіктердің ерекшеліктері мен артықшылықтарын елемей емес, керісінше соларды пайдалана отырып құратынын көрсетеді.

Ұлттық экономиканы әр түрлі ғылымдар – экономикалық география, эконо-микалық тарих, халық шаруашылығы экономикасы, халық шаруашылығын болжау, халық шаруашылығы салаларының экономикасы және т.б. зерттейді.

Ұлттық экономиканы экономикалық теория ауқымында қарастыру ел экономикасын сипаттау тәсілдемесінен айтарлықтай ерекшеленеді. Осы орайда елдің экономикалық құрылымына ерекше назар аударылады. Экономикалық теория ел экономикасын экономикалық қатынастардың бағынышты құрылымы ретінде қарастырады. Алайда кез келген экономикаға, кез келген экономикалық құрылымға тән экономикалық қызметті (шаруашылық жүргізу нысандарын) үйлестіру қажеттілігі, экономикалық қызметтің (меншіктің) факторлары мен нәтижелерін бөлу, табыстарды бөлу және қайта бөлу нысандарын, жеке меншік және қоғамдық ұдайы өндіріс нысандарын қоғамның экономикалық механизмі, оның институттары мен ұйымдарының бірқатар елдерге тән ортақ қасиеттері ғана бар емес, сонымен бірге олардың айтарлықтай айырмашылықтары да жоқ емес. Аталмыш айырмашылықтар кез келген экономиканың экономикалық құрылымының элементтерінің осы елдің ерекшеліктеріне байланысты жалпы өзгеруіне орай ерекшеленеді.

Әр елдің экономикасы – ұдайы өндіріс жүйесі. Демек елдің экономикалық тірлігінің ең өзекті мәселесі – осы елдің қарапайым және кең салалы ұдайы өндірісінің ішкі көздері. Тиісінше осы көздерді, экономиканың оңтайлы құрылымын, меншік құқықтарының бөлінуін, қаржы механизмдерін, әлеуметтік-еңбек қатынастарының тұрпатын, сыртқы әлеммен жасалатын байланыстың нысандарын, экономиканы жалпы басқару жүйелерін, ұлттық экономиканың экономикалық шекараларын анықтау кез келген ұлттық экономиканың негізгі проблемасы болып табылады. Осы орайда да біз әр түрлі елдердің ұлттық экономикаларының ұдайы өндірісінің өзіндік ерекшеліктерінің бар екеніне көз жеткіздік.

XXI ғасырдың басындағы қазіргі заманғы ұлттық экономикаларды жалпы шолудың өзі экономикалық құрылым тұрғысынан алып қарағанда, ұлттық экономикалардың түбегейлі айырмашылықтарының барын көрсетеді. Аралас тұрпатта дамыған нарықтық экономикалармен (АҚШ, Батыс Еуропа) қатар нарықтық тұрпаттағы емес орталықтандырылған экономикалар (КХДР), дәстүрлі шаруашылық жүргізу нысандары басым елдер (бірқатар Африка елдері), постиндустриялық технологиялар негізінде дамитын елдер тіршілік етеді. Кейбір елдер қалыптасқан экономикалық құрылымды дамытуда, ал басқалары өздерінің ұлттық экономикалық жүйесін қалыптастыру сатысын жүзеге асыруда.

Ұлттық экономикалардың осы алуан түрлері мына екі негізгі факторға негізделеді:

біріншіден, елдердің экономикалық құрылымы осы елдердегі экономикалық жүйенің ерекшелігіне орай қалыптасады;

екіншіден, елдердің экономикалық құрылымы осы елге ғана тән экономикалық емес даму ерекшеліктері мен жағдайына байланысты болады.

## **1.2. Экономикалық құрылым және экономикалық жүйелер**

Экономикалық қатынастар үлкенді-кішілі дәрежедегі құрылымды білдіреді. Экономикалық жүйелерді әр түрлі өлшемдер бойынша бөлуге болса да, бірқатар елдердің елдік айырмашылықтарына қарамастан үйлестіру тәсілдері (негізінен), меншік нысандары, экономикалық басқару органдары және т.б. бірдей сол бір экономикалық жүйесі болуы ықтимал. Осының айқын мысалы ретінде нақты социализмнің бұрынғы жүйесінің мемлекеттерін капиталистік жүйесі бар елдермен, яғни экономиканы нарықтық ұйымдастыруды жоспарлы үйлестірумен; капиталистік емес елдердегі жеке меншіктің басым рөлімен қоғамдық меншіктің өктемдігімен; нарықтық институттар мен ұйымдардың болмауын дамыған нарықтық инфрақұрылыммен салыстыруға болады, көптеген КСРО мен Шығыс Еуропа елдерінің экономикалық жүйесі Батыс елдерінің экономикалық жүйелерінен осы және басқа да белгілермен ерекшеленді. Осының барлығы осы елдердің экономикалық қатынастарының басқа да нақты нысандарында да байқалды.

Экономикалық жүйелердің айырмашылықтары сол немесе басқа елде және қазіргі кезеңдегі жағдайдағы экономикалық құрылыстың ерекшелігіне де айтарлықтай ықпал етеді. Мәселен, дәстүрлі табиғи құрылым басым дамушы елдердің экономикасымен қатар дамыған елдерде технологиялық базасы постиндустриялық технологиялар мен өндірістік күштерге негізделген қазіргі

заманы аралас экономикалық жүйелер дамуда. Демек, біз, мысалы, АҚШ пен Мали, Германия мен Того және т.б. сияқты елдердің экономикалық құрылымындағы айырмашылықтың жер мен көктей екеніне көз жеткіздік.

Сөйтіп, экономикалық құрылым экономикалық қатынастардың бағынышты жүйесі ретінде өзінің экономикасын сол бір қағидалармен дамытатын бірқатар елдерге тән. Аталмыш қағидалар экономикалық жүйелердің дамуының жалпы заңдылықтарына негізделген. Қағидалардың ішінен экономикалық жүйелердің экономиканың технологиялық базисінің, оның өндіргіш күштерінің өзгеруінің ықпалынан дамуын атап өту қажет. Осы байланыс тек соңында ғана байқалса да, ол сол немесе басқа елдің экономикалық құрылымында өзгеріс туындататын елеулі әрі тұрақты фактор болып табылады. Экономикалық құрылымға ықпал ететін тұрақты фактор ретінде қоғамдағы құқықтық институттардың қоғамның саяси құрылымы тарапының технологиялық факторларының негізгі рөлін ішінара толықтыратын ықпалын да жатқызуға болады.

Марксизм экономикалық жүйелердің дамуының өндіргіш күштердің даму деңгейінен тәуелді екенін өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің даму деңгейі мен сипатына сәйкестік заңы нысанында қалыптастырды. Осы заңға сәйкес басқа да негізгі, яғни капиталистік қатынастарды социалистік қатынастармен, ал капитализмді – социализммен сөзсіз ауыстыру қажет екені жөніндегі ереже де негізделді. Нақты қоғамдық өмірден экономикалық жүйелер бір сызықпен дамымайтынын, ал жүйелерді өндірістік қатынастар тұрпаты бойынша бөлу өлшемі жүйелерді жіктеудің жалғыз ғана өлшемі емес екенін айғақтайды,

Әр түрлі экономикалық жүйелер бір уақытта қатарлас тіршілік етеді, олар бір деңгейдегі технологиялық базиске сүйеніп «өмір сүреді». Ғаламдану экономикалық жүйелердің сипаты мен тұрпатын анықтауды одан сайын қиындатады. Елдер өңірлік экономикалық бірлестіктер жүйесіне көптеп кіруде, осының арқасында сол немесе басқа өңірлік интеграциялық топтарға кіретін елдердің бір тұрпатты экономикалық жүйелері қалыптасып келеді. Нәтижесінде елдер топтарының ұлттық экономикалары өзінің экономикалық жүйесі бойынша өте ұқсас болып барады.

### **1.3. Экономикалық құрылым және ұлттық экономикалық жүйе**

Экономикалық жүйенің өзгешелігі елдің ұлттық экономикалық құрылымының ерекшеліктерін толықтай көрсетпейді. Ұлттық экономикалық құрылым экономикалық жүйенің өзгешелігінде ғана емес, сонымен бірге елдің экономикалық емес айырмашылықтарының нәтижесінде де ерекшеленеді. Ұлттық экономикалық жүйе – экономикалық құрылымның елдің дамуындағы оның салт-дәстүрлерінің, жағдайының, мәдениетінің және т.б. факторлары сияқты ұзақ уақыт бойы жойылмайтын факторлардың ықпалына кіретін бай әрі мазмұнды сипаттамасы. Осы факторлардың іс-қимыл жасау нәтижесінде экономикалық құрылымның элементтері, қоғамның институттары мен ұйымдары өзара ерекше бағынышты, яғни олардың нысандары да ерекше болады. Демек, экономикалық құрылым мен экономикалық жүйе осы елдің нақты жағдайында ұлттық экономикалық жүйенің ерекшелігіне ие болады. Ұлттық экономикалық жүйе сол немесе басқа елдің нақты жағдайындағы экономикалық жүйе мен экономикалық құрылымның ерекшелігінің көрінісі болып табылады. Айтылғанның негізінде сол бір технологиялық негізде дамиды, экономикалық жүйесі бірдей елдерге осы экономикалық емес факторлар іс-әрекет жасауына байланысты, олардың ұлттық экономикалық жүйелері әр түрлі болады.

Осының мысалы ретінде қазіргі заманғы аралас экономика негізінде дамытын АҚШ-тың, Швецияның, Германияның экономикасының айырмашылықтарын келтіруге болады. Осы елдерде мемлекеттік шығынның үлесі әртүрлі. Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде бірдей технологиялық негіз бен аралас экономика жүйесінде әлеуметтік қорғау жүйесі әртүрлі. Осы елдерде халықтың неғұрлым бай және ең кедей бөлігінің, ақшалай табысының, кедей халықтың үлесі мен теңсіздік дәрежесінің арақатынасы да айтарлықтай ерекшеленетіні кездейсоқ емес. Мәселен, ХХ ғасырдың 90-жылдарының ортасында Батыс Еуропа елдерінде Джини коэффициенті Финляндияда – 0,18, Швецияда – 0,24, Германияда – 0,28, Ұлыбритания-да – 0,36 құрады. Қаржы нарығының ұлттық үлгілері әр түрлі, Орталық банктер де әр түрлі рөл атқарады.

Көрсетілген айырмашылықтар кездейсоқ емес – олар елдің ұлттық ерекшеліктерінің нәтижесі ретіндегі ұлттық экономикалық жүйелердің ерекшеліктерінің өнімі.

## 1.4. Ұлттық экономикалық жүйе және ұлттық экономика үлгісі

Бір деңгейде дамып келе жатқан бірқатар елдердің ұлттық экономикалық жүйелері көбінесе ұқсас келеді. Осы елдердің деректері, әдетте, әлеуметтік қорғау жүйелерімен, экономикалық институттарымен, мемлекеттік экономикалық саясаттың қағидаларымен және т.б. ұқсайды. Мұндай жағдайда осы елдердің даму үлгісі немесе ұлттық экономикасының үлгісі бірдей деп айтылады.

Сөйтіп, осы ұғым сол бір экономикалық жүйе негізінде дамитын елдердің тобына ұлттық экономиканың сол бір қасиеттері мен белгілері тән (елдердің айырмашылықтарына қарамастан) екенін білдіреді. Нәтижесінде әлемнің барлық ұлттық экономикалық жүйелерін ұқсас (үлгілер) топтар бойынша жіктеуге, ал сол бір экономикалық жүйенің базасында әр алуан ұлттық экономикалық жүйелер емес, сонымен бірге әр түрлі ұлттық экономикалық үлгілер қатар өмір сүре алады. Осы орайда ұлттық экономика үлгілерінің саны ұлттық экономика жүйелерінің санынан сөзсіз аз болады.

Дәлел ретінде Еуропадағы бірқатар ұлттық экономикалық үлгілерді келтіруге болады. Қазіргі уақытта солтүстік елдердің ұлттық экономикасының үлгісі (Швеция, Финляндия, Норвегия, Дания), оңтүстік еуропалық үлгісі (Португалия, Италия, Греция) жеке атап өтіледі. Мұның өзінде латынамерикандық даму үлгісінің еуропалық үлгіден біршама дәрежеде әлеуметтік теңсіздігімен ерекшеленеді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қарқынды дамуына орай зерттеулерде бірқатар жылдам дамып келе жатқан Азия елдері атап өтіледі. Әрине, Африканың көп елдерін африкандық ұлттық экономикалық үлгісінің ерекше түріне жатқызуға болады.

Сөйтіп, ұлттық экономика үлгілерін жеке бөлудің арқасында бірқатар елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге ұлттық елдік ерекшеліктерге қарамастан олардың экономикалары мен экономикалық құрылымындағы ортақ нәрселерді жүйелеп, анықтауға мүмкіндік береді.

## 1.5. Ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру қағидалары

Ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру – ұзақ уақытқа жалғасатын үдеріс. Ол экономикалық өзгерістердің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге экономикаға тікелей қатысы жоқ бірқатар факторлардың салдары болып табылады. Саяси бағыттың өзгеруі, соғыстар мен басқа да күйзелістер ұлттық дамудың үлгісін нақтылайтын, сонымен бірге оны түбегейлі өзгертетін шешуші фактор болып табылады. Мысал ретінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірқатар елдерде ұлттық даму үлгілері мен ұлттық экономикалық жүйелердің өзгеруін атауға болады.

Теориялық талдауда бастапқыда дамуға ықпал ететін форс-мажорлық жағдайларды ескермеу қажет. Бұл жағдайда ұлттық экономикалық үлгілер факторлар қоғамдық дамуына іштей тән өзінен-өзі қалыптасатын үдеріс ретінде қалыптасады.

Ұлттық экономикалық жүйенің маңызын теориялық талдау оның осы кезеңде қоғамның экономикалық жүйесінің қалыптасуынан пайда болған өнім екенін көрсетеді. Экономикалық жүйелердің қалыптасу заңдылықтары әмбебап болып табылады. Олар – елдің ерекшеліктеріне байланысты емес, дамудың жалпы заңдылықтарының іс-әрекет жасауының өнімі. Екіншіден, экономикалық жүйелердің бір тұрпатының әр алуан нұсқаларының болуы (нарықтың еркіндігінің әр түрлі дәрежесі, мемлекеттің экономикалық дамудың реттеушісі ретіндегі рөлі және т.б.) экономикалық жүйелердің сол немесе басқа тұрпатының алуан түрлі және көп нұсқасының барын растайды. Үшіншіден, ұлттық даму үлгісін қалыптастыратын осындай нұсқаларды қалыптастырудың объективті процесі оның экономикалық өмірі дамитын ел мен оның жағдайының экономикалық емес ерекшеліктерінің өнімі болып табылады. Осы ерекшеліктер ұзақ уақыт жалғасатын тарихи кезең бойы сақталады. Олар экономиканың тарихымен бірге дамиды, алайда экономикалық процестердің тегімен салыстырғанда осы факторлардың тегі мен өзгеру қисыны басқадай. Мұның өзінде көп жағдайда жүйені, сондай-ақ мемлекетті басқару нысанын таңдау еркіндігін шектейтін өркениеттік факторлар, мәдениет негіздері ерекше тұрақты әрі олар өзгермейді.



Сөйтіп, ұлттық экономика үлгілерінің қалыптасуының белгіленген екі қағидасын жеке атап өту қажет.

Біріншіден, қоғамның экономикалық жүйесі мен экономикалық құрылымының қалыптасуының объективтік тенденциясы. Осы тенденцияларды, заңдылықтарды талдау ел экономикасының дамуының қандай нысандары, тарихи келешекте оның «мінсіз» экономикалық жүйесі қандай болатынын көрсетуі тиіс. Осы болжамның нормативтік және ол сол немесе басқа кезеңде жүзеге асырылатыны міндетті емес.

Екіншіден, елдің экономикалық емес ерекшеліктері. Осы ерекшеліктерді талдау ұлттық экономикалық жүйенің жұмысын бағалап, ерекшеліктерін болжауға мүмкіндік береді. Осы орайда мына факторлардың тобын ескерген орынды.

Елдің табиғи ерекшеліктері. Елдің орналасуы, оның ресурстық мүмкіндіктері, пайдалы қазбалардың запастары, елдің аумағының көлемі мен ауа-райы жағдайлары мен т.б. экономикалық үлгіні қалыптастырудың елеулі факторы болып табылады. Елдің өндіргіш күштерінің дамуы ұзақ уақыт жалғасатын процесс. Ол әрбір уақыт сәтінде өткен ұрпақтар жинақтаған дағдыға, білімге, біліктілікке, қолда бар ресурстарға сүйенеді. Мысалы, қазіргі заманғы жапон экономикасының үлгісі осы елдің аумағының тарлығы мен табиғи ресурстардың, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімі өндірісі үшін әжептәуір жетіспеу факторына орай қалыптасқаны белгілі. Жапон экономикасының жоғары технологиялығын көп жағдайда осы фактор ынталандырды. Герман үлгісінің қалыптасуына көбінесе осы елдің Еуропаның ортасында орналасуы ықпал етті. Қазақстандық экономиканың ерекшеліктері еліміздің табиғи ресурстарға бай болуымен және орасан зор аумағымен (Қазақстан өзінің аумағы бойынша әлемнің ең ірі он мемлекетінің арасында тоғызыншы орынды алады), халықтың шағын санымен және халықтың төмен тығыздығымен (1 шаршы метрге 5,6 адам) байланысты. Экономика мен капитал салымы құрылымының ерекшелігі, өңірлік ерекшеліктердің маңызы да осыған байланысты.

Тарихи дамудың ерекшеліктері – ұлттық экономиканың қалыптасуының аса маңызды факторы. Осы орайда әрбір уақыт сәтінде елдің жалпы тарихи дамуы мен оның жаңа тарихы да экономикаға әр түрлі ықпал етеді. Ұзақ уақыт бойы Қазақстан мен Ресейдің, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағының аумағындағы мемлекеттердің бірлесіп тарихи дамуы – олардың экономикалық өмірінің барлық жақтарын, яғни шаруашылық ұйымдастырудың құрылымы мен нысандарын, халықаралық байланыстарын және т.б. негізінен ұқсас болуына әсерін тигізді. Жаңа тарих – біртұтас мемлекеттің ыдырауы Қазақстанды қоса алғанда бұрынғы КСРО-дың барлық мемлекеттерінің экономикалық дамуына әлі ұзақ уақыт бойы ықпал ететін болады. Еркін бәсекеге негізделген американдық даму үлгісінің өзіндік ерекшелігі елдің кең байтақ аумағына халықтың көшіп келіп оны игерген кездегі АҚШ-тың қалыптасу тарихынан басталады. Тарихи фактор сол немесе басқа экономикалық іс-шаралардың радикалдылығының дәрежесіне және көп жағдайда мемлекеттердің экономикалық шешімдеріне де айтарлықтай ықпал етеді. Бұл әсіресе сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі серіктестерді таңдағанда, мемлекет сол немесе экономикалық топтарға бағыт белгілегенде білінеді.

Ұлттық экономика үлгісінің қалыптасуына өркениеттік факторлар өте терең ықпал етеді. Қалыптасқан мәдени, діни және басқа да дәстүрлер мен елдің құндылықтарынан құралатын өркениеттік факторлар ұрпақтан-ұрпаққа көшеді, елдегі өзгерістерді көтермелейді немесе оларды шектейді, оларға өзіндік түр береді. Экономикалық саясаттағы осы ерекшеліктерді ескеріп өзгерістерді қарқындатуға және нақты елдің дәстүрлеріне жауап беретін ұлттық экономика үлгісін құруға мүмкіндік береді. Экономикалық тәртіп жүйесі – әлеуметтік нарықтық шаруашылықтың элементі. Мысалы, Германияда көбінесе неміс мәдениетіне тән қызметті реттеу жөніндегі дәстүр қалыптасқан. Жапонияның мәдени және діни дәстүрлерінің ерекшеліктері елдің қазіргі кезеңдегі экономикасының өзгеше менеджмент жүйесінің, әр түрлі басқару деңгейлерінің арасындағы арақатынастардың айрықша болуына, басқа ерекшеліктерге ықпал етті.

Объективтік тенденциялар мен ұлттық ерекшеліктерді талдаумен қатар тағы екі факторды, яғни елдің жаңа ұлттық экономикалық жүйенің қалыптасу сатысындағы дамуының бастапқы деңгейі мен қоғамның саяси ұйымының ерекшеліктерін зерттеп, есепке алу қажет.

Жүйенің бастапқыда қалыптасу деңгейіне елдің өндіргіш күштерінің жай-күйі мен экономикалық әлеуеті ғана емес жаңа экономикалық жүйенің қалыптасу алғышарттарының жеткіліктілігі де кіреді. Осы алғышарттардың жеткіліктілігіне елдегі қайта құру өзгерістерінің

жылдамдығы ғана емес, сонымен бірге даму үлгісін таңдау да байланысты. Нарықтық өзгерістер барысында, мысалы, бұрынғы Кеңес Одағының аумағында пайда болған басқа елдермен салыстырғанда, бұрын жеке меншік сектор мен тауарлық өндіріс дамыған Польша, Венгрия сияқты елдерде трансформациялануды жылдам жүзеге асырды.

Ұлттық экономиканың үлгісін қалыптастыруға мемлекеттің экономикалық саясатты таңдауы да ерекше ықпал етеді. Экономикалық саясаттың бағыты, әдетте, мемлекеттік билік пен оны ұйымдастырудың ерекшеліктерімен байланысты таңдалады. Мысалы, ТМД елдерінің ұлттық экономикалық жүйелеріндегі қайта құру нұсқасын таңдаудағы ерекшеліктер осы фактордың іс-қимыл жасауымен байланысты. Қазақстанның саяси үлгісіне тұтас, бөлінбейтін және қол сұғыл-майтын аумағы бар, барлық мемлекеттермен халықаралық құқық қағидаларына негізделген қатынас жасайтын егемен мемлекет ретінде анықтама беруге болады. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік, президенттік басқару нысанындағы, идеологиялық және саяси әр алуан мемлекет.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» деп аталатын кітабының алғы сөзінде «...Қазақстанның көшбасшылығы сәтті таңдап алынған өтпелі дәуірдің саяси-экономикалық үлгісіне негізделген. Ол – күшті президенттік билік және оған қоса жедел де қарқынды экономикалық реформалар. Біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, сонымен бірге «естен тандырмайтын», түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды...».

Теориялық талдауда өзінің негізінде құрылатын экономикалық жүйені қайта құру мен жаңа экономикалық жүйені қалыптастыруды айыра білу қажет. Егер бірінші жағдайда ұлттық экономиканың үлгісін жетілдіру жөнінде айтылса, екіншіде – ұлттық экономиканың үлгісін құру жөнінде сөз қозғалады.

## **1.6. Ұлттық экономика үлгісінің дамуы мен қалыптасуының объективтік тенденциялары**

XX ғасырдың, әсіресе, оның екінші жартысындағы дамуының әлемдік тәжірибесі әр түрлі, ең алдымен қазіргі уақытта дамыған елдердің экономикасында пайда болған бірқатар тұрақты заңды тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамды қайта құру мен Қазақстанның тиімді ұлттық экономикалық жүйесін құру жөніндегі шараларды ойдағыдай жүзеге асыру үшін елдің қазіргі кезеңдегі нақты, ұлттық, тарихи және өркениеттік ерекшеліктері жағдайындағы осы тенденцияларды міндетті түрде ескеру қажет.

*Бірінші.* Нарықтық экономика қоғам дамуында, ресурстарды нарықтық бөлу мен олардың тиімділігін бағалау негізгі рөл атқаратынын тағы да дәлелдеді. Өйткені нарық – экономикалық қызметті үйлестірудің өктемді нысаны, ол – қоғамдағы өндіріс пен тұтынудың байланысының сипатын анықтайды және қоғамда шаруашылық жүргізудің негізгі нысаны. XX ғасырда нарық жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алса да қазіргі жағдайда да оның негізгі элементтері мен қасиеттері сақталды. Бұған, біріншіден, бастамашыл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын нарық субъектілерінің жеке тәуелсіз жағдайы мен осының арқасында капиталистік тенденциялардың дамуы жатады. Екіншіден, нарық жүйесінде бірін-бірі толықтыратын толық нарық жүйелерінің болуы тиіс. Үшіншіден, нарықтық қызметті құқықтық қамтамасыз етуді қоса алғанда, нарық жүйесі нарық институттарының толық жүйесінсіз жұмыс істей алмайды. Нарықтық экономика экономикалық жүйенің микро- және макродеңгейлерінің бірлігі ретінде көрсетілген элементтердің барлығын біріктіреді. Кез келген элементті жеткілікті бағаламаудың салдарынан елдің нарықтық әлеуеті толықтай пайдаланбауына әкеп соқтыруы ықтимал. Сондықтан Қазақстан экономикасының алдына жаңа ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру, яғни экономиканың негізі ретіндегі нарық жүйесін құру міндеті тұр.

Осыған байланысты бұрынғы социалистік жүйенің тәжірибесін ескерудің маңызы зор. Осы тәжірибеге тарихи келеңсіздік, кездейсоқтық деп қарасақ, онда біз қазіргі кезеңнің дамуының жалпы заңдылықтары мен тенденцияларын терең түсіне алмаймыз. Ал осы тәжірибені әлемдік дамудың қайшылықтарын шешудің нысаны мен тәсілі ретінде қарастырсақ, онда керісінше заңдылықтарды елемей – нақты қатынастардың қиындықтары экономикалық жүйені шешілмейтін карама-қайшылықтарға душар етеді әрі ең соңында оның құрдымға кетуіне әкеп соқтырады.

Осы орайда КСРО мен басқа мемлекеттердегі нақты социализмнің тарихи фактісі қызықты. Әлеуметтік-экономикалық дамудың тандалған үлгісінде қазіргі кездегі қоғамдық тенденциялар мен заңдылықтардың қиындықтары мен қарама-қайшылықтары ескерілмеді және ол тиімділіктің өсу талабымен үйлеспеді. Бұрынғы экономикалық үлгінің 1985 жылы жаңа үлгіге көшуге жасалған әрекет бірқатар себептерге байланысты сәтсіз аяқталды, осының салдары түбегейлі өзгерістерге, яғни бұрынғы жүйенің бұзылуына және жаңа жүйеге көшуге жол ашты. Социализмде нарықтық қатынастардың, тауарлы өндірістің, демек, тиісінше кәсіпкерліктің нақты рөлі ескерілмеді, осының өзі жүйенің тиімсіздігінің шешуші факторына айналды.

*Екінші.* Қазіргі кезеңдегі экономиканың мақсаты бүкіл халық шаруашылығын саналы түрде реттеуге саяды. Осы мақсат нарықтық шаруашылығы бар барлық дамыған елдердің экономикалық өмірінің фактісіне айналып отыр. Экономиканы мемлекеттік реттеу тәжірибесі, қоғамда әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты, ғылыми-техникалық прогресті және т.б. қамтамасыз етудегі мемлекеттің атқаратын функциялары бұрынғы кездегі сияқты мемлекеттің нарықтың кемшіліктерін жою арқылы ұдайы өндіріс барысына жай ғана ықпал етуін ғана емес, сонымен бірге жаңа құбылыс, яғни бүкіл ұлттық шаруашылықты саналы әрі тұрақты түрде реттейтінін растайды.

Мемлекеттік реттеудің қажет екені жөніндегі тұжырым XIX ғасырдың соңында жасалған болатын. Алайда, егер дамыған елдердің шаруашылықтарын алатын болсақ, либерализмнің немесе кейнсиандықты жақтаушылар жариялаған доктриналарға қарамастан, олардың экономикалық өмірлерін реттеу XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүзеге асырылғанды. Сол себептен мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуға жұмсайтын шығыны жылма-жыл артып отырған.

Экономиканың негізгі буыны қайсыбір өнімнің өндірісінде маманданудан күннен-күнге алшақтап, елдің бүкіл халық шаруашылығын және тағы да бірнеше елдің шаруашылығын қамтитын қоғамдастырудың нысандары пайда болса да мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге басқа құрылымдардың (ірі корпорациялардың) рөлі артып келеді. Негізгі буындардың сол немесе басқа өнім өндірісінің салдарын саналы түрде ескеруді шаруашылық қызметтің ережесіне айналдырып келеді. Бүкіл экономиканы реттеуде мемлекетпен қатар корпорациялар ғана емес халықаралық құрылымдар да үлкен рөл атқара бастады. Алайда реттеу шаруашылықтың басты нысаны болып қала беретін нарықтық экономиканы реттейтінін көрмеуге болмайды. Бұл жағдай бүкіл экономиканы реттеудің қалыптасуы нарықтық шаруашылықты ығыстыру мен оның жоғалуын білдірмейтінін растайды.

Экономикалық практика бүкіл қоғамдық шаруашылықты тұрақты әрі саналы түрде реттеу қажет екенін дәлелдейді және ол экономикалық тәжірибемен расталып, экономикалық өмірдің күнделікті фактісіне айналды. Ұлттық экономика үлгісін қалыптастырған кезде де осы тенденциясы ескерген орынды.

*Үшінші.* Барлық азаматтардың әлеуметтік жағынан қалыпты өмір сүруі үшін әлеуметтік орнықты қоғам қалыптастыру тенденциясы айқын байқалады.

Аталмыш тенденция барлық дамыған мемлекеттердің экономикалық дамуында байқалады және тенденция нарықтың дамуымен байланысты емес дамиды. Қазақстанда қазақстандық халықтардың арасында қоғамның идеялық жағынан бірігуін қамтамасыз еткен ұлтаралық келісімге, ұлтаралық бірлік, діни төзімділігі мен діни сенімінің еркіндігіне қол жеткізілді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына, экономикалық жүйелердің дамуына қоғамның барлық мүшелерінің өмір сүруін қамтамасыз ететін тиісті ішкі жағдайлар кіреді. Қоғамның жекелеген мүшелерінің жағдайы мен тегіне, ұлтына қарамастан қоғам өндіріске адамның қатысуынсыз, оның білімін, мәдени және ғылыми әлеуетін жаңартпай, жұмыс істейтін де, сонымен бірге жұмыс істемейтін мүшелерінің лайықты өмір сүруінсіз дами алмайды. Ғалымдардың бағалауы бойынша XXI ғасырдың басында Қазақстанның ұлттық байлығындағы адами капиталдың өзіндік салмағы оның 1/3 бөлігін құрайды, осыған байланысты оның маңызы артып келеді. Сондықтан қазақстандық қоғамның алдында білім беру жүйесін жаңғырту және бәсекеге қабілетті адамды дамыту үшін жағдай жасау міндеті қойылып отыр.

Экономикалық жүйелердің даму тарихы экономикада тұрақтылық қоғам мүшелерінің орнықты жағдайына, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылыққа байланысты екенін растады. Экономикалық прогреске жету және тұрақты экономикалық өсу үшін экономикалық жүйе әлеуметтік жағынан дамуы тиіс. Осы тұжырым экономиканың технократтық көзқарасына қарама-қайшы келеді, оны бұрынғы экономикалық жүйелер мен экономиканың жаңа тарихтарының даму тәжірибесі дәлелдеген. Экономикалық жүйелердің дамуына орай адам табиғи, құлдық, тектік

шектеулерден босады. Экономикалық жүйелердің дамуы қоғамның барлық мүшелерінің өздерінің мүмкіндіктерін көрсетуі үшін жағдай жасады. Өндірушінің жеке басы XIX-XX ғасырдың басындағы капитализм кезеңіндегі өктемдік жасайтын бағалау қағидасының қамқорлығынан бірте-бірте босады, бұл дамыған капиталистік елдерде әлеуметтік проблемаларды шешудің көптеген жаңа тәсілдерімен (білімнің тегін болуы, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің дамуы) расталады.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық жүйелердің іс жүзіндегі тәжірибесі XX ғасырдың екінші жартысында әлемде қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін ерекше ұлттық үлгілер қалыптасқанын көрсетеді. Қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік жағынан қамтылуы – XXI ғасырдың басындағы дамыған экономиканың ең маңызды құрамдасы мен белгісі.

XX ғасырдың соңында XXI ғасырдағы экономиканың негізінің бірі болып табылатын әлеуметтік фактордың ерекше рөлі айқындалды. Жаңа ғасырдың экономикасы жаңаратын білімнің негізінде дамиды болады. Білімге негізделген экономика барлық азаматтар жағынан әлеуметтік тұрақты болмай және адами капиталға мол қаражат салмай тіршілік ете алмайды. Мемлекеттің араласуы экономикаға тікелей қатысумен және мемлекеттік сатып алумен ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік қажеттілігімен тығыз байланысты. 90-жылдары мемлекеттің жиынтық шығынының 60%-на жуығы әлеуметтік мақсатқа жұмсалды. Ұлттық экономика үлгісі жеке меншік кәсіпкерлік бастамаға бағытталған АҚШ сияқты елде де осы тенденция айқын байқалады. АҚШ-тің мемлекеттік шығынының жалпы сомасындағы әлеуметтік шығынға жұмсалатын аударым 1994 жылы 63,3%-ды құрады.

Тағы бір тенденция белең алды. Елдің әлеуметтік үлгісіне қарамастан мемлекеттік шығыстың үлесі ғана емес, сонымен бірге тиісті салық салу жүйесі, трансферттер жүйесі, әйелдерді жұмыспен қамту параметрлері, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі қалыптастырылады. Мұны әр түрлі еуропалық ұлттық экономикалық жүйелерді салыстырмалы талдауда дәлел бола алады.

Айтылғанның негізінде Қазақстан мен басқа да елдер өздерінің ұлттық даму үлгісін іздестіру жолында әлеуметтік тұрақты құрылымға жол ашатын жалпы-әлемдік тенденцияларды іске асыру тәсілдерінен тысқары қалмауға тиіс. Проблеманы жеңілдету, өтпелі экономиканың әлеуметтік-экономикалық бағытының маңызын өтпелі жүйенің жалпы элементінің, яғни нарықтық қатынастар арқылы ғана тырысу XXI ғасырдың жалпы-әлемдік тенденцияларына қайшы келеді.

*Төртінші.* Қазіргі заманғы мемлекеттердің экономикасы – бұл ашық экономика. Әр түрлі мемлекеттердің бүкіл даму тарихында осындай тенденция тұрақты байқалды, алайда тек XX ғасырда ғана ол сыртқы экономикалық қызметте өктемдік ете бастады. Экономика нарыққа негізделеді, осыған сәйкес әлемдік нарықта бәсекелестік қатынастарға жекелеген мемлекеттер емес экономиканың жекелеген субъектілері де жасай бастады. Экономика ашық болғаннан кейін ин-теграциялық процестер де қоса жүзеге асырылады, осының арқасында әр түрлі мемлекеттердің ішкі нарықтарының өзара кіруі, ресурстардың олардың арасын да еркін қозғалуына мүмкіндік пайда болады. Бұрынғы социалистік мемлекеттердің даму тәжірибесі осы тенденциясы елемей тиімділіктің жоғалуына, мемлекеттің өндірісінің бәсекелік ынтасының әлсіреуіне әкеп соқтыратынын көрсетеді. Сонымен бірге XX ғасырда сол немесе мемлекеттің экономикасының ұлттық шекарадан тыс болмайтынын және ұлттық өндірісті, ең алдымен, ұлттық ұдайы өндіріс ретінде жүзеге асырылатынын растады. Демек, ашық экономиканы қалыптастырып, елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық ұдайы өндірістің үлгісін іздеу проблемасы туындайды.

Экономиканың XX ғасырдағы дамуының жоғарыда атап өтілген тенденциялары экономиканың технологиялық негізінде қайта құрудың, атап айтқанда индустриялық дамудан постиндустриялық дамуға көшудің арқасында белең алып, машина техникасына негізделген ескі технологиялардың орнына жаңа технологиялар пайда болды. Қазіргі кезеңдегі экономикада биотехнологиялар, ақпараттандыру, микроэлектроника мен компьютерлік техника, ғылымды көп қажетсінетін салалар, жоғары технологиялар қарқынды дамып, тиімді өндіріс жөніндегі дәстүрлі түсінік өзгерді, қызмет көрсету салаларының аясы кеңейіп, өндіріс пен қоғам өміріне жаңа экологиялық талап қойылады.

Осының негізінде экономика саласының меншік, бөлу және т.б. өзекті жаңа тенденциялары дамуда. Жаңа технологиялық базада қауымдастық, құрамдастардан құралған және аралас нысандағы әр алуан меншік түрлері қалыптасуда, сонымен бірге азаматтардың экономикалық бірліктерді басқаруға қатысуы мен меншікке әділ қол жеткізуге негізделген меншікті бөлудің жаңа нысандары кеңінен тарала бастады.

Қазіргі заманғы экономика осы қалыптасқан тенденциялардың тұрақты әрі заңды екенін байқатады. Сөйте тұра осы тенденциялар өзінің маңызы, іс-әрекет жасау нысаны мен салдары бойынша бір-біріне қайшы келеді. Нарықтың дамуы қазіргі уақытта экономиканы мемлекеттің реттеу ауқымымен үйлеспейді. Әлеуметтік жағынан тұрақты экономиканың тенденцияларын іске асыру үшін ресурстарды көп мөлшерде қайта бөліп, мемлекет тарапынан реттеу қажет, ал капиталдың жеке мүддесі мен нарықтың негізгі қағидалары басқа мақсатты ұстанады. Экономиканың ашықтығы отандық тауар өндірушілердің мүддесі мен үйлесуге тиіс. Қазіргі кезеңде мемлекеттер осы және басқа қайшылықтарды өзара шешуге тиіс. Сол немесе мемлекеттің нақты жағдайында осы қайшылықтарды ескеру, елдің аралас экономикасының үлгісін анықтауға айтарлықтай ықпал етеді.

Сөйтіп, XX ғасырдың екінші жартысында – XXI ғасырдың басында дамыған елдерде экономикалық қатынастардың әр түрлі нысандары мен біркелкі емес экономикалық қатынастар үйлескен XXI ғасырға тән экономикалық жүйенің жаңа түрі, яғни аралас экономиканың түрі қалыптасты. Өткен ғасырдың ортасы мен екінші жартысының нарық пен мемлекеттің бірлігіне негізделген аралас экономикасымен салыстырғанда аталмыш экономика үш негізгі қатынастың, яғни үйлестірілген нарық жүйесінің, мемлекетті саналы түрде реттеу мен әлеуметтік тұрақтылықтың ұштасуына негізделеді.

Жаңа экономикаға тән белгілер оның «білім экономикасы» анықтамасына қайшы келмейді. Алайда, егер бірінші жағдайда экономикалық жүйе, оның негізгі құрылымдық элементтері мен олардың қоғамның экономикалық құрылымындағы рөлі жөнінде сөз қозғалса, екінші жағдайда экономикалық және әлеуметтік дамудың өзекті факторы тілге тиек етіледі.

Осы үш негізгі белгі бірігіп ұлттық экономиканың экономикалық жүйелері дамытын негізгі жолды және экономикалық сала ғаламданытын XXI ғасырдың аралас экономикасының жаңа тұрпатын құрайды. Дамыған елдердің экономикалық жүйелері негізінен осы жолмен дамиды.

Сөйтіп, Қазақстанның экономикалық жүйесінің жаңа ұлттық үлгісінің қалыптасуы экономикалық дамудың прогрессивтің тенденцияларын іске асыратын және осы элементтерді ел экономикасына ғана тән үйлесімде біріктіретін жаңа аралас экономика үлгісін құруға бағытталуы тиіс.

## **1.7. Ұлттық экономиканың мақсаттары**

Экономиканың алдында әр түрлі мақсаттар қойылады. Жалпы осы мақсаттар елдің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталады. Қойылған мақсаттарға жету үшін тиімділікті, халықтың әл-ауқатын, табысын арттыру қажет. Алайда ұлттық экономиканың тегі мен маңызынан туындайтын оның айрықша мақсаттары да бар.

Біріншіден, ұлттық экономика ауқымында мемлекет үшін, елдің тіршілігі мен қиындықтарға төзімділігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды мақсаттар іске асырылады. Бұл тұрғыда елдің азаматтарын тіршілік ету үшін ең қажетті нәрсемен (тамақпен, тұрғын үймен, электр энергиясымен және т.б.), халықтың ұдайы өндірісі үшін қажет қызметтермен (денсаулық сақтаумен, білім берумен) тұрақты әрі үздіксіз қамтамасыз ету міндеті қойылады. Ұлттық экономика осы міндеттерді экономикалық жүйенің тұрпаты мен экономиканың үлгісі қандай болуына қарамастан әр уақытта шешуге тиіс. Осы деңгейдегі мақсаттарға аумақтың тұтастығын сақтау, сенімді қорғаныс әлеуетінің және әлемде сындарлы саяси беделдің болуы жатады. Елдің тағдыры үшін осы мақсаттар өте маңызды болады.

Екіншіден, елдің экономикалық мақсаттарына жету үшін, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Ел әлемдік экономиканың көшбасшысына жақындап, алғы шепке (жайғасым қатары бойынша) шығу үшін айқын даму стратегиясын (ең жақсы нұсқа – «қарқынды даму стратегиясын») әзірлеп іске асыруға, елдің экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетін өрістетеп, экономиканы келешекті бағыттарға сәйкес қайта құруға, отандық тауар өндіруші үшін қолайлы жағдай жасап, оны сыртқы бәсекеден қорғауға тиіс. 2006 жылы Қазақстанда бүкіл қоғамды мемлекеттің, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілікке жетуге бағыттайтын «Қазақстанның әлемнің барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы» қабылданды. 2008 жылы өткен Дүниежүзілік экономикалық форум есебінің қорытындысы бойынша елдің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингінің төмендегені атап өтілді. Қазақстан 2007 жылы 61-орында

болса, 2009 жылы 134 елдің арасынан 66-орынмен қанағаттанды. Ал 2011 жылы қай орында болады?

Үшіншіден, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – проблемасы ұлттық экономиканың елеулі проблемасы. Экономикалық қауіпсіздіктің құрамдасының қатарына ғылыми-технологиялық, азық-түлік, әскери-өнеркәсіп, қаржы қауіпсіздігін және т.б. жеке атауға болады, бұл атап өтілген құрамдастарға кездейсоқ немесе саналы түрде басымдық берілген жағдайда, олардың сыртқы келеңсіз факторларға тым тәуелді болудың деңгейіне жол бермеуді білдіреді.

Төртіншіден, қоғамның дамуының сабақтастығы ұлттық экономиканың дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Атап айтқанда бұл жерде қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдау, елдегі қолайлы демографиялық ахуал, әлеуметтік-мәдени ортаның ұдайы өндірісінің қалыпқа келуі, сондай-ақ табиғатты сақтау, жалпы қоғам келешек ұрпаққа қандай мұра қалдыратыны жөнінде айтылады.

Бесіншіден, елдің біртұтас экономикалық кеңістігін қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында өңірлер бойынша өндіргіш күштердің даму деңгейінде елеулі ерекшеліктер бар. Сонымен бірге өтпелі экономикада нарық жағдайына сай заңнама әзірлеу, нарықтық тұрпатындағы институттар құру өңірлердің өзара ықпалдасуына, оларды басқарудың жалпы қағидаларын әзірлеуге ықпал етті.

Кез келген қоғамның дамуы – бұл әр түрлі, диалектикалық жағынан өзара байланысты, ең алдымен оларды түсініп, анық құрылымға бөлуді қажет ететін міндеттерді бір уақытта шешу. Қазақстан экономикасының ғылыми негізделген стратегиялық дамуында бүкіл қоғамның әл-ауқатының барынша жету мақсаты қойылған. Басты мақсаттан басқа екінші деңгейдегі міндеттер де бар, олар мемлекет атқаратын, өзін-өзі ұйымдастыру элементіне айналатын, таза нарықтық құралдармен қатар жүйенің тұтастығына қолдау үшін жұмыс істейтін функциялардың жиынтығы ретінде қарастырылады. 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясы әзірленді. Стратегияның ұзақ мерзімді басымды мақсаттарына мыналар жатады:

#### **1. Ұлттық қауіпсіздік.**

Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

#### **2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.**

Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

#### **3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.**

Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

#### **4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.**

Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

#### **5. Энергетика ресурстары.**

Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

#### **6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.**

Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

#### **7. Кәсіби мемлекет.**

Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Еліміздің мұраты мыналар болып табылады: тәуелсіз, гүлденген әрі саяси мызғымайтын және ұлттардың бірлігі жарасқан, әлеуметтік жағынан әділ, бүкіл халқы экономикалық әл-ауқатты Қазақстан құру.

Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы – Қазақстанды сипаттайтын өрелі сөздер осындай болады. Осы тұрғыда жақын жылдарда экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, өсу мен мықты әлеуметтік саясатқа қатаң қазынашылық және монетарлық тыйымдар жағдайында ерекше назар аударылатын болады.

Қазақстанның экономикасы қарқындап дамуы үшін жаңа технотрондық сападағы өндіргіш күштер өсіп-өнуі тиіс. Бұл Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асырумен (Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығы), экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды қоғамдық бақылаумен институционалдық күш жігердің жұмылдыруына, қоғамдағы демократиялық мәдениеттің жоғары деңгейіне байланысты.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің және нарықтық экономикасы дамып келе жатқан индустриялық елдердің тәжірибесі әлемнің алдыңғы қатарлы елдері экономикалық өсудің инновациялық тұрпатын қалыптастырудың стратегиялық бағытын ұстанатынын көрсетеді.

Қазақстан қоғамдық ұдайы өндірістің инновациялық тұрпатына көшуге тиіс, ол үшін:

- өндіріс сатысының алдында ұдайы өндірісті ғылыми жағынан дайындау;
- кеңейтілген ұдайы өндірісті ресурспен қамтамасыз ету;
- бүкіл өндіріс циклін жаңа озық технологиялар базасында ұйымдастыру;
- өндіріс факторлары құрамдастарының барлық жаңа нұсқаларын құру;
- өркениетті кәсіпкерлердің тобын қалыптастыру;
- инновациялық менеджментті дамыту;
- ұдайы өндірістің кеңейтілген тұрпатының қарқынды түрінің институционалдық талаптарын жасау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2006 жылы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіруінің келесі жеті басымдығы аталған:

**1. Бірінші басымдық:**

Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі.

**2. Екінші басымдық:**

Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту және әртараптандыру.

**3. Үшінші басымдық:**

Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат.

**4. Төртінші басымдық:**

Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркен-деуі.

**5. Бесінші басымдық:**

Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту.

**6. Алтыншы басымдық:**

Осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру.

**7. Жетінші басымдық:**

Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру.

## ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Экономиканың дамуының заңды тенденциялары*

*Қазақстан экономикасының тарихи дәстүрлері*

*Ұлттық аралас экономика үлгісі*

*Ұлттық экономика үлгісі*

*Ұлттық экономика*

*Ұлттық экономикалық жүйе*

*Ұлттық ерекшеліктер*

*Ұлттық экономика ерекшеліктерінің негіздері*

*Қазақстан экономикасы үлгісінің негізгі белгілері*

*Әлеуметтік тұрақты экономика*

*Ұлттық экономиканың дамуының мақсаттары*

*Аралас экономиканың элементтері*

## 2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ ҮЛГІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісін экономиканың ХХІ ғасырдың басындағы дамуының жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын да, сондай-ақ Қазақстанға тән айрықша ерекшеліктерді ескермей қалыптастыру мүмкін емес. Өткен тарауда айтылғандай ұлттық экономикалық жүйе – бұл сол немесе басқа елдің дамуының жалпы заңдылықтарының нақты көрінісі. Әр елдің осы уақыт сәтінде ресурстардың белгіленген және шектелген жиынтығы болады, ол нақты табиғи, географиялық, тарихи және саяси жағдайларда ресми емес институттардың қалыптасқан жүйесінде дамиды. Осы факторларға кейде шартты түрде анықтама беріледі. Іс жүзінде экономикадағы шығындардың мөлшері мен құрылымы, экономикалық институттардың нысандары мен сипаты, тіпті сол немесе басқа елдің нақты жағдайында дамудың жалпы заңдылықтарын іске асыру мүмкіндіктері де осы факторларға байланысты болады.

Ұлттық экономиканың үлгісінің ерекшелігін сипаттайтын факторлардың ішінен, ең алдымен, табиғи факторларды жеке атау қажет. Табиғи факторлар, әдетте, елдің ұзақ тарихында тұрақты болады. Екіншіден, орнықты қоғамдық факторлар өзгерсе де, елдің бүкіл тарихында атқаратын елеулі рөлін жоғалтпайды. Осы топтың факторларының арасынан өркениеттік факторларды атап өткен орынды. Үшіншіден, өзгермелі сипаттағы факторлар жөнінде айтатын болсақ, онда аталмыш факторлар нақты кезеңдердің ауқымында біршама тұрақты, алайда осы кезеңдерден тысқары олардың нысаны өзгереді. Осындай қасиет саяси, геосаяси және басқа да осындай факторларға тән болады.

### 2.1. Орнықты табиғи факторлар мен олардың экономикалық маңызы

Қазақстанда экономикалық жүйеге айтарлықтай ықпал ететін бірқатар табиғи фактор іс-қимыл жасайды. Осы факторлар елдің тарихы мен географиясына байланысты, ал оларға мардымсыз ғана ықпал етуге болады.

Қазақстан – географиялық ерекшеліктері тым анық байқалатын ел. Еліміздің аумағы орасан зор үлкен, табиғи жағдайы да әр түрлі әрі табиғи ресурстарға да бай (жалпы олардың айрықша), халықтың қоныстануы да, шаруашылықты игеруі де біркелкі емес. Табиғатқа және/немесе тарихқа байланысты географиялық (өңірлік) маңызды факторлардың қарама-қайшылығы экономикалық қызметті жүргізу қағидаларын әжептәуір дәрежеде қалыптастырады. Еліміздің әр түрлі өңірлеріндегі экономиканың ерекшелігі мен тиімділігі көбінесе осыған байланысты болады.

Табиғи жағдай халықтың күнделікті өміріне, оның жұмыс істеуіне, демалуы мен тұрмысына, адамдардың денсаулығына, олардың экологиялық жағдайға бейімделуіне жан-жақты ықпал етеді. «Табиғи жағдайлар» деген ұғым шаруашылық қызметтің сол немесе басқа түрімен әрқашанда байланысты.

Бір жағынан, еліміздің орасан зор аумағындағы ауа-райы жағдайы қатаң әрі табиғи аумақтар Қазақстанға тән бір-бірінен өте ерекшеленеді. Елдің ауа-райы ерекше континенталдық ең төмен температура 45°-қа, ал ең жоғары +30°С жетеді. Осының салдарынан шаруашылық жүргізудің біркелкі, стандартты нысандарын қолдануға болмайды, энергияның сыйымдылығын және жалпы өндірістің ресурс сыйымдылығын көбейтуге болмайды, осы факторлар еңбек өнімділігін, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге ықпал етеді, сондай-ақ жекелеген өңірлер көп резерв пен экономикалық қолдауды қажетсінеді.

Ауа-райы жағдайлары шаруашылық қызмет салаларына әсер етуіне тиісті экономикалық жағдайда әр түрлі байқалады. Табиғи жағдайлар шаруашылықтың даму қарқынын жылдамдатуы немесе тежеуі, сол немесе басқа қызмет түрінің дамуына ықпал етуі, яғни шаруашылық кешенінің динамикасын да, құрылымын да анықтауы мүмкін. Ауыл шаруашылығына, су, орман шаруашылығына, өндіру өнеркәсібіне, рекреация мен туризмге ол тікелей ықпал етеді. Көп жағдайда құрылыстың құны жергілікті жердің, тау бедерінің сейсмикалығы, орнықтылығы мен сулануы сияқты қасиеттеріне де байланысты болады.

Қазақстанның табиғи жағдайы, оның ішінде ең маңыздысы ауа-райы да әжептәуір әр алуан болып келеді. Қазақстанның аумағы тропикалық және арктикалық – мүлдем әр түрлі жер табиғи аймағы мен ауа-райы белдеуінің арасында орналасқан. Еліміздің аумағының солтүстіктен



терінің жай-күйі мен экономикалық әлеуеті ғана емес жаңа экономикалық жүйенің қалыптасу алғышарттарының жеткіліктілігі де кіреді. Осы алғышарттардың жеткіліктілігіне елдегі қайта құру өзгерістерінің жылдамдығы ғана емес, сонымен бірге даму үлгісін таңдау да байланысты. Нарықтық өзгерістер барысында, мысалы, бұрынғы Кеңес Одағының аумағында пайда болған басқа елдермен салыстырғанда, бұрын жеке меншік сектор мен тауарлық өндіріс дамыған Польша, Венгрия сияқты елдерде трансформациялануды жылдам жүзеге асырды.

Ұлттық экономиканың үлгісін қалыптастыруға мемлекеттің экономикалық саясатты таңдауы да ерекше ықпал етеді. Экономикалық саясаттың бағыты, әдетте, мемлекеттік билік пен оны ұйымдастырудың ерекшеліктерімен байланысты таңдалады. Мысалы, ТМД елдерінің ұлттық экономикалық жүйелеріндегі қайта құру нұсқасын таңдаудағы ерекшеліктер осы фактордың іс-қимыл жасауымен байланысты. Қазақстанның саяси үлгісіне тұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтын аумағы бар, барлық мемлекеттермен халықаралық құқық қағидаларына негізделген қатынас жасайтын егемен мемлекет ретінде анықтама беруге болады. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік, президенттік басқару нысанындағы, идеологиялық және саяси әр алуан мемлекет.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» деп аталатын кітабының алғы сөзінде «...Қазақстанның көшбасшылығы сәтті таңдап алынған өтпелі дәуірдің саяси-экономикалық үлгісіне негізделген. Ол – күшті президенттік билік және оған қоса жедел де қарқынды экономикалық реформалар. Біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, сонымен бірге «естен тандырмайтын», түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды...».

Теориялық талдауда өзінің негізінде құрылатын экономикалық жүйені қайта құру мен жаңа экономикалық жүйені қалыптастыруды айыра білу қажет. Егер бірінші жағдайда ұлттық экономиканың үлгісін жетілдіру жөнінде айтылса, екіншіде – ұлттық экономиканың үлгісін құру жөнінде сөз қозғалады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылғы 26 наурыздағы №144-IV ҚРЗ) ратификациялап, өндірістің ластануы, энергия сыйымдылығы, ресурс сыйымдылығы жөніндегі ақпаратты толықтай ашық жариялайтын болды. Табиғи кешенге жасалатын антропогендік ықпалдың жоғары деңгейінен бірқатар аумақтар Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұрасының объектілер қатарына кіруін тежеп отыр, сондай-ақ мәдени-тарихи ескерткіштердің әлеуетін ойдағыдай пайдалануға мүмкіндік бермейді. Керісінше, ортаның сапасы жоғары бірқатар өңірлерде туризм мен рекреацияны (оңалтуды) дамытуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары халықаралық экономикалық бағалау жүйесінің көпшілігі пайдаланатын ластану көрсеткіштерінің өсуіне байланысты экологиялық фактордың экономиканың дамуындағы рөлі күшейді. Өнеркәсіптегі құрылымдық өзгерістер жалпы ластанудың салалық құрылымының өзгеруін күшейтті, осының салдарынан экономика одан сайын «ауырлады», табиғатты, энергияны көп пайдаланатын және «лас» салалардың үлесі көбейді. Экологиялық төлемдер өнеркәсіп құрылымының өзгеруіне, қызметтің экологиялануына жеткілікті ықпал етпеді.

Қазақстандық экономика кеңістігіндегі құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде экспорттық ресурстар өндіріліп, бастапқы өнделетін өңірлердің рөлі артты, өңдеу өнеркәсібінің дамыған өңірлерінің көпшілігінің экономикалық үлесі төмендеді.

Өнеркәсіптік өңірлерде шоғырланған ластану деңгейі едәуір жоғары. Мәселен, Өскемен, Шымкент, Ақтөбе, Риддер және Алматы қалаларында ауаның ластану деңгейі қолданыстағы халықаралық стандарттардан асады.

Қазақстанда 20 млрд тоннадан астам өнеркәсіп қалдық қордаланды. Әр жыл сайын негізінен Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында өнеркәсіптің тау-кен өндіру және металлургия саласы 85 тоннадан астам улы қалдық шығарады. Тұрмыстық қалдықты жинайтын, өңдейтін немесе құртатын қазіргі заманғы кәсіпорындардың болмау салдарынан осы қалдықтың 97%-ға жуығы қоқыс тастайтын жерде жойылады. Отын өнеркәсібінде ластайтын өнімді жинап, оны өңдеу деңгейі төмен, ал осы қызметке көп шығын жұмсалатыны өте қауіпті. Мәселен, мұнай өңдеу өнеркәсібі табиғат қорғайтын негізгі қорларға қыруар инвестиция жұмсайды.

Сөйтіп, егер қазақстандық экономиканың шикізатқа осындай қарқынмен басымдық беруді күшейтсе, бұл жағдайда әлеуметтік-экономикалық салдар да өзін күттірмейтіні анық. Қалыптасып келе жатқан экологиялық қауіп-қатердің өндіруші ортасында мұнайдың бағасы өскен сайын тиімділігі аздау скважиналар пайдалануға берілуіне байланысты жалпы да, жеке ластану деңгейі де ұлғайып келеді.

Экономикалық-географиялық фактор елдің орасан зор аумағын, негізгі шикізат ресурстарының арасындағы қашықтықты, оларға қол жеткізудің қиындығын білдіреді. Оның ықпалы бір жағынан, экономикалық-географиялық жағдайды және екінші жағдайда – өңірлік сәйкессіздіктерді бағалаудың көмегімен өлшенеді. Экономикалық-географиялық жағдай – көрші болудың шамасын (өте жақын және алыс көршілердің саны мен олардың саны), шекаралардың өтімділігін, шаруашылық қатынас жасайтын сыртқы субъектілер үшін қол жеткізімділікті (пайданың немесе пайдасыздықтың дәрежесін), осы қатынастардың ауқымын (макро-, мезо- және микродеңгейлер) және функционалдық құрамдастарды (көлік-географиялық, демографиялық-географиялық және тағы да басқа жағдай түрлері) анықтайтын маңызды сипаттама.

Қазақстан – аумағының көп бөлігі әлемдік қауымдастықтың негізгі коммуникацияларынан мыңдаған километрге алыс орналасқан әлемдегі ең ірі елдің бірі. Осының нәтижесі жоғары көлік шығыны, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі, экономикалық және саяси дезинтеграция (қожырау, ыдырау), біртұтас экономикалық кеңістіктің бөлінуі сияқты экономикалық салдарға әкеп соқтырады. Шаруашылықтың көлік сыйымдылығы (ЖІӨ-нің долларына шаққанда т/км):

Солтүстік Америкада – 1,3; Батыс Еуропада – бар-жоғы 0,3; Жапонияда – 0,4; Орталық Шығыс Еуропа елдерінде – орташа 1,5; дамушы елдерде: Африканың экономикасы артта қалған елдерінде 0,84-тен бастап – Латын Америкасы елдерінде – 1,7-ге дейін өзгереді, Ресейде – 5,3-ті құрайды. Осы көрсеткіштер ЖІӨ-нің көлік сыйымдылығы үшін елдің әлеуметтік-экономикалық тұрпаты, шаруашылықтың салалық құрылымының, «ауыр» және шикізат салаларының емес елдің көлемінің маңыздылығына дәлел болады.

Аралықтағы қашықтық ғана емес негізгі ресурстар базасының осы ресурстар өңделіп, тұтынылатын орталықтардан қашықтығы да кез келген өнімнің өзіндік құнын арттырады. Соңғы жылдары электр энергетикасы мен жылу энергетикасында газ кеңінен пайдалануға берілуіне байланысты, аумақтың қашықтығы мен өнімді жеткізу проблемасы тиімділік проблемасымен ғана емес, сонымен бірге экономиканың орнықтылық проблемасымен де қабаттасып отыр.

Аудандардың кейбір бөлігі пайдалы қазбаларды өндірумен немесе балық аулаумен айналысуға мәжбүр, яғни олар тек ресурстар ғана бойынша бәсекеге қабілетті болуына байланысты экономикалық-географиялық фактор байқалады.

Экономикалық-географиялық жағдай көп жағдайда ұлттық экономикадағы геосаяси фактордың да рөлін арттырады. Қазақстанның геосаяси жағдайының бірегейлігі оның еуразиялық мәртебесімен байланысты.

## 2.2. Қазақстанның экономикасы және оның салалық құрылымы

Қазақстан Республикасы 1993 жылдан бастап БҰҰ-ның «Ұлттық шоттар әдіснамасына» көшті. КСРО-да пайдаланылған Ұлттық шаруашылық балансымен салыстырғанда ҰШЖ кең өндіріс тұжырымдамасына негізделген, яғни материалдық өндіріс салалары деп аталатын салалар ғана емес (өнеркәсіп, құрылыс, ауыл және орман шаруашылығы, көлік және байланыс, сауда, материал-

дық-техникалық жабдықтау) ғана емес, материалдық қызметтер аясының салалары (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, өнер, ғылым және т.б.) да өндіргіш болып табылады. ҰШЖ бойынша экономика секторлары мен экономика салалары бойынша екі негізгі жіктеме пайдаланылады.

*Экономика секторы* экономикалық жағдайдың үйлесімді болуда қойған мақсаттары, функциялары мен олардың қаржыландыру көздері үйлесімді институционалдық бірліктердің жиынтығы деп аталады.

Экономика мынадай секторларға бөлінеді:

қаржылық емес корпорациялар;

қаржылық корпорациялар;

мемлекеттік басқару;

үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;

үй шаруашылықтары.

Сонымен бірге ҰШЖ-де ішкі экономиканың шетел әлемімен байланысын көрсету үшін «Қалған әлем» атты сектор енгізіледі.

*«Қаржылық емес корпорациялар» секторына*

тауарлар мен қаржылық емес қызметтерді нарықтық өндірісімен айналысатын, барлық меншік құқығы нысаны мен ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы (корпорациялар мен квазикорпорациялар) резидент қаржылық емес экономикалық бірліктер кіреді.

*«Қаржылық корпорациялар» секторына* қаржылық делдалдықпен және онымен байланысты коммерциялық негіздегі қаржы қызметтерімен айналысатын резидент қаржылық корпорациялар мен квазикорпорациялар кіреді.

*«Мемлекеттік басқару» секторы* мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын барлық ұйымдарды біріктіреді. Олар жеке қызмет көрсететін (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет пен өнер, демалыс) және ұжымдық (мемлекеттік басқару, қауіпсіздік, қорғаныс, ғылым және ғылыми қызмет көрсететін) ұйымдарға бөлінеді. Осы ұйымға мемлекет құрып және бақылайтын бюджеттен тыс қорлар да жатады.

*«Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторына* жоғарыда атап өтілген секторларға жататын ұйымдарды қоспағанда барлық коммерциялық емес резиденттер жатады. Олардың функциясына тауарлар мен қызметтерді тегін немесе экономикалық маңызы жоқ бағалармен беру жатады.

*«Үй шаруашылықтары» секторына* тұтынушы, кейде тауарлар мен қызметтерді, оның ішінде өздері пайдалану үшін өндіретін өндіруші болып табылатын резидент-үй шаруашылықтары (корпорацияланған кәсіпорын нысанындағы) кіреді.

Әрбір институционалдық сектордың өзі экономикалық процесте атқаратын функциясы болады. Мәселен, қаржылық емес корпорациялардың функциясына тауарлар мен қызметтерді нарықта сату үшін өндіру, қаржы корпорациялары – бос қаржы ресурстарын жинақтап, оларды инвесторларға белгіленген шарттармен беру жатады. Ұлттық табыс пен байлықты бөлу, сондай-ақ жалпы қоғамға да (басқару, қауіпсіздік), сонымен бірге жекелеген адамдарға да (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек көрсету) мемлекеттік басқару мекемелерінің функциясын атқарады. Үй шаруашылықтарының функциясына өндіріске қатысу үшін жұмыс күшін беру және тауарлар мен қызметтерді тұтыну нарығынан сатып алу жатады. Үй шаруашылықтарына қызмет

көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (қоғамдық, саяси, діни ұйымдар) осы ұйымдардың мүшелеріне тегін қызмет көрсетеді.

Қазақстанның ЖІӨ-нің секторалдық құрылымын талдаудан оны құруға қаржылық емес кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарының корпорацияланған емес кәсіпорындары барынша мол үлес қосатынын көрсетеді. Мұның өзінде 1995 жылдан бастап үй шаруашылықтары секторы кеміп келеді, ал қаржылық емес сектордың үлесі ұлғаюда.

ҰШЖ-де шаруашылық субъектілерінің салалық жіктемесі де Халық шаруашылығы балансында бұрын қабылданғаннан ерекшеленеді. Егер халық шаруашылығы салаларының жіктелімінде барлық салалар материалдық өндіріс саласы мен материалдық емес қызметтер саласына бөлінсе, онда барлық экономикалық қызмет түрлерінің халықаралық стандартты жіктемесінде (МСОК) жіктеу табиғи ресурстарды тікелей пайдалануға жақын басталып, өңделген табиғи ресурстарды пайдалануға, сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін салаларға жақындауға жалғасады.

*Тауар өндіретін экономика саласына мына салалар жатады:*

- A. Ауыл шаруашылығы, аңшылық пен орман шаруашылығы.
- B. Балық аулау, балық өсіру.
- C. Тау-кен өндіру өнеркәсібі.
- D. Өңдеу өнеркәсібі.
- E. Электр энергиясымен, газбен және сумен жабдықтау.
- F. Құрылыс.

*Қызметтер өндіретін экономика саласына мыналар жатады:*

- G. Сауда, автокөлік, тұрмыстық заттар мен жеке тұтынатын заттарды жөндеу.
- H. Қонақүйлер мен мейрамханалар.
- I. Көлік және байланыс.
- J. Қаржы қызметі.
- K. Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету.
- L. Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету.
- M. Білім беру.
- N. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету.
- O. Коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет көрсету.
- P. Үй қызметшісін жалдайтын және өздері тұтынатын тауарлар мен қызмет-тер өндіретін үй шаруашылықтарының қызметі.
- Q. Бұрын аумақта орналасқан ұйымдар.

Экономикалық талдауда экономикалық қызметтің барлық түрлерін көбінесе үш салаға, аграрлық, индустриялық және қызмет көрсету саласына бөледі.

Сала мекемелердің, яғни бір жерде орналасқан, өндірістік қызметтің бір түрімен (қосалқы емес) немесе негізгі қызметтің қосымша құнның көп бөлігін құрайтын үлесімен айналысатын мекемелердің, яғни кәсіпорындардың немесе кәсіпорындардың бөлімшелерінің жиынтығы болып табылады.

## **2.3. Экономиканың өңірлік құрылымының рөлі**

Кез келген ұлттық экономикалық аумақ (regio – ел, облыс деген латын сөзінен) табиғи-географиялық және экономикалық заңдылықтарымен ерекшеленетін және көбінесе тұтас, құрамдас элементтерінің өзара байланысты болатын өңірлерден – ірі әкімшілік аумақтық бірліктерден тұрады.

Өңір біртұтас немесе федеративтік нысанда құрылған мемлекет аумағының құрамдас бөлігі болып табылады. Біртұтас мемлекеттерде (латын тіліндегі unitas – бірлік) өңірлерге мемлекеттік құрылымның саяси және құқықтық дербестігі жоқ әкімшілік-аумақтық бірліктер (облыстар, округтер, департаменттер және т.б.) сәйкес келеді. Федералдық үлгідегі мемлекеттерде (латын тіліндегі foederatio – бірігу, одақ) әдетте өңірлердің аумақтары заңдық жағынан біршама саяси дербес және біртұтас, бұдан ірі құрылымға ерікті түрде бірігу жөнінде өзара шарт жасасатын

мемлекеттік құрылымдармен (штат, провинция, жер, кантон және т.б.) сәйкес келеді. Ірі мемлекеттің осындай мемлекет құрайтын бөліктері федерация субъектілері деп аталады.

Қазақстан – аумағы үлкен біртұтас мемлекет. Қазақстан Республикасы 16 әкімшілік бірлікке, яғни 14 облысқа, Астана қаласы және Алматы қаласына бөлінеді. ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес елімізде 7140 елді мекен, 175 аудан мен 86 қала бар.

Өңірлер Қазақстанның ұлттық экономикасының ірі бөліктері, олар айрықша экономикалық-географиялық жағынан біріккен, өзіндік табиғи және экономикалық жағдаймен және қоғамдық еңбекті аумаққа бөлуге негізделген тарихи қалыптасқан өндірістік жағынан маманданған ірі бөліктер болып табылады. Қазақстанда төрт өңір тобы бар.

Бірінші өңірге стратегиялық сипаттағы минералдық ресурстардың бірегей запасы бар (негізінен көмірсутегі) және ғылыми-өндірістік әлеуеті республиканың экономикасын әлемдік қауымдастыққа жылдам қарқынмен кіргізуге ықпал ететін біршама қарқынды дамып келе жатқан, алайда салалық шаруашылық құрылымы ұтымсыз (минералдық шикізатты өндіру мен ішінара өңдеу жөніндегі салалар басым), ауыл мен селоларының экономикасы мен әлеуметтік өте артта қалған және экологиялық жағдайы нашар, жекелеген аудандарда қоршаған орта адам тұратын шегіне жеткен өңірлер (Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, ішінара Қызылорда, Жамбыл облыстары) кіреді.

Екінші топқа ғылыми-өндірістік әлеуеті жоғары, ауыр индустрия саласына айқын маманданған, жоғары технологиялық ғылымды көп қажетсінетін өндіріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайы жеткілікті, негізінен қаржы ресурстарымен өзін-өзі қамтамасыз ететін өңірлер жатады. Осы өңірлер экономиканы тұрақтандыру мен техникалық-технологиялық серпіліс жасайтын негізгі өңірлер. Осы өңірлердің қатарына Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы жатады.

Үшінші топ – агроөнеркәсіп кешендері республиканың азық-түлік қорын қалыптастыруда жетекші болып саналатын облыстар (Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Алматы).

Төртінші топ – экономикалық тәсілдердің мүмкіндігін қатаң шектейтін айрықша топырақ-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және техникалық-технологиялық жағдайы күрделі тоқырау өңірлері. Осы аудандарда (Қызылорда, бұрынғы Семей, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының селолық аудандары) қалыптасқан шаруашылық байланыстардың бұзылу салдарынан экономикалық және әлеуметтік дағдарыс өзінің шегіне жетті. Облыстар осы тығырықтан өз күшімен шыға алмайды, ол үшін маңызды мемлекеттік реттеу шараларын қолдану қажет.<sup>1</sup>

Соңғы 17 жыл ішінде ЖІӨ құрылымында жекелеген облыстардың өзіндік салмағы айтарлықтай төмендеді. 1990 жылы Шығыс Қазақстан облысы (11,2%), Қостанай облысы (11,0%) және Қарағанды облысы (10,7%) ең көп өзіндік салмағы болған еді. 1995 жылы Қарағанды облысы (16,3%), Шығыс Қазақстан облысы (11,8%) және Павлодар облысы (10,7%) көшбасшы болды. Алайда, 1997 жылдан бастап Алматы қаласының өзіндік салмағы ең көп болып отыр (16,3%). 2007 жылы Алматы қаласы мен Алматы облысы ЖІӨ-нің 30%-дан астамын өндірді. Соңғы жылдары телекоммуникациялық, кредит-қаржы, сақтандыру және осы саланың басқа да аяларын қамтитын қызметтер саласы қарқынды дамыған Алматы қаласының ЖІӨ-гі үлесі екі еседен астам өсті. Ал Атырау облысы үлесінің төрт есеге жуық өсуі мұнай өндіруші саланың қарқынды дамуымен байланысты. Атап айтқанда, осы облыстың мұнай өндіретін кәсіпорындары өндірілетін көмірсутегі шикізатының ең көп көлемін шығарады. Осының салдарынан, сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында өнеркәсіп өндірісі көлемінің қысқаруына байланысты олардың ЖІӨ-дегі үлесі төмендеді.

Мемлекеттің аумақтық құрылымында оның бүкіл аумағында құқықтық, экономикалық, саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларында бірыңғай кеңістіктің болуы қарастырылады.

Өңірлердің табиғи-географиялық жағдайы әр алуан, әр түрлі өңірлердің аумақтары табиғи ресурстармен, пайдалы кен қазбаларымен әр түрлі қамтамасыз етілген; өңірдегі өндіргіш күштер де әр түрлі дамыды. Сондықтан әр түрлі өңірлердің экономикалық жағдайы, осы аумақтарда тұратын халықтың өмір сүру деңгейі де бірдей болуы мүмкін емес және сол бір ұлттық

<sup>1</sup> Региональная политика Республики Казахстан: экономический механизм реализации / Отв. ред. М.Б. Кенжегузин. – Алматы, 1998.

экономиканың бөліктері арасындағы аумақтық ерекшеліктер әр түрлі мемлекеттердің экономикасы арасындағыдай елеулі болуы мүмкін емес екендігі белгілі.

Сол себептен экономикалық саясатта өңірлерді тегістеу саясаты ерекше орын алады. Саясат әр түрлі өңірлердің аумағындағы халықтардың даму мен өмір сүру деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар пайда болған жағдайда қолданылады. Мемлекет өңірлердің өмір сүру жағдайын тегістеп, дамыту үшін шығын жұмсайды.

## **2.4. Қазақстанның ұлттық экономика үлгісінің әлеуметтік-мәдени факторы**

Ұлттық экономика үлгісінің әлеуметтік-мәдени факторлары дәстүрлі институционалдық нормалар мен ережелердің, өмір салтының, қалыптасқан мәдени дәстүрлердің, діни сенімдердің ықпалымен қалыптасады. Елдер мен халықтардың ұзақ уақыт бойы тарихында ұлттық құндылықтар жүйесі қалыптасып, қоғамның өркениетінің негіздері айшықталады. Осы факторлар мен құндылықтар өзара және экономикалық факторлармен, ең алдымен қоғамдағы институттар мен ұйымдар жүйесі арқылы өзара ықпалдасады. Олар елдің сол немесе басқа сатыдағы дамуын баяулатуы да, жылдамдатуы да мүмкін. Осы факторлардың бір ерекшелігі, олар біріншіден, ұзақ уақыт бойы тұрақты болып, баяу және жанама түрде өзгереді. Осыған байланысты өтпелі экономикаларда түбегейлі өзгерістер және бұрынғы дәстүрлер мен құндылықтардың арасында қарама-қайшылықтар туындайды. Екіншіден, әлеуметтік-мәдени факторлар қоғамның ең терең негіздеріне жатады және тарихи мен экономикалық өзгерістерге қарағанда орнықты. Осының арқасында олар өздерінің тегін ең соңында ғана байқатады. Ұлттық даму үлгісін ойдағыдай қайта құрып, таңдау үшін осы факторларды ескеру қажет.

Қазақстандық әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен олардың дамуы – қазақ мемлекеттігі мен ділінің ұзақ уақыт бойы тарихи дамуының жемісі. Осы процеске ұзақ кезеңдерде инновациялар ықпал етеді, тәңіршілдік пен мың жылғы ислам және көшпенділер тарихының дәстүрлері әсер етеді. Осы процесс барысында қазақ ұлттық экономикасының тұрақты өркениетті негіздері қалыптасты, қазіргі жағдайда да олар ұлттық экономика үлгісі қалыптасатын нұсқаны таңдауға ықпал етері шүбәсіз.

Қазақстандық және орталық-азиаттық өңірдегі құндылықтар жүйесінде құбылыстарды әлеуметтік-экономикалық кешенді түсіну; дәстүрлі бастаудың, өңірлік және басқа да басымдықтардың елеулі маңызы, кәдімгі және мемлекеттік, жалпы түрік, мұсылмандық, славян-орыс, тіпті кеңестік және ең соңында өзгеше түсіндірілетін еврейлік парадигмалардың құқықтың арақатынасы сияқты тарихи қалыптасқан құндылықтар ерекше орын алады. Қазіргі уақытта кәдімгі құқықтан кейбір қазақ нұсқауларының жаңғырып келе жатқаны байқалады. Осы процесс барысында дәстүрлі қоғам институттары қазіргі кезеңдегі даму сатысында жаңа нысандар түрінде пайда болады. Мәселен, ақсақалдар соты жаңғыртылды, сонымен бірге төтенше жағдайда рулардың өзара жәрдем беру, ұжымдық жұмылдыру институты түріндегі ескіден қалған кейбір ұжымдар жұмыс істейді. Қазақтарда өңірдің өзін-өзі басқарудың сыналған нысандары, социумның күрт континенталдық ауа-райы жағдайында тіршілік етуге бейімделу, сондай-ақ социум-адам мен табиғи ортаның біршама әріптестік үйлесімді қатынастарын құру механизмдерін қолданған. Қазақтар XIX-XX және XXI ғасырдың тарихының өтпелі сәттерінде орасан зор географиялық аумақты кішігірім шығынмен қорғап сақтап қалды және еліміздің қазіргі кезеңдегі мемлекеттік аумағы әлемде 9 орын алады. Қазақтар өтпелі экономика жағдайында оң либералдық тұжырымдаманы игеріп қана қоймай, оны іске асыруға қабілетті екен.

Қазақтардың мемлекеттігі – биліктің қасиеттілігі мен мемлекет мүдделерінің міндеттілігі. Қазақ мемлекеттігінің саяси жүйесі – мемлекеттің шешімі біршама демократиялық жағдайда талқыланғаннан кейін міндетті түрде орындалатын консенсустық демократия. Мемлекетте билік тармақтарының бөлінуі, билік тармақтарының арасында салынған тыйымдар мен қарама-қайшылықтар, атқарушы билік басшысының импичмент институты, барынша ықтимал транспаренттікті қамтамасыз ету және еркін трансляция мен мүдделер мен балама идеяларды ретрансляциясы – қазақ мемлекеттігінің міндетті құрамдастары.

Қазақстан әлеуметтік-мәдени фактордың арқасында өзінің дамуында әрқашанда барлық мүмкіндіктері болды. Егер патшалық Ресей «православие – самодержавие – халықтық» деген триаданы ұстанған, ал кеңес заманынан кейінгі Ресей «православие – федерализм – жергілікті

өзін-өзі басқару» атты үш элементті құрылымға көшті, ал қазақтар ол «мемлекет – тіл – мұсылмандық» бағытын ұстанады.

Әлемдік дамуда экономикалықтан жоғары құндылықтар туындады. Уақыт өткен сайын қоғам мүдделерінен экономика мүдделерінің маңызы бірте-бірте арта береді. Сол себептен байлық (ол енді бос уақытпен және шығармашылық бастау-мен өлшенетін болды), өндіріс (оның құрылымы әлеуметтік-мәдени сала жағына қарай ойысады), өнім (ғылыми білім, ақпарат, рухани байлық оның негізгі түріне айналады), еңбек (еңбек шығармашылық қызметке айналады), қажеттілік (білім беруде, шығармашылықта, салауатты қоршаған ортаның және т.б. маңызы), ынта (адамның жеке басының шығармашылығын іске асыруға ерекше назар аудару), байланыс (өзара ықпалдасуды жүзеге асырудың орнына «субъект-субъектілік» қатынастардың рөлін арттыру) адамның («экономикалық адамнан» шығармашыл, біртұтас адамға көшу) материалдануынан айырады. Қазақстанда да әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің экономикадан басымдығы қазіргі кезеңдегі дамудың экономикалықтан кейін күшейіп келе жатқан тенденцияларымен қабаттасуда.

Әрине, қазақстандық экономиканың ерекшеліктерінің жоғарыда көрсетілген негіздері өзгеріссіз қалатын деректер емес. Олар да экономикалық салдарлар сияқты өзгеруі мүмкін. Мәселен, табиғи-климаттық және экономикалық-географиялық факторлардың рөлі ғылыми-техникалық прогрестің ықпалымен, геосаяси фактордың рөлі – адамдардың байланыс жасауының, мәдениеттердің өзара бауының, ақпараттық қоғамның дамуының ықпалымен өзгереді. Алайда қазіргі уақытта да, жуық арадағы келешекте де жоғарыда аталған факторлар айтарлықтай рөл атқаратын болады, демек Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінің заңды фактілерімен сияқты олардың салдарымен, олардың дамитынын ескеріп, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуының жалпы тенденцияларымен байланыстыра отырып санасу қажет.

## 2.5. Қазақстанның ұлттық экономика үлгісінің ерекше белгілері

Экономиканың дамуының нәтижесінде қазіргі кезеңдегі экономикалық жүйенің ерекшелігі мен негізі болып табылатын жаңа аралас экономика қалыптасуының жалпы заңдылығы Қазақстанның экономикалық емес ерекшеліктерімен қарама-қайшы өзара ықпалдасады. Осы орайда Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісінің міндетті қағидалары ретінде мемлекеттің бұдан да жоғары рөл атқаруы мен әлеуметтік тұрақтылықты қажет ететін ерекшеліктердің бары анықталып отыр. Тарихқа жүгінетін болсақ, орта ғасырлардың өзінде қазақ мемлекеттігінің алғашқы идеологы болып саналатын дала философы Асанқайғы Қазақ хандығын негізгі буын ретіндегі қазақтардың жеке рулары мен тайпала-рын біріктіретін «Жерұйық» қағидасына негіздеді.<sup>2</sup>

*Мемлекеттің рөлі.* Осы фактордың ерекше мағынасы бірқатар қосымша негіздерге, атап айтқанда, ел аумағында ресурстардың біркелкі бөлінбеуімен; орасан зор аумаққа; өңірлердің күрделі құрылымымен және т.б. байланысты. Табиғи ресурстардың пайдалануы мен ренталық табыс алуды мемлекеттік бақылаудың қажеттілігіне байланысты фактор да маңызын жоғалтқан жоқ. Осыдан – трансферттердің үлесінің қомақты және экономикаға тікелей мемлекеттің қатысуының қажет екені өте сезіледі. Осы факторлар тобы мемлекеттің әлеуметтік проблемаларды шешу ісіндегі маңызымен, еліміздің аумағындағы әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтарды шешудегі ерекше маңызды екенімен үйлеседі.

*Әлеуметтік факторлардың рөлі.* Қазақстанда діни дәстүрлермен ғана емес, бірлескен қызметті қолдау нысандарымен байланысты әлеуметтік әділдіктің дәстүрлі дәстүрі қалыптасқан. Мемлекеттің патернализм нысанындағы осы тенденциясын нығайтуға Қазақстан тарихының кеңестік дәуірі айтарлықтай ықпал етті. Шын мәнінде күшті әлеуметтік дәстүрлер әлеуметтік тұрақты қоғамдардың қалыптасу заңдылықтарына қайшы келмейді, сөйте тұра осы дәстүрлерді іске асыру үшін жаңа экономиканың нарықтық негізіне сәйкес бірқатар өзгерістер енгізу қажет.

Қазақстандық экономиканың келешекті үлгісі – нарықтық негіз мемлекеттің елеулі рөлімен және әлеуметтік тұрақтылықпен үйлесетін аралас экономика. Тек осындай үлгі ғана қазақстандық экономиканың даму келешегі мен оның ерекшеліктеріне жауап береді.

<sup>2</sup> Есім Ғарифолла. Қазақ ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 8-б.

Қазақстанның экономикасы келешекте қазіргі кезеңдегі аралас экономика сияқты дамуы тиіс. Біріншіден, бұл ХХІ ғасырдағы экономиканың даму қисынына сәйкес келеді, осы даму барысында еркін нарық механизмі мемлекеттік реттеумен, жеке меншік – басқа жеке меншік нысандарымен, жеке кәсіпкерлік бастама – азаматтардың әлеуметтік кепілдіктерімен, индустриялық базис пен оның ынтасы – индустриялықтан кейінгі базиспен және оның қозғаушы күшімен толықтырылады. Екіншіден, бұл елдің жоғарыда айтылған нақты жағдайларымен де байланысты.

Бұрын айтылғандай, ұлттық экономиканың негізгі белгілеріне мынадай анықтама беруге болады.

Біріншіден, бұл дамыған нарық жүйесінің негізінде жұмыс істейтін, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін саналы түрде реттелетін экономика.

Екіншіден, қазақстандық экономикада нарық жүйесі «стандартты» нарықтық (аралас) экономикалармен салыстырғанда мемлекеттің қомақты салмағымен еріксіз үйлеседі. Мемлекет нарықты реттеудің дәстүрлі жанама әдістерінде ғана емес, сонымен бірге тікелей нысанда да (экономиканы реформалайтын меншік иесінің, және оның құрылымын қайта құратын ұйымдастырушы ретінде) рөл атқаруы тиіс.

Үшіншіден, бұл азаматтардың жағдайының тұрақтылығы мен барлық азаматтардың иелену процесіне қатысуына бағытталған меншік нысандары басымды дамыған жағдайда тиімділіктің өсуі үшін олардың әлеуметтік жауапкершілігі. Стратегиялық маңызды нысандарда әр түрлі меншік нысандары мен шаруашылық жүргізу нысандарының арасында мемлекеттік меншік маңызды рөл атқаруы және ұжымдық, аралас және үйлесімді меншік және шаруашылық жүргізу нысандары кең дамуы тиіс.

Төртіншіден, бұл барлық экономикалық салаларда белсенді қызмет етуге бағытталған және халық шаруашылығының қазіргі заманғы технологиялық базасын қалыптастырып, еліміздің бәсекелік артықшылықтарға ие болуға талпындыратын кәсіпкерлік үлгідегі экономика.

Бесіншіден, бұл қажетті табиғи ресурстары, ғылыми және ұлттық білім беру әлеуеті мен дәстүрлері бар елдің табиғи артықшылықтарын пайдалана отырып постиндустриялық технологиялық түрдегі экономиканы бірте-бірте қалыптастыру. Бұл үшін постиндустриялық экономика секторларының барлық жақтарын (жоғары технологиялар, ғылым, білім беру, ақпараттандыру және т.б.) қолдап, дамыған индустриялық базистің элементтеріне қамқорлық жасап, елдің индустриясыздандыруына жол бермеу қажет.

Алтыншыдан, бұл Қазақстанның жағдайына барабар және оның тәуелсіз дамуы мен артықшылығын, сондай-ақ ұлттық өндірістің қарқынды факторларын пайдалануға, ғылым мен білім берудің мүддесі басымды болатын экономиканың ашықтығын қамтамасыз ететін ұлттық экономика салалары кешенінің дамуына негізделетін ұлттық ұдайы өндірістің түрін қалыптастыру.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Рухани-діни факторлар*  
*Табиғи даму факторлары*  
*Жаңа аралас экономика*  
*Экономикалық дамудың табиғи жағдайлары*  
*Өңір*  
*Өңірдің ұдайы өндірісі*  
*Әлеуметтік дәстүр*  
*Мемлекеттің әлеуметтік функциясы*  
*Әлеуметтік тұрақты экономика*  
*Әлеуметтік-мәдени факторлар*  
*Өркениеттік факторлар*  
*Экономиканың экологиялық жағдайлары*  
*Экономикалық-географиялық факторлар*



### **3-тарау. ӨТПЕЛІ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазақстан мен басқа да бұрынғы кеңес елдерінің ұлттық экономикасының қазіргі кезеңдегі үлгісі өтпелі экономика жағдайында қалыптасуда. Қазақстанның ұлттық экономикасы мен өтпелі экономикасының үлгісін қалыптастыру міндетін қоғамда қалыптасқан қазіргі жағдайда бір уақытта шешу өте қиын, ол үшін мақсатқа сәйкес ғылыми негізделген экономикалық саясат әзірлеу қажет. Қайта құру нәтижесінде тиімді ұлттық экономикалық жүйе қалыптастырылып, бұрынғы жүйеден жаңа жүйеге көшудің мақсаты мен қисыны анықталады.

#### **3.1. Өтпелі экономиканың маңызы**

Қоғамның экономикалық дамуы экономиканың бір жай-күйден екінші жай-күйге көшуімен байланысты. Барлық өтпелі экономикалық қатынастар және экономикалардың жай-күйінің өтпелі кезеңінде бұрынғы да, жаңа экономикалық жүйенің кейбір белгілері мен қасиеттері сақталады. Өтпелі кезеңдер жергілікті де, жалпы да сипатта болуы мүмкін. Жергілікті өзгерістер бііздің көз алдымызда орын алды – кәсіпорындардың меншік нысаны өзгереді, соңғы жылдары табыстың мүлдем жаңа нысандары пайда болды, адамдардың арасындағы тұрғын үйге меншік құқығына қатысты қатынастар және т.б. өзгерді. Бұрынғы жүйеде осындай өзгерістер ұдайы болып тұрған.

Экономикадағы жергілікті өзгерістермен салыстырғанда бүкіл экономикалық қатынастар жүйесінің жаңа сапаға ауысқанын сипаттайтын жалпы өзгерістерді ажырата білу қажет. Осындай өзгерістер орын алғанда жүйенің негізгі қасиеттері мен бастапқы қатынастар қайта құрылады немесе бұрынғы экономикалық жүйенің орнына жаңа жүйе құрылады. Соңғы жағдайда бір экономикалық және қоғамдық-саяси жүйе сапасы басқа жүйеге ауысады. Тарихта осы сияқты мысалды көптен келтіруге болады. Феодалдық қатынастар жүйесі бірнеше ғасырлар бойы бірнеше әлеуметтік революция арқылы жаңа меншік қатынастарына негізделген капиталистік жүйеге әрең қайта құрылып, жеке тәуелділіктің орнына өндірушілер жеке бас бостандығын алып, азаматтық қоғам құрылды. Қазақстанда капиталистік шаруашылық нысанының кіруі 1917 жылға дейін жалғасты. Алайда Қазақстанда патриархалдық-феодалдық қатынастар орнықты әрі бастапқы капитал жинақтау процесі дамымаған еді. Қазақстанда социалистік шаруашылық жүргізу жүйесіне көшу кезінде экономика мен қоғамның басқа да салаларында жалпы төңкеріс болды.

Өтпелі экономика – бұл бір экономикалық жүйеден екінші жүйеге көшкен кездегі өтпелі жай-күй. Бұл жағдайда осы жүйенің негіздері өзгеріп, осының нәтижесінде бүкіл жүйе де өзгереді. Жалпы айтқанда өтпелі экономиканың негізгі белгілері мен оның қалыптасқан экономикалық жүйеден айырмашылықтары байқалады.

Біріншіден, егер қалыптасқан экономика меншік экономика мен институционалдық негізге құрылса, онда өтпелі экономика жаңа экономикалық жүйенің негізін қалыптастыруға тиіс. «Экономикалық жүйенің негізі» деген ұғым экономикалық теорияда негізгі ұғым қатарына жатады. Аталмыш ұғымға, ең алдымен, экономикада орныққан шаруашылық байланыстар нысандары немесе экономика субъектілерінің арасындағы қызмет үйлестірілетін тұрпат кіреді. Көп жағдайда негізгі жүйеге тән меншік түрі мен оның жұмысын ұйымдастыратын институттар кіреді. Экономикалық жүйенің осы элементтері қалыптасқан кезде экономиканың өтпелі жай-күйінің аяқталғаны және оның меншік негізіндегі даму кезеңіне аяқ басты деп айтуға болады.

Екіншіден, өтпелі экономика көп қатынастық (укладтық) болады. Экономикалық уклад – бұл басқа қатынастармен бірге қолданылатын экономикалық қатынастардың ерекше түрі. Кез келген экономикада, оның ішінде дамыған экономикада меншіктің әр түрлі нысандары, мүдделері, шаруашылық жүргізу тәсілдері әр алуан түрлі экономикалық қатынастар (укладтар) болады. Мысалы, Батыстың қазіргі заманғы экономикасында шағын кәсіпорындар көптеп саналады, олар осы кәсіпорындардың иелерінің еңбегінің арқасында жұмыс істеп, дамиды. Алайда осы өндірушілердің қатары меншікті үйлестіру мен капиталистік нысандарының негізінде сақталып отыр. Ал өтпелі экономикада көп қатынастық (укладтық) негізгі элемент ретінде қатысады. Өтпелі экономикада ескі де, жаңа да негіздер болады және жаңа байланыстар жүйесі енді ғана қалыптасады. Мәселен, қазақстандық өтпелі экономикада қалыптасып жатқан нарық жүйесімен

қоса шаруашылық байланыстардың экономикалық емес және көлеңкелі және т.б. сияқты реттеуіштері де болады. Өтпелі экономиканың мақсатының бірі – экономиканың негізіндегі көп қатынастылықты (укладтылықты) еңсеру.

Үшіншіден, өтпелі экономика тұрақты дамымайды. Өтпелі экономикада жаңа институттар, нормалар мен ережелер болмағанда ескі қатынастар өзгеріп, жаңа қатынастар пайда болған жағдайда жаңа экономикалық субъектілер қатысатын ұдайы өзгерістер орын алады, ескі және жаңа экономикалық мүдделер бетпе-бет келеді. Осыған байланысты өтпелі экономикалардың ішкі қасиетінетән экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастар ұдайы шиеленіседі. Сол себептен экономикадағы тұрақтылықты сақтап, бұзушылықтарға ықпал ететін тұтқиыл жағдайларға жол бермеу қажет.

Төртіншіден, өтпелі экономикадағы қайта құрудың біршама ұзақ уақыт жалғасатыны. Бұл саяси билікке байланысты емес табиғи факторлардың, яғни бұрынғы көзқарастардың орнықтылығымен, технологиялық базисті, кадрларды, халық шаруашылығының құрылымын бірден өзгертуге болмауымен, процестердің күрделілігі мен қарама-қайшылығына байланысты. Осының барлығын ескере отырып, өтпелі экономика кезеңі үшін мүдделерді келісудің ерекше механизмін құру, сондай-ақ өздеріне байланысты емес себептер бойынша қиын жағдайға тап болған экономика субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қажет.

Өтпелі экономика нысанының аралас экономикамен ортақ белгілері бар. Бірінші және екінші жағдайда да бір экономика ауқымында нарық пен мемлекеттік реттеудің, капиталистік нысандар мен әлеуметтік бағдар процестерінің әр түрлі элементтері қосылады. Алайда экономиканың тұрпаттарының сапасы әр түрлі болады. Аралас экономика – қазіргі кезеңдегі экономикалық жүйенің, нарық жүйесінің, мемлекеттік реттеу мен әлеуметтік тұрақтылық бірлігінің негізінде құрылатын «жаңа экономиканың» сипаттамасы. Ал өтпелі экономикада жағдай басқаша.

Өтпелі экономика – қалыптасқан аралас экономикамен салыстырғанда ол тұрақсыз, өзгеретін экономика. Өтпелі экономикада тепе-теңдік жағдайы жүйені өзінің негізінде құру қасиеті емес өтпелі экономиканың тарихи міндеттерінің шешілу шамасына қарай осы өтпелі экономиканы жою құралы ретінде үнемі сақталуы тиіс. Өтпелі экономика ұзаққа созылуына қарамастан шектеулі кезеңді қамтиды, аралас қазіргі заманғы экономика – бұл дамыған экономикалық жүйелердің ХХ ғасырдың соңындағы – ХХІ ғасырдың басындағы тұрақты жағдайы.

## **3.2. Өтпелі экономиканың түрлері**

ХХ ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық даму барысында әлем өтпелі экономикалардың бірнеше түрімен беттесті. Олар пайда болу уақыты мен мазмұны бойынша ерекшеленуіне қарамастан, олар экономикалық жүйелердің негізгі базалық қатынастарын өзгертеді. Осы өзгерістер бұрынғы жүйелердің қайта құрылуына немесе жаңа жүйелердің пайда болуына әкеп соқтырды.

Капитализмнен социализмге өтпелі кезеңдегі экономика өтпелі экономиканың ерекше тарихи бір түрі болып табылады. Ол тарихта 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциядан басталып 1930 жылдарда аяқталған ерекше маңызды кезеңде орын алды. Өтпелі кезең экономикасы маңызының теориялық негіздемесі капиталистік және социалистік жүйелердің қарама-қайшылығы жөніндегі ережеге, сондай-ақ социалистік революция теориясына негізделді. Өтпелі кезең экономикасының негізгі белгілеріне мыналар жатады:

Біріншіден, өтпелі кезең экономикасының теориясы басқадай бөтен элементтер мен қатынастар кірмейтін «таза» экономикалық жүйе құру тұжырымдамасынан туындады. Осы көзқарасқа сәйкес өтпелі кезеңде капиталистік қатынастар жаңа социалистік қатынастармен революциялық жолмен ауыстырылады.

Екіншіден, экономиканың көп қатынастылығы (укладтығы) өтпелі эконо-микаға ғана тән қасиет ретінде қарастырылды. Дамыған жүйеде укладтардың (қатынастықтың) болуына жол берілмеді. Өтпелі кезеңнің міндеті экономиканы бір укладты социалистік жүйеге айналдыру болды.

Үшіншіден, өтпелі кезеңде қайта құрудың көш бастаушысы мен кепілі ретіндегі мемлекеттік және саяси билікке ерекше маңыз берілді. Сол себептен пролетариаттың өктемдігі жөніндегі ережеде оның қайта құруды ұйымдастырушы күш екені және оған қарсы келгендерді басатын құрал екені айтылды.

Төртіншіден, өтпелі кезең экономикасының теориясында өтпелі кезеңді барынша азайтып, осы кезеңді шектеу жөнінде айтылған. Сол себептен өтпелі экономиканың осы түрі өтпелі кезең экономикасы деп аталады.

Сөйтіп, өтпелі кезең экономикасының теориясы – бір экономикалық жүйеден екінші жүйеге өтпелі экономиканың өте түбегейлі нұсқасы. Осы нұсқаның тарихи тәжірибесі мен сабағы бүкіл қоғамның күшін жаңа жүйеге құруға, ұжымдандыру арқылы ауыл шаруашылығын қайта құруға жұмылдырғанына қарамас-тан қоғамды түбегейлі қайта құруға қыруар шығын жұмсалып, ысырап шегілгенін көрсетеді.

Бұл жағдайда нарықтық қатынастар жойылды, экономика мемлекет иелігінен шықты, оның құрылымы бір жақтыға айналды, ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштер бұзылды. Осы және басқа да факторлар әлеуметтік жүйенің келешектегі өзін-өзі жетілдіретін әлеуетін жойды.

Еліміздің бүкіл экономикасын үйлестіру тәсілдеріндегі түбегейлі өзгерістер – өтпелі экономиканың басқа түрі. Осы өзгерістер сол бір экономикалық жүйе ауқымында жүзеге асырылса да олар осы жүйенің негізін қозғайды, экономикалық байланыстардың нысандарын өзгертеді және қоғамның өмірін реттейтін жаңа институттардың құрылуына жол ашады. Экономиканың дамуындағы осы кезеңдер бүкіл қоғамның экономикалық өмірін реттейтін бұрынғы тәсілдер қолданылуын тоқтатқанда; бұрынғы институттар өзгерген жағдайлар мен экономика субъектілерінің өскелең мүмкіндіктеріне жауап бермегенде; жүйенің дамуында берекесіздік орын алғанда туындайды. Бұрынғы институттар мен құрылымдардың іс-қимыл жасау сипатын, экономикаға ықпал ететін ескі әдістерді өзгерту арқылы бұл жағдайдан шығу мүмкін емес. Тығырықтан шығу үшін бұрынғы институттарды өзгерту, жаңа реттеу тәсілдерін әзірлеп, жаңа теориялық даму тұжырымдамаларына көшу қажет.

Өтпелі экономикалық өзгерістің мысалы ретінде XX ғасырда 1929-1932 жылғы дағдарыстан кейін Батыс экономикасын реттеуді өзгертуді келтіруге болады. Соңғысы, XIX-XX ғасырдың басындағы капиталистік жүйенің дағдарыстар тізбегін аяқтай отырып нарықтың «көрінбейтін қолының» бағытын ұстануға негізделген бұрынғы көзқарастың дәрменсіздігін айқын көрсетті. Еліміздің бүкіл экономикасын мемлекеттік реттеу әдістерінің пайда болуы, макроэкономикалық саясаттың нарық жүйесінің кемшіліктерін жоюға ғана емес, сонымен бірге экономика субъектілерінің іс-қимылын реттеуге бағытталған жүйелі іс-шараларының қажет екенін мойындау; капиталистік экономиканың жаңа, кейнсиандық теориялық тұжырымдамаларына көшу капиталистік жүйенің дамуының жаңа сатысының басталғанын көрсетті. Осы өзгерістер қазіргі кезеңдегі тарихтың әжептәуір ұзақ кезеңіне созылды және Батыс елдерінің ұзақ уақыт бойы біршама орнықты дамуын қамтамасыз етті.

1970-жылдардың ортасындағы мұнай дағдарысы өзге салдарға әкеп соқтырды. Осы дағдарыстан кейін ішкі нарықтың жекелеген субъектілері ғана емес халықаралық экономикалық қатынастар субъектісі ретіндегі ірі корпорациялар мен мемлекеттің субъектілері реттелетін болды. «Үлкен жетілікке» кіретін мемлекеттердің келісілген экономикалық саясатының рөлі, халықаралық ұйымдар мен институттардың рөлі артты. Әлемнің әр түрлі өңірлерінде жаңа инте-грациялық құрылымдар қалыптасты. Ішкі экономика тұрғысынан осы өзгерістер жаңа технологиялық қағидаларға көшуге, халық шаруашылығының құрылымының өзгеруге, ғылыми-техникалық революцияның жаңа толқынына көшуге түрт-кі болды.

Жекелеген елдердегі экономикалық қайта құрулар өтпелі сипатта болды және олардағы тарихи қалыптасқан экономикалық жүйе мен халық шаруашылығының құрылымы жаңа тарихи жағдайда халықаралық және саяси қатынастар жүйесіндегі осы елдің алатын орнының өзгеруіне байланысты өзгеруі тиіс болды. Әдетте осындай мақсатқа сәйкес қайта құрулар елдердің экономикаларындағы өзгерістердің жойылуымен байланысты. Мақсатқа сәйкес жүргізілетін қайта құруларды сыртқы себептердің немесе ішкі және сыртқы бірлескен себептердің салдарынан туындайды.

Дамушы елдердің экономикасының қайта құрылуын осы өзгерістің мысалы ретінде келтіруге болады. Дамушы елдердің халық шаруашылығының құрылымын қайта ұйымдастырып, экономиканың тәуелсіздігі үшін негіз құрып, сондай-ақ кенжелеп қалған колониалдық шаруашылық құрылымын түпкілікті жоюға тиіс. Капиталистік емес даму жолын таңдаған бірқатар елдердің алдында мемлекеттік секторды нарықтық негізге көшіру міндеті тұр. Осы елдердің барлығында өтпелі процесс саяси тұрақсыздық, экономикалық және саяси бағыт жиі өзгерген жағдаймен қабаттасып отыр. Қазіргі уақытта осы елдерде өзгерген әлемдегі халықаралық еңбекті бөлу жүйесінде ең тиімді орынды іздестірумен байланысты кезекті өзгерістер орын алып отыр.

Экономикасы өтпелі мемлекеттер экономиканың дамуындағы ұзақ уақыт бойы тұрақсыздықты еңсереді. Әдетте осы кезеңдер циклдік себептермен емес мемлекеттердің нарықтық жүйесінің дамуындағы қайшылықтармен байланысты. Осыған ұқсас өтпелі процестің мысалына Латын Америкасы елдерінің тәжірибесін жатқызуға болады. Ол елдерде ХХ ғасырдың екінші жартысында инфляция жоғарылап, экономика төмен қарқынмен өсті, сыртқы борыш көбейіп, сырттан алынатын қарыз ұтымсыз пайдаланды, сондай-ақ өте кедей топтардың саны көбейіп әлеуметтік құрылым бір жаққа қарай ойысты. Латын Америкасы мен басқа да елдердің тәжірибесі әр түрлі тұрақтандыру бағдарламаларын жүйелі түрде пайдаланудың қажеттілігін дәлелдеді. Осы тәжірибеден Қазақстанның өтпелі экономикасына да пайдасын тигізері анық.

Сөйтіп, ХХ ғасырдың экономикасы өтпелі экономиканың бірнеше түрінің бар екенін анықтады. Әр түрлі өңірлер мен елдерде осы процеске өзіндік ерекшеліктер тән. Қазақстан мен бұрынғы социалистік елдердің өтпелі экономикасының сапасы өтпелі экономиканың бұрынғы нысандарының ерекше тарихи түрі болып табылады.

### **3.3. Қазіргі кезеңдегі өтпелі экономиканың ерекшеліктері**

Қазіргі таңда бұрынғы социалистік елдерде, сондай-ақ бұрынғы кеңес кеңістігінде құрылған мемлекеттердегі өзгеріс процестерін өтпелі экономика деп атауға болады. Мемлекеттендірілген социализмнің бұрынғы экономикалық жүйесінен жаңа экономикалық жүйеге көшуде кез келген өтпелі экономика негізгі белгілері белең алды, яғни экономикалық жүйенің, үйлестіру мен меншік нысандарының негіздері өзгерді, сондай-ақ қоғамның барлық белді институттары да өзгерді.

Сонымен бірге осы өтпелі экономиканың бірқатар ерекшеліктері де жоқ емес. Ең алдымен, сол бір экономикалық жүйе ауқымындағы өтпелі экономиканың сапасы экономиканы үйлестіру нысандарының өзгеруімен байланысты өтпелі экономиканың түрінен өзгеше болады. Бір қарағанда Қазақстанның өтпелі экономикасының 1929-1932 жылдардағы әлемдік дағдарыс барысындағы үйлестіру нысандарының өзгеруімен ортақ көп нәрсе бар сияқты. Ұлы тоқырау жылдары да, сонымен бірге тап қазіргі уақытта да өндіріс терең экономикалық дағдарысқа ұшырады, бұрынғы жүйе жөніндегі көп түсінік күйреді, экономикалық саясат түбегейлі өзгерді. Алайда осыған қарап Қазақстанның өтпелі экономикасын жаңа реттеу түріне өту ретінде қарастыруға болмайды. Осы көзқарас қазіргі заманғы өтпелі экономиканың ерекшеліктерін елемейді, ал осы өтпелі кезеңде құрылымның негізгі элементтері де, қоғамның аса маңызды институттары, бүкіл қоғамдық құрылыс да толықтай өзгерді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда қазіргі кезеңдегі өтпелі экономика өтпелі кезеңнің экономикасы тұрпатына жақын. Бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да жүйенің негізі өзгереді, барлық қоғамдық қатынастар мүлдем өзгереді. Осы жағдайда әр түрлі өтпелі экономиканың деректері біркелкі болады. Алайда мұның өзінде де елеулі айырмашылықтары жоқ емес.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі экономикасы – бұл «таза» экономикалық жүйеден аралас экономикаға көшу. Теориялық және практикалық жағынан бұл өте маңызды. Революциядан бұрынғы Қазақстанмен салыстырғанда бұрынғы социалистік экономикалық жүйеде тек социалистік мемлекеттендірілген қатынастар ғана болды. Мемлекеттік емес меншік нысандары (колхоздық, кооперативтік, жеке меншік) шын мәнінде мемлекеттендірілген болатын, өйткені мемлекет шаруашылықтың барлық түрлері мен нысандарын реттеді. Қазіргі кезеңдегі өтпелі экономиканың алдында кез келген экономикаға тән меншіктің әр алуан түрін іс жүзінде қалпына келтіру міндеті тұр.

Бұрынғы экономикамен салыстырғанда қазіргі кезеңдегі экономикада әлеуметтік міндеттер әр түрлі шешіледі. Бұрынғы экономикалық жүйеде жалпы кепілдік жүйесі болды. ХХ ғасырдың басындағы революция алдындағы Қазақстан тарихында осы фактор болмады. Мемлекеттендірілген социализм кепілдіктер жүйесін құра отырып өтпелі экономиканың бастапқы пунктін қиындатып, оның ауқымында жүзеге асырылатын түбегейлі шараларды түсінуді күрделендірді.

Сөйтіп, сыртқы нысаны бойынша өтпелі экономика, бір жағынан, қоғамның экономикалық құрылымының көп түрлілігі және қиындығымен ұқсайды, ал екінші жағынан, әлеуметтік кепілдендірілген қоғам нысанынан бас тартады. Өтпелі экономиканың осы қайшылығын өтудің қиындықтары мен қайшылықтары толықтырады.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі өтпелі экономикасы бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден екінші жүйеге көшуді білдіреді, сонымен бірге ол өтпелі экономикалардың барлық тарихи түрінен айтарлықтай ерекшеленеді.

### **3.4. Кеңестік экономикалық жүйенің негізгі белгілері мен қарама-қайшылықтары**

Өтпелі экономиканың мағынасы мен ұлттық экономика үлгісінің ерекшеліктері бұрынғы экономикалық жүйенің мазмұны мен бастапқы кездегі қайта құру жағдайларына байланысты. КСРО мен басқа да бұрынғы социалистік елдер К. Маркс, Ф. Энгельс пен В.И. Ленин әзірлеген социалистік қоғамның теориялық үлгісін іс жүзіне асыруға әрекет жасады. Қоғамды бұдан да әділ құрудың социалистік идеясы көп ғасырлар бойы іздестіріліп келді, оны көптеген ғалымдар мен қоғам қайраткерлері өздерінің еңбектерінде дамытып, әр түрлі тұжырымдамалар жасады.

Марксизм ұғымында коммунистік қоғам үлгісі социалистік үлгінің бір нұсқасы ретінде бірнеше әдіснамалық көзқарасқа, яғни тарихи материализмге, қоғамдағы құбылыстар мен процестерге қоғамдық көзқарастың шүбәсіз басымдығы – қоғамдық-экономикалық формация теориясына сүйенді. Марксизмнің экономикалық жүйе үлгісінде төмендегі бастапқы ережелердің маңызы ерекше болды.

Біріншіден, социалистік қоғам коммунистік құрылымның алғашқы фазасы ретінде – бұл өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке негізделген қоғам.

Екіншіден, социализм – бұл жоспарлылық экономика субъектілері арасындағы байланыс нысаны болып табылатын жоспарлы түрде ұйымдастырылған қоғам. Тауарлық қатынастар коммунистік қоғамның дамуына орай жойылуы тиіс.

Үшіншіден, негізгі қағида бойынша бірінші фазадағы социализм кезінде келешектегі қоғамда игілік еңбекке байланысты және жоғары фазадағы коммунизмде қажеттілік бойынша бөлінеді.

Төртіншіден, социализмнің мақсаты жеке бастың барынша әл-ауқатты болып әрі оның жан-жақты дамуына қол жеткізу болып табылады. Осы ереже кейіннен социализмнің негізгі заң ретінде қалыптасты.

Социалистік экономикалық жүйе теориясы социалистік қайта құру барысында қуатты өндірістік күш құратын тікелей-қоғамдық өндіріс қалыптасып, ол жоспарлы ұйымдастыру негізінде нарықтық қатынастарсыз жүйенің жоғары мақсаттарына жеткізеді деген теорияға негізделді. Осы экономикалық үлгіні іс жүзіне асыру барысында бірқатар шешімі табылмайтын қарама-қайшылықтардың бары белгілі болды.

Мемлекеттік (жалпы халықтық), колхоздық-кооперативтік және жеке меншік түріндегі меншік нысанындағы жүйенің дамып, жеке меншік толық жойылған жағдайда қоғамдық меншікті ішкі ұйымдастыру кезінде меншік пен қожайынның байланысы мүлдем үзілді. Мемлекеттік кәсіпорындар орталықтандырылған жүйе жағдайында кәсіпкерлік қызметті дербес жүргізу мүмкіндігі мүлдем болмады, ал іс жүзінде игілік орталықтандырылып бөлінді. Колхоздық-кооперативтік меншік те мемлекет иелігінде болып, орталықтан берілген тапсырманы орындады, демек кооперативтік нысанның әлеуетін іске асыра алмады. Өндіруші-еңбекшілердің көзінше меншіктің қожайыны жоқ иесіз нәрсеге айнала бастады.

Социализмнің алғашқы сатысында жоспарлы жүйенің құрылуы ресурстарды жұмылдыруға, мемлекеттің экономикалық әлеуетін жылдам жинақтауға, индустрияландыруды жүзеге асыруға, жаңа аумақтардың дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда 1960-жылдардың өзінде бірыңғай орталықтан жоспарлауға тырысу мен ғылыми-техникалық революция міндеттерінің қиындығының арасындағы қарама-қайшылықтар айқын біліне бастады. 1965 жылы шаруашылық есепті дамытып, экономикалық реформаны жүзеге асыру, ал 1979 жылы нормативтік басқару әдісіне көшудің сәтсіздігі жалпы орталықтандыру мен мемлекеттендірудің нысанының өзгеруіне қарамастан, олардың тиімсіз әрі өндірушілердің бастамасымен үнемі қарама-қайшы келетінін көрсетті.

Жалпы барлығы ауқатты әрі игілік әділ бөлінетін қоғам құру әрекетінен де түк шықпады. Кеңес Одағында халыққа алғашқы рет тегін білім беру мен денсаулық сақтау, зейнетақымен қамтамасыз ету мен бірқатар басқадай әлеуметтік игілік түріндегі жалпыға бірдей үшін кепілдік (мысалы, көлікке арналған төмен тарифтер) енгізілді. Алайда аталмыш жүйе азаматтардың өздерінің әл-ауқаты үшін жауапкершілігімен бекітілмеді. Ал еңбекке орай бөлу жүйесі

мемлекеттік болуына байланысты оған ынталандырмады, сонымен бірге еңбекақы қорының көлемі шектелген әрі оның деңгейі мен құрылымы да қатаң тәртіптелген болатын. Азаматтар алатын сыйақылар мен игіліктердің арасындағы байланыс та үзілді. Нәтижесінде қоғамда мінез-құлық түрі мен экономикалық ерекшелік ретіндегі біреудің асырауында болу құбылысы (феномен) қалыптасты. Азаматтардың тиімділіктің өсуімен санаспай мемлекетке жоғары талап қоюды әдетке айналдыра бастады, осының салдарынан қоғамның іргетасы да шайқала бастады.

Нақты социализмнің экономикалық жүйесінде 1970-1980 жылдардың өзінде де мына негізгі проблемалар белең ала бастады:

азаматтардың, кәсіпорындардың, салалардың, бүкіл халық шаруашылығының қызметін орталықтандырылып тәртіптеу нысандары мен әдістер жиынтығы арқылы жүзеге асырылатын жүйенің жалпы белгісі ретіндегі мемлекеттендіру;

бірінші проблеманың салдарынан тауарлық қатынастардың нақты жүйесінің болмауы. Осыдан еңбек нарқы болмады, негізгі нарық санаттары, банк жүйесі қағаз жүзінде ғана болды;

жүйенің кәсіпорындар мен азаматтардың бүтін тобының басқалардың есебінен, пайданы жақсы жұмыс істейтіндерден жаман жұмыс істейтіндерге немесе жағдайы нашар кәсіпорындар мен қызметкерлерге қайта бөлу арқылы өзінің әл-ауқатын қамтамасыз ететін біреудің асырауында болу сияқты белгісі;

жүйенің кәсіпорындардың өндірістің жалпы өсуіне экстенсивтік түрде бағдарлануына байланысты табиғи, еңбек және қаржы ресурстарының жетіспеуі мен осының нәтижесінде нормативтіктен тыс запастың жинақталуы сияқты үш тенденциямен сипатталатын тапшылық сияқты белгісі. Тұйыққа тірелген шеңбер пайда болып, тұрақты әрі қанағаттандырылмай-тын сұраныс шығарылатын өнімнің санын арттыруға, ал материалдық-техникалық жабдықтаудың қиындықтары мен материалдық ресурстардың қорын жинау кәсіпорындарды шикізат пен материалдарды, жинақтаушы бұйымдарды алдын ала жинақтауға, жұмыс күшінің «резервін» қалып-тастыруға мәжбүр етті, ал мұның өзі сол кездегі тапшылықты одан әрі күшейтті;

бюрократтық-номенклатуралық басқару жүйесі. Орталық басшылық барлық кәсіпорындардың, салалардың, өңірлердің және т.б. экономикалық жауапкершілікті өзіне алып, мемлекеттік патернализм қатынастары өктем болған, сондай-ақ әр түрлі әкімшілік құралдарын өзінің қалауы бойынша пайдалануға құқығы болған жағдайда экономиканы көп сатылы басқаратын әрі өзі шығаратын заңдармен нығаятын ықпалды аппарат қалыптасты. Кадрларды іріктеудегі номенклатуралық қағидалармен қоса осы аппарат өндірісті жетілдірудің іс жүзіндегі қажеттілігіне селқос қарай бастады;

экономиканың жабықтығынан сыртқы экономикалық шешімдер орталықтандырылып қабылданды, сонымен бірге Батыс елдерімен салыстырғанда барлық салаларда ерекше стандарттар (өндіріс, экономика, есеп, статистика және т.б.) қолданылды.

Сөйтіп, айтылғанның негізінде шын мәнінде елімізде мемлекеттендірілген социализм экономикасы құрылғанын атап өткен орынды. Бұл экономиканың сапасы капиталистік те және бұрынғы жүйелерден айырмашылығы болды деген қорытынды шығаруға болады.

Сөйтіп, Қазақстанда жаңа экономикалық жүйе күрделі тарихи мұраның – мемлекеттендірілген социализм жағдайында құрылған экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастар Қазақстанның әлеуметтік-мәдени дәстүрлерін айтарлықтай өзгертті, сол себептен экономикалық және әлеуметтік саясат шараларын әзірлегенде осыны ескеру қажет.

### **3.5. Қайта құрудың бастапқы талаптары**

Өтпелі экономиканың ерекшеліктері, оның қарама-қайшылықтары мен ұзақтығы көп жағдайда қайта құрудың басындағы жағдайлар мен алғышарттарға байланысты.

Социализм елдерінде 1970-1980 жылдарда ұзақ уақыт бойы қордаланған қарама-қайшылықтардың кесірінен өндірістің тиімділігі төмендеді.

1980 жылдардың ортасында экономикалық жүйе өзінің өсу әлеуетін тауысқанын және 1990 жылы барлық ең маңызды көрсеткіштерді нашарлатқан бірте-бірте дағдарысқа кіре бастағанды. 1985-1990 жылдары сырттан қарыз алып және күрделі салымдарды арттыру арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдату үшін жасалған әрекет тиімділіктің төмендеуінің келеңсіз тенденциясын шиеленістірді. Халық шаруашылығының экстенсивтік (техникалық прогресс есебінен емес) дамуына байланысты технологиялық базис дамымады. Күрделі салымның 70%-ға

жуығы негізгі қорларды жаңғыртуға емес жинақтауға бағытталды. Осы келеңсіз тенденциялардың нәтижесінде қор қайтарымы түсті. 1970-1985 жылдар аралығында қор қайтарымы 30%-дан астамға түсті. Ұлттық материалдық байлық та, ғылыми-техникалық әлеует те тиімсіз пайдаланылды.

1991 жылы ұлттық табыс 11%-дан астамға, жалпы ішкі өнім – 13%-ға, сыртқы сауда айналымы 34%-ға төмендеді, сөйте тұра айналысқа ақша шығару – 4,4 есеге, ал тұтынушылық бағаның деңгейі 2 еседен артық өсіп, экономиканың жағдайы өте күрделенді.

Мемлекеттендірілген социализмнің негізгі сипаттамалары мен бұрынғы социалистік мемлекеттердің арасындағы тиімділіктің төмендеу тенденциясын қарастыратын болсақ, олардың арасында елеулі айырмашылық болмады, ал осы елдердегі қайта құрудың басқа да бастапқы жағдайларында айырмашылықтар өте көп болды.

### **3.6. Нарықтық алғышарттардың кемелділігі**

Елдердің топтары бойынша осы алғышарттар айтарлықтай ерекшеленеді, ал Венгрия мен Польшаның нарыққа көшуін айтарлықтай жеңілдеткен жағдайларға сәйкес бір топқа жатқызуға болады. Венгрия басқа мемлекеттермен салыстырғанда нарықтық экономикаға ерте көшті. 20 жыл бойы экономика бірте-бірте ырықтандырылды, сыртқы экономикалық байланыстар әртараптандырылды, 1989 жылға дейін шағын жекешелендіру мен екі деңгейлі банк жүйесі жүзеге асырылды, осының барлығы венгер экономикасын жүйелі түрде реформалауға алғышарт болды.

Польшаның да белгіленген артықшылықтары, яғни ауыл шаруашылығының бүкіл көлемінің 75%-ын жеке меншік сектор құрады. Сонымен бірге Венгриядағы сияқты Польшада да басқа мемлекеттермен салыстырғанда кәсіпорындардың дербестік деңгейі едәуір жоғары болды. Осы топтағы елдерге қарағанда нарықтық алғышарттар соншалықты дамымаған және экономикалық шешім қабылдау жоғары дәрежеде орталықтандырылған елдер де болды (Болгария, Ресей, Румыния, Чехословакия).

### **3.7. Макроэкономикалық тепе-теңдік**

Аталмыш фактор қайта құрудың бастапқыдағы жағдайы мен әсіресе реформалаудың алғашқыдағы шараларына айтарлықтай әсер етеді. Макроэкономикалық жағдайларды бюджет тапшылығының динамикасы мен деңгейі, сыртқы және ішкі борыш, әлеуметтік индикаторлар, сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылуы сипаттайды. Социалистік елдердің реформа басталар алдында осы өлшемдері әр түрлі жағдайда болды. Елдер реформалау сатысына көшер алдында Польшада инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейі байқалды. Болгария мен Чехословакияда ЖІӨ-ге қатысты ақша массасы артық (M2/ЖІӨ) болды. Румыния мен Чехословакиямен салыстырғанда Венгрияның, Болгария мен Польшаның ЖІӨ-ге қатысты сыртқы борышы көбейді. Барлық елдерде өндіріс тиімділігі төмендеген жағдайда жоғары еңбекақы төлеу талабы инфляциялық процестерге қатты қысым көрсетті. КСРО-да да өндіріс пен еңбекақы өсімінің арасындағы теңгерімсіздік белен алып, өндіріс құлдыраған сайын еңбекақы күрт өсе бастады.

Макроэкономикалық тұрақсыздық кезінде бюджет тапшылығы күшейді. Сөйтіп, барлық бұрынғы социалистік елдерде макроэкономикалық теңгерімсіздік орын алса да әр елде оның түрі әр түрлі болды.

### **3.8. Халық шаруашылығының құрылымы**

Мемлекеттердегі қайта құрудың жылдамдығын тежейтін осы фактордың рөлі өте жоғары көтерілді. Барлық социалистік елдердің құрылымы біршама бірдей болды, мұның өзінде қызмет көрсету саласы шамалы болып, өнеркәсіптің үлесі көп болды. Экономикалық өзара көмек кеңесі елдері КСРО-нан шикізат экспортына бейімделіп, әскери-өнеркәсіптік өнімнің өзіндік салмағы қомақты болды. Сөйте тұра КСРО-ның басқа мемлекеттерден айтарлықтай ерекшелігінің бары да байқалды. Басқа социалистік елдер КСРО-ның шикізатын тұтынып, елдің өзі шикізат пен отын өндірсе де отын-шикізат саласының үлесі көп болғандықтан құрылымын өзгерте алмады. ЖІӨ-нің жалпы көлемінің 40%-ға жуығын құрайтын әскери-өнеркәсіп кешені де

КСРО-ның халық шаруашылығының құрылымына өте жағымсыз ықпал етті. Отын-энергетика саласының қыруар капиталды қажет етуі, сондай-ақ көлікке жұмсалатын орасан зор шығын да Ресей мен Қазақстанның экономикасы үшін көп жағдайда қайта құрудың мерзімі мен кезектілігін шектейтін құрылымдық факторға айналды. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда аталған екі ел осы фактормен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда түбегейлі реформалар басталар алдында Венгрия мен Польша әжептәуір жақсы, ал Ресей, Қазақстан және бұрынғы КСРО-ның аумағында пайда болған басқа елдердің, сондай-ақ Болгария мен Румынияның халі мүшкіл болды. Бұдан кейінгі реформалаудың барысы көрсеткендей соңғы елдер мен Қазақстан кіретін елдер тобында қайта құруға қарама-қайшы және күрделі процестер белең алды.

### **3.9. Қайта құрудың негізгі бағыттары. Нарық жүйесінің қалыптасуы**

Өтпелі экономиканы қайта құру процесінде жаңа экономикалық жүйенің, ұлттық экономика үлгісінің нышандары мен негізгі белгілері байқалып, күшіне ене бастады. Өтпелі экономикадағы қайта құрудың нарық жүйесін қалыптастыру мен халық шаруашылығының құрылымын қайта құру сияқты екі негізгі бағытты жеке атап өткен орынды.

Реформалаудың алғашқы сатысында ең алдымен нарық жүйесінің немесе нарықтық экономиканың негіздерін құру мақсаты қойылды. Ал басқа қайта құрулар, яғни экономиканы мемлекеттік реттеудің жаңа түрін құру, кәсіпкерлікті қалыптастыру және тіпті ашық экономиканы қалыптастырудың өзі де – экономиканың нарықтық негізінің құрылу шамасына орай дами алады.

Осы мәселе өтпелі экономикада қазіргі бар нарықтық экономиканың нысанын жетілдіруге емес нарық жүйесін қайта құруға ерекше назар аударылатынына байланысты туындап отыр. Бұл тарихта бұрын болмаған ерекше тарихи мәселе. Тарихта алғашқы рет нарықтық механизмдер экономиканың бұрынғы нарықтық емес құрылымының негізінде ғана емес басқа мемлекеттердің дамыған нарықтық шаруашылықтарымен тұрақты ықпалдасу жағдайында құрылады. Бір жағынан, бұл нарықтық экономиканы құруды жеңілдетеді, ал екінші жағынан – басқа мемлекеттердің өтпелі экономикаларында өзінің, нарықтық, тиімділік өлшемдері бар болуына байланысты осы процесті күрделендіреді.

Социалистік елдерде тауарлы-ақша қатынастары болғанын және олардың баға, пайда, табыс, бюджет, салық, қаржы және банк жүйесі және т.б. сияқты негізгі белгілер тән екенін атап өту қажет. Алайда аталмыш белгілер экономиканың нарықтық екенін білдірмейді. Бұл елдерде нарыққа бейімделген дербес жеке ұдайы өндіріс жұмыс істемеді. Еңбекақы, қаржы ресурстары орталықтандырып бөлу шеңберінде қалыптастырылды, кәсіпорындардың арасында бәсекелестік болмады. Банктер жеке капитал мен кәсіпкерлікке қызмет көрсететін институт қана емес мемлекет пен бюджет алушылардың арасындағы делдал ғана болды. Осының барлығы нарықтық қатынастардың тек ресми түрде болғанын растайды. Тауарлы-ақша қатынастары мемлекеттік экономика шеңберіндегі нарықтық емес өндіріс, қоғамдық өнімді бөлу мен тұтыну деп саналды. Дамыған елдердің нарықтық экономикасының бүкіл құрылымы, социалистік елдердің тәжірибесі нарықтық экономиканың жекелеген қағидалары мен нақты нарықтық қатынастар жүйесінің болуын теориялық жағынан маңызды екенін көрсетеді.

Нарықтық экономика жүйесі барлық басқа қатынастардың негізі ретінде ұзақ уақыт бойындағы қайта құрудың өнімі. Аталмыш өнім меншік иелерінің ресми түрде болуымен, заңдардың қабылдануымен, банктердің құрылуымен және т.б. өлшенбейді.

Күнделікті өмірде және теориялық әдебиетте «нарық» деген термин тауарлар өткізілетін нақты белгіленген жерден бастап тауарлы-ақша қатынастарының кең сипаттамасын қамтитын әр түрлі мағынада пайдаланылады.

Саяси экономия тарихында нарық пен нарықтық экономиканың біркелкі анықтамасының болмауының терең сыры бар. А. Смит пен Д. Рикардо шаруа-шылық қатынастарды білдіретін нарық деген ұғымның өзі анықтаманы немесе ерекше теориялық проблемаға жеке бөлектеуді қажет етпейтін барынша айқын ұғым деп санады.

А. Смит пен Д. Рикардомен салыстырғанда сатып алушылар мен сатушы-лардың қатынастары соншалықты еркін, сол бір тауарлардың бағалары оңай әрі жылдам тегістелетін кез келген ауданды нарық деп түсінетін О. Курно нарыққа нақты анықтама беруге тырысты. У. Дживонс саудагерлердің арасындағы тығыз байланыстың болуын нарықтың өте маңызды өлшемі деп



көрсетті. А. Маршалл барлық пункттерде сол бір уақыт мезетінде сол бір хат үшін бір бағаны төленгенде (жеткізуге жұмсалатын шығынды ескеріп) нарық өзінің ұғымына барынша сәйкес келеді деп атап өтті. Осы анықтамалардан баға сатушылар мен сатып алушылар жиынтығының арасындағы сауда арқылы белгіленеді деген пікір туындайды. Нарықтың аталмыш анықтамасында баға белгілеу процесі маңызды рөл атқарады. Либералдық экономикалық әдебиетте нарық субъектілерін таңдауға ерекше назар аударылады, ал субъект ерікті түрде тандалса, бұл нарыққа әр-бір қатысушыға экономикалық жағынан тиімді болмақ. Сол себептен жаңа австриялықтар нарықты индивидуумдар нарыққа барлық қатысушыларға тең қарайтын, тек жалпы құқықтық нормалармен ғана шектелген әрі еркін түрде өзара ықпалдасатын немесе алмасатын сала ретінде қарастырады.

XIX ғасырда пайда болған нарық анықтамаларының арасында нарық өндірушісі мен бағаның жеке тығыз байланысына ерекше назар аударатын нарықтың марксистік түсінігін атап өткен орынды.

Нарықтың дамуы нарықтық экономика немесе нарықтық шаруашылық – бұл күрделі қатынастар жүйесі екенін көрсетеді. Аталмыш жүйеде жеке өндірушілер мен тұтынушылар, сатушылар мен сатып алушылар, нарықтық алмасу, еркін баға белгілеу ғана емес, сонымен бірге нарық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұтастай институттар жүйесі болады. Экономиканың барлық субъектілерінің нарықта іс-әрекет жасауы – нарықтық экономиканың аса маңызды қасиеті. Сол себептен жаңа қазақстандық экономиканың базасы ретіндегі нарық жүйесін құру күрделі әрі ұзақ уақыт уақытты қажет етеді.

Аралас экономикадағы реттеу нарық институттарының жүйесіне сүйеніп, солар арқылы жүзеге асырылуына байланысты жаңа реттеу нысанын нарық жүйесінің негіздерін толық шамада іске асырып құруға болады. Осыған қарап эконо-микаға тікелей ықпал ету шараларын пайдаланудан бас тарту қажет емес. Мемлекеттің реттеуші рөлінсіз сыртқы экономикалық қызмет ырықтандырылмайды, қазақстандық экономиканың әлемдік нарықтағы жайғасымы нығаймайды. Осыған байланысты аталмыш элемент нарықтың даму дәрежесінен туындамайды.

Нарық жүйесінің дамуы кәсіпкерліктің қалыптасуымен тікелей байланысты. Кәсіпкерліктің экономиканың дамуында негізгі рөл атқаруына қарамастан аралас экономикада ол тек нарықтық қатынастар жүйесіне негізделуі мүмкін. Капиталистік тенденция те тек осы негізде дамиды. Сонымен бірге кәсіпкерлікке бел-сенді түрде көшу үшін нарықты қалыптастыру негізімен тығыз байланысты меншікті қайта құру құрылымы сияқты негіз болуы тиіс.

Әлеуметтік қайта құру, экономиканың әлеуметтік тұрақтылығына қол жеткізу де нарыққа қажет жаңа жағдайда жүзеге асырылатындықтан нарықты қалыптастыратын элементке жатады. Сонымен бірге әлеуметтік даму нарықтан тәуелсіз дамидытын факторлар тобына байланысты болуына орай, осы элементтер өздері дербес іс-әрекет жасайды.

Ұлттық экономика қалыптасатын жоғарыда атап өтілген бағыттардан на-рықтық қатынастарды құруға тікелей бағытталған әдістерді айыра білу қажет. Нарықтың қалыптасуының мына үш негізгі элементі (әдісі) қолданылады:

- экономиканы ырықтандыру;
- құрылымды қайта құру;
- институционалдық қайта құру.

Қайта құрудың осы элементтерімен қатар халық шаруашылығының құры-лымын қайта құруды ерекше атап өткен орынды.

Экономиканы ырықтандыру – мемлекеттендірілген экономиканы шектеулерден босату жөніндегі іс-шаралар кешені, ол бағаның еркін қозғалуы, тауарлар мен қызметтердің, кәсіпкерліктің нарықтағы айналысы, сондай-ақ экономиканың ашықтығы үшін жағдай жасауға бағытталады.

Құрылымдық өзгерістер – ең алдымен мемлекет иелегінен алу мен жекешелендіру арқылы меншік қатынастарын өзгерту арқылы бұрынғы мемлекеттендірілген құрылымды еңсеріп, сонымен бірге ресурстарды бөлу мен олардың тиімді пайдалануға бағытталған бірқатар іс-шаралар мен іс-қимылы.

Институционалдық қайта құру – құқықтық институттарды қайта құру, нарық үлгісіндегі жаңа ұйымдар мен мекемелер жүйесін қалыптастыру, халық шаруашылығын басқарудың жаңа жүйесін құру және т.б. арқылы нарық жүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдай жасау.

Нарықты қалыптастырудың атап өтілген элементтері әдістерінің арасында әсіресе бастапқы кезеңде ырықтандырудың маңызы зор болады. Өтпелі экономикада ырықтандырудың алдына әр түрлі міндеттер қойылады. Міндеттер нарық институттарын құрумен ғана емес, сонымен бірге

экономиканың барлық субъектілерінің шаруашылық іс-әрекетін нарықтық қағидаларға көшірумен де байланысты. Ырықтандыру кезінде шаруашылық тіршіліктің барлық саласы қамтылып, сонымен бірге бағаларды босату; шаруашылық қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік монополияны жою; кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы мүмкіндіктерді кеңейту; айырбас операцияларын мемлекеттік бақылауды төмендету; ресурстарды орталықтандырып бөлуді жою қарастырылады.

Халық шаруашылығының құрылымы өзгедей қайта құрылады. Қайта құрудың осы бағытын тек нарықтық әдістермен ғана жүзеге асыру мүмкін емес, бұл үшін мемлекет экономиканың жаңа құрылымын құрып, ескірген салалар мен өндірістерді жою, сондай-ақ экономиканың негізгі буындарын қайта құру қажет. Мұның өзінде әр түрлі нарықтық институттар құрып, оларды жекешелендіру арқылы халық шаруашылығының құрылымын ырықтандыру әдістерімен өзгерту мүмкін емес. Бұл үшін мемлекет тиімді өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырып, нарықты қайта құру мен экономиканың құрылымын қайта құру процесін сәйкестендіретін мақсатты іс-әрекет жасауға тиіс.

### **3.10. Экономикалық саясаттың бағытын таңдау проблемасы**

Өтпелі экономикадағы экономикалық процестердің қиындығы, олардың қа-рама-қайшылығы мен біркелкі болмауы қоғамның дамуының прогрессивтік тенденциясы мен ұлттық экономика үлгісінің қалыптасуына жауап беретін экономикалық саясаттың бағытын таңдауды өте күрделендіреді.

Экономикалық саясаттың ықтимал нұсқаларының арасындағы айырмашылықтар өте көп, сол себептен осы нұсқаның әрқайсысын 20-25 жыл бойы жүйелі түрді іске асыру елдің экономикалық дамуының, кейде тіпті тарихи жағынан келешегі дүдәмел, тіпті келешегі жоқ әр түрлі үлгінің қалыптасуына әкеп соқтыруы ықтимал. Қазіргі заманғы экономиканың тенденциялары мен заңдылықтары бір-біріне қарама-қайшы болуы да осыған негізделеді. Бұрын айтылғандай қазіргі заманғы экономика – бұл бір-біріне қарама-қайшы қатынастар тобының, яғни нарықтық қатынастар жүйесі мен бүкіл экономиканы саналы реттеудің; капиталдың ұлғаюы мен әлеуметтік бағдарланған даму қарастырылған белсенді кәсіпкерліктің; экономиканың ашықтығы мен ұлттық ұдайы өндірісті қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінің тенденцияларының үйлесуі. Қазақстан мен бір-қатар өтпелі экономикаларда нарықты қайта құру мен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлердің арасында қарама-қайшылықтар қордаланған.

Осыған байланысты экономикалық саясат ұлттық салт-дәстүрлер мен дамудың бір жақты тәсілдемелері мен заңды тенденцияларын ғана таңдауға немесе қазіргі заманғы аралас экономиканың нақты күрделі жағдайы мен тенденцияларының қарама-қайшылығын жан-жақты қарастыруға тиіс. Бірінші жағдайда экономиканың және экономикалық үлгінің тиімсіз болатыны айқын. Мәселені таяз ойластырып, нарық жүйесінің әлеуетіне, нарықтың рөліне ғана сүйенудің өзі экономикалық және әлеуметтік даму мен толықтай ашық экономикаға либералдық-радикалдық көзқараспен қарауға әкеп соқтырады. Нәтижесінде азаматтардың жағдайы өте ерекшеленетін, қатаң бәсекелестікке негізделген, қазақстандық экономиканың ашық үлгісі пайда болуы мүмкін және экономика толықтай ашық болған жағдайда Қазақстанның басқа мемлекеттердің шикізат базасына айналуы ықтимал. Екінші жағынан, әлеуметтік бағдарды қатаң әрі үстірт ұстану салдарынан кәсіпкерліктің, яғни нарық шаруашылығының әлеуеті әлсірейді, әлеуметтік сала арқылы мемлекеттік реттеудің рөлі артады. Бүкіл экономиканы саналы түрде реттеуге біркелкі бағдарланудың салдары күшейе түседі. Бұл жағдайда нарықтық кәсіпкерліктің негіздері шайқалады, нарықтық тенденциялар нашарлайды, экономиканы реформалауды тежеуі мүмкін. Бұл жағдайда осы тәсілмедемеге орай әлеуметтік тұрақты экономиканың ұлттық аралас үлгісін жүйелі ұстанған дұрыс.

Нақты қайта құру барысы Қазақстанның ұлттық экономикасының осы үлгісін қалыптастыру процесінің басталғанын айғақтайды.

### **3.11. Қайта құрудың негізгі кезеңдері. Трансформациялық құлдырау мен оның жай-күйі**

Еліміздің ұлттық экономикасының тұрақты үлгісін қалыптастыру – ұзақ уақытқа жалғасатын әрі бірнеше кезеңнен тұратын процесс. Мұның өзінде қайта құрудың бұрынғы және жаңа шаруашылық жүргізу жүйелері жөнімен үйлеспейтін алғашқы кезеңінде қиындық көп кездеседі. Осының салдарынан қайта құру барысын орынсыз жылдамдату, ұтымды экономикалық шешімдерге саяси факторлардың орынсыз нұсқан келтіруі, жалпыұлттық мүдделерге жеке меншік мүдделердің асып түсуі және т.б. ықтимал қиындықтар да ұшырасады.

Бүгінгі таңда егемен Қазақстанның дамуын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1991 жылдың соңы – 1992 жылдың басында, пікірталас пен саяси күрес барысында түбегейлі қайта құру жөнінде саликалы шешімдер қабылданған кезде басталып, XX ғасырдың 90-жылдарының соңында аяқталды.

Пікірталас пен КСРО Үкіметінің бұрынғы жүйе негізінде түбегейлі реформаларды жүзеге асыруға әрекет жасау барысында экономиканы реформалаудың кертартпалықтан бастап түбегейлі түрге дейінгі әр түрлі тәсілдемелерінің бары белгілі болды. КСРО Үкіметінде лауазымды тұлғалар қызметін ауыстырды, академик Л. И. Абалкиннің басшылығымен Экономикалық реформа жөніндегі комитет құрылып, «500 күн» бағдарламасы, Экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасы мен бірқатар басқа да бағдарлама мен ұсыныс жасалды. 1989-1991 жылдары кеңестік экономикалық жүйені қайта құру проблемасын талқылау барысындағы дау-дамайдың соңында КСРО Президенті экономиканы түбегейлі ырықтандыруға бағытталған бірқатар Жарлығына қол қойды. Осылайша кеңес жүйесінің басқа қағидаларға негізделген өтпелі экономикаға көшуі басталды.

Бұрынғы кеңес республикаларының, оның ішінде Қазақстан экономикасының дамуындағы жаңа кезең егемендік алумен байланысты. 1990 жылғы 25 қазанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация туралы» қаулы қабылданды. Командалық-әкімшілік экономика нарықтық экономика болып қайта құрылуын бірқатар заңнама актісімен, яғни «Қазақ ССР-нің нарыққа көшу бағдарламасы туралы» қаулысымен (1990 жылғы 26 қазан), «Қазақ ССР-нің экономикасын тұрақтандыру бағдарламасы туралы» қаулысымен (1990 жылғы 6 желтоқсан), «Қазақ ССР Үкіметі мен жергілікті басқару Кеңес органдарының экономиканы дағдарыстан шығару мен халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі келісілген іс-қимылы бағдарламасы туралы» қаулысымен (1991 жылғы 25 маусым), «Қазақ ССР мемлекеттік меншігін мемлекет иелігінен шығару мен жекешелендірудің 1991-1992 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» (1 кезең) (1991 жылғы 27 маусым) қамтамасыз етілді. Қазақстан экономикасын трансформациялау процесі осы және басқа да заңдардың негізінде басталды.

Қазақстанда осы кезеңде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер үнемі нашарлады. Құлдырауға мыналар себеп болды:

Біріншіден, құлдырау Қазақстанның экономикалық жүйесінің салғырттығына байланысты болды. Қазақстан экономикасы реформа басталғанда терең дағдарыста болғандықтан өндірістің құлдырауы тоқтамады және осы процесті бір-екі жылдың ішінде іс жүзінде тоқтату мүмкін болмады.

Екіншіден, макроэкономикалық тұрақтылық болмаған, атап айтқанда, инфляция белең алып, үдей бастаған, теңге одан әрі құнсызданып, қаржы жүйесі күйреген кезеңде экономиканы жандандыру әрекетінен нәтиже күту мүмкін емес еді. Экономикадағы шиеленісті жағдай әлемдік практикамен салыстырғанда инфляция жылына 40%-дан төмендеп, ақша тұрақты әрі сенімді болғанға дейін жалғасты.

Үшіншіден, бұрынғы кеңес елдеріндегідей Қазақстанда да экономика 80-жылдардың екінші жартысынан бастап-ақ бұзылған республикааралық ша-руашылық байланыстары реформаның алғашқы жылдарында-ақ жұмыс істеуін тоқтатқан, сонымен бірге біртұтас мемлекет, бірыңғай тұтасқан экономикалық жүйе ыдыраған жағдайда реформаланды.

Төртіншіден, айналым қаражатын толықтыру мен оның даму жолын инвестициялау арқылы өндірісті қолдау үшін молынан берілетін кредиттер мен субсидиялар, салық жеңілдіктері банк пен өндірістік саладағы қызмет бабын пайдалану көзіне, кәсіпорындардың қожайындарының жеке меншік активіне айналып, негізінен онсыз да ушыққан инфляцияны одан сайын өршітуге себеп болды.

Бесіншіден, халықтың табысының төмен болған, кедейшілік артып, теңге бағамы ұдайы төмендеп ішкі бағалар шарықтаған жағдайда отандық тауарлар бәсекелес бола алмайтын шетелдік арзан тауарлар ағылды.<sup>3</sup>

Қайта құрудың екінші кезеңі 1999-2000 жылдан басталып 2007 жылдың тамызында басталған әлемдік қаржы дағдарысына дейін жалғасты. Қайта құру кезінде қолайлы даму динамикасы байқалып, экономика мен халықтың өмір сүру деңгейі өсті. 2000-2006 жылдары экономика экспорттың қарқынды түрде кеңеюіне, инвестициялар мен халықтың табысының артуының арқасында жоғары қарқынмен өрістеді. Жалпы ішкі өнім тұрақты бағада жыл сайын орташа 10,3%-ға ұлғайып отырды. Халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайтын басқа да бірқатар көрсеткіштердің динамикасы – жұмыспен қамту деңгейі, табыс деңгейі күнкөрісі төмен адамдардың үлесінің деңгейі де жақсарды.

Қазақстанның экономикасы 1999 жылдан бастап жалпы орнықты дамыса да тек 2004 жылы ғана 1990 жылғы реформаға дейінгі деңгейге қол жеткізілді, бұған өтпелі экономиканың бірінші кезеңіндегі өте ұзаққа созылған терең құлдырау себеп болды. Жалпы бағалау бойынша экономиканың құлдырау тереңдігі мен оның салдары 1929-1932 жылдардағы Ұлы тоқырау кезіндегі құлдыраудың тереңдігінен анағұрлым артты.

Осы трансформациялық, яғни өтпелі экономиканың құлдырауына әр нәрсе себеп болды. Құлдырауға тегі әр түрлі факторлар ықпал етті.

Факторлардың бірінші тобына КСРО мен Экономикалық өзара көмек елдері-нің (ЭӘКЕ) ыдырауын жатқызуға болады, осының салдарынан қоғамдық өнімнің көлемі төмендеді, дәстүрлі өткізу нарықтары жоғалып, қолда бар экономикалық әлеуеттің айтарлықтай бөлігі бүлінді.

Себептердің екінші тобы нарық күштерінің іс жүзінде іс-қимыл жасауымен байланысты. Бәсекелестіктің пайда болып, мемлекеттік кәсіпорындардың еркін және өзінен-өзі пайда болған нарық жағдайында жұмыс істеуі, мемлекет-тендірілген экономикаға нарық өлшемдерін қолданудың салдарынан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың көрсеткіштері нашарлады, төлемеу және басқа да жағымсыз салдарлар белең ала бастады. Осының нәтижесінде өндіріс одан әрі құлдырады.

Себептердің үшінші тобы экономикалық саясаттың таңдалған нұсқасымен және экономикалық трансформацияның қиындығын жеткіліксіз бағалаумен байланысты.

Біріншіден, теорияда қабылданған қайта құру тұжырымдамаларында қазіргі кезеңдегі экономиканың нарық жүйесінің рөлі жөнсіз жоғарылатылды. Нарық пен капитализмді тым жылдам қалыптастыру идеясында кеңес экономикасының күрделі құрылымы мен аралас экономиканы құрудың жалпыәлемдік үрдістері ескерілмеді. Түбегейлі әрі жылдам реформалауды жақтаушылар қайта құруда аралас экономиканы емес, дамудың капиталистік шаруашылық нысанындағы бір жақты нұсқасын құруды жоспарлады. Осы көзқарас жүйесінде әлеуметтік саланың дамуы экономиканы мемлекеттік реттеуді күшейту нарықтық өлшем негізінде дамуға ықпал ететін емес, керісінше оны күрделендіретін элемент ретінде қарастырылады.

Екіншіден, өтудің теориялық тұжырымдамасында ырықтандыру мен жеке меншіктің әлеуеті асыра шарықтай түскен. Экономиканы жылдам ырықтандыру мен жедел жекешелендіру бұрынғы жүйені бұзатын ғана емес, сонымен бірге өндірістің қарқынды дамуына қуат беретін күш деп қарастырылды.

Үшіншіден, ұлттық экономиканы тиімді саясат әзірлейтін база ретіндегі тұжырымдаманы жоққа шығарудың өзі қабылданған тәсілдемелердің теория-лық қателігі болып табылады. Осының салдарынан бәсекеге қабілеті аз ұлттық өнеркәсіптің мүддесіне нұқсан келтірілді, экономиканың ашықтығына жылдам қол жеткізіліп, ұлттық дамудың басқа да мақсаттары да (ғылым мен білім беруді мемлекеттік қолдау, жинақталған капиталды жетілдіру) мәжбүрлі түрде төмендетілді.

## **3.12. Қайта құрудың бірінші кезеңінде ұлттық экономиканы қалыптастырудың қарама-қайшылықтары**

Қазақстандық өтпелі экономика мен оны реформалаудың ерекшеліктері бірқатар факторларға байланысты. Атап айтқанда осы факторларға мыналар жатады.

<sup>3</sup> А. Есенгүтелов Экономика независимого Казахстана: история рыночных реформ / Под ред. К.К. Иженовой. – Алматы: ЦИМЭЖ, 2007. – С. 226-227.

Біріншіден, Қазақстанның өтпелі экономикасы біртұтас мемлекеттің – бұрынғы КСРО ыдыраған және осыған байланысты қалыптасқан республикаара-лық, өңіраралық және шаруашылықаралық байланыстар, бұрынғы одақтас республикалардың экономикаларына өте тәуелді болған біртұтас экономикалық кеңістік өзінен-өзі бұзылған жағдайда жұмыс істеді. Экономикасы өтпелі бірде-бір мемлекет осындай жағдайды басынан кешірмеді. Осының өзі ТМД елдері, оның ішінде Қазақстанның өтпелі экономикасының бірегейлігінің белгісі болып табылады. Осының салдарынан дағдарыс тереңдеп, өндірістік процесті тұрақтандырудың жай-күйі де күрделенді.

Екіншіден, елімізге бұрынғы жүйеден қыруар ауыр қаржы, өндірістік, құрылымдық проблемалар мен инфляцияның, өндіріс пен жұмыссыздықтың деңгейінен пайда болған орасан зор теңгерімсіздіктен туындаған экономикалық және әлеуметтік дағдарыс қалды. Реформалар барысында дағдарыс тереңдеп қана қоймай, бір экономикалық жүйеден сапасы басқа өзге жүйеге көшудің шығыны қордаланған жүйелі дағдарысқа айналды. Сондықтан елімізге экономиканы жүйелі дағдарыс жағдайында мемлекеттік дағдарысқа қарсы іс-шаралармен үйлестіріп реформалауға тура келді.

Үшіншіден, Қазақстанда трансформациялық процесс нарықтық институттар мен инфрақұрылымдар болмаған, сапалы заңдар мен заңнама актілері, еліміздің нарықтық экономикасының басқа да құрамдастары өте тапшы болған уақытта басталды. Жоспарлы экономикаға қызмет көрсеткен институттар мен инфрақұрылымдар қызмет көрсету үшін ғана емес, тіпті трансформациялауға да жарамсыз болды. Мұның өзі жаңа институттарды қалыптастыру процесін одан әрі күрделендірді. Экономика тәжірибе мен білім, уақыт жетіспеген кезеңде реформаланып, сонымен бірге нарықтық институттар да құрылды, осының салдарынан еліміздің экономикалық саясатында ірі қателіктер мен келеңсіздіктердің орын алғаны рас. Билік осы стратегияны қолдану салдарынан бірталай қателік мен келеңсіздікке жол беруге мәжбүр болды әрі өтпелі кезеңнің трансакциялық шығыны да артты.

Төртіншіден, қазақстандық экономика реформаның алғашқы екі жылында рубль қолданылатын аймақта болғандықтан, ол Ресейдің қаржылық және ақша-кредит саясатына тәуелді болды. Қазақстан сол жылдары Ресейдің экономикалық саясатын талқылауға мүмкіндігі болмаса да сол саясатты ұстанды. Сөйтіп, ТМД-ның барлық елдерінің экономикасы сияқты Қазақстанның өтпелі экономикасы тіпті бұрынғы социалистік шығыс еуропалық елдер мен Балтық елдерінің тарихында кездеспеген бірде-бір өтпелі экономикаға ұқсамайтын ерекше түрдегі өтпелі экономика болып табылады. Аталмыш экономиканың мәні мен нысаны бойынша антогонистік экономика түйіскен аралықта қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесінің бұрынғы кеңес тұрпатындағы өтпелі экономика деп атаған орынды.<sup>4</sup>

Қайта құрудың бірінші кезеңінде нарықтық экономикалық жүйенің институционалдық негіздері құрылып, Қазақстанның жаңа ұлттық экономикалық жүйесін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам жасалды.

Осы тұрғыда бірінші кезеңде қабылданған іс-шараларға бағалар мен сауданы ырықтандыру; экономиканың ашықтығын; жаппай жекешелендіру; салық жүйесін қалыптастыру; екі деңгейлі банк жүйесін қалыптастыру; нарықтық экономика субъектілерінің жағдайын реттейтін негізгі заңдар мен кодекстерді қабылдау жатады.

Осы іс-шаралар мен жүйедегі басқа іс-қимылдар бірқатар өткір қайшылықтар мен салдарларды туындатып, көлеңкелі экономика айтарлықтай күшейіп, жемқорлық та кеңінен етек алды; бюджет тапшылығында салықтар да нашар жиналды; мемлекеттің рөлі әлсіреп, еліміздің байлығы, оның ішінде табиғи ресурстары қоғамның аз ғана бөлігіне бұйырып, сол себептен олигархтық жүйелер қалыптасты. Ерекше түрдегі табиғи монополиялардың рөлі күшейіп, бәсекеге тең құқықты қатысу мүмкіндігі жойылды; ұлттық өнеркәсіп құлдырап, ұлттық нарықты импорттаушылар басып алды; халықтың табысы тең бөлінбеді, Экономиканың құрылымы отын шикізат кешеніне бейімделіп, ғылымды көп қажет ететін салалардың дамуы тоқтады. Осы және басқа да салдарлар бірінші кезеңдегі экономикалық саясаттың негізі қаланған жалпы тәсілдемелердің нәтижесінде пайда болды.

---

<sup>4</sup> А. Есентугелов Экономика независимого Казахстана: история рыночных реформ / Под ред. К.К. Еженовой. – Алматы: ЦИМЭК, 2007. – С.93-94.

Қазақстанның экономикасы бірінші кезеңдегі қайта құру нәтижесінде қазіргі жағдайда да оның дамуының сипатын айқындайтын, әлеуметтік-экономикалық саясаттың бағытын сілтейтін терең қарама-қайшылықтармен беттесті.

### **3.13. Ұлттық экономика үлгісін қалыптастырудың екінші кезеңінің ерекшеліктері**

Қазақстанның ұлттық экономикасы қайта құрудың екінші кезеңінде өтпелі экономика мен ұлттық үлгіні қалыптастырудың міндеттерін шешумен қатар бір жағынан, нарықтық реформаларды одан әрі тереңдетуге, екінші жағынан, эконо-микалық өсу мен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына тікелей бағдарланған өзгерістерді жүзеге асыруға тиіс болды. Бұл үшін қайта құрудың барлық элементтерін дамытып (ырықтандыру, құрылымды және мекемелерді реформалау, халық шаруашылығының құрылымын өзгерту), бірінші кезеңдегі келеңсіздіктерді жою қажет болды.

Екінші кезеңде энергия тасымалдағыштардың бағасының ұдайы және жылдам өсуіне байланысты қайта құру процесі ресурстармен қамтамасыз етілді, екінші жағынан, Қазақстан экономикасына қыруар ақша массасының түсуінің салдарын тегістеуге бағытталған макроэкономикалық саясаттың айрықша шараларын қолдануды талап етті.

Осы кезеңде мұнай нарығында қалыптасқан қолайлы жағдаяттың арқасында Ұлттық қорда қомақты қаражат жинақталып, алтын-валюта резервтері де көбейді. 2006 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қордың активтері 14,1 млрд долларды, ал алтын-валюта резервтерінің көлемі 33 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуі мен экономиканы одан әрі реформалау жөніндегі келесі іс-шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасады. Осы кезеңде:

экономикада мекемелік ережелер мен нормалар жүйесі құрылды. Қазақстанда Азаматтық, Салық, Бюджеттік, Еңбек, Жер, Су, Орман, Экологиялық және т.б. кодекстер қолданысқа енгізіліп, заңнаманы және қайта құруды құқықтық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіруге арналған институционалдық база құрылды;

мемлекет пен өңірлердің қатынастары жетілдірілді, бюджетаралық қатынастар дамыды;

экономикалық даму мен бизнес және мемлекеттің қатынастарының жаңа қағидаларын қалыптастыруға монополистік және олигархтық ықпалды шектеу жөніндегі шаралар қолданылды;

ДСҰ-ға Қазақстанның ұлттық экономикасының мүдделерін ескеретін қағидаларды сақтап қосылу жөніндегі қызмет жүзеге асырылды;

әлеуметтік қатынастарды одан әрі реформалау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылды;

қоғамның әлеуметтік жағынан бөлінуіне әкеп соқтырған әлеуметтік саясаттың келеңсіздіктерін жоюға бағытталған іс-қимыл мен іс-шаралар жүзеге асырылды. Осы тұрғыда мемлекеттік бағдарламаларды ойдағыдай жүзеге асырудың келешекті маңызы артты.

Осы және басқа іс-шаралар экономиканың әлеуметтік тұрақты дамуға ықпал етсе де, олар бірінші кезеңде қалыптасқан жағымсыз тенденцияларды толықтай жоя алмады, сол себептен қайта құрудың екінші кезеңінде ұлттық экономикалық жүйенің тиімді үлгісіне шешімді бетбұрыс жасауға мүмкіндік бермеді, өйткені:

экономикадағы құрылымдық өзгерістердің келеңсіз тенденциялары сақталды – экспортқа бағдарланған отын-энергетикалық саланың үлесі артып, инновациялық бағыттар артта қалды;

инвестициялық белсенділік артса да, алайда негізгі капиталдың сапасының тозуы мен ескіруін ескерсек, инвестициялар жеткіліксіз қарқынмен өсті және олар көбінесе экономиканың отын-шикізат саласына арналды;

қоғамның әлеуметтік жағынан күрт сараланып, бөлінуі еңсерілмеді. Қолданылған шараларға қарамастан экономиканың әлеуметтік тұрақтылықты растайтын өте маңызды параметрлері жылдам өзгермеді;

инфляцияның жоғары деңгейі сақталды.

Осы қиындықтарды еңсеру үшін әлеуметтік жағынан тұрақты аралас экономикаға негізделген дамуға жылдам әрі жүйелі түрде көшу үшін реформаларды тереңдету қажет болды.

Экономиканы реформалау:

біріншіден, құрылымды бір жақты қайта құрудан бас тартып, халық шаруашылығының құрылымын ғылымды көп қажет ететін әрі индустриялық дамуға бағдарланған технологиялық жағынан озық салаларға қарай бетбұрыс жасаудың елеулі проблемасын іс жүзінде шешуді қажет

етті. Осыған байланысты технологияларды дамытуға арналған арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнама қабылданды, Ұлттық инновациялық қор мен Қазақстандық инвестициялық қор құрылды, жоғары технологиялық жабдықтарды сатып алуға ынталандыратын салықтық жеңілдіктер берілді және т.б.

екіншіден, Қазақстанның ұлттық экономикасының ерекшеліктерін мойындап, мемлекеттің экономикалық өмірдегі рөлін арттырып, сонымен бірге экономиканың нарықтық негіздерін нығайту қажет болды. Әкімшілік реформа процесінде мемлекеттік басқаруды, монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру, салықтық реформаны жалғастыру – дамудың екінші кезеңінде мемлекеттік экономиканы жетілдірудің маңызды бағыттары. Екінші бағыт – меншік қатынастарында мемлекеттің рөлін заңнама базасын жетілдіру арқылы ғана емес, сонымен бірге экономиканың стратегия-лық салаларындағы ең ірі компаниялардың меншігіне қатысуын күшейту арқылы да нығайту;

үшіншіден, әлеуметтік жағынан әділ әрі орнықты қоғам құруға ықпал ететін әлеуметтік реформаларды тереңдету. Бұл әлеуметтік саланың жеке леген салаларын ішінара реформалау әдістерімен шешілмеген ең күрделі мәселенің бірі болып табылады. Бұл ретте нарықтық тәсілдемелер мен әлеуметтік қатынастардың ерекшелігінің арасындағы нақты қайшылықтарды шешу проблемасы туындайды. Егер нарықтық қатынастарда өзін-өзі ақтау, бәсекелестікті, еркін баға белгілеу қажет болса, әлеуметтік орта салалары бүкіл халықтың әлеуметтік игілікке қол жеткізуді, еліміздің аумағында әлеуметтік жағдайды теңестіруді, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, бүкіл елдің тіршілігі үшін жағдай жасау мақсатын қояды. Демек, қайта құру барысында реформалаудың әлеуметтік салаға нарық күштерін енгізудің жағымсыз салдарын тегістеп қана қоймай, Қазақстанның ұлттық экономикасы үлгісінің елеулі элементінің рөлін ескеретін нысандары мен әдістерін табу қажет болды.

### **3.14. Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі дамуының ерекшеліктері**

Қазіргі үшінші даму кезеңі – бұл әлемдік экономикалық дағдарыстың туындап, дамуымен байланысты кезең. Дағдарыс 2007 жылғы тамызда АҚШ-та басталып, алдымен әлемнің дамыған елдерін, кейін – дамушы елдерді және содан кейін – дамушы елдер мен кедей елдерді де шарпыды. Қазақстан АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстың салдарын 2007 жылдың қыркүйегінде сезінді. Осы дағдарысқа американдық ипотекалық кредиттеу жүйесінің күйреуі себеп болды. АҚШ-тың монетарлық жүйесі қаржы секторын тым ұлғайтқан жоғары деңгейдегі қарыздарды қолдады. Аталмыш сектордың күйреуі жалпы экономиканың дағдарысқа ұшырауына әкеп соқтырды.

Әлемнің көптеген елдерінің үкіметтері дағдарысты еңсеру үшін Д. М. Кейнстің рецептерін пайдаланады. Экономикалық белсенділік инфрақұрылымды дамыту, салықтарды төмендету, салықсыз қаржыландыру сияқты үш бағыт бойынша ынталандырылады. Қазақстанда да осындай жағдай қалыптасты. Барлық осы шаралар 2007 жылғы қарашада қабылданған алғашқы тұрақтандыру жоспарын (оны іске асыруға 550 млрд теңге, яғни 4,6 млрд доллар – еліміздің ЖІӨ-нің 3,5 пайызы бөлінді), сондай-ақ «Үкіметтің, Ұлттық банк пен Қаржылық қадағалау агенттігінің экономика мен қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын» әзірлегенде де ескерілді. Жалпы еліміздің экономикасына дағдарысқа қарсы мақсатта 2 трлн 700 млрд теңге қосымша бағытталды. Дағдарысқа қарсы шаралардың бірінші пакетінде құрылыс индустриясын қолдауға, шағын және орта бизнесті дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға, әкімшілік, салық және мемлекеттік басқарудың бюджеттік саласын қолдауға басымдық берілген. Дағдарысқа қарсы іс-шаралар 2007 жылғы қараша мен 2008 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде толықтай іске асырылды. Осының нәтижесінде 2007 жылы экономикалық өсу – 8,9 пайызды, ал 2008 жылдың қорытындысы бойынша – 3,2 пайызды құрады, мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері орындалды. 2008 жылғы қаңтардан бастап ҚР Үкіметінің негізгі операторы «Самұрық-Қазына» ұлттық игілік қоры мен «ҚазАгро» холдингі болып табылатын дағдарысқа қарсы екінші бағдарламасы іске асырылуда. Жаңа бағдарламаның іс-шаралар кешеніне макроэкономикалық теңгерімділікті, қаржы секторын тұрақтандыру, жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу, шағын және орта бизнесті қолдау, инновациялық, индустриялық және

инфрақұрылымдық жобаларды, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін дамытуды қамтамасыз ететін нақты механизмдер кіреді. Қазақстан сонымен бірге ЕурАЗЭҚ қатысушы басқа елдермен қатар дағдарысқа қарсы бірлескен іс-шаралар әзірледі. Аталмыш іс-шара ретінде мүше-мемлекеттердің ұлттық валюталарын экспорттық-импорттық операциялар бойынша өзара есеп айырысуда пайдалануды кеңейту үшін жағдай жасауды, инфляцияны тежеуді, төлем балансының тұрақтылығын қамтамасыз етуді, банк жүйесінің активтерін жақсартуды, жұмыспен қамту деңгейін қамтамасыз етуді, шағын және орта бизнесті дамытуды жатқызуға болады.

Американдық банктер сияқты қазақстандық банктер де арзан кредит ресурстарын қарызға алуды жүзеге асырған, кредиттеу көлемін өрістету салдарынан өтімділік азайып, банк жүйесінің сыртқы берешегін қайта қаржыландыру мүмкіндігі нашарлады. Еліміздің банктерінің өтімділігін арттыру үшін жүйе құрайтын банктерді мемлекеттік қолдау жүзеге асырылды, олардың капиталдарын толықтыру үшін 4 млрд доллар бағытталды. Мұнай бағасының төмендеуіне, Қазақстанның сауда әріптестері-елдерінің валюталарының құнсыздануына, ұлттық тауар өндірушілерді қорғау қажеттілігіне байланысты 2009 жылғы 4 ақпанда бір мезетте теңге құнсызданды. Аталмыш шара 2008 жылдың төртінші тоқсаны мен 2009 жылдың 4 ақпаны арасындағы алтын-валюта резервтерінің шығынын барынша азайтты. Ұлттық банк валюта нарығындағы тұрақтылықты қолдауды қамтамасыз ету мен айырбастау бағамын қолдау үшін 6 млрд доллар (2009 жылдың қаңтарындағы 2,7 млрд долларды қоса алғанда) жұмсады. Үкімет барлық бағдарламаларда әлеуметтік бағдарға басымдық берді. Мемлекеттік бюджетке төленетін жиындардың 20 пайызға қысқаруына қарамастан соңғы жылдары мұнайдың бағасы жоғары болған жылдары Ұлттық қорда жинақталған қаражаттың арқасында еңбекақы мен зейнетақы уақытында төленді. Корпоративтік табыс салығы мен ҚҚС салығын 12 пайызға дейін кеміткен, еліміздің экономикасына инвестиция салатын барлық кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктері көзделген жаңа Салық кодексінің қабылданып, қолданысқа енгізілуі бизнестің белсенділігін жандандыруға ықпал етті. Еліміздің келешегі экономиканы жаңғырту мен базалық инфрақұрылымның дамуына байланысты, сол себептен жуық арадағы жылдары мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жоспарланып отыр, Атырау қаласындағы мұнай-химия кешенінің құрылысы жалғастырылды, 2009 жылы Мойнақ ГЭС-тің құрылысы аяқталды, Екібастұз 1-ГРЭС және Екібастұз 2-ГРЭС кеңейту мен қайта жаңарту жалғастырылады, Балқаш ЖЭС құрылысы басталады. Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ магистральдық газ құбырын салу жөніндегі дайындық жұмыстары басталады, Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік автокөлік артериясы қайта жаңартылады, электровоз, жолаушы және жүк вагондарын жасау, жол битумының, химия өнеркәсібінің өндірісі ұйымдастырылады. Аталған іс-шаралар мен бүкіл қоғамның күш-жігерін жұмылдыру дағдарысты жеңіп, одан жаңа жаңғыртылған экономикамен және елмен шығуға көмектеседі. Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев ұсынған экономиканы одан әрі жаңғырту мен еліміздің дағдарыстан кейінгі дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту стратегиясын іске асырудың жаңа жоспары да осыған ықпал етеді. Аталмыш жоспарды іске асыру үшін 2009-2010 жылдары шикізат секторының әдетте Ұлттық қорға аударылатын 600 миллиард долларға жуық түсімін пайдалану қарастырылады.

## ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Институционалдық қайта құру*

*Бірлестіруді*

*Қайта құрудың бастапқы жай-күйі*

*Экономикалық жүйенің негіздері*

*Қайта құрудың негізгі кезеңдері мен олардың белгілері*

*Қазақстанның экономикалық жүйесінің қазіргі кезеңдегі қалыптасуының негізгі ерекшеліктері*

*Өтпелі экономика*

*Өтпелі кезең*

*Халық шаруашылығының құрылымын қайта құру*

*Өтпелі экономикалардың түрлері*

*Кеңестік экономикалық жүйе*

*Құрылымды қайта құру*



## **4-ТАРАУ. МЕНШІК ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ**

Меншік экономикалық теорияның аса маңызды әрі күрделі санаттарының қатарына жатады. Қоғамның экономикалық өмірінің тарихы қоғамда меншік объектілері мен құқықтарын қайта бөлу процесі үнемі болатынын көрсетеді.

Қоғамдық пікір меншік проблемасына әрқашанда ерекше назар аударған. Меншік деген ұғым әлеуметтік-экономикалық қатынастардың күрделі жүйесін білдіретін ұғымға айналды. Меншік жөнінде тарихи, философиялық және көркем әдебиетте ол жөнінде арнайы сөз қозғалды. Заң әдебиетінде мол дәстүрлер мен материал жинақталып, осының негізінде меншік құқығын зерттеуде бірқатар бағыт қалыптасты. Экономикалық ғылым да осы проблемаға әрқашан ерекше назар аударып келді. Экономика мен құқық тоқайласқан жерде меншікті институционалдық емес зерттеулер қолданылады.

### **4.1. Меншіктің заңды ұғымы**

Меншік әдетте мүлік қатынастарын заңды реттеуді білдіретін заңды ұғым-ды білдіреді, ал оның экономикалық маңызына анықтама анық берілмеген. Құбылыстар тұрғысынан алып қарағанда меншік ол не, кімге және қандай мөлшерде тиесілі екенін тіркейтін мүліктік қатынас ретінде болады. Меншіктің зады мағынасы рим құқығы заманынан бері меншік дәстүрлі иелену, пайдалану, оны басқару өкілеттігін білдіреді.

ҚР заңнамасында, яғни ҚР Конституциясында, Азаматтық кодексте, арнайы заңдар мен өзге де нормативтік актілерде меншік мәселесі әр түрлі деңгейде қарастырылады. ҚР Азаматтық кодексінде меншіктің құқықтық маңызы жүйелі түрде айтылған.

Тиісті баптар белгіленген ретпен жазылған және субъектілер, объектілер мен меншік құқығының маңызы деп аталатын үш аспектіні қамтиды.

ҚР Азаматтық кодексінің «Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтар» деп аталатын II тарауында меншік құқығының мағынасы жөнінде айтылады. Тарауда Қазақстанда жеке меншік, мемлекеттік және өзге де меншік нысаны танылады деген конституциялық ереже нақтыланады.

### **4.2. Меншіктің экономикалық маңызының негізгі белгілері**

Меншіктің маңызы қарастыратын экономикалық көзқарастың заңды (құқық-тық) көзқарастан айтарлықтай айырмашылығы бар. Осы айырмашылықтарды талдаудан меншіктің экономикалық мағынасының негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Іс жүзінде меншікке экономикалық құбылыс ретінде игілікті алудың әлеуметтік анықтамасы деген анықтама беруге болады.

Меншіктің осы анықтамасын нақтылау қажет. Біріншіден, игілікті басып алу, сыйға алу, мұрагерлікпен алу, қазына табу, ұрлау және т.б. арқылы алу тәсілдері құқықтық жағынан реттелуге тиіс және тіпті белгіленген экономикалық мағынасы да болуы мүмкін болса да игілікті алудың осы тәсілдері экономикалық ғылымда қарастырылмайды. Экономикалық ғылым игілікті (өндірістік-экономикалық қызмет құралдары мен нәтижелерін) өндіріс, айырбастау, бөлу арқылы алуды зерттейді.

Екіншіден, экономикалық көзқарас үшін сатып алынатын объектінің маңызы зор. Бір жағынан, объектілердің факторларға, өндіріс жағдайлары мен құралдарына және екінші жағынан, тұтынушылық игілікке бөлінуінің әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Өндіріс жағдайын монополиялы түрде сатып алатын адам осындай құқығы бар және еркін, алайда мұндай мүмкіндігі жоқ адаммен салыстырғанда ерекше әлеуметтік мәртебеге ие болады. Бірегей, ұдайы өндірістік емес немесе күрделі атқарылатын өндіріс жағдайлары немесе ұсыныс көп түспейтін рұқсат құқықтары сатып алынғанда бұл айқын көрінеді. Мысалы, көлемді жерді иелену осы жердің иесін әлеуметтік-экономикалық жағынан ерекшелейді және жерді иеленбейтіндер мен осы жер телімін пайдаланушылар оған экономикалық жағынан тәуелді болады. Ерекше жедел ақпараттың иесі ақша, қор және өзге нарықта осындай ерекше жағдайға ие болады. Қазақстанның нақты жұмыс істейтін өтпелі экономикасында қолма-қол ақша айналымы өтетін банктердің иелерінің жағдайы

ақшаға өте зәру клиенттермен салыстырғанда өте жақсы болды. Өндіріс жағдайына монополияға ие болған субъектілердің айрықша артық жағдайы экономикалық биліктің пайда болуына әкеп соқтырады.

Үшіншіден, меншіктің өндіріс құралдарымен қосылуы экономикалық жағынан өте маңызды және адамдардың өндірістік-экономикалық қызметінің әлеуметтік сипаты мен өнімнің әлеуметтік нысанын айқындайды. Меншік қатынасына кейбір қатысушылардың экономикалық билік жасауынан басқалар оған экономикалық жағынан тәуелді болады. Экономикалық жағынан тәуелділер өндірістік-экономикалық қызметтің қажетті жағдайларына қол жеткізіп, өндіріс құралдарымен (сол немесе басқа тәсілмен монополияландырылған) осы құралдардың иелерімен келісіп және солардың шартымен ғана қосыла алады. Аталмыш жағдай өндірістік-экономикалық қызметке барлық қатысушылар өндіріс құралдарымен тең қосылу мүмкіндігі бар қатысушылармен салыстырғанда айырмашылығы бар, тіпті оған қарама-қарсы деп айтуға болады.

Төртіншіден, иемдену деген ұғым меншіктің негізгі сипаттамасы қатарына жатады. Бұл жерде табиғаттың дайын өнімін емес өндірістік-экономикалық қызметтің қоғамдық-жағдай процесінде иемдену жөнінде айтылады. Мұның өзінде бір қатысушы игілікті иемденген жағдайда басқа қатысушы осы игілікті жоғалтады. Егер қарама-қарсы бағытта басқа игіліктің барабар саны келсе, онда «иемдену-жоғалту» айырбас жасау нысанында болады. Егер игілік бір бағытта қозғалса немесе барабар емес қарама-қарсы ағын ақса, бұл жағдайда игілік тегін алынып, тегін беріледі. Мысал ретінде құлдың, крепостной шаруаның, тәуелсіз жалдамалы қызметкердің басқа адамға тиесілі фирмада өнім шығаруын келтіруге болады. Осы өнімді тиісінше құл иеленуші, феодал, фермер, фирманың иесіөзі иемденеді.

Бесіншіден, табыс меншікті сатудың аса маңызды нысаны, оның өнім әкелуінің және экономикалық белгісі болып табылады. Табыстың нысаны (еңбекақы, рента және т.б.) меншік иесінің себеп пен салдар сияқты жағдайымен байланысты.

Алтыншыдан, меншіктің маңызын ашатын экономикалық көзқарас үшін өндіріс процесі кімге тиесілі деген сұраққа берілетін жауаптың маңызы зор. Меншіктен алынған өнімді (табыс) осы өнімді өндіретін процеске ие болған адам иемденеді. Меншіктің мазмұнына қойылатын құқықтық көзқарас даяр объектілермен жұмыс істейді және оларды иемдену құқығын растайды. Объектіні жасау процесі, жоғарыда айтылғандай, құқықтық көзқараста қарастырылмайды.

Жетіншіден, заңгерлер мен экономистер иелену деген ұғымның басқа бірнеше ерекше маңызын қарастырады. Заңгерлер заттың тағдырының, яғни оның сатылуының, сыйға тартылуының және т.б. мүмкіндігін қарастырады. Иеленудің экономикалық маңызы табысты бөлу қызметінің нәтижелерін нақты иемдену үшін жағдай жасау деп түсініледі. Сөйтіп, меншіктің экономикалық маңызының ерекшелігіне мыналар жатады:

Меншік – бұл зат және адамдардың затқа деген көзқарасы емес, заттармен байланысты болуы мүмкін адамдардың арасындағы қатынастар (өндіріс құралдарымен және нәтижелермен). Алайда осы қатынастардың әлеуметтік-экономикалық маңызы (қызметкерлердің өндіріс жағдайларымен қосылуы, табыс нысандары мен т.б.) болады.

Бір субъектілердің өндіріс жағдайларын монополияландыруы мен оларды алып алуы немесе қызметкерлердің өндіріс құралдарына тең құқықты қол жеткізу меншік қатынастарының әлеуметтік-экономикалық маңызын сипаттайды және қызметкерлердің өндірістің негізгі факторлары мен өндірістік ресурстармен қосылуын көрсетеді.

Өндіріс факторларының қосылу сипатына оның нәтижелерін иемдену сипаты да байланысты.

Табыс нысаны меншікті экономикалық сатудан құралады және субъектілердің меншік қатынастарындағы жағдайымен анықталады.

### **4.3. Меншік құқығы**

Экономикалық теориядағы меншік құқығы, біріншіден, іс жүзінде ұдайы өндіріс процесінде көптеген заңды қатынастар (төменде айтылады) экономикалық қатынастарға көшеді және керісінше болатындықтан арнайы зерттеуді қажетсінеді. Екіншіден, меншіктің заңды ғана емес, сонымен бірге экономикалық құқықтары да болады.

Экономикалық және заң ғылымында меншік құқығын зерттейтін континенталдық және ағылшын-саксондық деп аталатын екі негізгі дәстүрі қалыптасты.

Континенталдық дәстүрде иемделінген объектінің меншік құқығының бір ғана иесінде болуы өте дұрыс саналады. Аталмыш дәстүрге Наполеон кодексі жатады. Осы дәстүрге сәйкес жеке меншік «қасиетті және қол сұғылмайтын» ғана емес, сонымен бірге «біртұтас және бөлінбейтін» болып саналады. Осы дәстүр бойынша сол бір объектінің меншік құқығының бірнеше адамда болуы феодалдық ке-зеңнің сарқыншағы және жеке меншіктің мәртебесінің төмендеуі ретінде қарастырылады. Континенталдық құқық феодалдық дәстүрлерге қарсы тұрады, ол бір адам табысты жасап, оны ауыстырып немесе өзі иемдене алатын шағын тауарлық және ертедегі капиталистік өндірістің талабымен өте үйлеседі. Капиталистік өндірістің күрделі нысандары пайда болғаннан кейін «біртұтас және бөлінбейтін» жеке меншік деген ұғымға акционерлік қоғамдардың, трансұлттық компаниялардың, әріптестіктердің, кооперативтердің және кәсіпкерлікті ұйымдастырудың басқа да күрделі нысандары сыймады. Қазіргі заманғы индустриялық және индустриялықтан кейінгі қоғамға меншік құқығының бұдан да дамыған жүйесі қажет.

Осы қажеттілікке меншік құқығын сипаттайтын ағылшын-саксондық дәстүр пайда болды. Ағылшын-саксондық дәстүрде меншіктің бірнеше адамның өкілеттігіне бөлінуі меншік құқығының мәртебесінің төмендеуі емес, экономиканың игілік пен ресурстардан барынша көп пайда ал мақсатын ұстанатын қалыпты жұмыс істейтін ахуалы ретінде қарастырылады.

Осы дәстүр шеңберінде барлық экономикалық шешімдерде жеке меншіктің мәртебесін көтеру және бір адамда меншік құқығының өте көп болуы әрекеті міндетті емес, тіпті оның тиімсіздігі дәлелденді. Көп жағдайда жерді сатып алғаннан гөрі оны жалға алу, ал жабдықты сатып алғанша оны лизингке алу, автокөлік пен тұрғын үйді жалға алу оларды иемдену құқығын сатып алудан тиімдірек болуы да мүмкін.

Ағылшын-саксондық құқықтық дәстүр экономикалық ғылымға әсер етіп, меншік құқығы теориясын қалыптастыруға негіз болды. Аталмыш құқықтық дәстүрде экономикада абсолюттік және өзгермейтін меншік құқығы жоқ деп айтылады. Әрбір экономикалық шешім ең тиімді экономикалық шешімді ұтымды іске асыру үшін жеткілікті әрі қажет белгіленген меншік құқығының жиынтығына немесе «өкілеттіктер жиынтығына» сүйенуге тиіс. Әр жағдайда меншікке шексіз құқық сатып алу әрекеті осы меншікке қызмет көрсетуге артық шығын жұмсауға әкеп соқтыруы мүмкін.

Ең тиімді экономикалық шешім үшін қажетті әрі жеткілікті құқық жасау (сатып алу арқылы) үшін меншік құқығын бірқатар өкілеттікке бөлу база болып табылады. Кейбір құқықтар мен олардың құрамдастары мүліктің статикалық жай-күйін тіркеп, оны реттейді. Меншік құқығының басқа құрамдастары («жиынтығы» мүлікті (ресурстарды) экономикалық функционалдық ахуалға ауыстырады.

Меншік құқығын тиісінше сұрыптап, оны өрістету заңды тұлғаларды экономикалық тұлғаға айналуына ықпал етеді, яғни жана экономикалық персонаның, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды тасымалдаушылар ретіндегі тұлғаның пайда болуын ықпал етеді.

## **4.4. Меншік құқығын жүйелеу**

Өкілеттік қарастырылатын тәсілдемелердің көп болуына байланысты өкілеттік арнайы талдауды және жіктеуді қажет етеді.

Экономистер меншіктің экономикалық маңызын ашу үшін ұзақ уақыт бойы заңгерлер үшін дәстүрлі пайдалану, иемдену, басқару өкілеттіктерімен пайдаланып келді. Соңғы жылдары ғылымда экономикалық теорияның институционалдық емес бағыты шеңберінде қарастырылған меншік (өкілеттік) құқығы қолданылады. Өкілеттік жиынтығын жүйелеп, оның маңызы мен арақатынасын талдау қажеттілігі туындап отыр.

Рим (классикалық) дәстүрі шеңберінде пайдалану – бұл заттарды (ресурстарды) олардың тағайындалуына сәйкес қолдану, яғни меншік объектілерінің функционалдық сипаттамасы. Пайдалану құқығы ресурстардың қолданылуының заттық және технологиялық жақтарын білдіреді. Өкілеттікті талдаудың осы деңгейінде кәсіпкерлік сипаттамалар мәселесі шешілмейді.

Иемдену – меншік құқығының күрделі құқығы, оған кәсіпкерлік мезет те кіреді. Ие мүлікті ұстайды, шығыны мен табысын салыстырады. Иемденуге пайдалану кіреді, өйткені затты (ресурстарды, өндіріс құралдарын) функционалдық түрде пайдаланбай кәсіпкерлік мақсаттарды

іске асыру мүмкін емес. Меншік иесі екі рөл атқаруы мүмкін, яғни ресурстарды өзі пайдалануы мүмкін, осы функцияны жалдамалы қызметкерге жүктеуі мүмкін. Осы орайда иемденуге жоғары өкілеттік ретінде пайдалану кіреді.

Ең соңында, осы дәстүр шеңберінде басқару жоғары құқық болып табылады. Егер осы өкілеттікте затты сату, кепілдік, мұрагерлікке қалдыру, сыйға тарту және т.б. сияқты әр түрлі нысандары қарастырылмаған жағдайда ол «толық» деп аталады.

Құқық нысанының жоғары нысаны ретінде басқаруға жай құқық ретіндегі алдыңғы екі құқық кіреді. Кәсіпкерлік (кәсіпкерлік қызмет) үшін жоғары өкілеттік ретіндегі жеке меншік міндетті емес, иемдену болса да жеткілікті. Сонымен бірге индустриялық және индустриялықтан кейінгі қоғамда жалға алу, лизинг, бірлесіп жалға алу кеңінен қолданылады. Осыған байланысты толық жеке меншік өзінің өктемдік жағдайынан айырылуда.

Экономикалық теорияның жаңа классикалық бағытында ағылшын заңгері А. Оноре келтірген, «хрестоматиялық» деп аталатын меншік құқығының жіктелімі көп таралған. А. Оноре 11 өкілеттіктен тұратын жүйені ұсынды.

Иемдену, яғни затты түгелдей бақылау құқығы.

Пайдалану, яғни затты жеке пайдалану құқығы.

Басқару, яғни затты кім және қалай пайдалануы мүмкін екенін шешу құқығы.

Табыс, яғни затты бұрын жеке пайдаланудан алған игілікті немесе басқа адам оны пайдалануға берген рұқсаттан алынатын игіліктің құқығы (өзгеше айтқанда – иемдену құқығы).

Затты шеттету, тұтыну, өзгерту немесе құрту құқығы қарастырылған «капитал құны» құқығы.

Қауіпсіздік құқығы, яғни экспроприациядан иммунитет.

Заттың мұрагерлікпен немесе өсиет бойынша көшу құқығы.

Мерзімсіздік.

Зиянды пайдалануға тыйым салу, яғни затты зиянкестікпен немесе басқа тәсілмен пайдаланудан бас тарту міндеті.

Өндіру түріндегі жауапкершілік, яғни затты борышты төлеу есебіне алып алу мүмкіндігі.

Қалдық сипаты, яғни беру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе кез келген өзге себеп бойынша оның күші жойылған жағдайда кімге болса да берілген өкілеттіктің өзінен-өзі қайтуын күту.

Кейбір ерекшеліктері бар меншік құқығының осы сипаттамасында пайдаланудың, иемденудің, басқарудың (1, 2, 5, 7 және 11-ші). Классикалық өкілеттіктері қайта қарастырылған. Олар экономикалық маңызы, басқару және табыс алу құқығы бар өкілеттіктермен (3-ші және 4-ші) толықтырылған. Өзінің маңызы бойынша басқару кәсіпорынның бүкіл мүлктік кешенімен пайдалану құқығына жатады. Ал табыс алу құқығы меншіктің (нақтырақ айтқанда, табыс ағынын бақылау құқығы) жаңа игілік пен жаңа табыс құру процесінен алынады. Қалған өкілеттіктер (6, 8, 9 және 10-шы) заңды және экономикалық маңызы бар, алайда олар меншіктің ішкі маңызы қатысында олар сыртқы (экзогендік) фактор болып табылады.

Экономикалық көзқарастан алып қарағанда меншік құқығының жіктелімін тағы бір түрде көрсетуге болады:

Пайдалану құқығы, яғни заттар кешенін басқаруды қоса алғанда, заттарды (ресурстарды) олардың функционалдық тағайындалуына орай пайдалану.

Иемдену құқығы, яғни заттарды (ресурстарды) олардың экономикалық (кәсіпкерлік) тағайындалуына сәйкес қолдану.

Игілік жасау процесіне арналған құқық.

Құралдар мен өндіріс нәтижелерін шеттеу мүмкіндігін қоса алғанда, оларды басқару құқығы, сондай-ақ табыс ағынын бақылау.

## **4.5. Экономикалық билік және экономикалық тәуелділік**

Меншік иесіне өзіне меншік объектілерді жасау процесін бағындыру мүмкіндігін беретін меншік құқығының шоғырлану дәрежесі оны жасалған өнімді және алынған табысты басқара алатын ерекше экономикалық тұлғаға айналдырады. Көп адамның (заңды және жеке тұлғалар) меншігінде акциялар болуы мүмкін, алайда тек бақылау пакеті бар адамдар ғана фирма қызметінің процестерін бақылап, оның нәтижелерін басқарады.

Акционерлік қоғам емес кәсіпорындарда өндіріс нәтижесі мен табысқа өндіріс құралдары мен жағдайларына, өндіріс процесі мен оның нәтижесіне монополиялы құқығы бар адамның құқығы

болады. Иемдену процесінің осы елеулі мезеті құқықтық ғылымда реттелмейді. Нәтижесінде біреулердің тек меншік жасауға (иемдену объектілері) құқығы, ал басқалары өндіріс нәтижесін басқаруға құқығы болады.

Өндіріс факторларының монополиялану факторынан басқа экономикалық биліктің ақша және экономикалық саясат сияқты екі ерекше көзін атап өту қажет. Ақшаны байлықтың жалпы нысаны ретінде экономикалық билік беретін меншік құқығының кез келген құрамдастырымына («шоғырына») айырбастауға болады. Ақша капиталы мол жағдайда экономикалық билікті беретін меншік құқығы қайта бөлінеді. Жекешелендіретін кәсіпорындардың акцияларын сауда-саттық, кепілдік аукциондар арқылы бақылау пакеттерін қалыптастырудың осыған мысалы ретінде келтіруге болады.

Қазақстан экономикасының жағдайында нақты иемдену процесінің өсуін, тиімділігін ынталандыру мақсатында меншік құқықтарын қайта бөлудің өзекті проблемасы жоқ емес. Алынған табыс пен өнім құқығы оларды нақты жасаған адамдардың қолында неғұрлым көбірек шоғырланса, қызметкерлер шаруашылық құрылымның тиімді жұмыс істеуіне солғұрлым мүдделі болады.

Мемлекеттің экономикалық саясаты экономикалық биліктің тағы да бір көзі болып табылады. Экономикалық саясат арқылы меншік құқығы қайта бөлінетін шарттарды белгілеуге және экономикалық билікті қайта бөлуге болады. Осы процестер өтпелі экономикада әсіресе өзекті болып табылады. Мысалы, бағаларды ырықтандырудың салдарынан кәсіпорындардың айналым қаражаты мен азаматтардың жинақ ақшасы күрт құнсызданды. Сонымен бірге алып-сатарлық сауда және көлеңкелі капитал саласындағы ақшалай ресурстар өте ұлғайды. Осы жағдайда жүргізілген жекешелендіру қызметкерлер мен еңбек ұжымдарын экономикалық биліктен күрт оқшаулап, алып-сатарлық, көлеңкелі, тіпті қылмыстық капиталдың мүмкіндіктерін күрт арттырды.

Экономикалық саясаттың экономикалық биліктің қайта бөлінуіне ықпал ететін басқа да мүмкіндіктері бар. Ол өнімді капиталдың тиімді жұмыс істеуіне залал келтіріп, қаржы капиталының жағдаятын күшейтуге және керісінше ықпал етуі ықтимал. АҚШ-та Ұлы тоқырау кезеңінде өнімді капиталды тиімді ынталандыру үшін жағдай жасалды. Мемлекет алып-сатарлық трансакциялық капиталдың дамуын басымды түрде көтермелеген қайта құрудың алғашқы жылдары Қазақстан мен ТМД елдерінің экономикасында өзге жағдай қалыптасты. Экономикалық саясат экономикалық биліктің шоғырлануына немесе салықтық жеңілдіктер мен санкциялар, лицензиялар мен квоталар, мемлекеттік тапсырысты орналастыру және т.б. арқылы оның әлсізденуіне ықпал ете алады.

«Жеміс әкелетін», яғни табыс әкелетін меншік объектілеріне айрықша құқық экономикалық билікте елеулі рөл атқарады. Бұл орайда сөз табиғи емес қоғамдық қатынастар жөнінде қозғалады. Экономикалық құбылыстарды үстірт қарастырғанда меншік иесіне табысты еңбек, кәсіпкерлік қызмет емес меншіктің атағы әкелетін және бұл жерде табыс құқықтың өзінен пайда болатын сияқты. Алайда бұл тек алғашқы пікір ғана. Жер телімі меншік иесі оған қандай да болмасын айрықша меншік құқығы болса да өзінен-өзі табыс әкелмейді. Тіпті жалға беру мен қайта жалға беру табыс әкелмейді, тек табыс құқығын туындатады. Меншік иесі мен жалға беруші (қайта жалға беруші де) жоғарыда айтылған саналы иемденудің нақты процесінде ғана табыс алады. Бұл үшін игілік жасаушы тікелей еңбек істеуге және өндіруші ресурстардың иесімен қарым-қатынас жасауға (бұл жағдайда – жер телімінің) тиіс. Өндіруші өзінің кәсіби функцияларын іске асыруға өзге мүмкіндігі болмаса және өзінің еңбегінің нәтижесін басқаруға мүмкіндігі болмаса осындай қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады.

## **4.6. Экономикалық процестің ұдайы өндірісінің алғышарттары мен нәтижелері**

Өндірістің нақты процесін жүзеге асыру үшін табиғи, технологиялық, ақпараттық және өзге де шарттар қажет. Осы шарттардың ішінен құқықтық алғы-шарттар ерекше орын алады. Ең алдымен иемденудің нақты процесіне кірісер алдында оған қатысушылардың қажетті өкілеттіктер мөлшері болуы тиіс. Институционалдық емес теорияда осыған назар аударылады. Алайда осы өкілеттіктердің маңыздылығы бойынша құрылымы да, сонымен бірге ұдайы өндіріс процесі де, яғни құқықтық алғышарттардың құрылымы мен динамикасы қарастырылмайды.

Біріншіден, біржолғы ұдайы өндірілмейтін құқықтық (экономикалық емес) талаптарды жеке атап өткен орынды. Аталмыш талаптар ерекше тарихи кезеңдерде пайда болады және меншік құқығының экономикалық билік үшін қажетті мөлшерін сатып алумен немесе оны қайта бөлумен байланысты болады. Мұндай алғышарттар бір рет туындайды және қайталанбайды. Алайда осы алғышарттарсыз өндірістің қоғаммен байланысты нысаны мен иемденудің нақты процесі қалыптаспайды. Географиялық жаңалық ашу, басым алу, ұлттандыру, жекешелендіру кезеңдері біржолғы ұдайы емес өндірістің мысалы болып табылады.

Алғышарттың екінші түрі де құқықтық (экономикалықтан тыс) сипатта, алайда біріншіге қарағанда ол ұдайы өндірілетін болып табылады. Бұл жерде экономикалық процесті иемденетін және осы процестің нәтижесін басқаратын адамда шоғырланған меншік құқығының жүйесі («шоғырлануы») жөнінде айтылады. Мысал ретінде жалға алу құқығын ресімдеуді, жасалатын табысты бөлу тәртібін келтіруге болады. Осы алғышарттар өзгеруі мүмкін, алайда экономикалық билікті сақтауға қажет мөлшерде үнемі болуы міндетті.

Екіншіден, экономикалық жасалатын жағдайлар жөнінде жеке айтуға болады. Осы орайда меншікті иемденудің нақты процесіне қатысушылардың арасындағы өзара құқықтар мен міндеттер айтылған шарттар нысанындағы экономикалық қатынастар туралы айтылады.

Осы процестің бір шетінде экономикалық билігі бар агенттер, ал екінші шетінде – экономикалық тәуелді адамдар тұрады. Шарттардың мазмұны осылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесімен айқындалады. Олардың арасында аралық агенттер: басқарушы және т.б. болуы мүмкін. Меншік субъектілері арасындағы экономикалық қатынастар қоғамдағы қоғамдық-экономикалық ортаны қамтамасыз етеді. Меншік объектілерінің өндіріс және ұдайы өндіріс процесі осы қатынастарды ұдайы жалғастырып, өзі жүзеге асатын қоғамдық ортаны қолдауға тиіс.

Иемденудің алғышарты, процесі мен нәтижесі арасында ішкі байланыс бар. Жағдайлар мен алғышарттар иемдену процесінің әлеуметтік ортасын қалыптастырады, ал иемденудің нақты процесі өзінің қоғамдағы жағдайын жасайды. Мұндай жағдай меншік құқығы экономикалық билікті өзгерту үшін қажетті мөлшерде сол немесе басқа тәсілмен қайта бөлінгенге дейін сақталатын болады. Яғни алғышарттың бірінші тұрпатын іске қосу (ұдайы өндірілмейтін және экономикалық емес) және алғышарттың екінші тұрпатының қалыптасуы жөнінде айтылады. Жаңа қоғамдық түсінікте барлық алғышарттардың ұдайы өндірісінің процесі осыған негізделеді.

Бүкіл адамзат тарихын өндіру мен иемдену процесіне әлеуметтік-экономикалық ерекшелік беретін меншік құқығы мен экономикалық билік жүйесінің жүйелі түрде ауысуы ретінде қарастыруға болады.

## 4.7. Меншіктің тарихи нысандары

Меншіктің тарихи нысандары меншік құқығы қайта бөлініп шоғырланатын негізгі пункттерді құрайды. Жіктеу тарихи тұрғыдан алып қарағанда қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәнін құрайтын бірін-бірі алмастыратын меншік нысандарын көрсетеді. Әрбір тарихи нысан меншік объектісі мен субъектісі, өндіріс нәтижелерін иемдену сипаты мен басқа да белгілер бойынша нақтыланады. Мұндай жіктеу дәстүрлі формациялық жіктеумен толық үйлеспесе де соған жақын.

Ертедегі меншік нысанында меншік құқығы әлі қалыптаспады, демек оларды бөлу және қайта бөлу институттары да болмады, яғни экономикалық билік пен экономикалық тәуелділікті құруы үшін жағдай болмады. Ерте замандағы барлық адамдар өмір сүру жағдайларына, еңбек пен оның нәтижесіне құқығы тең болды.

Антикалық меншік нысанында меншік құқығы көбінесе жеке адамдардың қолында болды, сол кезде адамдарға толық меншік құқығы таралған болатын. Бір адамдардың қолында өте көп құқық болса, басқа адамдарда жеке бастың ешқандай құқығы болмады.

Адами қоғам дамыған сайын жеке бастың құқығы мен еркіндігі теңеле бастады. Осы тарихи дамуда феодалдық меншік нысаны пайда болып, өндіріс жағдайларына шексіз құқық беріліп, адамдарға меншік құқығы шектелді.

Антикалық және феодалдық меншік құқығында да экономикалық билік адамдардың жеке басына билік етумен толықтырылды.

Жеке тәуелділіктен босату, бір жағынан, барлық азаматтардың заңды теңдігіне, ал екінші жағынан – жаңа қатынастар тұрпатына, яғни бір адамдардың экономикалық билік жасауына және

екіншілердің экономикалық тәуелді болуына жол ашты. Формациялық өлшем бойынша қабалданған жіктемеге сүйенетін болсақ, онда осы белгілер капиталистік жүйеге тән екен. Бұл жағдайда азаматтық құқықтарды тең бөлгенде меншік пен меншік құқығы біркелкі бөлінбейді.

Социализм құру тәжірибесінде адамдардың құқығы мен еркіндігін ғана емес, сонымен бірге өндіріс жағдайлары мен нәтижелеріне меншік құқығын теңестіруде әрекет жасалды.

Бір адамдардың экономикалық билігін шектеп, екіншілерді экономикалық тәуелділіктен босату мақсатында меншік құқығын қайта бөлу қарастырылған меншіктің аралық нысандары бар. Осының мысалы ретінде қызметкерлердің табысты басқаруға, бөлуге қатысуын келтіруге болады.

Әлемдік экономиканың қазіргі заманғы тенденциялары қоғамның постиндустриялық дамуында шексіз жеке меншік құқығы барған сайын көбірек бөлініп, экономикалық агенттердің арасындағы құқықтардың құрамдастырымы да түрленетінін растайды.

## 4.8. Меншік нысанын жіктеу өлшемдері

Қазіргі кезеңде меншік нысандарының құрылымын сипаттайтын функционалдық, деңгейлес тәсілдеме экономикалық процестің жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесін анықтайтын экономикалық өкілеттіктердің құрамдастырымына байланысты тарихи көзқарасты ерекше сипаттамалармен толықтыру қажет.

Экономикалық өкілеттік меншік нысанының функционалдық анықтамасы мен оның құрылымының теориялық негізі болып табылады. Қазіргі кезеңдегі меншік құқығының теориясында онан (ірілендірілген жіктемеде) бір жарым мыңға дейін (бөлшектік жіктемеде) өкілеттік бар. Алайда барлық өкілеттікті экономикалық процесс субъектілерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын білдіретін маңызды деп санауға болмайды. Осы өкілеттіктің қайсысын маңызды деп санауға болады? Ең алдымен, осы өкілеттіктер еңбекпен және еңбек қызметіне деген қабілетті пайдаланумен байланысты өкілеттіктер. Еңбек – барлық экономикалық процестердің, оның ішінде иемдену процесінің негізгі факторы болып табылады, өйткені меншік объектісі мен бүкіл қоғамдық байлық тап осы еңбек қызметі процесінде жасалады. Алайда еңбекшілердің еңбек құқығы басқа да меншікке, ресурстарға, өндіріс процесі мен оның нәтижесіне, табысқа құқықтармен толықтырылған жағдайда ғана олар меншік нысанын құратын субъект бола алады.

Меншіктің экономикалық өкілеттігі тұрғысынан алып қарағанда игілік жасайтын қызметкерлердің ахуалы басқа өкілеттіктердің жай-күйіне байланысты болады. Яғни қызметкер меншік объектісін өз жасаса да негізгі меншік құқығы оған тиесілі емес. Бұл жерде бірнеше нұсқа болуы мүмкін, яғни ең жоғары меншік құқығы меншік объектісі мен нақты қоғамдық байлықты жасайтын адамдарда; біреу еңбек етеді, ал жасалғанды басқа субъектілер мен институттар иемденеді немесе екі атап өтілген қарама-қарсы жағдай әр түрлі үйлесуі ықтимал.

Меншік нысанының елеулі белгілерін (өкілеттіктерін) бөлу жасалған меншік құқығының нысандарын бөлумен байланысты. Олардың ерекше құндық нысаны табыс болып табылады. Иемдену процесі пирамидасының ұшында табыс орналасады. Табыс – меншіктің экономикалық қызметтің бастапқы уәжі мен соңғы нәтижесі. Меншік иесі менеджерлерді жалдап басқару функциясын бере алады; ол өндірісті жалға беріп өндіріс жағдайларын пайдалану мен иемдену құқығын басқа тұлғаға беруі мүмкін, алайда ол табысты иемдену мен басқару құқығын ешқашан ешкімге бермейді. Осы өкілеттік деңгейі экономикалық билікті береді. Осы өкілеттікті іс жүзіне асырғанда да табысты оны жасаған адам иемденеді; табысты бір адам жасайды, ал екінші адам иемденеді деген сияқты, сондай-ақ басқа да аралық нұсқалар болуы ықтимал.

Екінші өкілеттікке мүлікті иемдену жақын болып табылады. Шын мәнінде, құндық нысандағы мүлік жинақталған (капиталдандырылған) табыс болып табылады.

Басқару жөнінде айтатын болсақ, аталмыш белгіні бөлуге екі себеп бар. Ірі ауқымдағы меншік объектісін жасау процесі барлық қатысушылармен келісіп, олардың іс-қимылын үйлестіру, сонымен бірге басқару өкілеттігін жеке қарастыру қажет. Акционерлік қоғамдардың құрылуына орай меншіктің функциялары мен субъектілері иемдену функциялары мен субъектілерінен жеке бөлінуде. Басқару субъектілері (менеджерлер) мүлік пен активтердің қозғалысы мен экономикалық айналымын бақылай отырып іс жүзінде өндіріс құралдары мен нәтижелерін басқаратын өкілеттікке ие болады. Экономикалық теорияда осы процесс «басқарушылар революциясы» деп аталады.

Сөйтіп, оның деңгейлес-функционалдық құрылымын сипаттайтын меншік нысандарын жеке бөлу үшін құқықтардың ерекше жиынтығын жинақтау керек. Құқықтардың ерекше жиынтығы игілік жасау, мүлік пен табысты басқару процесіне меншік құқығында көп шоғырланған.

## **4.9. Меншік нысандары мен олардың негізгі белгілері**

Меншік нысандары жоғарыда атап өтілген белгілердің (өкілеттіктердің) құрамдастырымы болып табылады. Олардың ең қарапайымынан бастап күрделісімен аяқтайық.

1. Өзіндік меншік. Аталмыш нысан бір субъектіде еңбекті, басқаруды, табыс пен мүлікті басқаруды шоғырландырады. Қазіргі замандағы экономикада оған корпорацияланбаған меншік иелері деп аталатындарды қосуға болады. Қазақстанда аталмыш нысанға өзінің жеке шаруашылығын жүргізетін шаруаларды («саудагерлерді» қоса алғанда); жеке іспен айналысатын дәрігерді, адвокаттарды және табыс пен мүлікті басқаруды, иемденуді бір адамда шоғырланғандардың барлығын жатқызуға болады.

Бірқатар шет елде осы нысан жеке немесе корпоративтік емес кәсіпкерлік деген атпен жеке бөлінеді. ҚР статистикасында шағын кәсіпкерлік жеке бөлінсе де осы тиісті меншік нысаны жеке бөлінбеген.

2. Жеке меншік. Негізгі өкілеттіктер бір тұлғада шоғырланғандықтан жеке меншік өзінің мазмұны бойынша өзіндік меншікке жақын (ол бір уақытта заңды тұлға да болуы мүмкін). Алайда жеке меншік ерекше нысан ретінде өзіндік меншіктен ерекшеленеді, өйткені кейбір белгілер (өкілеттіктер) мұнда әр түрлі субъектілерде бөлініп, жеке тұлғалануы мүмкін. Жалдамалаы еңбек пайдаланылатын капиталистік фирмада бір адамдар еңбек етеді, ал табыс пен мүлікті басқару басқарады. Соңғылардың жағдайы экономикалық билікке, ал алғашқылардың жағдайы – экономикалық тәуелділікпен анықталады. Басқарушы (менеджер) аралық жағдайда болады. Бұрын айтылғандай басқарушылар мүлікті иемдену мен басқару функцияларын орындауға қатысады, олардың өкілеттіктер жиынтығы бойынша ахуалы басқа қызметкерлерден ерекше болуы мүмкін. Егер жеке адам өндіріс жағдайының меншік иесі болып, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін қолданбаса, онда меншікті өзіндік (жеке еңбек) деп атауға болады.

ҚР статистикасында жеке және заңды тұлғаларға тиесілі мүлік өзіндік мүлік ретінде жеке бөлінеді. Нақты оған мемлекеттік емес мүлік жатады. Өзіндік мүліктің ішкі айырмашылықтары анықталмаса да, акционерлік нысанның айрықша ерекшеліктері анықталмай акционерлік мүлік жеке бөлінеді.

3. Ортақ мүлік. Осы нысан өзіндік меншік иелерінің құқықтары бар тұлғалардың бірлестігінен құралады. Ортақ меншікке қатысушылар меншіктің мөлшері бойынша ерекшеленуі, алайда олардың елеулі өкілеттіктер жиынтығы бойынша айырмашылығы болмайды. Қатысушылардың мүліктік үлесі жеке бөлінгенде ортақ меншік үлестік, ал үлестер жеке бөлінбеген жағдайда бірлескен мүлік болады. Ортақ мүліктің ең жиі кездесетін функционалдық-өндірістік түріне кооперативтік меншік жатады. (Ортақ меншік отбасылық та болуы мүмкін). Алайда бұл өзіндік меншік иелерінің арифметикалық сомасы емес олардың функционалдық бірлігі. Әр адам кооперативке өзінің еңбегімен және мүлкімен қатысады, табысты басқару мен бөлуді тең басқаруға құқықты. Кооперативтік мүлікті әрбір қатысушының анықталған жағдайда кооперативтік меншік сондай-ақ үлестік және үлессіз болуы мүмкін. Соңғы жағдайда әрбір қатысушының үлесі жеке бөлінбейді. Үлессіз меншік артельдік меншік деп те аталады.

Шағын кооперативтерде ерекше басқару органдары құрылмайды. Ірі кооперативтерде ерекше басқару құрылып, кооперативтің ісін басқару үшін арнайы адамдар бөлінеді. Бұл жағдайда сан өскеннен кейін сапа жоғарылайды, өйткені кооперативтің мүшелері айрықша органға меншіктің ең маңызды құқығы – басқару және тіпті ішінара иелену (мүлікті, ресурстар мен өнімді) құқығын береді. Кооперативтік нысанда айрықша органдар мен қатысушыларға басқару функциясы берілгендіктен, кооперативте функциялар мен иелену және басқару субъектілерінің арасында карама-қайшылық туындауы ықтимал. Кооперативтік меншікке маңызы бойынша кәсіпорын қызметкерлерінің жеке меншік иесінен сатып алу нәтижесінде құрылатын еңбек меншігі және отбасы мүшелерінің мүшелері кәсіпкерлік қызметпен айналысқан жағдайда экономикалық маңызға ие болатын еңбек меншігі өте жақын болады.

Қазақстанда заң бойынша өндірістік және тұтынушылық кооперативтер қарастырылған. Өндірістік кооперативтер коммерциялық ұйым болып табылады. Пайда оның мүшелері арасында еңбекке қатысуына сәйкес бөлінеді. Өндірістік кооператив мүшесінің табысы еңбек етуден пайда



болады. Тұтынушылық кооперативтер коммерциялық емес ұйым болып табылады. Бұл жерде табыс кооператив мүшелері арасында бөлінбейді, жарғылық мақсатқа бағытталады.

4. Мемлекеттік меншік. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік Республикалық және коммуналдық меншік түрінде болады. Республикалық меншік республикалық қазына мен мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітілген мүліктен тұрады. Коммуналдық меншік жергілікті қазына мен коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүліктен тұрады.

Бұрынғы нысандардан ол шексіз меншік құқығы жекелеген жеке адамдар мен бірлестіктерде емес мемлекеттік саяси және экономикалық билік институттарында болатынымен ерекшеленеді. Мемлекет мүлікті (өндіріс жағдайларын) жоғарыдан иеленуші болып табылады. Өндірісті мемлекет тағайындаған басшылар (менеджерлер) басқарады. Мемлекеттік кәсіпорындардың меншігінің ерекшелігі – олардың мүлкі үлестерге бөлінбейді және экономикалық процеске жекелеген қатысушыларға жеке тиесілі болмайды, осы орайда мемлекеттік меншік бірегей болып табылады.

Кәсіпорындардың мүлкін мемлекеттік органдар басқарады, сол себептен негізгі өндіріс факторлары (құралдары) кімнің меншігі екені өте құпияда сақталады.

Индустриялық өндірісте қоғамдастырылу процестерінің дамуы әр түрлі деңгейдегі айрықша органдардағы оның функцияларының құпиялы болуының күшеюіне себеп болады, экономиканың социализмденуі де артады. Сондықтан мемлекеттік меншіктің іс жүзінде қажет нысан ретіндегі кейбір белгілері көз жетерлік келешекте де өзекті мәселеге айналады. Экология саласы мен өзге де ұлттық маңызы бар аяларда олар экологиялық, әлеуметтік және өзге де бағдарламаларды іске асыру механизмін қамтамасыз ете отырып маңызға ие болады.

Мемлекеттік меншік тағы бір бағытта іске асырылады. Экономикалық (және саяси) билікке ие бола отырып, ол экономикалық процесс субъектілері табысының бөлігін (салықтар, акциздер, баждар мен т.б. арқылы) нұсқау арқылы иемденіп, оларды қайта бөледі.

5. Аралас нысандар. Қазіргі кезеңдегі экономикалық қатынастардың динамикасы, нысандар мен институттар көп өзгереді. Меншіктің де әр түрлі нысандары пайда болып, осының нәтижесінде жекелеген нысандардың ішкі мазмұны күрделенуде. Жекелеген нысандардың ішінде әр түрлі меншік нысандарының белгілер қосылады. Мысалы, мемлекеттік кәсіпорындардың ішінде өзіндік кәсіпкерлік және кооперативтік сипаттағы құрылымдар құрылуы, ал мемлекеттік және муниципалдық мекемелер шеңберінде әр түрлі меншік нысандарының белгілері пайда болуда. Қазақстан экономикасында аталмыш процесс барлық салаларды қозғады. Мысалы, мемлекеттік медициналық мекемелерде құрылған әр түрлі медициналық орталықтар жеке меншік және кооперативтік негізде жұмыс істейді. Осындай құрылымдар мемлекеттік жоғары оқу орындарында да бар. Немесе, мысалы, колхоздар мен совхоздар акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған, алайда қызметкерлерге бұрын бөлінген үлесті қайтадан біріктіріп кооперативтік негізде жұмыс істеуді жалғастыруда.

Социализм орнату меншіктің аралас нысандары пайда болатын ерекше бағыт болып табылады. Осы бағытта әр түрлі меншік нысандары жиынтығының белгілері көбейіп, меншік субъектілерінің қоғамдық байланысы күшейеді. Бұл жағдайда қызметкерлер өндірісті басқаруға қатысады, мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындар қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге, медициналық қызмет көрсетуге қатысады, осының барлығы әр түрлі меншік нысандарының әлеуметтік саласын өзгертеді.

Қазақстандық статистикада аралас меншік нысаны өте аз қамтылған. Онда ұлттық кәсіпорындардың жарғылық капиталында, мүлік кешендері мен активтерінде шетелдік қатысушылардың үлесі бар шетелдік қатысуы бар аралас меншік тіркеледі. Статистикада шетелдік қатысы жоқ аралас меншік те жеке бөлінеді. Бұл жерде көбінесе мемлекетте сақталған акциялар пакетін жекешелендіру процесінде құрылған акционерлік қоғамдар есепке алынады.

Аралас меншік нысандарын аралас экономикамен теңдестіреу керек. Меншік нысаны – бұл меншік құқығының құрамдастырымының сипаттамасы: бұл жерде жекелеген нысан шеңберінде еңбек, басқару, табыс жөніндегі негізгі өкілеттіктердің әр түрлі тұрпаттары үйлеседі.

6. Құрамдастырылған нысандар. Жоғарыда жекелеген меншік нысандарының ішкі мазмұнының күрделену процесі қарастырылған болатын. Қазіргі кезеңдегі экономиканың тиімді жұмыс істеп, іске асыруға болатын кәсіпкерлік жобаларды іздестіруі әр түрлі меншік нысандарының олардың әрқайсысының ерекше мазмұнын сақтай отырып бірігуіне себеп болуда. Осының нәтижесінде құрамдастырылған нысандар пайда болуда. Оларға бірлескен кәсіпорындарды, холдингтерді, қаржы-өнеркәсіп топтарын, концерндерді, кейбір өкілеттіктері шоғырландырылып, арнайы мамандандырылған трестерді (табысты басқару, бөлу және иелену)

жатқызуға болады. Қаржы-өнеркәсіп топтары мен өзге де бірлестіктерге жеке меншік, мемлекеттік және өзінің негізгі сапасын жоғалтпаған басқа да нысандар қатысуы мүмкін.

Құрамдастырылған нысан құрылған жағдайда сол немесе меншік нысанын білдіретін әрбір қатысушы өзінің өкілеттігінің әрбір меншік нысанының негізгі сапасын жоғалтуға жол бермейтін бөлігін береді. Егер негізгі сапа жоғалтылса, онда меншік нысаны өзгереді.

Аралас және құрамдастырылған нысандарды талдай келе әрбір нысанның ішкі мазмұнындағы орын алған өзгерістерді немесе олардың негізінде құрамдастырылған бірлестіктерді пайда болу нәтижесінде қайта бөлінетін және қосымша алынатын өкілеттіктердің шеңберін анықтауға болады. Заңды тұлғалардың, кәсіпкерлік және институционалдық құрылымдардың нақты нысандары міндетті емес түрде қарастырылатын меншік нысандары мен меншік қатынастары ғана құрамдастырылған болуы мүмкін емес. Мемлекетте, мысалы, табиғи ресурстарға ең басты меншік өкілеттері бар, сол себептен оның ғана органдары табиғи ресурстарды өндіруге және өнім мен табысты мемлекет пен кәсіпкерлік құрылым арасында бөлу шартын анықтау құқығы бар. Жергілікті билік органдарының да белгіленген құқықтары болады. Және ең соңында, жер қойнауын игеретін фирмалардың өз өкілеттіктері болады. Фирма отандық, шетелдік немесе бірлескен кәсіпорын болуы ықтимал. Әрбір жеке деңгейдің әрқайсысының өзіндік құқықтар жиынтығы болады. Осы құқықтардың барлығы бірге табиғи ресурстарды өндіру жөніндегі құрамдастырылған меншік қатынастарын құрайды.

Құрамдастырылған нысандар Қазақстанның өтпелі экономикасында әлі дамып, құрылымданған жоқ және статистикада есепке алынбайды. Алайда іс жүзінде аталмыш нысанның нақты процестері ойдағыдай жүзеге асырылып, экономикалық теорияда баяндалады.

## 4.10. Акционерлік меншіктің ерекшеліктері

Қазіргі кезеңдегі нарықтық және өтпелі экономикада акционерлік меншіктің кең таралуына байланысты осы нысанның тегі мен ерекшеліктерін арнайы қарастыру қажет. Ең алдымен бізді ол меншік нысаны болып табыла ма деген сұрақ толғандырады. Егер жоғарыда жеке аталып өткен меншіктің белгілерін ескеретін болсақ, онда акционерлік кәсіпорындардың болуы оларды ерекше меншік нысанына жатқызу үшін жеткілікті негіз емес. Біріншіден, бұл жерде меншік объектісі өндіріс құралдары емес тек оларды білдіретін бағалы қағаздар болып табылады. Аталмыш қағаздар табыстың бөлігіне шүбәсіз құқық және басқаруға қатысуға шартты құқық береді. Алайда осы қағаздар бағалы қағаздың атаулы немесе нарықтық бағасына сәйкес келетін мүліктің үлесін иеленуге ешқандай құқықты қамтамасыз етпейді. Екіншіден, басқаруға қатысуға атаулы құқық іс жүзінде қолында акциялардың бақылау пакеті бар адамдарға беріледі. Осы тұрғыдан алып қарағанда акционерлік нысан құпия меншіктің түрі болып табылады, сондықтан экономикалық биліктің қатысушылардың бөлігінде шоғырлануы үшін мол мүмкіндік береді. Акционерлік нысанды жеке меншікпен салыстырғанда оның елеулі айырмашылығы бар. Акционерлік нысанда кейбір жеке меншік иелері (бақылау акциялар пакетінің иелері) басқалардың еңбегі мен табысын ғана емес, сонымен бірге бөтен меншікті – басқа қатысушылардың меншігімен иелену мүмкіндігіне ие болады. Осы орайда акционерлік меншік – мультипликативтік жеке меншіктің өзіндік нысаны. Мұның өзінде мультипликатордың мөлшері бақылау акцияларының пакетін құрайтын үлестен кері тәуелділікте болады.

Акционерлік меншіктің тағы бір ерекшелігі – оның қауымдастығы. Акционерлік меншік – бұл көптеген жеке (және заңды) тұлғалардың иемденудің нақты процесіне біркелкі бөлінбеген құқықтары бар меншігі. Кейбір жеке тұлғалардың мүлікті (өндіріс құралдарын) пайдалануға және еңбекақы нысанындағы табысқа құқығы болады. Басқа жеке және заңды тұлғалардың тек табысқа (артықшылықты акциялардың иелері) құқығы болады. Үшіншілердің табысқа және басқаруға қатысуға құқығы болды. Акционерлік қоғамға жекелеген қатысушылар мен олардың тобында экономикалық билік (бақылау пакеті арқылы) беретін нақты құқықтары шоғырлануы мүмкін. Сонымен бірге акционерлік қоғамға барлық қатысушылар басқару құқығын арнайы орган мен арнайы адамдарға береді, ал акциялар пакеті көпке бөлінген ірі компанияларда басқару функциясының жекешеленіп, экономикалық биліктің менеджерлердің қолына шоғырлануына әкеп соқтырады. Акционерлік меншік өзінің мазмұны бойынша жеке меншіктің классикалық түсінігіне сыймайды. Аталмыш меншікке көп қатысушының қауымдастырылған меншігінің нақты белгілері

тән, сонымен бірге бұл жағдайда кейбір құқықтар басқаларға беріледі және осы берілген құқықтар шоғырланған құрылымдар құрылады.

Сөйтіп, акционерлік меншіктің мынадай негізгі ерекшеліктері болады. Біріншіден, қатысушылардың (меншік иелерінің) құрамы бойынша ол аралас және сонымен бірге құрамдастырылған болып табылады. Оған әр түрлі заңды тұлғалар (мемлекет пен шетелдік қатысушыларды қоса алғанда) қатыса алады. Екіншіден, акционерлік қоғамдарда бөтен мүлік пен бөтен активті ерікті негізде мультипликативтік иелену жүзеге асырылады. Бақылау акциялар пакетінің иелері қоғамға бақылау пакеті жоқ қатысушылардың нақты мүлкін иеленеді. Үшіншіден, акционерлік меншікте өтпелі нысанның белгілерін туындатады, өзінің мазмұны бойынша онда жеке меншік және қоғамдық меншіктің белгілері үйлеседі.

## **4.11. Меншікті қайта құрудың экономикалық өлшемі**

Қазақстанда меншікті қайта құру көп жағдайда жекешелендірумен байла-нысты. Алайда жекешелендіру меншікті қайта құрудың бір ғана нысаны болып табылады. Жекешелендіруге сол бір меншік нысаны шеңберінде құқықтарды қайта бөлу, сонымен бірге бір меншік нысанынан басқа нысанға ауысу жатады. Мұның өзінде бұрын айтылғандай, меншік нысанын қайта құру өкілеттіктер бір қолда ғана шоғырланған жағдайда ғана экономикалық биліктің өзгеруіне әкеп соқтырады.

Меншікті қайта құрудың экономикалық және заңдылық тәсілдемелерінің айырмашылықтары келесі негізгі бағыттарда айқын байқалады. Құқық меншік құқығының бір субъектіден екіншіге көшкенін нақты тіркейді. Бұрын осы меншік объектісі қаншалықты тиімді пайдаланылғаны және меншік иесін ауыстыру неге қажет болғаны жөніндегі мәселе құқықтық тұрғыда ерекше қарастырылмайды. Ал экономикалық тұрғыда бір меншік иесінен екіншіге көшкен меншікті тиімді пайдалану мәселесі ең басты мәселе болып табылады. Сондықтан меншіктің нысанын қайта құрудың экономикалық өлшемдері меншікті қайта құрудың нақты жолдары мен нысандарының тарихи және экономикалық прогреске сәйкестігін анықтағанда ең маңызды болып қала береді. Осы жағдайды елемеу қыруар ысырапқа, экономикалық және қоғамдық регреске жол ашатын қайта құру жолын таңдауға әкеп соқтыруы ықтимал.

Меншікті қайта құрудың экономикалық тұрғысынан заңды тұрғыдан айырмашылығы меншіктің сол бір заңды нысанындағы иемдену процесінде айтарлықтай өзгерістер орын алуы ықтимал болуында. Мәселен, жеке тұлғаның жер теліміне меншік құқығы бар. Ол осы жер телімін өңдей ме әлде өңдемей ме, оның меншік құқығы өзгермейді, сөйте тұра өзінің экономикалық мазмұны бойынша бұл екі әр түрлі жағдай болып табылады. Осы тұлғаның меншік құқығы егер жер телімін жалдамалы қызметкерлер өндеген жағдайда да өзгермейді. Бұл сол бір жеке меншік құқығында нақты иемденудің экономикалық процесін тұрғысынан алып қарағанда мүлдем басқа жағдай. Қоғамдық меншікке қатысты да осындай мысалды келтіруге болады. Сондықтан тек экономикалық талдау ғана меншіктің нақты мазмұны туралы терең, нақты және егжей-тегжей мағлұматты береді. Экономикалық теорияның негізгі бағыттарында экономикалық тиімділік өлшемінің тұрғысынан экономикалық қайта құру тәсілдемелері қолданылады. Ресурстарды тиімді әрі ұтымды бөлу теориясы егер жеке меншік сектордан ресурстарды алу мемлекеттік (қоғамдық) сектордағы қосымша пайдадан аз болса, онда ресурстардың мемлекеттік емес (жеке меншік) сектордан мемлекеттік (қоғамдық) секторға ауысу өлшемін негіздей отырып қаражат пен құралдарды бір (жеке меншік) сектордан басқа (қоғамдық) секторға ауыстыру арқылы қайта құру экономикалық жағынан өзін-өзі ақтауы да мүмкін. Басқаша айтқанда, жеке меншікті қоғамдыққа ауыстырғанда ресурстардың өнімділігі (қайтарымы) өскен жағдайда ғана маңызы болады. Осы экономикалық өлшемді кейбір нақтылаулар-мен бірге меншіктің өзге де барлық нысандары мен қайта бөлінетін меншік құқығына әмбебап қолдануға болады.

Алайда өтпелі экономикада меншікті қайта құру жөніндегі шешім тәжірибе көрсеткендей, саяси жағдайға, қайта құрудың таңдалған нұсқасына (түбегейлі немесе реформаторлық), көлеңкелі және қылмыстық капиталдың мүддесіне де байланысты болады. Осының барлығы ұтымды экономикалық шешім шығаруға айтарлықтай ықпал етіп, осы уақыт мезетінде экономикалық ысырапқа әкеп соқтыруы да ықтимал.

Сонымен бірге меншікті қайта құрудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салдарын да ескерген орынды. Осыған байланысты меншікті қайта құрудан шегілетін қысқа мерзімді ысырап пен ұзақ мерзімді пайданы салмақтау проблемасын шешу керек. Аталмыш проблеманың шешімін табу үшін бірқатар экономикалық есеп жасау қажет. Кез келген жағдайда меншікті қайта құру алдында мем-лекеттік ауқымда да, сонымен бірге әрбір нақты жағдайда да экономикалық талдау мұқият жасау қажет.

## **4.12. Қазақстандық экономикадағы меншікті қайта құрудың ерекшеліктері**

КСРО-да қолданылған бұрынғы экономикалық жүйеде мемлекеттік және кооперативтік меншік нысаны болып, мемлекеттік меншік өктемдік етті, сонымен бірге мемлекет іс жүзінде меншікті мемлекеттендіріп, кооперативтік және жеке меншіктің дамуын бақылады. Меншік нысандарының ішінде меншік құқығын қайта бөлу жалпыэкономикалық жүйедегі экономикалық биліктің қайта бөлінуін қамтымады.

Тек 80-жылдардың екінші жартысында ғана меншікті қарқынды өзгерту басталып, құқықтар қайта бөлініп, меншік нысандары да өзгерді.

1986 жылы «Өзіндік еңбек қызметі туралы» КСРО Заңы қабылданды. Жеке кәсіпкерлік пен өзіндік-еңбек меншікті жариялау осы Заңға негізделді.

1988 жылы «КСРО-ғы кооперациялау туралы» КСРО Заңы қабылданды. Елде кооперативтік меншік нысаны болса да меншікті қайта тұрғысынан көрсетілген заңның қабылдануының елеулі маңызы болды.

Біріншіден, заң бойынша кооперативтерде жалдамалы еңбекті қолдануға рұқсат берілді. Екіншіден, мемлекеттік кәсіпорындар үшін бағаның жоспарлы түрде реттелуі сақталса да, жаңа кооперативтер еркін баға белгілеу режимін алды. Сөйтіп мемлекеттік меншіктің жеке меншікке қарқынды әрі кең ауқымда ауысуына мүмкіндік берілді. Мемлекеттік кәсіпорындарда дербес заңды тұлғалар ретіндегі кооперативтер арқылы мемлекеттік кәсіпорындардың құралдарын жеке меншік топтық және жеке меншік капиталистік меншікке айналдырудың кең ауқымды процесі өрістеді.

1989 жылы жалға беру туралы бірқатар нормативтік акт, оның ішінде «КСР Одағы мен одақтас республикалардың жалға беру туралы заңнамасының негіздері» Заңы да қабылданды. Меншік құқығын қайта бөлу мен меншік нысанын өзгертудің құқықтық негізі осы заңда қаланды. Заңда жалға алынған мемлекеттік мүлікті еңбек ұжымдарының сатып алу құқығы берілген жалға алу құқығын жасауға алғашқы рет рұқсат берілді. Іс жүзінде жалға беру еңбек ұжымдарының басқарудағы, шаруашылық есеп табысын пайдаланудағы құқықтары көбейді.

1990-1991 жылдары КСРО-да меншік құқығын қайта бөлу мен меншік құқығын қайта құруға арналған заңнама базасы құрылды. «КСР Одағы мен республикалардың азаматтық заңнамасының негіздері» (1990 жылғы 31 мамыр) және нарықтық қатынастарды дамытуға бағытталған бірқатар заңдар мен өзге де нормативтік актілер және «КСРО-ғы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру негіздері туралы» Заңы (1991 жылғы 1 тамыз) қабылданды.

КСРО-да меншікті реформалауда біріншіден, мемлекеттік меншік нысанын көбейту қарастырылды. Мемлекет иелігінен алуда басқару, меншік нысанын өзгертпей табыстың бөлігін пайдалану сияқты өкілеттіктерді қайта бөлу мақсаты қойылды. Меншік нысанын ауыстыру процесінде мемлекеттік меншікті басқа, мемлекеттік емес меншік нысанына (ұжымдық, отбасылық) айналдыру көзделді. Жекешелендіру мемлекет иелігінен алудың бір нысаны ретінде (алайда меншікті қайта құрудың жалғыз және ерекше ретінде емес) қарастырылды. Еңбек ұжымдарына жекешелендірудің нысанын, бағыты мен мерзімдерін таңдау құқығы берілді. Еңбек ұжымдары кәсіпорынның келешекті даму жоспарларына сәйкес қайта құру, тұрғын үй және әлеуметтік құрылыс, мемлекеттік меншікті сатып алу мәселесін кезекпен шешу жөнінде шешім қабылдай алатын болды. КСРО-да қабылданған экономикалық реформаның ең маңызды бағытын іске асырудағы бір ерекшелігі мемлекеттік меншікті қайта құрудың әр түрлі мүмкіндіктерін еркін таңдап, олардың түрін оралымды өзгертуге құқық берілді.

1991 жылдан кейін Қазақстан экономикасында қайта құрудың бағыты мен нысанын таңдау мына негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды: ірі кәсіпорындарда мемлекеттік меншікті сақтай отырып мемлекет иелігінен алу және шағын бизнес саласындағы жекешелендіру;

бөлінбейтін де, сонымен ұжымдық-үлестік меншігі бар ұжымдық кәсіпорындар құру; мемлекеттік меншікті халық арасында тегін бөлу (арнайы жекешелендіру купондары, мемлекеттік бағалы қағаздар мен т.б. арқылы), кәсіпорындарды акционерлеу және акциялар мен кәсіпорындардың өзін аукциондар арқылы сату.

Президенттің 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығына сәйкес «Қазақстан Республикасының 1993-1995 жылдарға арналған мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы»; 1996 жылғы 27 ақпандағы №246 Үкі-меттің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың 1996-1998 жылдарға арналған бағдарламасы»; 1999 жылғы 1 шілдедегі №683 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру мен оны басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылды. Қазақстандық жекешелендірудің нұсқасының мына негізгі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізуге инфляцияның үдеуі, жұмыссыздықтың өсуі, халықтың кедейшілігінің артуы, халықтың көпшілігінің нарықтық шаруашылық жүргізе білмеуі, өндірістің жоғары шоғырлануы жағымсыз ықпал етті.

2. Материалдық өндіріс пен өндірістік емес салада еңбек ұжымының сатып алу нәтижесінде ұжымдық кәсіпорындардың құрылуының басымдығы. Алайда ұжымдық кәсіпорын құрылғанда олардың ерекшелігі мен көлемі ескерілмеді. Мысалы, Ю. Гагарин атындағы өндірістіктігін бірлестігі сияқты өте ірі кәсіпорындар да ұжымдық кәсіпорынға айналды, ал олар акционерлендірілуі тиіс еді.

3. Әлеуметтік-саяси мақсаттардың экономикалық мақсаттардан жоғары болуы. Қазақстандық үлгіде жекешелендіруді жүзеге асырудың экономикалық тиімділігінің өлшемдері ескерілмеді. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкі қалдық құны бойынша бағалануы тиіс болатын. Алайда жоғары инфляция жағдайында мүлік тек шамаланып қана бағаланды, құнды бағалағанда пайданы, өндіріс көлемін, сұранысты, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, негізгі қорлардың құнын, кәсіпорынның даму келешегін есептеу мүмкін болмады. Реформа барысында мемлекеттік меншік тікелей өндірушілердің арасында емес, кәсіпорындардың жоғары басшылары мен әкімшілік басқару қызметкерлері мен саудагерлер арасында бөлінді. Жекешелендіру кәсіпорындардың төлемге қабілетсіз болуына әкеп соқтырды. Ұлттық экономика шектен тыс инфляция мен өндірістің құлдырауын туындатқан «талықсызпа терапиясының» әсерінен сыйықсызданды.

4. Капиталдың жылдам шоғырлануы жағдайындағы әлеуметтік сыйықсыздық. Барлық азаматтарды меншік иесіне айналдырып, жаппай орта топ құру үшін жарияланған әлеуметтік-бастапқы мақсат орындалмай, іс жүзінде халықтың көпшілігі меншікте шеттетіп, олигархиялық топтар мемлекеттік меншік пен табыстың ағынын өз қолына шоғырландырды. Жалпы меншік иелерінің кең ауқымы түріндегі нарықтық реформалардың әлеуметтік базасы құрылмағандықтан, жаппай жекешелендіру іске асырылған жоқ. Зауыттар жұмыс істемегендіктен Инвестициялық-өндірістік қорлар (ИӨҚ) күйреді, дивиденд төленбеді, тек «Бутия-капитал» ИӨҚ ғана салымшыларға дивиденд төледі.

5. Қор нарығының дамуын жеделдету. Қазақстан Республикасы Президентінің «Материалдық өндіріс салаларында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі жұмысты жандандыру шаралары туралы» Жарлығына сәйкес орта және ірі кәсіпорындардың көбісі мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамға айналдыру түрінде жекешелендірілді, ал жекешелендіру процесінің өзі қор нарығының дамытқан күшті факторына айналды.

Мемлекет иелігін алу мен жекешелендірудің акционерлік нысанында акционерлендіретін кәсіпорын акцияларын мына тәртіп бойынша орналастыру қарастырылады:

акциялардың жалпы санының 25%-ы ұжым мүшелеріне, сондай-ақ осы кәсіпорыннан зейнетке шыққан адамдарға (олардың 15%-жай, 10%-ы – артықшылықты, көрсетілген акциялар атаулы болды) берілді;

акциялардың жалпы санының 5%-ға дейіні осы тұлғаларға атаулы құны бойынша сатылуы мүмкін;

10%-ға дейіні – салалас және басқа да кәсіпорындарға, сондай-ақ бөтен жеке тұлғаларға атаулы құны немесе биржалық бағасы бойынша;

акциялардың жалпы санының 10%-ға дейіні шетелдік акционерлерге сатылуы мүмкін.

Жекешелендірілген қазақстандық кәсіпорындардың акциялары мен олар құрайтын қор нарығы дәстүрлі нарығынан елеулі айырмашылығы болады. Өйткені дәстүрлі (кәдімгі) акциялар нақты инвестициялық процесс пен акцияларды нақты активтерге айырбастаудан пайда болады, ал осы кезеңде Қазақстанның қор нарығына кірген акциялар нақты инвестициялық процесс болмаған

ПИК түріндегі жалған акцияларға ауыстырылған акциялар болды. Көрсетілген жағдайлар қор нарығының қалыптасуы мен акционерлік капитал қозғалысына айтарлықтай ықпал етті. Жекешелендіру тәртібімен акционерлендірілген кәсіпорындардың акциялар бағамының түскені нақты инвестициялық процесті немесе олардың кәсіпорындарының экономикалық тиімді екенін көрсетпеді. Аталған тұрпаттағы акциялардың бағамының түсуіне қор нарығы үшін қалыпты емес өзге факторлар, яғни акциялардың бақылау пакетін қалыптастыру арқылы экономикалық билікті қайта бөлуге тырысу ықпал етті. Кәсіпорындарда өндіріс құлдыраған жағдайда акциялар бағамының өсу фактісі осының дәлелі болып табылады. Сөйте тұра жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларынан пайда болған қор нарығының сегменті нарықтық қайта құрудың маңызды катализаторына айналды.

6. Меншік қатынастарының нарықтық қайта құру жоспарлы тәртіппен өндірістің өсуі мен ГТП емес жекешелендірілген кәсіпорындардың қарқыны және санымен өлшенді. Көптеген еуропалық елдер мен Қытайда меншікті қайта құру векторы инвестициялық белсенділіктің, өндірістің, шаруашылық жүргізудің тиімділігінің, өмір сүру деңгейінің өсуіне тәуелді болды.

7. «Тиімді меншік иесін құру» бастамасы жасалды. Мұның өзінде меншікті капитал мен басқаруға бөлу, басқарушылардың рөлі мен олардың мүддесінің күшейгені ескерілмеді. Меншік иесі мен басқарушының әлеуметтік мәртебесі үйлеспеді, «меншіктің» табиғи ынталандырушы күші жойылады.

8. Мұнай, газ, өнеркәсіп, электр энергетикасы объектілері жекешелендірілді. Жасалған келісімшарттар құпияланып, заңдылық сақталмай жасалып, көптеген мәселелер туындатты. Мысалы, шарттың, оның ішінде салық салудың өзгермейтіні жөніндегі ережені алатын болсақ, осының нәтижесінде Қазақстан экономикасы жасалған шарттардан алатын қайтарымы аз. Жекешелендірілген мүліктің бағасында көп жағдайда оның әлеуеті мен келешегі емес, оны болашақта өте арзанға сатып алуға деген ұмтылыс қана ескерілді. Мысалы, Екібастұз 1-ГРЭС «AES Sun Tree Power» компаниясына 1,5 млн долларға сатылған болатын, ал Ирландияда AES қуаты біздің электр станциясынан 5 есе аз станцияны 300 млн долларға сатып алды.

Шетелдік тәжірибеден жекешелендірудің қазынаға қыруар қаражат әкелетінін көрсетеді. Ұлыбританияда жекешелендіру қазынаға 26 млрд доллар; Францияға 50 млрд доллар әкелді. Жапонияның ұлттық телефон станциясының сегізінші бөлігін сату оған 13 млрд долларын әкелді.

9. Шетелдік компаниялар жекешелендіру процесінде Қазақстанға адамның денсаулығы мен қоршаған орта үшін зиян тауарлардың өндірісін, мысалы, «Филипп Моррис» және «Галахер» компанияларын көшірді.

## **4.13. Қазақстандық жекешелендірудің нәтижелері, кезеңдері мен нысандары**

Қазақстанда меншікті қайта бөлу процесі іс жүзінде аяқталып, экономика жұмыс істейтін экономикалық ортада жаңа тыныс-тіршілік қалыптасты, кәсіпорындарды меншік нысандары бойынша бөлу жөніндегі деректер осыны растайды.

Жекешелендіру нәтижесінде меншік нысанының жаңа құрылымы экономиканың мемлекеттік емес секторы қалыптасып, нарықтық институттардың қалыптасуы үшін жаңа жағдайлар жасалды.

Жекешелендірудің динамикасын қарастыратын болсақ, онда оның келесі негізгі кезеңдерін жеке бөлуге болады:

Бірінші кезең (1991-1992 жж.). Осы кезеңдегі негізгі бағыттар: кәсіпорындарды еңбек ұжымдарының ұжымдық немесе акционерлік меншігіне беру; сауда және қызмет көрсету объектілерін, оның ішінде тұрғын үй купондары үшін сату.

Екінші кезең (1993-1995 жж.). Мемлекеттің халыққа ұлттық мүлікті тегін және ақылы негізде өндірістік объектілер мен мемлекетке тиесілі басқа да материалдық және материалдық емес активтерді қайтару процесінде меншік құқығын дербестендіру.

Негізгі бағыттар:

аукциондар мен конкурстардың қаражаты бойынша жүзеге асырылатын шағын жекешелендіру;

200-ден бастап 5000 адамға дейін жұмыс істейтін орташа кәсіпорындарды, оның ішінде ЖИК үшін жаппай жекешелендіру;

ірі және бірегей мүлік кешендерін (жұмыс істейтіндер саны 5000 адамнан асатын кәсіпорындар) жеке жоба бойынша жекешелендіру;

мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру;

Үшінші кезең (1996-1998 жж.). Мемлекеттік меншікті тек ақшалай қаражат үшін ғана жекешелендіруде:

мемлекеттік кәсіпорындарды мүлктік кешендер ретінде;

өндірістік және өндірістік емес бөлімшелерді және кәсіпорындардың құрылымдық бірліктерін жекешелендіру тұйық технологиялық циклді бұзбайтын мүлік кешені ретінде жекешелендіру қарастырылды.

Төртінші кезең (1999-2000 жж.). акциялардың мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану құқығын салалық министрліктер мен ведомстволарға беру. Мемлекеттік мүлік республикалық және коммуналдық меншікке бөлінді.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік жекешелендіру саясатын іске асыру жөніндегі негізгі шара ретінде:

мемлекеттік мүлікті мемлекеттің стратегиялық мүддесіне орай жекешелендіруге сараланған тәсілдеме қолдану;

ықтимал инвесторлар кәсіпорынның ұзақ мерзімді дамуының жоспарын табыс еткеннен кейін жекешелендіру шешімін қабылдау;

инвесторлардың мүдделеріне олардың мемлекеттің мүдделерімен шүбәсіз сәйкестігін ойластырып қарастыру;

әлемдік жекешелендіру тәжірибесін міндетті түрде ескеру;

мемлекеттің кәсіпорындарды жекешелендірудің барысы мен жекешелендіруден кейінгі дамуын бақылауды жүзеге асыру қарастырылады.

Жекешелендіру меншікті қайта құрудың ерекше, алайда жалғыз ғана нысаны емес, экономикалық билікті қайта бөлмей меншік құқығын қайта бөлуге болады. Жекешелендірудің өзін түбегейлі, оны саяси мақсаттардың шешіміне бағындыра отырып немесе оны экономикалық тиімділіктің мақсаттарына бағындыра отырып эволюциялық түрде жүргізуге болады.

Экономикасы өтпелі елдерде жекешелендіру арқылы қайта құруды жылдамдату әрекеті сәтсіз аяқталды. Осының салдарынан жекешелендіру әжептәуір ұзақ уақыт аралығында кезең-кезеңмен жүргізілуге тиіс тәсілдеме таңдалды. Экономикасы өтпелі елдердегі «шағын» жекешелендіру ойдағыдай өтті. «Үлкен» мемлекеттік сектордың ірі кәсіпорындарын жекешелендіруді жүргізумен айтарлықтай ірі проблема туындады. Осылай жекешелендірудің басты проблемасы кәсіпорындардың тиімділігі мен әлеуметтік әділдіктің өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Шығыс еуропалық елдер тобы (Чехия, Венгрия, Словакия) жекешелендіруді жүзеге асыруда қалыпты-радикалдық көзқарасты ұстанды. Бір жағынан, бұл елдерде жекешелендіруді жылдамдату, ал екінші жағынан, – инвестициялар мен технологиялық жаңғырту проблемасын шешу әрекеті жасалды. Осы мемлекеттерде жекешелендіру жүргізудегі экономикалық тиімділік проблемаларын есептегенде Қазақстанмен салыстырғанда осы елдерде өндіріс соншалықты құл-дырамады және дағдарыстан да олар ертерек шықты. Осы орайда Польшадағы жекешелендіру тәжірибесі қызықты. Онда қайта құруда меншік нысанын ауыстыру мақсаты қойылды.

Польшаның түбегейлі жекешелендіруде борышқор-кәсіпорындарды жою және жеке меншік қолдарға берілмеген кәсіпорындарды санақиялауды мемлекеттің көмегінен, дербес жүзеге асыруға тиіс көпшілік-құқықтық кәсіпорындарға айналдыру арқылы да жүзеге асырылды. Чехословакияда (1993 жылдан бастап Чехия) жекешелендірудің екінші нұсқасы қолданылды. Бұл жерде атаулы жекешелендіру чектері пайдаланылды. Чехия азаматтары купон кітапшаларын алып кез келген кәсіпорынның акцияларын сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Қытайда да меншікті қайта құру тәжірибесі жинақталды. Реформалар жүзеге асырылған бастапқы мезеттен бастап мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы меншік құқығын қайта бөлу шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайдасына, алайда экономикалық билікпен байланысты басты өкілеттіктер бөлінбей жүзеге асырылды. Нәтижесінде шаруашылық жүргізуші субъектілер өндіріс құралдары мен ресурстармен сауда жасау емес шаруашылық жүргізу үшін қолайлы жағдайға ие болды. Сонымен бірге мемлекет (реформаның кейінгі кезеңдерінде) меншіктің жаңа (балама) нысандарының пайда болу мүмкіндігін қамтамасыз етті. Балама меншік нысанындағы кәсіпорындар мемлекеттік меншікті конверсиялау есебінен емес балама инвестициялар көздерінің есебінен пайда болуының өзі Қытай тәжірибесінің маңызды ерекшелігі болып табылады. Қытайда реформалау кезінде (оның ішінде меншік саласында) меншік нысанын жай ғана ауыстыру мен экономикалық билікті қайта бөлу емес тауарлар мен

қызметтерді өсіру, инвестицияларды, оның ішінде шетелдіктерді де арттыру мақсаты қойылды. Қойылған мақсаттарға қол жеткізіліп, реформалар өндірістің құлдырауы емес керісінше қазіргі қоғамдық құрылым сақталған жағдайда оның өркендеп өсуіне жол ашты. Осының арқасында мемлекеттік сектордағы меншікті, ірі кәсіпорындарды қайта құрудың қазіргі кезеңдегі жаңа күрделі кезеңіне қадам басуға мүмкіндік берді.

Қазақстанда жекешелендіру процесінде ірі кезеңдер өтті, алайда меншік құқығын қайта бөлу аяқталған жоқ болатын. Сондықтан ҚР Президентінің бастамасы бойынша 2003 жылғы 3 шілде мен 2007 жылғы 1 тамыз аралығында елімізде Қазақстан Республикасы азаматтарының мүлкін жариялау жүргізілді. Ресми дерекке сәйкес жарияланған құралдардың жалпы құны 814 млрд теңгені (6,7 млрд долл.) құрады, ал салық түрінде 40,8 млрд теңге түсті. Акция барысында 1417 жыл-жымайтын мүлік, оның ішінде 1,3 млн тұрғын үй объектісі заңдастырылды.

Өткен жариялаудың ең маңызды қыры ретінде оның әлеуметтік бағдарын атап өтуге болады, өйткені азаматтар жариялау кезінде өздерінің үйлерін, дүкендері мен шеберханаларын, ауылдарда ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жылжымайтын мүлік объектілерін, ауыл шаруашылығы техникасын жаппай тіркеді.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Иелену*  
*Мүлікті сатып алу*  
*Мемлекеттік меншік*  
*Кепілдік аукционы*  
*Өзіндік меншік*  
*Құрамдастырылған меншік нысандары*  
*Кооперативтік меншік*  
*Ортақ меншік*  
*Меншік құқығы*  
*Кәсіпорындарды қайта құру*  
*Жекешелендіру*  
*Иемдену*  
*Мүлікті сату*  
*Мемлекет иелігінен алу*  
*Иемдену*  
*Аралас меншік нысандары*  
*Меншік*  
*Меншік құқығы теориясы*  
*Өзіндік меншік*  
*Экономикалық билік*  
*Экономикалық тәуелділік*



## 5-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РӨЛІ. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Қазақстанның ұлттық экономикалық жүйесі мемлекеттің барлық экономикалық процестерге ойдағыдай әрі ұдайы ықпал етуімен қалыптасып, тиімді дамып келеді.

Мемлекеттің экономикалық рөлі қоғамның дамуының әр түрлі кезеңдерінде өзгереді. Қазіргі ғаламдық қаржы дағдарысы жағдайында Қазақстанның эконо-микалық жүйесінің трансформациясы аяқталған кезеңде мемлекеттің жаңа экономиканың ұлттық үлгісінің осы кезеңіне тән жалпы заңдылықтар да, сонымен бірге айрықша тенденциялар да белең алууда.

### 5.1. Мемлекеттің экономикалық рөлінің мазмұны мен бағыттары

Мемлекеттің экономикалық рөлін оның әлеуметтік-экономикалық даму мен саяси нысанының деңгейіне қарамастан, мемлекеттің және қоғам өмірінің басқа да, оның ішінде экономикалық салаларының арақатынасы туралы іргелі қоғамдық (әлеуметтік) ғылымға сүйене отырып, дұрыс түсініп бағалауға болады.

Мемлекет өзінің тегі бойынша экономикалық ортаның бөлігі немесе институтына жатпайды. Ол қоғам өмірінің саяси саласына жатады және *қоғамның саяси билігінің ұйымы* болып табылады. Осы орайда мемлекет – бұл саяси билік институттарының белгілі бір жүйесі. Мемлекет құқық пен мәжбүрлі күшке сүйене отырып, бүкіл қоғамның өмірін ұйымдастыратын функциялардың жиынтығын іске асырады, оның мүдделерін қорғап, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Даму кезеңіне, басқару нысанына (монархия, республика), мемлекеттік құрылым нысанына (біртұтас мемлекет, федерация, конфедерация) және мемлекеттің тұрпатына қарамастан мемлекет қоғамның орнықты өмір сүруін, оның тыныс-тіршілігін қолдап, жалпы еліміздің біртұтас мүдделерін қорғауға тиіс.

Мемлекеттің қызметі әр түрлі ішкі және сыртқы функциялар арқылы іске асырылады, олардың бөлігі ғана сол немесе басқа дәрежеде экономикамен тікелей байланысты болады. Мемлекеттің сыртқы саясат міндеттерін, қорғанысты қолдау, тәртіпті күзету, мәдениетті құру және дамыту және т.б. шешуге қатысты функциялары экономикалық ресурстарды жұмсауды қажет етсе де өзінің мәні бойынша мемлекет қызметінің экономикалық емес функциясы мен бағыты болып табылады.

Кез келген қоғамда мемлекет өзінің қызметінің негізгі бағыты ретінде экономиканың субъектілері мен жалпыұлттық экономиканың тиімді жұмыс істеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, бәсекелестікті жоғарылату мен еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған өзінің экономикалық функцияларын атқарады. Мемлекеттің осы функциялары адамдардың экономикалық мүдделерімен тікелей байланысты болса да (салық функциясы, еңбек қатынастарын реттеу, бюджетті қалыптастыру мен пайдалану және т.б.), алайда мемлекет оларды да мемлекеттік басқару жүйесі арқылы, сонымен бірге заңнама актілерін шығарып, олардың орындалуын бақылау, мемлекеттік институттар құрып, оларды реформалау және т.б. арқылы да іске асырады. Мемлекет өзінің функцияларын орындау барысында *ұлттық экономиканың мақсаттарын* іске асырады, яғни еліміз бен оның халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етеді, мемлекеттің біртұтастығын сақтайды, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлемде оның экономикалық және саяси мүдделерін қорғайды. Ол қоғамның қоғамдық тұғырдың элементі ғана емес, сонымен бірге экономикалық базистің қажетті құрамдас бөлігі, экономиканың микросубъектілерімен қатар оның ерекше субъектісі ретінде экономикалық жүйенің аралас түрін қалыптастырады. Бұл өндірістің қоғамдастырылуы артқан (өндіріс пен капиталдың шоғырлануы), шаруашылық байланыстар мен жалпыэкономикалық тыныс-тіршілік күрделеніп, дағдарыстар мен әлеуметтік қарама-қайшылықтар тереңдеген, халықаралық бәсекелестік ушыққан нарықтық-капиталистік экономиканың (тарихта ХХ ғасырдың басы) дамуының белгіленген сатысының заңды салдарына айналды.

Сөйтіп, мемлекет өзіне тән тәсіл мен әдістермен даму кезеңіне қарамастан *бүкіл елдің* мемлекет пен ұлттық экономиканың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады. Осы орайда ол «қоғамдық мүдденің» өкілінің рөлін атқарады.

Қоғамда мемлекеттің *экономикалық рөлі* экономикалық функциялармен ғана экономика субъектілерінің қызметі мен олардың экономикалық мүдделерін тікелей немесе жанама қозғайтын өзінің қызметінің нысандары мен әдістерінің жиынтығымен де қамтамасыз етіледі. Ол мемлекет пен экономика өзара ықпалдасатын негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш бағыттардың арасынан келесі бағыттар ерекше бөлінеді:

Біріншіден, мемлекет пен оның институттарының тікелей қатысуымен ұлттық экономиканың даму стратегиясының негізгі бағыттары әзірленіп, *еліміздің экономикалық бағыты* қалыптастырылады. Еліміздің даму тұжырымдамасын әзірлеп, қабылдау және оны тиісті құжаттарда нақтылау – мемлекеттің қызметінің маңызды кезеңі мен бағыты. Экономикалық бағытты әзірлеуде ұлттық экономикалық жүйенің мазмұны мен ерекшеліктері, сондай-ақ еліміздің дамуының осы кезеңін, оның одан арғы ілгерілеуінің қазіргі уақыттағы сыртқы және ішкі жағдайын бағалау да ескеріледі. Шын мәнінде мемлекеттің экономикалық саясатын әзірлеу ғана емес, сонымен бірге экономиканы мемлекеттік басқару әдістері мен нысандарын таңдау да экономикалық бағытқа негізделеді.

Екіншіден, *мемлекеттің экономикалық саясатының сипаты мен мазмұнын анықтаудың өзі* – мемлекеттің экономикалық қызметінің негізгі бағытының бірі. Ұлттық экономикалық жүйенің тұрпаты экономикалық саясат нысандарының жиынтығы мен оның сол немесе басқа нысандарының басымдықтарын анықтайды. Аралас экономика жағдайында нарықтық қатынастар белең алған жағдайда экономикалық саясаттың нарықтық қатынастарды реттеп, өзара ықпалдасуға бағдарланған нысандары басымды рөл атқарады. Осы жағдайда экономиканың дамуын қамтамасыз ету үшін нарық пен мемлекеттің өзара оңтайлы ықпалдасуы негізгі проблемаға айналады. Экономикалық саясаттың нысаны мен мазмұнын анықтауда мемлекет өзінің даму кезеңінде шешуі тиіс ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді міндеттерінің арақатынасының маңызы артады.

Үшіншіден, *экономиканың қызметін институционалдық қамтамасыз ету* – еліміздің Конституциясында бекітілген мемлекеттік билікті ұйымдастырудан туындайтын мемлекеттің экономикалық қызметінің бағыты. Мемлекеттің өзі күрделі институционалдық организм болып табылады. Мемлекеттік биліктің экономикаға қатысты нақты органдарының рөлі мен функциялары билік органдары жүйесіндегі олардың мәртебесінде белгіленген. ҚР-да мемлекеттің экономикаға жасайтын ықпалының құқықтық базасын заңдылық органдары қамтамасыз етеді. Қазақстанда республикалық деңгейде оларды ҚР Парламентінің Мәжілісі мен Сенаты қарастырады. Қазақстан Республикасының республикалық министрліктері, қызметтері мен агенттіктерінің атынан республикалық атқарушы билік органдары экономиканы нормативтік құқықтық реттеу, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың заңдар мен басқа да нормативтік актілерді орындауын бақылап, қадағалау, мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі практикалық қызметті жүзеге асырады. Осы және тиісті министрліктер мен ведомстволар туралы ережеде бекітілген бірқатар басқа да функциялар мемлекеттік биліктің күрделі жүйесін құрып, өңірлер деңгейіндегі мемлекеттік билік органдарын, сондай-ақ муниципалдық атқарушы өзін-өзі басқарумен қоса билік органдарының басқа функцияларымен қатар мемлекеттің экономикалық рөлін институционалдық қамтамасыз етеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасында экономикалық шешімдердің ресімделуі мен әр түрлі билік деңгейлері арасында экономикалық өкілеттіктердің бөлінуі экономика үшін өте маңызды.

Төртіншіден, *экономиканы реттеудің әдістері мен нысандарын* анықтау. Мемлекеттің экономикалық қызметінің осы бағыты екінші және үшінші бағыттың негізінде дамиды. Тікелей және жанама, әкімшілік және экономикалық әдістердің арақатынасы, мемлекеттің осы әдістерді реттеуі – мемлекет экономикаға ықпал ететін аса маңызды бағыт. Мемлекет әдістер жүйесі мен қысқа мерзімді кезеңде оларды реттеу арқылы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына, өнімге қойылатын техникалық талаптарға, сыртқы экономикалық қызметтің тиімділігіне ықпал ете алады.

Бесінші, *мемлекеттің экономикалық қызметке әр түрлі нысанда қатысуы*. Бұл мемлекеттің ең алдымен мемлекеттік бюджетті бөлуге және қайта бөлуге қатысуы. Мемлекеттік бюджеттің есебінен тауарлар мен қызметтер мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады, трансферттер жүргізіледі, қоғамдық игілікті құру жүзеге асырылады және т.б. Мемлекет акционерлік қоғамдардың мүлкіне қатысуы, сонымен бірге мемлекеттік қорлардың, бірлестіктердің, даму институттардың және т.б. экономикалық қызметіне тікелей араласуы экономикалық қызметке

араласуының бір нысаны болып табылады. Қазіргі жағдайда осы бағыт мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің (МЖӨ) әр түрлі нысандарында кездеседі.

## 5.2. Мемлекеттің экономикалық рөлінің дамуы

Мемлекеттің ақша жасап, оны басумен, салық енгізумен байланысты алғашқы қадамдары, мемлекеттің экономикалық қатынастарды реттейтін алғашқы заңнама актілері мемлекет экономикалық процестер мен қатынастарға әр кезде ықпал етіп, өзінің міндеттері (армияны, билік органдарын ұстау) мен басқаратын топтың міндеттерін шешуге бағытталған шараларды әзірлеуге тырысқанын көрсетеді.

Экономиканың даму шамасына орай мемлекеттің экономикалық рөлі салықалы, ал экономикаға деген көзқарасы – жүйелі әрі сабақтастықты білдіретін болды, мұның өзі меркантилизм заманында *меркантилизмнің экономикалық саясат* шараларының жиынтығын қалыптастырды. Аталған саясат мемлекеттің экономикалық рөлінің дамуындағы маңызды кезеңге айналды. Ұлттық байлық сыртқы сауда нәтижесінде елде жинақталған ақша екенін түсініп, меркантилистер мануфактураларды дамытуға, шикізат енгізуді шектеуге, ел ішінде ауыл шаруашылығы шикізатының бағаларын төмендетуге және т.б. бағытталған шараларды қолдады. Кейінгі меркантилизмді жақтайтындар сауда балансының теориясын негізге ала отырып, белсенді сыртқы сауда алмасуды ынталандыру арқылы капиталды арттыруға бағытталған шараларды жылжытып одан әрі ілгеріледі. *Физиократтардың* экономикалық саясатының шаралары өзге бағытты ұстанды. Жердің байлықтың нағыз көзі екені жөніндегі ғылымды негізге ала отырып, олар ауыл шаруашылығы мен жер иеленушілерді қорғауға бағытталған шараларды ұсынды.

Нарық жүйесінің даму жағдайында классикалық саяси экономика мемлекеттің экономикалық рөлі мен саясаты жөнінде бұдан да кең жалпы түсінік қалыптастырды. Оның соңғы өкілі Адам Смит «елеусіз қол» негізін қалаушы қағидасын – құн және бәсекелестік заңын негіздеп отырып, мемлекеттің экономиканы өзі реттейтін және дамытатын басты күш ретіндегі кәсіпкерлік пен еркін саудаға бостандықты қамтамасыз ететін рөлді жүзеге асыруына бағытталған іс-шаралар жүйесін ұсынды. Осы көзқарасқа сәйкес тауар өндірісі мен ұсынысының процесі қажетті сұранысты тудырады әрі нарықтағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Осы классикалық көзқарас еркін нарықтық экономика мен кемеліне жеткен бәсекелестік жағдайында мемлекеттің экономикалық рөліне қатысты экономикаға мемлекеттің араласуын барынша азайту қажет деген негізгі пікірді білдіреді.

XX ғасырдың басында нарықтық капиталистік экономиканың дамуы экономиканың меншікті нарықтық негіздерін бұзатын бірқатар қарама-қайшылық еріксіз тудыратынын көрсетті. Осының мысалы ретінде экономиканың монополиялануын, жүйелі экономикалық дағдарыстар мен мемлекетке нарық субъектілерінің қызметін заңмен реттеу үшін жауапкершіліктің жүктелуін келтіруге болады. Еркін нарықтық жүйенің басқа да қарама-қайшылықтары, яғни өндірушілер мен тұтынушыларды саралаудың әлеуметтік салдары, қалалардың, өнеркәсіптік дамудың, жерлердің жырытылуының және т.б. жағымсыз экологиялық салдарына немқұрайдылық белең ала бастады.

Нәтижесінде экономикада экономиканы, бүкіл халық шаруашылығын саналы түрде реттеу қажеттілігінің жаңа айқын тенденциясы анықталды. Аталмыш заңдылық мемлекеттің жаңа экономикалық рөлінде – *бүкіл қоғамның экономикалық тыныс-тіршілігін жүйелі реттеуін* білдіреді. Мемлекет экономиканың нүктелеріне ықпал ету шараларынан, оның экономикалық саясатының негіздерін анықтаудан нарықтық экономика субъектілерінің *экономикалық қызметін үйлестіру шаралары мен әдістеріне* көшті. Осының нәтижесінде мемлекеттің қоғамның жалпы ішкі өнімін бөлу мен қайта бөлудегі үлесі ұлғайып, реттеуші институттардың жалпы жүйесі құрылды, сонымен бірге нарықтық экономиканы реттеуге бағытталған бірқатар заңнама актісі қабылданды. Осының салдарынан ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесі 1913-1937 жылдар аралығында АҚШ-та 7,5-тен 19,7%-ға; Германияда – 14,2-ден 34,1%-ға; Францияда – 17-ден 29,0%-ға; Жапонияда – 8,3-тен 25,4%-ға ұлғайды. Осы тенденция көптеген дамыған елдерде XX ғасырдың 80-90 жылдарына дейін жалғасты. Мемлекеттің экономикадағы рөлінің осы кезеңі АҚШ-та Ф. Рузвельттің «жаңа бағытында» көрініс тапты. Елдің экономикалық тыныс-тіршілігін саналы түрде реттеу мен мемлекеттің жаңа экономикалық рөлі экономикалық ғылымдағы «Кейнсиандық революцияда» негізделген.

Американдық зерттеуші Роберт Б. Карсон XX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ-та экономиканы реттеудің қалыптасуын былайша сипаттайды: «Барлығын тәптіштемей-ақ қоғамдық мүдденің өлшемінен туындайтын осындай практикалық тәжірибе мен ой-пікірдің нәтижесінде жүк автокөлігі, автобус пен әуе тасымалы, труба құбырлары, жедел пошта жіберілімдерін жеткізу, ішкі және сыртқы су көлігі, электр энергиясын өндіру мен табиғи газ өндіру, континентаралық телефон байланысы, радио хабар тарату мен кабельдікті қоса алғанда теледидар және атом энергетика сияқты салаларда дербес реттеуші инстанциялар құрылды». Мемлекеттік реттеу дамығаннан кейін аса маңызды құрылымдар, Штаттар арасындағы көлік пен сауда комитеті, Республикалық энергетика комитеті (1934 ж.), Азаматтық әуеде ұшу басқармасы (1938 ж.), сондай-ақ Атом энергетикасы комитеті (1946 ж.) құрылды. Республикалық резерв жүйесі (1914 ж.) басқаратын банк жүйесін және Бағалы қағаздар мен қор биржалары (1934 ж.) комитеті басқаратын қаржы нарықтарын республикалық реттеу механизмдері қоғамның мүддесін қамтамасыз ету үшін жауапты республикалық реттеуші органдардың тізбесін толықтырады. Бұл ретте 1890-1940 жылдар аралағында штат деңгейінде штаттардың ішіндегі қоғамдық мүдделерді сақтауға тиіс жүздеген дербес реттеуші инстанция құрылды. Барлық жағдайда да *қоғамдық* мүддеге ненің қызмет ететіні, ненің етпейтіні жөніндегі шешім қатаң экономикалық анықтамаға ешқашан негізделмеді, керісінше заң шығарушы республикалық деңгейде немесе штат деңгейінде болсын қандай көзқарасты ұстанатынына негізделді.

Реттеуші инстанциялардың бүгінгі күнгі қызметі ойластырылмағандай әсер қалдырады, алайда олар көбінесе заң шығарушының қоғамдық мүддені жақсы қамтамасыз ету үшін осы саланы нарықтан бөлектеп, баға мен өндіріс көлемін бақылауды үшінші тәуелсіз тарапқа беру қажет деген пікірді растайтын практикалық тәжірибеге берген жауабы ретінде пайда болды.<sup>5</sup>

Дамыған елдерде XX ғасырдың екінші жартысында нарықтық экономиканы саналы реттеудің дамуының қисынды салдарынан *аралас экономика* пайда болды. Аралас экономикада нарықтық негіздің анықтаушы рөлі сақтала отырып, экономиканы нарықтық және мемлекеттік үйлестіру нысандары үйлесті. П. Самуэльсонның ойынша мемлекеттің аралас экономикадағы жаңа рөлінің салдарынан «ел үкіметі нарық жұмысын өзгертуде маңызды рөл атқаратын болады». Мемлекеттің экономикадағы рөлі өзгерген жағдайда, «ел үкіметі нарықтың жұмысын өзгертуде маңызды рөл атқарады». Мемлекеттің экономикадағы рөлінің өзгеруі желілік процесс емес екенін атап өту керек. XX ғасырдың соңынан бастап нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекеттің рөлінің біршама төмендетіп (бұрынғы социалистік елдердің экономикалары жөнінде айтпаса да болады), осының салдарынан ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығынның үлесі мен мемлекеттік меншіктің үлесі де қысқарды. Бұған постиндустриялық дамудың күшеюінен экономиканың бірқатар секторындағы өндірушілердің дербестік алуы, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік қолдаудың оралымды нысандарының нығаюы есебінен әлеуметтік қарама-қайшылықтардың төмендеуі, сонымен бірге халықаралық және өңірлік экономикалық және саяси ұйымдардың рөлінің артуы, «мемлекеттің күйреуі» (бюджеттік проблемалардың шиеленісуі, мемлекеттік шығыс пен мемлекеттік меншікті ұтымсыз пайдалану, жемқорлық, лоббизм, мемлекеттендірілген экономикалардың келеңсіз мысалы және т.б.) себеп болды.

Сөйте тұра көрсетілген тенденцияны түсініп, оны асыра бағалау қажет емес. Біріншіден, өзінің экономикаға қатысу параметрлерін азайтуын басқа параметрлерді күшейтумен өтейді (атап айтқанда, экономикада көп мекемелердің пайда болуымен). Екіншіден, әзірше тек шағын тарихи кезеңде қамтитын тенденция қазіргі кезеңдегі экономикалық дамудың желілік емес екенін, мемлекет пен нарықтық-бәсекелік механизмнің бұдан да теңдестірілген арақатынасын іздестіретінін растайды.

Ғаламдану процесі, білім мен инновацияларға негізделіп қалыптасуы мемлекеттің нарықтық экономиканы саналы реттеуге бағыттауымен ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етумен де байланысты экономикалық рөлінің жаңа кезеңіне жол ашады. Экономикалық ықпал етудің жаңа мемлекетаралық, ал бірқатар жағдайда мемлекеттіктен де жоғары нысандарымен қатар *XXI ғасырдың жаңа аралас экономикасы* болып табылатын экономикалық жүйенің тұрпаты – «жаңа экономика» одан әрі үйлесіп дамиды болады. Мұндай экономикада мемлекеттің экономикалық рөлі айтарлықтай өзгереді. Аталмыш экономика мемлекеттің экономиканы саналы түрде реттей отырып, ол ықпал ететін дәстүрлі бағыттарды қамтамасыз етеді, сонымен бірге реттеудің мақсатқа сәйкес бағытын анықтайды. Экономикаға

<sup>5</sup> Карсон Роберт Б. Что знают экономисты. – М., 1993. – С.198-199.

жасалатын ықпалдың әдістері мен нысандары экономиканы тұрақтандырумен қатар, постиндустриялық даму мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге де бағдарланады.

5.3.	Мемлекеттің Қазақстан экономикасындағы рөлі мен алатын орнының ерекшеліктері

Мемлекеттің нақты елдің ұлттық экономикасындағы рөлін анықтағанда (осы жағдайда – Қазақстан экономикасында) жалпыәлемдік тенденцияларды ғана емес, сонымен бірге елдің нақты-тарихи ерекшелігін де ескерген орынды. Қазақстанда ел экономикасының трансформация кезеңі аяқталуда, сол себептен оның экономикасын нарығы қалыптасып келе жатқан экономикалар тобына жатқызуға болады.

Нарыққа көшу және ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру кезеңінде мемлекет маңызды рөл атқаруға тиіс.

Қазақстан экономикасындағы мемлекеттің рөлі мен орнын анықтау үшін елдің негізгі ұлттық ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Қазақстанға тән мемлекеттің немесе «мемлекеттендірудің» елеулі рөлінің феномені – бұл мемлекеттің экономикадағы, әлеуметтік саладағы және дәстүрлі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың құрылымы. Саяси сала мен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тұрақты әрі күшті рөлінің айғағы. Осы құбылыс Қазақстанды бірқатар басқа, оның ішінде батыс елдерінен айтарлықтай ерекшелейді.

Мемлекеттің қазақстандық ұлттық экономикадағы бұдан да қомақты рөлі ұлттық экономикалық дамудың объективтік факторларымен және мақсаттарымен, сонымен бірге одан туындайтын салдарларға байланысты. Туындайтын салдардың қатарына:

елдің үлкен болуына байланысты барынша үйлестіруді қажет ететін ірі ауқымды экономиканың ерекшелігі;

Қазақстанда мемлекет құрайтын сипаттағы табиғи монополиялардың қызметін бақылау қажеттілігі;

республиканың халық шаруашылығының күрделі құрылымы жағдайында жеке меншік бизнестің ірі ауқымды экономиканың құрылымын қайта құрып, технологиялық серпіліс жасауды қамтамасыз ету мүмкіндігінің шектеулі болуы;

ұлттық басымдықтарды белгілеп, олардың іске асырылуы үшін жауапты мықты мемлекеттік биліктің болуын қарастыратын ұлттық рухтың ерекшеліктері жатады.

Осының барлығы бірігіп «стандартты» елдермен салыстырғанда Қазақстан экономикасында мемлекеттің рөлінің жоғары болуына себеп болып отыр. Мұның өзінде мемлекеттің рөлі макроэкономикалық саясаттың белгілі әдістерінде ғана емес, сонымен бірге тікелей, атап айтқанда; ірі меншік иесі, құрылымды қайта құрудың бастамашысы, экономиканы реформалауды ұйымдастырушы және т.б. ретінде білінуі тиіс.

Қазақстанда мемлекеттің бұдан да жоғары рөлі экономиканың әлеуметтік қырына жатқызылуы тиіс. Еліміздің өңірлерінің жағдайының әр түрлі болуына, табиғаттың қатал болуына байланысты мемлекеттің ойдағыдай әрі ауқымды әлеуметтік саясат жүргізуді, ұлттық табыстың бұдан да көп бөлігін әлеуметтік мақсатқа, оның ішінде еліміздің әр түрлі өңірлерінің әлеуметтік даму деңгейлерін тегістеу мақсатында жұмсауын қажет етеді. Солтүстік елдердің (Скандинавияның барлық елдерінің) экономикалары әлеуметтік-бағдарланған, атап айтқанда, әлеуметтік жағынан төмен дәрежеде сараланғаны кездейсоқ емес.

Қазақстанда мемлекеттік белсенді әлеуметтік рөлі еліміздің халқының көп ұлттық құрамына да байланысты. Ұлттар арасында этно-экономикалық үйлесімді қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан ерекше әлеуметтік назар аударылуы тиіс.

Еңбек нарығы экономиканың аса маңызды қыры болып табылады. Орасан зор кеңістік шеңберінде еңбек нарығы толыққанды жұмыс істеуі үшін мемлекет еңбек нарығы инфрақұрылымының тиімді институттарын қалыптастыруға, бірыңғай әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз етуге, көлік-экономикалық және этно-экономикалық бөгеулерді төмендетуге, әлеуметтік әріптестік институттарын нығайтуға, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуге ерекше-жігер жұмсауға тиіс.

«Мемлекеттілік» – қазақстандық дәстүрлі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі. Қазақстанда мемлекет әр кезде басқару органы ғана емес, сонымен бірге ол

рухани, әлеуметтік және экономикалық сияқты кең ауқымдағы түсінікті білдірді. Елімізде ұтымды батыс адамының мінез-құлқынан айтарлықтай айырмашылығы бар халықтың мемлекет тарапынан қорғауды, оның ішінде әлеуметтік қорғауды күтеді.

Әлеуметтік патернализмнің (қамқоршылықтың) өзі әлеуметтік-асырауды қажет ететін мінез-құлықты туындатып, экономикалық белсенділікті тежейді. Алайда қоғамның әлеуметтік тұрақсыздығы бұдан да жеңіл емес әрі жағымсыз экономикалық салдарға әкеп соқтырады. Егер мемлекет пәрменді басқару, реформалауды ұйымдастыратын, халықтың әлеуметтік жағдайының белгіленген деңгейіне кепілдік беретін орган ретінде жұмыс істесе, қоғамның көпшілігі экономикалық реформаларды жаппай қолдайтыны мәлім.

<b>5.4.</b>	<b>Мемлекеттің ел экономикасында атқаратын функциялары</b>

Мемлекеттің экономикалық рөлі мен оны іске асыру бағыттары оның функциялары арқылы нақты ашылады. Аталмыш функцияларды былайша жіктеуге болады.

#### 1. Институционалдық функциялар

*Үйлестіру функциясы:* қоғамның қалыпты өмір сүруі мен экономиканың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі қоғамдық топтардың, әлеуметтік-экономикалық топтардың, әр түрлі деңгейдегі жүйелердің келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету қажеттілігін білдіреді. Демократиялық, құқықтық мемлекет жағдайында азаматтық қоғам институттары мен азаматтардың мемлекеттік құрылымдардың қызметіне қатысу механизмдерінің ойдағыдай жұмыс істеуі қарастырылады.

*Әкімшілік-құқықтық функция:* заңнама, нормативтік база әзірлеу мен олардың сақталуын бақылауды қамтиды.

*Қорғау функциясы:* елдің ұлттық қауіпсіздігін (елді қорғау, құқық қорғау, ақпараттық қауіпсіздік), меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

#### 2. Микроэкономикалық функциялар

*Қоғамдық тауар өндірісі:* қоғамның тыныс-тіршілігі үшін өте маңызды және пайдалану үшін төлеу және қол жеткізбеу мүмкін емес қағидасына жол берілмейтін игілік (жалпыға бірдей білім беру мен денсаулық сақтау, көлік коммуникациялары, қорғаныс және т.б.) жасау қажеттілігіне негізделеді.

*Сыртқы әсерді ескеру:* мүдделі экономикалық субъектілердің қызметі мен өзара ықпалдасуының нәтижелерінің нарықтық мәмілеге тікелей қатыспайтын басқа субъектілер мен жалпы қоғамға жасайтын ықпалын ескеруді білдіреді.

Мемлекет сыртқы оң әсерге (атап айтқанда, білім беру саласының халықтың жалпы мәдени-білім беру деңгейіне жасайтын ықпалын ескере отырып) жәрдем көрсетіп, сыртқы жағымсыз әсерді (атап айтқанда, жекелеген фирмалардың қоршаған ортаны ластауы) барынша төмендетуге жәрдем көрсетуге тиіс.

*Бәсекең дамуына жәрдем көрсетуге:* экономиканың нарықтық-бәсекелік ортасын қолдау, нарықтарға кірген кездегі әр алуан бөгеулерді қысқарту, монополияны шектеу жатады.

#### 3. Макроэкономикалық функциялар

Инфляция мен жұмыссыздықты тежеу. Терең дағдарыстық құбылыстар белең алатын өтпелі экономикада (әсіресе Қазақстанда 90-жылдардың өтпелі кезеңінің алғашқы сатысында), сондай-ақ шикізат экспортында қолайлы жағдаят қалыптасқан кезде елге жаппай валюта түсімі түскен жағдайда (2000 жылдардағы қазақстандық экономикада) ерекше маңызға ие болады. Бұдан да кең тұрғыда қарастырған жағдайда оған экономикалық дамуға жәрдем көрсету (құрылымды қайта құру мен сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету) кіреді.

*Құрылымдық функция:* халық шаруашылығын тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында экономиканың институционалдық-ұйымдық және салалық құрылымын жетілдіруді қамтиды.

*Әлеуметтік функция:* нарықтық экономиканың қарама-қайшылықтарын тегістеуді (әсіресе табысты бөлу мен жұмыспен қамту салаларында), әлеуметтік саланы қолдауды, бұдан да кең тұрғыда қарастырғанда – азаматтардың әл-ауқатының деңгейін арттыруды, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруды, «адами капиталдың» қалыпты ұдайы өндірісі үшін қажетті жағдай

жасауды білдіреді. Әлеуметтік проблемалар күрт өршитін өтпелі кезең жағдайында оның маңызы артады.

Көрсетілген функциялардың бүкіл жиынтығы дамыған нарықтық экономикаларда да, сонымен бірге нарығы қалыптасып жатқан экономикаларда да болады. Алайда оларды іске асыру дәрежесі мен нысандары, олардың көлемдері мен шиеленісуінің деңгейінде айырмашылықтар болады. Жалпы мемлекеттің өтпелі жағдайдағы функцияларының ерекшелігі мемлекеттің жалпы әлсіздігімен, экономикадағы оның орнының реттелмеуімен, әлеуметтік-экономикалық проблемалардың ушығуымен, институттардың, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің дамымауымен, ұлттық экономиканың ерекшеліктерінің жеткіліксіз ескерілуімен байланысты.

<b>5.5.</b>	<b>Мемлекеттің экономикалық саясаты</b>

Экономикалық саясатты жүзеге асыру – мемлекеттің экономикалық саясатының аса маңызды бағыты. Экономикалық саясат ерікті нәрсе емес. Ол ұлттық экономикалық жүйенің мәнімен және мазмұнымен байланысты. Қоғам экономикалық саясатты белгіленген шектерде еркін таңдай алмайды, оның негізгі нысандары мен өзара бағыныштылығы экономикалық жүйенің тұрпаты мен оның даму кезеңімен анықталады.

Экономикалық саясат пен оның дәреже сатысының нысанын анықтайтын елеулі факторға сондай-ақ *даму тұрпаты* (теңесетін, өтпелі, салыстырмалы артықшылықтар негізіндегі); *үкіметтің экономикалық бағытының* сипаты – экономиканы эволюциялық қайта құру; түбегейлі қайта құруды жылдамдату; экономикалық дамудың бір бағытын бір жақты ұстану; дамуға елдің ішкі және сыртқы шектеулерін ескере отырып жан-жақты қарау және т.б. жатады.

Жалпыэкономикалық саясат қоғамда өктемді ететін сол немесе басқа экономикалық және қоғамдық идеяға байланысты таңдалады. Аталмыш байланысқа саяси факторлар ықпал етеді.

Нарықтық қатынастарға негізделген экономикалық жүйеде экономика субъектілерінің қызметіне барабар экономикалық саясаттың нысандар басымдық етеді. Осындай саясат жүйесіндегі құралдар негізінен экономика субъектілерінің экономикалық мүдделеріне жанама ықпал жасайды, сол себептен экономикаға ықпал ететін тікелей әдістер де бір уақытта пайдаланылады.

Экономикалық саясат, әдетте, қайсыбір тұжырымдамаға негізделмейді, сөйте тұра ол орнықты даму жағдайында нарықтық-тұжырымдамалық механизмдерге (әр түрлі елдерде бір уақытта немесе бір елдің дамуының әр түрлі кезеңдерінде) ерекше назар аударылатын либералдық саясатты немесе дағдарыстың даму жағдайындағы мемлекеттің экономикасына мемлекеттің экономикаға көбірек араласуына басымдық берілетін дирижизмге негізделуі мүмкін. Экономикалық саясат таза» экономикалық теориядан осылайша ерекшеленеді. Экономикалық саясатқа көптеген ішкі және сыртқы, экономикалық және экономикалық емес факторлар ықпал етеді, көп жағдайда ол әр түрлі саяси күштердің ымыраға келуінің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттің *экономикалық саясатының* нақты *бағыттары мен нысандарын* былайша жүйелеуге болады.

Экономикалық саясатты *экономиканың деңгейі мен экономикалық саясатқа ықпал ету тәсілі* бойынша келесідей бөлуге болады:

институционалдық саясатқа (экономиканы әкімшілік-құқықтық реттеу, меншік құқығын қорғауды күшейту және т.б.);

микроэкономикалық саясат (монополияға қарсы саясат, тауарлық нарықтар мен өндіріс факторлары нарығының инфрақұрылымын қамтамасыз ету және т.б.);

макроэкономикалық саясат, оның ішінде:

құрылымдық саясат;

бюджет-салық саясаты;

кредит-ақша саясаты.

Экономикалық саясат *ықпал ету саласы бойынша:*

бұдан кең тұрғыда салалық саясатты білдіреді. Экономиканың құрылымын қайта құрумен байланысты оны құрылымдық саясат деп түсінуге болады;

өңірлік саясат;

сыртқы экономикалық саясат және т.б.

Экономикалық саясатты *уақыт аралығы* бойынша келесі екі түрге бөлуге болады:

қысқа мерзімді антициклдік саясат (макрэкономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты болғандықтан, тұрақтандыру саясаты ретінде анықтама беруге болады).

ұзақ мерзімді стратегиялық саясат – озық технологиялық қатынастар мен салаларды дамытуға ерекше назар аударып, орнықты әрі сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, экономиканың құрылымын қайта құру үшін жағдай жасауға негізделеді. Көп жағдайда құрылымдық, инвестициялық және инновациялық саясатты білдіреді.

Саясат нысандарының осы жіктемесімен қатар саясаттың нысанын басқа өлшемдер, атап айтқанда экономикадағы функционалдық рөлі (функционалдық нысандар) бойынша жеке бөлуге болады. Осыған байланысты әлеуметтік даму және әлеуметтік салаларды жетілдіру міндеттерін шешуге бағдарланған *әлеуметтік саясат*; инвестиция тарту мен оларды пайдалануға бағдарланған *инвестициялық саясат*; инфляцияны тежеу мен орнықты төмен деңгейін қамтамасыз етуге бағдарланған *инфляцияға қарсы саясат*; салық жүйесін жетілдіріп, әр түрлі салықтарды тиімді қолдануға бағдарланған *салық саясаты*, *инновациялық саясатқа* жеке бөлінеді.

Мемлекет өзінің экономикалық рөлін іске асыра отырып, қабылданған экономикалық бағыттың негізінде саясаттың басымды нысандарын ғана емес, сонымен бірге оның нақты бағыттарын немесе функционалдық нысандарын да белгілейді.

Экономикалық саясаттың атап өтілген бағыттары бір-бірінен дербес емес. Көп жағдайда ол бір-бірімен тығыз ықпалдасып, бір-бірін қайталап, басқа да бағыттардың құрамына кіреді. Мәселен, тұрақтандыру саясаты бюджет-салық, ақша-кредит, валюта саясаты және бірқатар басқа бағыттар арқылы іске асырылады.

*Бюджет-салық (қазынашылық) саясат* экономиканың тұрақтылығы мен оның орнықты өсуін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік шығысқа, салық салу мен бюджеттің жай-күйіне ықпал ету арқылы елдегі экономикалық белсенділіктің деңгейін реттеуге бағытталады. Осы мақсатқа тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды, мемлекеттік инвестицияларды, салық салу жүйесі мен жекелеген салықтардың шарттарын, әлеуметтік бағдарламаларды және т.б. реттеу арқылы қол жеткізіледі. Бюджет-салық саясаты жиынтық сұранысты да, сондай-ақ жиынтық ұсыныста да реттеуге бағдарлануы мүмкін. Бірінші жағдайда *дискрециялық* және *дискрециялық емес* саясат деп жеке бөлінеді. Дискрециялық саясат реттеудің (жеделдетілген өтелім, салық жеңілдіктері, нақты мемлекеттік шығыс және т.б.) нақты проблемалары бойынша арнайы шара мен шешім қабылдауға бағдарланады, ал дискрециялық емес саясат экономикадағы ауытқуларды тегістеуге және әр жағдайда нақты шешім шығармай жұмыспен қамту және шығарылымның деңгейін қолдауға мүмкіндік беретін қоса кіріктірілген (автоматикалық) тұрақтандырғыштар арқылы экономиканы реттеуді жүзеге асырады. Қоса кіріктірілген тұрақтандырғыштар, әдетте, алдын ала заңмен анықталады және экономика субъектілері шешім қабылдағанда соларға үнемі бағдарланады. Осындай тұрақтандырғыш ретінде прогрессивтік салық салу; мемлекеттік трансферт пен төлемдер жүйесі; мемлекеттік көмек көрсету бағдарламасы және т.б. болады.

*Кредит-ақша (ақша) саясаты* есептік ставка, резерв талаптарының нормативі, ашық нарықтағы операция, ұлттық валютаны айырбастау бағамы сияқты бірқатар арнайы құралдарды пайдалану жолымен ақша айналысы мен кредит саласы арқылы жүзеге асырылады. Кредит-ақша саясатын қамтамасыз етуде Орталық банк ерекше рөл атқарады. Ол экономика субъектілерінің бүкіл қатынастар жүйесіндегі кредит-ақша саясаты құралдарының іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді. Орталық банк сондай-ақ жанама шаралармен қатар инфляциясыз экономикалық өсуді, жұмыспен толық қамтуды және әлеуметтік қарама-қайшылықтардың тегістелуін қамтамасыз етуге тиіс тікелей реттеу әдістерін (жарғылық капиталдың ең төмен мөлшері, депозитті пайдалануды шектеу және т.б.) кеңінен пайдаланады.

Саясаттың осы нысандары өзара тығыз байланысты. Осыған байланысты қысқа мерзімді де, сондай-ақ орта мерзімді де кезеңде оларды ұдайы үйлестіру, сондай-ақ ақша айналысын, пайыз ставкасын, бюджет тапшылығын қаржыландыру, бюджеттің профицитін пайдалану және т.б. реттеуге қатысты нақты шараларды жүзеге асырғанда саясаттың осы нысандары мен олардың құралдарының өзара ықпалдасуын ескеру қажет.

Саясаттың кредит-ақша және бюджет-салық нысандарымен қатар макроэкономикалық саясаттың басқа да нысандары пайдаланылады. Олардың арасынан технологиялық прогреске көмек көрсетуге, инновация енгізуге, нақты сектордың қызметінің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығы құрылымының өзгеруіне жәрдем көрсетуге бағытталған *өнеркәсіптік* саясатты немесе іс-шаралар жүйесін ерекше атап өту қажет. Аталмыш саясат инвестицияларға, инфрақұрылым мен адами капиталдың, қоғамдық өндірістің дамуына жәрдем көрсетуге тиіс. Макроэкономикалық зерттеулердің қатарында осы саясат нысаны ерекше аталмайды.



Қазынашылық және ақша нысандары саясаты экономиканың тиімді өсуін ынталандыру мен оның құрылымын өзгертудің мәселелерін өзі шешуге қабілетті деп қарастырылады. Алайда дамыған елдердің тәжірибесі өнеркәсіптік саясат қазіргі кезеңдегі дамыған экономикаларда қолданылғанын және қазірде қолданылатынын көрсетеді. Мұның өзінде макроэкономикалық саясаттың дәстүрлі құралдары (салықтар, жеңілдіктер, субсидиялар, амортизациялық саясат және т.б.) да, сонымен бірге инвестицияларды ынталандырумен (*инвестициялық саясат* шаралары), *индиктивтік* жоспарлауды жүзеге асырумен, *даму жоспарларын* әзірлеумен және экономиканың құрылымына басқадай ықпал ету нысандарымен байланысты айрықша құралдар пайдаланылады. Бірқатар елде өткен ғасырдың 60-жылдары өнеркәсіптік саясатты іске асыру мақсатында арнайы органдар құрылған болатын [(Экономикалық даму жөніндегі кеңес (Ұлыбритания), Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге көмек көрсету жөніндегі ғылыми корпорация (Ұлыбритания), Сауда және өнеркәсіп министрлігі (Жапония)].

Экономика трансформацияланғанда және шикізат салаларын дамытуға бір жақты бағдарланған жағдайда өнеркәсіптік саясат ерекше маңызға ие болады. Мұндай жағдайда тек саналы өнеркәсіптік саясат шаралары ғана кеңес уақытында қалыптасқан халық шаруашылығының құрылымын өзгертуге болады. Өкінішке орай, Қазақстанда осы саясаттың әлеуеті мен мүмкіндіктері пайдаға аспады. Саясаттың жалпы макроэкономикалық мәселелерді шешуге бағдарланған нысандарының арасынан *құрылымдық және тұрақтандыру* саясат нысандарын да жеке атап өту қажет. Құрылымдық саясат тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін экономика мен оның институттарын реттейді, сол себептен ол саясатта ерекше атап өтілмейді. Осы өлшем бойынша оған меншік құрылымын өзгерту (жекешелендіру); өңірлік пропорциялар мен қатынастарды өзгерту (өңірлік саясат); жекелеген экономикалық жүйелерді реформалау (қаржы жүйе-сін, салық жүйесін); басқару реформасы жөніндегі іс-шаралар кешені кіреді. Өнеркәсіптік саясат кейде құрылымдық саясаттың құрамдық бөлігі ретінде қарастырылады.

Сөйтіп, құрылымдық саясат деген ұғым экономиканың институционалдық-ұйымдық құрылымы мен оның пропорцияларын жетілдіру қажет екенін айғақтайтын жалпы анықтаманы білдіреді.

Экономикада жалпы макроэкономикалық саясаттың жаңа бір түрінің маңызы зор, саясатты *тұрақтандыру*, әсіресе трансформация жағдайында осы саясат түрі ерекше маңызға ие болады.

5.6.	<b>Трансформация аяқталған жағдайдағы тұрақтандыру саясаты мен оның рөлі</b>
------	------------------------------------------------------------------------------

Макроэкономикалық тұрақтандыру (макротұрақтандыру) өндіріс құлдырап, жұмыспен қамту қысқарған, сондай-ақ жалпы баға деңгейі артқан (инфляция) макродеңгейдегі экономиканың теңгерімсіздігін еңсеру деп аталады.

Өтпелі экономикада макротұрақтандырудың бір-біріне қатысты балама қаржылық тұрақтандыру және өндірістік деп аталатын екі негізгі үлгісі (немесе екі негізгі нұсқасы) қолданылады.

Жалпы *өндірістік тұрақтандыруда* өндірістің құлдырауы мен жұмыс-сыздықтың өсуіне, экономикалық өсу мен экономиканың құрылымын қайта құруға тікелей ықпал ету көзделеді. Сол себептен өндірістік тұрақтандыруды құрылымдық-өндірістік немесе әлеуметтік-өндірістік макротұрақтандыру деп атауға болады.

*Қаржылық тұрақтандыруда* дағдарыс жағдайында инфляцияны төмендетуге, ұлттық экономика салалары мен аяларының орнықты даму және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жағдайында қаржылық ортаны сауықтыруға тікелей бағытталады. Ол ортдоксальдік (тақыстық) және гетеродоксальдік нысанда іске асырылады.

*Ортодоксальдік (тақыстық) қаржылық тұрақтандыру* ақша, монетарлық болады және екі «якорьге» (тұрақтандырығышқа), яғни ұлттық ақша «якоріне» (Қазақстанда теңге «якоріне») және валюталық «якорьге» (көбінесе – долларлық) негізделуі мүмкін. Бірінші жағдайда инфляцияға қарсы нәтижеге қатаң ақша-кредит саясатының ақша эмиссиясын шектеу, Орталық банктің қаржыландыру ставкасын көтеру, міндетті резервтеу нормасын арттыру, мемлекеттік бағалы қағаз шығару және т.б. сияқты белгілі қатаң шаралары арқылы ұлттық ақшаны күшейту (қымбаттату) арқылы қол жеткізіледі. Екінші жағдайда инфляцияға қарсы ықпал бағам саясатының қатаң

белгіленген бағам және одан жұмсақ нұсқалары (валюталық дәлізден бастап басқарылатын құбылмалы бағамға дейін) арқылы валюта (айырбастау) бағамын тұрақтандыру қамтамасыз етіледі. Қаржы дағдарысы жағдайында ұлттық ақша бірлігін құнсыздандыру (девальвация) сияқты қатаң шараны қолдануға болады.

*Гетеродоксальдік тұрақтандыруда* инфляцияға қарсы ықпалға бағалар мен табыстарды шектеу, көбінесе оларды қалпында сақтау (қысқа мерзімге немесе ұзақ, күрт немесе бірте-бірте, кең немесе бөліктерді) арқылы қол жеткізіледі. Бұдан жұмсақ шараға энергия ресурстарының, көлік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің бағаларын бірте-бірте реттеу және босату, бюджет саласында жұмыс істейтіндер үшін бірыңғай тариф сеткасын және еңбекақы қорынан (тұтыну қорынан) асуға салық салу, бағалардың өсуінен табысты индексациялаудың артта қалуы және т.б. жатады. «Гетеродоксальдік талықсытпа» нысанын қабылдайтын бұдан да қатаң шаралардың арасынан тәркілеу сипатындағы ақша реформасын, халықтың банктердегі жинақ ақшасын қалпында сақтау немесе олардың құнсыздануын, мемлекеттің ішкі борышқа қызмет көрсетуден бас тартуы (Ресейдегі 1998 жылғы дефолт) және т.б.

Нақты практикада қаржылық тұрақтандырудың әр түрлі нұсқалары таза да, сонымен бірге аралас түрде де (көбінесе солай болады) іске асырылуы мүмкін. Ашық, сөйте тұра тәуелді экономика жағдайында валюталық «якорьді» қолданбай экономиканы тұрақтандыруды қамтамасыз ету қиын, алайда трансформация жағдайындағы дағдарыста ортодоксальдік тұрақтандыруда жалпы аздық етеді, осының салдарынан қаржылық тұрақтандырудың үшінші «якоріне» айналатын гетеродоксальдік шараларды қолдануға тура келеді.

Экономикада қаржылық және өндірістік тұрақтандырудың арақатынасының маңызы зор.

Қаржылық тұрақтандырудың реті мыналардан құралады.

*Бірінші.* Реформаның басында жасалатын бағаларды ырықтандыру бағалардың шарықтауына әкеп соқтырады. Бұл құбылыс жоспарлы экономикадағы жасырын инфляцияның ашық инфляцияға айналуы, нарықтық-бәсекелік механизмдердің дамымауы, «ұсыныстардың талықсытпасы» (бұрынғы шаруашылық байланыстарының үзілуі, энергия ресурстары бағалары мен трансакциялық шығындардың және т.б. күрт өсуі және т.б.) сияқты негізгі себептерге негізделеді. Бұған бір жағынан, өндірістің құлдырауынан салық салынатын базаның қысқаруы, халықтың нақты табысының төмендеуі мен «көлеңкелі экономиканың» өсуі, ал екінші жағынан, экономиканың жансыздану қаупінен бірқатар жайғасым бойынша жұмсақ бюджеттік шектеулердің сақталуы салдарынан мемлекеттік бюджеттің тапшылығы да қосылады. Бұл жағдайда бюджет тапшылығы, әдетте, борыштық тәсілмен емес (қор нарығы дамымаған жағдайда мемлекеттік бағалы қағазды ауқымды түрде қолдану мүмкін емес), ақша массасын кеңейту арқылы жабылады, осының салдарынан инфляцияны одан сайын өсіретін монетарлану әсері пайда болады. Өтпелі экономиканың дағдарыстық ортасында бұдан да кешірек кезеңде инфляция өршіп терең қаржы дағдарысына (Ресейде 1998 жылғы тамыздағы сияқты) әкеп соқтыруы ықтимал.

*Екінші.* Мемлекет инфляцияға қарсы әсерге қол жеткізу мақсатында қатаң ақша-кредит саясатын және ұлттық ақша бірлігін тұрлаулы шетел валютасына (көбінесе долларға, сондай-ақ Шығыс және бірқатар Орталық Еуропа елдері мен Балтық жағалауы елдері сияқты – неміс маркасына, қазір – еуроға) бекітуді жүзеге асыра бастайды. Қатаң ақша саясаты «қымбат ақша» саясатында іске асырылады, яғни, ақша эмиссиясы шектеледі, Орталық банктің кредиттері (кредиттеу лимиті) қысқарады, есептік пайыз ставкасы (қаржыландыру ставкасы) көтеріледі, міндетті резервтеу нормасы ұлғаяды, мемлекеттік бағалы қағаздар сатылады. Бағамдық саясат айырбастау бағамын қатаң немесе жұмсақ тіркеу арқылы іске асырылады. Көрсетілген шектеу шаралары бюджет шығынының қысқаруымен және жалпымемлекеттік бюджеттің тапшылығының жалпы азаюымен, бюджет тапшылығын негізінен борышпен жабуға көшумен толықтыруы мүмкін. Нәтижесінде инфляция төмендеп, қаржы тұрақтанады. Осы ахуалға сәйкес келетін шекті инфляцияның деңгейі 40%-дан аспауға тиіс деп саналады.

*Үшінші.* Қол жеткізілген қаржылық тұрақтандыру ең кемінде 6-8 ай сақталатын болса, онда ол оң экономикалық өзгерістерге септігін тигізеді. Біріншіден, экономикада салауатты нарық ортасы қалыптасып, шаруашылық жүргізуші субъектілер сұраныстың шектелуіне бейімделеді. Екіншіден, жинақ ақшаны инвестицияларға трансформациялау үшін қолайлы жағдай туады, инвестициялауға ынта артады, ұзақ мерзімге салынған капитал салымдары өзін-өзі ақтайтын болады. Үшіншіден, экономиканың бір саласынан екінші саласындағы құрылымдық өзгерістерге орай ресурстардың ағуы үшін жағдай туады. Сөйтіп, қаржылық тұрақтандырудың арқасында экономика өсіп, өтпелі экономика дағдарыстық жағдайдан шығады.

Қаржылық тұрақтандыру мен экономикалық өсудің арасында өзінен-өзі пайда болатын байланыс жоқ. Өтпелі экономикадағы қаржылық тұрақтандырудың салдары қарама-қайшы қалыптасады. Қарама-қайшылықтар дағдарыс жағдайында әр түрлі әдістерді үйлестіріп қолдану мүмкіндігінің шектеулігі мен нарықтық құралдардың дамымауы, сонымен бірге нарықтық экономикасы дамыған елдердің макроэкономикалық тәжірибесіне тым бағдарлану және ұлттық экономиканың ерекшеліктерін жеткіліксіз ескерудің негізінде туындайды. Қазақстан экономикасының 90-жылдардағы тәжірибесі осыны айғақтайды.

Қазақстан экономикасының 1993 жылғы қыркүйек пен 1998 жылдың ортасы аралығындағы ахуалын әрбір мысалда келтіруге болады. Сол кезде инфляция жылына 10-20%-ға жетіп, экономикада ешқандай өсу байқалмады. Теңгені қолдайтын қатаң кредит-ақша саясаты экономиканың монетарсыздануына, сенімсіз экономикалық айналымның, баспа-бас айырбастың, жасанды ақшаның өсуіне, кәсіпорындардың айналым қаражатының құнсыздануына, МҚМ пирамидасының пайда болуына, «ығыстырудың» ықпалына әкеп соқтырғаны, ал валюталық «якорьге» бағдарланудың өзі рубльдің бағамының көтерілуіне себеп болғаны белгілі болды. Осының нәтижесінде импорттық басқыншылық күшейіп, отандық тауар өндірушінің жағдайы нашарлады, экспортқа бейімделген өндірістердің бәсекеге қабілеттілігі төмендеді.

Қаржылық тұрақтандырудың қарама-қайшы салдары экономикалық өсумен тікелей байланысты өндірістік тұрақтандыру деп аталатын балама нұсқаға еріксіз назар аудартты.

Макротұрақтандырудың балама нұсқасында мемлекеттің белсенді инвестициялық және құрылымдық саясат жүргізу, экономикалық дамудың басымдықтарын әзірлеу, «өсу нүктелерін» анықтап, оның маңайына шоғырлану, сонымен бірге пайдаланылмайтын өндірістік қуаттарды жүктеп, оларды жаңғыртуды жүргізу, НИОКР (ҒЗТҚЖ) саласын қолдау, қаржы-банк секторын саудагерлік операциялардан экономиканың нақты секторымен байланысты күшейтуге қайта бағдарлау, отандық тауар өндірушілерді сыртқы бәсекеден орынды қорғау мақсатында қолдампаздық шараларды күшейту және т.б. қарастырылады.

*Ерекше макроэкономикалық жағдай* әсіресе пайдалы баға жағдаяты кезеңдерінде шикізат экспорттайтын мүмкіндіктері жоғары елдерде (бұл ең алдымен Қазақстанға қатысты) қалыптасады. Қазақстанға 2000-жылдардан бастап әлемдік көмірсутегі нарықтарында бағаның күрт өсуі (мәселен, мұнай баррелінің бағасы 1997-1998 жылғы 9-10 доллардан 2008 жылдың басында 100 долларға дейін көтерілді) ықпал етті.

Бағаның көтерілуінің оң нәтижесінде таза экспорт, ЖІӨ, елдің сауда және төлем балансының сальдосы ұлғайды, демек, валюта түсімі мол түсті, бюджеттің табыс бөлігі артты (профицитке дейін), сырттан алынған қарыз бен сыртқы борыш қысқарды. Осы жағдайда Ұлттық банк алтын-валюта резервін толтыру үшін қолайлы мүмкіндік алды, мұның өзі ұлттық ақша бірлігін және жалпы ақша-кредит жүйесін орнықтырды, елдің халықаралық қаржы-экономикалық рейтингін көтерді. Инвестициялық мүмкіндіктер кеңейіп, экономикалық өсудің елеуеті артты.

Трансформацияға қыруар шығын жұмсайтын және экономикалық өсуде елеулі қиындықтарды бастан кешірген ел үшін осының барлығы жағымды ғана жағынан ықпал етуі тиіс сияқты болып көрінеді.

Алайда аталмыш процестің екінші қыры да бар. Еліміздің экспорт мен жалпы экономиканың тек шикізат тауарларының бағасының ауытқуына тәуелді болу қаупіне ұшырады. Өтпелі экономиканың айрықша жағдайында жалпы макроэкономикалық ортаның ғана емес, сонымен бірге макротұрақтандыру саясатының өзгеруі де қауіпті екені мәлім.

*Біріншіден*, мол валюта түсімі инвестициялардың серпілісіне, орнықты әрі сапалы экономикалық өсуге жол ашпайды. Қыруар түсім тек сол шикізат салаларында, ипотекалық-құрылыс секторына шоғырланып, экономиканың құрылымының теңгерімсіздігі мен сапасыз құрылымын одан әрі нығайта түседі (ғылыми-техникалық және технологиялық өлшемдер тұрғысынан). Өтпелі экономикада ақшаны сапалы инвестициялық айықтыру үшін қолайсыз инвестициялық ахуал, өңдеу өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарының төмен пайдалылығы, жинақ ақшаның инвестицияға трансформациялау институттары мен механизмдерінің әлсіздігі, капиталдың салалардың арасында ағынының қиындығы, мемлекеттің әлсіз құрылымдық саясаты қол байлау болады.

*Екіншіден*, ЖІӨ-нің теңгемен төмен монетарлануы жағдайында едәуір валюта түсімдері ұлттық ақша бірлігінің (теңгенің) тым нығаюына әкеп соқтыруы ықтимал. Бір жағынан, бұл жағдайда үй шаруашылықтарының сатып алу мүмкіндіктері артып, тұтынушылық, демек жиынтық сұраныста кеңейеді, сыртқы борышқа қызмет көрсету жағдайын жақсартады, екінші жағынан, импортты арзандатып, отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

*Үшіншіден*, ҰБ алтын-валюта резервін толықтырады, ал осының салдарынан теңгенің ақша ұсынысы кеңейіп, инфляцияның туындауына себеп болады.

*Төртіншіден*, теңгенің бағамын тым нығаюына жол бермеумен қатар «артық» ақшаны инвестициялық айықтырудың қиындығы олардың ұлттық экономикадан «ығыстырылуына», яғни капиталдың шетелге сыртқы борышты алдын ала төлеуге, пассивтік жинақ ақшаның көбеюіне, халықаралық (алтын-валюта) резервінің және Тұрақтандыру қорының молаюына себеп болуы осы нысандардың барлығында да ұлттық экономиканың динамикалы, орнықты және сапалы экономикалық өсуін қамтамасыз ету өте қажет болған жағдайда ақша өнімді қолданудан шеттетіледі.

Сөйтіп, тұрақтандыру саясаты дербес сипаттағы саясат емес және макро-тұрақтандыру жөніндегі іс-қимылды қаржылық тұрақтандыруға жатқызуға болмайды. Қазақстандағы орасан зор мемлекеттік қаржылық ақша жинағы макроэкономикалық ортаны сауықтыруға, қаржылық тұрақтылық пен экономикалық дамудың инвестициялық-өндірістік басымдықтарына, оның ішінде мемлекеттің белсенді құрылымдық және инвестициялық саясатының әдістерімен барынша пайдаланылуы тиіс.

<b>5.7.</b>	<b>Мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары</b>

*Экономиканы мемлекеттік реттеу* мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыты болып табылады. *Экономиканы мемлекеттік реттеу* – бұл ұлттық экономиканың тиімді әрі орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатындағы экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралардың жиынтығын пайдалану. Бұл ретте мемлекет ұдайы өндіріс пропорцияларында прогрессивтік ілгерілеуді, адал бәсекелестік үшін қолайлы орта құруды қамтамасыз етуге, сонымен бірге экономика субъектілері заңнаманы сақтаған жағдайда нарықтық қатынастардың келеңсіз әлеуметтік және экономикалық салдарға жол бермеуге тиіс.

Көп жағдайда экономиканы мемлекеттік реттеуді (ағылшынша – government regulation economic) мемлекеттің елдің экономикалық тыныс-тіршілігінің белгіленген объектілеріне ықпал ету әдістерімен теңестіреді.

Мемлекет ықпал ететін объектілерге экономиканың тікелей бастапқы буындары (әр түрлі менешік нысанындағы ұйымдар), нарықтың құрылымы, сондай-ақ нарықтық механизм қамтамасыз етпейтін немесе қанағаттанғысыз қамтамасыз ететін қоғамдық ұдайы өндірістегі жағдайлар, процестер мен қатынастар жатады. Мемлекеттің ең басты экономикалық функциясының бірі – халық әлеуметтік жағынан біршама тең болған жағдайда өндірушілердің, жеткізушілер мен өнімді (қызмет) тұтынушылардың арасындағы заңды әрі тиімді өзара қарым-қатынастар орнату мақсатында ұлттық экономика жұмыс істейтін нормативтік-құқықтық базаны құру.

Мемлекет реттеу объектілеріне ықпал еткенде нарықтық *өзін-өзі реттеу* мен мемлекеттік реттеуішті ұштастыру қарастырылады.

*Мемлекеттік реттеуіш* – бұл мемлекеттік биліктің нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде экономикалық қызметті реттеу жөніндегі әдістері мен құралдары. Мемлекеттік реттеуіштер елдің экономикалық міндеттерін (нарықтың құрылымына, фирманың іс-әрекетіне ықпал ету) шешуге де, сонымен бірге әлеуметтік мақсаттарға (әлеуметтік реттеуіш) қол жеткізуге бағытталуы мүмкін. Негізгі мемлекеттік реттеу құралына әлеуметтік жәрдемақы, санкция, стандарт, сертификат, лицензия, квота, ставка, тариф, норматив, салық, баж, банк пайызы жатады.

Экономиканың жұмысының құқықтық негізін құру мен реттеу – бұл іс жүзінде экономикалық агенттердің мінез-құлқының ережелерін, сондай-ақ өндірушілер, тұтынушылар мен мемлекет өздерінің іс-қимылында ұстануы тиіс экономикалық қатынастың заңдылық қағидаларын белгілеу, сондай-ақ мемлекет тарапынан олардың орындалуын бақылау.

Мемлекет реттейтін объектілерге ықпал ету процесінің сипатына байланысты мемлекеттік реттеудің сан алуан әдістерін *тікелей және жанама әдіске* бөлуге болады (келесі беттегі схеманы қараңыз).

Экономиканы мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері экономика субъектілеріне *тікелей* ықпал етеді. Олар қосымша материалдық ынталандырма құрумен немесе қаржылай залал қаупімен байланысты емес және мемлекеттік билік орган-дарының өкімдерін міндетті түрде орындауға негізделеді, сондықтан олардың кейбіреуі өкімдік немесе әкімшіліктік деп аталады.

Мемлекеттік жанама реттеу әдістері негізінен нарықтық шаруашылықтың тауарлы-ақша тұтқасына сүйенеді және шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық мүдделеріне ықпал етеді. Осы әдістер көбінесе экономикалық әдістер деп аталады. Жанама әдістердің осы анықтамасы тікелей әдістер экономикалық тиімділіктің өсуіне қатысты міндеттерді шешетін болса, онда олардың экономикалық маңызының болуын жоққа шығармайды. Сондықтан тікелей және жанама әдістерді қарама-қарсы қою қажет емес, сонымен бірге жанама әдістердің салық ставкасын белгілеу, патент және т.б. сияқты әкімшілік нысаны болатынын ескеру керек.

<b>5.8.</b>	<b>Тікелей мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары</b>

Тікелей мемлекеттік реттеудің аса маңызды әдістері мен құралдарына *мемлекеттік қажеттілік үшін өнім (тауар, жұмыс және қызмет) жеткізуге арналған келісімшарт* жатады. Аталмыш келісімшарт көп жағдайда *мемлекеттік тапсырыс* деп аталады. Іс жүзінде бұл келісімшарт – мемлекеттік тапсырысшы мен жеткізушінің арасында жасалатын өнім (тауар, жұмыс және қызмет) жеткізу шарты. Шартта мемлекеттік тапсырысшы мен жеткізушінің құқықтары мен міндеттері анықталады, сондай-ақ олардың өзара қарым-қатынастары реттеледі. Шартта мемлекеттік тапсырысшының мемлекеттік келісімшарттың орындалуы жөніндегі жұмыстардың барысын бақылау, жеткізушінің жедел-шаруашылық қызметіне араласпай жеткізушіге консультативтік және өзге де көмек көрсету көзделуі мүмкін. Мемлекеттік келісімшарт бойынша жеткізілетін өнімнің мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарына сәйкес келуі, ал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті түрде сертификатталуы тиіс өнімнің сертификаты мен сәйкестік белгісі болуы тиіс.

Мемлекеттік келісімшартты орындауға арналған ресурстар, әдетте, келісімшартта мемлекеттік тапсырысшы болып табылатын билік органдарын бюджеттік қаржыландыру ауқымында қарастырылады.

*Республикалық мемлекеттік қажеттілік* – бұл Қазақстан Республикасының еліміздің тыныс-тіршілігінің, қорғанысы мен қауіпсіздігінің мәселелерін шешуге және республикалық мақсатты бағдарламалар мен өзі қатысатын мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларды іске асыру үшін қажет өнімге қажеттілігі. Республикалық мемлекеттік мұқтаждық үшін өнім жеткізу мемлекеттік бюджет туралы республикалық заңда жоспарланып, бекітілетін және осы мақсатта бюджеттен тыс көздерден тартылатын республикалық бюджет қаражатының есебінен қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасы субъектілерінің өңірлердің тыныс-тіршілігінің мәселелерін шешу және өңірлік мақсатты бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті өнімге қажеттілігін Қазақстан Республикасы субъектілерінің мемлекеттік билік органдары анықтайды. Өңірлік мұқтаждық үшін өнім жеткізу Қазақстан Республикасы субъектілерінің бюджеттері мен бюджеттен тыс көздердің қаражатының есебінен қамтамасыз етіледі.

Республикалық мемлекеттік мұқтаждық үшін өнім жеткізуді және республикалық мақсатты бағдарламаларды орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік тапсырысшыларды бекітеді. Мемлекеттік тапсырысты атқарушы биліктің республикалық органы, республикалық қазыналық кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме жасай алады. Мемлекеттік тапсырысшылар мемлекеттің мүддесін ойластырып республикалық мемлекеттік мұқтаждық үшін өнім жеткізуді ашық және (немесе) жабық сауда-саттық, конкурс, аукцион өткізу арқылы орналастыра алады.

Мемлекет *мемлекеттік мақсатты бағдарламалар* деп аталатын маңызды құрал арқылы да ықпал етеді, осы мақсатта ұзақ мерзімді немесе орта мерзімді мақсатты бағдарламалар әзірленеді.

*Мемлекеттік бағдарламаның* мақсаты (сондықтан ол мақсатты деп аталады) және міндеті болуы тиіс, сонымен бірге бағдарламада нақты сапа және сан көрсеткіштері, аралық және негізгі мақсатқа жетуге арналған іс-шаралар жүйесі, ресурстар, нақты орындаушыларға берілетін тапсырмалар, сондай-ақ жекелеген іс-шаралар мен жалпы бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері көрсетілуі тиіс. Мақсатты бағдарламада барлық бағдарламалық іс-шаралардың өзара байланысты болуы мен осы іс-шараларды қаржы ресурстарының жобаланатын көлемдерімен өткізудің кезектілігі, сондай-ақ салалық және өңірлік мәселелерді келісіп әрі кешенді түрде шешуді қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік тапсырысшы осы бағдарламаны басқарып, оның

орындалуын бақылайды, сондай-ақ бағдарламадағы іс-шаралардың іске асырылуының тиімділігін бағалайды.

Тікелей мемлекеттік реттеу әдістері шеңберінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес жанама және басқа да тікелей әдістердің элементтерін де қолдануға болады. Атап айтқанда, республикалық мемлекеттік мұқтаждық үшін өнім жеткізушілерді экономикалық жағынан ынталандыру үшін оларға пайда салығы (табыс) және (немесе) жеңілдікпен кредит берілуі мүмкін. Сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстардың аса маңызды түрлерін жеткізуді жүзеге асыратын жеткізушілер мен осы ресурстарды жасайтын жасаушы-кәсіпорындар үшін көрсетілген ресурстарды мемлекеттік тапсырысшыларға (жеткізушілерге) міндетті түрде сату (мемлекеттік броньдау) жөнінде арнайы квота және (немесе) мақсатты дотация мен субсидия белгіленуі мүмкін. Мақсатты дотация мен субсидияны пайдалану әкімшілік реттеудің жеке әдісі ретінде бөлінеді.

Мемлекеттік мұқтаждық үшін өнім (тауар, жұмыс және қызмет) жеткізуге арналған келісімшарт пен мемлекеттік мақсатты бағдарламаны жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік ұйымдардың қызметіне ықпал ету үшін ойдағыдай пайдалануға болса, онда *шаруашылық жүргізуші субъектіні мемлекеттік қолдау тек* мемлекеттік сектордың ұйымдарымен өзара қарым-қатынас жасау үшін пайдаланылады. Осы тікелей реттеу әдісі негізінен ұзақ мерзімді негізде мақсатты дотациялар мен субсидиялар түрінде, яғни шаруашылық жүргізуші қызмет істейтін бүкіл кезеңде жүзеге асырылады. Нақты шаруашылық жүргізуші субъектіні қаржыландыру елдің әр түрлі деңгейдегі бюджеттерінде жеке жолмен немесе тиісті билік деңгейінде бюджетті қаражатты басқарушы бағыттайтын қаражат шеңберінде қарастырылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен басқа да ұйымдар ішкі және халықаралық нарықта жұмыс істеп, халықаралық экономикалық, ғылыми-техникалық ықпалдастық пен халықаралық саудаға қатысуы үшін халықаралық сертификаттау қағидаларын сақтауға міндетті. Сертификаттау тұтынушыларды өнім (жұмыс, қызмет) таңдауға көмектеседі, оларды адал емес өнім жасаушыдан қорғайды, қазақстандық және халықаралық нарықтарда өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді және тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елдерде еркін қозғалуын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

*Сертификат* (латынша certum – дұрыс және facere – істеу) қайсыбір фактіні куәландыратын құжат немесе куәлік. Осы ұғымның мағынасы көп, оның ішінде – мемлекеттік инспекциялар мен басқа да уәкілетті органдар беретін тауардың сапасы жөніндегі құжат. Көбінесе шаруашылық практикасында *«сапа сертификаты»* деген ұғым пайдаланылады. Онда сапаның нақты көрсеткіштері мен тауардың техникалық сипаттамалары болады, сонымен бірге ол қосалқы құжат болып табылады.

*Сәйкестік сертификаты* деп аталатын екінші ұғымға объектінің техникалық регламенттердің талаптарына, стандарттардың ережелеріне немесе шарттардың ережелеріне сәйкестігін растайтын құжат ретіндегі анықтама берілген. *Сертификаттау* – бұл уәкілетті мемлекеттік орган мен басқа да ұйымдардың объектінің (өнімнің, жұмыстардың, қызметтердің, процестердің) сипаттамаларының техни-калық регламенттердің талаптарына, стандарттардың ережелеріне сәйкестігін, кейін сертификат беріп растау нысаны. Қазақстан Республикасының аумағында сәйкестік ерікті немесе міндетті түрде расталады. Ерікті түрде растау ерікті сертификаттау нысанында, ал міндетті – сәйкестікті мағлұмдау немесе міндетті сертификаттау түрінде жүзеге асырылады.

Ерікті сертификаттау бастамасын өтінім беруші – кез келген заңды немесе жеке тұлға жасайды. Бұл жағдайда өтімін беруші ұйым ұлттық сертификаттау органына, мысалы, өздері қолданатын сапаны қамтамасыз ету жүйесінің Халықаралық стандарттау ұйымының стандарттарының талаптарына бағалауға өтініш жасай алады.

Техникалық регламенттер мен оның ішінде халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестікті міндетті түрде растау мемлекеттің бастамасы бойынша жүзеге асырылады және *сәйкестік туралы декларация* қабылдау (сәйкестіктідекларациялау) немесе *міндетті сертификаттау* деп аталатын екі нысанда жүзеге асырылады.

Мемлекет адамдардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушылардың мүлкіне залал келтірудің алдын алу жөніндегі талаптар қойылған, сондай-ақ тұтынушылардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін құралдар міндетті түрде сертификатталуы тиіс. Мысалы, *міндетті экологиялық сертификаттау* деп арнайы мемлекеттік ұйымдар сертификатталатын объектінің (өнім, технологиялық процесс, өндіріс пен тұтыну қалдықтары, табиғи ресурстар, экологиялық қызметтер) оған қойылатын экологиялық талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі қызметі аталады.

Мемлекет, бір жағынан, тауар немесе қызмет өндірушіні жасанды өнім мен тауардан немесе басқа адамдардың қызмет бабын теріс пайдаланудан қорғауды, ал екінші жағынан, – өнімді немесе тауарды сатып алушыны оның (тауардың немесе өнімнің) шығу тегі мен сапасы жөнінде хабардар етіп, оны қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Осыған байланысты *тауардың шығу тегі туралы сертификат* қолданылады. Мемлекет тауарларды, оның ішінде импорттық тауарларды міндетті сертификатсыз сатуға, жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге тыйым салады және қауіпсіздік талаптарын бұзғаны және сертификатты негізсіз беру үшін жауапкершілік жүктейді.

Тұтынушыларды сапасыз өнім мен технологиялардан, сапасыз қызметтерден қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында өз қызметінде *лицензиялауды* пайдаланады. Осы тікелей ықпал ету әдісіне лицензия берумен, лицензияның барын растайтын, лицензияның қолданылуын кідірте тұру және қайта жалғастырумен, лицензияны жоюмен және лицензия беретін органдардың лицензиаттардың лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асырғанда тиісті лицензиялық талаптар мен ережелерді құжат ресімдеумен байланысты іс-шаралар жатады. Басқаша айтқанда, бұл лицензия беретін мемлекеттік органдардың заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызмет ерекшелігіне байланысты белгіленген уақыт бойы нақты қызмет түрін жүргізу құқығына арналған лицензия беру, оны қайта ресімдеу немесе жою процесі.

Үкімет лицензиялауды жүзеге асыратын республикалық атқарушы билік органдарының тізбесін және Қазақстан Республикасы субъектілерінің атқарушы билік органдарының жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекітеді. *Лицензияланатын қызмет түрлеріне* жүзеге асырылуы азаматтардың құқықтарына, заңды мүдделеріне, денсаулығына, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігіне, Қазақстан халықтарының мәдени мұрасына залал келтіруі ықтимал және лицензиялаудан басқа өзге әдістермен реттеу жүзеге асырылмайтын қызмет түрлері жатады. Оларға аудиторлық қызмет, бағалау, медициналық, фармацевтикалық, туристік агенттік, картографиялық, инвестициялық қорлардың қызметі, темекі бұйымдарының, дәрі-дәрмек құралдарының өндірісі теміржол көлігімен тасымалдау, аудио-хабар шығармаларын көпшілікке көрсету және т.б. жатады.

Лицензиялаудың маңызды бағытына *экологиялық лицензиялау* жатады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлері лицензиялауға жатады, олардың тізбесі республикалық заңдарда белгіленеді, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдалану құқығы да лицензияланады.

Лицензиялаудың екінші бағыты мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің ауқымында қолданылады. Бұған шаруашылық жүргізуші субъектінің осы қызметпен және квоталаумен айналысуының нақты мүмкіндігін растайтын *сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға* арналған лицензия беріледі.

Экономика тиімді жұмыс істеу үшін мемлекет *қаржы нарығын реттеуге* міндетті. *Қаржы нарығы* ақша ресурстары нарығы, валюта нарығы және бағалы қағаздар нарығы (қор нарығы) деп аталатын үш сегменттен тұрады. Елімізде қаржы нарығы ҚР Қаржы министрлігінің және Қазақстан Ұлттық банкінің нормативтік-құқықтық актілерінде реттеледі.

Қазақстанның Ұлттық банкі еліміздің банк жүйесіне басшылық жасайды, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халыққа кредит беретін коммерциялық банктерді тікелей кредиттейді, сол себептен оның нормативтік құжаттары негізінен ақша нарығын реттейді, яғни жалпы мемлекеттің кредит-ақша саясатын білдіреді. Ұлттық банк тікелей де, сонымен бірге жанама ықпал ету әдістерін де қолданады. Тікелей әдістерге пайыздық ставкаларды тіркеу, берілетін кредиттің мөлшерін шектеу, басымды салаларды мақсатты кредиттеу және т.б. жатады. Аталмыш әдістер экономикасы өтпелі елдерде пайдаланылады, ал дамыған елдер негізінен жанама әдістерді пайдаланады. Қазіргі уақытта мемлекет ақша ресурстар нарығына ықпал ету үшін негізінен жанама әдістерді қолданады, ал валюта және қор нарығына ықпал ету тікелей тәсілмен жүзеге асырылады.

Валюта нарығын мемлекеттік реттеудің әкімшілік әдістерінің арасынан *валюталық дәліз* және *экспорттық валюта түсімін міндетті сату нормативін* белгілеуді жеке атап өту қажет. Бірінші әдісті қолданғанда белгіленген уақыт мерзіміне ең жоғары және төмен деңгейін заңды нысанда белгіленіп, осы уақыт өткеннен кейін валюталық дәліздің параметрлері валюта аясындағы өзгерген жағдайға сәйкес өзгереді.

*Экспорттық валюта түсімін міндетті сату нормативін* белгілеу – бұл валюта нарығын мемлекеттік реттеудің неғұрлым тиімді әкімшілік әдісі. Аталмыш әдіс, әлбетте, шаруашылық жүргізуші экспорттаушы-субъектілердің шоттарындағы валюта қаражатының мөлшеріне тікелей ықпал етеді.

*Бағалы қағаздар нарығын* (қор нарығын) мемлекеттік *реттеуде де* әкімшілік және экономикалық әдістер пайдаланылады. Қор нарығын әкімшілік реттеу әдісінде оған барлық қатысушылар, оның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін бірыңғай нормативтік-құқықтық базаның негізіндегі бірыңғай ереже орнатылады.

Қор нарығына тікелей ықпал ету бағалы қағаздар нарығын реттеуге уәкілеттік берілген республикалық билік органының нормативтік актілері нысанында жүзеге асырылады.

Әлемдік шаруашылық практикасында өнім шығарушылар мен сатушыларға тауарларға төмен баға шектерін белгілеу қарастырылатын немесе керісінше бағаларды төмендетуге тыйым салатын көп заң қабылданып қолданысқа енгізілген. Аталмыш заңдар тұтынушылардың, аутсайдер-кәсіпорындардың мүдделерін және шын мәнінде бәсекені қорғау үшін қажет. *Бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу* – бұл мемлекеттің нарықта баға белгілеу процесіне тікелей араласуы. Ол мемлекеттің монополияға қарсы саясаты ауқымында жүзеге асырылады. Мемлекеттік тікелей араласу процесінде кәсіпкерлердің әр түрлі топтарының арасында пайданы қайта бөлуге, құрылымды қайта құруға ынталандыруға, экономиканың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік міндеттерді шешуге ұлттық экс-порттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға күш салады.

Қазіргі уақытта бағалар республикалық та, сонымен бірге өңірлер деңгейінде де реттеледі. Республикалық деңгейде бағаларды бақылауды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен басқа орталық органдар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өздерінің құзыретінің шектерінде жүзеге асырады. Өңірлік деңгейде, мысалы, Алматы қаласында, бағалар мен тарифтерді қолдану тәртібінің сақталуын бақылауды мемлекеттік баға инспекциясы, әкімшілік округтардың баға бөлімдері және қаланың басқа да атқарушы билік органдары жүзеге асырады.

Мемлекет әкімшілік ықпал ету әдісі ретінде *табиғи монополиялар өнімінің бағасын (тарифін) тікелей бақылауды* қолданады. Табиғи монополиялардың тауарларын (қызметтерін) тұтынуда басқамен алмастыру мүмкін емес, сондықтан осы тауарлар (қызметтер) тұрақты сұранысқа ие және оның бағасының өзгеруіне тәуелді болмайды.

Осы салалардағы бағалар мен тарифтер экономиканың барлық дерлік секторларындағы түпкілікті бағаға ықпал етеді, сол себептен осы бағалар мен тарифтерді реттеуге ерекше назар аударылады. Сондықтан табиғи монополиялардың өнім бағасының өсуі әкімшілік жолмен тежеліп, тұрлаулы баға мен тариф (коммуналдық, тұрмыстық қызметтер, көлік және байланыс қызметтері мен т.б. бағалары) немесе олардың шекті деңгейі орнатылады. Мәселен электр және жылу энергиясына және тиісті қызметтерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес тарифтер (өнім, жұмыс, қызмет бірлігінің тарифінің белгіленген мөлшері); тарифтердің шекті ең аз және (немесе) ең жоғары деңгейлері белгіленуі мүмкін.

Тұрлаулы баға (тариф) оның өсімі өнеркәсіп өнімінің бағасының Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі болжаған өсімімен аспайтын талаппен белгіленуіге тиіс. Шекті баға деңгейі шығынның жекелеген баптары қатар шектеліп және бастапқы нормаланатын көрсеткіштер қайта қаралып белгіленеді. Табиғи монополиялар субъектілері осы мақсатта өздері жұмсаған шығын жөнінде ҚР Экономика министрлігі мен тиісті республикалық атқарушы билік органдарына ақпарат табыс етуге тиіс, ал аталмыш органдар осы ақпаратты талдап, ҚР Үкіметіне бағалардың (тарифтердің) өсуін шектеуге қатысты шаралар жөнінде ұсыныс енгізеді.

ҚР Үкіметі ішкі нарықта реттелуге тиіс тауарлардың (қызметтердің) тізбесін кезең-кезеңмен бекітіп отырады, мұның өзінде мемлекет реттейтін бағалардың өзіндік салмағы елеулі болмауға тиіс.

Тікелей реттеу әдістерінің арасында амортизация есептеу тәртібінің маңызы артып келеді. Ол шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұдайы өндіріс процесіне, атап айтқанда жұмыс істейтін жабдықты және қолданылатын технологияларды жаңартуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуге тікелей ықпал етеді. Амортизацияның жеделдетілген әдістері күрделі салым объектілерінің қызметі мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді және осылайша оларды озық және тиімділікке жылдам ауыстыру үшін жағдай жасайды. Нәтижесінде мемлекеттің амортизациялық саясаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік инвестицияларына тікелей ықпал етеді.

Мемлекет *мемлекеттік меншікті*, яғни мемлекеттік секторды құрайтын меншікті басқаруы оның экономикаға тікелей ықпал етуінің ең пәрменді әдісінің бірі болып табылады. Мемлекеттік сектор мемлекеттің өндіріске, бөлу мен алмастыруға тікелей қатысуының ұйымдастыру-құқықтық нысандарының жиынтығы деп аталады. Оның негізін мүлікке, оның ішінде мемлекетке толықтай немесе үлестік меншік негізінде тиесілі өндіріс құралдары мен өнімдеріне мемлекеттік меншік құрайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың арқасында мемлекет өзінің функцияларын атқара алады.



Мемлекеттік меншікті басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қазіргі кезеңде жүргізілетін мемлекеттік саясаттың бір бағытына экономиканың өндірістік әлеуетін сақтап, оны өрістету, сондай-ақ әлемдік нарықтағы оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жекешелендіру процесін уақытында жүргізу жатады. Мәселен республикалық мемлекеттік унитарлық кәсіпорындардың қызметінің тиімділігін арттыру, республикалық мүлікті пайдаланудан алынатын табысты арттыру мақсатында ҚР Үкіметі шаруашылық жүргізу құқығына негізделген унитарлық нысандағы кәсіпорындарды тек жекелеген, ерекше жағдайда ғана сақтауға жол беріледі.

*Еңбек нарығының жай-күйі* экономиканың жұмыс істеуінің тиімділігі мен қоғамның әлеуметтік көрсеткіштеріне тікелей ықпал етеді. Сол себептен мемлекет жұмыссыздықтың шамадан тыс деңгейіне жол бермеу, жұмыс күшінің бағасының еңбекақы мөлшеріне және еңбек нарығы жай-күйінің басқа да көрсеткіштерінің барынша сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс күшіне сұраныс пен оның ұсынысының арақатынасын реттеуге тиіс. Мемлекет осы салада тікелей және жанама ықпал ету әдістерін де қолданады.

Тікелей әдістердің арасынан ең алдымен *жұмыс орындарын жасау, кадрларды даярлау мен қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың мемлекеттік мақсатты бағдарламаларын атап өту қажет*. Осы бағдарламалар барлық деңгейдегі бюджеттерден немесе шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесіп қаржыландырылуы мүмкін. Екінші әдіс – халықтың аз қамтылған тобы (мүгедектер, жастар, кәмелетке толмаған жастағы балалары бар әйелдер) үшін *жұмыс орындарын квоталау*. Квоталау өңірлік бюджеттің қаражатының немесе ұйымдардың меншікті қаражатының есебінен қаржыландырылады.

Еңбек нарығын реттеудің ерекше әкімшілік әдісіне *ең төмен еңбекақы нормативін белгілеу мен бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын реттеу* жатады. Ең төмен еңбекақы нормативі жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің әлеуметтік жағынан жол берілетін деңгейіндегі еңбекақының ең төмен шегін білдіреді. Демек, экономиканың кез келген секторының осы кезең ішінде жұмыс нормасын жұмыс істеген және еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындаған қызметкердің нақты айлық еңбекақысы осы нормативтен төмен болмауға тиіс. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес ең төмен еңбекақы мөлшеріне көтерме ақы (қосымша ақы мен үстемеақы, сыйақы мен т.б.); қалыпты жағдайдан басқа жағдайда жұмыс істегені; ерекше ауа-райы жағдайында және радиоактивтік ластанған аумақтарда жұмыс істеген үшін төленетін төлемдер енгізілмейді. Қазақстан Республикасының барлық ұйымдары үшін ең төмен еңбекақының нормативтік деңгейі міндетті болып табылады. Бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын *Бірыңғай тариф сеткасы* арқылы әкімшілік реттейді.

<b>5.9.</b>	<b>Жанама реттеу әдістері мен құралдары</b>

Салық салу жүйесі мемлекеттің экономикаға жанама ықпал ететін ең маңызды құралы болып табылады. Салықтар – бұл мемлекеттік реттеушілер, мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігі олардың іс-қимылының нәтижесінде қалыптасатыны белгілі. Олар мемлекеттік аппаратты ұстау және мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардан міндетті төлем ретінде өндіріледі. Салықтардың мазмұны олардың функцияларын білдіреді.

Мемлекет салық салу жүйесін оңтайландырудың күрделі мәселесінің шешімін табуға міндетті. Салық базасы кең болған жағдайда салық салуда шамалы ғана ставкалар белгілеуге мүмкіндік береді және керісінше, жекелеген салық түрлерінің салық базасы шамалы болса, ставкалар да жоғары болады. Салық базасының белгіленген мөлшерін сақтай отырып, кәсіпкерлер мен инвестициялық процестердің іскерлігін жандандыруға мүмкіндік беретін салық ставкаларын табу қажет екені белгілі, ал кері жағдайда салықтар өзінің функцияларын атқарудан қалады.

Қазақстанда қазіргі кезеңде салық салудың нормативтік базасын ең алдымен Қазақстан Республикасының Салық кодексі құрайды. Салықтар мен жиындар туралы заңнамаға осы Кодекс және соған сәйкес қабылданған салықтар мен жиындар туралы республикалық заңдар, Қазақстан Республикасы субъектілерінің салықтары мен жиындары туралы заңдар және муниципалдық құрылымдық органдардың жергілікті салықтар мен жиындар туралы нормативтік құқықтық актілері кіреді.

*Еңбек нарығын экономикалық реттеу әдістері* мемлекеттің кредит-ақша және салық-бюджет саясатының әдістеріне жатады. Атап айтқанда, жұмыс күшіне сұранысты арттыру үшін мемлекет

банк кредитінің пайыздық ставкасын және шаруашылық жүргізуші субъектілердің табысының салық ставкаларын өзгерту сияқты әдістерді пайдаланады. Кредиттің арзандауы мен табысқа салынатын салық төмендеген жағдайда шаруашылық қызметтің ауқымы кеңейеді, демек, жұмыс орнының саны артады. Мемлекет еңбек ету жағдайы мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне ықпал ете отырып, жұмыс күшінің ұсынысына да жанама ықпал етеді.

Пайдаға салынатын салықты есептеу кезінде ескерілетін *еңбекақыға жұмсалатын шығынды реттеу* де шаруашылық жүргізуші субъектіге ықпал ететін екінші экономикалық ықпал ету әдісі болып табылады.

*Ақша ресурстары нарығын* мемлекеттік жанама реттеу шараларының арасынан *міндетті резервтер нормасы* мен *қайта қаржыландыру ставкасын* атап өту қажет.

Экономикада ақша мультипликаторын төмендету арқылы ақша массасының қозғалысын, банк жүйесінің жалпы өтімділігін реттеу және ақша агрегаттарын бақылау үшін, Ұлттық банк міндетті ақшалай қаражат резервінің нормасын пайдаланады. *Міндетті резервтер нормасы* – бұл коммерциялық банктер мен басқа да кредит мекемелерінің еліміздің Ұлттық банкте депозитінде сақтауға міндетті заңда белгіленген үлесі. Кредиттік ұйымдардың ҚР Ұлттық банкінде міндетті резервті депозитте сақтау тәртібі ҚР ҰБ кредиттік ұйымдардың міндетті резервтері туралы ережеде белгіленген.

Норма банк пассивінің жекелеген баптары бойынша құралатын міндетті резервтер сомасының тиісті баптар бойынша міндеттемелердің мөлшеріне пайыздық арақатынасы ретінде белгіленеді.

Аталмыш резервті кредиттеу үшін пайдалануға болмайды, сондықтан міндетті резерв мөлшері өзгеруі Ұлттық банк ақша мен кредиттің ұсынысын реттеуге, сонымен бірге инфляцияның динамикасына ықпал етуге мүмкіндік береді.

*Кредиттің пайыздық ставкасы* инфляциялық процестің ықтимал дамуының алдын алатын екінші жанама әдіске жатады. Ұлттық банк алдын ала тексеру іс-әрекеті ретінде пайыздық ставканы былайша өзгертеді, яғни егер инфляцияның өсу белгілері пайда болса, онда коммерциялық банктер мен басқа да кредит мекемелеріне берілетін кредиттердің пайыздық ставкасы арттырылады. Банкаралық кредиттің қымбаттау нәтижесінде коммерциялық банктер шаруашылық жүргізуші субъектілерге беретін кредиттің пайыздық ставкалары көтеріледі, осының салдарынан ақша айналысы аясына ақшаның түсуі шектеледі.

Мемлекет *сыртқы экономикалық саясат* ауқымында қолданатын басты экономикалық әдіске *айырбастау бағамын реттеу* жатады. Айырбастау бағамын Ұлттық банк валюталық басқыншылықтың көмегімен, яғни шетел валютасын белгіленген мөлшерде сату немесе оны сатып алудың көмегімен жүзеге асырады. Осындай басқыншылықтың көмегімен шетелдік және ұлттық валютаның сұранысы мен ұсынысының теңгерімділігіне қол жеткізіліп қолданады. Қазақстанның Ұлттық банкі валюталық басқыншылықты теңге бағамының тұрақты динамикасын қамтамасыз ету, валюта нарығының күрт ауытқуына қарсы іс-қимыл жасау үшін ойдағыдай пайдаланады. Осы әдіс мінсіз болмаса да оның арқасында біршама қысқа уақыт мерзімі ішінде теңгенің бағамын реттеу мақсатына жетуге болады.

Ұлттық банк жүргізетін *ашық нарықтағы операциялар* арқылы мемлекет шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне жанама ықпал етеді. Мұның өзінде мемлекет бағалы қағаз эмитентінің рөлін атқарып қор нарығының құрылымына тікелей ықпал етеді. Мемлекеттің осы қызметінде мемлекеттің ақшалай қаражатқа қажетін қосымша эмиссиясыз (қамтамасыз етілмеген) қамтамасыз етуге және сырттан қарыз тартуға тырысады. Қазақстанның Ұлттық банкі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға қаражат тарту үшін осы әдісті ойдағыдай пайдаланады.

Жер мен басқа да табиғи ресурстарға монополия алынғаннан кейін олар сату-сатып алу және азаматтық-құқықтық мәміле объектісіне айналды. Осының нәтижесінде *табиғи ресурстарды пайдалану төлемін* белгілеу қажет болды. Төлемнің табиғи ресурстардың (жер, орман, су, жер қойнауы мен басқалар) төлемі және қоршаған табиғи ортаны ластағаны және басқадай ықпал ету үшін төленетін төлем деп аталатын екі түрі болады.

Төлемнің бірінші түрі тиісті табиғи-ресурстық заңнама актілерінде белгіленеді және ол табиғи ресурстарды белгіленген лимит шектерінде пайдалану, табиғи ресурстарды лимиттен тыс және ұтымсыз пайдалану, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұдайы өндіру мен қорғау құқығы үшін өндіріледі. Төлемнің ережелері мен ставкалары оның түріне орай республикалық деңгейде белгіленеді және Қазақстан Республикасының субъектілерінде сараланады.

ҚР Жер кодексіне сәйкес *жер салығы* (жылжымайтын мүлік салығы қолданысқа енгізілгенге дейін) мен *жалға алу төлемі* жерді пайдалану төлемінің нысаны болып табылады. Жер салығын есептеу және оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салықтар мен жиындар туралы

заңнамасында белгіленеді. Жер салығының мөлшері жердің меншік иесінің, жерге иеленушілердің, жерді пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты және жер көлемінің бірлігі үшін бір жылға шағылған тұрақты төлем түрінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасында су объектілерін пайдалану үшін төлемдер жүйесі қарастырылған, оған *су объектілерін пайдалану төлемі (су салығы), су объектілерін қалпына келтіру мен қорғауға жұмсалатын төлем* кіреді.

*Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық реттеу әдістеріне, қоршаған ортаға келеңсіз ықпал ету үшін төлем белгілеу; ластайтын заттар мен микроорганизмдерді тастау мен лақтыру лимитін белгілеу, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру және қоршаған ортаға келеңсіз ықпал етудің басқа да түрлерінің лимитін; қоршаған ортаға келтірілетін залалды белгіленген тәртіппен өндіру* жатады.

Қоршаған ортаға келеңсіз ықпал ету төлемін есептеу және оны өндіру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Экспорттық-импорттық тауар ағынын квоталауды, әдетте, мемлекеттің *сыртқы экономикалық саясатындағы* мемлекеттік жанама ықпал ету әдісі – *кедендік-тарифтік реттеу* толықтырады. Бұл жерде міндетті жарна – бұл іс жүзінде шекара арқылы өткізілетін тауарлар, құндылықтар мен мүлікке салынатын салық пен кеден бажы негізгі реттеуші. Кеден бажын кеден органдары кеден *тарифінде* көзделген ставкалар бойынша өндіреді. *Тариф* тауарлар бойынша жүйеленген *кеден баждары ставкаларының жиынтығын* (өңдеу дәрежесіне байланысты) білдіреді.

Экономиканы реттеудің нормативтік-құқықтық базасын мемлекеттің экономикалық саясатының өзгерістеріне бейімдеу үшін жалпы пысықтап және ұдайы жаңарту қажет. Әлемдік мемлекеттік реттеу тәжірибесі экономиканың дамуына орай экономикалық әдістер қолданылатын аяның кеңейіп, мемлекеттің экономикалық жүйеге өкімдік етіп араласу мүмкіндігі тарылып келетінін көрсетеді. Қазақстан экономикасының қазіргі кезеңінде негізінен жанама реттеу әдістерін пайдаланатын мемлекеттік реттеу жүйесі қалыптасып келе жатыр.

<b>5.10.</b>	<b>Ғаламдық қаржы дағдарысы және ҚР Үкіметінің оны еңсеру жөніндегі іс-шаралары</b>
--------------	-------------------------------------------------------------------------------------

Соңғы 200 жылдың ішінде кезеңді дағдарыстар өзінің тереңдігі мен нысанын өзгерте отырып, капиталистік нарықтық экономиканы үнемі күйрететіні белгілі. Қазіргі кезеңде белең алып отырған дағдарыс аяқ асты пайда болып, әлемге кең таралып, терең бойлады, оның шығу тегі мен ауқымы да өзгеше болды. Қалыптасқан жағдайда мемлекет дағдарыстың салдарын бейтараптандыру, оның ықпалын төмендету үшін қыруар ресурс жұмсап, өзінің рөлін күрт арттырды.

Осы ірі экономикалық құбылыс өзін экономикалық өзара байланысы терең әрі күшті шын мәнінде ғаламдық құбылыс екенін көрсетті. Халықаралық еңбек жаңаша бөліне бастады, осының нәтижесінде өңірлердің шиеленісті бәсекесінің барысында өңірлер әр түрлі салаларға мамандана бастады. Әлемнің барлық елдері ортақ экономикалық өзара байланыстармен тығыз байланысты болды. Мысалы, американо-қытай сауда-экономикалық ықпалдастығы осы мемлекеттердің бұрыннан бері бір-бірін ұнатпайтынына қарамастан олардың арасындағы сауда ықпалдастығын бұзу мүмкін емес және елдер күннен-күнге бір-біріне тәуелді бола бастады. АҚШ-қа арналған қытайландырылған өндіріс және Қытай үшін американдырылған сұраныс қалыптасты десе болады.

Дағдарыс қаржы нарығында пайда болған үйлесімсіздіктен пайда болды. Нақты тегінен айырылған, бірнеше рет жасалған туынды қаржы трансакциялардың нәтижесінде жинақталған ақшалай қаражат виртуалды түрде ғана болса да қыруар ақша ресурсы әлемдік экономикаға елеулі нұқсан келтіреді. Кепілхатты, бағалы қағаздарды тәуекелден қайта сақтандырудың және олардан пайда алудың орасан зор көп қабатты әрі көп сатылы жүйесі қалыптасты. Нәтижесінде әр түрлі бағалы қағаздарды ұстаушылар – «тәуекелдердің қожайындары» орта арадағы буындардың көп санының болуына байланысты бастапқы кепілхатпен байланысты жоғалтты. Халықаралық есеп айырысу банкінің деректері бойынша 2008 жылдың маусымында туынды қаржы құралдарының (деривативтердің) жалпы шартты құны 684 триллион долларды құрайтын сомаға жетті. Жасанды ақшамен шексіз айлашарғы жасау барысында әр түрлі

қызықтыратын шаралар ойлап табуға болады және оларды белгілі қаржыгерлердің өздері де пайдаланады. Қаржы пирамидасын құрып, инвесторларға 50 млрд доллар залал шектірген Насдак (NASDAQ) қор биржасының бұрынғы төрағасы Роберт Мэддофтың тұтқынға алынуы осыны растайды.

Тұрақсыздық жағдайында ақша үй сейфінен немесе бұдан сенімді консервативтік қаржы ұйымдарынан сенімді пана іздейтін болды. Экономикалық залалға жататын осы ақшаның кетуі ипотекалық кредиттен шегілген тікелей ысыраптан бірнеше рет асып түсті. ХВҚ ақшаның кетуінен шегілген залалды 3,8 трлн долларға бағалады, бұл нақты ысыраптан он есе көп. Ал жалпыәлемдік дағдарысқа қарсы шаралардың көлемі қазірдің өзінде 9,2 трлн долларға теңелді. Нәтижесінде өтімділіктің мөлшері күрт азайып, ықтимал тәуекелден асыра сақтандырудың арқасында бұрынғы клиенттердің көпшілігі өтімділікке зәру бола бастады. Экономиканың кредит ресурстарын пайдаланатын салалары, ең алдымен құрылыс компаниялары тіршілік ететін қаражатсыз қалды. Ипотекалық дағдарыс төлеуге қабілетсіздердің борышкерге айналуымен емес, инвесторлардың күннен-күнге қаржылық жағынан тұрақсыз болуымен және осының салдарынан салымшыларды үрей билегенімен байланысты туындады.

Дағдарыс толқыны әлемдік экономикалық кеңістікті бойлап, осының салдарынан АҚШ, ЕО, Жапония және әлемнің басқа да жетекші экономикаларында өндіріс көлемінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Өсу қарқыны баяулап, жұмыссыздық көбейді, инфляция шарықтап, тұтынушылық сұранысы төмендеді, ал осының барлығы жалпыәлемдік экономиканың қысқаруына себеп болды. Экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы 1970 жылдан бастап соңғы он жылдағы көрсеткіштерден асып түседі. Дамыған елдердің үкіметтері қолданған шаралар экономикалық өсу қарқынының төмендеуіне ешқандай қолдау көрсете алмады.

Дағдарыс құбылыстары көптеген дамушы елдерде белең алуда. Дамыған елдерде өндірістің түсуі мен қысқаруынан дамушы елдер өндіретін шикізатқа, оның ішінде мұнайға деген сұранысты төмендетіп, тауарлар мен қызметтер өткізетін нарықтарды азайтты, сонымен бірге осы елдердегі ірі компаниялардың филиалдары да көптеп жабылды. Мұнай өндіру қарқыны төмендесе де мұнай бағасының екі есеге түсуі әлі де жалғасуда, ал мұнай өңдейтін елдер тәулік сайын 2,8 млрд доллар жоғалтып отыр.

Дағдарыстың осы кезеңінде шикізат пен тауарлардың экспортына тәуелді елдердің бюджетті толықтыру мен өздерінің даму бағдарламаларын іске асыруда айтарлықтай қиындықтармен бетпе-бет келуде. Үндістанда экспорттың көлемі 12%-ға қысқарып, Қытайда импорт 18%-ға түсті. Өндірістің түсуінен жұмыс істейтіндердің саны қысқарды, әлеуметтік проблемалар да шиеленісіп, қоғамдағы саяси ахуал нашарлады. Соңғы деректер бойынша 155 миллионға жуық адам кедейшілікті қайтадан бастан кешіруде, дамушы да, сонымен бірге дамыған мемлекеттердің халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмсаған көп жылғы күш-жігері зая кетті.

ЭЫДҰ сарапшыларының ойынан кейін әлем қаржы-экономикалық тұрақсыздық дәуіріне аяқ басуда. Көптеген елдер 80-жылдардың экономикалық құлдырау кезеңін қайтадан бастан кешіріп отыр деген қорытынды жасауға болады. ЭЫДҰ-ге мүше 30 елде қысқарту деңгейі 0,4%-ға, ал 2010 жылы экономика 1,5%-ға өседі деп болжанып отыр. Сөйтіп, АҚШ-тағы құрылымдық дағдарысы, Жапония мен ЕО-ғы циклдік, дамушы елдерде – шикізат, Қытай мен Үндістанда – тауарды қайта өндіру туындатқан ғаламдық дағдарысты еңсеруге тиіспіз.

Ғаламдану жағдайында әлемдік дағдарыс құбылыстарының ұлттық экономикаларға жасайтын ықпалы күшейді. Әлемдік шаруашылықтарға тартылудың күшеюіне байланысты көптеген елдерге сырттан жасалатын ықпал тіптен де күшейе түсті. Осыған байланысты Қазақстан әлемдік экономиканың бөлігі ретінде оның аясына толықтай килігуі де мүмкін. Экономиканың соңғы жылдардағы жоғары динамикасына қарамастан 2007-2008 жылдары негізінен құрылыс-ипотекалық және қаржы секторында байқалған құлдырау әжептәуір сезілді. Осы құлдырау әлемдік қаржы нарықтарындағы өтімділіктің ауыр дағдарысымен бірте-бірте қабаттасып, осының барлығы шикізат тауарларына сұраныстың төмендеуі, олардың бағаларының күрт түсуі, жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендеуі сияқты құбылыстармен қабаттасты. Осының барлығы экономикалық өсудің қарқынына ықпал етті. Егер 2000-2006 жылдар аралығындағы кезеңде ЖІӨ-нің өсу қарқыны ең жоғары көрсеткішке – 10,2%-ға жетсе, 2007 жылы осы көрсеткіш – 8,5%-ды, ал 2008 жылы осы көрсеткіш бәлкім – 4%-ға, мүмкін тіпті одан да төмендеуі де ықтимал. 2009-2010 жылдарға арналған болжам бұдан да төмен.

Еліміз алып-сатарлық капитал ауқымына тартылып, тұрғын үй нарқы жылдам көтеріліп біраздан кейін төмендеді, ал осы секторға тартылған инвестициялар банктердің сол жағдайдағы қызметімен орайластырылды. Өтімділік тапшылығының ауқымы болжанған тапшылықтың

мөлшерінен әлдеқайда асып түсті, сонымен бірге тәуекелдер де толық шамада ескерілмеген болып шықты.

Банктер өтімділік дағдарысын күтпеген болатын. Осының салдарынан банк жүйесінің көрсеткіштері нашарлады. 2008 жылдың 9 айында банктер алған пайда өткен 2007 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 2,5 есеге азайды. Проблемалық кредиттер мен мерзімі өтіп кеткен берешектердің үлесі артты. Банктерге құрылысшылар 2007 жылы 7,8 млрд теңге қарыз болса, 2008 жылы борыштың мөлшері 52,1 млрд теңгеге жетті, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары – 6,2 млрд, металлургия кәсіпорындары – 3,9 млрд, ауыл шаруашылығы саласы – 4 млрд теңге қарыз болды.

Еліміз алатын табысынан артық қаражат жұмсайтын болды. ҚР Ұлттық банкінің бірінші кредит бюросының (БКБ) деректері бойынша еліміздің кредит жүйесіне 3455 мың адам немесе экономикалық белсенді халықтың 42%-ы тартылған. БКБ-дің қорытындысы бойынша республикада кредиттік дағдарыс жоқ, кредиттік дағдарыс қайта кредиттеу саласында бар. Сол деректер бойынша бір заңды тұлғаға шаққанда 14 кредит келеді екен, тіпті 600 кредиті бар фирмалар да жоқ емес. Құрылыспен, құрылыс материалдары өнеркәсібімен қатар тәуекелді салалар қатарына сауда, ауыл шаруашылығы, мұнай-химия және металлургия өнеркәсібі де жатқызылды. Бөлшек сауда секторында ипотекалық кредиттеу-ге сұраныстың одан сайын төмендегені және тұтынушылық кредиттеуге деген сұраныстың шектелгені байқалады. Халық алған қарызға қызмет көрсетумен байланысты қиындық көруде. Осының барлығы бірге көрсеткіштерге және әрине, банк секторының жағдайына келеңсіз әсер етеді. Мамандардың ойынша келешекте қаржы нарығынан жекелеген банктердің кетуі ықтимал, ал осы саладағы монополияның деңгейі жөніндегі мәселе әлі де шешімін таппай отыр. Барынша жоғары табыс алуға ғана мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілерге берілуі мүмкін емес банк қызметін тым шоғырландыру еліміздің экономикалық қауіпсіздігінің тәуекелін арттырады.

Шикізат тауарларына – мұнай мен металдың және руданың бағасы мен оған деген сұраныстың құлдырауы еліміз үшін елеулі проблемаға айналып отыр. 2007 жылы минералдық-шикізат өнімінің экспорты сыртқы түсімнің 70%-ға жуық пайызын қамтамасыз етіп, 47,7 млрд доллар түсімнің 33,3 млрд долларын құрады. Шикізатқа деген сұраныстың түсуі оның өндірісінің, демек осы өндірісте жұмыс істейтіндердің санының қысқаруына әкеп соқтырады. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде 193 мың адам жұмыс істеп, олардың айлық орташа еңбекақысы 45,4 мың теңгені, ал жылдық табыс – 105,2 млрд теңгені құраған болатын, ал өндіріс 20-30%-ға түскен жағдайда кедейшіліктің ауқымын елестетудің өзі қиын.

Ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыстың негізгі белгілері мен оның Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасында байқалу нысанының ерекшеліктерін осылай сипаттауға болады.

Дағдарыстың алғашқы белгілері білінбестен бұрын республика басшылығы бірқатар алдын алу шараларын қабылдады. Өзірленген және іске асырылған іс-шаралар өзінің жемісін әкелді. Бұған еліміздің 47 млрд доллар мөлшеріндегі алтын-валюта резервтері мен депозиттердің ұлғайып келе жатқан көлемдері де ықпал етті. Проблемалар белең ала бастаған сәттен бастап депозиттер нарығында тұрақтандырушы рөл атқаратын салымдарды сақтандырудың нормалары арттырылды. 2007 жылдың күзінен бастап мемлекеттік бюджеттен 550 млрд теңге (4,6 млрд долл.) бөлінді. Құрылыс салушылар екінші деңгейдегі банктер арқылы 184,7 млрд теңге (1,3 млрд доллар), агроөнеркәсіп кешені – 135 млрд доллар (1,1 млрд доллар) алды.

Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығы мен қаржы нарықтарын реттеу және қадағалау агенттігі бірлесіп қабылдаған жоспарда (Дағдарысқа қарсы бағдарлама) тұрақтандыру шараларының көлемі 2172 млрд теңгеге (18,1 млрд долларға) жетті. Ұлттық қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын дағдарысқа қарсы іс-шаралардың негізгі блогына мына бағыттар кіреді:

Қаржы секторын тұрақтандыру (4 млрд долл.).

Тұрғын үй секторын дамыту (3 млрд долл.).

Шағын және орта бизнесті қолдау (1,5-2 млрд долл.).

Агроөнеркәсіп секторын дамыту (1 млрд долл.).

Инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру (1 млрд долл.).

Ұлттық банктің міндетті резервту нормасын төмендету есебінен екінші деңгейдегі банктер ресурстық базаны 350 млрд теңгеге (2,9 млрд долларға) арттырды, салық деңгейін төмендету есебінен бизнес үшін 500 млрд теңге босады (4,2 млрд доллар). Стрестік активтің 122 млрд теңге (1 млрд доллар) көлеміндегі қоры құрылды. Жалпы дағдарысқа қарсы іс-шаралардың көлемі 22,7

млрд долларды немесе ЖІӨ-нің 17%-ға жуығын құрайды, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Бірлескен жоспарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, макроэкономикалық теңгерімділікті қолдау, сондай-ақ экономикалық өсу мен ағымдағы жағдайға байланысты іскерлік белсенділікті ынталандыру қарастырылған. Атап айтқанда дағдарысқа қарсы бағдарлама ауқымында жұмыссыздың өсуіне жол бермеу әлеуметтік басымдық ретінде анықталған. Экономикалық жағдайдың күрделі болуына орай 2009 жыл халықты жұмыспен қамту, халықтың аз қамтылған топтарын қолдау жылы болып жарияланды. Ең қарапайым міндет – 2009 жылдың басында экономикалық белсенді халықтың санының 6,7%-ын құраған жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу, ал ең күрделі міндеті – жаңа жұмыс орындарын құру.

Республика басшылығының ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарысты еңсеру жөніндегі іс-қимылының ішінен ұлттық валютаны құнсыздандыру сияқты мәжбүрлі, алайда өте қажетті шараны атап өту қажет. Әлемнің көптеген мемлекеттері валютаны құнсыздандыруды дағдарысқа қарсы құрал және дамуға жаңа динамика беретін тәсіл ретінде қолданды және әлі де қолданып келеді. Қазіргі дағдарыс жағдайында көптеген елдер өзінің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін өзінің валютасын құнсыздандырды. Қазақстан үшін де бұл шара өте маңызды, өйткені қаржы дағдарысының ықпалымен негізгі экспорттық тауарларға сұраныс төмендеді, осының салдарынан экспортқа тауар жіберетін ірі кәсіпорындар өндірістік-инвестициялық жоспарларын қысқартып, қызметкерлердің санын азайтуға мәжбүр болды. Ішкі нарықта теңгедегі шығын (долларға қатысты) әжептәуір артып, импорт алмастыру өндірістің даму мүмкіндігіне келеңсіз ықпал етті. Осы саясат сақталған жағдайда экономикадағы тоқырау одан әрі жалғасатын еді.

Халық үшін ақшаның құнсыздануының жақсы да, сонымен бірге жаман да жағы бар. Жаман жағы халық ұлттық валютада сақтайтын қолма-қол ақша резерві мен депозиттерінің құнының елеулі бөлігі жоғалтты, ал екінші жағынан, доллар нысанындағы жинақ ақшаның теңгедегі құны айтарлықтай өсті. Сонымен бірге ақшаның құнсыздануы қолда бар резервтерді сақтауға көмектеседі, өйткені онсыз мемлекет теңгенің бағамын қолдау үшін алтын-валюта бағамын қолдауға жұмсап, осының салдарынан келешекте осы резерв таусылғанда ұлттық валюта бағамының бұдан да төмен түсуіне әкеп соқтырар еді.

Белгіленген төлемдердің (бюджет қызметкерлері, зейнеткерлер, аз қамтылған азаматтар) есебінен өмір сүретін халықты қолдау үшін 2009-2011 жылдардың бюджетінде олардың табысын жыл сайын арттыруға қаражат қарастырылған. Үкіметке қазақстандықтардың осы санатының өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жол бермеу үшін бюджеттің баптарын қосымша қарау тапсырмасы берілді. Тұтынушылар нарығындағы бағаларды реттеу жөніндегі шаралар күшейтіліп, халық тұтынатын тауарларды жеткізушілер мен дистрибьюторлардың алдына бағаларды орынсыз өсірмеу міндеті қойылды.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Гетеродоксальдық бағдарлама*  
*Ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыс*  
*Дискрециялық саясат*  
*Квоталау*  
*Лицензиялау*  
*Дискрециялық емес саясат*  
*Ортодоксальдік бағдарлама*  
*Өнеркәсіптік саясат*  
*Экономикаға ықпал етудің тікелей және жанама ықпал ету әдістері*  
*Сертификаттау*  
*Тұрақтандыру саясаты*  
*Стандарттау*  
*Ынталандыру саясаты*  
*Саясаттың құрылымы*  
*Мемлекеттің экономикадағы функциялары*

# Қазақстан ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҮЛГІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

6.1.	Экономикалық және әлеуметтік дамудың біртұтастығы
------	---------------------------------------------------

Жаңа экономикалық жүйенің қалыптасу барысында, оның әлеуметтік-экономикалық мақсаттары мен ел азаматтарының ахуалына, экономикалық және әлеуметтік дамудың арақатынасына, әлеуметтік проблемалардың мәні мен оны шешу жолдарына, өмірдің әлеуметтік құрылымының ұлттық үлгісі мен әлеуметтік саясаттың негіздеріне қатысты мәселелер шешімін міндетті түрде табуға тиіс.

Экономика және оның дамуы жеке адамның мақсаты емес. Біріншіден, экономика адамдардың, әрбір адамның тағдырымен әрі мақсатымен ажырамастай әрі тығыз байланысты. Адам – өнім жасау мен басқа да қызмет нәтижесін иемдену жөніндегі экономикалық қызметке тікелей қатысушы болуымен байланысты. Екіншіден, қоғам мүшелері сонымен бірге қызмет факторлары мен нәтижесінің меншік иесі болып табылады, сондықтан олар меншік иесі ретінде игілікке ие болуда өздерінің мүдделерін білдіреді. Үшіншіден, қоғамның барлық мүшелері бөлу және қайта бөлу нәтижесінде өздеріне жететін игіліктерді пайдаланады. Адамдардың даму, тұтыну мүмкіндіктері олардың өздері алатын табыспен шектеледі. Төртіншіден, қоғам мүшелерінің экономикалық қызметінің нәтижелері экономиканың шектерінен тысқары да сезіледі – әлеуметтік ортаның дамуы, зейнетақының, жәрдемақының мөлшері экономикада қол жеткізген нәтижелермен тікелей байланысты. Демек, экономика өзінің мәні бойынша әлеуметтік сала, ал ел азаматтары – экономикалық процестің барлық кезеңдеріне міндетті түрде қатысушы болып табылады.

Алайда экономика мен әлеуметтік дамудың байланысы бұдан да тереңнен басталады. Өйткені адамдар экономикалық қатынастардың да, сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік қатынастардың да мәніне бір уақытта субъектілер ретінде кіреді. Осыны түсіну үшін меншіктің тегінің және қоғамдық институттардың іс-қимылының, нормалары мен ережелерінің ерекшеліктерін білу қажет.

Меншік қатынасының құрылымы күрделі болады. Біріншіден, адам затпен, мүлікпен, игілікпен өзінің немесе бөтен затпен сияқты қатынас немесе объектілік-субъектілік қатынас жасайды. Екіншіден, ол өзінің сол немесе зат меншігіне қатысты басқа адамдармен қатынас немесе субъектілік қатынас жасайды.

Нәтижесінде экономикалық қатынастармен қатар адамдардың арасындағы әлеуметтік қатынастар, яғни олардың бір-бірімен жасайтын қатынасы адамдардың қоғамдағы мәртебесі, игілік, табыс алу мүмкіндігі де өзгереді. Экономикалық және әлеуметтік билік пен қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгереді. Демек, экономикалық өзгерістер әлеуметтік бір уақытта өзгерістер сияқты болып көрінеді.

Адамдардың қатынасының экономикалық субъектілердің қатынасы мен сонымен бірге әлеуметтік қатынастар субъектілері ретіндегі екі жақты тегі меншік қатынасындағы емес, сонымен бірге институционалдық құрылымдарда іске асырылады. Экономикалық қатынастардың сипаты мен мазмұнын дәстүрлер, қоғамдық және саяси ережелер мен нормалар қалыптастырған жағдайда адамдардың экономикалық және әлеуметтік қызметінің байланысы кері сипатта да қалыптасады. Бұл әсіресе құқықтық реттеуде әсіресе байқалады. Сөйтіп, экономикалық және әлеуметтік дамудың ішкі мазмұны біртұтас. Осы біртұтастық қоғамдық даму тараптарының қарапайым өзара байланысы емес, оны қоғамның екі әр түрлі экономикалық және әлеуметтік саласының өзара байланысы қолдайды.

Осы өзара байланыс жөнінде айтатын болсақ, осы саланың әрқайсысы біршама дербес және өзінің заңдылықтарына сәйкес дамиды. Сұраныс пен ұсыныстың, ақша айналысының, жеке ұдайы өндірістің, қоғамдық үйлесімдердің және т.б. өзгерісі экономикалық заңдылықтарға бағынады. Сонымен бір уақытта қоғамдағы әлеуметтік құрылымның, адамның даму мен т.б. өзгеру заңдылықтары олардан өзгеше және олардан тәуелсіз болады. Осы заңдылықтар бір-бірімен

үйлеспейді. Экономикадағы өзгерістер мен әлеуметтік саладағы өзгерістер сәйкес келмейді және бір-бірімен сәйкес келе алмайды. Бір жағынан, нарық заңдылықтарына сәйкес өндірушілерді, дәрменсіз өндірушілердің банкроттығы, байлық пен нарықтың кемшіліктерін жою талабына ғана жауап беретін ең аз табыс, мемлекеттің араласу деңгейіндегі айырмашылықтар саралануы тиіс. Екінші жағынан, бүкіл халықтың күн көру үшін жеткілікті табыс деңгейі болуы тиіс, халық жұмыспен қамтудың белгіленген деңгейімен қамтамасыз етіліп, ерлер мен әйелдер тең құқықты болуда, сапалы білім алуы тиіс, ал мұның өзі нарықтың осы сияқты заңдарымен қарама-қайшы келеді. Бұл ретте адамдардың мүдделерін қозғайтын кез келген экономикалық іс-әрекетке олар тиісінше жауап ретінде әрекет жасауы мүмкін. Әлеуметтік өмірдің заңдарын ескермей әлеуметтік өмірде нарық қағидаларын жүйелі түрле қолданған жағдайда экономикалық және әлеуметтік даму еріксіз қарама-қайшы келіп, қоғамда әлеуметтік және саяси тұрақсыздық белең алып, ең соңында экономикалық және қоғамдық дағдарыс туындайды. Осыған қарап, әлеуметтік саланың дербес заңдылықтары ескерілмеген «таза» экономикалық тәсілдеме заңсыз ғана емес, сонымен бірге қате деп айтуға болады.

Айтылғанның негізінде әлеуметтік өзгерістердің нарықтың заңдылықтары мен өлшемдеріне бір жақты бағынуы теориялық та, сонымен бірге практикалық жағынан да орынсыз болып табылады. Демек, әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу, экономика мен қоғамның ойдығдай дамуы үшін экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді теңдестіріп, үйлестіріп, біртұтас қарастыру қажет.

<b>6.2.</b>	<b>Әлеуметтік тұрақты экономикалық дамудың мәні</b>

XXI ғасырдың басындағы қазіргі заманғы экономика әлеуметтік жағынан тұрақты дамып, қоғам азаматтарының әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарып келеді.

Әлеуметтік жағынан тұрақты, орнықты экономика қалыптастыру қазіргі кезеңдегі экономиканың негізгі міндеті мен мақсатына айналып отыр. Осы міндет пен мақсатқа жетуге бірнеше себеп бар.

Біріншіден, технологиялық жағынан экономика бір-бірін өзара толықтыратын қазіргі заманғы күрделі өндірістік, техникалық, қаржы және ақпараттық жүйенің жиынтығынан құралады. Қоғамдағы барлық салалар тереңдеп, өзара байланысқан кезеңде әлеуметтік тұрақтылықтың рөлі артады, сол себептен әлеуметтік тұрақсыздық барлық экономикалық процестер тізбегінің бірте-бірте бұзылуына әкеп соқтыруы ықтимал. Индустриялық даму кезеңіндегі өзгерістермен салыстырғанда осы салдарлар экономиканың әр түрлі салаларын қамту дәрежесі, жылдам таралуы мен қоғам шегетін тікелей экономикалық ысыраппен салыстырғанда едәуір көп шығын әкеледі. Экономикада мұндай қауіпті жағдайлар әр кезде туындауы мүмкін, ал XIX, XX және XXI ғасырда орын алған әлемдік дағдарыстардың тәжірибесі осыны растайды. Алайда қазіргі кезеңде дағдарыстардың күйрететін салдары бірнеше рет артты және экономиканың бір саласындағы дағдарыс ғаламдану жағдайында өте қысқа уақытта бірқатар елдің экономикасын күйретіп, әлеуметтік және саяси дау-дамай тізбегін туындатуы ықтимал. 1998 жылы Азияның бірқатар еліндегі қаржы дағдарысы, сондай-ақ 2007 жылдың тамызында басталған әлемдік қаржы дағдарысын осының мысалы ретінде келтіруге болады.

Екіншіден, экономикада адам факторының маңызы күрт артты. Жаңа тарихи жағдайда адами капитал рөлінің артуына байланысты экономикада еңбек пен адамның атқаратын негізгі рөлі көтерілді. Қазіргі заманғы жоғары технологиялық экономика, ақпараттандыру адамның дамуына, қауіпсіз және қолайлы еңбек және демалу жағдайына, коммуникация тәсілдеріне және т.б. ірі салым жасауды қажет етеді. XX ғасырдың екінші жартысында адами капиталға қомақты қаржы жұмсалды. Адам факторының және жаңа экономиканың сипатының рөлінің артуына байланысты адамның ұдайы өндірісі саласы мен тұтыну саласында қыруар ресурстар тартылды. Осының нәтижесінде қоғамдық өнім құрамында қызметтер өседі және ұлттық байлықта халық жинақтайтын мүлік пен адами капитал ұлғаяды. Адами капиталдың азаюын қысқа мерзім ішінде жаңа тауар, техника және т.б. шығару жолымен өтеуге болмайды. Адами капиталдың ұдайы өндірісі – экономикалық және әлеуметтік процестердің күрделі әрі ұзақ уақыт ішіндегі бірлескен өнімі. Ол даму мен экономиканың және адамдардың өмірінің барлық әлеуметтік жағдайының нәтижесі болып табылады. Осының салдарынан әлеуметтік тұрақсыздық осы негізгі ресурстың



ұдайы өндіріске ғана емес жалпы экономиканың ұзақ мерзім бойы тиімділігіне де тікелей қауіп төндіреді.

Әлеуметтік тұрақты экономиканың сыртқы белгілері мен оның экономикалық мәнін ажырата білу қажет.

Экономика өрістеп дамыған жағдайда әлеуметтік тұрақтылық орнап экономика орнықты болады. Қоғамдық өнім үнемі өсіп табиғи жұмыссыздықтың төмен деңгейі, төмен инфляция, тұрақты бағалар мен басқа да экономикалық факторлар әрбір нақты кезең ішінде халықтың өмірінде, оның табысын, негізгі игіліктерді тұтынуды, қоғамдық игілікке және т.б. жетуде нақты тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Алайда әлеуметтік тұрақты экономиканы сипаттағанда бірқатар себеп бойынша аталған белгілермен шектелуге болмайды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер қысқа немесе орта мерзім бойы тұрақты болуы мүмкін. Өндіріс тіпті қысқа мерзімге түсіп, инфляцияның деңгейі өскен жағдайда азаматтардың орнықты жағдайы бұзылып, жалпы экономикадағы дағдарыс тереңдеуі мүмкін.

Болашақ буыннан қарыз алу есебінен азаматтардың жағдайы мен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді тұрақтандыруға болады. Мемлекеттік борыш ұлғайған жағдайда белгіленген кезең бойы ұлттық валютаның бағамын, игілік тұтыну деңгейін қолдауға болады, алайда кейін мемлекеттік борыштың төлемі түскенде халықтың өмір сүру деңгейі бәрібір төмендейді.

Қоғамда игілік пен қызметтерді тұтынудың жалпы көрсеткіштері ұзақ уақыт бойы және табыс теңсіз бөлініп, көлеңкелі экономика өскен жағдайда өзгермеуі де мүмкін. Осындай дамудың нәтижесінде әлеуметтік қарама-қайшылықтар бірте-бірте қордаланып, қоғамда тұрақсыздық, азғындаушылық пен қайыршылық орнайды. Осының салдары елдің әлеуметтік тұрақты экономикалық өсуінің әлеуеті мен оның келешекте өсу мүмкіндігін тежейді.

Өмір сүру ортасы, экологиялық өмір сүру жағдайы нашарлаған кезде де экономика өсіп, халықтың әл-ауқаты жақсаруы мүмкін, ал мұның өзі экологиялық азғындаушылыққа, халықтың денсаулығының нашарлауына, сонымен бірге келешек ұрпақтан қарыз алуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Әлеуметтік жағынан орнықты экономикада әлеуметтік орнықтылық пен әл-уақыттың өсуі қысқа немесе орташа уақытқа жалғаспайды, халықтың және қоғамның әл-ауқаты ұзақ уақытқа жақсарады. Басқаша айтқанда, экономиканың осындай ахуалы үнемі сақталуы тиіс.

Әлеуметтік тұрақтылық қоғамның орнықты әлеуметтік және экономикалық дамуын ұдайы қолдау қабілетіне орай қалыптасады.

Әлеуметтік тұрақтылық – экономика мен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының үнемі сақталуы.

XX ғасырдың соңында тұрақты адами даму тұжырымдамасы кең таралды. Осы тұжырымдама, адами даму тұжырымдамасына негізделіп отырып, экологиялық фактор мен кедейшілік проблемасына ерекше назар аударады. 1994 жылы БҰҰ даму бағдарламасы үшін дайындалған «Адами даму жөніндегі есепте»: «Тұрақты адами даму дегеніміз экономикалық өсуге ғана емес, сонымен бірге оның нәтижелерінің әділ бөлінуіне, сондай-ақ қоршаған ортаны бүлдірмей, оны қалпына келтіретін және адамдарды мейірімсіз орындаушыға айналдырмай олардың жауапкершілігін арттыратын даму деген анықтама ұсынылады. Дамудың осы түрі ең алдымен кедейлерге, оларды мүмкіндігін арттыруға айрықша көңіл бөледі және олардың өміріне ықпал ететін шешім қабылдауға олардың өздерінің қатысуын қамтамасыз етеді. Осындай даму – адамдар үшін, табиғат үшін, жұмыс орнының саны көбейіп, әйелдердің қоғамдағы жағдайы жақсару үшін де қажет». Осы даму түрімен салыстырғанда экономика тұрақты дамыған кезде қоғамның алдына біртұтас әлеуметтік-экономикалық процестің екі қырының, яғни экономикалық және әлеуметтік дамуының өзара байланысын қарастыратын мәселе қойылады.

Әлеуметтік тұрақты экономиканың жағдайлары мен негіздерін ажырата білу қажет.

Экономикалық жағдайда әлеуметтік тұрақтылық орнау үшін қоғамдық өндіріс халық санының өсуіне орай ұлғаюы және экономиканың тиімділігі де көтерілуі тиіс. Өзге тең жағдайларда мұның өзі өндіріске жаңа ресурстар тартылған жағдайда да халықтың тұрақты тұтыну деңгейін қамтамасыз етеді, ал тұтынудың шектелуін өндіріске жаңа ресурстарды тарту арқылы ғана еңсеруге болады. Осы талаптарды жүзеге асыру өте қиын, өйткені тиімділіктің өзгеруі – бірқатары экономикамен тікелей байланысты емес факторлардың (ресурс өндіру шарттарының нашарлауы, саяси циклдер, табиғи зілзалалар және т.б.) іс-қимыл жасауымен байланысты. Сонымен бірге ұлттық экономика тиімділіктің өсуінің барлық нәтижелері ел ішінде тұтыну мен қорланудың (қорлану капитал шет елдерге «қашпаған») жағдайда орын алады) өсу мақсаттарына пайдалануына мүдделі.

Алайда әлеуметтік тұрақтылықтың экономикалық және әлеуметтік саланың өзара байланысының ерекшеліктеріне байланысты айрықша ерекшеліктері жоқ емес. Халықтың табысының ұлғаюы, қоғамның әлеуметтік мақсаттарға жұмсайтын шығыны келешектегі экономикалық өсу көздерінің есебінен жүзеге аспауға тиіс. Осы талапты іске асыру қиын, өйткені жоғарыда айтып кеткендей экономиканың тиімділігінің деңгейі, ЖІӨ-нің өсуі экономиканың ахуалымен тікелей байланысты емес факторлар, яғни оған сыртқы экономикалық себептер, саяси жағдайдың өзгеруі, төтенше жағдайлар әсер етеді. Барлық мемлекеттердің дамуы көрсеткендей ең бастысы экономиканың тиімділігі төмендегенде әлеуметтік төлемдер, халықтың ақшалай табысы табыс алушылардың қарсы іс-әрекет жасауына байланысты төмендемейді. Осының нәтижесінде ақшалай табыстың, әлеуметтік трансферттердің деңгейі мен орта және ұзақ мерзімді кезеңдердегі нақты деңгейдің арасындағы алшақтық бірте-бірте қордаланады.

Азаматтардың экономикалық даму нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мәселесі – кез келген экономикалық жүйені қалыптастырудың негізгі мәселесіне айналып отыр. Бұрынғы экономикалық жүйеде тиімділіктің өсу шамасына қарай әлеуметтік игіліктің ұлғаюына байланыстыратын механизм жасамаған, сол себептен ұлттық экономиканың үлгісі қалыптасқан жағдайда әлеуметтік жауапкершілік қалыптастыру мәселесінің маңызы артып отыр. Қазіргі кезеңдегі дамыған экономикалардың тәжірибесі де осы проблеманың шешілуі қиын екенін көрсетеді. Ал Батыстың бірқатар елдерінде өндірістің тиімділігі жоғары деңгейде бола тұра әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруда қиындықтар кездесуде.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың экономикалық тиімділік пен әлеуметтік тұрақтылық үшін әлеуметтік жауапкершілігі өсуі, экономикалық қатынастардың сипаты өзгеруі үшін келесі бірнеше талап өзгеруі тиіс.

Біріншіден, ел халқының экономикалық және әлеуметтік жағдайының іскерлік белсенділігінің өсуіне сәйкес жақсаруы. Осы қағида іске асырылған жағдайда алып-сатарлық, көлеңкелі факторлардың және әл-ауқатты өсірудің басқа да осындай тәсілдерін жөнсіз алу факторлары жойылады.

Екіншіден, әлеуметтік жауапкершілік азаматтардың қызметі мен кәсіпкерлік белсенділігінің нәтижесіне байланысты табыс пен тұтынудың орынды саралануымен қамтамасыз етіледі. Нарықтық экономикада нәтижелер мен шығынның арақатынасы дұрыс болуы үшін табыс пен тұтыну табыс осылай сараланады.

Үшіншіден, қоғамда мемлекет, азаматтар мен кәсіпкерлер өздерінің табысынан тікелей жүзеге асыратын әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын шығынның оңтайлы деңгейіне қол жеткізілуі тиіс. Экономикалық тиімділік үшін өзара әлеуметтік жауапкершілік әлеуметтік тұрақтылыққа жасалатын қамқорлықты бір-біріне сілтеу тәуекелін айтарлықтай жеңілдетеді. Бір жағынан, мемлекеттің атқаратын рөлін асыра мақтау патернализмге (қамқоршылдыққа), азаматтарды тым қамқорлыққа алуға, ал екінші жағынан, жекелеген азаматтардың, кәсіпкерлердің рөлін асыра мақтау қоғамның әлеуметтік қорғауға деген бірыңғай көзқарасын жете бағаламауға әкеп соқтыруы ықтимал. Осының салдарынан халықтың әр түрлі топтарының әлеуметтік игілікке қол жеткізуде теңсіздікті күшейтіп, негізгі әлеуметтік қызметтерге тең пайдалану құқығын бұзуға түрткі болуы мүмкін.

Төртіншіден, әлеуметтік тұрақтылыққа жету үшін азаматтар меншікті иелену мен басқаруға кеңінен қатысуы тиіс. Меншіктің аралас және үлесімді түрлерінің дамуы да әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал ету мүмкіндігін күшейтеді.

<b>6.3.</b>	<b>Әділ бөлу және ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру</b>
-------------	-------------------------------------------------------------

Адамның экономикалық қызметтің және игілікті тұтынатын субъектісі ретіндегі жағдайы өте қарама-қайшы келеді. Қоғам өндірістің өсу және оның тиімділігінің шамасына орай тұтына алатыны тек соңында ғана белгілі болады. Ал нақты кезеңде өндіріс пен тұтынудың осы байланысы айқын көрінбейді. Осы байланысқа қоғамның әр түрлі топтары, осы елде қалыптасқан дәстүрлер, жинақталған байлық пен оны бөлу жүйесі ықпал етеді. Ал өндірістің түпкілікті мақсаты – тұтынушыға қызмет көрсету, адамдардың қажетін қанағаттандыру күрделі әрі қарама-қайшы жағдайда жүзеге асырылады. Игіліктің біркелкі бөлінбеуі, экономикалық және әлеуметтік

дамудағы айырмашылықтар елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы тұрақты факторға айналды. Әлеуметтік тұрақтылыққа қатысты экономикаға игіліктердің әлеуметтік жағынан әділ бөлінуін қамтамасыз етіп, әл-ауқаттың өсуі экономика тиімділігінің өсу шамасына орай проблеманы шешіп, игілікті бөлудің өлшемдерін әзірлеу қажет. Экономикалық жүйенің әр түрлі деңгейінде игілікті бөлудің әр түрлі анықтамасы беріледі, сол себептен проблеманы теориялық та, практикалық жағынан шешу де қиынға соғады, өйткені игілікті бөлу дегеніміз өндіріс факторларын адамдардың арасында бөлу, табысты әр түрлі факторлардың арасында бөлу, табысты жекелеген адамдардың арасында бөлуді білдіреді. Мұның өзінде табыс түрлерінің көптігін ескерсек, оны әрбір түрге бөлу үшін оның сапасы мен санын анықтау қажет болады.

Швецияда табысты бөлуді талдау табыс жоғары децильдік (10%-дық) топтағы орташа үй шаруашылығының жалпы табысы төменгі децильдік топтағы шаруашылықтармен салыстырғанда 100 есеге жуық төмен екенін көрсетеді. Сонымен бірге жоғары жіктелімдегі шаруашылықтар алатын табыс төменгі жіктелімнің деңгейінен бар-жоғы 4 есеге төмен екен, бұл табыстың өзгеше, біршама біркелкі бөлінетінін байқатады.

Әлеуметтік өлшемдерді ескермеу қажет екенін назарға алмасақ, онда табысты таза нарықтық бөлу игілікті бөлудің тиімді нысаны болып табылады. Нарыққа бейімделген әділдіктің негізі бойынша табыс жекелеген экономикалық субъектілердің салатын жарнасымен анықталады. Әр жарнаның өнімділік дәрежесі де нарықтың күшіне байланысты болады. Табыс жоғары болса нәтиже де жоғары бағаланады, сондықтан бұл жерде бәсекелік тепе-теңдік әділ анықталады. Нарық көзқарасымен қарайтын болсақ, онда табыс, игілік қоғамда біркелкі бөлінбеуіне және айтарлықтай теңсіздікке әкеп соқтырады.

Алайда әлеуметтік тұрақты экономикалық дамудың осы тәсілдемесі іс жүзінде қолданылмауы да мүмкін. Өйткені осы тәсілдемеде экономика мен әлеуметтік тұрақтылықтың бірлігі ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы нақты әлеуметтік заңдылықтар мен айырмашылықтар ескерілмейді. Міне сондықтан игілік пен табысты әлеуметтік шектеу ауқымы мен шектерінде шешкен дұрыс. Осы проблеманы шешу үшін игілікті әлеуметтік әділ бөлудің нұсқасын қоғамдық игілік функциясын пайдаланып тандауға болады. Осы орайда келесі тәсілдемелерді атап өтсек болады.

Утилитаристік әдісте қоғамның әрбір мүшесінің жиынтық пайдасын барынша арттыру қарастырылады. Аталмыш әдіс кемітін шекті пайдалылық теориясына негізделеді. Үкіметтің табысты біркелкі бөлінуіне күш салатынын ескере отырып, утилитарлық ең бастысы белсенді қызметке деген ынтаны бұрмаламауға тиіс дегенді білдіреді. Сондықтан осы әдісті жақтайындар табысты тегістеуге қарсы және ынтаны сақтау үшін біршама айырмашылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін саясатты жақтайды.

Роулистік тәсілдемеге сәйкес үкімет қоғамның ең аз қамтылған топтарының әл-ауқатын барынша арттыруға тырысуға тиіс. Осының негізінде утилитармен салыстырғанда табысты бөлуде теңдік сақталатын саясат жүргізіледі. Алайда осы көзқарасты жақтайындар табыстағы айырмашылық белсенді қызмет істеуге ынталандырады, ал табыстың өсуін халықтың ең кедей жағдайын жақсартуға жұмсауға болады деп санай келе, теңгермешілік саясатқа қарсылық білдіреді.

Эгалитаристік тәсілдеме – бұл табысты бөлудегі теңгермешілік тәсілдеме. Осы тәсілдемені жақтайындар табыстың осылай бөлінуінің пайдасына экономикалық дәлел де келтіреді. Олардың ойынша осы әдіс игілікті жалпы тұтынуды барынша көбейтеді. Алайда бұл жерде бұдан да өнімді жұмыс істеуге деген экономикалық ынтаға назар аударылмайды.

Марксистік тәсілдеме игілікті еңбек салымы бойынша бөлу әлеуметтік жағынан неғұрлым әділ деп санайды. Осы тәсілдемеге сәйкес қызметкердің осы өнімдегі үлесі жұмсалған еңбектің саны мен сапасына сәйкес келуі тиіс. Табыс алудағы айырмашылықты жарияласа да, осы қағида мемлекеттендірілген социализм жағдайында нақты іске асырылғанда игіліктің теңгермелі түрде бөлінуіне және еңбекке деген ынтаның жойылуына әкеп соқтырғаны белгілі. Бұл өндірістің барлық қырының тәртіптеліп, игіліктің мемлекеттің бөлінуіне байланысты орын алды.

Игілікті әділ бөлу қағидасын тандағанда табысты бөлумен шектелуге болмайды. Байлықты бөлу табысты бөлудегі теңсіздік пен адамдардың қоғамдағы орнын анықтаудағы елеулі фактордың бірі болып табылады. Жинақталған байлық қоғамда табысқа қарағанда біркелкі емес бөлінген. Жеке жинаған байлық қана емес, сонымен бірге мұрагерлікпен алынған мүліктен табыс алып та байлықтың сол немесе басқа бөлігімен иеленуге болады.

Бұл жағдайда игілікті әділ бөлу мәселесі оны факторлық көзқарас пен оны әділ бөлу мәселесімен түйіседі. Негізін Ж.Б. Сэй қалыптастырған әділдіктің тегіне қатысты көзқарасқа сәйкес әрбір өндіріс факторының (капитал, жер, еңбек) иесі пайда, рента, еңбекақы түрінде

тиісінше пайда алуы тиіс. Осы көзқарас бойынша меншікті өндіріс факторын немесе байлықты немесе оның бөлігін қалай да болса бөлуді әділ деп санайды. Экономикалық ілім тарихында осы көзқарасқа байлықтан алынған табысты бөлудің марксистік түсінігі қарама-қайшы келеді. Осы түсінікке сәйкес бүкіл өнім жалдамалы қызметкердің еңбегімен жасалады және осыған байланысты капиталистке тиесілі табыстың бөлігі пайдаланудың нәтижесі болып табылады және ең соңында еңбекшілерге берілуі тиіс.

Факторлық көзқарас байлықты немесе меншікті бөлуге түсінік беруде дұрыс деп түсініледі. Осы орайда жинақталған байлықтың тегі жинақталған байлықтың көзіне, яғни жинақ ақшаға, кәсіпкерлік қызметке, мұраға байланысты бөлініп, меншіктің әр түрлі бөліктеріне салық салудың ерекше тәртібінде көрсетіледі.

Табысты әділ бөлудің басқа да тәсілдемелері қолданылады. Шын мәнінде табысты бөлудің әр түрлі өлшемдерін жақтайындар мен қарсыластары арасындағы дауда әділдік пен тиімділіктің нақты нұсқасы мен мемлекеттің табысты қайта бөлуге қатысу дәрежесі таңдалады. Демек, экономикалық жүйе ауқымында осы мәселе оның ерекшелігін ескере отырып нақты таңдалуы тиіс. Табысты әлеуметтік жағынан әділ бөлу өлшемдері жөніндегі мәселені экономикалық жүйенің сипаты немесе ұлттық экономика үлгісінің мәселесінен жеке қарастыруға болмайды.

Ұлттық экономика үлгісі ел экономикасының сол немесе басқа кезеңіндегі нақты жай-күйінде ұзақ уақыт бойы дамуының нәтижесін анықтап, оны өзі де анықтайды. Тек ұлттық экономиканың нақты үлгісінің ауқымында ғана салық салу қағидаларын және демек әлеуметтік тұрақты дамуды мемлекеттік қолдаудың бағыттарын қоса алғанда қайта бөлу процестерінің сапа параметрлерімен анықталуы мүмкін.

Қазіргі кезеңдегі дамыған мемлекеттердің тәжірибесі ХХ ғасырдың екінші жартысында мемлекеттің жалпы әл-ауқатының тұжырымдамасының негізінде әлеуметтік тұрақты мемлекет қалыптаса бастағаны көрінеді. Осындай мемлекеттің нақты үлгісі қандай болса да, осы мемлекетте зейнетақымен қамтамасыз ету, әр түрлі сақтандыру, кедейлерге көмек көрсету бағдарламалары және т.б. кіретін әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі қалыптастырылды. Осы орайда бір жағынан, мемлекеттің экономикалық дамуының деңгейіне байланысты ал екінші жағынан, ұлттық экономикалық үлгіні өздері қалыптастыратын игілікті әлеуметтік әділ бөлудің әр түрлі үлгілері болды. Осы айырмашылықтар жалпы ішкі өнімді әлеуметтік мақсаттарға бөлінудің желісі мен бағытына, отбасы мүшелерінің өндіріс саласына тартылу дәрежесіне, кедейшіліктің ауқымына байланысты болды.

Осы және басқа да ерекшеліктерді ескере отырып, табыстың әлеуметтік мақсаттарға жоғары деңгейде бөлінуіне, отбасының барлық мүшелерінің, әйелдерді өндіріске тартуға, кедейшіліктің төмен деңгейіне бағытталған мемлекеттердің барын атап өту қажет. Швецияға, Данияға, Норвегияға, Финляндияға тән әлеуметтік дамудың осы үлгісі «шведтік социализм үлгісі», «социал-демократтық үлгі» және т.б. деп аталады.

Ал Германияның әлеуметтік нарықтық шаруашылық үлгісінде әлеуметтік тұрақты ұлттық экономиканың басқа үлгісі айқын көрінеді. Оның негізгі белгілері Австрияға, Бельгияға және тағы да бірқатар мемлекеттерге тән. Осы үлгіге бірінші үлгімен салыстырғанда әлеуметтік мақсаттарға игілікті бөлу процесінің дәрежесіне азырақ ықпал етеді, сонымен бірге отбасы қолданып, әйелдердің үй шаруашылығымен айналысуына қолдау көрсетіледі, сондай-ақ мемлекеттің, азаматтар мен жұмыс берушілердің азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне бірлесіп қатысуының арқасында табыс тиімді бөлінеді.

Үшінші үлгіде (Греция, Испания, Португалия және бірқатар басқа мемлекеттер) отбасы мен жұмыспен қамту нашар қолданылып, әлеуметтік мақсаттарға табыстың аз мөлшері бөлінеді. Өмір сүрудің әлеуметтік құрылымы ең алдымен нарықтың күшін әлеуметтік салада пайдалануға бағытталған мемлекеттерде де (АҚШ, Австралия, Ұлыбритания) әлеуметтік тұрақты экономиканың халықтың әл-ауқатын қолдау жүйесінің өлшемдері мен ерекшеліктерін қабылдау дәрежесі артып келеді.

Қазақстанның әлеуметтік тұрақты қоғамдардың даму тәжірибесін ескеріп, игілік әлеуметтік әділ бөлінетін және ұлттық экономикалық құрылымның үлгісі құрылатын негіз ретіндегі өмірдің әлеуметтік құрылымына бағдарлану қажет.

Қазақстандық экономиканың қалыптасқан құрылымы мен тарихи ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанның ұлттық экономика үлгісіне тән нарықтық қайта құрудың бірқатар әлеуметтік шектеулерін атап өту қажет.

Біріншіден, бұрынғы жүйенің жалпыға берілетін кепілдіктердің ұзақ мерзімді факторлары мен халықтың көпшілігінің кедей болуына байланысты әлеуметтік мақсаттарға табыстың көп

мөлшерін бөлу қажет болады, бұған аумақтық фактор да себеп болып отыр. Қазақстандық қоғам үшін қатынас құралдарының дамуы жолаушылар көлігі мен байланыстың төмен тарифтері экономикалық игілік емес әлеуметтік игілік болып табылады. Екіншіден, демографиялық және экологиялық жағдай, сондай-ақ дәстрлер мен табыс деңгейінің төмен болуына байланысты әйелдерді өндіріске тартуға мәжбүр етеді. Осының барлығы әйелдер мен ерлердің тендігін ынталандыру, сондай-ақ ресурстарды бала тәрбиелеу жүйесін қолдау мақсаттарына қайта бөлу жүйесін құруды қажет етеді.

Үшіншіден, өңірлерге бөліну әлеуметтік құрылымның нарықтық жүйесінің ерекшелігіне жатады, сондықтан өңірлік әлеуметтік трансферттер әр түрлі болады.

Әлеуметтік қолдаудың отбасы нысандары, сонымен бірге көлеңкелі қызметтің болуы мемлекеттің игілікті бөлу процесінің деңгейін азайтатын факторларға жатады.

<b>6.4.</b>	<b>Әлеуметтік қайта құрудың түбегейлі сипаты</b>

Бұрынғы экономикалық жүйеден жаңа жүйеге көшкенде адам өмірінің әлеуметтік негізінде не бір күрделі, терең әрі түбегейлі өзгерістер орын алады. Өмір сүру жағдайы, еңбек пен әлеуметтік қатынастардың сипатына, білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақымен қамтамасыз ету және т.б. жағдайының негіздері өзгереді. Басқаша айтқанда адам өмірінің барлық тәртібі, оның материалдық және идеологиялық қағидалары мен негіздері өзгереді.

Сырттай қазіргі кезеңдегі әлеуметтік тұрақты экономиканың бұрынғы социалистік экономикалық жүйемен ортақ белгілері көп. Және мемлекеттендірілген социализм жүйесі мен әлеуметтік бағдарланған экономика да азаматтардың әл-ауқатын арттыруды, олардың игілігі мен қажетін қанағаттандыруды мақсат тұтады, сондай-ақ сол және басқа да жүйе әлеуметтік кепілдік қағидаларын мойындайды. Егер бұрынғы жүйенің дамуының тарихына жүгінсек, онда сол жүйенің бірінші кезеңінде-ақ оны ХІХ ғасырдың классикалық капиталистік жүйесінен айтарлықтай ерекшелейтін бірқатар әлеуметтік өзгерістер орын алғанын көреміз.

Социализм елдерінде білім беру мен денсаулық сақтаудың негізгі әлеуметтік игіліктеріне жалпы көпшіліктің қол жеткізуі қамтамасыз етілді. Осы саланың және әлеуметтік саланың қызметін халық үшін ұйымдастырылған жүйелерінің қызметтерін халық тегін пайдаланды. Халық жұмыспен толық қамтамасыз етіліп, ресми жұмыссыздық болмады. Еңбек ресурстары тапшы жағдайда экономикалық жүйеде жұмыс күші үнемі тапшы болды.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі мен әлеуметтік сақтандыру мемлекет есебінен жүзеге асырылды. Әлеуметтік қорғау жүйесімен бүкіл халық қамтылып, мемлекет оған кепілдік берді.

Социализм елдерінде ақшалай табыс біршама біркелкі бөлінді. Джини коэффициентерін есептеу капиталистік елдерде 1970-жылдары оның КСРО-мен салыстырғанда 5-7 тармаққа жоғары болғанын көрсетеді. Батыстың бағалауы бойынша егер КСРО-да 1980-жылдардың басында Джини коэффициенті 0,27-ні құраса, онда Канадада – 0,34-ті, Германияда 0,32-ні құрады.

Экономикалық жүйенің осы қасиеттері Батыс елдерінің әлеуметтік тұрақты нарықтық шаруашылыққа бет бұруына себеп болып, осы қадамға ынталандырды.

Сөйте тұра, әлеуметтік тұрақты экономика мен мемлекеттендірілген социализм жүйесінің сапасы бірдей емес.

Біріншіден, мемлекеттендірілген социализм кезеңіндегі экономиканың әлеуметтік тұрақтылығы жөнінде айтатын болсақ, ол жалпы берілетін әлеуметтік кепілдіктердің негізіндегі әлеуметтік тұрақтылық қағидасы деп жай түсінік қалыптасқан болатын. Аталмыш жүйе орталықтандырылған әрі реттелген болатын. Қаражаттың айтарлықтай бөлігі кәсіпорындардың қоғамдық тұтыну қорларында жинақталды, осы қорлар да мемлекеттік норматив бойынша қалыптастырылып, пайдаланылды. Жеке адамның жоғары еңбекақы мен табыс алуына жол берілмеді. Қоғамның жоғары және номенклатуралық бөлігі ғана жоғары сапалы қызмет пен игілікті пайдаланып шет елдермен байланыс жасауға мүмкіндігі болды. Тапшылық экономикаға тән осы қарама-қайшылық игілік алудың барлық нысанына таралған болатын. Табыс алудың көлеңкелі нысандары да осы негізде дамыды. Теңгерушілік тенденциясы белсенді бастамашылық қызметке деген ынтаны жойып отырды. Жүйе азаматтардың экономиканың өсуі мен кепілдік беру үшін жауапкершілігін одан әрі жалғастыра алмады, бұл жағдай әсіресе экономикалық жағдаят нашарлаған кезеңде шиеленісті. Ал осы қазіргі кезеңде қалыптасқан әлеуметтік тұрақты жүйелер әлеуметтік тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершіліктің қарама-қайшы тұтастығына негізделеді.

Екіншіден, әлеуметтік бағдарланған аралас экономика қоғамның барлық мүшелерінің, яғни меншік иелері мен экономикалық субъектілерінің өміріне негізделеді. Осының мысалына экономика субъектілерін үйлестіретін негізгі тәсіл ретіндегі адамдардың қатынасы мен нарықтық қатынастар жүйесінің негізі ретіндегі жеке меншікке көшуді жатқызуға болады.

Үшіншіден, жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің негізі де түбегейлі өзгерді. Егер бұрын жұмыс күші, еңбек тауар емес, ал жұмыс күшіне жұмсалатын барлық негізгі құрамдастар нарықтық емес жолмен қалыптасса, енді жаңа түрдегі әлеуметтік шаруашылықта жұмыс күшінің барлық негізгі элементтері нарыққа негізделеді. Осы өзгеріс қазіргі кезеңдегі ең негізгі қатынас ретіндегі нарықтық қатынастар жүйесіне көшумен байланысты орын алып отыр. Нарықтық қатынастардың қалыптасу шамасына қарай нарықтық қатынастар жұмыс күшін сатып алу мен сатуды, содан кейін адам әлеуетін қалыптастыратын барлық негізгі элементтерді қамтитын болады. Осыдан адами капиталға салынатын салымға негізделген әлеуметтік-экономикалық қатынастар туындайды.

Төртіншіден, мемлекеттің әлеуметтік тұрақты экономиканы қамтамасыз ететін рөлі айтарлықтай тарылады. Егер мемлекет азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етудегі қамқорлық жасап, жалпыға бірдей кепілдік берсе, енді азаматтардың қызметтің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапты болуы тиіс деген қажеттіліктен туындайтын ұтымды көзқарас қалыптасады. Егер бұрынғы жүйеде бюджет қаржыландырылса, енді жаңа жүйеде әлеуметтік дамуды қаржыландыру кең салалы тәсілдемеге негізделеді.

Сонымен бірге әлеуметтік тұрақты экономика, бұрын айтылғандай, мемлекеттің әлеуметтік секторын, әлеуметтік қорғау жүйесі мен әлеуметтік көмекті нарықтың қосымшасына айналдыруға немесе оның кемшіліктерін жоюға тиіс емес.

Әлеуметтік тұрақтылық қазіргі заманғы қатынастардың белгісі ретінде – аралас экономиканың постиндустриялық дамуға көшетін имманенттік, ішкі элементі.

Түбегейлі әлеуметтік қайта құру жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуы қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қозғап қана қоймай, қоғамда қалыптасқан ретімен қарама-қайшы келеді, сондықтан ол күрделі әрі ауыртпашылық жүктейтін процесс. Қайта құру кезінде азаматтардың әлеуметтік жағдайы тұрақсызданады, байлық пен табыс біркелкі бөлінбейді. Сондықтан жалпы экономиканы трансформациялауды ойдағыдай іске асыру үшін әлеуметтік секторды реформалау жөніндегі іс-шараларды жан-жақты ойластырып, бірте-бірте нақты іске асыру қажет.

Сонымен бірге қайта құрудың арқасында жаңа негіздегі әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру үшін жағдай жасалады:

азаматтардың ақша табу және өзі мен отбасын әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету мүмкіндіктері артады;

жеке кәсіпкерлік қызметтің мүмкіндіктерін іске асыру арқылы қажеттіліктің жаңа көздері пайда болады;

жеке бастамашылықтың, нарық пен кәсіпкерліктің дамуына негізделген белсенді қызметке деген ынта жүйесі қалыптасады;

құрылып жатқан жаңа әлеуметтік қорғау жүйесі үшін ақылы негізде әлеуметтік маңызды қызметтер алудың балама нысандары кеңейеді.

Әлеуметтік қайта құрудың осы факторларын қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты бұзатын бірқатар кемшіліктерді жою үшін тиімді пайдалануға болады. Мемлекет әлеуметтік сала мен адамдардың өмәр сүру жағдайын жаңа негіздер мен қағидаларға көшірмей Қазақстанның ұлттық экономикасының жаңа үлгісін қалыптастыру мүмкін емес. Адамдардың өмір сүруінің жаңа әлеуметтік ыңғайы қалыптасу үшін экономиканың жұмыс істейтін негіздерін өзгертіп, оны нарықтық қағидаларға көшіру, нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің жаңа механизмдерін құру қажет. Аталмыш механизм адамдардың өндіріс пен басқарудағы жаңа қарым-қатынастарына, әлеуметтік ортаның барлық салаларының жаңаша жұмыс істеу негіздеріне негізделеді. Демек, мемлекеттің әлеуметтік саясаты да түбегейлі өзгереді.

Әлеуметтік саясаттың өзгеруі – ұзақ әрі күрделі процесс. Осы өзгеріс экономикалық қызметтегі өзгерістен анағұрлым күрделі. Өйткені, біріншіден, әлеуметтік қайта құру экономикалық өмірдің барлық субъектілерінің жағдайына әсер етеді. Осы саладағы кез келген қателіктер, ойластырылмаған шешімдер экономикалық қайта құрудың негізіне де, өзіне де ықпал ете отырып, жаңа экономикалық жүйенің әлеуеті мен мүмкіндіктерін қате бағалауға әкеп соқтырады.

Екіншіден, жұмыс күшінің ұдайы өсіп-өнуі өзінің экономикалық маңызы бойынша орта немесе қысқа мерзімді емес ұзақ мерзімді процесс. Ол адамдардың бүкіл өміршеңдік циклімен байланысты. Адамдарға білім беру, олардың тұруына, зейнетақымен қамтамасыз етуге, денсулық

сақтауына ондаған жылдар бойы экономикалық шығын жұмсалады. Бұрынғы жүйеде осы шығындар мемлекет есебінен қаржыландырылатын қамқорлық жасау тәсіліне бейімделген болатын. Осы шығындарды адамдардың жағдайын жақсарту үшін жағдай жасау нәтижесінде азаматтарға еңбекақы төлеудің, олардың табысының арқасында жүзеге асыруға болады. Ол үшін еңбекақының деңгейінің айтарлықтай арттырылуы, сондай-ақ қоғамның әрбір мүшесі өз есебінен қаражат жинап, өзіне инвестиция салуы үшін сенімді әрі тұрақты институционалдық жағдай жасалуға тиіс.

Үшіншіден, әлеуметтік тұрақты экономика құру – ерекше күрделі процесс және әлеуметтік бағдардың жаңа тұрпатының бұрынғы жүйе беретін әлеуметтік кепілдіктердің көлемі мен тізбесі қысқарған жағдайда қалыптасуына; азаматтардың кейбір бөлігі біреудің есебінен күн көруге бейімделуіне; нарықтық әлеуметтік қатынастар жүйесі емес тіпті өндірістік қызмет саласында да әлі де жұмыс істемеуімен; бірінші кезеңдегі ұзақ мерзімді дағдарыстың салдарынан үкімет, жұмыс берушілер мен азаматтар әлеуметтік саланы қайта құрудың ықтимал нұсқасын таңдау мүмкіндігінен айыруымен байланысты. 1999 жылдан кейін қоғамдық өнімнің өсуінің негізінде еңбекақының өсуіне орай орын алған оң тенденциялар жұмыс күшінің нарықтық қағидада өсіп-өнуін қамтамасыз ете қоймады.

Төртіншіден, экономикалық қызметпен салыстырғанда әлеуметтік қайта құру қаржы шектеулерімен өзгеше байланысты. Аталмыш шектеулер адамдардың жеке табысының деңгейімен ғана емес, сонымен бірге бюджеттік қаржыландырумен де байланысты. Егер кәсіпкерлік қызмет үшін, әдетте, бюджеттік шектеулердің айтарлықтай және тікелей маңызы болмаса, әлеуметтік сала үшін бұл жалпы қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қолдайтын өте маңызды фактор болып табылады. Қазіргі кезеңде мемлекет әлеуметтік қажеттілікке белгіленген деңгейдегі қаражатты аудармаған жағдайда халықтың бүтін топтарының күнкөрісі, аса маңызды әлеуметтік қажеттіліктер мен әлеуметтік саланың жұмыс істеуі қамтамасыз етілмейді. Экономикалық жағдаяттың өзгеруі, бюджет жағдайының нашарлауы адамдардың әлеуметтік ахуалын күрт өзгертеді, ал мұның өзі экономикалық тұрақсыздықты шиеленістіретін факторға айналуы ықтимал.

Әлеуметтік қайта құрудың ерекшеліктері әлеуметтік тұрақтылық пен орнықтылықты орнатуға, сондай-ақ адамдардың өмірін экономикалық жағдайдың болуына орай жақсартуға бағдарланған тұтастай әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды қажет етеді. Әлеуметтік саясатқа халықтың аз қамтылған топтарын қолдауды немесе азаматтардың әлеуметтік жағдайындағы шұғыл бұзушылықтарды жою жатпайды. Осы саясаттың кешенді іс-шаралары қоғамның әлеуметтік құрылымының әлеуметтік қорғаудың оған тән нысандары мен әдістері кіретін ұлттық үлгісін құруға бағдарлануы тиіс.

ҚР әлеуметтік саясатының дамуы келесі бірнеше кезеңнен құралады.

Бірінші кезең (1992-1996 жж.) – экономиканың дағдарыстық ахуалымен, халықты әлеуметтік қолдау үшін мемлекеттің қаржылай ресурстарының жетіспеуі мен халықты әлеуметтік қорғаудың ғылыми негізделген тұжырымдамасының болмауымен байланысты енжар әлеуметтік саясат кезеңі. Мемлекет осы кезеңде әлеуметтік салаға мардымсыз шығын жұмсады. Мәселен, егер 1991 жылы ЖІӨ-де әлеуметтік саланың үлесі – 16%, оның ішінде әлеуметтік қорғауға – 4,9%-ды, ал 1992 жылы тиісінше – 7,4% және 0,7%-ды құрады, яғни бір жылдың ішінде бірінші көрсеткіш – 2,2 есеге, ал екінші 7 есеге кеміді. Осы пропорциялар (8% және 0,6%) 1996 жылды қоса алғанда ұзақ уақыт бойы өзгермеді. Осы кезеңде халық күрт кедейленді, яғни табыс ең аз күнкөріс мөлшерінен аз халықтың үлесі 34,6%-ға төнеліп, кедейшіліктің тереңдігі 11,4%-ды құрады.

Екінші кезең (1997-1999 жж.) – нарықтық экономиканың тиісті жағдайларына сәйкес келетін әлеуметтік институттар қалыптастыруға арналған нормативтік база жасалған кезең. 1997 жылғы 12 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы қабылданды, ал 1997 жылғы 20 маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңы қабылданды. 1999 жылдың басында жеңілдіктер белгіленген заңнама сәйкестендірілді. Барлық атаулы жәрдемақылар бюджеттің мүмкіндігіне байланысты жергілікті билік анықтайтын атаулы әлеуметтік көмектің қатарына көшірілді. Осының нәтижесінде әлеуметтік көмек алушылардың саны 509,5 мың адамнан (1992 ж.) 917 мың адамға (1999 ж.) күрт азайды.

Үшінші кезең (2000-2004 жж.) – нарықтық экономика жағдайында белсенді әлеуметтік саясат әзірленген кезең. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы халқын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, «Қазақстан Республикасында

кедейшілікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама», «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сияқты құжаттар әзірленді.

2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы» ҚР заңының негізінде «кедейшілік шегі» көрсеткішінің негізінде әлеуметтік жәрдем көрсетудің жаңа жүйесі енгізілді. Кедейшіліктің шегін анықтау ережесі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Кедейшіліктің шегін бекіту туралы» 2000 жылғы 25 маусымдағы №121-П бұйрығымен белгіленді, 2000-2001 жылдары кедейшіліктің шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 38%-ын, ал 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап және кейінгі жылдары 40%-ын құрады. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың және еліміздегі экономикалық ахуалдың жақсаруының нәтижесінде кедейлердің үлесі айтарлықтай, яғни 38%-дан (2000 ж.) 9,8%-ға (2005 ж.) дейін қысқарды. Шағын және орта бизнесті дамытудың, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың, жұмыссыздарды кәсіби оқыту мен қайта даярлаудың негізінде жұмыссыздықтың деңгейі 12,8%-дан (2000 ж.) 8,1%-ға (2005 ж.) дейін айтарлықтай төмендеді.

Төртінші кезең (2005-2007 жж.) – адамның тыныс-тіршілігінің жағдайын айтарлықтай жақсартуға, халықтың табысын арттырып, әлеуметтік саланың тұрақты дамуына бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетуге және күшті әлеуметтік саясатты қалыптастыруға бағытталған кезең. Осы кезеңде ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін арттыруға және оның құрылымын өзгертуге бағытталған жаңа әлеуметтік стандарттар әзірленді, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдірілді. Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын іске асыру негізінде Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесі құрылды.

Бесінші кезең 2007 жылғы тамыздағы әлемдік қаржы дағдарысының – әлеуметтік мәселелер ушыққан экономика дағдарысы жағдайында жұмыссыздық ұлғайып, инфляция артқан кезеңнің басынан басталады. Дағдарыс жағдайында осы әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалатын қаржы көлемі қысқармайды, керісінше халықты жұмыспен қамту, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жол бермеу мақсатында айтарлықтай арттырылады. Мәселен, 2008 жылы мемлекет әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік жәрдемге 566, 5 миллиард теңге жұмсады, бұл 2007 жылмен салыстырғанда – 22,5 пайызға, ал 2003 жылмен салыстырғанда үш есе артық.

Өзіміздің алдыңғы тәжірибемізден және әлемнің басқа елдерінің тәжірибесінен біз екі маңызды қорытынды шығара аламыз.

Бірінші. Мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдау ол нысаналы әрі атаулы сипат алған жағдайда ғана нәтижелі болады. Мемлекет қоғамның осындай көмекке шынында зәру мүшелерін қолдауға міндетті және сол үшін жауапкершілікті іс жүзінде өзіне алып отыр, олар, ең алдымен: балалар, көп балалы аналар, ардагерлер, мүгедектер.

Екінші. Ең пәрменді әлеуметтік саясат өнімді еңбекке ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын жасақтау болып келді, әрі солай болып қала береді. Біз, ең алдымен, қандай да бір себептермен жұмысынан айырылып қалған адамдардың еңбекке оралуына нақты мүмкіндіктер туғызуымыз, олардың жаңа мамандық алуына жағдай жасауымыз керек. Сонымен қатар жастар ортасында жұмысшы мамандықтарының, әсіресе өнеркәсіптегі мамандықтың беделін асырып, кеңінен насихаттауды қайтадан қолға алуымыз қажет» деп айтылған.

Тұрақты даму үшін еліміздің тыныс-тіршілігінің барлық саласында тұрақтылыққа, яғни тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму, сонымен бірге тұрақты экологиялық дамуға қол жеткізу қажет.

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басымдықтар қатарында мынадай міндеттер белгіленді:

2006 жылы біздің экологиялық заңнамаларымызды халықаралық озық актілермен үйлестіруге, жаңа стандарттарға көшуге, мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған Экология кодексі қабылдануға тиіс.

Біз 2010 жылы қоғамның тұрлаулы дамуының негізгі экологиялық стандарттарын жасауға тиіспіз.



Еліміздің экологиялық саясатының стратегиялық мақсаты – қоршаған ортаны қорғау талаптарына жауап беретін әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу, сондықтан экологияның қажеттері барлық қызмет саласында ескерілетін болады.

Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы «Қазақстан-2030» стратегиясының басымдықтарына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес және ХХІ ғасырдың күн тәртібінің негізгі ережелері мен 1992 жылғы Рио-де-Жанейро қоршаған орта мен даму жөніндегі декларацияның қағидалары, сондай-ақ Йоханнесбургте өткен (2002 ж.) Бүкіләлемдік тұрақты даму жөніндегі саммитінің шешімдері ескеріліп әзірленген. Қоршаған ортаның жай-күйінің нормативтік көрсеткіштеріне жетіп, экологиялық қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету үшін Тұжырымдаманың ережелерін кезең-кезеңмен іске асыру қарастырылған:

бірінші кезең (2004-2007 жж.) – қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету және оны тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын жасау;

екінші кезең (2008-2010 жж.) – қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін тұрақтандыру және табиғат пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды жетілдіру;

үшінші кезең (2011-2015 жж.) – қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуына қол жеткізу.

2006 жылы «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды.

Соңғы жылдары Қазақстанда экологиялық ахуалға төнетін нақты және ықтимал қауіптің алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Мәселен, рұқсат беру кезінде эмиссиялар лимитін белгілеуге қоятын талаптар қатаңдатылды, осының арқасында лимиттер екі-үш есеге төмендеді. Өндірістік экологиялық бақылаудың рөлі күшейтілді, табиғат пайдаланушылардың осы бақылауды жүргізу үшін жауапкершілігі арттырылды, сонымен бірге Каспий және басқа да қорық аймақтарындағы шаруашылық және өзге де қызметті қарайтын сот практикасы айтарлықтай кеңейтіліп, осыған қатысты шығарылатын шешімдер қатаңдатылды. Осының барлығының арқасында ауаға тасталатын зиянды заттардың жыл сайын ЖІӨ-нің бірлігіне азаюына ықпал етті. Бұл Йель және Колумбия университеттерінде әзірленген экологиялық тұрақтылық индексті анықтайтын индикатордың бірі. Осы индикаторға сәйкес Қазақстан Республикасы 2005 жылы әлем елдерінің арасында 75-орын алса, 2006 жылы 70-орынға көтерілді.

Алайда өнеркәсіптің қарқынды дамуының салдарынан табиғи ресурстар ұтымсыз пайдаланып, қоршаған орта ластанады. Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары жылына ауаға үш миллионға жуық зиянды қалдық тастайды, оның 85%-ын 43 ірі кәсіпорынға тиесілі екен. Су қоймаларына тазартылмаған немесе жеткіліксіз тазартылған ағынды судың құйылу салдарынан жер үстіндегі сулардың ластану, бітелу, таусылу процесі жалғасуда. Су объектілеріне жыл сайын 2,5 миллион тонна қалдықпен ластанады. Автокөлік құралдары санының күрт өсуі ауаның ластануына әкеп соқтырады. Автокөлік құралдары әуе бассейнінің ластануына жалпы қала тастайтын қалдықтың 60%-ын тастайды екен. Қазіргі уақытта қазақстандық кәсіпорындарда 16 миллиард тоннаға жуық қалдық қордаланған. Жыл сайын оның саны 650 миллион тоннаға көбейіп отырады, ал пайда болған қалдықтың тек 15%-ға жуығы ғана қайта өңделеді. Көрсетілген проблемаларды шешу үшін қоршаған ортаның сапасын жақсарту жөнінде шара әзірлеу қажет. Шикі мұнай мен жолай газды өндіруден қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендету мақсатында стационарлық көздерден еліміздің ауасына 10% қалдық тастайтын және улы қалдықтың айтарлықтай үлесі пайда болатын кәсіпорындарда мұнай өндіретін, оны өңдейтін және тасымалдайтын кәсіпорындардың экологиялық стандартқа сәйкестігі мемлекеттік сертификаттау ұйымдастырылатын болады.

Табиғат пайдалануды ынталандырудың экологиялық-экономикалық механизмдерін енгізу, сонымен бірге экологиялық салықтарға көшуді қамтамасыз ету, мемлекеттік экологиялық реттеу мен бақылаудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ табиғат пайдаланушыларды ISO 14001 стандартына сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін енгізуге ынталандыру қажет. Парник газдарын тастау жөніндегі мониторинг пен есептілік жөніндегі ұлттық жүйе құру және Киот хаттамасы бойынша қызметті реттейтін уәкілетті орган құруға қатысты шара қолданылады.

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу механизмін құру маңызды бағыт болып табылады. Еліміздің тұрақты дамуға көшуін және қоғамның экологиялық тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселесін салааралық үйлестіруді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі: 1. Мемлекеттік басқарудың барлық салаларына тұрақты даму қағидалары мен мақсатты көрсеткіштерді енгізудің тиімді механизмін

құруды; 2. Мақсатты көрсеткіштер мен квота орнату мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру, экологиялық-экономикалық ынталандыруды енгізу арқылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаға эмиссиясын төмендетуді; 3. Экология мен ауа-райын сақтау мәселелерінде трансшекаралық және халықаралық ықпалдасуды қамтамасыз етуде.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамуға кезең-кезеңмен көшетін болады. Бұл үшін әрбір кезеңнің тұрақты дамуға арналған белгілі бір мынадай параметрлері белгіленді.

Дайындық кезеңі (2007-2009 жж.) – қоғамдық және саяси қызметтің барлық салаларына тұрақты дамудың, экономиканы әртараптандырудың, технологиялық секірістің қағидаларын енгізу үшін жағдай жасау.

Бірінші кезең (2010-2012 жж.) – Қазақстан Республикасының әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіруін қамтамасыз ету.

Екінші кезең (2013-2018 жж.) – өмір сүру сапасының деңгейі бойынша әлемдік дамудың көшбасшыларының арасында беделді арттыру, табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдаланудан шегілетін ысырапты едәуір қысқарту және еліміздің экологиялық тұрақтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Үшінші кезең (2019-2024 жж.) – тұрақты дамудың қабылданған халықаралық өлшемдеріне жету.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Экономикалық және әлеуметтік дамудың тұтастығы*  
*Әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын шығын*  
*Бөлуге марксистік көзқарас*  
*Әлеуметтік саясаттың бағыттары*  
*Әлеуметтік қайта құрудың түбегейлі сипаты*  
*Бөлуге роулистік көзқарас*  
*Нарыққа бейімделген әділдік*  
*Әлеуметтік жауапкершілік*  
*Әлеуметтік тұрақты экономика*  
*Әділ бөлу*  
*Орнықты адами даму*  
*Бөлуге (қайта бөлуге) утилитаристік көзқарас*  
*Бөлуге факторлық көзқарас*  
*Бөлуге эгалистік көзқарас*

## КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ МЕН НЫСАНДАРЫ

7.1.	Кәсіпкерліктің экономикалық тегі мен белгілері						
------	------------------------------------------------	--	--	--	--	--	--

Шаруашылық жүргізудің нарықтық қағидаларына көшу – бұл кәсіпкерлік тұрпаттағы экономикаға көшу. Демек ол кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау өтпелі экономикадағы трансформациялық өзгерістердің өте маңызды құрамдасы болып табылады.

Кәсіпкерліктің экономикалық тегі кәсіпкерлік қызметтің тарихи және генетикалық бастапқы кезеңі болып табылатын нарықтық шаруашылықпен ажырамас байланысты. Шаруашылық өмірдің құбылысы ретіндегі кәсіпкерліктің ерекшелігі үздіксіз жүзеге асырылатын *айырбас* операцияларында көрінеді. Сол себептен кәсіпкерлік нарықтық операцияларды жүзеге асыру арқылы, яғни айырбас процесінде пайда алуға тырысып, өзгелерден айрықша шаруашылық мінез-құлқымен ерекшеленеді. Алайда айырбас өндірісі шаруашылық жүргізуші субъектінің негізгі функциясы болып табылатын шаруашылық айналымның міндетті буыны болғанда ғана айырбастың өзі кәсіпкерліктің көзі бола алады. Кәсіпкерлік тегінің түсінігінде айырбас маңызды рөл атқарады. Біріншіден, айырбас жаңа мүмкіндікті іздестіруге, яғни бастама жасауға ынталандырады. Екіншіден, осы айырбастау процесінде кәсіпкер өзі жасаған бастаманың уәжі мен жеткен табысын бағалайтын ықтимал пайданың көзін көреді. Үшіншіден, кәсіпкер айырбас процесінде өзі сияқты адамдармен беттескенде өзінің қызметінде жеңіске жетуге құштарлық сезімі пайда болады. Төртіншіден, айырбас қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын механизм бола тұра кәсіпкерлік қызметке қоғамдық сипат береді. Осының барлығын ескерсек кәсіпкерлік нарықтық айырбастың дамуының нәтижесінде дамиды деген қорытынды жасауға болады. Кәсіпкерліктің пайда алуда шаруашылық іс-қимыл жасаудың мәнін түсіну үшін кәсіпкерлік қызмет – бұл оған қатысушылар өзара пайда алу үшін нарықтық айырбас арқылы пайда алу тәсілі екенін түсіну қажет. Сондықтан кәсіпкерлікті алдаумен және зорлықпен емес, қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру, демек кәсіпкерліктің экономикалық мәнінің негізгі белгісі болып табылатын қоғамның әл-ауқатын арттыру арқылы пайда алумен теңестіру керек деген ой туындайды. Осы орайда кәсіпкерлікке қолда бар байлықты қайта бөлумен байланысты емес, «зорлықсыз сатып алу» тәсілі деген анықтама беруге болады. Демек өзінің бас пайдасы үшін атқаратын қызметі қоғам үшін қандай да болмасын қосымша ұтыс әкелетін адам ғана кәсіпкер болады.

Кәсіпкерліктің экономикалық тегі бастама, коммерциялық тәуекел, шаруашылық жауапкершілігі, өндірістік факторларды үйлестіру, жаңашылдық сияқты оның белгілерін талдау арқылы ашылады.

### **Кәсіпкерлік бастама**

Кәсіпкерлік – бастама жасалатын қызмет. Кәсіпкер жаңа өнім өндіру немесе жаңа нарықтарды игеру, өндірісті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін енгізу немесе сатудың жаңа әдістерін қолдану сияқты пайда алудың жаңа мүмкіндіктерін ұдайы іздестіреді. Кәсіпкерлік қызметтің осы қасиетін талдағанда кәсіпкерлік бастама тегінің ерекшелігіне назар аударғанда екі өте маңызды нәрсені ескеру керек.

Бірінші нәрсе кәсіпкерлік бастаманың көзін, яғни оны туындатқан себептерді анықтаумен байланысты. Бастамашылық адамның жеке басының қасиеті ретінде кәсіпкерлікке қатысы болса да экономикалық мәні бар кәсіпкерлік бастама тап осы қасиетке негізделмейді. Кәсіпкерлік бастама – бұл нарықтық айырбас процесі беретін мүмкіндіктерді іске асыруға ұмтылыс. Демек оны туындататын себептер нарықтық айырбастың ерекшелігіне, атап айтқанда айырбасқа қатысушылардың арасында ақпараттың жеткіліксіз әрі біркелкі таралмауымен байланысты нарықтық белгісіздікке негізделеді. Нарықтық белгісіздік, бір жағынан, осы белгісіздікті төмендету мақсатында бастама жасауға (қайсыбір іс-әрекет жасауға) мәжбүрлейді, ал екінші жағынан, – артықшылықтың бары (толық ақпараттың болуы немесе қажеттілікті жақсы білу сияқты) жөніндегі ойдың жетегімен іс-әрекет жасауға ынталандырады. Алайда осы екеуі де шаруашылық жүргізуші субъектіні бастама жасауға ынталандырып, нарықтық белгісіздіктің адамның өзіне пайда алатын тәсілге айналады.

Екінші нәрсе кәсіпкерлік бастаманың байқалу дәрежесін анықтайтын жағдайлармен байланысты. Осы жағдайлардың көп болуына қарамастан олардың кәсіпкерлік қызметпен байланысының мәнін «экономикалық еркіндік» ұғымымен түсіндіруге болады. Экономикалық еркіндік – бұл бір жағынан, кәсіпкерлік қызметке моральдық-этикалық рұқсат берілген кәсіпкерлік бастаманы іске асыру мүмкіндігін айырбастау процесі беретін мүмкіндік, ал екінші жағынан, – айырбас операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі (ресурстарға қол жеткізуге тең құқық, қызмет түрін таңдау еркіндігі, табыс алу құқығы). Кәсіпкерге еркіндік шексіз берілмейді. Біріншіден, кәсіпкердің экономикалық еркіндігі – бұл оған тұтынушылар берген билік. Еркіндік олардың мүдделері үйлескенде күшейеді, ал мүдделер үйлеспеген жағдайда еркіндік әлсірейді. Екіншіден, ол нарықтық айырбас процесінде туындайтын ережелердің жүйесімен реттеледі. Осының арқасында кәсіпкердің экономикалық еркіндігінің шекарасын анықтайтын экономикалық тәртіп орнайды. Осы шекаралардың өзгеру шамасына орай кәсіпкерлік бастама да өзгереді. Көрсетілген тәуелділіктен еркіндік көп болса, онда бастама да көп болады немесе керісінше болатын қатаң байланыстың болмағаны қиындық келтіреді. Кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жақсы жағдай жасайтын экономикалық еркіндіктің шекарасын орнатудың маңызы зор екені белгілі.

### **Коммерциялық тәуекел және шаруашылық жауапкершілік**

Кәсіпкер айналасын өзіне бағынбайтын нарықтық тұрлаусыздық ретінде қабылдайды. Нарыққа тән қасиеттермен ажырамастай байланысты тұрлаусыздықты (жағдаяттың, бағаның, тұтынушылардың сұранысының және т.б. өзгеруін) кәсіпкердің қызметі ушықтырып, оның жасаған іс-қимылына нарық ол күткеннен басқаша ден қояды. Кәсіпкер нарықтық тұрлаусыздық проблемасының мәнін өзінің бастамасының нәтижесі белгісіздігімен байланыстырады. Сондықтан тұрлаусыздық жағдайында қабылданған кез келген шешім ысырап шегу мүмкіндігі бар тәуекелмен байланысты.

Нарықтық тұрлаусыздық пен коммерциялық тәуекел – бір-бірімен тығыз байланысты, алайда бір жағынан кәсіпкерлікке ықпал етуі бойынша ерекшеленетін құбылыстар. Коммерциялық тәуекел – бұл өлшенген тұрлаусыздық. Кәсіпкер өзінің басынан өткен тәжірибесінен немесе алдын ала жасалған есептердің негізінде ықтимал нәтижені өлшейді. Тұрлаусыздық – өлшенбейді және сол немесе басқа нәтиженің ықтимал болуы мүлдем белгісіз болады. Кәсіпкерлік бастама іс жүзінде белгілі бизнесті жүргізудің бағыттарының, тәсілдері мен әдістерінің шектерінен шыққанда кәсіпкер тәуекелге бас ұрады. Ал осы бастамада бірегей, яғни практикада белгісіз жаңалық болса, онда кәсіпкер тұрлаусыздықпен беттеседі.

Проблеманың тағы бір маңызды қыры – тәуекелмен байланысты қызметке көтермелеу мәселесі. Кез келген кәсіпкерлік қызмет тәуекелмен байланысты. Алайда кәсіпкерліктің өзі адамның психологиясының ерекшелігімен, яғни жеке адамның тәуекелге бейім болуымен байланысты деген ой қате. Осы орайда кәсіпкердің тәуекелге бас ұруын оның тәуекелге бейім болуымен емес оның нарықтың тұрлаусыздығын өзінің пайдасына жаратуға тырысуымен байланысты екенін ескерген жөн. Кәсіпкер сыйақы алу үшін тәуекелге бас ұрады, ал оның өзіне алатын тәуекелінің мөлшері ықтимал сыйақының мөлшеріне тікелей байланысты. Сонымен бірге коммерциялық тәуекел – ықтимал жағымсыз салдарды жан-жақты есептеуге негізделіп өлшенген тәуекел. Басқаша айтқанда, кәсіпкер пайда алуға ұмтылысын әр кезде де шаруашылық жауапкершілігімен теңгереді, ал көп жағдайда ол өзіне ала алатын тәуекелдің дәрежесін өзінің жауапкершілік алу дәрежесімен өлшейді. Табысты толықтай алмаумен байланысты тәуекел бір басқа, ал шығын шегу тәуекелі – екінші нәрсе, ал меншікті жоғалту қаупі туындайтын тәуекел мүлдем өзге нәрсе екені түсінікті.

Тәуекелмен қатар жүретін шаруашылық жауапкершілік кәсіпкерді алдына тәуекелді жеңіп, оны басқаруды міндеттейді. Кәсіпкер нарықтың тұрлаусыздығын жеңе алмайды, алайда тәуекелді төмендетудің бір тәсілі сақтандыру арқылы төмендете алады. Кәсіпкер тәуекелді сақтандырған жағдайда қосымша шығынданады, демек оның келешектегі табысы да, сонымен бірге жаңа бастамаға жасауға ынтасы да төмендейді. Тәуекелден қорғану үшін оны әртараптандыруға, яғни осы тәуекелді басқа адамдармен бөлісуге болады. Капиталдар әр түрлі нысанмен (шаруашылық серіктестік және акционерлік қоғамдар) біріктіріліп кәсіпкерлік тәуекел осылайша әртараптандырылады.

Осы тәсіл тәуекелдің мөлшерін төмендетуге ықпал етсе де (жеке қатысушы шегетін ысыраптың мөлшерін) кәсіпкер табысын кәсіпорынға қатысушылардың арасында бөлуге тиіс болғандықтан, кәсіпкердің пайданы арттыруға деген ынтасын төмендетеді. Тәуекелдің барын біле тұра пайда алуға тырысу мен оның дәрежесін төмендетуге ұмтылыстың арасындағы қарама-қайшылықты тәуекелді басқару жүйесін құрып шешуге болады. Осы жүйенің жалпы түріне

тәуекел көзімен оның салдарын анықтау, ықтимал келеңсіз салдарды еңсеру жөніндегі бейімделу іс-шараларын жүргізу кіреді.

Коммерциялық тәуекел – бұл кәсіпкердің жеке ішкі проблемасы емес екенін айтып кеткен жөн. Жалпы экономикада да коммерциялық тәуекелдің маңызы артып отыр. Біріншіден, тәуекелге бас ұру қажет болғандықтан кәсіпкер ең жақсы балама тәсілді іздестіруге мәжбүр болады, ал осының нәтижесінде өндіргіш күштер дамып, өндірістің тиімділігі артады. Екіншіден, тәуекелмен байланысты себеп-салдарға орай қоғам тарапынан кәсіпкерлік қызмет қатысында белгіленген шектеулер мен ережелер қолданылады.

### **Үйлестіру**

Әрбір ресурстың қайтарымдылығын (табыстылығын) арттыру мақсатында жақсы нұсқаларды іздестіру өндіріс факторларын үйлестірумен байланысты. Қолда бар ресурстардың тиімділігін арттырудың ең ықтимал нысаны ретінде олардың балама құндылығы жоғары болуына орай, олар көп табыс әкелетін нарықтарға жылжыту қарастырылады. Осы қызмет төрелік ету деп аталады. Төрелік ету сауда және биржалық қызмет саласында байқалады. Төрелік ету әр түрлі нысанда білінсе де оған жаңа мүмкіндік көзі ретінде тепе-тең нарық жағдайын пайдалану, қосымша табыс алатын көз ретіндегі ресурстарды ұтымды бөлуге тырысу, игіліктерді қайта бөлу арқылы нарықтық тепе-теңдікті орнатуға көмек көрсету тән. Ресурстарды жылжыту – ресурстарды қолданудың тиімділігін арттырудың бір тәсілі ретінде ғана қарастырылады.

Ресурстарды қолданудың тиімділігін арттырудың тағы бір басқа күрделі тәсілі өндіріс факторларының орнын ауыстыру қағидасына негізделген үйлестіру қолданылады. Осы тәсілде бір факторды екіншімен ауыстырып факторларды үйлестірудің ең ұтымды нұсқасы іздестіріледі. Кәсіпкер өндіріс факторларын өзгерте отырып, ресурсты тиімді қолдануға көшуді ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа технологиялар құруда өндірістің ілгері жылжуын қамтамасыз етеді. Индустриялық кезең ауқымында кәсіпкер «орнына қолданылу қағидасын» қолданып табысқа жетуі басты фактор болса, қазір кәсіпкерлік «ұтымдылық рухы» ұғымын білдіреді.

Сөйте тұра ресурстардың «орнына қолдану қағидасымен» салыстырғанда үйлестіру функциясының мағынасы кеңірек. Кәсіпкер баға механизмін (қажетті тауарды сатып алу кәсіпкерліктің жаңашылдық функциясының экономикалық маңызы нарықта шаруашылық жүргізетін бүкіл ортаны өзгерту) әкімшілік механизмге (қажетті құрамдастармен сатылас интеграция негізінде) өзгертіп ресурстарды үйлестіру қағидасын өзгерте алады. Сөйтіп, нарықтың тұрлаусыздығына жоспарға сәйкес жұмыс істейтін ұйым қарама-қарсы қойылғанда үйлестіру арқылы кәсіпкерлік қызметтің тәсілін өзгертетін құралға айналуы мүмкін. Ресурстарды үйлестіру қағидасының өзгеруімен байланысты осы үйлестіру нысаны нарықтық ортаны қайта құратын фактор ретінде қарастырылады.

Қазіргі тұрлаусыздық жағдайында кәсіпкердің қызметі одан жаңалық енгізуді қажет етуіне байланысты жаңашылдық элемент ретінде кәсіпкерлікке тән қасиетке айналды. Ал осы қасиет кәсіпкерлік қызметте әр түрлі дәрежеде білінуі мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлік мәртебеден күнделікті операцияларды орындаумен байланысты қызметтен айырып кәсіпкерлік функцияны тек инновациялық қызметпен байланыстыру қате болады.

Осы қасиетке сипаттама бергенде жаңашылдықтың кәсіпкерлікке тән қасиет ретіндегі мәнін дұрыс түсіну қажет. Адамның инновацияға бейім болуы адамның жеке басының қасиеттеріне қанша байланысты болса да жаңашылдықтың мәні басқада. Кәсіпкерлік бастаманы көрсету нысаны ретіндегі жаңашылдық жаңа нәрсені ойлап табуға тырысудан емес осы «жаңаның» арқасында пайда алуға ұмтылыстан туындайтынын ұмытпаған жөн. Өнертапқыш – ол әлі жаңа-шыл емес. Адам өзін-өзі кәсіпкер, яғни шаруашылық жүргізудің үздік нәтижесі үшін күресетін адам ретінде көрсеткенде ғана жаңашыл болады. Осыған байланысты кәсіпкерлік жаңашылдықтың тағы бір айта кетерлік маңызды сипаттамасына тоқталу қажет. Экономикалық тұрғыдан алғанда жаңашылдық жаңалық немесе жаңа өнім емес техникалық, технологиялық немесе ұйымдастырушылық инновацияны коммерцияландыру. Жаңашылдық – кәсіпкерліктің белгісі ретінде – бұл кәсіпкерлік идеяны коммерциялық ойдағыдай іске асыру. Ол жаңа өнімде, қызметте, технологияда, өндірісті немесе өнім өткізуді ұйымдастыру тәсілінде көріне ме – бұл соншалықты маңызды емес, оның кәсіпкерге белгілі бір бәсеке-лік артықшылық әкелетіні маңызды болады. Жаңашылдықтың осы анықтамасы кәсіпкерліктің жаңашылдыққа іштей ынталануының себебін жақсы түсіндіреді. Біріншіден, жаңашылдық нарықтағы жағдайды өзіне қолайлы бағытта өзгертуге мүмкіндік бере отырып, нарықтың тұрлаусыздығынан өзін-өзі қорғайды. Екіншіден, жаңашылдық кәсіпкердің жаңалық енгізу арқылы бәсекеден әкетеді, сонымен бірге оның тұрақты бәсекелік артықшылыққа ие болуына ықпал етеді.

Бәсекелестікті кәсіпкерлерді жаңашылдыққа итермелейтін себеп ретінде жеке қарастыру оның экономикалық жүйедегі сыртқы көзге көрінбейтін, алайда ерекше маңызын көрсетуге мүмкіндік береді. Жаңашылдықтың ғылыми-техникалық прогресс пен экономикалық өсу факторы екені шүбәсіз факт, сөйтсе де жаңашылдықтың статикалық нарықтық тепе-теңдікті үнемі бұзатын көз екені маңыздырақ.

Кәсіпкерлік адамның нарықтағы өзгерістерді сезіп-білу қабілетіне емес, нарықтағы жағдайды өзгертуге ұмтылыс жасап игілікті еңбегіне негізделуге тиіс. Демек кәсіпкерліктің жаңашылдық функциясы бүкіл шаруашылық жүргізу ортасын өзгертуді мақсат тұтатынын білдіреді.

<b>7.2.</b>	<b>Кәсіпкерліктің уәжі мен мақсаты</b>

Кәсіпкерлік қызмет қоғамдық тұтынуды қанағаттандырумен байланысты бола тұра, кәсіпкер өзіне мүліктік тәуекелді қайырымдылық жасау мақсатында алмайды. Кәсіпкерлік қызметте адамды кәсіпкерлік табыс нысанындағы мате-риалдық мүдде ынталандырады. Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстың ерекшелігі: біріншіден, ол нарықтық айырбас арқылы алынатындығы, екіншіден, ресурстарды шаруашылық айналым процесінде жақсы қолдану нәтижесі екені. Сондықтан меншіктен (рента, жалға алу төлем, капиталдың пайызы) және еңбек қызметінен түсетін табыс (еңбекақы, гонорар) кәсіпкерліктен түсетін табыс болып саналмайды.

Тәжірибеде кәсіпкердің ішкі ынтасы қызмет мақсатының нысанына айналады. Кәсіпкерліктің мақсаты жөнінде сөз қозғай отырып, оны ұшқарыландыру терминімен көрсетуге болмайтынын айтып кету қажет. Және де ақпараттың жетіспеуі немесе ұтымды іс-қимыл жасау сияқты қайсыбір нәрсенің барынша көбеюіне жету мүмкін еместігі белгілі. Ең басты себеп – кәсіпкерлік субъектісі-нің екі жақтылығы себеп болатын оның ынтасының (мақсатты бағдарының) ішкі қарама-қайшылығы. Кәсіпкер меншік иесі ретінде жұмыс істеп қолданылған ресурстардан барынша көп табыс алуға тырысуға тиіс, сол үшін ол пайданы арттырады. Алайда ол басқару функциясын іске асыратын шаруашылық иесі болса онда ол кәсіпорынның тұрақты дамуын бірінші орынға қояды. Кәсіпорынның қызметіне кәсіпкерге бағынбайтын сыртқы факторлар әсер етуіне байланысты, ол өзінің мақсаттарын нарықтағы нақты жағдайдың ерекшелігіне сәйкестенді-ріп қалыптастыруға мәжбүр болады. Егер кәсіпкер өзгермелі сыртқы ықпал жағдайында өзі таңдаған қайсыбір мақсатқа бар күшімен жетуге ұмтылса, бұл жағдайда оның жағдайы мүшкіл болады, сол себептен ол өзінің мақсаты мен жетуге болатын мақсаттың арасынан өзіне лайықтыны таңдауға тиіс. Сондықтан кәсіпкерлік мақсатқа анықтама беретін қайсыбір нысанды табу қажет болса, оны тек алынған нәтижемен қанағаттану дәрежесімен өлшеуге болады. Іс жүзінде ол үшін мақсатты әр түрлі факторлардың ықпалымен қалыптастырылатын қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсатқа айналдырылады. Сол себептен кәсіпкерлік қатысында айтқанда оның мақсаты емес ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен өзгертін сатылас мақсаттар жүйесі жөнінде айтқан орынды. Кәсіпкерлік ынтаның қарама-қайшылығы меншік молайғанда шешіледі. Кәсіпкерлік мақсаттардың бүкіл жүйесін іске асыратын меншікті молайтуды кәсіпкерліктің мақсаты деп қарастыруға болады.

Айтылғанды табыс алуға тырысудың маңызының жойылғаны деп түсінуге болмайды. Басымды деп саналатын кез келген мақсат қолайлы табыстылық нормасына қамтамасыз етуді бірінші орынға қояды. Осы шектеу кездейсоқ емес және табыстың кәсіпкерліктің бүкіл процесінде атқаратын рөлімен байланысты. Табыс кәсіпкердің табысын бағалап, оны ынталандырады, сонымен бірге ресурстардың тиімді пайдаланғанын көрсетеді, инвестициялық мүмкіндіктерді бағалайды, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамытудың көзі болып табылады. Нақты мақсат ретінде белгіленбейтін табыстың кәсіпкердің мақсаттар сатысында басымды орын алатынын, ал кәсіпкердің түскен табыстың деңгейімен қанағаттануы кәсіпкердің әр түрлі мақсаттарының біріне жеткенін білдіреді.

<b>7.3.</b>	<b>Кәсіпкерліктің маңызы мен мәні</b>

Кәсіпкердің табыс көзі мәселесіне қатысты айтатын болсақ, онда осы мәселе-нің шешімі кәсіпкерліктің мәнін түсінуге байланысты. Табыстың мәні тұр-лаусыз-дық жағдайындағы қызмет ретінде қарастыратын экономистер (Ф.Найт, Й.Тю-нен), оны кәсіпкердің табысын олардың өзіне қабылдаған тәуекелінің төлемі деп санайды. Кәсіпкерліктің мәні инновациялық функциялармен бірге қарастырыл-ғанда (Дж.Б. Кларк, Й.Шумпетер) кәсіпкерлік табыс шаруашылық қызметтегі үздік жетістіктердің төлемі ретінде ұғылады.

Кәсіпкерлікті өндірістік қатынас ретіндегі капиталдың негізгі функциясы – өсім алуды іске асырумен байланысты қызмет ретінде қарастырсақ (К.Маркс) кәсіпкерлік табыстың көзі жалдамалы қызметкерлердің төленбеген еңбегі деген қорытындыға келеміз.

Кәсіпкерліктің маңызын оған тән қайсыбір белгімен өлшеуге болмайды. Белгілердің барлығы оған тән ажырамас қасиет болып табылады, ал кез келген біреуінің көбірек болуы нақты шаруашылық жағдайында кәсіпкердің күш-жігері мен оның өзгеруіне ден қою тәсілін көрсетеді.

Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық тегін талдау оның шаруашылық мінез-құлықтың ерекше түрі екенін және оның маңызы шаруашылық субъектінің ықтимал пайда көзіне ден қою, яғни бар мүмкіндікті көріп, оны іске асыру қабілетіне байланысты екенін көрсетеді. Кәсіпкердің қабілеті оның жеке басы-ның қасиеттеріне емес оның көздеген мақсатына барар жолдағы ерекше қарым-қатынас жасауымен байланысты. Бұл жерде қарым-қатынастар деп кәсіпкер бас-қа кәсіпкерлермен өзара бәсекелік ықпалдасуы аталады, ал кәсіпкерлік қыз-меттің мәні оның бәсекелік артықшылыққа жетуге тырысуын білдіреді. Демек кәсіпкерліктің имманенттік қасиетіне жаңа бәсекелік артықшылыққа жету немесе қолдағы бар артықшылықты сақтау жатады. Имманенттік қасиет бір жағынан, кәсіпкерлік функцияның маңызы – артықшылыққа жетуді, ал екінші жағынан – кәсіпкерліктің шаруашылық мінез-құлықтың тұрпаты ретіндегі ерекшелігін – шаруашылық жүргізудің жақсы жағдайы үшін күресуді білдіреді. Осыдан кә-сіпкерлікті маңызы оның өз мақсаттарына жетуі үшін бәсекелік артықшылыққа жетіп, оны сақтау деген қорытынды жасауға болады. Кәсіпкерлікке тән бастама, тәуекел мен жаңашылдық оның функционалдық белгісі болып оның маңызды функциясын іске асыратын тәсіл ретінде қолданылады.

Кез келген элеуметтік-экономикалық құбылыстың мәні оған тән мақсаттық функция мен оған жету тәсілін анықтау арқылы сәйкестендіріледі. Осы әдіснамаға сүйене отырып және кәсіпкерліктің тегін талдаудың нәтижесін негізге ала отырып кәсіпкерліктің мәні материалдық (коммерциялық) пайда алу үшін бәсекелік артықшылыққа күресу деген қорытынды жасауға болады. Ал кәсіп-керліктің маңызы мен мәнін қарастырғаннан кейін оған экономикалық санат ретіндегі анықтама беру мүмкін болады.

Кәсіпкерлік – бастамашыл, тәуекелмен байланысты және бәсекелік артық-шылыққа ие болып, оны ұстауға бағытталған, сонымен бірге табыс алу және меншікті молайту мақсатында жүргізілетін қызмет.

Кәсіпкерліктің осы анықтамасы оның экономикалық санат ретіндегі тегін ашады, сонымен бірге бірқатар тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, кәсіпкерлік қызмет ретінде бәсеке болған жағдайда ғана өзін-өзі іске асырады. Бәсеке жоқ жердегі қызметтің маңызы мен кәсіпкерлікке тән белгілері де (бастама, тәуекел, жаңашылдық) де болмайды. Екінші қорытынды – іске асырылған бәсекелік артықшылықтың нәтижесі кәсіпкерліктің мақсатқа жетуімен (пайда алумен) анықталады. Демек, нарық жағдайында болса да жүзеге асырылатын, алайда билік немесе әкімшілік өкілеттікке емес бәсекелік артықшылыққа сүйе-нетін қызмет кәсіпкерлікке жатпайды. Үшінші қорытынды – кәсіпкерлік өзінің тегі бойынша экспансионистік (өктемпаздық) қызметке жатады.

<b>7.4.</b>	<b>Кәсіпкерлік иесі</b>

Кәсіпкерліктің тегі оның иесіне қатысты мәселе қарастырмай толық ашу мүмкін емес. Кәсіпкерлік иесінің мәселесі кәсіпкерліктің анықтамасының әр түрлі болуымен байланысты, мысалы, егер жаңашылдық болса – онда менеджер, тәуекел болса – онда меншік иесі деп түсініледі. Сөйте тұра осы мәселенің маңызы өзге себеппен, яғни кәсіпкерліктің қызметтің күрделенуіне байланысты оның орналасуына орай қарастырылады. Шаруашылық қызметтің және оны ұйымдастыру нысандарының күрделенуі арнайы білім мен функцияның арнайы мамандануын ғана емес, сонымен бірге шешім қабылдау процесін орналастырумен, яғни кәсіпкерлік

функцияның бөлшектеп қарастыруды қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ірі өндірісте шешімдердің, сонымен бірге стратегиялық шешімдердің бөлігі әкімшілікке берілген. Ал әкімшілік басқарушылық функцияларының бөлігін басқарудың төмен деңгейіне, жекелеген қызметкерге дейін түсірілген. Нәтижесінде кәсіпкерлік функция көптеген қатысушылардың арасында бөлінген. Бұл жағдайда кәсіпкер болып кім саналады деген сұрақ туындайды.

Кәсіпкерліктің иесі кәсіпкерліктің өзекті функцияларын іске асыратынын білдіреді. Сондықтан осы мәселені шешу үшін кәсіпкерліктің маңызды болса да, қайсыбір белгісін емес, кәсіпкерлік функциясы іске асыруды жеке қарастыру керек. Бұл жағдайда шешім қабылдайтын өкілеттіктің көбі меншік иесіне беріледі, сол себептен кәсіпкерліктің иесі болып саналады. Ал өкілеттіктің осы шоғыры басқарудың әр түрлі деңгейлерінде орналасқан жағдайда, кәсіпкерлікпен айналысу үшін кәсіпкерлікке қатысушылардың барлығын кәсіпкерлік процеске тартылуы тиіс, ал кәсіпкерліктің өзі ұжымдық қызметке айналады. Бұл жағдайда ұжымдық кәсіпкер жұмыс істейді, ал кәсіпкерліктің иесі ұйым болады. Ұйымды қазіргі кезеңдегі кәсіпкерліктің иесі ретінде қабылдаудың өзі оның тегінің немесе оның маңызының өзгеруін білдірмейді, тек кәсіпкерлік жүзеге асыру үлгісінің өзгергенін растайды.

Ең алдымен кәсіпкерлікті жүзеге асырудың «ұжымдық» үлгісіне көшу кәсіпкерліктің меншік институтымен қол үзгенін білдірмейді. Кәсіпкерлікті тиімді жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік функциялар бөлінгеннен кейін меншік құқығы да басқарудың әр түрлі қабаттарына бөлінді. Алайда, біріншіден, құқықтар уақытша беріледі, ал екіншіден, меншік құқығы шоғырының ең маңызды құрамдастары (кәсіпорынды ұйымдастыру мен тарату, мақсаттарды белгілеу, түпкілікті бақылау құқығы, қалған табыс құқығы) меншік иесінде қалады. Сондықтан кәсіпкерлік жүзеге асырылатын ұйымдастыру нысанына қарамастан кәсіпкерлікті меншік иесінің мүддесін басқаруды жүзеге асыратын қызмет деп түсіну қажет.

Ал кәсіпкерлік функцияларды біріктіру қажеттілігі сияқты екінші пробле-маның шешімі жеке ұйым деңгейінде көтермелеу мен бақылау жүйесі ныса-нындағы, сонымен бірге қоғам деңгейінде кәсіпкерлікке қатысушылардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін әрі олардың құқықтарын қорғайтын заңнама нысанындағы реттеуші механизм құрумен байланысты.

<b>7.5.</b>	<b>Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық дамуы</b>

Кәсіпкерліктің дамуы тауарлық шаруашылықтың дамуымен тығыз байланысты. Даму кәсіпкерліктің ауқымы мен салаларының, сондай-ақ оның жұмыс істейтін нысандарының өзгеруіне ықпал етті.

Кәсіпкерлік бастама төрелік етумен, яғни тауарларды нарықтан нарыққа тасумен байланысты сауда қызметінен басталды, ал бағадағы айырма табыс көзіне айналды. Сол кезеңде кәсіпкерлік бағынысты, қосалқы рөл атқарды, ал оның функциясы капиталды пайдамен салуды іздестірумен шектелді. Кәсіпкерлікке ең басты белгі – тәуекелдің жоғары дәрежесі мен пайданы барынша арттыру тән еді. Кәсіпкерлік функция өзінің қызметінің барлық қырларын бір өзі анықтайтын және оның нәтижесі үшін өзі жалғыз жауап беретін меншік иесінің монополиясы болды.

Өндірістің индустриялық кезеңіне көшуіне орай енді кәсіпкерлік материал-дық өндіріс саласына ойысты. Ендігі жерде кәсіпкерлік табысқа жету үшін нарық-тағы бағалардың айырмасын пайдаланып емес, қолданылатын факторлардың ұтымды үйлестіріп, яғни өндірістің тиімді тәсілдерін қолдану қажет болды. Кәсіпкерліктің қызмет түріндегі рөлі артып келеді. Қызметтің күрделенуінің салдарынан кәсіпкерлік функциялар да күрделенді, сол себептен кәсіпкерлік ұйым-ның басқару құрылымына сәйкес осы қызметті орнықтыру қажет болып, кәсіп-керлік функция меншік иесінің монополиясы болудан қалды.

#### 7.1. Кәсіпкерліктің сипаттамасы

Анықтама	Бастамапшыл, паруапшылық тәуекелмен байланысты және бәсекелік артықшылыққа жетуге және оны сақтауға бағытталған, ондай-ақ табыс алу және меншікті молайту мақсатында жүргізілетін
----------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



Белгілер	Шаруашылық бастама. Коммерциялық тәуекел. Шаруашылық жауапкершілік. Факторларды үйлестіру. Жаңашылдық
Уәж (мақсат)	Табысты алу және меншікті молайту
Маңызы	Өзінің имманенттік мақсатына жеткізетін бәсекелік артықшылыққа жету және оны сақтау
Мәні	Жарысу қағидасымен жүзеге асырылатын нарықтық алмасу арқылы пайда алу
Нысандары	Жеке кәсіпкерлік: шағын тауарлық, капиталистік. Ұжымдық кәсіпкерлік. Мемлекеттік кәсіпкерлік
Функциялар	<p>I. Шаруашылық ортаға бейімделу: барынша аз шығын жұмсап барынша көп өнім шығару; кәсіпорын активтері құнының және оның қаржылық тұрақтылығының өсуін қамтамасыз ету; ресурс-тармен нарықтық және нарықтық емес қамтамасыз ету нысандарын оңтайландыру; қызметкерлердің сана-сезімінде кәсіпкерлік қызметке қатысу сезімін қалыптастыру; тұтынушылардың сұра-нысын анықтау.</p> <p>II. Шаруашылық органы қайта құру:</p> <p>экономикалық: қоғамдық өндірістің тиімділігінің өсуіне көмек көрсету; нарықтық тепе-теңдіктің орнығуына көмек көрсету;</p> <p>институционалдық: шаруашылық органы өзгерту; жаңа нарықтық институттар құру;</p> <p>әлеуметтік: қоғамның әл-ауқатының өсуіне көмек көрсету; басқару мен меншікті басқаруды демократияландыруға көмек көрсету; қоғамның әлеуметтік интеграциясына көмек көрсету.</p>

Қоғамның постиндустриялық даму кезеңінде шаруашылық жүргізудің басқа басымдықтары пайда болды. Енді кәсіпкердің қызметінің негізгі буынына ресурстарды ұтымды пайдалану ғана емес, шаруашылық жүргізудің нысаны мен тәсілін ұтымды ету айналды. Жеке нәтижені барынша арттыру емес шаруашылық ұйымның ұзақ мерзім бойы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсаты қойылады. Қазіргі уақытта өзгеретін жағдайға бейімделуге емес, шаруашылық жүргізу жағдайын қоғамдық тұтыну мен өндірістің даму тенденциясына сәйкес қайта құруға бетбұрыс жасалды. Сондықтан инновациялық қызмет кәсіпкерлікке тән негізгі белгі ретінде танылып, кәсіпкерлік қоғамдық өндірісте басты рөл атқара бастады. Инновациялық функцияны бүкіл ұжымның күш-жігерін жұмылдырып қана іске асыруға болады, сондықтан кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін оған бар-

лық қатысушыларды осы процеске жаппай тарту керек. Кәсіпкерліктің маңызының өзгеру шамасына орай оның әлеуметтік бағасы да өзгереді. Кәсіпкерлік қызметтің моральдық-этикалық жағынан толымсыз екені жөнінде антика дәуірінде айтылып христиандардың догмаларында бекітілген тұжырым (лайықсыз, күнәлі) жүздеген жылдар бойы сақталды. Қалыпты әрі өзгермейтін өмір сүріп, патриархалдық шаруашылықпен айналысқан қоғам орнығып қалған тыныс-тіршілікті өзгертуге бағытталған қызметті басқаша қабылдай алмады. Ресурстарды ұтымды пайдалану мен жаңашылдық тұрақты экономикалық өсудің негізгі факторына айналған индустриялық өндіріс тұрпатына көшуге орай қоғам кәсіпкерлік қызметті басқаша қабылдай бастады. Кәсіпкерлікті қандай да бір құштарлық қызмет ретінде қабылдау қате. Алайда кәсіпкерліктің атқаратын игілікті жұмысын ескермей оның тек алуға тырысуына ерекше көңіл бөлу әділсіз болар еді. Кәсіпкерлік бастаманың арқасында жаңа өнім мен қызметтер жасалып, жаңа өндіріс тәсілдері енгізіледі, сондай-ақ жаңа нарықтар ашылады. Ал ең бастысы кәсіпкерлік материалдық мәдениетті дамытуға ең аз шығын жұмсалатын фактор екені.

Кәсіпкерліктің дамуы жөнінде экономикалық ғылымда жазылған. Кәсіпкерлік ғылыми талдаудан кейін адамдар оның маңызы мен мәнін жақсы түсіне бастады. Бастапқыда (XVIII ғ.) кәсіпкерлік тәуекелмен байланысты және табыс алуға бағытталған қызмет, ал кәсіпкер

капиталдың меншік иесі деп қабылданды (Р. Контильон, А. Смит, Д. Рикардо), осы пікір сол кезеңде атқарылған кәсіпкерлік қызметтің айқын байқалған белгілерімен өте үйлескен болатын. Кейіннен (XIX ғасырдың ортасынан бастап), меншік пен басқару функцияларының жеке бөлінуіне орай кәсіпкерліктің маңызы өндірісті ұйымдастыру мен оны басқару саласына ойысты (Ж. Б. Сэй, Дж.С. Милль). Жаңа классикалық теорияның осы түсініктерді дамытуына байланысты кәсіпкер өндіріс факторларын үйлестіретін менеджер, ал кәсіпкерлік ерекше басқарушы функция ретінде қабылданатын болады (А. Маршалл, К. Менгер, Л. Вальрас, Ф. Визер, Дж.Р. Хикс).

Кейініректе кәсіпкерліктің функцияларының маңызы өте жоғары бағаланып, енді ол жер, капитал мен еңбекпен қатар өндірістің ерекше факторы ретінде қарастырыла бастады (А. Маршалл, Д.Б. Кларк). Ең соңында, XX ғасырда кәсіпкерліктің маңызы одан сайын тарылып, енді ол тек жаңашылдық қызмет ретінде қабылданатын болды (Й. Шумпетер). Кәсіпкерліктің жаңашылдық, ал кәсіпкердің экономикадағы ілгері жылжытатын қозғалтқыш күш болып табылатын адам ретінде қабылдануы ғылыми-техникалық революция өрістеген кезеңмен әбден үйлесіп, жуық арада өктемдік ете бастады. Осы идея кейіннен одан әрі дамып, енді ол қайта құратын күшке (Л.Мизес, Ф. Хайек) және экономикалық үйлестірудің ерекше механизміне (Р. Коуз, О. Уильямсон, Д. Норт) айналды.

Марксистік теорияда кәсіпкерлік мүлдем басқа жағынан қарастырылған. К. Маркс кәсіпкерліктің маңызын меншік қатынастарының ерекшелігімен салыстыра келе, кәсіпкерді қызметі жалдамалы қызметкерлерді пайдалану арқылы капиталдың өсуін қамтамасыз ететін жұмыс істейтін капиталист ретінде сипаттады.

<b>7.6.</b>	<b>Кәсіпкерліктің нысандары</b>

Кәсіпкерліктің нысаны – бұл кәсіпкерлікке тән функциялар мен мақсаттар іске асырылатын кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру тәсілі. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен оның маңызды белгілерін ескере отырып, кәсіпкерліктің жеке меншік, ұжымдық және мемлекеттік деп аталатын нысандарын жеке бөліп атауға болады.

Жеке меншік кәсіпкерлік – кәсіпкерліктің жеке меншікке негізделген және жеке тұлғалар табыс алып, меншікті молайту мақсатында жүзеге асыратын нысаны. Жеке меншік кәсіпкерлік қызметтің ғасырлар бойы келе жатқан және кең таралған нысаны болып табылады.

Жеке меншік кәсіпкерліктің ерекше белгісі ретінде оның әлеуметтік-экономикалық біртекті еместігін атауға болады. Жеке меншік кәсіпкерлікті кәсіпкердің жеке және оның отбасы мүшелерінің еңбегінің арқасында, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлердің еңбегін қолданып іске асыруға болады. Егер бірінші жағдайда кәсіпкерлік қызметтің еңбекке негізделгенін айтуға болса, екінші жағдайда оған капиталистік еңбек деген анықтама беруге болады. Келтірілген екі мысалдың экономикалық уәжі де әр түрлі, яғни шағын тауарлық кәсіпкерлік – табыс алу, ал капиталистік кәсіпкерлік – пайда алу мақсатын қояды.

Өзінің жеке бастамасымен жұмыс істейтін жеке меншік кәсіпкерлік жеке өзінің мүддесін іске асыруды көздейді, ал кәсіпкерліктің осы нысанының маңызы оның субъектілерінің бәсекелестерді ығыстырып өзінің шаруашылық жағдайын жақсартуға тырысады. Сондықтан жеке меншік кәсіпкерлікке қатысушылардың өзара ықпалдасуына қарама-қайшылық тән, ал олардың мүдделері қоғамның мүддесімен көбінесе қарама-қарсы келеді.

Жеке меншік кәсіпкерлік ұйымдастыру тәсілі бойынша жеке, топтық және корпоративтік нысанға бөлінеді.

Ұжымдық кәсіпкерлік – кәсіпкерлік өкілеттіктің көзі еңбекке қатысу қарастырылады, ал қызметкерлер шешім қабылдауға шешуші ықпал жасайды. Ұжымдық кәсіпкерлік топтық нысанда іске асырылатын жеке меншік кәсіпкерліктен осы белгісімен ерекшеленеді.

Кәсіпкерліктің жалпы қағидасының негізінде жұмыс істейтін осы нысанның айтарлықтай айырмашылықтары да бар. Біріншіден, қызметкерлер кәсіпкерлік процеске қатысушылар мен одан шеттетілгендерге бөлінбейді. Екіншіден, кәсіпкерлік қызметтің нәтижесін бөлуде меншік емес еңбек үлесі ескеріледі. Үшіншіден, корпоративтік еңбек нысаны сақталып, адамдарды қанауға жол берілмейді.

Кәсіпкерліктің ұжымдық нысанында да табыс алу басты мақсат болып қалса да осы нысан үшін қызметкерлерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде өндірістік бірліктің шаруашылық тұрақтылығын сақтаудың маңызы зор. Оның бәсекеге қабілеттілігін нығайту екі анықтаушы

фактордың қолдануымен байланысты. Біріншіден, кәсіпкерлік процеске барлық қызметкерлерді тартып, кәсіпкерлік функцияның нәтижелілігін арттыруға ықпал ету үшін оны демократияландыру. Екіншіден, ұжымдық нысан жағдайында кәсіпкерлік функция ұжым мүшелерінің ортақ еңбек қызметінің бөлігі болып табылатындықтан кәсіпкерлік ресурстың төлемі кірмейтін шығын құрылымының өзгеруі. Кәсіпкерліктің аталған нысаны осының арқасында шығын бойынша бәсекелік артықшылығы бар.

Сөйтсе де ұжымдық кәсіпкерлік нарық ортасында жұмыс істегенде кәсіпкерлік субъектілерінің тыныс-тіршілігін анықтайтын, мысалы, пайдалылық сияқты өлшемдерді ескерусіз қалдырмайды. Осының өзі оның ішкі қарама-қайшылығын күшейтіп, оның мүмкіндіктерін әлсіретеді. Осы жағдайды және ұжымдық кәсіпкерліктің атқаратын әлеуметтік рөлін ескере отырып, көптеген елдерде ұжымдық кәсіпкерлікті қолдайтын бағдарламалар әзірленген.

Қазіргі уақытта ұжымдық кәсіпкерлік өндіріс кооператив пен ұжымдық кәсіпорын нысанында жұмыс істейді.

Мемлекеттік кәсіпкерлік – кәсіпкерлік қызметтің мақсаты мен тәсіліне қатысты шешімді мемлекет қабылдайтын, ал еңбектің нәтижесін жеке адам пайдаланбайтын кәсіпкерлік нысаны. Көбінесе мемлекеттік кәсіпкерлік капитал сыйымдылығы жоғары өндірістерде (атом энергетикасы, көлік коммуникациялары), немесе коммерциялық нәтижесі көп жағдайда белгісіз (космонавтика, ғылыми зерттеулер), немесе қоғамдық маңызы зор (қорғаныс өнеркәсібі, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.) жұмыс істейді.

Әдетте мемлекеттің экономикаға нарықтық механизмнің кемшіліктеріне байланысты қатысады. Алайда осы айтылғаннан мемлекеттің экономикаға араласуы экономикалық құралдарды, яғни салықтар мен субсидияларды реттеумен ғана неге шектелмейді, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпкерлік қоғамдық игілік беру саласының ауқымынан неге шығады деген сұраққа жауап бермейді, сонымен бірге мемлекеттік кәсіпкерліктің қандай мақсат ұстанатынын түсіндірмейді. Осы түсінік сондай-ақ мемлекеттік кәсіпкерлікті нарықтық қатынастар саласынан әкетіп, оның кәсіпкерлік маңыздан айырады.

Шын мәнінде мемлекеттік кәсіпкерліктің туындау мен оның дамуының себептері тереңде жатыр және қоғамдық өндірістің әр түрлі буындарының өзара тәуелділігінің күшеюі мен олардың қызмет нәтижесінің өзара байланысты болуынан өндірісті қоғамдастырудың өсуімен байланысты. Сондықтан мемлекеттік кәсіпкерлік циклдік ауытқуларды тегістеп, тұрақты экономикалық өсуді қолдауға тиіс. Ал оның функционалдық маңызы туралы айтатын болсақ, ол ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде экономиканың салалық құрылымын жетілдіретін әрі нарықтағы бәсекелестікті қолдау жөніндегі қызметпен байланысты. Басқаша айтқанда, мемлекеттік кәсіпкерлік – макроэкономикалық мақсаттарға жетудің микроэкономикалық тәсілі.

Мемлекеттік кәсіпкерлік тікелей шаруашылық қызметі нысанында, яғни өте маңызды шешімдерді мемлекет қабылдайтын кәсіпорындар арқылы іске асырылатындықтан, ол мемлекеттік реттеудің басқа нысандарынан көп айырмашылығы бар. Осы кәсіпорындар қатарына мемлекетке меншік құқы-ғында тиесілі кәсіпорындар, басымды бөлігі мемлекеттік қатысуы бар кәсіпорындар, мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар жатады. Сырт көзге осы кәсіпорындардың қызметі жеке меншік кәсіпорындардың қызметінен айырмашылығы болмаса да олардың көп айырмашылығы бар. Ең алдымен олардың қызметі мен тиімділігінің өлшемдеріне қатысты. Мемлекеттік кәсіпорындар жеке меншік мүддеге емес қоғамдық мүддеге жетуді көздейді. Олардың қызметінің міндеттері мемлекет жүргізетін экономикалық саясаттың ықпалымен қалыптасатындықтан, тиімділіктің нарықтық өлшемі (пайдалылық) олар үшін әмбебап емес және олардың жұмысының нақты нәтижелілігін өлшемейді.

Мемлекеттік кәсіпкерліктің ауқымы туралы айтатын болсақ, осы мәселе ұлттық экономиканың ерекшеліктерін және оның алдына қойылған міндеттерді еске ала отырып шешілуге тиіс. Осы орайда мемлекеттік кәсіпкерліктің ауқымына халықтың жалпы әл-ауқаты мен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін шамада ғана жол берілетінін айту қажет. Мемлекеттік кәсіпкерліктің тиімділігі жөнінде айтатын болсақ, бұл мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының оңтайлы әдістерін іздестіру мәселесі.

7.7.	Мемлекеттік кәсіпкерліктің бәсекелестікті арттырудағы рөлі
------	------------------------------------------------------------

Мемлекеттік кәсіпкерліктің ауқымы әр елде әр түрлі және ол уақытқа орай өзгереді. Мемлекеттік кәсіпкерлік қоғамдық игілік өндірумен шектеліп қалмайды. Экономиканың бүкіл нарықтық секторын жұмыс істеуі үшін макроэконо-микалық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін базалық салалар (тау-кен өндірісі, болат қорыту, энергетика) мен инфрақұрылымда (көлік пен байланыс) мемлекеттік кәсіпорындар көп, мемлекеттік кәсіпорындар үшін ғылымды көп қажет ететін салалардың маңызы зор. Мемлекет дағдарысқа ұшыраған салаларда кәсіпкерлік функцияны өзіне алады. Осының барлығы мемлекеттік кәсіпкерлік ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауды көздейтінін, ал міндетті пайданы барынша арттыру емес, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету арқылы қоғамның әл-ауқатын жақсарту екенін растайды.

Мемлекеттік кәсіпкерлікті экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдайтын құрал ретінде қарастыра отырып, оның ауқымының ұлттық шаруашылықта қалыптасатын жағдайға байланысты екенін атап өту қажет. Өтпелі экономикада нарықтық экономикамен салыстырғанда мемлекеттік кәсіпкерліктің маңызы мен рөлі едәуір жоғары. Өтпелі кезеңде кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің басымды қатысуының қажет екенін дәлелдейтін ең кемі үш фактор бар, яғни, біріншіден, бүкіл ұдайы өндіріс процесін қамтуға дәрменсіз жеке меншік секторы жалпы әлсіз. Екіншіден, жеке меншік капиталдың жетіспеуі мен инвестициялардың ұзақ мерзімде сақталуының салдарынан өндірістік салаға барудан бас тартуы. Үшіншіден, қаржылық сауықтыру мен техникалық жаңартуды қажет ететін пайда әкелмейтін кәсіпорындардың бары.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік кәсіпкерлік мемлекеттік біртұтас кәсіпорындар мен мемлекеттік капиталы бар акционерлік қоғам деп аталатын екі нысанда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік капиталы бар акционерлік қоғамдар (АҚ): 100% мемлекеттік капиталы бар; мемлекетке бақылау пакеті немесе «алтын» пакеті тиесілі АҚ; мемлекет қатардағы қатысушы болатын АҚ түрінде жұмыс істейді. Мүлкілік қатынастардағы ерекшеліктерге қарамастан (біртұтас кәсіпорынның мүлкінің иесі мемлекет болып табылады, ал АҚ өз мүлкінің дербес меншік иесі болады), 100%-дық мемлекеттік капиталы бар АҚ шаруашылық жүргізу тенденциясы бойынша біртұтас коммерциялық кәсіпорыннан айырмашылығы өте аз. Осындай кәсіпорындар акция сату арқылы инвестиция тарту мүмкіндігі, басқару құрылымы мен оның икемділігін жақсарту, шаруашылық дербестікті кеңейту сияқты бірегей мақсаттарда құрылады. Сөйтсе де Директор кеңесін мемлекеттік органдар құратындықтан, осы кәсіпорындарға әкімшілік тұтқалар айтарлықтай ықпал етеді. Осы орайда мемлекет бақылау функциясын өзіне қалдырып, жалғыз дара меншік иесі емес АҚ-да еркіндік сақталған. Мұндай АҚ қаржы шығыны төмен болса, мемлекетке меншік құқығын сақтауға мүмкіндік береді. Ал мемлекет бақылау пакетінсіз үлестік қатысатын АҚ кәдімгі коммерциялық кәсіпорын секілді жұмыс істейді, ал мемлекет оларға қабылданған жоспарларға және басшылықты сайлау арқылы ықпал етеді.

<b>7.8.</b>	<b>Шағын кәсіпкерлік</b>

Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикада шағын кәсіпорындар шаруашылық жүйенің маңызды элементін құрайды. Кәсіпорындардың осы түрі саны бойынша көп те (70%-дан астам), сонымен бірге қоғамның экономикалық өміріне айтарлықтай ықпал етеді. Шағын кәсіпорындар жұмыспен қамтуды сақтауға ықпал етеді (жаңа жұмыс орындарының үштен екісін шағын кәсіпорындар құрады) олар инновациялық процесте де елеулі рөл атқарады. Шағын кәсіпкерлік нарықтық шаруашылық пайда болғаннан бастап жұмыс істейді, алайда соңғы 40 жылда оған жіті назар аударыла бастады. Жағдайдың өзгеруіне ғылыми-техникалық прогрестің өрістеп дамуы мен нарықтық сұраныстың өзгеруіне орай шағын бизнестің экономикалық жүйедегі рөлінің өзгеруі өте әсер етті.

Біріншіден, шағын кәсіпорындарға ішкі кооперациясы күрделі өндіріске енгізе мүмкіндік берген капиталды көп қажет етпейтін технологиялар пайда болды.

Екіншіден, ақпараттық технологиялардың пайда болуы басқару жүйесін күрделендірмей өндірісті басқаруды жақсартуға мүмкіндік берді.

Үшіншіден, ҒТП жағдайында технологиялар мен нарықтың жағдаятында орын алған өзгерістерге оралымды ден қою ең басты бәсекелік артықшылыққа айналды.

Төртіншіден, шағын кәсіпорындардың тәуекелге бейім болуы мен оларға тән ұжымдылық ҒТП жағдайында табысқа жету факторына айналған кәсіпкерлік мінез-құлықтың инновациялық тұрпатымен үйлесті.

Бесіншіден, белсенді табиғат қорғау қызметіне көшу шағын кәсіпорындарға атап айтқанда, ірі өндірістің қалдықтарын жою мен өңдеу саласында жаңа шаруашылық кәсібін тауып берді.

Алтыншыдан, халықтың әл-ауқатының өсуіне байланысты тауарды шағын топпен шығаратын кәсіпорындарға қолайлы болатындай адамдардың жеке сұранысы артты.

Қаржы ресурстарына қажеттілікті қаржылық емес сектордың есебінен шешуге болатындықтан (туыстар мен таныстардың ақшасының есебінен) Халық-тың жинақ ақшасының ұлғаюына байланысты шағын бизнес банк капиталынан тәуелділігі төмендеді.

Жоғарыда аталған факторлардың қолданылуынан:

ірі кәсіпорындар ауқымының арқасында жеткен артықшылығын едәуір жоғалтты, ал шағын бизнес өндіріске жұмсалатын шығын бойынша біршама бәсекеге қабілетті болды;

шағын кәсіпорындар өндіріске икемденіп, нарықтағы өзгерістерге оралымды ден қоюдың арқасында қосымша бәсекелік артықшылыққа ие болды;

шағын кәсіпорындар жаңа әлеуметтік мәртебеге ие болып, мемлекет пен қоғам тарапынан жақсы қолдауға ие болды.

Жоғарыда айтылғанның барлығы шағын кәсіпкерліктің экономикада атқаратын рөлінің сапасы айтарлықтай жақсарғанын растайды. Қазіргі кезеңдегі шағын кәсіпкерлік жағдаяттың өзгерістеріне жылдам ден қойып, іскерлік циклдің ауытқуын тегістеуге ықпал етеді. Ол инновациялық процеске, демек техникалық-экономикалық прогреске ойдағыдай қатысады, сонымен бірге ол кәсіпкерлікті әлеуметтік те, сондай-ақ экономикалық жағынан дамытудың негізін қалайды.

«Шағын кәсіпорын» және «шағын кәсіпкерлік» деген терминдер кең таралғанымен, оларға нақты анықтама берілмеген. «Шағын кәсіпорын» ұғымына берілген бір анықтамада меншік пен бақылаудың жеке болмауы, сондай-ақ фирманы басқару жүйесі қарапайым және оның ішіндегі қатынастар да ресми емес түрде жасалатыны ескеріліп, ұйымның осы ерекшелігіне ерекше назар аударылады. Екінші анықтамада шағын кәсіпорынның анықтаушы белгісі оның функционалдық сипаттамаларына, яғни нарықтың шағын бөлігін бақылау мен бәсекелік іс-әрекетке назар аудартады. Алайда іс жүзінде шағын кәсіпорынның күрделі басқару жүйесі, ал ірі кәсіпорынның меншігі мен бақылауы біртұтас болуы мүмкін. Шағын кәсіпорындар нарықты басқарып, бәсекелік іс-әрекет жасамауы да мүмкін.

Шаруашылық практикада кәсіпорындардың осы тұрпатын диагностикалаудың статикалық қағидасы пайдаланылады. Осы орайда жұмыспен қамтылғандардың саны, шаруашылық айналымның көлемі, активтердің құны өлшемді белгі ретінде қолдануға болады. Осы тәсілдеме статистикалық есеп тұрғысынан қолайлы, өлшемдер жиынтығы мен олардың сандық параметрлері ұлттық ерекшелігі болуына байланысты онда осы құбылыстың маңызы көрсетілмейді. Кейбір елдерде өлшем ретінде жұмыс істейтіндердің саны, ал басқа елдерде – шаруашылық айналымның көлемі және т.б. алынады. АҚШ-та шағын кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің саны 500-ге дейін, Жапонияда – 300-ге дейін, Скандинавия елдерінде – 100 адамға дейін болуы тиіс. Іс жүзінде пайдалану тұрғысынан алып қарағанда қолайлы статистикалық тәсілдеменің де кемшілігі жоқ емес. Біріншіден, онда өлшем білгіленбеген, сондықтан өлшемнің таңдалуына орай кәсіпорын әр түрлі жіктелуі мүмкін. Екіншіден, ол шағын кәсіпорынды маңызынан айырады, сол себептен көлемі бойынша үлкен нарықтың құрылымында ол «шағын», ал көлемі бойынша шағын нарық үшін – ірі болды.

«Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шағын бизнес субъектісіне заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) және қызметкерлердің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және жыл ішіндегі активінің жалпы құны алпыс бес мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар жатады. Сонымен бірге заңнамада шағын кәсіпкерліктің құрамына жеке кәсіпкерлер мен қызметкерлердің орташа жылдық саны 10 адамға дейінгі заңды тұлғалар жатқызылады.

Бірінші – кәсіпорынның жарғылық капиталында шағын кәсіпкерлік субъектісі емес заңды тұлғалардың үлесі 25%-дан аспауға тиіс. Екінші – қызмет саласы бойынша сарапталған жұмыс істейтіндердің саны. Соңғы өлшемге сәйкес шағын кәсіпорынға қызметкерлерінің шекті саны:

өнеркәсіпте, құрылыс пен көлікте 100 адамнан, ауыл шаруашылығы мен ғылым саласында – 60 адамнан, көтерме саудада – 50 адамнан, бөлшек сауда мен тұрмыстық қызмет көрсетуде – 30 адамнан аспайтын коммерциялық ұйымдар, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын барлық субъектілер жатады.

Шағын кәсіпорынның сан алуан түрінің болуына орай оған әмбебап анықтама беру қиын. Сөйтсе де шағын бизнестің маңызын анықтау үшін оның белгілері емес оның экономикада алатын орнын анықтау маңызды. Осыны ең соңында қарастыра отырып, шағын кәсіпорындар жататын ауқымның ішінде шағын кәсіпорындардың бір-бірінен жеке екі тұрпаты бар екенін аңғаруға болады.

Қарапайым кооперацияға негізделген, сондай-ақ функциялар кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінген шағын кәсіпорындар. Еңбекті қоғамдық бөлудің қарапайым осы буыны сауда, қызмет көрсету мен делдалдық қызмет саласында кең таралған. Шағын кәсіпорынның қызметі қоғамдық ұдайы өндірістің барысына ықпал етпейді, өйткені оның кез келгенін нарықтық механизм арқылы басқа шағын кәсіпорын өзінен-өзі басады, демек олар белгісіз жоқ болып, босаған орында оңай пайда болады.

Шағын кәсіпорын – көлемі бойынша шағын, алайда ұйымдастырылған кезде қызмет түрі емес еңбек құралынан басталатын күрделі кооперациялану базасында жұмыс істейтін кәсіпорын. Осындай кәсіпорындар қоғамдық өндірістің басқа буындарымен тығыз кооперациялық байланыс жасайды және іс жүзінде біртұтас өндірістік циклдің бөлектенген буыны болып табылады. Көбінесе оған жоғары технологиялық, терең арнайы мамандандырылған өндірістер жатады. Экономикалық дербестігін сақтай отырып, ол іс жүзінде жекелеген бөлшектер мен тораптарды жасап, ғылыми және конструкторлық жұмыс жүргізіп, бірыңғай өндірістік желіге енгізілген. Шағын кәсіпорын – қызметінің сипаты қалыптасатын нарық жағдайына тәуелді, өндірісі оқшауланған, кәсіпкерлік функциялар меншік иесінде шоғырланған ұсақ өндіріс емес. Керісінше, бұл экономиканың басқа салаларымен тығыз кооперацияланған, қызметі қоғамдық ұдайы өндірістің барысына ықпал етеін өндірістік буын болғандықтан қоғам кәсіпорынның осы түріне ерекше көңіл бөледі.

Шағын кәсіпкерлік шын мәнінде ерекше рөл атқарады. Біріншіден, өнімдер мен технологиялар саласында жаңа әзірлемелерді жүзеге асыра отырып, нарыққа жекелеген қатысушылардың өз жетістіктеріне тең қол жеткізуіне қамтамасыз етеуде нарықтағы билігін төмендететін факторға айналып отырғаны рас. Екіншіден, озық технологияларды игеру арқылы олар осы технологиялардың таралуына ықпал етеді, сонымен бірге бәсекелік артықшылыққа жетудің жаңа тәсілдерін іздестіруге итермелейді, сөйтіп бәсекелестіктің жаңа нысанының дамуына түрткі болады. Үшіншіден, ол саланы ұйымдастыруды біріктіретін әлеует ретінде ол бәсекелік өрістің тұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, салада бәсекеге қабілеттілік элементтерінің жылдам жинақталуын қамтамасыз етеді. Төртіншіден, инновациялық кәсіпорындар әзірлемелерді бірлесіп қаржыландыру және саланың нарығына қатысушылардың көбімен өзара ықпалдаса отырып, ірі өндірушілердің жекелеген проблемаларын шешуге жұмсайтын күш-жігерін кооперациялайтын жақсы нысан ретінде олардың арасындағы коммуникативтік байланыстардың дамуына, сол арқылы бәсекелік күрестің өркениетті нысандарын ойластыруға ықпал етеді.

Ұсақ және шағын кәсіпкерлікті олардың мәніне қарай да, сонымен бірге олардың әрқайсысына экономикалық саясат таңдау қажет болуына байланысты ажырату қажет.

Ұсақ кәсіпорындарға ең бастысы шаруашылық жүргізу үшін тең жағдайды қамтамасыз ету, қайсыбір әкімшілік органдарының кәсіпорындардың қызметіне негізсіз араласуынан заңмен қорғау, сонымен бірге үй-жай бөлу және консультациялық қызмет көрсету сияқты ұйымдастырушылық көмек көрсету, шағын кәсіпкерлікке тауарлар мен қызметтерге тапсырыс беру арқылы көмек көрсету, сондай-ақ кәсіби мамандар даярлау және оларды қайта даярлауға көмектесетін нормативтік-әкімшілік қолдау көрсету.

Шағын кәсіпкерлікке аталғаннан күрделі қолдау жүйесін, яғни шағын кәсіпорындардың басымды бағыттарын анықтап, дамыту, шағын кәсіпорындардың ірі өндірістік кешендерімен кооперациялық байланыстарын дамыту бағдарламаларын әзірлеу, ақпарат тарату және лицензия беру арқылы ғылыми-техникалық жетістіктерге қол жеткізу үшін жағдай жасау, ғалымды көп қажетсінетін, қарқынды дамып келе жатқан өндірістерде жұмыс істейтін кәсіп-орындар үшін жеделдетілген амортизация саясатын жүргізу, сондай-ақ жаңа технология, өнім мен қызмет әзірлеумен айналысатын кәсіпорындарға салықтық жеңілдікті негіздеп беру, ғылыми-техникалық жетістіктерді игеру үшін мемлекет тарапынан қаржылық және инвестициялық қолдау көрсету қажет.

Осы талаптарды мемлекет іске асыруға тиіс. Қазақстан экономикасы үшін ұсақ және шағын кәсіпкерлікті дамуына көмек көрсетудің маңызы артып отыр. Өткен кезеңде ұсақ кәсіпкерлікке көмек ретінде кәсіпкерлер санатын құрып, тұтынушылық нарықтың тапшылығын әлсірету, ал шағын кәсіпкерлікке қолда бар ғылыми-техникалық әзірлемелерді даяр өнімге айналдыруға көмек көрсету қажет болды.

Бүгінгі күні Қазақстанда бизнес-қауымдастық жылы қабылдаған тіркеу жүйесінің заңнамасы енгізілген. Көптеген елдерде, мысалы, Францияда 2,4 млн шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі бар орта кәсіпкерліктің қызметін қолдау үшін «бір терезе» қағидасы бойынша қайта тіркеу мен қайта тіркеудің оңайлатылған ережесі енгізілген. Осының арқасында орта кәсіпкерлікті тіркеу процесі 24 сағатқа дейін қысқарған, ал барлық қалған заңды тұлғалар 10 күн ішінде тіркеледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 44 бизнес-инкубатор мен инновациялық орталық жұмыс істейді. Олардың барлығы дерлік жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша құрылған және қалыптасу кезеңінде жұмыс істейді.

Бизнес-инкубаторлар өзінің алаңдарында арнайы іріктелген шағын кәсіпорындарды жеңілдікпен орналастырып, оларға консалтингтік, бухгалтерлік және кеңсе қызметтер, сондай-ақ оқыту жөніндегі қызметтерді көрсететін құрылымдар. Бизнес-инкубаторлар өзінің аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін құрылады.

Негізінде жоғары оқу орындарының немесе ғылыми-зерттеу институттарының базасында, осы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін пайдалану және технопарк аумағында орналасқан шағын инновациялық кәсіпорындар құрып, оларды дамыту арқылы әзірленген технологияларды коммерцияландыру мақсатында технопарктер құрылады.

Сонымен бірге қазіргі жағдайда қазақстандық экономикада жергілікті кәсіпорындардың әлеуеті жеткіліксіз пайдаланатынын атап өту қажет. Кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін мемлекет өз тарапынан қолайлы жағдай жасап, бәсекеге қабілетті әрі еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыру үшін зор әлеуеті бар шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарына көмек көрсетуге тиіс. Қазақстандық экономикада шағын кәсіпорындардың экономикалық ролі соншалықты жоғары болмаса да кәсіпорындардың жалпы санында олардың 93,9%-ға жетіп отыр. Қазақстанда бүкіл шағын бизнес секторы ЖІӨ-нің 16,2%-ын береді және жалданып жұмыс істейтіндердің жалпы санының 17,6%-ын, яғни 553731 адамды құрайды. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерліктің дамуында мынадай проблемалар қордаланған:

экономикада кәсіпкерліктің аз нысаны жұмыс істейді. Егер Батыс Еуропа елдерінде мың тұрғынға шаққанда 70 шағын кәсіпорын, АҚШ-та олардың саны 75-ке жуық, Ресейде – 6-7, ал Қазақстанда 11 жұмыс істейді екен, сондай-ақ осы шағын кәсіпорындар Қазақстан аумағында біркелкі орналаспаған. Шағын кәсіпорындардың 45%-дан астамы еліміздің ең ірі қалаларында, яғни Алматыда – 35,3%, Астанада – 10%-ы орналасқан;

қазақстандық ұсақ кәсіпкерліктің түрлері нашар әртараптандырылған және олар технологиялық жағынан артта қалған, сонымен бірге өнеркәсіпте шағын кәсіпорынның өте аз саны жұмыс істейді. Шағын кәсіпорындардың басым көпшілігі ұсақ құрылымдардан (шағын кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің орташа саны 10 адамға жуық) құралады.

Қазіргі кезеңдегі шағын кәсіпкерліктің даму тенденциясына әр алуан факторлар ықпал етеді. Бір жағынан, ұсақ кәсіпкерлік секторының дамуы үшін жағдай жасалуда. Алайда, екінші жағынан, нарықтарда бәсекелестік қарқынының өршу салдарынан шаруашылық тәуекелдің дәрежесі артқанымен тиісті сыйақы алу мүмкіндігі төмендеп барады. Қалыптасқан жағдайда инновациялық тұрпаттағы шағын кәсіпорындарды дамыту қажет. Осы орайда, көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей шағын кәсіпкерліктің инновациялық әлеуеті шағын кәсіпорындардың ғылыми-техникалық кооперациясы, патенттік құқықтарды заңмен қорғау және қаржылай қолдау, жеңілдетілген салық салу кіретін өнеркәсіптік саясаттың тиісті түрі жүргізілген жағдайда ғана байқалады екен. Қазіргі уақытта қазақстандық экономикада инновациялық шағын кәсіпорындардың қарқынды дамуы үшін жағдай жасалмаған.

<b>7.9.</b>	<b>Кәсіпкерліктің функциялары</b>

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру әр алуан функцияны орындаумен байланысты. Сөйтсе де кәсіпкерлікті қызмет түрі ретінде жүзеге асырумен байланысты және шаруашылық жағдайдың ерекше түрі ретінде оған тән функцияларды ажырата білген дұрыс. Кәсіпкерлікке шаруашылық

жағдайдың ерекше түрі ретінде тән функциялар – бұл қоршаған ортамен өзара ықпалдасу тәсілдері, оған функциялардың келесі екі тобы жатады. Бірінші топқа кәсіпкердің қоршаған ортамен өзара ықпалдасуын көрсетеді және оларды ден қою функциялары деп атауға болады. Функциялардың екінші тобы кәсіпкерлік өзінің айналасына қатысты орындайтын рөлін білдіреді, сол себептен оларды қайта құру функциялары деп атауға болады.

*Ден қою функциялары* – бұл ортаның жағдайларына бейімделудің ағымдағы міндеттерін іске асырумен және кәсіпкердің оның өзгерістеріне ден қою қабілетімен байланысты функциялар. Осы тұрғыдан қарастырылатын функциялар басқарушылық қызметтің қаржыны, өндірісті, кадрларды, жабдықтау мен өткізуді басқару сияқты ерекше түріне жатады. Нысаны бойынша басқарушылық функция бола тұра кәсіпкерлік функция ретінде олардың өзіндік ерекше маңызы болады.

*Қаржыны басқару* бір қарағанда қаржы мен инвестиция нарығында ақша тарту мен оны пайдалану мәселесімен ғана айналысатын сияқты, алайда осы функцияның кәсіпкерлік маңызы анағұрлым терең және оның міндеті барынша аз тәуекелге бас тігіп барынша жоғары қайтарымды қамтамасыз етумен байланысты. Кәсіпкер осы міндетті шешу үшін, бір жағынан, жұмылдырылатын ақшалай қаражаттың бағасын барынша төмендетіп, екінші жағынан, инвестицияланған қаражатты тиімді пайдаланып, одан мол қайтарым алуға тиіс. Демек, осы функцияның негізгі маңызы кәсіпорын активтерінің құны мен оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету екен.

*Материалдық-техникалық қамтамасыз ету функциясына* запас шамалы болса да онымен үздіксіз жабдықтау, яғни өндірісті қажетті ресурстармен қамтамасыз ету жатады. Осы мәселенің шешімі істі ұйымдастыру жағы емес, нарықтағы жағдаяттың келешекте қалыптасуының белгісіздігімен байланысты. Сондықтан кәсіпкер трансакциялық шығындарды барынша қысқарту, яғни өндірістік ресурстармен қамтамасыз етудің нарықтық және нарықтық емес нысанын оңтайлы үйлестіре білуі тиіс.

*Өндірісті басқару* – бұл қызметті үйлестіру ғана емес, нәтижені барынша арттырып, шығынды барынша төмендетуге мүмкіндік беретін өндіріс факторларын ұштастыру.

Қазіргі кезеңде *кадрларды басқару* қызметкерлерді іріктеп, орналастырумен шектелмейді. Бір жағынан, адам факторының маңызының артуына байланысты еңбек ресурстары сапасының дамуына ерекше назар аударып, еңбекті бағалау мен оны көтермелеуге өзгеше көзқарас танытуды қажет етеді. Екінші жағынан, еңбектің сан алуан мамандануы мен кәсіпкерлік функцияның әр түрлі басқару деңгейінде шоғырлануы оларды біріктіріп, өндіріске барлық қатысушылардың күш-жігерін жұмылдырады. Сондықтан осы функция қызметкерлердің сана-сезімінде кәсіпкерлікке, оның табысқа жетуіне ынта қоюын қалыптастырады.

Кәсіпкерлік функция ретінде қарастырылып отырған тауар *өткізуді басқару* тауарды өткізу мен жылжыту тәсілдерін дамытумен емес тұтынушылардың қа-лауын білумен байланысты. *Қайта құру функциясы* кәсіпкерліктің шаруашылық ортаға жасайтын ықпалымен байланысты және оның салдарын сипаттайды. Аталмыш салдар кәсіпкерліктің шаруашылық ортадағы белсенді рөлін көрсететін экономикалық, институционалдық және әлеуметтік функциялар түрінде білінеді.

**Экономикалық функциялар.** Кәсіпкерліктің аса маңызды экономикалық функциясына өндіріске ресурс үнемдейтін технологияларды енгізудің арқасында ресурстарды ұтымды пайдалануға көмек беру жатады. Нарықта тепе-теңдік орнатуға көмек беру арқылы ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету оның тағы да бір маңызды функция болып табылады. Кәсіпкер игілікті ол мол нарықтан тапшы нарыққа жылжыта отырып, тауарлық нарықта да, сонымен бірге өндірістік ресурстар нарығында да тепе-теңдіктің орнауына ықпал етеді.

**Институционалдық функциялар.** Кәсіпкер инновациялық қызмет арқылы нарықтағы жағдайды өзіне пайдалы бағытта өзгертуге тырысып жаңа игілік пен технология құрумен қатар, қалыптасқан нарық ортасын өзгертеді, бұрынғы институттардың түрлерін өзгертіп, жаңа нарықтар, бәсекенің нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ ресурстарды үйлестірудің тәсілдері мен кәсіпкерлікті ұйымдастырудың жаңа нысандарын құрады. Кәсіпкерліктің, бір жағынан, нарықта тепе-теңдіктің орнауына көмек көрсетіп, ал екінші жағынан, осы тепе-теңдікті бұзатыны қайшылыққа жатпайды, өйткені кәсіпкерлік қызметтің жұмысы статикалық емес динамикалық тепе-теңдік құрумен байланысты.

**Әлеуметтік функциялар.** Кәсіпкер шаруашылық жүргізуде үздік нәтижеге жету үшін өзі шығаратын игіліктің түрлерін көбейтіп жаңартады, тұтынушыларға ұнау үшін жаңалық енгізеді. Тұтынушылардың таңдау мүмкіндігін кеңейте отырып, кәсіпкер қоғамның әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді.



Кәсіпкерлік қызмет процесіне қатысушылардың ауқымының өсуіне байланысты кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік интеграциялануына ықпал етеді, сонымен бірге басқару мен меншік қатынастарының демократиялануына көмектеседі, ал осының барлығы әлеуметтік топтардың жеке бөлектенуін еңсеріп, қоғамның әлеуметтік прогресіне жол ашады.

**Ұйымдастыру функциялары.** Кәсіпкерлік құрылымдардың сан алуан түріне кәсіпкерліктің жеке, әріптестік және корпорациялар деп аталатын үш ұйымдастыру нысанын біріктіреді (7.3-кесте).

#### 7.2. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандарының сипаттамасы

	Жеке кәсіпкер	Әріптестік	Корпорация
Ұйымдастырудың қиындығы	Құрудың қарапайым-дылығы мен оңайлығы, ұйымдастыру мен ресімдеуге аз шығын жұмсалтуы	Жеке меншік кәсіпорын сияқты және қатысушылардың арасында шарт жасасу	Арнайы заңмен реттелуіне байланысты едәуір күш-жігер мен материалдық шығын жұмсауды қажет етеді
Капиталды жұмылдыру қабілеті	Меншік иесінің жинақ ақшасының мөлшерімен шектелген	Қатысушылардың жинақ ақшасын біріктіру арқылы капитал тарту мүмкіндігі артады	Өте жоғары, бағалы қағаздар эмиссиясы арқылы капиталды жылдам жұмылдыра алады
Меншік иесінің жауапкершілік ауқымы	Барлық міндеттемелер, сондай-ақ бойынша мүлік толық жауапкершілік	Қатысушылардың мүлігін қоса алғанда толық бөлінген, субсидиарлық	Ұсталатын бағалы қағаздың құнымен шектелген
Басқа жақтан бақылау жасау дәрежесі	Бүкіл қызмет толық бақыланады	Қатысушылардың арасында бөлінуе байланысты келіспеушілік туғынлайлы	Ұсталатын акциялардың үлесіне сәйкес
Қызмет істеудің ұзақтығы	Меншік иесінің өмір сүруінің ұзақтығына байланысты	Әріптестер арасында жасалған келісімнің ережелері бойынша	Шектелмеген, қызмет банкрот болған жағдайда тоқтатылады
Салық салу	Жеке табысқа салынатын салық ставкасы бойынша	Жеке меншік кәсіпорындардағы сияқты	Қосарланған салық салу
Өтімділік	Төмен, сатудың қиындығы	Үлесті сатудың біршама қиындығы	Жоғары

Аталған нысандар жеке меншік және қоғамдық деп аталатын екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа – жеке кәсіпкерлік пен әріптестіктер, ал екінші топқа корпорациялар жатады. Топқа бөліну ресми емес. Біріншіден, жеке нысан мен әріптестікте иелік ету мен басқару тікелей біріктірілген, ал корпорацияларда осы функциялар жеке бөлінген. Екіншіден, жеке меншік нысандарда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі шаруашылық жауапкершілік әдетте иеленушінің өзіне жүктеледі. Бұл жерде кәсіпорынның меншігі иеленушінің меншігінен бөлінбеген, ал корпорацияда кәсіпорын меншігі жеке тіркеліп, оның иелерінің жауапкершілігі шектелген. Үшіншіден, егер корпорация жыл сайын өзінің қаржылық қызметінің нәтижелері жөнінде есеп жариялап, қоғам үшін ашық нысанда жұмыс істеуге тиіс болса, жеке кәсіпкерлер мен серіктестіктер осы ақпаратты тек уәкілетті органдарға табыс етіп, өзінің қаржылық қызметін құпияда сақтауға құқылы.

Жеке кәсіпкерлер – коммерциялық қызметті өздеріне тиесілі меншіктің негізінде, оны тікелей басқарып, толық мүлкілік жауапкершілік алып жүзеге асыратын адамдар. Жеке кәсіпкерлік – кәсіпкерліктің ең қарапайым және кең тараған нысаны. Оған саудамен және қызмет көрсетумен айналысатын шағын кәсіпорындар, кәсіптік шеберханалар мен шаруа қожалықтары жатады және жеке кәсіпкерлердің табыс алуға ынталы, жедел әрі икемді болуына әрі осы нысанды жылдам ұйымдастырып, ресімдеуге болатынына байланысты кәсіпкерліктің осы түрі кең тараған.

Жеке кәсіпкер бүкіл табысты өзі алады, сонымен бірге оны өзін қанағаттандыратын, қоғамда басқару қызметін атқаратынымен оның өзін де қанағаттандыратын, сонымен бірге қоғамда да алатын орны бар. Тұтынушылармен тікелей жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер нарықтың сұранысын жақсы біледі және жағдаяттың шамалы ауытқуына жылдам ден қояды. Шағын мөлшердегі өндірісті жүзеге асыратын кәсіпкерлер қажет жағдайда бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ауысып, артықшылыққа ие бола алады. Сонымен бірге жеке кәсіпкерге артықшылық беретін факторлардың кері әсері де болуы ықтимал. Біріншіден, жеке кәсіпкердің қаржы мүмкіндіктері шектеулі және ол ірі өндірісті ұйымдастыра алмайды. Демек ресурстарды шағын топпен сатып алғанда ол жоғары бағаны төлеуге мәжбүр болады, ал өндірістің шағын ауқымы осы ауқымнан алуға болатын бүкіл үнемді алуға мүмкіндік бермейді. Осының барлығының салдарынан ұсақ кәсіпкер экономикалық көп шығын шегіп, оның бәсекеге қабілеттілігі төмендейді. Екіншіден, басқару, жабдықтау, қаржылық, маркетингтік және кадр функциясын бір адамның атқаруына байланысты, оған жүктелетін жүктеменің көптігінен әрі білімнің жетіспеуіне орай қызметті басқарудың тиімділігі де төмендейді. Сөйтсе де кәсіпкердің толық шаруашылық жауапкершілігі жеке кәсіпкерлік нысанының елеулі кемшілігі болып табылады. Осы кемшілік кәсіпкерді оның өзінің «ісінің» кепіліне айналдырады. Құқықтық жағынан алып қарағанда кәсіпкер кәсіпорынның активімен емес өзінің бүкіл мүлкімен жауап береді, сол себептен ол үлкен тәуекелге бас тігіп, оның жаңашылдық мүмкіндіктері де тежеледі.

Аталған кемшіліктерді серіктестік құру арқылы еңсеруге болады. Серіктестік (әріптестік) деп бірлескен қызметті үлестік меншік негізінде жүзеге асыратын және басқаруға тікелей қатысатын қатысушылардың шектеулі саны бар жабық үлгідегі бірлестік аталады. Серіктестіктің: 1) қатысушылардың белгіленген құрамы; 2) кәсіпорынға үлестік қатысу; 3) жеке мүлкіпен жауап беру сияқты ерекшелігі болады.

Серіктестікті ұйымдастыру үшін оған қатысушылар өзара шарт жасасуға тиіс болса да, ол кәсіпкерліктің біршама қарапайым нысаны болып табылады. Жеке кәсіпкерліктің артықшылықтары сақталған серіктестік ресурстарды тартуға, атап айтқанда кредит көздерін тарту мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Серіктестік кәсіпкерлік тәуекелді төмендету үшін құрылады. Тәуекел серіктестікке қатысушылардың арасында бөлінеді, сол себептен олардың әрқай-сысының тәуекелі де төмендейді. Сонымен бірге көп адамдардың білімін біріктіріп, оларды белгіленген басқару функциясына мамандандыру мүмкіндігі жеке кәсіпкерге кездесетін бірқатар проблемаларды азайтады.

Алайда серіктестіктің де кемшілігі жоқ емес. Біріншіден серіктестікке қатысушылардың арасында басқару функцияларының бөлінуіне байланысты көшбасшы болу үшін күрестің негізінде дау туындауы мүмкін, сондай-ақ шешім қабылдаудағы жеделдік те төмендейді. Екіншіден, серіктестікте қатысушыларға басқа адамдардың қателігінен туындайтын жауапкершілік те көп жүктеледі. Айтылған себептерге байланысты кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың осы нысаны аз таралған.

Корпорация – капиталға бірлесіп қатысуға негізделген бірлестік, оның заңды құқықтары мен міндеттері оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелерінен жеке бөлектелген.

Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың корпоративтік нысаны XIX ғасырда қалыптасты және қоғамның өндіргіш күштерінің дамуындағы сапаның өзгеруімен байланысты. Корпоративтік кәсіпкерлік бір жағынан, ақшалай қаражат тартылатын базаны кеңейтіп, капиталды жұмылдыруды қамтамасыз етті, ал екінші жағынан, – қомақты қаржы салымына байланысты адамның тым жоғары жеке тәуекелінің деңгейін шектейтін нысанға айналды. Қазіргі кезеңдегі экономикада корпорациялар негізгі рөл атқарады. Ұйымдастыру нысандары құрылымында олардың үлесі шамалы, яғни 20-25% болса да, корпорациялар шаруашылық айналымының 80-90%-ын береді.

Корпорациялардың мәнінің ерекшеліктері олардың қызметінің ауқымымен және көлемімен байланысты емес. Корпоративтік нысанда меншіктің басқарудан жеке бөлектеудің аяқталған нысаны екені оның басты экономикалық ерекшелігі болып табылады, ал корпорация өзінің құрылтайшылары мен қатысушыларына қатысты экономикалық және заңдылық жағынан жеке бөлек қарастырылады, сол себептен корпорацияның бұрын қарастырылған кәсіпкерліктің

нысандарынан өте ерекшеленеді әрі оның экономикада жетекші рөл атқаратын артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Біріншіден, мүлік жауапкершілігін шектеу халықтың кең топтарын инвестициялауға тартуға, қомақты капиталды жылдам орталықтандыруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге тәуекелдің төмендеуі кәсіпкерліктің жаңашылдық функциясының жандануына ықпал етті. Екіншіден, басқарудың меншіктен жеке бөлектенуі корпорацияның құрылтайшылар мен қатысушылардан тәуелсіз тіршілік ететін шаруашылық құрылым ретінде орнығуын қамтамасыз етті. Үшіншіден, бағалы қағаздардың дамыған нарығы жағдайында акцияларды сату-сатып алу арқылы үлестік қатысудың кедергісіз жылжуы тағы да бір айта кетерлік артықшылықты – жоғары өтімділікті, яғни инвестицияланған қаражатты инвесторлар үшін тартымды болып табылатын ақшалай нысанға жылдам айналдыру мүмкіндігін береді.

Кез келген басқа нысан сияқты корпорацияның да кемшілігі жоқ емес. Осы орайда кәсіпкерліктің осы нысанын ресімдеп, тіркеуде туындайтын әрі едәуір күш-жігер мен қаражатты қажет ететін ұйымдастыру қиындықтары туралы айтпай кетпей болмайды. Сонымен бірге корпорация құрудың тәртібі қатаң реттеледі және оған белгіленген шектеулер қосылған. Корпоративтік ұйым нысанының елеулі кемшілігі ретінде алдымен корпорацияның пайдасына, содан кейін акционерлердің дивидендіне қосарланған салық салумен байланысты туындайтын артық салық ауыртпалығын атауға болады. Ашықтықты талап етіп, қаржылық жай-күй туралы жыл сайынғы есепті міндетті түрде жариялаудың салдарынан корпорациялар бәсекелестер үшін оңай олжаға айналады, сонымен бірге акционерлердің талаптарын қанағаттандырып, сондай-ақ басқарушыларды инвесторларды тарту үшін қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге ынталандырады.

Алайда корпоративтік кәсіпкерлік нысаны үшін ең өткір проблеманың бірі – акционерлер мен басқарушылардың өзара қарым-қатынас жасауының қиындығы. Корпорацияның акционерлері өздеріне заң жүзінде тиесілі оларды өте сирек басқарады. Әдетте олардың басқарушылық ықпалы басқарушы органдарды сайлаумен және экономикалық стратегияны әзірлеуге қатысуымен шектеледі. Алайда іс жүзінде акцияларды ұстаушылардың басқарушыларға ықпал етуге ықтимал мүмкіндіктері ақпараттың, сондай-ақ біліктіліктің жетіспеуімен шектеледі. Сондықтан акционерлер басшылықтың ұсыныстарын қолдауға бейім болады, сол себептен нақты билік корпорацияны күнделікті басқару тізгіні басқарушылардың қолында болады.

Корпоративтік бірлестіктер әр түрлі нысанда болады. Олардың ішінен акция мен облигация сияқты бағалы қағаздарды шығару арқылы капиталды жұмылдыратын акционерлік қоғам нысаны көп тараған. Акцияларды ұстаушылар ортақ иеленуші болып табылады және табысқа қатысты ешқандай кепілдігі болмаса да басқаруға құқығы болады. Облигацияларды ұстаушылар белгіленген табыс ала отырып, кредитордың рөлін атқарады және басқаруға қатыспайды. Акционерлік қоғамның бағалы қағаздары ашық нарықта еркін айналыста болуы оның басты ерекшелігі болып табылады.

Корпоративтік ұйымның екінші түріне корпорация мен әріптестіктің белгілері үйлескен S-корпорациялар жатады. Акционерлік қоғамда сияқты S-корпорацияның акцияларын ұстаушыларының да жауапкершілігі шектеулі болады. Алайда акционерлік қоғаммен салыстырғанда S-корпорацияға қатысушылардың саны заңмен шектеледі, ал ұйымның ерекшеліктеріне байланысты қосарланған салық салынбайды. Сондай-ақ кәсіби белгі бойынша біріккен заңгерлердің, медицина қызметкерлерінің және т.б. жабық үлгідегі акционерлік қоғамның ерекше түрі ретінде жұмыс істейтін бірлестіктер ретіндегі кәсіби корпорациялар кең тарады. Бүкіл корпорацияланған қауымдастықты реттейтін нысан ретінде жұмыс істейтін әрі басқа корпорациялардың акцияларын ұстаушы холдингтер корпоративтік ұйымның жоғары деңгейіне жатады.

7.10.	Қазақстанда кәсіпкерлік қызметке қатысушылар
-------	----------------------------------------------

Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың сол бір түріне біртектес емес мүлік-тік өкілеттік қатынастар, ұйымдастыру мен басқару қағидалары кіруі мүмкін, сондықтан оларды заң жүзінде тиісінше ресімдеу қажет. Сол себептен іс жүзінде кәсіпкерлік қызмет ұйымдастыру нысанының функционалдық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге еліміздің құқықтық тәртібінің ұлттық

ерекшеліктерін білдіретін нақты шаруашылық-құқықтық нысандар жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында шаруашылық-құқықтық нысандардың құрылымы ҚР Аза-маттық кодексінде белгіленген. Онда кәсіпкерлік қызметке барлық қатысушылар мәртебесі бойынша – жеке және заңды тұлғаларға, қызметінің мақсаты бойынша – коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға бөлінген.

**Жеке және заңды тұлғалар.** Жеке тұлғаларға заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, өзінің мүлкімен жауап беретін азаматтар жатады. Оларға жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары жатады.

Заңды тұлғаларға жеке мүлкі, дербес балансы бар, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алатын және өздерінің міндеттемелеріне қатысты өзінің мүлкімен жауап беретін жеке азаматтар құратын да ұйымдар жатады.

Заңды тұлғалар біріншіден, қызмет мақсаты бойынша коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға бөлінеді. Екіншіден, олар құрылтайшылардың заңды тұлғаның мүлкіне қатысты өкілеттігінің сипаты бойынша сараланады. Бір топқа заңды тұлға болып табылатын, оларға қатысушылардың заңда және құрылтай шартында белгіленген міндетті құқықтары бар шаруашылық бірлестіктер мен қоғамдар, өндірістік және тұтынушылар кооперативтері кіреді. Заңды тұлғалардың екінші тобына қатысушылар оның мүлкіне меншік құқығы бар біртұтас кәсіпорындар мен мекеменің меншік иесі қаржыландыратын кәсіпорындар кіреді. Үшінші топқа (қоғамдық және діни ұйымдар, қайырымдылық қорлары, заңды тұлғалардың одақтары мен қауымдастықтары) қатысушылар мүліктік құқықтары мен міндеттемелері жоқ ұйымдарды құрайды. Үшіншіден, заңды тұлғалар ұйымның ерекшелігіне байланысты бірқатар түр нысандарына бөлінеді.

**Коммерциялық ұйымдар.** Коммерциялық ұйым деп өзінің қызметінде пайда алу негізгі мақсат ретінде қоятын кәсіпкерлік құрылым аталады. Коммерциялық ұйымға шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдар, біртұтас кәсіпорындар мен өндірістік кооперативтер жатады. Коммерциялық ұйымдар ҚР Азаматтық кодексінде көзделген құқықтық нысанда ғана құрылуы мүмкін.

Шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар коммерциялық құрылымның ең көп тараған нысаны болып табылады. Оларды азаматтар, заңды тұлғалар мен мекемелер өздерінің меншік иесінің рұқсатымен құра алады. Заңнамада тек мемлекеттік және муниципалдық органдарға шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдарға қатысуға тыйым салынады. Коммерциялық ұйымдардың басты ерекшелігі ретінде капиталға үлестік қатысу мен құрылтайшылардың қаражатының есебінен құрылған және қызмет процесінде сатып алынған бүкіл мүлік қа-тысушыларға меншік құқығымен тиесілі болуын атауға болады. Коммерциялық ұйымның қатысушылардың жиналысының айрықша құқығы бар жоғарғы басқару органы болып табылады. Осы нысандар салымшылар біріктірілген нысан бойынша ерекшеленеді. Серіктестік деп мүше болу және капиталды біріктіру негізінде құрылған құрылым аталады, ал қоғам тек капиталды біріктіру негізінде құрылады. Осы ресми емес айырмашылық бір жағынан, құрылтайшылардың шаруашылық жауапкершілігінің дәрежесіне, ал екінші жағынан – құрылған кәсіпкерлік құрылыммен жасалатын өзара қатынастардың сипатына байланысты. Серіктестіктің құрылтайшылары оның міндеттемелері бойынша толық бірлескен жауапкершілікте болады, ал қоғамға қатысушылардың шаруашылық тәуекелі олардың салымымен шектеледі. Серіктестікте құрылтайшылар оның қызметі мен басқаруға тікелей қатысады, ал қоғам мен оның құрылтайшыларының өзара қарым-қатынастары азаматтық құқықтық қатынастардың, яғни азаматтық шарттың негізінде құрылады.

Шаруашылық серіктестіктер толымды шаруашылық серіктестіктер мен сенімге негізделген серіктестік нысанында құрылады.

Толымды шаруашылық серіктестік (ТШС) – серіктестіктің міндеттемелері бойынша бүкіл өзінің мүлкімен толық жауап беретін қатысушылардың шектеулі саны бар, үлестік меншікке негізделген жабық үлгідегі бірлестік. ТШС-ті кем дегенде екі адам құра алады; жұмыс істейтін серіктестікте бір ғана қатысушы қалғанда ол таратылуы немесе басқа нысан болып қайта құрылуы тиіс.

Серіктестіктің қызметі, сондай-ақ оған әрбір қатысушының өкілеттігі құрылтай шартында реттеледі. ТШС қызметі ортақ келісім бойынша басқарылады. Мұның өзінде қатысушылар істі бірлесіп, жалпы дауыс беру арқылы шешім қабылдап, сондай-ақ істі оған жекелеген қатысушыларға жүктеу арқылы жүргізуі мүмкін. Серіктестіктің пайдасы мен залалы оған қатысушылардың арасында қойма капиталындағы олардың үлесіне барабар бөлінеді, ал ТШС-ке

қатысушылардың шаруашылық жауапкершілігі өте жоғары дәрежеде болады. Олар толық субсидиарлық, яғни бүкіл өзінің мүлкімен өзара жауап береді.

Сенімге негізделген серіктестік (коммандиттік) – серіктестіктің міндеттемелері бойынша толық мүліктік жауап беретін қатысушылар, сондай-ақ жауапкершілігі енгізілген салымының мөлшерімен анықталатын салымшылар кіретін жабық үлгідегі бірлестік.

Сенімге негізделген серіктестіктің айта кетерлік айырмашылығы құрылтайшылар-толымды жолдастар мен салымшылардың арасындағы шаруашылық жауапкершілік дәрежесімен, сондай-ақ осы айырмашылықтан туындайтын олардың құқыққа қабілеттілігімен анықталады. Толымды жолдаспен салыстырғанда салымшылар серіктестікті білдіре алмайды, олар серіктестіктің қызметін басқаруға қатыспайды, тіпті толымды жолдастардың істі жүргізу жөніндегі іс-қи-мылымен келіспеуге құқықсыз. Алайда серіктестік таратылған жағдайда салымшылар толымды жолдастарға қарағанда серіктестік мүлкінен өз салымдарын қайтаруға артық құқығы болады.

Шаруашылық серіктестіктер «жауапкершілігі шектеулі қоғам», «қосымша жауапкершілігі бар қоғам» және «акционерлік қоғам» түрінде құрылуы мүмкін.

Жауапкершілігі шектеулі қоғам – қоғамның міндеттемелері бойынша мүлікпен жауап бермейтін қатысушылардың шектеулі санының капиталын біріктіруге негізделген кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысаны.

Жауапкершілігі шектеулі қоғамды бір немесе бірнеше қатысушы құра алады, олардың саны заңда белгіленген шектен аспауға тиіс. Осы үлгідегі қоғам өз қызметінде қоғамды ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелері жазылған және құрылтайшылар қол қойған Құрылтай шарты мен олар бекіткен Жарғыны басшылыққа алады. Қоғамның активтері құрылтайшылардың салымының есебінен қалыптастырылады.

Қоғамды құрылтайшылар жалпы жиналыс пен өздері құратын атқарушы орган арқылы басқарады. Жалпы жиналыстың Жарғыны, жарғылық қордың мөлшерін өзгерту мен қаржылық есептілікті бекітуге қатысты айрықша өкілеттігі болады. Қоғамның қызметін ағымдағы басшылықты атқарушы орган арқылы құрылтайшылардың жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты алқа арқылы немесе жеке адам жүзеге асырады. Атқарушы орган өз қызметінде Жарғының және шаруашылық заңнамасының ережелерін басшылыққа алады.

Қосымша жауапкершілігі бар қоғам – өздеріне қоғамның міндеттемелері бойынша өздері белгілеген қосымша мүліктік жауапкершілік қабылдайтын қатысушылардың шектеулі санының капиталын біріктіруге негізделген кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысаны.

Жауапкершілігі шектеулі қоғам қатысында берілген барлық сипаттамаларды қосымша жауапкершілігі бар қоғамға қатысты толық шамада қолдануға болады. Тек қатысушылардың мүліктік жауапкершілігінің мөлшері қатысында олардың тәуекелі енгізілген салымның мөлшерімен шектелмейді және қоғамның қаражаты кредиторлар алдындағы оның міндеттемелерін орындау үшін жетіспеген жағдайда, жетіспейтін қаражатты қатысушылар өздері салған салымның есесіне тең мөлшерде енгізеді.

**Акционерлік қоғам (АҚ)** – акциялар эмиссиясы арқылы капиталды біріктіру негізінде құрылатын құрылым. АҚ-ға қатысушылар өздері сатып алған қоғамның бағалы қағазының құнының мөлшерін қоспағанда оның міндеттемелері бойынша мүліктік жауапкершілікте болмайды.

Акционерлік қоғам құру үшін оның құрылтайшылары арасында шарт жасалады, ал АҚ құру процесі акционерлік қоғамдар туралы заңда реттеледі. Акционерлік қоғам жекешелендіретін кәсіпорындардың негізінде құрылғанда оны құру тәртібі жекешелендіру туралы заңнамада реттеледі.

АҚ-ның айта кетерлік ерекшелігі оның капиталының қатысушылардың арасында бөлінетін белгіленген акциялар санына бөлінеді, сөйтсе де АҚ-ды оның бүкіл акциялар пакетін ұстайтын бір адам құра алады.

АҚ тіркелгенге дейін оның міндеттемелері бойынша құрылтайшылар жауап береді, алайда кейін АҚ заңды тұлғаның құқықтарын алғаннан кейін өзінің құрылтайшыларынан толық тәуелсіз шаруашылық субъектісі және бүкіл өзінің мүлкінің жеке-дара меншік иесіне айналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда АҚ үлестік меншік нысаны емес, ал оның акционерлері АҚ мүлкінің меншік иелері болмайды. Акционерлер басқаруға қатысып, белгіленген табысты алуға ғана құқылы болады.

АҚ айрықша өкілеттігі бар акционерлердің жалпы жиналысы және ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын тікелей басқарушы орган да, сондай-ақ Директорлар кеңесі немесе акционерлердің саны елуден асса, онда Қадағалау кеңесі сияқты атқарушы органдары арқылы

басқарылады. Мұның өзінде АҚ атқарушы органдарының өкілеттігі мен шешім қабылдау тәртібі қоғамның жарғысында ғана емес, сонымен бірге акционерлік қоғамдар туралы заңнамада реттеледі.

АҚ акциялары айналысының ерекшелігіне байланысты олар ашық және жабық үлгідегі АҚ-ға бөлінеді. Қатысушылары өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз шеттете алатын акционерлік қоғам ашық АҚ болып саналады және оның акциялары еркін саудаға түсіп, бағалы қағаздар нарығында айналады; жабық үлгідегі акционерлік қоғамның акциялары қоғамның құрылтайшыларының арасында ғана таратылады және оларды шеттету тәртібі АҚ жарғысының ережелерінде реттеледі. Ашық АҚ-дай емес жабық АҚ қатысушылар саны заңнамамен шектеледі.

АҚ жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерікті негізде немесе заңнамада белгіленген тәртіппен таратылуы мүмкін. АҚ-ды жауапкершілігі шектеулі қоғам немесе өндірістік кооператив ретінде қайта құруға болады.

**Өндірістік кооператив (артель)** – жеке қатысу арқылы шаруашылық қызметті бірлесіп жүргізу үшін құрылған азаматтардың мүшелігіне негізделген ерікті бірлестік.

Артельді бес адамнан кем емес азаматтар құра алады, мұның өзінде олардың ешқайсысы да басқа осындай кооперативке қатыса алмайды. Артельге жеке тұлғалар қатысуға тиіс болса да, кооперативтің Жарғысында көрсетілген жағдайда оған заңды тұлғалардың қатысуына жол беріледі.

Кооперативтің активтері қатысушылардың ақшалай және мүлктік жарна-ларының есебінен құрылады. Кооперативтің үлестерге бөлінген меншігі үлестік меншік болып табылады және артельдің әрбір мүшесі өзіне тиесілі ақшалай нысандағы үлесті, сонымен бірге кооператив мүлкінің бөлігін алуға құқылы.

Кооперативтік нысанда барлық мүшелердің басқаруға қатысуы қарастырылады. Артельдің әрбір мүшесінің үлестің мөлшеріне қарамастан бір ғана дауысы болады. Өндірістік кооперативті оның мүшелері тікелей басқарады және Басқарма немесе Кеңес солардың қатарынан құрылады.

**Біртұтас кәсіпорын** – заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін коммерциялық ұйым, оның мүлкіне меншік құқығы кәсіпорын құрылтайшысының атына бекітіледі.

Біртұтас кәсіпорынның меншігі бір адамның атына жазылады. Біртұтас кәсіпорынның мүлкі үлеске, пайға бөлінбейді немесе акцияға айналдырылмайды. Біртұтас кәсіпорын өзінің атындағы мүлктің меншік иесі болмайды, өйткені мүлік құрылтайшыға тиесілі болады.

Заңнамада біртұтас кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығына және жедел басқару құқығына негізделген екі түрінің болатыны қарастырылады. Біртұтас кәсіпорынның осы екі түрінің арасында меншік иесінен өздеріне бекітілген мүлкті басқаруға алатын өкілеттіктің мәні мен мөлшерінде ғана айырмашылық болады. Шаруашылық жүргізу құқығында кәсіпорын бекітілген мүлкті меншік иесі анықтаған шектерде дербес басқарғаннан кейін оның құқығы көбірек болады, ал жедел басқару құқығында мүлкті тек меншік иесінің тапсырмасына сәйкес ғана пайдалануға және мүлкті меншік иесінің келісімі бойынша ғана басқаруға жол беріледі.

Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген біртұтас кәсіпорындардың Қазақстан Республикасы мен облыстар құратын мемлекеттік және муниципалдық органдар (қалалар, аудандар және т.б.) құратын муниципалдық деп аталатын екі түрі болады. Мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындарды осыған өкілеттік берілген тиісті деңгейдегі органдар құрады. Осы кәсіпорындардың капиталы тиісінше мемлекеттік және муниципалдық меншіктен қалыптастырылады.

Біртұтас кәсіпорында меншік иесі тағайындайтын және кәсіпорынның жарғысымен меншік иесінің өкімдеріне сәйкес жұмыс істейтін бір басшы басқарады. Кәсіпорын қызметінің мәнін, оның мақсаттары мен басқару механизмін меншік иесі белгілейді. Меншік иесі кәсіпорын мүлкін меншігі ретінде сақтай отырып, кәсіпорын алған пайданың бөлігін алуға құқылы. Меншік иесі кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен тарату мәселелерін өзі шешеді.

Жедел басқару құқығына негізделген кәсіпорынның тағы бір атап өтілген ерекшелігіне осы кәсіпорындарды ҚР Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар құруы мүмкін екені, сондықтан олар «қазыналық кәсіпорындар» деп аталады.

Қазыналық кәсіпорын – бұл мемлекет меншігінің жеке бөлігін жедел басқару құқығына негізделген және кәсіпорынның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болатын кәсіпорын. Қазыналық кәсіпорын мемлекеттің қатаң бақылауында болады. Мұның өзінде ол жылжитын, кейде тіпті өнімді және жылжымайтын мүлкті меншік иесінің келісімі бойынша ғана басқара алады. Керісінше, меншік иесі өзінің қалауы бойынша кәсіпорынның мүлкінің бөлігін

алып, оны үшінші тұлғаларға бере алады. Екінші жағынан, мемлекет пайда болатын залалды бюджет қаражатынан жауып, қазыналық кәсіпорынның мүліктік және басқа да міндеттемелері бойынша жауап береді. Қазыналық кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ғана таратылады.

**Коммерциялық емес ұйымдар.** Коммерциялық ұйым деп өзінің қызметінде пайда алуды мақсат қоймайтын және алынған пайданы қатысушылардың арасында бөлмейтін құрылым аталады.

Өнеркәсібі дамыған елдерде коммерциялық емес ұйымдар өте қарқынды дамып келеді және олардың рөлі де артып Коммерциялық емес ұйымдар халықтың әр түрлі топтарының іс-әрекетін үйлестіріп, олардың мүдделерін қорғайды. Осы ұйымдар ғылым және білім беру саласында, сондай-ақ жобаларды іріктеп, сараптау, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында зерттеу жүргізіп, қор портфельдерін қалыптастырумен айналысатын инвестициялық делдалдық саласында ойдағыдай жұмыс істейді.

Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдардың қызметі тиісінше дамымаған, қазіргі кезде олардың жылдам қалыптасып келе жатқанымен, шаруашылық жүйедегі рөлі алатын орны мардымсыз.

Коммерциялық емес ұйымның мәртебесі аталмыш кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызметпен айналысып, пайда алуға құқықсыз екенін білдірмейді. Ең бастысы ұйым пайда алу мақсатын қоя алмайды, ал алынған табыс қатысушылардың арасында бөлінбейді, тек жарғылық міндеттерге жету үшін пайдаланылады.

Коммерциялық емес ұйымдарға тұтынушылар кооперативтері, қоғамдық және діни ұйымдар, қайырымдылық қорлары, мекемелер, заңды тұлғалардың одақтары мен қауымдастықтары жатады.

Тұтынушылар кооперативі – қатысушылардың материалдық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын, азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі.

Осы шаруашылық-құқықтық нысанға қатысушылардың үлестік жарналарын біріктіру арқылы құрылатын әр түрлі тұтынушылар одақтары мен қоғамдар кіреді. Тұтынушылар кооперативтері коммерциялық емес ұйымдардың арасында ерекше рөл атқарады. Басқа коммерциялық емес ұйымдар сияқты емес заңды тұлға ретіндегі кооперативке қатысты олардың мүліктік құқықтары мен міндеттемелері сақталады. Бір жағынан, олар кооперативтің міндеттемелері бойынша біріккен және субсидиарлық мүліктік жауапкершілікте болып, пайда болатын залалды қосымша жарналардың есебінен жабуға тиіс, ал екінші жағынан, кооператив қызметінен алынған пайданы өзінің мүшелері арасында бөлуге құқылы.

Қоғамдық және діни ұйым – материалдық емес қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында азаматтардың мүдделерін біріктіру негізінде құрылатын ерікті бірлестік.

Осы ұйымдардың меншігі өзіне қатысушылар беретін мүлік пен солардың жарналарының есебінен құралады. Ұйым мүшелерінің «ұйымның» міндеттемелері бойынша ешқандай мүліктік міндеттемесі, ал ұйым өзінің мүшелерінің міндеттемесі бойынша жауапкершілігі болмайды.

Қор – мүшелері болмайтын, азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті мүліктік жарнасының негізінде құрылған және өз қызметінде қоғамға пайдалы істерді іске асыратын ұйым.

Қорлар қайырымдылық, мәдени-ағарту, әлеуметтік, білім беру және өзге де қызметті жүзеге асыру үшін құрылады. Белгіленген тәртіппен құрылғаннан кейін қор өзіне берілген мүліктің жеке-дара меншік иесіне айналады, ал оның құрылтайшылары құрылған ұйым қатысында кез келген мүліктік құқықтары мен міндеттемелерін жоғалтады. Қор таратылған жағдайда оның мүлкі жарғылық мақсаттарды орындауға жұмсалады. Қордың өзіне кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады, алайда олар шаруашылық қоғамдарын құрып, соларға қатысуға құқылы.

Қорды құрылтайшылар бекіткен жарғыға сәйкес құрылатын басшы органдар басқарады. Мұның өзінде қордың қызметін қадағалайтын Қамқоршылық кеңесі тағайындалуы тиіс. Қор Жарғысының ережелерін өзгертуге Жарғыда жол берілсе ғана өзгертуге жол беріледі, кері жағдайда Жарғыға өзгерісті тек сот органдары енгізуге құқылы. Қор тек соттың шешімімен ғана таратылады.

Мекеме – меншік иесі коммерциялық емес функцияларды орындау үшін құратын және өзі толықтай немесе ішанара қаржыландыратын мекеме. Қормен салыстырғанда мекеме өзіне берілген меншіктің меншік иесі болмайды, ол тек осы меншікті жедел басқару құқығымен басқарады. Меншік иесі мекеме мүлкі қатысында өзінің барлық құқығын сақтайды және мекеменің міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады. Мекеме меншік иесінің шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

Заңды тұлғалардың бірлестігі – заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру немесе оған қатысушылардың ортақ мүддесін қорғау мақсатында құратын шартты бірлестік. Заңды тұлғалардың бірлестігі әдетте «қауымдастық» немесе «одақ» деп аталады, олардың мүлкі «бірлестіктің» міндеттемелері бойынша жарғыда белгіленген тәртіп пен шарттарда мүліктік жауапкершілікте болатын мүшелердің жарналарының есебінен қалыптасады. «Бірлестіктерге» кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады, онымен айналысу үшін арнайы шаруашылық қоғамдар құрылады немесе бірлестік соған қатысады.

«Бірлестіктің» құрамы еркі бойынша шыққандардың немесе шығарылған мүшелердің есебінен жаңа мүшелермен толығып, өзгеруі мүмкін. Мұның өзінде шығатын қатысушы мүшеліктен шыққанан кейін екі жыл бойы «бірлестік» қатысында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Мемлекеттік кәсіпкерлік*  
*Жеке кәсіпкер*  
*Ұжымдық кәсіпкерлік*  
*Құрамдастыру*  
*Коммерциялық ұйымдар*  
*Коммерциялық тәуекел*  
*Корпорация*  
*Шағын кәсіпкерлік*  
*Коммерциялық емес ұйымдар*  
*Жаңашылдық*  
*Серіктестік*  
*Қайта құру функциясы*  
*Ден қою функциясы*  
*Шаруашылық бастама*  
*Шаруашылық жауапкершілік*  
*Жеке меншік кәсіпкерлік*

## **8-ТАРАУ. КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**



<b>8.1.</b>	<b>Кәсіпкерлік факторлары</b>

Кәсіпкерлік факторлары – бұл кәсіпкерлікті жүзеге асыру мүмкіндігін, нысандары мен тәсілдерін анықтайтын параметрлердің жиынтығы. Кәсіпкерліктің сыртқы және ішкі факторлары болады.

***Кәсіпкерлікті жүзеге асыру шарттарын анықтайтын сыртқы факторларға:***

*табиғи-демографиялық факторлар* – кәсіпорындардың салалық мамандануын, орналасуы және өндіріс шығындарының деңгейіне байланысты ауа-райы жағдайлары мен жерлердің сапасы, шикізат базасы, халықтың саны және жынысы мен жасының құрылымы;

*әлеуметтік-мәдени факторлар* – тұтынушылардың сұранысын қалыптастыруға, іскерлік этиканың ерекшеліктеріне және кәсіпкерлікке көз-қарастың қалыптасуына ықпал ететін рухани және моральдық нормалар, діни нанымдар, халықтың білім деңгейі;

*технологиялық факторлар* – бәсекелік әлеует пен кәсіпкерліктің тәсілдеріне ықпал ететін елдің индустриялық, ғылым мен техниканың дамуының, технологиялардың болуы мен оларды қолдану деңгейі;

*экономикалық факторлар* – кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейін анықтайтын нарықтардың даму дәрежесін, жиынтық сұраныстың мөлшерін, бәсекенің қарқынын, ақша жүйесінің тұрақтылығын, табыстың деңгейі мен оны бөлу ерекшелігін, жинақ ақшаның деңгейі; салық саясаты және т.б.;

*құрылымдық факторлар* – тауар алмасу операцияларының, демек кәсіпкерліктің белсенділігінің қарқынын жылдамдататын нарықтардың (тауар-лық, ақша, сақтандыру), сондай-ақ жабдықтау мен өткізу каналдарының даму деңгейі, нарықтық делдалдардың (консультациялық, заңгерлік, жарнамалық және көлік агенттіктерінің) және ақпаратпен қамтамасыз ету каналдарының болуы;

*құқықтық факторлар* – кәсіпкердің қорғалу дәрежесін айқындайтын шаруашылық құқықтың даму дәрежесі, шаруашылық айналым агенттерінің өзара қарым-қатынастарын реттеу, кәсіпкерлікті заңмен қорғау;

*саяси факторлар* – кәсіпкерлік қызметке рұқсат беретін қағидалардың орнықты болуына ықпал ететін саяси институттардың тұрақтылығы, саяси шешім қабылдау тәсілдері жатады.

Кәсіпкерліктің ***ішкі факторларына*** кәсіпкерліктің нақты нысандарының құрылымының ерекшеліктерін білдіретін факторлар жатады:

*меншік қатынастарының дамуы* кәсіпкерліктің ұтқырлығына байланысты жеке меншікке кепілдік пен жеке меншікке құқықтарды айқын белгілеу;

*шаруашылық ұяшықтарды ішкі ұйымдастырудың ерекшеліктері* – кәсіпкерліктің мәні мен функционалдық белгілерін іске асыру нысанына тікелей ықпал ететін ұйымдардың ауқымы, сатылас басқарудың ерекшеліктері, басқару нысаны мен ерекшеліктері жатады.

Кәсіпкерлік факторлары бір рет пайда болып, әр кезде солай болатын нәрсе емес. Нарық шаруашылығының даму процесінде кейбір факторлардың рөлі әлсірейді немесе мүлдем жоғалады, ал кейбіреуінің рөлі керісінше артады немесе бұрын болмаған жаңа факторлар жұмыста қолданыла бастайды. Мұндай процесс шаруашылық жүргізу қағидаларын өлшеу кәсіпкерліктің жекелеген факторларының рөлі мен маңызын түбегейлі өзгертетін әсіресе өтпелі экономикаға тән болады.

<b>8.2.</b>	<b>Кәсіпкерлік ортаны құру</b>

Кәсіпкерлік факторлар өзара тығыз ықпалдаса отырып, кәсіпкерлік ортаны қалыптастырады. ***Кәсіпкерлік орта*** – бұл кәсіпкерліктің мақсаттарын, сондай-оларға қол жеткізуге ықпал ететін шарттардың жиынтығы.

Жекелеген факторлар өзара әр түрлі қарқынмен ықпалдасады. Сондықтан олардың белгіленген құрамдастырымын кәсіпкерлік ортаның белгілі бір көрі-нісі арқылы көрсетілетін шағын жүйе түрінде келтіруге болады. Мәселен, *жалпы-экономикалық орта* экономиканың салалық құрылымының, салалық нарықтар-дың шоғырлану деңгейінің, бәсекенің жағдайы мен өндірісті ұйымдастыру ны-сандарының ерекшеліктерінен құралады. Техника мен

технологиялардың даму деңгейі, өндірісте ғылым жетістіктерді қолдану дәрежесі, сондай-ақ кадр әлеуеті *ғылыми-техникалық ортаны* құрайды. Ақша нарығы мен оның институттарының даму дәрежесі *қаржы-кредит ортасының* жай-күйін сипаттайды. Кәсіпкерлік функцияны іске асыру тәсілдері, бәсекелестермен өзара ықпалдасу нысандары мен кәсіпкерлік этикасы кіретін *кәсіпкерлік мәдениет* кәсіпкерлік ортаның маңызды бөлігі болып табылады. Осының барлығы кәсіпкерліктің бағыты мен даму динамикасын айқындайтын экономикалық ахуалды қалыптастырады. Кәсіпкерлік орта жөнінде сөз қозғалғанда шағын жүйелердің барлығы аса маңызды параметрлерін белгілейтін мемлекет тарапынан жасалатын айтарлықтай ықпалды сезінетінін айтпай кетпеуге болмайды.

Кәсіпкерлік орта біркелкі нәрсе емес. Оның кейбір параметрлері кәсіпкерлік қызметтен тәуелсіз қалыптасады және оның ықпалын сезбейді, ал кейбір параметрлері оның ықпалына сезімтал келеді. Кәсіпкердің ықпалы сезілмейтін ортаның параметрлерінің бөлігінде ол қалыптасқан жағдайға бейімделуге мәжбүр болады. Ал басқа бөлігі, керісінше, кәсіпкердің қайта құру қызметінің объектісіне айналады. Міне сондықтан кәсіпкерлік орта кәсіпкерлік қызметтің алғышарты мен объектісі болып табылады. Кәсіпкерлік ортаның ықпалына бейімделіп, өзгеріп, осы ортаны өзі өзгертеді.

<b>8.3.</b>	<b>Экономиканы ырықтандыру кәсіпкерліктің дамуының талабы ретінде</b>

Кәсіпкерлік қызмет үшін жағдай жасау экономика субъектілерінің нарықтық операцияларды жүзеге асыру құқығын іске асырумен, қызмет нәтижелерін иемденумен, сондай-ақ шаруашылық қызметте бәсекелестіктің болуымен байланысты. Осы орайда кәсіпкерлік экономикаға көшу үшін оны ырықтандыру, жекешелендіру жүргізу, сондай-ақ бәсекелік орта құру қажет.

**Экономиканы ырықтандыру** – бұл баға беру саласында да нарықтық операцияларды жүзеге асыруға қойылатын шектеулерді әлсірету процесі. Экономиканы ырықтандырудың *басты мақсаты* – трансакциялық шығындарды қысқарту, яғни шаруашылықты үйлестіруге жұмсалатын шығынды төмендету, ресурстарды тиімді пайдалану мен инновациялық белсенділікті арттыруға бағытталған кәсіпкерлік ынтаны күшейту және экономикада көлеңкелі секторды қысқарту есебінен ресурстарды ұтымды бөлу мен пайдалануға қол жеткізу.

Экономиканы ырықтандыру – өтпелі экономикаға ғана тән құбылыс емес. Алайда трансформация жағдайында жүзеге асырылатын экономиканы ырықтандырудың елеулі ерекшеліктері бар. Біріншіден, оның алдына күрделі әрі сан-салалы міндеттер қойылған. Екіншіден, экономиканы ырықтандыру нарықтық экономикасы дамыған елдердегідей мемлекеттің реттеуші функциясын әлсіретіп қана қоймай, сонымен бірге шаруашылық жүргізу қағидаларын өзгертуге де бағытталған. Осы өзгерістердің ең маңыздысы – экономикалық еркіндік, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Кәсіпкерлік ортаны құру факторы ретінде ырықтандыруды жүзеге асыруда бағаларды, шаруашылық ұйымдар мен сыртқы экономикалық қызмет саласын ырықтандырудың маңызы зор.

**Бағаларды ырықтандыру** – бағаларды мемлекеттік реттеудің аясы мен шараларын қысқартумен байланысты экономикалық іс-шаралар. Бағаларды ырықтандыру бағаларды әкімшілік қалыптастыру механизмі баға сұраныс пен ұсыныстың ықпалымен қалыптасатын нарықтық механизммен алмастыру деп аталады. Бағаларды ырықтандыруды тауарлық және ресурс нарықтарындағы тапшылықты жою және ресурстарды бұдан да ұтымды бөлуді қамтамасыз ету сияқты екі өте маңызды міндетті шешу *мақсаты* қойылады.

**Шаруашылық операциялар саласын ырықтандыру** кезінде ресурстарды орталықтандырып бөлу жүйесін жою, нарықта операцияларды жүзеге асыруға қойылатын бөгеулерді алып тастау және осы операцияларды жүргізуде жасалатын әкімшілік (мемлекеттік) бақылаудың әлсіреуі қарастырылады. Ырықтандырудың осы бағытында кәсіпкерлік функцияны жандандыру үшін жағдай жасау *мақсаты* қойылады.

Жаңа, тиімділіктің өсуіне бетбұрыс жасаған кәсіпорындарды қалыптастыру үшін шаруашылық операцияларын ырықтандыру мен нақты кәсіпкерліктің қалыптасу процестерін теңгерімді ету қажет.

*Сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру* үшін оны жүзеге асыру-ға және валютаның еркін айналысын енгізуге қойылған бөгеулерді алып тастау қажет. Ырықтандырудың осы бағытында экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, бәсекелестіктің қарқынын күшейту мен (жаңа бәсекелестердің кіруі) оның сапа-сын арттырудың (тұтынушылар үшін таңдау түрін көбейту), сондай-ақ коммер-циялық қызмет пен бәсекелік күрес саласындағы әлемдік тәжірибені пайдалану-дың арқасында нарықтардың жұмысының тиімділігін арттырудың негізінде ұлттық шаруашылықтың тиімділігін көтеру *мақсаты* қойылады.

Осы орайда СЭҚ-ті ырықтандыру ұлттық нарықтың ашықтығына ықпал ете отырып, кәсіпкерлікті дамытатын қолайлы факторға айналып отыр. Сөйтсе де сыртқы экономикалық қызмет салыстырмалы экономикалық артықшылықтарды іске асыру нысаны екенін есте сақтаған жөн. Осы тұрғыдан алып қарағанда әрбір ұлттық шаруашылық халықаралық еңбекті бөлуге қатыса отырып, өзінің ойында бар артықшылықтарды іске асыру міндетін ойластырады. Экономиканың ашықтығы – бәсекеге қабілеттілігінің деңгейі жоғары ұлттық экономикаға тән белгі екені кездейсоқ нәрсе емес. Мұның өзінде іс жүзінде барлық елдер ұлттық өндірушілердің халықаралық нарықтарға шығуын ынталандыра отырып, өздері-нің ұлттық нарығын импорттан қорғайды. Басқаша айтқанда еркін сыртқы сауда-ның теориялық жорамалдары бәсекелік жағдайларды теңдестіру ұйғарымынан туындайды.

<b>8.4.</b>	<b>Кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз етуді қалыптастыру</b>
-------------	-------------------------------------------------------------

Нарық ұйымының институционалдық бүкіл жүйесінде меншік құқықтары белгіленген қағидаларға және осы қағидалардың нық сақталатынына орай негіз-деледі. Осы қағидалар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың алғышарттары болып табылады. нарықтық экономикада шешім орталықта қабылданбай, ал эконо-микалық қатынастар ерікті айырбас қағидасына негізделетіндіктен, кәсіпкерліктің дамуы үшін заңның билік етуі маңызды шарт болып табылады.

Демек, шаруашылық саласын реттейтін заңнама меншіктің құқығын белгілеп, оны қорғауға, мәміле жасаудың еркіндігін сақтап, оларды кідірте тұру шарт-тарын реттей отырып айырбас жасау ережелерін анықтауға, фирмалардың нарыққа шығу және олардың қызметін тоқтату тәртібін белгілеуге, бәсекені қол-дауға тиіс.

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу осы функцияларға сәйкес қатынас-тардың келесі төрт түрін қамтиды:

кәсіпкерлік субъектісі ішінде – меншік иелерінің, меншік иелері мен әкімшіліктің, әкімшілік пен қызметкерлердің арасындағы;

кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік және аумақтық билік органдарымен;

кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы саласының мекемелерімен – банктермен, валютаны реттеу мен бақылау органдарымен, кеден қызметімен;

кәсіпкерлік субъектілерінің өз әріптестерімен – жеткізушілермен, сатып алушылармен, сақтандырушылармен, тасымалдаушылармен және т.б.

Кәсіпкерліктің дамуы және тұрақты экономикалық өсуі үшін құқықтық жүйенің сапасы жоғары болуы тиіс. Құқықтық жүйе жеткіліксіз дамыған жағ-дайда, оның осал жақтарын басқа институттар толтыруға тиіс. Осы функциялар (қызметті лицензиялау, жеңілдік беру, жауапкершілікке тарту) кәсіпкерлікке қатысушыларға ықпал ететін үкіметке жүктелуі мүмкін. Ал арнайы делдалдар, яғни аудиторлық фирмалар, брокерлер мен сақтандыру қоғамдары сияқты басқа институттар да реттеуші ықпал жасай алады. Демек, ұлттық құқықтық жүйенің кемшіліктерін фирмалармен айқын әрі қатаң құқықтық нормаларды басшылыққа алып халықаралық келісімшарт жасаудың арқасында жоюға болады.

<b>8.5.</b>	<b>Кәсіпкерлік және жауапкершілік</b>
-------------	---------------------------------------

Кәсіпкерлік пен меншіктің өзара байланысы күрделі әрі сан қырлы болып келеді. Біріншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өкімдік өкілеттіктерін шектейді, сонымен бірге отырып

меншік экономикалық мәміле жасаудың, яғни кәсіпкерліктің тіршілік етуінің алғышарты болып табылады. Екіншіден, бір субъектіге ресурсты пайдалану мүмкіндігін беріп, екінші субъектінің осы мүмкіндігін шектейді, яғни меншік кәсіпкердің экономикалық еркіндігін анықтайтын фактор болып табылады. Үшіншіден, өндіріс факторларының қосылуының ерекшеліктері мен тәсілін анықтап, кәсіпкерлікті жүзеге асыру нысандарын орнатады. Төртіншіден, меншік оны пайдалану нәтижесін, яғни табысты пайдалану құқығын беріп, кәсіпкерлікті ынталандырады. Бесіншіден, ресурстарды пайдалану нәтижелері мен шығындарын жинақтай отырып, меншік кәсіпкерліктің нарықтың тиімділігінің талаптарын қанағаттандыратын тәсілдерінің пайдалануына ықпал етеді.

Кәсіпкерлік саласында меншік ресурстарды басқару құқықтары түрінде іске асырылады. Сондықтан кәсіпкер үшін меншік – бұл өзіне шешім қабылдау мүмкіндігін беретін құқықтар «шоғыры». Осы құқықтардың ең маңыздыларына мүлікті пайдалану құқығы, мүліктен табыс алу құқығы, мүлікті өзгертіп, яғни шеттетіп, оны иемдену құқығы жатады.

<b>8.6.</b>	<b>Бәсеке және кәсіпкерлік</b>
-------------	--------------------------------

Нарықтық экономика мен бәсеке бір-бірімен ажырамастай етене жақын. Нарықтық шаруашылыққа **бәсекелік экономика** деген анықтама беруге болады. Өндірістің даму бағыты бәсекеге байланысты және ол салалардың пропорцияларын реттейтін механизм ретінде жөн сілтейді. Тиімділіктің өлшемі сияқты ол экономикалық бақылау әдісіне, сонымен бірге қызметті үнемі жетілдіруге ынталандыратын тәсілге айналды.

Бәсеке кәсіпкерлік тұрғыдан алып қарағанда кәсіпкерлердің сол бір мақсатқа жету үшін жарысуы сияқты. Сондықтан *бәсекенің тегі* бір адамның дәл сол уақытта дәл осыны алуға тырысуынан басталады деп айтуға болады.

*Бәсекенің* арқасында ұтымды жұмыс істейтін кәсіпкерлердің сыйақы алуымен және тиімсіз кәсіпкерлік құрылымдардың өзінен-өзі жойылады. Бәсеке кәсіпкерлікті шектеп қана қоймайды, сонымен бірге ол кәсіпкерлікті ынталандырады.

Біріншіден, бәсеке жекелеген кәсіпкерлердің өзі үшін еркіндікті талап етіп, оны басқалардан шектеуге тырысатын өзіншіл іс-әрекетін теңестіреді. Бәсеке жекелеген фирмалардың нарықтағы билігін шектей отырып, жаңа кәсіпкерлік құрылымдардың пайда болуына жағдай жасайды.

Екіншіден, бәсеке жарыстың тең қағидаларын қамтамасыз етеді, бастапқыда сан алуан фирмалардың болуына жол беріп, қайсыбір фирманың бәсекелік артықшылықтың өктемдік етуін болдырмайды. Ірі фирмалар өзінің өндірісінің ауқымымен жеңеді, ал шағын кәсіпорындар, керісінше, өзінің экономикалық әлсіздігін икемділігімен толтырады, арнайы мамандандырылған кәсіпорындар өзінің бейімделу қабілетін пайдаланады, «жаңашыл-фирмалар» жаңа басымдық-тарының арқасында бәсекеге төтеп береді.

Үшіншіден, бәсеке – бұл кәсіпкерлік белсенділіктің талабы. Бәсеке тиімділік өлшемінің көрсеткіші ретінде кәсіпкерлерді шаруашылық жүргізудің жақсы тәсілдерін іздестіруге ынталандырады, кәсіпкерлік функцияның дамуына жол ашып, шаруашылық жүргізудің нысандары мен тәсілдерін үнемі жетілдіру қажет екенін ескертеді. Кәсіпкердің күнделікті ісінде сапаны арттыру мен шығынды қысқартуды ғана емес, сонымен бірге жаңа нарықтарды іздестіруді, жаңа тау-ар жасап, қызмет көрсетуді, кәсіпкерліктің жаңа әдістерін қолдануды ойластырады.

Төртіншіден, экономикалық биліктің орнықтылығын сақтап, шаруашылық жүргізу жағдайының теңдік қағидасының дәрежесі үшін кәсіпкерліктің нысандарын түрлендіру.

Бәсеке мен кәсіпкерлік жан-жақты ықпалдасады. Кәсіпкерлік бәсекеге өте ықпал етеді, егер бәсеке кәсіпкерлік құрылымдардың көбеюіне ықпал етсе, бір жағынан, осы себеп бәсекенің қарқынын қолдайды, ал екінші жағынан, оның нысандары мен әдістерін дамытады. Мысалы, кәсіпкерліктің дамуына байланысты даму жолындағы жарыста күш-жігер бағаға емес бағадан мақсаттарға ойысады.

Қызметі ойдағыдай дамыған кәсіпкерлер табысқа жететін бәсекелік күрестің жарыс процесінде кәсіпкерге жарысқа басқа қатысушылар қоятын кедергілерді еңсеру қажет болады. Осы кедергілерді еңсеру үшін бәсекелік артықшылықтарға ие болу қажет. Артықшылыққа ие болу дегеніміз шаруашылық жүргізудің үздік тәсілдерін игеру болса, онда *бәсеке* нысаны бойынша

жарыс, ал мәні бойынша *кәсіпкерлердің шаруашылық жүргізудің үздік жағдайлары үшін күресуін білдіреді.*

Ұдайы өндіріс қатысында бәсеке өзінің іс-қимылының нәтижесінде сала-лардың арасында пайда болған пропорцияларды реттейтін механизм ғана емес, сонымен бірге өзінің тіршілік етуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін тәсілді білдіреді. Демек экономикалық жүйе тұрғысынан алып қарағанда бәсеке шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы жарысты үнемі жандандыруды қамтамасыз ететін жағдай туғызады. Тек осы жағдайда ғана бәсеке кәсіпкерлікті дамытатын тиімді үйлестіруші мен оның дамуының факторының рөлін атқара алады.

Нарыққа қатысушылардың арасында жарыс түріндегі қатынастарды екі жағдайда, *экономикалық билік ыдыратылып, шаруашылық жүргізудің тең қағидалары сақталғанда* қолданады. Экономикалық билікті ыдырату дегеніміз бір жағынан, жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілерге экономикалық еркіндікті қамтамасыз етіп, оларға экономикалық билікті беру, ал екінші жағынан, өзіншілдік ниетті іске асыруды шектей отырып нарық агенттерінің арасында экономикалық билікті бөлу. Шаруашылық жүргізудің тең қағидаларына қатысты айтатын болсақ, ол үшін экономикалық субъектілер жарысу үшін оларға тең жағдай жасау керек. Кәсіпкерлікке қорек беретін бәсеке жасампаздық рөлін іске асыру үшін осы екі жағдай жасалуы тиіс. Мұның өзінде экономикалық билік бөлінген жағдайда кәсіпкерлікті ұйымдастырудың көп нысандары пайда болады, ал шаруашылық жүргізу қағидаларының теңдігі осы нысандардың қайсыбір артықшылығының өктемдік етуіне жол бермейді.

*Бәсекенің дамуы* экономикалық, технологиялық және әлеуметтік бірқатар алғышарттардың құрылуымен байланысты.

*Экономикалық алғышарттардың* ішінен нарықтағы билікті бөлуді, кәсіпкерлік құрылымдардың көптігі мен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды атап өту қажет. Өтпелі экономикада бәсекенің қалыптасуы үшін жаңа фирмалардың жаппай құрылуына жағдай жасалуы тиіс. Оларды құруға жұмсалатын шығынды барынша қысқартып, фирмалардың құрылуын қаржылай қолдау керек.

*Технологиялық алғышарттар* елеулі рөл атқарады, технологиялар мен ақпараттық қамтамасыз етудің арқасында қатарлас өндірістер құрып, жаңа нарық жайғасымдарын ашуға болады, осының барлығы жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал ететін болады. Ғылымның даму деңгейі мен оның жетістіктерін өндірісте пайдалану дәрежесі жаңа өнімдер мен қызметтерді алмастырғыштардың (субститут), пайда болуына байланысты туындаған бәсекенің қуатты көзіне айналды. Сол үшін мемлекет экономиканың инновациялық және инвестициялық секторларында белсенді саясат жүргізуді қолға алуы тиіс.

Бәсекенің *әлеуметтік алғышарттары* ынталандыру мен командалық-әкімшілік жүйесінің адамның жеке басының мүддесін ойластыру, ағымдағы басымдықтардың ұзақ мерзімді басымдықтарға өктемдік етуі, монополияға ұмтылу сияқты басқару психологиясын еңсерумен байланысты.

Мемлекет жүргізетін бәсекелестік саясаты екі талапқа жауап беруге тиіс. Біріншіден, бәсекелестіктің проблемалары жағдаятқа (қысқа мерзімді) емес құрылымдық (ұзақ мерзімді) факторлармен байланысты болуына орай, ол тек нормативтік-құқықтық реттеумен шектелмеуге тиіс. Екіншіден, ол бәсекелестік саясаты бәсекені енгізудің отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал ететін үлгісін таңдауға бағдарлануға тиіс. Айтылғанға сүйене отырып, бәсекелік ортаны құру күрделі әрі ұзақ процесс және оны тек кезең-кезеңмен жүзеге асыруға болады деген қорытынды шығаруға болады.

Бәсекенің жай-күйін бағалау – екі жақты күрделі экономикалық міндет. Бір жағынан, бәсекенің деңгейін дәл көрсететін нақты көрсеткіштерді табу қиын, сондықтан бәсекенің жай-күйі бәсекелестік күреске қатысушылардың жеке бағаларының негізінде анықталады. Екінші жағынан, бәсеке қарқынының көр-сеткіштері оның кәсіпкерліктің дамуына жасайтын ықпалын тиісінше көр-сетпейтіні қиындық тудырады.

Нарықтағы бәсеке мен мен бәсеке қарқынының бағасы кәсіпкердің шешім қабылдаудағы еркіндігінің дәрежесін айғақтайды. Саланың нарқындағы бәсеке неғұрлым қарқынды болса, осы нарықта жұмыс істейтін кәсіпкердің еркіндігі солғұрлым тар. Осы орайда еркіндігі тар деген ұғым шаруашылық параметрлерінің көпшілігін нарықтың өзі ұсынатынын, ал кәсіпкер тек соларға бейімделуі тиіс екенін білдіреді. Осы тұрғыда бәсеке кемеліне жеткен нарық кәсіпкер (фирма)

жасайтын іс-әрекеттің параметрлері сырттан берілетін шекті нарық екені кездейсоқ нәрсе емес. Бұл жағдайда кәсіпкерлердің жеке пікірлері бәсекенің жай-күйін нақты сипаттауы мүмкін.

8.7.	Кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру және монополияға қарсы саясат
------	---------------------------------------------------------------

*Экономиканы монополиясыздандыру* – бұл үкіметтің монополияны төменде-туге және бәсекені дамытуға бағытталған саясаты. *Монополиясыздандырудың экономикалық мәні* нарықта жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің өктемдік етуін шектеу мен кәсіпкерлік қызметке барлық қатысушыларға тең жағдай жасауды білдіреді. Монополиясыздандыру мыналардың көмегімен жүзеге асырылады:

бәсекеге қойылатын кедергілерді жоюды қамтамасыз ететін *заңнамалық іс-шаралар* (артықшылықтарды жою, нарықтарды бөлу туралы келісім жасауға тыйым салу, тоқайласпалы директораттарға жол бермеу, бәсекелес фирмалардың акцияларын сатып алу) және нарықта өктемдік жағдайға жету мақсатында қосылу мен жұтылудың алдын алу;

өндірісті бөлшектеу мен өндірушілердің санын көбейту арқылы нарықтың шоғырлану деңгейін төмендетуге бағытталған *экономиканың құрылымын қайта құру*.

Орталықтандырылған экономикадан қалған монополизм – *ерекше монополизм*, сол себептен өтпелі экономикада монополиясыздандыру проблемасының ерекшелігі көп. Біріншіден, ол монополия өндірісті, бөлуді, алмастыру мен тұтынуды, яғни барлығын тегіс қамтыды. Екіншіден, ол нарықтан туындамаған, өйткені кенес экономикасында шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтық түсінігінің монополиясы емес экономиканы мемлекеттендіру тән болды. Сондықтан экономиканы монополиясыздандыру үшін ең алдымен оны мемлекет иелігінен шығару қажет болды. Ол үшін біріншіден, әкімшілік-командалық басқару жүйесін бұзу, екіншіден, экономика субъектілерін ынталандыру іс-әрекетін кәсіпкерлік бастама мен бәсекені көтермелейтін механизм арқылы өзгерту, үшіншіден, мемлекеттік органдар мен шаруашылық айналымға қатысушылардың монополиялық іс-қимылына жол бермейтін құқықтық негіздерді бекіту қажет болды.

Бәсеке механизмі қарама-қайшы жұмыс істейді. Өндірушілерді шаруашылық жүргізудің үздік нәтижесіне жетуге күресуге ықпал етуде бәсекелік күресте жеңіске жеткендерді марапаттай отырып, ол нарықтағы биліктің шоғырлануына себеп болады. Сонымен бірге фирмалардың сөз байласуына қаржыға ие болу мүмкіндігі де өте әсер етеді. Осының салдарынан бәсекенің қарқыны төмендеп, нарықтардың жұмысының тиімділігі нашарлайды. Сондықтан мемлекет бәсекені үнемі қолдап, оны көтермелеуге тиіс.

Бәсекені мемлекеттік реттеу барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндік пен жағдайды және іскерлік белсенділікті көтермелеуді қамтамасыз етеді. Осы міндеттер экономикалық және заңнамалық іс-шаралардың көмегімен шешіледі. Экономикалық шараларға бюджет-салық (салық жеңілдіктері, мемлекеттік сатып алу) және кредит-ақша саясатының құралдары кіреді. Әкімшілік реттеуде «ойын ережесі» белгіленіп, адал емес бәсекелестік пен монополияның бой көтеруіне жол бермейтін құқықтық шаралар қолданылады. Экономикалық іс-шаралар фирмалардың қызметінің құқықтық режимін әзір-леумен, бір-бірінің қызметіне араласпау қағидасымен, тауарлық белгіні пайдалану құқығымен, өзара да, сондай-ақ тұтынушылардың алдындағы жауапкершілікпен, сату мен жарнаманың рұқсат етілмеген тәсілдерін пайдаланбаумен байланысты. Заңнамалық іс-шаралар монополияға қарсы заңнаманы әзірлеу, *монополияға қарсы саясат* әзірлеу кіреді. Мұның өзінде монополияға қарсы саясат монополияның өзіне тыйым салуға бағытталмауға, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға себеп болатын келісімдерге кедергі жасауға тиіс емес. Саясат бәсекелестерді емес бәсекені қорғауға тиіс.

**Табиғи монополия** нарықтың бүкіл сұранысын бір өндіруші ресурстардың тиімді пайдаланып қанағаттандыратын жағдайда туындайды (өндірісте барынша аз орташа шығын жұмсалады). Табиғи монополия нарықтың сұранысының мөлшері мен кәсіпорынның тиімді көлемінің арасындағы қатаң түзетілімнің салдарынан туындайтындықтан, монополияның осы түрі өнімнің бағасын реттеп және көрсетілетін қызметтер пакетін анықтап олардың қызметін басқаратын мемлекеттің қамқоршылығында болады.

Қазақстанда табиғи монополиялар саласына мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбыры бойынша тасымалдау; газ бен газ конденсатын магистральдық және бөлетін құбырларды тасымалдау; электр және жылу энергиясын тарату және бөлу; теміржол магистральдарын пайдалану; әуе навигациясы, порттар, әуежайлар көрсететін қызметтер; жергілікті желілерді пайдаланып телекоммуникациялар қызметтерін көрсету; су шаруашылығы мен канализация жүйесінің қызметтері жатады.

Табиғи монополиялардың қызметі тарифтерді реттеу мен табиғи монополия саласына кіру үшін конкурс ұйымдастыру негізінде реттеледі. Пайда нормасын реттеу негізінде тариф құру әдіснамасын қолдануда барлық шығындарды тарифке енгізу қарастырылады және пайда шығынға қосымша ретінде қарастырылады. Осының нәтижесінде пайданың нормасы шектеледі. Табиғи монополиялар саласына кіруге арналған конкурсқа қатысу үшін монополиялық қызметті жеткізу құқығы бар бірнеше білікті әріптестің болуы, олардың арасында құпия келісім болмауы; талапкерлер мен конкурс өткізетін органның арасында құпия келісімнің болмауы сияқты талаптар қойылады. Сауда-саттықтың жеңімпазы жеткізілетін қызметтің үлесті бағасы бойынша іріктеледі.

**Ресурстық монополияның** тегі тұрақты және жаңадан экономикалық рента алуды қамтамасыз ететін ресурстарға меншік құқығын іске асырумен байланысты. Көбінесе ресурстық монополиялар ұлттық өндірушілердің шығындары әлемдік шығыннан төмен жерде байқалады және сыртқы саудада ішкі және әлемдік бағаның арасындағы айырма ретінде іске асырылады. Мұндай кәсіпорындардың қызметін реттегенде олардың артықшылығын іске асыруға кедергі келтірмей, осы ресурстың ішкі нарығының тепе-теңдігінің бұзылуына жол берілмейді. Осы талап сақталмаған жағдайда келеңсіз жағдайлар туындауы ықтимал.

**Бастапқы монополия** озық технологияларды уақытша монополиялық жоғары пайда алу үшін қолдану нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда монополия жаңашылдыққа деген ынтаны бұзбау үшін, монополиялық биліктің іске асырылуына жол бермей, сонымен бірге осы жаңалықтың экономикада таралуы көтермеленіп реттеледі. Бұл жағдайда мемлекеттік меншіктегі бастапқы монополияны сақтаған дұрыс болады.

<b>8.8.</b>	<b>Өндіруші және өндіруші емес кәсіпкерлік. Көлеңкелі экономика</b>
-------------	---------------------------------------------------------------------

Кәсіпкерлік қызметтің **түпкілікті мақсаты** – меншікті арттыру, алайда оған әр түрлі тәсілмен жетуге болады. Кәсіпкерліктің тәсілі, яғни шаруашылық іс-әрекетінің тұрпаты, демек оны түрі экономиканың институционалдық құрылымы мен іс-әрекетіне байланысты таңдалады. Табысты тек жасампаз қызметтің арқасында алуға болатын болса, онда экономикалық өсуді қамтамасыз ететін өндіруші кәсіпкерлік өктемдік етеді. Ал егер мысалы, заңнаманың жетілдірілмеуіне байланысты ренталық табыс алуға мүмкін болса, онда кәсіпкерліктің өндіруші емес нысаны өктемдік етіп, ол ең соңында экономикалық құлдырауға әкеп соқтырады.

Қалай болса да кәсіпкерлік қоғамдық байлықты бөлумен байланысты. Кәсіпкерлік қызметті осы тұрғыдан қарастыра отырып **өндіруші кәсіпкерлік** сыртқы әсер оң ықпалымен қоса байлықты, ал **өндіруші емес кәсіпкерлік** – сыртқы келеңсіз әсердің ықпалымен қоса байлықты қайта бөлу тәсілі деп айтуға болады.

Шын мәнінде бәсекелестік күресте жеңіс жеңімпазға беріледі. Егер осы жеңістен кейін жасампаз жаңалық, жаңа өнім, жетілдірілген технология және т.б. енгізілген жағдайда ресурстар бұларды одан да тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін кәсіпкерге тиесілі болатынын білдіреді. Байлықтың осылай бөлінуінің арқасында қоғамның әл-ауқаты артады. Керісінше, бәсекелік күрестегі жеңіс монополиялық жағдайдың арқасында қол жеткізілсе, онда сыртқы әсер келеңсіз болады. Жеңістің қай түріне қол жеткізілсе де өндірістің, демек қоғамдық байлықтың тиімділігі төмендейді.

Кәсіпкерлік іс-әрекеттің өндіруші түрі пайда болатын шаруашылық ортаға көптеген факторлар кіреді. Алайда олардың жиынтық ықпалын екі міндетті талаппен көрсетуге болады. Біріншісі – кәсіпкерліктің барлық субъектілерінің шаруашылық жүргізу үшін тең жағдай жасау. Екіншісі – кәсіпкерлік қызметтің жарысуын, яғни бәсекелестікті қамтамасыз ету. Осы экономикалық ортада «өр-кениетті» деп аталатын іс-әрекет қағидалары байқалатын өндіруші кәсіпкерлік қалыптасады. Мұндағы экономикалық еркіндік экономикалық жағынан тәуелсіз

шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара ықпалдасу нәтижесінде пайда болады, ал оның шекаралары олардың мүдделерінің тоқайласу дәрежесін көрсетеді.

*Кәсіпкерлік қызмет көбінесе жаңа шаруашылық активтерін құрумен емес, керісінше олардың қолда барын бөлумен айналысқан жағдайда алып-сатарлық қызметке айналады. Кәсіпкерлікте алып-сатарлық қызметтің сол немесе басқа шамадағы элементі әр кезде болады.*

**Көлеңкелі экономика** – бұл жария және мемлекет тіркемейтін жария құпия қызмет. Көлеңкелі экономика негізінен әр түрлі құрамдастардан тұрады. Осыған байланысты оның мынадай құрамдастары болады:

ресми емес экономика – экономикалық қызметтің және нарық операцияларының ресми статистика тіркемейтін жария түрлері (тіркелмеген қызмет, табысты заңды қызметтен жасыру, жеке қызметтен алынатын ақшалай емес табыс);

жария емес (жалған) экономика – парақорлық, қосып жазу, алып-сатарлық мәміле және алаяқтықтың ақша алумен және оны берумен байланысты басқа да түрлері;

астыртын (қылмыстық) экономика – экономикалық қызмет пен нарықтық мәміленің заңда тыйым салынған түрлері (бопсалау, ұрланғанды сату, есірткі жасау және оны сату, жезөкшелік, контрабанда).

Құпия және қылмыстық экономика құқықтан туындайды және қоғамның құндылықтарының ерекшеліктерін білдіреді. Атап өтілген түрлермен салыс-тырғанда ресми емес экономикамен сабақтас. Ресми емес экономика салықтық ауыртпалықтың жоғары болуына және экономикалық қызметті асыра реттеулуінің салдарынан пайда болады.

Көлеңкелі экономика жекелеген адамдардың табысының өсуіне ықпал ете отырып, қоғамда ресми емес мәмілелерді жүзеге асыру қиын болғандықтан келеңсіз салдарға әкеп соқтырады.

Қоғам шегетін тікелей залалдың дәрежесі құпия қызметтің нысанына байланысты болса да көлеңкелі экономика жалпы қоғамды күйзеліске ұшыратады, мемлекеттік бюджет ысырап шегіп, экономикалық тиімділік төмендейді, осы салдардың ақыры бұдан да күрделенуі мүмкін.

Көлеңкелі экономиканың таралуына бірқатар фактор ықпал етті.

Біріншіден, өтпелі экономиканың институционалдық жағдайы (заңнаманың жетілдірілмеуі мен қарама-қайшылығы, биліктің айтарлықтай қыспақ жасауы, нарықтық институттар мен механизмдердің жетілдірілмеуі, салық жүйесінің жетілдірілмеуі) – кәсіпкерлік қызметтің нәтижелілігі бойынша көбінесе өндіріс-тің тиімділігін қамтамасыз ету қабілетімен емес заңға сәйкес салынатын шы-ғындармен айла-шарғы жасау дағдысына байланысты.

Екіншіден, көлеңкелі қызметтің кеңеюіне бөгде меншікті заңсыз пайдаланып, шаруашылық қатынастарды қылмыстандыру үшін меншік құқығының айқынсыздығы да септігін тигізді.

Үшіншіден, экономика елеулі құлдыраған жағдайда кәсіпорындар көлеңкелі экономикада шығынды төмендетіп, қаржылық тұрақтылықты көтерудің тәсіліне айналды.

Қазақстанда транзиттік экономика жағдайында көлеңкелі экономиканың қарқынды дамуының себептері ретінде:

жоғары салық салу деңгейін. Қазақстанда 1995-1999 жылдары барлық салық түсімдерінің ресми үлесі ЖІӨ-нің 50-55%-ын құрады;

1990-жылдардағы экономикалық тұрақсыздықты;

экономикалық еркіндіктің шектелмеуін жатқызуға болады. Барлық тыйымдар алынып, мемлекетті басқаруда технократтық тәсілдемелер мен экономикалық романтизм тұжырымдамалары басшылыққа алынуы, қажетті нормативтік базаның болмауының салдарынан мемлекет бірқатар салаларда, әсіресе қаржы саласында өзінің реттеуші және қадағалау функцияларын толықтай қысқартуын;

ұйымдастыру-құқықтық реттеудің жетілдірілмеуін;

меншік құқығының қорғалмауынан кәсіпкердің сана-сезімінде уақытша жұмыс істейтін адамның психологиясының қалыптасуы;

элеуметтік ортаның қолайсыздығы, яғни жасырын және анық байқалатын жұмыссыздық, босқындардың келіп жатқан ағыны, еңбекақының төленбеуі, өмір сүру деңгейінің төмендеуі және т.б.;

моральдық-этикалық талаптардың өзгеруі. Құндылықтарға басқаша көз-қараспен қараудың салдарынан адам салықтан жалтаруды, пара беруді және т.б. жамандық санатына жатқызыбайтын болды.

ҚР Үкіметі қоғамда көлеңкелі экономиканың белең алуын еңсеру жөнінде бірқатар шаралар қолданды. Жасырын табысты жария ету мемлекеттің көлеңкелі экономикаға ықпал ететін бір бағыты болып табылады.



Жеке меншік кәсіпкерлік саласындағы проблемаларды шешу үшін 2006 жылғы 05 шілдеде «Мүлікті жария етуге байланысты амнистия туралы» Заңы қабылданды. Нарық қатынастарында ену кезеңінде экономика, әсіресе жылжымайтын мүлік саласында құқық бұзушылық фактілері өте жиілеп кетті. Кеңес дәуірінде халықтың көпшілігі меншікті, демек тиісінше құқықтық ресімдеуді құрметтемейтін болды, осының нәтижесінде мүлікті сату-сатып алу жөніндегі көптеген мәмілелер тиісінше ресімделмей қалды. Кәсіпкерлік саласында осының салдарынан туындаған келеңсіз салдарлар жеке меншік-құқықтық қатынастарға ғана емес, сонымен бірге жалпы экономиканың жағдайына теріс ықпал етеді. Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің процессуалдық ресімдеуде жол берілген қателіктер де астыртын мүліктің пайда болуына септігін тигізбей қалған жоқ. Нәтижесінде кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүлік жариялы айналым мен салық салу өрісіне кірмей қалды. Заңда кәсіпкерлерге кәсіпкерлік қызметті өркениетті ағымда жалғастыруға мүмкіндік беріледі. Заңның 1-бабына сәйкес кәсіпкерлердің заңды экономикалық айналымнан табысты жасыру үшін шығарылған ғана емес, сонымен бірге ҚР заңнамасына сәйкес ресімделмеген мүлкі жария етілуге тиіс.

<b>8.9.</b>	<b>Кәсіпорын кәсіпкерлік субъектісі ретінде</b>

Шаруашылық қызмет әр уақытта белгіленген ұйымдастыру нысанында жүзеге асырылады. Өндірістің машиналық кезеңіне көшуге байланысты кәсіпорын өндірісті ұйымдастырудың негізгі нысанына айналды.

Кәсіпорын – тарихи санат. Ол үнемі болған емес және өндірістің белгілі бір даму кезеңінде пайда болады. Кәсіпорынның экономикалық тегі оның техникалық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық деп аталатын екі қырының ерекшеліктерімен сабақтасады.

Кәсіпорынның *техникалық-экономикалық қыры* кәсіпорынның технология-лық бірлік ретіндегі ерекшеліктерін сипаттайды. Кәсіпорынның кооперацияға, яғни еңбек құралы ұйымдастырушы элемент, ал өнім жекелеген өндірістік операцияларды орындайтын еңбегінің интегралдық нәтижесі болып табылатын өндіріс процесінің ішіндегі еңбекті бөлуге негізделген кооперацияның ерекше түріне негізделуін оның ерекшелігіне жатқызуға болады.

Кәсіпорынның *әлеуметтік-экономикалық қыры* кәсіпорынды оның шаруа-шылық уәждемесі жағы мен оның шаруашылық жүйедегі алатын орны және ат-қаратын рөлін сипаттайды. Уәждеме қатысында айтатын болсақ, осы орайда кәсіпорын ішкі кооперациямен сабақтасатын технологиялық жағынан тұтас болса, онда ол шаруашылық жүргізетін жеке субъект ретінде бөлініп, экономикалық ресурстарды жеке қозғалтатын факторға айналады. Осылай жұмыс істейтін кәсіпорын ерекше мүдделері бар және өзінің шаруашылық қызметінің нәтижелері есе-бінен ұдайы өндірісті жүзеге асыратын шаруашылық бірлік болып табылады.

Аталмыш бірліктің құқықтары мен міндеттері болуына байланысты оның шаруашылығы дербес болады, екінші жағынан, ол өзінің жеке меншік экономикалық мүдделерін іске асыратын тауар өндіруші болып табылады. Сөйтсе де күрделі сатылас басқарылатын құрылым ретінде оның ішкі өзара байланыстарын үйлестіру керек, сол себептен кәсіпорынды басқару айрықша функция ретінде қарастырылады. Мұның өзінде кәсіпорын өндірістік ресурстарды ұтымды қолдануды қамтамасыз етіп отыратын өндірісті ұйымдастыру жағынан да, сонымен бірге өндірістік процеске тартылған барлық қатысушыларды (меншік иелерін, басқарушы-ларды, қызметкерлерді) барынша экономикалық уәждендіруді қамтамасыз ететін бақылау нысанын орнату проблемасы бар өндірісті ұйымдастыру жағынан бас-қарылады.

Сөйтіп, **кәсіпорын** – күрделі кооперацияға негізделген және қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде қоғамдық өндірістің экономикалық жағынан жеке буыны ретіндегі өндірісті ұйымдастырудың тарихи белгіленген нысаны. Кейбір ұқсас бел-гілері болса да, кәсіпорын өзінің мүліктік жауапкершілігімен кәсіпкерлік коммерциялық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін меншік құқықтары ресімделген шаруашылық бірлік болып табылатын **фирма** деген ұғыммен үйлеспейді. Біріншіден, кәсіпорынға тән ішкі кооперация мен фирмаға тән меншік құқығы сияқты олардың белгілері де әр түрлі. Кәсіпорын – бұл ең алдымен өндіргіш күштердің бүкіл жиынтығы, ал фирма – мүліктік құқықтар кешені. Екіншіден, «фирма» деген ұғым «кәсіпорын» деген ұғымнан кең. Кез келген шаруашылық бірлік жеке ұсақ кәсіпкер ретінде, сондай-ақ көп зауыттардың ірі бірлестігі фирма деп аталуы мүмкін. Ал кәсіпорын еңбек өндірістің

ішінде бөлінетін шаруашылық бірлік қана аталады. Осы орайда кез келген кәсіпорынды фирма деп атауға болады, ал кез келген фирма кәсіпорын бола алмайды.

Кәсіпорынның түрі таңдалған өлшемге байланысты құрылады. Оларды функционалдық (салалық) белгісі бойынша өнеркәсіптік, көлік, аграрлық, қаржылық, сауда және қызмет көрсету саласы бойынша жіктелуге болады. Егер кәсіп-орынның түрі меншік құқығына негізделсе, онда жеке меншік, ұжымдық, мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар болады. Кәсіпорынның түрі оның көлеміне негізделуі мүмкін. Осы орайда олар шағын, орта және ірі кәсіпорынға бөлінеді. Экономикада кәсіпорындардың сол немесе басқа түрлері экономикалық, технологиялық, элеуметтік-саяси сияқты көптеген факторлардың болуына байланысты болады, сондықтан кәсіпорындар түрінің құрылымы өзгереді.

Әрбір ұлттық экономиканың кәсіпорын түрлерінің өз құрылымы болады, алайда ұлттық ерекшеліктерге байланысты емес экономикалық процестер де жоқ емес. Олар кәсіпорын көлемінің өзгеруімен байланысты және екі бағыттағы тенденциялармен сабақтасады. Бір бағыт өндірістің шоғырлануының артуымен байланысты және кәсіпорынның көлемін өсіреді. Кәсіпорын көлемі экономикалық артықшылыққа ие болады.

Ірі кәсіпорындар «ауқымнан үнем тауып», өнімді аз шығынмен шығара алады, сондай-ақ нарықтағы билігін пайдаланып өндірістің кірістілігін арттыруды қамтамасыз ете алады. Олар қолындағы қомақты қаржы ресурстарын пайдаланып жаңа техника мен озық технологияларды енгізуге мүмкіндігі бар. Ірі кәсіпорындар шикізат пен материалдардың ірі тобын төмен бағамен сатып алып, жақсы элеуметтік жағдай жасап білікті жұмыс күшін тартуы және мемлекет тарапынан қолдауға ие болуы мүмкін.

Сөйтсе де кәсіпорындардың ірілендірілуінің келеңсіз салдары да жоқ емес, басқаруға жұмсалатын шығынның өсуі мен басқарушы буынның бюрократиялануының салдарынан өндірістің тиімділігі төмендеп, ірі кәсіпорындар на-рық жағдайында өте маңызды өзінің икемділігін жоғалтады. Осының барлығы кәсіпорынның көлемін үлкейту жолындағы кедергілерді одан сайын көбейтеді. Сондықтан кәсіпкер ең алдымен *кәсіпорынның тиімді жұмыс істейтін оңтайлы, яғни оның пайда әкелетін көлемін сақтауға* тиіс.

Артықшылықты сақтап, арттыру тәсілі ретіндегі экономикалық өктемдікке ұмтылу мен оңтайлылықтың осы талабына кедергі келтіретін қарама-қайшылық кәсіпорындарды біріктіру арқылы шешіледі. **Кәсіпорындар** деңгейлес, сатылас және конгломераттық бірігу арқылы **бірігеді**.

Кәсіпорындар *деңгейлес біріккенде* өндірісті салалас кәсіпорындарды бірік-тіру арқылы шоғырландыру тәсілі қолданылып, шын мәнінде тек өндірістік қу-аттар қайта бөлінеді. Кәсіпорындарды деңгейлес біріктіргенде сала нарығындағы бәсекені жеңілдетіп, өндіріс ауқымын үнемдеуден пайда табу мақсаты қойылады.

*Сатылас біріктіруде* шикізат өндіруден бастап даяр өнімді сатуды қам-титын технологиялық тізбектің буындары бір бақылауға біріктіріледі, осының арқасында ресурстардың көздеріне, өніммен жабдықтау мен оны өткізу ка-налдарының сенімділігі қамтамасыз етіледі. Осы жағдайлар неғұрлым орнықты болса, кәсіпорындар сатылас бірігуге солғұрлым күшті ұмтылады. Сатылас бірігу тәсілінде тұйық өндірістік кешендер құрылып, олар монополияға айналуы ықтимал, сол себептен мемлекет бірігудің осы тәсіліне ерекше назар аударады.

*Конгломераттық бірігуде* әр түрлі салаларға жататын әрі өзара байланысты емес кәсіпорындар бірігеді, олар нарықтық жағдаяттың ауытқуының ықпалын жұмсартып, жаңа нарықтарға кіруді жеңілдету мақсаты қойылады. Кәсіпорындар ерікті бірігу негізінде, сондай-ақ бір кәсіпорынды екінші кәсіпорынның жұтуы арқылы да мәжбүрлі түрде бірігуі мүмкін. Шоғырланудың осы түріне кіретін оңтайлы кәсіпорындар қауымдастығын оңтайлылықтың бәсекеге қабілеттілік деңгейі мен нарықты бақылау дәрежесі сияқты өзге санаттарымен реттеледі. Құрылымды, басқару мен бақылауды ұйымдастырудың ерекшелігіне байланысты әр түрлі бірлестіктердің нысаны қалыптастырылады.

**Трест** – бір немесе бірнеше сала кәсіпорындарын біріктіретін нысан, мұның өзінде бірлестікке кіретін кәсіпорындар шаруашылық және өндірістік дербестігінен айырылады және олар орталықтан басқарылады.

**Концерн** – көп салалы кәсіпорындар кешені, онда құрылымдық бірліктер өзінің өндірістік және шаруашылық дербестігін сақтайды, алайда қатысу жүйесі бойынша қаржылық бақылау жасау арқылы бір басшылыққа бағынады.

**Конгломерат** – өз қызметінің нәтижелері үшін шаруашылық жауапкершіліктегі дербес кәсіпорындарды біріктіруге негізделген көп салалы, көп бейінді құрылым. Орталық басшылықтың айрықша құзыреті ең алдымен қаржы ресурстарын бөлумен ғана байланысты стратегиялық шешім

қабылдаумен шектеледі. Басқарудың тым орталықтандырылуы мен осының нәтижесінде оларды басқару қиын әрі икемділіктің жетпеу салдарынан экономикалық қиындық туындағанда осындай бірлестіктер тарап кетеді.

Белгіленген міндеттерді шешу үшін бірқатар бірлестіктер уақытша құрылады.

**Консорциум** – белгілі бір міндеттерді шешу мақсатында бірлесіп қызмет істеу үшін кәсіпорындар уақытша біріктірілетін нысан. Консорциумға кіретін кәсіпорындар жалпы басшылыққа консорциумға қатысты қызмет бөлігінде ғана бағынып, өзінің толық дербестігін сақтайды.

**Шаруашылық қауымдастығы** – заңды тұлғалар шаруашылық қызметті үйлестіру немесе өзінің мүдделерін қорғау мақсатында аумақтық немесе салалық белгісі бойынша ерікті негізде құрылатын бірлестік.

Кәсіпорындар бірлестігі өндіріс тиімділігінің артуына және нарықтардың жұмыс істеу жағдайының жақсаруына ықпал етеді. «Бірлестіктер» шаруашылық байланыстарды оңтайландырып, ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізудің мүмкіндіктерін кеңейте отырып, өндіріс шығынының төмендеуіне және пайданың өсуіне ықпал етеді. Жекелеген бірлестіктер шеңберінде тиімділік өскен жағдайда саладағы, кейін бүкіл саланың тиімділігінің өсуіне септігін тигізеді. Шаруашылық қауымдастықтары тұтынушылардың сұранысын зерттеп, өндірілетін өнімнің түрін кеңейте отырып жиынтық сұраныстың артуына ықпал етеді. Сонымен бірге өндірістің шоғырлануының өсуі және осыған байланысты оның экономикалық өктемдігі бәсекелестік қарқынының төмендеп, нарықта монополияның пайда болуына әкеп соқтырады, осыған байланысты кәсіпорын-дардың бірігу қызметін бақылау орнату қажет.

Кредит-қаржы байланыстардың нығаюы, қатысу жүйесі мен тоқайласпалы директораттар нысанындағы жеке уния (үндесу) әр түрлі салаларға жататын шаруашылық бірліктерінің ауқымды топтарының – қаржы-өнеркәсіптік топтардың құрылуына әкеп соқтырады.

**Қаржы-өнеркәсіптік топ** – бұл экономикалық және қаржылық бірдей мүдделер біріктіретін және нарықтағы үстемдікті сақтау мақсатында үйлестірілген шаруашылық және инвестициялық қызметті жүзеге асыратын әр түрлі салалардың өндірістік кәсіпорындарының (өнеркәсіптік, көлік, құрылыс, ғылыми) жә-не қаржы институттарының (банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық қорлар) кешені.

Әдетте қаржы-өнеркәсіптік топқа ең ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың немесе банктердің жанында қалыптасатын аумақтық топтар жатады. Барлық қаржы-өнеркәсіптік топ әр түрлі салаларға қызмет етеді және айқын белгіленген ұйымдастыру шеңбері болмайды. Олар ғылыми-техникалық прогресс жағдайындағы қарқынды өзгерістер кезеңінде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында құрылады, осы міндетті шешу үшін сол немесе басқа өндірістің дамуының басымдығы ескеріліп, инвестицияланған ресурстар шоғырландырып, қайта бөлінеді.

Қаржы-өнеркәсіптік топқа тән қасиеттер олардың дағдарыстық құбылыстарды еңсеретін фактор бола алатынын көрсетеді. Біріншіден, қаржы-өнеркәсіптік топ құрылуы кәсіпорындардың арасындағы шаруашылық байланыстардың бұзылу нәтижесінде экономиканың ыдырауын еңсеруге ықпал етеді. Екіншіден, олар қаржы ресурстарының шоғырлануына ықпал ете отырып, инвестициялық қызметті жандандыруға, кейін бүкіл экономиканың өрістеп дамуына септігін тигізеді анық. Үшіншіден, қаржы-өнеркәсіптік топ инвестициялық ресурстарды шоғырландырып, тұтастай аумақтық-өндірістік кешендердің қызметін үйлестіре отырып, өзі құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылатын маңызды буынға айналады және мемлекеттің көптеген ірі кәсіпорындарға қатысуы сақталған жағдайда, ол қабылданатын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік алып, осылайша мемлекеттік өнеркәсіптік саясатты іске асырады. Сайып келгенде қаржы-өнеркәсіптік топ отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тәсілі мен шетелдік бәсекеге жауап беретін нысанға айналуы мүмкін. Мемлекет қаржы-өнеркәсіптік топ тарапынан монополиялық немесе бәсекенің дамуына кедергі жасайтын іс-әрекетке жол бермеу мақсатында қаржы-өнеркәсіптік топтың қалыптасуы мен оның қызметін қатаң бақылауға тиіс.

Қазақстанда қаржы-өнеркәсіптік топ құрудың нормативтік-құқықтық базасы әзірленбеген.

Алайда іс жүзінде ірі әрі белсенді банктер, мысалы, Соколов-Сарыбай ТӨК, «Шығыс» атты Екібастұз көмір разрезі» Павлодар алюминий зауыты, Ақсу және Ақтөбе форроқорытпа зауыттары мен т.б. сияқты маңызды стратегиялық кәсіпорындар интеграцияланатын Еуразиялық банк» ЖАҚ қаржы-өнеркәсіптік топ құрғысы келеді.

Көптеген нарықтардағы бәсекелестіктің деңгейі 0-ден 65% аралығын құрайды, осы нарықтарда шартты түрде қаржылық-өнеркәсіптік топтар деп атауға болатын бір немесе бірнеше өктемдік ететін шаруашылық жүргізуші субъект жұмыс істейді, сол себептен Қазақстанның

экономикасының бәсекеге қабілеттілігі төмен. Мысалы, «Қазақмыс» корпорациясы (Samsung Corp.) мыс өнеркәсібін, тазартылған күміс өндірісін, «Теңізшевройл» БК – шикі күкірт өндірісін, «Испат-Кармет» – болат, шойын өндірісін, Еуразиялық банк кәсіпорындарының тобы – хром, алюминий, темір рудасы өнеркәсібін монополияға айналдырып алған (8.1-кесте).

**8.1. Қазақстан өнеркәсібі саларында экономикалық биліктің шоғырлануы, %-бен**

	Қызмет түрлері	Осы өнім өндірісінің республикалық көлеміндегі үлесі
1	2	3
«Теңізшевройл» БК	Шикі мұнай өндірісі Табиғи газ өндірісі Шикі күкірт өндірісі	36 35,5 99,5
«Қазақмыс» корпорациясы	Тазартылған күміс Тазартылған мыс Мыс сым	63,8 100 98,8
«Аксес Индастриз» компаниясы	Тас көмір өндірісі	49,2
Павлодар МӨЗ	Мұнай өңдеу	53,24
«Қазкоммерцбанк» кәсіпорындарының тобы	Бензин өндірісі	61
«Испат-Кармет» компаниясы	Темір рудасы агломераты Шойын Болат Темір прокаты Ақ қаңылтыр	100 100 100 100 100
Еуразиялық банк кәсіпорындарының тобы	Алюминий өндірісі Хром өндірісі Темір рудасын байыту (дөңгелек)	100 100 100
«Қазмырыш» компаниясы	Тазартылған күміс Тазартылған алтын Қорғасын Қорғасын-мырыш рудасы Мырыш	36,2 72,9 82,2 71,6 99,9

Сонымен бірге осы ұйымдарда өндіріс көптеп шоғырланған, ал өндірістің көп шоғырлануы Қазақстан экономикасының маңызды проблемасына айналып отыр. Ең ірі ондаған кәсіпорын ЖІӨ мен бюджет түсімінің елеулі бөлігін қамтамасыз етіп отыр, осыған байланысты іс жүзінде еліміздің экономикасының тұрақты дамуы осы компаниялардың қаржылық әл-ауқаты мен менеджментінің құзыретіне иек артады. Осы проблема мемлекеттік бюджетті қалыптастыруға қатысты, ал қалған салық салынатын өрісті көшбасшы кәсіпорындардан түсетін түсіммен салыстырғанда өте, сол себептен ең ірі салық төлеушінің бірінде қандай да бір проблема туындаған кез келген сәтте мемлекеттік бюджет шектелуі мүмкін. Еліміздің барлық дерлік ірі кәсіпорындарын мүдделері отандық экономикасының мүдделерімен әр кезде үйлесе бермейтін шетелдік компаниялар басқарады. Осы компаниялар оффшорлық аймақтарды пайдаланып салықтардан қашкалақтау фактілері жаппай белең алууда.

<b>8.10.</b>	<b>Кәсіпкерлік үлгідегі кәсіпорындарды қалыптастыру бағыттары</b>
--------------	-------------------------------------------------------------------

Кәсіпкерлік үлгідегі кәсіпорын қалыптастыру үшін ұйымның түрін, оның экономикалық уәждемесі мен шаруашылық іс-әрекетін өзгерту қажет.

*Ұйымның түрін өзгерту* экономикалық мүдделері күрделі жүйесі бар корпоративтік құрылымды қалыптастырумен байланысты.

*Экономикалық уәждемені өзгерту* кәсіпорын қызметінің мақсатты басымдықтарын шаруашылық бірліктердің тегімен үйлесетін және стратегиялық дамуға бет бұруына ықпал ететін нысандарға айналдырумен байланысты.

*Шаруашылық іс-әрекетті өзгерту* кәсіпорынның шаруашылыққа бейімделуден бәсекелік артықшылыққа қол жеткізуге бағыттайтын шаруашы-лық ортасын құру арқылы экономикалық жарысқа өтуін білдіреді.

Міндеттер ауқымды әрі күрделі болуына байланысты осы міндеттерді кезең-кезеңмен шешу үшін кәсіпорындардың осыған даярлығын (қаржылық сауықтыру, нарықта іс-әрекет жасау дағдысын дамыту, меншікті қайта құру), сондай-ақ олардың қызметінің шаруашылық жағдайын (бәсекелік орта құру, экономиканы ырықтандыру) ескеру қажет.

*Кәсіпорындарды трансформациялау кезеңдері* кәсіпорындарды коммерцияландырумен және қайта құрылымдаумен байланысты.

*Кәсіпорындарды коммерцияландыру* – бұл кәсіпорындардың шаруашылық дербестігін кеңейтіп және бюджеттік шектеулерді күшейтіп, оларды нарықтық шаруашылық жүргізудің жағдайларына бірте-бірте бейімдеу процесі. Оның экономикалық мәні кәсіпорындарға шаруашылық жүргізу еркіндігін беру, ал басты мақсаты – кәсіпорындардың бәсекелік іс-әрекет жағдайына бейімделуін жеңілдету. Кәсіпорындарды коммерцияландыру кәсіпорындарды мемлекеттік сектордан жеке меншік секторға көшірудің аралық шарасына жатады. Коммерцияландыру – бұл мемлекеттің экономикалық емес ықпалын сақтау қарастырылатын қарама-қайшы процес, сондықтан оның ойдағыдай іске асырылуы кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу жөніндегі іс-шаралардың жүйелі әрі мақсатқа орай жүргізілуіне байланысты болады. Нарықтық шаруашылық жүргізу үшін кәсіпорындар институционалдық жағдайда толық өзін-өзі қаржыландыруға көшуіне орай олар бәсекелік іс-әрекеттің дағдысына ие болады.

*Қайта құрылымдау кезінде* кәсіпорынның өндірістік аппаратын ұйымдас-тыру да, сонымен бірге техникалық жағынан да жаңарту жөніндегі іс-шаралардың толық кешенін жүзеге асыру қарастырылады. Қайта құрылымдауда ең алдымен кәсіпорынның дағдарыстық жағдайының себептерін анықтау міндеті қойылады. Анықталған себептерге орай кәсіпорынның жай-күйінің нашарлауына жол бермейтін іс-шаралар қолданылады, мысалы, басшылық ауыстырылады, жекелеген өнім түрлерін шығару тоқтатылады, сапаны бақылау күшейтіледі, жабдық жаңартылады және т.б. Сайып келгенде, қайта құрылымдауда кәсіпорынның ықтимал мүмкіндіктерін анықтап, оның жаңарту үшін жұмсалатын қаржы салымын негіздеу қажет.

*Кәсіпорынды трансформациялаудың жағдайлары* кәсіпкерлік үлгідегі кәсіпорын қалыптастырудың екінші факторы болып табылады. Аталмыш факторлар кәсіпорынның шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі қызметінің параметрлерін айқындайтын сыртқы жағдайларға және кәсіпорынның сатылас басқарылатын ұйым ретіндегі ерекшелігін білдіретін ішкі жағдайлар деп аталатын екі топқа бөлінеді.

*Сыртқы жағдайлар* шаруашылық жүргізудің шаруашылық ортасының орнықтылығы, жиынтық сұраныстың жай-күйі, бәсекелестіктің, бәсеке қарқынының деңгейі мен бюджеттік шектеулердің қатандығы, сала фирмаларының өзара ықпалдасуы мен мемлекетпен өзара ықпалдасу сияқты параметрлермен өлшенеді.

Кәсіпорын қызметінің *ішкі жағдайлары* меншіктің құрылымы, мақсатты функция мен ұйым ішіндегі қатынастардың ерекшелігі сияқты факторлармен анықталады.

Формальдық құқықтар мен меншікті нақты бақылаудың арасындағы сәйкессіздікке себеп болған меншік құқығының айқын еместігі.

Шаруашылық ахуалдың белгісіздігі мен меншік құқығының айқын еместігінің салдарынан кәсіпорын қызметінің мақсатты бағдарының бұрмалануы.

Меншік құқығының айқын еместігі және инсайдерлік бақылаудың өктемдік етуі, сондай-ақ қор нарығының дамымауы сыртқы меншік иелерінің әкімшіліктің қызметін бақылауды шектейді,

осының нәтижесінде көп жағдайда іс жүзінде меншік иесінің құқығын өзіне алатын кәсіпорын басшылығы тарапынан экономикалық оппортунизмді күшейтеді. Ал кәсіпорын ішінде патронат қағидасының өктемдік етуі қызметкерлер тарапынан әкімшілік қатысындағы оппортунистік іс-әрекет жасауына түрткі болады. *Ең соңында кәсіпорын оппортунистік ұйымға айналып, дамуға деген ішкі ынтасынан айырылады.*

<b>8.11.</b>	<b>Мақсатты бағдарларды түрлендіру және іс-әрекет стратегиялары</b>
--------------	---------------------------------------------------------------------

Фирмалар өз қызметінде пайданы немесе табысты барынша арттыру, нарықтың үлесін ұлғайту немесе экономикалық өсу сияқты әр түрлі мақсаттар қою мүмкін. Осы мақсаттардың барлығы фирманың өзінің бәсекелік артықшылық-тарын молайту үшін ұзақ мерзімді мақсаттарды іске асыру жөніндегі стратегиясының нысаны ғана болып табылады.

*Даму стратегиясы* кәсіпорынның сапа параметрлерінің өзгеруімен және оның бәсекеге қабілеттілігінің дамуымен байланысты. Аталмыш стратегияда капиталдың айналымдылығын жылдамдату, шығынды төмендету, өнім түрлерін жаңарту және өнімнің сапасын арттыру мақсатында өндірісті қайта құрылымдау (технологиялық жаңарту) және әртараптандыру көзделеді. Даму стратегиясының ең маңызды элементтеріне нарықта жаңа жайғасым іздестіріп, басқаруды жетілдіру жатады. Даму стратегиясы ғылыми-техникалық әлеуеті елеулі, нарықта қо-мақты орын алатын және меншік иесі бақылайтын кәсіпорындардың даму стратегиясы болады.

*Белсенді тіршілік ету стратегиясында* өндірістік қуаттарды сақтап, қаржылық жағдайды тұрақтандыру мақсаты қойылады. Ол үшін өнімсіз шығындарды төмендетіп, пайдасыз өндірістерден бас тарту арқылы өнім шамалы ғана жаңартылып, қаржылық нәтижелер мардымсыз жақсарады. Аталмыш стратегияда өндірісті жасырын субсидиялау (төлемеу) және өндірістің бөлігін экономиканың көлеңкелі секторына айналдыру сияқты шаруашылық жүргізудің әдістері көп пайдаланылады.

*Енжар тіршілік ету стратегиясын* өзгерістерге (сұраныстың құрылымын өзгерту, бәсекелестік) даяр емес кәсіпорындар ұстанады. Осы кәсіпорындардың стратегиясында мемлекет тарапынан қолдампаздық саясат, бюджеттен қаржыландыру мен жеңілдікпен кредит алу түрінде қамқорлық көрсету талабы көп қойылады.

<b>8.12.</b>	<b>Жеке ұдайы өндіріс пен кәсіпкерліктің сипатын өзгерту</b>
--------------	--------------------------------------------------------------

Кез келген кәсіпкерлік қызмет ұдайы жаңартылатын айырбастау операцияларының үздіксіз тізбегі сияқты болады. Кәсіпкер капиталды инвестициялай отырып өндіріс факторларын қосады және оларды белгілі бір пропорцияда қолдана отырып игілік өндіреді. Өндірілген игілік сатылғаннан кейін олардың құны өзінің бастапқы, ақшалай нысанында кәсіпкерге қайтарылады, содан кейін кәсіпкер оны қайтадан жаңа ауыспалы айналымға жібереді. Кәсіпкер авансылаған құнның осы ауыспалы айналымы жеке ұдайы өндіріс деп аталады. Сөйтіп, жеке ұдайы өндіріс – бұл кәсіпкер авансылаған құн өтеліп, ұлғайту жүзеге асыратын үздіксіз қайта жаңартылатын шаруашылық қызмет процесі. Авансыланған құнның ауыспалы айналымының соңғы нәтижесіне байланысты жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс болады.

Кәсіпорын тегі екі жақты (шаруашылық жүргізуші субъект әрі өндірістік бірлік) болғандықтан, оның ұдайы өндіріс процесі екі жақты. Шаруашылық жүргізуші субъект ретінде кәсіпорын ұдайы өндіріс процесінде мәні құндық нысандағы актив жинайды. Ал кәсіпорынды өндірістік бірлік ретінде қарастыратын болсақ, онда оның ұдайы өндірісі өзінің өндірістік әлеуетін өтеу және дамытумен, яғни өндірістің заттық және жеке факторларымен байланысты. Осы процестер өзара тығыз байланысты болса да, бірі іске асырылған жағдайда екіншісі де өзінен-өзі іске аспайды. Өндірістік ресурстардың бағасы шарықтап өскен жағдайда кәсіпорын өндіріс факторларын тиісті көлемде және ақшалай нысандағы капиталдың абсолюттік көлемі өскен жағдайда тиісті деңгейде өтеуге дәрменсіз болуы мүмкін.

Жеке ұдайы өндірісті талдау үшін оның қозғалысының құндық нысанын қолданған маңызды. Өйткені нарықтық экономикада қаржы ресурстардың болуы кәсіпорынның ұдайы өндіріс мүмкіндіктерін шектейтін фактор болып табылады. Ал капитал қозғалысының құндық нысаны жеке ұдайы өндірістің мәні мен ерекшеліктерін жақсы көрсетеді. Жеке ұдайы өндірістің құндық нысанын капиталдың ауыспалы айналымы формуласының түрінде былайша көрсетуге болады:  $D - T(P_c, S_p), \dots, P, \dots, T^1 - D^1$ . Жеке ұдайы өндірісті осылай көрсетудің бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, ол капиталдың ауыспалы айналымына  $D - T(P_c, S_p)$  және  $T^1 - D^1$  айналымның екі кезеңі мен өндірістің  $(\dots, P, \dots)$  бір айналымы кіретінін көрсетеді. Осыдан авансыланған құн (капитал) қозғалысының процесі ретінде көрсетілген жеке ұдайы өндіріс *өндіріс пен айналымның бірлігі* екені байқалады. Сондықтан ауыспалы айналымның қайсыбір кезеңіндегі кез келген бұзушылық бүкіл капиталдың өтелуіне кедергі келтіреді. Екіншіден, ауыспалы айналым формуласы авансыланған капитал оның ақшалай нысаннан (инвестициядан) өндіргіш нысанға (өндіріс факторына)  $D - T(S_p, P_c)$ , сондан кейін тауарлық нысанға (даяр өнімге) –  $(P - T)$  және тағы да ақшалай нысанға (түсімге)  $(D - T)$  бірте-бірте метаморфозасы арқылы өтелетінін көрсетеді. Осыдан жеке ұдайы өндірісті жүзеге асыру үшін бүкіл процесс *үздіксіз* болуы тиіс екені жөнінде қорытынды жасалады. Құнның нысанын ауыстыру процесіндегі кез келген кешігу мен үзілістің салдарынан күрделі құн айналымы баяулап, оның бөлігі жоғалады. Үшіншіден жеке ұдайы өндірістің бастапқы және соңғы пункттерінің сапасының бірдей болуы ( $D$  ақша нысаны) бүкіл қозғалыстың мақсаты авансыланған құнды өсіру түрінде *құнды ұлғайту* ( $D < D^* = D + \Delta D$ ) екенін көрсетеді. Сондай-ақ ол жеке ұдайы өндірістің қозғалысының  $D - T(P_c, S_p)$  және  $T^1 - D^1$  кезеңінің басқа капиталдарымен, яғни қоғамдық ұдайы өндірістің қозғалысымен байланысты екенін көрсетеді. Ал ең маңыздысы осылайша көрсетілген ұдайы өндіріс жеке капиталдың ұдайы өндірісінің ең маңызды ерекшелігіне жатқызу қажет *үздіксіз қозғалысты* білдіреді.

Жеке ұдайы өндіріс дербес процесс болса да оны қоғамдық ұдайы өндіріс жүзеге асыруға тиіс, сонда жеке ұдайы өндіріс өзінің қозғалысының бастапқы (ресурстар) мен соңғы (сұраныс) пункттерін табады. Сондықтан кез келген ұдайы өндіріс ішкі және сыртқы деп аталатын факторлардың екі тобына бөлінеді. *Ішкі* факторлар жөнінде айтатын болсақ, оған кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы, өндірістік циклдің ерекшеліктері, өндірістің ауқымы, өндірістік аппараттың сапа деңгейі және даму көздерінің болуы жатады. Кәсіпорынның ұдайы өндіріс-тік процесін нақтылайтын *сыртқы факторларға* төлем қабілетінің көлемі мен құрылымы, инвестициялық ахуал, саладағы бәсекелестіктің деңгейі, қаржылық және өндірістік ресурстардың қол жеткізілімділігі мен мемлекеттің экономикалық саясаты жатады. Осы топтардың өзара ықпалдасуынан жеке ұдайы өндірістің үздіксіздігі мен оның аяқталуын жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Жеке ұдайы өндірісті жүзеге асыру көптеген аспектілермен байланысты. Алайда іс жүзінде ол құн қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз ету міндетін шешеді, бұл жерде құнның айналымының жылдамдығы ұдайы өндірісті жүзеге асырудың тиімділігін көрсетеді.

Трансформация барысында жеке ұдайы өндіріс процесі барысының бұзылуына әкеп соқтырған факторлардың қыспағында қалды, сол себептен жеке ұдайы өндірістің ең маңызды қағидасы, яғни капиталдың ауыспалы айналымының үздіксіздігін қамтамасыз ету реті бұзылды.

Сату кезеңінің ( $T - D^*$ ) өтуінің үздіксіздігін бұзуға ықпал еткен сұраныстың тапшылығы ұдайы өндірістің ең өткір проблемасына айналып отыр. Мұның өзінде кәсіпорындар ауыспалы айналымның кейінгі кезеңдерінде бетпе-бет келетін қиындықтар капиталдың тауар нысанының ақшалай нысанға айналуының баяулауына себеп болады. Осы мәселені шешу үшін халықтың нақты табысын едәуір арттырып, отандық және шетелдік өндірушілер үшін тең бәсекелік жағдай жасау көзделген іс-шара қолдану қажет.

## НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

*Монополияға қарсы саясат*  
*Табиғи монополия*  
*Жеке ұдайы өндіріс*  
*Конгломерат*  
*Бәсеке және кәсіпкерлік*  
*Концерн*

*Капиталдың ауыспалы айналымы*  
*Ауыспалы айналымның үздіксіздігі*  
*Бастапқы монополия*  
*Кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз ету*  
*Кәсіпорын*  
*Өндіруші және өндіруші емес кәсіпкерлік*  
*Өндірістің пайдалылығы*  
*Кәсіпорындарды қайта құрылымдау*  
*Ресурстық монополия*  
*Кәсіпкерлік орта*  
*Ауыспалы айналым кезеңдері*  
*Өндіріс кезеңі*  
*Даму кезеңі*  
*Мінез-құлық стратегиясы*  
*Трест*  
*Кәсіпкерлік факторлары*  
*Қаржы-өнеркәсіп топтары*  
*Фирма*



## 9-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНДА ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

<b>9.1.</b>	<b>Қоғамның әлеуметтік құрылымының және еңбек қатынастарының сипатының өзгеруі</b>
-------------	------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстанда орын алған өзгерістер қоғамның әлеуметтік құрылымы мен еңбек қатынастарындағы түбегейлі өзгерістерге жол ашты. Осы өзгерістердің негізі меншік сипатының өзгеруімен және бірінші кезеңдегі өзгерістердің әлеуметтік-экономикалық саясатының ерекшеліктерімен байланысты. Әлеуметтік құрылымның өзгеруіне себеп болған тағы бір маңызды факторға еліміздегі 2002 жылға дейін көші-қонның теріс сальдосы, бала туудың төмендеп, адам өлімінің көбейген демографиялық ахуалдың нашарлауын да жатқызуға болады. Осының нәтижесінде 1992-2002 жылдар аралығында Қазақстанның халқының саны 1630,80 мың адамға азайды, мұның өзінде таза көші-қон табиғи өсімнен асып кетті. 2002 жылдан бастап керісінше табиғи өсім көші-қоннан аса бастап, 2007 жылдың соңында Қазақстандағы халық саны 15,6 млн болса, 2011 жылы 16,4 млн асты.

Меншіктің сипатының өзгеруі қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруіне де, еңбек қатынастарының сипатына айтарлықтай әсер етті. Осы өзгерістің нәтижесінде біріншіден, қоғамның жаңа әлеуметтік-топ құрылымы, екіншіден, Қазақстанның бүкіл халқының әлеуметтік жаңа топтары пайда болды. Қайта құрудың арқасында жалпы экономикада жұмыс істейтіндердің жалпы санының ішінде меншіктің жеке меншік нысандарында жұмыс істейтіндер санының үлесі 1996 жылғы 27,9%-дан 2007 жылы 74,0%-ға дейін артты, ал мемлекеттік және муниципалдық нысандарында жұмыс істейтіндердің саны осы кезеңде 48,9-дан 23,5%-ға дейін төмендеді.

Келтірілген деректер қоғамда орын алған маңызды өзгерістерді, атап айтқанда халықтың өндіріс факторларының меншік иелері мен иелері емес және қоғамда жалданып жұмыс істейтіндерге бөлінгенін көрсетеді. Осы жалпылама жасалған қорытындының негізінде Қазақстанның ұлттық экономикалық жүйесінде өндірістің негізгі факторлары жоқ жалдамалы қызметкерлердің ауқымды тобы қалыптасқанын атап өтуге болады. Мұның өзінде өтпелі кезеңнің басында жұмыс істейтін халықтың 95,8%-ы жалдамалы қызметкерлердің санын құрады, ал 4,2%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтыды. 2007 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың саны 8 еседен артық өсті. Экономикада жұмыс істейтіндердің жалпы саны 7631,1 мың адамды, жалданып жұмыс істейтіндердің саны 4973,5 мың адамды (64,5%), дербес жұмыс істейтіндердің саны – 2657,6 мың адамды (35,5%), өндірістік кооперативтердің мүшелерінің саны – 75,7 мың адамды (0,4%) құрады.

### 9.1. Қазақстанның жұмыс істейтін халқын жұмыс мәртебесі бойынша бөлу

	1991 ж.		2007 ж.	
Жұмыс істейтін халық, барлығы, мың адам	7716,2	100	7631,1	100
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	7389,5	95,8	4973,5	64,5
Дербес жұмыс істейтіндер, мың адам	326,7	4,2	2657,6	35,5
оның ішінде: жұмыс берушілер			123,4	1,5
дербес қызметкерлер			2427,7	32,5
өндірістік кооперативтердің мүшелері			75,7	0,4
Отбасы кәсіпорындарының ақы алмайтын қызметкерлері			84,3	1,1

Жалдамалы нысан тек социалистік жүйеге тән болатын, ал жұмысқа жалдаудың нысаны тек қызметкердің еңбек қызметі процесіне ену нысанын ғана көрсетеді. Жеке меншіктің иесі өндіріс құралдарының жеке меншік иесі ретінде жалдамалы қызметкерге қарама-қарсы болғандықтан жалдамалы қызметтің сипаты өзгерді.

Жеке меншікке көшумен және жұмыс күші қатысында тауарлық қатынастардың қалыптасуына байланысты еңбек қатынастарындағы түбегейлі өзгерістер орын алды.

Халықтың жұмыспен қамтылу топтары бойынша бөлінуінде де елеулі өзгерістер болды. Экономика мен басқарудың әр түрлі буындарында басшылар мен басқарушылардың үлесі артты, алайда олардың үлесі әлі де болса шамалы және 2007 жылы жұмыс істейтін халықтың 1,5%-ын ғана құрады.

Осы процестер халықтың қоғамдағы жағдайының өзгергенін толық көрсетпейді. Қоғамның әлеуметтік құрылымын табыстың халықтың әр түрлі топтарға бөлінуімен байланысты олардың әлеуметтік жағдайының өзгерістері айтарлықтай толықтырып, нақтылайды. Мәселен, 2007 жылы кедейлердің (табысы ең аз бірінші топ) ақшалай табысы 8,5%-ды құрады, ал әжептәуір ауқаттылар (табысы ең жоғары бесінші топ) барлық ақшалай табыстың 40,5%-ын иемденді. Аталмыш топтың құрамы біркелкі емес, ол меншік иелері, кәсіпкерлер мен менеджерлерден құралды. Қоғамда осы топтың пайызының ұлғайғанын, ал кедейлер тобы пайызының іс жүзінде өзгермейтінін ескере отырып, қоғамның әлеуметтік құрылымының алатын ақшалай табыс бойынша айтарлықтай айырмашылығы

бары жөнінде қорытынды жасауға болады. Неғұрлым қамтамасыз етілген халықтың 10%-ның табыс аз қамтылған халықтың 10%-ның табысынан жеті есе асып түседі, ал осы көрсеткіш халықаралық өлшем бойынша қоғамның орнық-тылығына қауіп төндіреді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы тағы бір өзгеріс өңірлік айырмашылықтарымен байланысты. Меншіктің өзгеруінің нәтижесінде, отын мен шикізат бағытына басымдық берілген жағдайда жан басына шағылған ЖІӨ көрсеткіш-тері, халықтың табысы, еңбек өнімділігі мен өмір сүру деңгейі бойынша өңірлердің арасында жоғары деңгейдегі айырмашылық қалыптасты. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған көрсеткіштердің мағыналары Қазақстанның Алматы және Астана қалалары, Маңғыстау және Атырау облыстары сияқты төрт өңірінде жоғарылап тұр.

Әрине, айтулы өзгерістер еңбек қатынастарының жаңа сипатымен және еңбек нарығының қалыптасуымен байланысты. Осы өзгерістер қоғамның бүкіл әлеуметтік құрылымын қамтып, әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылықты қолдайтын негізді қалайды.

<b>9.2.</b>	<b>Еңбек нарығының мәні мен ерекшеліктері</b>

Өндірісті жүзеге асыру үшін өндірістің тиісті факторлары болуы тиіс. Демек, әрбір өндірістік бірлікте және жалпы экономикада еңбек пен капиталды қосып, олардың арасындағы қажетті пропорцияны қамтамасыз ету қажет. Осы жалпы мәселенің шешімі әр түрлі және экономикалық жүйенің түріне байланысты болуы мүмкін, ал нарық жүйесінде осы мәселе нарықтың көмегімен шешіледі.

Еңбек нарығы – бұл еңбекке сұраныс пен жұмыс күшінің ұсынысы қалыптасатын, қызметкерлер бөлініп, еңбек қызметінің әр түрлі түрлерінің бағасы анықталатын нарықтық қатынастар саласы. Еңбек нарығы – бұл өндіріс факторларының нарығының бірі, осы нарық арқылы ең маңызды ұлттық еңбек ресурсы кәсіпорындардың, салалар мен өңірлердің, мамандықтардың арасында бөлінеді. Еңбек нарығының мәніне әр түрлі анықтама берілген. Еңбек нарығы еңбекке сұраныс пен ұсыныс тоқайласып, ұсыныстың бағасы анықталатын қысаң саланы ғана қамтиды, ал еңбек нарығының субъектісіне жұмыс беруші мен жұмыс іздейтін адамдар жатады.

Еңбек нарығын кең мағынада қарастыратын болсақ, ол нарықтық экономикада жұмыс істейтін, ұдайы өндірісті, айырбас пен еңбекті пайдалануды қамтамасыз ететін, еңбекке деген сұраныс пен оның ұсынысымен еңбек қарқынын арттыру арқылы қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде түсінуге болады. Осы орайда еңбек нарығына еңбекті айырбастау саласы ғана емес (сату-

сатып алу), сонымен бірге жұмыс күші мен еңбекті пайдаланудың тыныс-тіршілік ету саласы да жатады. Еңбек нарығында жеке (немесе ұжымды түрде – кәсіподақтар мен кәсіпкерлер одағы арқылы) шартты қатынастар жасап, еңбек сату мен пайдаланудың бағасы мен басқа да шарттарын пысықтайтын сатушылар мен сатып алушылар жұмыс істейді, сондықтан еңбек нарығының басқа нарықтардан ешқандай ерекшелігі жоқ. Сөйтсе де тауар – еңбек – бірегей болғандықтан, еңбек нарығының ерекшелігі де жоқ емес, өйткені бұл меншік иесінен ажырамайтын жалғыз тауар. Мұның өзінде қызметкер сату-сатып алу объектісі емес, оның еңбекке қабілеті сатылып, сатып алынады, ал керісінше егер адам тауар болса, онда оның еркін азамат емес, құл немесе крепостной екенін білдіруші еді.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық теорияда тауар-еңбектің пайда болып, тіршілік етуі үшін қажетті жағдайлар мәселесі арнайы қозғалмайды. Аталмыш мәселе істің мән-жайынан және еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың нәтижесінде шекті еңбек өніміне тең еңбекақы белгіленіп, осы еңбекақының өзгеруі еңбекке деген сұраныс пен оның ұсынысын тепе-тең етуіне орай теориялық жағынан туындайды. Егер осы проблеманы тарихи жағынан қарастыратын болсақ, онда еңбектің тауар ретінде тіршілік етуінің объективті негіздерін елеуге болмайды. Дамыған тауарлық өндіріс үшін екі жағынан еркін, яғни бас еркіндігі өзінде және өзіне тиесілі өндіріс құралдарынан еркін қызметкер қажет. Бас еркіндігі жоқ қызметкер еркін адамнан құлға, тауар иеленушіден – тауарға айналады. Ал адам өзіне тиесілі өндіріс құралдарынан еркін болмаған жағдайда ол жұмыс күшін (еңбек) өзінің өндіріс құралдарын пайдалану нәтижесін сататын еді.

Басқа экономикалық теорияларға қарағанда марксизмде тауар ретінде еңбек емес адам организмінің, тірі жеке басының жеке және рухани қабілеттерінің жиынтығы ретінде түсінілетін және адам қандай да болмасын тұтынылатын құнды өндіргенде қолданатын жұмыс күші қарастырылады. Мұның өзінде баға мен еңбек құны санаттарының құқыққа сәйкестілігі жоққа шығарылмайды, алайда олар тиісінше баға мен жұмыс күші құнының нысандарына айналған (яғни мағынасын бұрмалайды) деп саналады. Еңбек нарығында орын алатын процесстерді түсіну үшін осы шектеудің елеулі маңызы болмайды, тек еңбек-тауарды (егер тауар ретінде жұмыс күші қарастырылса, онда оның адамнан жеке бөлін-бейтіні айқын көрінеді) адамнан ажырамайтынын түсінген жөн.

Еңбек процесін жүзеге асыратын еңбекті сатушы үшін өзінің еңбегінің бағасы ғана емес, сонымен бірге еңбек жағдайы мен ұйымдастыру, өндірісте жарақат алу ықтималдығы, бірлескен еңбек процесіне қатысушылармен жасалатын өзара қарым-қатынастарда әлеуметтік қолайлылықтың дәрежесі және т.б. маңызды. Еңбекті тауар ретінде тасымалдаушы еңбек қатынастарындағы «әділдікті» басқаша түсінеді, сонымен бірге ол нарықтық емес әдістермен (ереуілдік күреске дейін) меншік ұйым (атап айтқанда, кәсіподақ) құруға, еңбекақыға талап қоюға және басқа да мәселелерді шешуге қабілетті.

Жұмыстың ауырлығындағы, жағдайындағы, оның тартымдылығының дәрежесіндегі және қоғамдық артықшылығындағы айырмашылықтардың маңызы нарықтық факторларға қарамастан төленетін еңбекақыдағы елеулі айырмашылықтарға себеп болады. Еңбек-тауардың бағасындағы өтемақы айырмашылықтары да еңбек нарығындағы жағдайдан туындайды.

Сөйтіп еңбек тауар ретінде оның меншік иесі – адамнан ажырамайтындықтан, жалдамалы еңбек әр түрлі нарықтық емес факторлар өзге нарықтармен салыстырғанда анағұрлым маңызды рөл атқарады.

Тауар-еңбектің кез келген кеңістігінде қызметкерді де ауыстыруды ұйғарады. Ал мұның өзі отбасының келісім, балаларды жаңа жерде оқыту, тұрғын үйдің болуы және т.б. қосымша проблемаларды туындатады, сонымен бірге әкімшілік-құқықтық шектеулер (тіркеу режимі, ұлттық, діни немесе жынысы бойынша кемсіту) кездесуі мүмкін. Осындай шектеулер неғұрлым аз және олар әлсіз болса, еңбек нарығы солғұрлым көп дамиды, алайда аталмыш шектеулерді толықтай еңсеруге болады, сондықтан еңбек нарықтары сегменттерге бөлінеді. Ұлттық және діни (жергілікті), салалық және кәсіби еңбек нарықтары, меншік нысан, әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша еңбек нарықтары және т.б. болады.

Еңбек нарығының негізгі элементтеріне:

нарық субъектілері: жұмыс берушілер мен өндірісте жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін, алайда жұмыс істегісі келетін және жұмыс іздеп жүргендер;

еңбек нарығының субъектілерінің арасындағы қатынастарды және оның инфрақұрылымының қызметін реттейтін нарық институттары;

нарық инфрақұрылымдары: халықты жұмыспен қамту қызметтері, кәсіби бағдарлау қызметтері, қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау қызметтері, жұмыспен қамту қорлары, жарнама фирмалары және т.б. жатады.

Еңбек нарығы қалыпты жұмыс істеп, еңбек нарығының негізгі функцияларын орындау үшін нарықтың барлық элементтері болып, олар өзара ықпалдасуға тиіс. Еңбек нарығының негізгі функциясына мыналар жатады:

баға белгілеу – еңбекақының мөлшері белгіленеді;

ақпараттық – еңбек нарығының субъектілеріне сұраныс пен ұсыныстың деңгейі, сол немесе басқа кәсіп, мамандық, біліктілік және т.б. бойынша төленетін еңбекақы жөніндегі шынайы ақпарат береді;

бөлу – жұмыс орындарының арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, жұмыс күшін бөледі.

Еңбек нарығының басты функциясы жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысын, әлеуметтік тұрақтылық пен еліміздің саяси қауіпсіздігінің теңгерімділігінің негізінде халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Еңбек нарығының жай-күйі мен оның қалыпты жұмыс істеуіне көптеген сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Қазақстандық нарықтағы жағдайдың өзгеруіне экономиканың ғаламдануы, халықаралық еңбек бөлінісі, шикізат ресурстарының әлемдік бағаларының жағдаяты, халықаралық көші-қон, жасырын еңбек көші-қоны сияқты сыртқы факторлар ықпал етеді. Ал қазақстандық еңбек нарығына тікелей ықпал ететін ішкі факторларға тұрақты экономикалық өсу, индустриялық-инновациялық даму, экономиканы қайта құрылымдау, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы, жасы бойынша экономикалық белсенді халық, жұмыс күшін даярлау, жұмыс күшінің білімі мен кәсіби даярлығының деңгейі, өңірлердегі еңбек нарықтарындағы жағдай, аумақтардағы, салалардағы және кәсіби ауқымдағы жұмыс күшінің ұтқырлығы сияқты факторлар жатады.

Қазақстандық еңбек нарығы үлгісінің қалыптасуының бастапқы кезеңінде (1990-1998 жж.) халықты жұмыспен қамту саясаты швед үлгісіне жақын бағытта жүзеге асырылды. Алайда ҚР жұмыспен қамту саясатын іске асыруда негізінен жұмыссыздық жөніндегі өтемақы төлеумен шектелетін енжар іс-шаралар қолданылды. Еңбек нарығы ұзақ уақыт бойы осылай тиімсіз жұмыс істей алмады, сондықтан ҚР Үкіметі жұмыссыздарға төленетін өтемақыны материалдық жәрдеммен ауыстыру, жұмыспен қамту қорының мөлшерін шектеу, орталықтар мен жер-жерлерде жұмыспен қамтитын үлкен қызметтерді қайта ұйымдастыру сияқты бірқатар қатаң шара қолдануға мәжбүр болды. Алайда сонымен бір уақытта жұмыспен қамту саясатында қоғамдық жұмыстарды жандандыру, қосымша жұмыс орындарын құру және жұмыссыздарды қайта оқыту арқылы жұмыссыздықпен күресу жөніндегі белсенді шаралар жүргізуге бетбұрыс жасалды.

Қазақстанның егемендігінің қалыптасу барысында еңбек нарығының қалыптасуымен байланысты бірнеше кезеңді атап өтуге болады.

Бірінші кезең 1990-1991 жылдарды қамтиды және экономикалық еркіндіктің ауқымын кеңейтетін әрі кәсіпкерлік қызметті дамытатын бірқатар заңның қабыл-дануымен байланысты. Осы кезеңде осы кезеңдегі еңбек қатынастары саласының басты құқықтық құжаты, 1991 жылы күшіне енген және жұмыссыздықты жария еткен «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заң қабылданды. Еңбек нарығын реттеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің «Қазақ ССР мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы» 1991 жылғы 30 сәуірдегі қаулысымен Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін құру туралы шешім қабылданып, жұмыссыздықтың алдын алу мен оның әлеуметтік салдарын жеңілдетуге бағытталған республикалық және өңірлік жұмыспен қамту бағдарламалары әзірленді.

Екінші кезең 1992-1995 жылдар аралығын қамтиды. Экономикадағы жағдайдың тұрақсыздығы, кәсіпорындардың банкрот болуынан жұмыс орындары мен жұмыс істейтіндердің санын күрт қысқартты. Өткен тәуелсіздік жылдары ішінде 1992-1995 жылдар аралығында жұмыспен қамтылған халықтың саны айтарлықтай, яғни жылына 4%-ға азайғаны тіркелді. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес республикада жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау механизмін қалыптастыру қолға алынды. Жұмыссыз деп танылған азаматтарға жұмыссыздық жөнінде жәрдемақы алу құқығы берілді. Жұмыспен қамтылмаған еңбек ресурстарын әлеуметтік қолдау жүйесіне әлеуметтік төлемнен басқа жұмыс орнын іздестіруге арналған әлеуметтік жеңілдік енгізілді. Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтері осы кезеңде уақытша жұмысқа орналастыру мен қоғамдық жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыс атқарды.

Үшінші кезең 1996-1998 жылдарды қамтиды. Жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алу процесінің өрістеуіне байланысты артық жұмыс күшін жұмыстан босату одан әрі жалғасты. Экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамту деңгейі 87%-ға дейін төмендеп кетті. ҚР Үкіметі ұзақ уақыт бойынша жұмыссыздық жөніндегі жоғары жәрдемақы төлеу арқылы жұмыспен қамтудың енжар нұсқасынан бас тартып өзінің күш-жігерін жұмыс іздеу мен жаңа мамандық алу мүмкіндігін беру мен ынталандыруға жұмсады. ҚР Үкіметі ұлттық тауар өндірушілерді барынша қолдауға, ішкі еңбек нарығын қорғауға және шетелдік жұмысшылар мен мамандарды тартуды шектеуге бағытталған, 1996-1998 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірледі.

Төртінші кезең 1999 жылдан басталып 2007 жылдың соңына дейін жалғасты. Осы кезеңде еңбек қатынастары «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңның негізінде реттелді. 1999 жылдың Ісәуірінен бастап жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы әлеуметтік жәрдемақымен – халықтың аз қамтылған топтарына берілетін бір есептік көрсеткіш мөлшеріндегі материалдық көмекпен ауыстырылды. Мемлекеттік жұмыспен қамту қоры республикалық бюджетпен біріктірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күресу жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама» атты 2000 жылғы 3 маусымдағы №833 қаулысы республикада әр отбасының кем дегенде бір мүшесін жұмыспен қамтуға және жұмыспен қамтылған халықты еңбек қызметіне тартуды ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталды.

Егер 1996-1999 жылдар аралығында жұмыспен қамтылғандар санының 1,8%-ға төмендеуі қарқынды баяулағаны байқалса, ал 2000 жылдан бастап – жұмыспен қамтудың ұдайы артып келе жатқаны байқалды. 2007 жылы 15 және одан жоғары жастағы халықтың экономикалық белсенділігінің деңгейі (2001 ж. – 62,9%) 70,4%-ды құрады. Жұмыспен қамтылғандардың арасында ерлер 3922,8 мың адамды (51,4%), әйелдер – 3708,3 мың адамды (48,6%) құрады. Соңғы жылдары қонақ үй-мейрамхана бизнесінде, құрылыста, қаржы саласында, білім беруде, мемлекеттік басқаруда, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетуде, тау-кен өнеркәсібінде жұмыс істейтіндердің санының жылдам өсуімен байланысты халықтың экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылуда. Жұмыспен қамтылған халықтың жартысы халыққа қызмет көрсетумен айналысады.

Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде жұмыспен өнімді қамтуға көмек көрсету үшін бос жұмыс орындарын белсенді іздеу мен іріктеу және жұмыссыздар мен халықтың мақсатты топтарының өзге өкілдерін оқыту, қайта даярлау мен біліктілігін арттыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жәрмеңке-көрме ұйымдастыру, жастардың практи-касын ұйымдастыру пайдаланылды. Елімізде жыл сайын екі жүз мыңнан астам жұмыс орны, оның жартысынан көбі – селолық жерлерде құрылды. 2005-2007 жылдары жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп өтініш жасаған бес жүз азаматтың 87%-ы жұмысқа орналастырылды, кәсіпке оқыту мен қайта даярлауға 55,5 мың жұмыссыз жіберілді. Осының нәтижесінде жұмыспен қамтылған халықтың саны 7,6 млн адамға (2006 жылы 7,4 млн адамнан) ұлғайды. Экономикадағы оң өзгерістер мен жұмыспен қамту саласында мақсатқа орай жүргізілген саясаттың, жаңа өндірістер құрудың, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың арқасында жұмыссыздықтың деңгейі 1999 жылғы 13,5%-дан 2007 жылы 7,3%-ға дейін төмендеді.

Бесінші кезең нарықтық экономиканың тиісті жағдайына жауап беретін ҚР Еңбек кодексі қолданысқа енгізілген 2008 жылдың 1 қаңтарынан басталды. Сонымен бірге осы кезеңде мемлекет әлемдік қаржы дағдарысының салдарынан туындаған еңбек нарығын реттеудегі рөлі артты.

<b>9.3.</b>	<b>Еңбекақы, оның функциялары мен рөлі</b>

Еңбек нарығының өте маңызды функциясы – баға белгілеу. Еңбекақы еңбекке деген сұраныспен оның ұсынысының өзара ықпалдасуының нәтижесінде белгіленеді. Еңбекақы – еңбектің бағасының ақшалай нысаны. Өзге жағдайлар тең болғанда ол еңбектің шекті өніміне тең болады. Еңбекақы мен еңбектің мөлшерінің өзгеруі еңбекке деген сұраныспен оның ұсынысын теңестіреді, алайда еңбекақының тегі осымен шектелмейді.

Еңбекақы еңбектің бағасының нысаны ғана емес, еңбек-тауардың ерекшеліктерімен байланысты бірқатар факторлар түрлендіретін нысан. Жоғарыда айтылғандай, осы ерекшеліктер

нарықтық қағидалардан емес, еңбекте қолданылатын сала мен жағдайлардың ерекшеліктерінен, сондай-ақ бірқатар басқа да, оның ішінде әлеуметтік-саяси факторлардың үйлесімінен туындайтын айырмашылықтар.

Еңбекақы қызметкерлердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысан, басқа тең жағдайларда еңбекақының деңгейі қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге тиіс. Демек еңбекақының арқасында (басқа көздер есепке алынбаған жағдайда) қызметкерлердің физиологиялық қажеттіліктеріне, білім алуға, денсаулық сақтауға және басқа да қоғамдық қажетті мұқтаждыққа жұмсалатын шығындар жабылады.

Сөйтіп, еңбекақыны екі жақтан қарастыруға болады. Бір жағынан, ол еңбек бағасының нысаны, ал екінші жағынан, – қызметкерлердің тыныс-тіршілігі үшін қажетті тіршілік құралдары қорының нысаны.

Еңбекақының деңгейі мен әр түрлі қызметкерлердің арасындағы еңбекақы-ның арақатынасын ажырата білген дұрыс. Еңбекақының деңгейі қоғамдық еңбек өнімділігінің деңгейімен анықталады: қоғамдағы еңбек өнімділігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, қоғамдық өнімнің мөлшері солғұрлым жоғары және еңбек бірлігіне шағылған өнімнің үлесі қаншалықты көп болса, еңбекақының деңгейі де соншалықты жоғары болады. Бұл таза түрде алынған байланыс сол бір елдегі әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі еңбекақының деңгейіндегі айырмашылықтарды ғана емес, сонымен бірге әр түрлі елдердегі еңбекақыдағы айырмашылықтарды түсіндіреді.

Әр түрлі салалардың, кәсіпорындардың, салалардың қызметкерлерінің арасындағы еңбекақының арақатынасы еңбек өнімділігіне қатысы жоқ бірқатар факторларға да байланысты. Аталмыш факторлардың шығу тегі әр түрлі болады. Біріншіден, олар еңбек жағдайларының ерекшеліктерінен туындайды. Мысалы, денсаулық үшін қолайсыз, қауіпті, зиян жұмыс үшін неғұрлым жоғары еңбекақы төленеді. Екіншіден, ауа-райының жағдайы, орталықтан аумағы алыс орналасқан өңірлерде осы қолайсыз факторларға жұмсалатын шығынға өтемақы төленеді. Үшіншіден, тарихи да, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени элемент те маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, елдердің арасындағы айырмашылықтарды алатын болсақ, осы орайда отбасының қаражат табуға деген көзқарасына байланысты, кейбір отбасының табысы бір асыраушының еңбекақысынан құралады, ал екінші отбасының барлық мүшелері табыс табуға бейім болады.

Еңбекақыдағы айырмашылықтарға жататын факторлардың арасында жынысы, жасы, ұлты және т.б. бойынша ерекшеленетін адамдарға еңбекақының бірдей емес деңгейі ұсынылатын кемсіту факторы ерекше орын алады.

Еңбекақы деңгейі мен арақатынасындағы айырмашылықтарға жататын тұрақты фактор ретінде адами капиталға салынатын салым, адамдар мен олардың білім алуына жұмсалатын инвестициялар аталады. Білім алуға неғұрлым көп шығын жұмсалса, еңбек өнімділігі солғұрлым жоғары болады, ал еңбек қызметінің бірқатар түрін жоғары деңгейдегі білімсіз жүзеге асыру мүлдем мүмкін емес. Осының барлығы тұрақты дамидың қоғамда білімді адамдарға жоғары еңбекақы төлеуге ықпал ететін фактор болып табылады.

Еңбекақы мерзімдік еңбекақы мен кесімді еңбекақыға бөлінеді. Мерзімдік еңбекақы – жұмыс істелген уақыттың ұзақтығына байланысты төленетін еңбекақы. Ол еңбекақы еңбектің бағасына негізделетін, еңбектің бағасын табиғи өлшеммен, яғни уақытпен өлшенетін қызметкердің еңбегіне ақы төлеудің заттық нысаны болып табылады. Еңбекақының ставкасы деп бір сағат жұмыс істеген еңбектің бағасы аталады. Мерзімді еңбекақы нысанында жұмыс беруші еңбекке пәрменді бақылауды ұйымдастырып, еңбек процесін реттейтін технологияларды игеріп, жұмысқа жалдағанда кадрларды мұқият іріктеуге тиіс. Өндірілген өнімнің мөлшеріне байланысты төленетін еңбекақы дара өнімдік (кесімді) еңбекақы деп аталады. Еңбекақының осы нысаны мерзімді еңбекақыдан туынды болып табылады, яғни өндірілген өнім бірлігінің бағасын еңбек қарқындылығы қалыпты жағдайда сағаттық ставканы бір сағат ішіндегі өндірімге бөлгендегі көрсеткішке тең болады. Алайда бұл жағдайда да қызметкер өзі жұмыс істеген аптада, айда, жылда қанша алатынын ғана білгісі келеді. Кесімді еңбекақы еңбектің қарқынын арттыруға ынталандырады. Бұл бір жағынан, өнім шығаруды арттырады, ал екінші жағынан, бұйымның сапасының төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Біріншісі – жұмыс берушінің мүддесімен үйлеседі, ал екіншісі – керісінше үйлеспейді.

Еңбекақының атаулы және нақты түрі болады. Атаулы еңбекақы – бұл қызметкер белгіленген уақыт үшін (сағат, күн, апта, ай) немесе еңбектің нәтижесі үшін алатын ақша сомасы.

Нақты еңбекақы – бұл қызметкер осы атаулы еңбекақыға сатып ала алатын игіліктің мөлшері. Нақты еңбекақының индексін анықтау үшін атаулы еңбекақының индексін тұтынушылық бағаның индексіне бөлу керек. Нақты еңбекақы атаулы еңбекақының мөлшеріне ғана емес,

сонымен бірге қызметкер сатып алатын игіліктердің бағасының деңгейіне байланысты және қызметкердің сатып алу қабілетін білдіреді. Нақты және атаулы еңбекақының динамикасы, әдетте, үйлеспейді, тіпті қарама-қайшы болуы да мүмкін.

Әрбір қызметкер үшін өзінің еңбекақысының абсолюттік мөлшері ғана емес, оның қызметкерлердің басқа санатының еңбекақысымен арақатынасы және осы арақатынастың динамикасы да маңызды. Әр қызметкерге өзінің еңбекақысының абсолюттік мөлшері ғана емес, сонымен бірге оның басқа қызметкерлердің еңбек-ақысының мөлшерімен арақатынасы және осы арақатынастың динамикасы да маңызды. Сондықтан осы санаттағы қызметкерлердің еңбекақысының төмендегені (ұлғайғаны) айтылғанда еңбекақының ақшалай түрінің де, оның тұтынушылық бағаларға немесе басқа санаттағы қызметкерлердің еңбекақысына қатысты төмендегені (ұлғайғаны) жөнінде сөз қозғалуы мүмкін.

Бәсеке жағдайында жекелеген фирмалар да, сондай-ақ қызметкерлер де еңбекақының жалпы қабылданған деңгейіне бағдарлануы тиіс. Мұның өзінде нарықтық айырбасқа әрбір қатысушы елдегі, саладағы, кәсіпорындағы еңбекақының деңгейін анықтаудың белгілі негіздеріне ғана емес қызметкердің күш-жігері, еңбекқорлығы, оның өзін-өзі жетілдіруге деген құлшынысы сияқты жеке қасиеттеріне байланысты неғұрлым жоғары табыс алуға тырысады.

Еңбекақыны анықтайтын барлық факторлардың ықпалдасу процесінде еңбекақының келесі негізгі функциялары іске асырылады.

Еңбекақының бірінші функциясы – ұдайы толықтырылуы. Осы орайда еңбекақы қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болып, олардың өсіп-өнуін қамтамасыз етуі тиіс.

Екінші функция – ынталандырушы: еңбекақы еңбек процесіне тартуды және еңбектің тиімділігін арттыруға ынталандырады.

Үшінші функция – бөлу: еңбекақының көмегімен әрбір қызметкер еңбек ететін жер анықталады, еңбек салаларының, кәсіпорындардың және т.б. арасында бөлінеді.

Экономикада еңбекақы сан алуан функция атқарады, солардың арасынан еңбекақының макроэкономикалық рөлін ерекше атап өту қажет. Еңбекақы – халықтың табысының негізін құрайтын құрамдас, осымен ол тұтынушылық сұраныстың деңгейі мен құрамын анықтайды, яғни еңбекақының деңгейі неғұрлым төмен болса, экономикалық өсудің шекарасы солғұрлым қысаң келеді, өсетін еңбекақы экономикалық өсуді көтермелейді.

Алайда еңбек өнімділігінің өсуімен салыстырғанда еңбекақының шамадан тыс ұзақ уақыт бойы көтерілуі макроэкономикалық тұрақсыздықтың белең алуына, бюджет тапшылығы мен инфляцияның өсуіне себеп болуына әкеп соқтыруы ықтимал. Осыған байланысты қазіргі кезеңдегі экономикалық саясатта еңбекақыны реттеу маңызды бағыт ретінде қарастырылады.

<b>9.4.</b>	<b>Әлеуметтік тұрақтылықтың қалыптасуы және жұмыспен қамтудың өзгерістерінің тенденциялары</b>

Әлемдік дамудың тәжірибесі халықты жұмыспен қамтудың тиімділігін қамтамасыз ету мен жұмыссыздықтың етек жаюына жол бермеу әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторының бірі екенін көрсетеді. Нарықтық экономикада жұмыссыздық жайлайды, ал оның деңгейі елдегі экономикалық ахуалға, экономикалық циклдің кезеңі мен бірқатар басқа да факторларға байланысты. Елдегі экономикалық қызметпен айналысатындар мен жұмыссыздардың арақатынасы да тиісінше өзгереді. Жұмыссыздықтың бой көтеруі экономикалық және әлеуметтік өмірді тұрақсыздандыратын фактордың бірі болып табылады. Қоғамның жұмыспен тиімді қамту мен жұмыссыздықтың салдарын жұмсартуға бағытталған іс-шаралар жүйесі кез келген елдің экономикасын мемлекеттік реттеудің міндетті элементіне айналды.

Қазақстанда жұмыспен қамту мен жұмыссыздық ресми статистикада қолданылатын келесі көрсеткіштердің негізінде бағаланады.

Экономикада жұмыс істейтіндер – қарастырылатын кезеңде төленетін жұмысты жалданып, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлерді тартып немесе тартпай табыс әкелетін жұмысты орындайтын; жұмыста әр түрлі себептермен болмаған (сырқаттану, демалыс, іссапар, қайта даярлау және т.б.); отбасы кәсіпорнында жұмыс орындайтын тұлғалар. Үй шаруашылығында

сатуға арналған (толықтай немесе ішінара) өнім өндірісі жөніндегі жұмысты орындайтын тұлғалар да жұмыс істейтін болып саналады.

Жұмыссыздықты бағалауда бірнеше тәсілдеме пайдаланылады. Халықаралық еңбек ұйымының – ХЕҰ стандарттарына сәйкес жұмыссыздарға қарастырылатын кезеңде бір уақытта келесі бірнеше өлшемді қанағаттандыратын, яғни жұмыссыз (табыс алатын жұмысы); жұмыс іздеумен айналысатын; жұмысқа дереу кірісуге даяр халықтың экономикалық белсенділігін өлшеуге белгіленген жастағы адамдар жатады. Оқушылар, студенттер, зейнеткерлер мен мүгедектер, егер олар жұмыс іздеумен айналысып, жұмысқа кірісуге даяр болса, жұмыссыз ретінде саналады.

ХЕҰ анықтамасы жұмыссыздықтың негізінде алынған оның деңгейінің бағаларының әкімшілік сипаттағы факторлардан (мысалы, жұмыссыздарды есепке қою тәртібі белгіленетін заңнаманың қатаңдауы немесе жеңілдеуі) тәуелсіз алынған. Сонымен бірге ХЕҰ-ның анықтамасында жұмысты іздеу ұғымына кең түсініктеме берілген. Сонымен бірге іс жүзінде ХЕҰ-ның өлшемінің негізінде жұмыссыздықтың деңгейін халықты іріктеп сұрау процесінде респонденттердің еңбек нарығындағы өзін-өзін бағалауына сүйене отырып өлшеуге болады.

Қазақстанда жұмыссыздар саны жөніндегі ақпаратты алу үшін 2001 жылдан бастап тоқсан сайын жүргізілетін халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеудің деректері пайдаланылады.

«Жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңы бойынша жұмыссыз деп жұмысқа жарамды жастағы, осы адамдарға байланысты емес себептермен еңбек қатынастарындағы емес, табысы (еңбек табысы) жоқ, сонымен қатар Жұмыспен қамту орталығында жұмыс іздейтіндер ретінде тіркелген, жұмыс істеуге даяр және осы орган қолайлы жұмыс ретінде ұсыныс жасамаған адамдар саналады.

Мемлекеттік қызмет органдарында тіркелген жұмыссыздарға еңбекке қабілетті, жұмысы мен табысы жоқ (еңбек табысы жоқ), республиканың аумағында тұратын, тұратын жерінде қолайлы жұмыс іздеу мақсатында жұмыспен қамту орталығында тіркелген, жұмыс іздеп жүрген және жұмысқа кірісуге даяр азаматтар жатады.

Экономикалық белсенді халыққа экономикалық қызметпен айналысатын (барлық жұмыс істейтіндер) және жұмыссыздардың жиынтығы жатады.

Жұмыссыздықтың деңгейі жұмыссыздардың жалпы санының (ХЕҰ стандарттарына сәйкес) қарастырылатын кезеңдегі экономикалық белсенді халықтың санына қатынасы (пайызда) ретінде анықталады.

Ресми жұмыссыздықтың деңгейі жұмыспен қамту қызметінде тіркелген жұмыссыздардың санының есепті жылдың соңындағы экономикалық белсенді халықтың санына қатынасы (пайызда) ретінде анықталады.

Жұмыссыздықтың бірнеше себебі болады. Біріншіден, жұмыссыздықты туындататын өте маңызды фактордың біріне капиталдың табыстылық шектеуімен қарама-қайшы келетін ұлғаю тенденциясы жатады. Еңбектің бағасының өсуі табыс пен капиталдың ұлғаю жылдамдығын төмендетеді, сондықтан еңбекті үнемдейтін технология енгізіп, еңбекақының осы деңгейін алып жұмыс істейтіндердің санын қысқарту қажет болады. Осы қарама-қайшылықты еңбекақыны төмендету арқылы да тегістеуге болады, алайда осы шара тым шектеулі және жұмыссыздықтың нақты себептерін жоя алмайды.

Екіншіден, кез келген нарықта сұраныс пен ұсыныс үйлеспейді. Еңбекке деген сұраныстың төмендеуі немесе артуы жұмыссыздар санының азаюы мен көбеюіне міндетті түрде әсер етеді. Нарық жағдайында өндірістің құрылымында өзгерістер орын алып, кәсіпорынның жағдайының белгілі бір кезеңдерде нашарлап, олардың банкрот болуы да ықтимал, осының барлығы жұмыссыздық деңгейін өзгертеді. Еңбек нарығына келетін қызметкерлердің ағыны (еңбек ұсынысы) да өзгереді.

Қайта құрудың бірінші кезеңінде жұмыссыздықтың өсуіне ықпал еткен факторларға өндірістің түсуі және халық шаруашылығы құрылымының өзгеруі сияқты факторларды атауға болады. Жұмыссыздың әр алуан түрлері осы өзгерістерге өзінше ден қойды.

Өтпелі экономикадағы еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңдігі тұрақты болмай, керісінше, еңбек нарығының құрылымы үнемі өзгергендіктен, жұмыссыздықтың жалпы құрылымында уақытша (фрикциялық) немесе ағымдағы жұмыссыздықтың өзіндік салмағы аз. Искерлік белсенділіктің кезеңді түрде төмендеуіне орай айналсоқпа жұмыссыздық өндірістің жалпы түсуінің салдарынан еңбекке сұраныстың төмендеуіне байланысты жұмыссыздықтың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етті.

Жұмыссыздықпен және жұмыспен қамтудың динамикасына құрылымдық жұмыссыздық өте ықпал етті. Жұмыссыздықтың осы нысаны сұраныстың құрылымы мен еңбек нарығында



ұсынылатын жұмыс күшінің құрылымының ара-сындағы сәйкестікті бұзатын өндірістің құрылымының өзгеруімен тікелей байланысты. Осы себептерге байланысты осы нысаннан үнемі жұмыссыздық қаупі төнеді. Босатылған жұмыс күшін басқа, өсіп келе жатқан салаларда пайдалануға болады, алайда жаңа кәсіпке бейімделу үшін уақыт пен шығын қажет.

Жұмыссыздықтың осы нысанының ауқымында өңірлік фактор маңызды рөл атқарады. Жекелеген өңірлердегі жұмыссыздықтың ұлғаюын көші-қонмен жоюға болады, алайда басқа өңірде жұмыс күші жетіспеген уақытта, осы кезеңде осы ауданда жұмыссыздық байқалатын көші-қонға да көп уақыт қажет болады. Егер осы өңір өндірісі күрт қысқарған өнімге маманданған жағдай одан сайын шиеленіседі.

Қазақстанда трансформацияның басында өңірлердің жағдайының әр түрлі болуына орай өңірлердегі еңбек нарықтарының жағдайы да ерекшеленеді. Кеңес дәуірінде қалыптасқан өңірлердің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, саяси ерекшеліктеріне байланысты, олар жаңа жағдайдағы экономикаға әрқалай бейімделді, сол себептен осы өңірлердегі жұмыспен қамту мен жұмыссыздықтың деңгейі де әр түрлі болды. Тұрғын үй нарығы жеткіліксіз дамыған жағдайда және халықтың көші-қонымен байланысты жұмсалған шығындардың салдарынан өңірлік деңгейдегі еңбек нарықтарында тұрақты айырмашылықтар ұзақ уақыт бойы сақталды. Соңғы жылдары өңірлік еңбек нарықтарындағы жағдай әжептәуір жақсарса да, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақмола облыстарында жұмыссыздықтың жоғары деңгейі әлі де сақталып отыр.

Жұмыссыздықтың динамикасына бірқатар басқа да ерекше жағдайлар әсер етеді. Жұмыс күшін өндірістен ығыстыратын себептердің ықпалының күшеюімен қатар, жұмыссыздықтың өзгеруіне көші-қон, сыртқы экономикалық факторлар, жұмыссыздықты тежеу саясаты ықпал етеді. Қазақстанда халықтың жалпы санында жастардың үлесі артып келеді және осыған байланысты жастардың арасындағы жұмыссыздық өзекті проблемаға айналып отыр. Соңғы жылдары жұмыссыз жастардың саны мен үлесінің қысқарғаны байқалса да, қаладағы жастар мен 16-19 жастағы жастардың арасындағы жұмыссыздық деңгейі жоғары деңгейі сақталып отыр, сондай-ақ жоғары және арнайы орта кәсіптік білімі бар жұмыссыздардың өзіндік салмағының артқаны байқалады. Осыған байланысты еңбек нарығының мұқтажы мен мамандар даярлаудың құрылымының теңгерімсіздігінің проблемасын шешу, жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыруға көмек беру, олардың жұмыс берушілермен байланысын күшейту қажет. Экономикалық өсуге көшу үшін жұмыссыздықтың құрылымдық түрлерін азайтып, оның деңгейін тұрақтандырады.

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейінде әлеуметтік тұрақты экономикалық жүйе құру мүмкін емес. Жаңа экономикалық жүйе қоғамның жұмыссыздыққа бақытсыздық деп қараған көзқарасын қайта бағалауды, бірінші кезеңнің кемшіліктерін еңсеріп, жұмыссыздықты қысқарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруда қажет етеді.

**Жұмыспен қамту нысандарының кәсіпкерлік қызметпен байланысты жедел дамуы.** Меншік нысандарын өзгеруіне, кәсіпкерлік қызметтің жаңа нарық институттарының пайда болуына байланысты жұмыспен қамтудың құрылымында да нарық жүйесі қалыптаса бастады. Өтпелі экономиканың негізгі тенденциясы – экономиканың жеке меншік секторында жұмыс істейтіндердің санының артуы.

**Жұмыспен қамтудың салалық құрылымының өзгеруі.** Қазақстанның өтпелі экономикасына тән өнеркәсіптің бірқатар салалары мен инвестициялық ортада бірінші кезеңде орын алған өндірістің түсуі жұмыс күшінің салалардың арасында бөлінуіне әсер етпей қалмады. Нәтижесінде 90-жылдары жұмыспен қамту салалық құрылымы сауданың, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық пен тұрмыстық қызмет көрсету, қаржы және сақтандыру, басқару органдары мен на-рықтық экономиканы қалыптастыру және оған қызмет көрсетумен байланысты кейбір басқа салалардың жағына өзгерді.

Аталған тенденцияларды біркелкі бағалауға болмайды. Қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтудың өсуі мен индустриялық секторда оның қысқаруы жалпыәлемдік тенденциямен үйлеседі және қазақстандық экономиканың жаңғыртылуы мен төлемге қабілетті сұраныстың өнеркәсіптен қызмет көрсету саласына ойысқанын растайды. Алайда қадарлардың құрылымының нашарлап, жоғары технологиялық өндірісте, ғылым саласында жұмыс істейтіндердің санының қысқаруын оң бағалауға болмайды. Әсіресе бұрын техникалық прогресті қамтамасыз ететін ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің саны жылдам қысқарды.

Экономикалық өсуге көшу үшін бұрын қалыптасқан тенденцияларды еңсеру қажет. Қазіргі уақытта осындай іс-шараларды мемлекет ойдағыдай жүзеге асыруда.

**Еңбек қатынастарының қарама-қайшылығы мен әлеуметтік тұрақтылығы.** Өндіріс көлемінің өте төмендеуі, экономикалық жағдаяттың кезең-кезеңмен шиеленісуі, тоқыраулы дағдарыстық құбылыстардың орын алуы – осы және басқа да факторлар әлеуметтік-еңбек қатынастарының тұрақтылығына қауіп төндіретіні белгілі. Мәжбүрлі жұмыссыздықты өтейтін мемлекеттік механизмдер мен ресурстардың болмауынан жұмыс орнын жоғалту тәуекелі қоғамдағы барлық қарама-қайшылықтарды шиеленістіреді. Жұмыссыздық саласындағы осы қарама-қайшылықтарды шешетін тәсіл ретінде қалыптасқан жағдайға бейімделудің әр түрлі нысандары қарастырылады.

Бүкіл қайта құру кезеңінде қазақстандық еңбек нарығында экономиканың терең құлдырағанына қарамастан, республикада халықты жұмыспен қамтудың біршама жоғары әрі тұрақты деңгейі сақталып отыр, ал жұмыссыздық деңгейі құлдыраудың тереңдігімен салыстырғанда біршама шамалы деңгейден аспады, сондай-ақ ресми тіркелетін жұмыссыздықтың деңгейі де шамалы.

Қазақстандық еңбек нарығы трансформация жағдайына бірінші кезеңдегі әлеуметтік тұрақсыздықты тегістеуге мүмкіндік берген бірқатар бағыттарда бейімделді. Осы бейімделу нысандары (механизмдері) қазіргі кезеңде де белгілі бір шамада қолданылады.

Біріншіден, қызметкерлерді игіліктің осы мөлшерін өндіру үшін тиімді пайдалану мүмкін болмағандықтан, жұмыс күшінің толық емес жұмыс уақытын пайдалану кең таралған. Трансформацияның бірінші кезеңінде осы нысан жұмыспен толық қамтылмауымен үйлестіріліп кең пайдаланылды. Жұмыспен толық қамтылмаудың кәсіпорын әкімшілігінің бастамасымен мәжбүрлі, төленбейтін (немесе ішінара төленетін) демалыстар мен толық емес жұмыс уақыты режимін қолдану сияқты екі нысаны өте дамыды. Жұмыспен толықтай қамтылмау қатаң кредит-ақша саясатының жүргізілуінің салдарынан кәсіпорындардың банкрот болып, қызметкерлердің жаппай босатылуына байланысты жылдам өсті. Сондықтан жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін тиімділігі шамалы өндірістерге қолдау көрсетілді.

Жұмыссыздың мәртебесі тіршілік етудің қажетті деңгейін қамтамасыз етпей, кәсіпорынмен жасалатын байланысты үзуіне, ал ресми жұмыспен үйлестірілетін екінші және үшінші жұмыс бірқатар жағдайда ақшалай табысты арттыруына байланысты қызметкерлер кәсіпорыннан жұмыстан шықпайтындықтан, жұмыспен қамтудың осы нысаны әлі де сақталып отыр.

Жалпы жұмыспен толықтай қамтылмау экономикада тоқырау құбылыстарының қордалануына себеп болатын фактор және тиімсіз жұмыс орындарының сақталуына, ресми жұмыспен қамтылған халықтың нақты табысының кемуіне, жоғары өнімді еңбекке деген ынтаға нұқсан келтіруге, сондай-ақ өндірісте құрылымды дамытуды қиындатуға, пайдасыз өндірістерді жеңілдікпен қаржы-ландыру есебінен инфляцияны көтермелеуге әсер етеді. Сондықтан егер бірінші кезеңдегі жұмыспен толықтай қамтылмау кәсіпорындардың еңбек әлеуетінің сақталуына ықпал ететін экономикалық қиындықтарға кәсіпорындардың бейім-делуінің айрықша механизмі, сондай-ақ тұрақсыздық жағдайында өндірістік қуаттарды резервтеу нысаны ретінде болса, қазіргі кезеңде жұмыспен қамту факторы – тұрақсыздандыратын факторға айналды. Жұмыспен толық қамтылмауды қысқарту – жаңа жағдайда әлеуметтік тұрақтылыққа көшудің маңызды бағыты.

Екіншіден, жұмыспен қайталама қамтылу де кең тарайды. Жұмыспен қайталама қамтылу деген екі немесе одан да көп жұмыс орнында немесе негізгі жұмыс орнында қос қызмет атқаруды білдіреді. Өмір сүрудің төмен деңгейі мен оған ықпал ететін жұмыспен толық қамтылмау салдарынан адам табыс деңгейін сақтау мақсатында екінші жұмыс орнын іздестіреді. Халықтың қосымша жұмыс орнын іздеу қызықты жұмыс, кепілдігі жоғары жұмыс сияқты жұмыс орнының сенімсіз сипаттамаларымен байланысты.

Қосымша жұмыс нысанындағы қызмет түрлері арасында басқа кәсіпорында қос қызмет атқару, халыққа келісімшарт бойынша құрылыс салу, жөндеу, тігін тігу, кәсіби қызмет бойынша қызмет көрсетумен байланысты қызметтер кең таралған. Жүргізілген зерттеулер білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, адамдар қосымша еңбекақыны солғұрлым жылдам табатынын көрсетеді. Негізгі жұмыс орнында еңбекақы неғұрлым жоғары болса, қосымша ақы да солғұрлым жоғары болады және керісінше, негізгі жұмыс орнындағы қызметкерлердің бәсекеге жоғары қабілеттілігі қосымша жұмыс табуда да оларға артықшылық береді, ал бейімделу әлеуеті төмен адамдардың қосымша жұмыс табу мүмкіндігі шектеулі.

Демек, егер жұмыспен толық қамтылмау жұмыссыздықтың өсуі мен жұмыс күшінің босатылуының салдары жеңілдетсе, қайталама жұмыспен қамтылу жұмыс күшінің өсіп-өнуін қамтамасыз етуге арналған табыстың жеткіліксіздігінің орнын толтырады.

Трансформацияның екінші кезеңіндегі қайталама жұмыспен қамтылудың өзгеру тенденциялары жұмыспен толық қамтылмаудың өзгеруінен гөрі басқаша сипатталады. Халықтың нақты табысының өсуіне қарамастан 2000-2007 жылдар аралығында қайталама жұмыспен қамтудың өсуі жалғасты. Бұл жағдай әлеуметтік қызметтердің бағаларының, жұмыс күшінің өсіп-өнуінің барлық элементтерінің құнының, сонымен бірге тұрғын үй құнының өсуінің нәтижесінде халықтың бұдан да жоғары табыс алуға тырысуын білдіреді. Осының нәтижесінде негізгі жұмыс орнындағы еңбекақы деңгейінің еңбек өнімділігімен қоса өсу проблемасы өте сезіледі.

Үшіншіден, ресми емес жұмыспен қамтудың кең таралуы. Қазақстандағы еңбек нарығы ерекшелігінің бірі ретінде ресми емес, яғни заң жүзінде ресімделмеген еңбек қатынастарында еңбек ету, тіркелмеген кәсіпорындарда жұмыс істеу немесе заң жүзінде ресімделмеген дербес экономикалық жұмыспен қамтуды атауға болады. Жұмыспен ресми емес қамту халыққа құрылыс салу, жөндеу, көшеде сауда жасау сияқты қызмет түрлері арасында таралған. Жұмыс істейтін халық-

тың арасында ресми емес қызметпен көбінесе – жұмысшылар, ал қызметкерлер мен басшылар ең аз тартылған.

Жұмыспен ресми емес қамту бір жағынан, халықтың өмір сүру деңгейінің түсін тежейтін және еңбек нарығының жұмыспен қамту саласындағы институттарды бейімдейтін айрықша механизмнің рөлін атқарады. Екінші жағынан, жұмыспен ресми емес қамту қазақстандық экономикадағы әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалмайтын аймақты кеңейтіп, қылмыстық құбылыстар көбейіп, таралатын тұрақты базаға айналады. Ресми емес экономикалық қызмет табысты жасыруға әкеп соқтырады, осының салдарынан мемлекет бюджеттік қаражатты толықтай алмайды. Ол көбінесе экономиканың ашық секторынан тыс тіршілік етсе де осы сектормен тығыз байланыс жасайды. Нәтижесінде жұмыс беруші еңбек заңнамасы тұрғысынан алып қарағанда ешкім бақыламайтын нарықтағы деңгейден біршама асатын еңбекақы төлеуі мүмкін. Осының мысалы

ретінде еңбекақы «қаралай қолма-қол ақша» еңбек қатынастарының жүйесін жатқызуға болады, ал осы жайттың өзі сол қызметкерлердің жағдайын біршама нашарлатады. Жалпы алғанда ресми емес жұмыс халықтың табысының деңгейі мен жұмыспен қамтудың жай-күйіне әсер ететін елеулі фактор болып қала береді. Жұмыспен қамтудың осы нысанының жою немесе қысқартудың қиындығы кәсіпкерлермен де, сондай-ақ қызметкерге қатысты көптеген факторлармен байланысты. Іс жүзінде шынайы әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру үшін жұмыспен қамтудың осы нысанын біршама қысқарту керек. Осы орайда ресми емес жұмыспен қамтуды, экономикадағы көлеңкелі қызметті қысқартатын институционалдық ортаны құру үшін тиімді әлеуметтік-экономикалық қаты-настардың дамыту бағытын ұстану қажет.

Төртіншіден, еңбек нарығы жұмыс күшінің икемділігі жеткіліксіз жағдайда қалыптасып отыр. Еңбек нарығындағы көп процестер қызметкерлердің икемділік деңгейіне байланысты дамиды. Жұмысты жұмылып істеу қызметкерлердің өндірістің өзгермелі жағдайына, еңбек функцияларының ауысуына, жұмыс істейтін жерге, біліктілікті арттыруға даярлыққа, жаңа кәсіпті игеруге бейімделу қабілеті, сондай-ақ еңбек ресурстарының экономикалық және географиялық кеңістікте қозғалуының нақты процестерінің жиынтығы.

Халықтың нарықтық экономикадағы икемділігінің деңгейі экономиканың дамуының динамикасымен және ерекшелігімен анықталады. Экономика көтерілген кезеңде қызметкерлер қозғала алатын ықтимал кеңістік кеңейіп, олардың икемділігін арттырады. Сонымен бірге халықтың икемділігіне экономиканың құрылымы ықпал етеді. Экономика саласында бір сектор мен салалардың пайда болып, оның өсуі, басқа салалардағы өндірістің түсуі жұмыс күшіне сұранысты өзгертіп, жұмыс күшінің салалардың арасындағы қозғалысына ықпал етеді. Халықтың қозғалуына себеп болатын факторларға еңбекақы мөлшерінің күнкөрістің ең төмен деңгейіне дейін төмендеуі, өмір сүру мен нақты табыстың, білім алу мен арнайы даярлық алу мүмкіндігінің арасындағы айырмашылықтар, халықтың еліміздің аумағында біркелкі орналаспауы да жатады.

Сырттай қарағанда икемділік адамның жұмыс орнын өзгерту мен өмір сүру жағдайын өзгертуінен байқалады. Алайда, шын мәнінде икемділік өзінің нысаны мен байқалу механизмі бойынша біркелкі емес элементтердің, еңбек ресурстарының түрлері мен тұрпаттарының, күрделі кешені болып табылады. Экономикалық икемділіктің келесі бірнеше түрі болады:

секторалдық икемділік, оған халықтың экономиканың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының кәсіпорындарының арасындағы қозғалысы кіреді;

салалық икемділік – қызметкерлердің бір немесе бірнеше салалардың кәсіпорындары арасында қозғалыстың ықтималы мен мүмкіндігі және қозғалысы;

кәсіптік-біліктілік икемділік қызметкердің осы кәсіпорында да, сондай-ақ басқа жұмыс орнына ауысқанда кәсібін, лауазымын, біліктілігін өзгертуімен байланысты;

аумақтық икемділік жаңа тұрғылықты жерге қоныс аударуды білдіреді.

Қызметкерлер бір жұмыс орнына жұмыстан кетіп, басқа жерге жалданғанда кәсіпорындардың, салалардың, өңірлердің арасындағы қозғалысы, яғни сыртқы еңбек нарығына шығуы сыртқы икемділікті білдіреді.

Ішкі немесе фирма арасындағы икемділік ішкі нарықта байқалады – бұл қызметкерлердің кәсіпорынның ішінде біліктілігі әр түрлі жұмыс орындарының, құрылымдық бөлімшелердің лауазымдық мәртебесі, жұмыспен қамтылу тәртіптерінің арасындағы қозғалысы.

Икемділіктің барлық осы түрлері мен нысандары өзара байланысты. Олардың арасындағы шекаралар да өзгереді, кейде шартты болып табылады, осының барлығы әсіресе өтпелі экономикаға тән қасиет.

Қазақстанда еңбектің икемділігінің сан алуан түрлері әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың арасындағы, жалдамалы еңбек салаларының, кәсіпкерлік қызмет пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың, жариялы және ресми емес жұмыспен қамтудың арасындағы қозғалыста да байқалады.

Қызметкерлерді жалдау мен олардың жұмыстан кету коэффициенттерінің сомасы ретінде анықталатын жұмыс күшінің айналымының коэффициенті еңбекке икемділіктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Алайда жұмыс күші айналымының коэффициенті жалғыз еңбек нарығындағы прогрессивтік өзгерістерді нақты көрсетпейді. Қазақстандық экономикада жұмыс орындары айналымының тиімділігі әлі де төмен. Еңбек нарығы өте көп сегменттерден (өңірлер, кәсіптер, біліктілік деңгейі, жұмыс өтілі және т.б. бойынша) құралады, олардың арасындағы байланыс өте күрделі, сонымен бірге өңірлердің еңбек нарықтарының айырмашылықтары да жоқ емес. Икемділіктің шектеулігі қол жеткізімді тұрғын үйдің болмауымен, жоғары көлік шығындарымен, қала құрайтын кәсіпорындары бар елді мекендердің көп болуымен, еңбек ресурстарының біркелкі бөлінбеуімен және т.б. байланысты. Трансформацияның қазіргі кезеңінің негізгі міндеті – мәселелері шешімін тауып келе жатқан еңбек көші-қонын көтермелейтін жүйенің негіздерін құру.

Сөйтіп, әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру үшін еңбекақы төлеу де, сонымен бірге халықты жұмыспен қамтудағы бірқатар қарама-қайшылықтарды шешу қажет. Сондықтан әлеуметтік-еңбек қатынастарының барлық жақтарына ықпал ету, сонымен бірге кәсіпкерлер мен жалдамалы қызметкерлердің өзара ықпалдасу нысанын іздеу арқылы әлеуметтік тұрақтылықтың кешенді мәселелерін мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеуге қатысты мәселені шешпей болмайды. Осыған байланысты еңбек нарығы мен әлеуметтік әріпестікке мемлекеттік ықпал етудің әдістері қолданылады.

#### **Еңбек нарығының мемлекеттік реттеу әдістері**

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет басқа нарықтармен салыстырғанда еңбек нарығында жан-жақты іс-қимыл жасайды. Бұл түсінікті де, өйткені жұмыс күшінің иесі – азаматтар, мемлекет олардың мүдделерін қорғауы тиіс. Мемлекет нарық жұмыс істемегенде немесе қоғамда таралған әділдік туралы түсінікпен үйлеспейтін салдарға әкеп соқтырған жағдайда нарықтық қатынастардың барлығына араласады. Нарықта ерікті түрде мәміле жасаудың көмегімен қол жеткізуге болатын нарықтық реттеумен салыстырғанда мемлекеттік реттеу ресми ұйғарым мен ұсыныстарға негізделеді. Еңбек қатынастарын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуы соғыстан кейінгі жылдары аяқталды. Үкіметтердің, кәсіподақтар мен кәсіпкерлердің өкілдері қатысқан Халықаралық еңбек ұйы-мының конвенциялары мен ұсыныстары осы процесте маңызды рөл атқарды. Конвенцияның нормалары мемлекеттік деңгейде ратификацияланған жағдайда ғана олар ХЕҰ-на мүше-елдің ұлттық заңнамасы үшін міндетті заңдылық күші болады. Ал ХЕҰ-ның ұсыныстары ратификацияланбайды, алайда ұлттық заңнаманы әзірлегенде маңызды рөл атқарады. Мемлекет еңбек нарығында еңбекақыны, жұмыспен қамтуды, жұмыс тәртібі мен жағдайын реттеу бағытында жұмыс істейді. Еңбекақы төлеу еңбекақы жөніндегі негізгі мемлекеттік кепілдіктің :

ең төмен еңбекақының мөлшері;

нақты еңбекақы деңгейінің өсуін қамтамасыз ететін іс-шаралар;

жұмыс берушінің өкімі бойынша еңбекақыдан ақша ұстаудың негіздері мен ұсталатын ақшаның мөлшерінің тізбесін, сондай-ақ еңбекақыдан алынатын табысқа салынатын салықтың көлемін шектеу;

заттық нысандағы еңбекақыны шектеу;

жұмыс беруші қызметін тоқтатқан немесе ол төлемге қабілетсіз болған жағдайда республикалық заңдарға сәйкес қызметкердің еңбекақы алуын қамтамасыз ету;

еңбекақының толық әрі уақытылы берілуін және еңбекақы төлеу жөніндегі мемлекеттік кепілдіктердің іске асырылуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау;

жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, заңдарда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде, ұжымдық шарттарда, келісімдерде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігі;

**еңбекақы төлеудің мерзімдері мен кезектілігі сияқты нысандары арқылы реттеледі.**

Еңбекақы саласындағы қолданылатын заңнамада белгіленген кепілдіктерге, сондай-ақ еңбекақы жүйесін қолдану ережесін, сондай-ақ қалыптыдан басқа жағдайларда жұмыс істегені үшін қосымша ақының кепілді мөлшері жатады.

Ең төмен еңбекақы мөлшері – жұмыс істейтін адамның ең төмен табысының өзіндік әлеуметтік кепілдігі.

Еңбекақының көрсетілген ең төмен мөлшері еңбекақыны реттеу, сондай-ақ уақытша жұмысқа жарамсыздық жөніндегі жәрдемақының мөлшерін анықтау үшін ғана қолданылады. Осы кезең ішінде жұмыс уақытының нормасын істеген және еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындаған қызметкердің айлық еңбекақысы еңбекақының ең төмен мөлшерінен аз болу мүмкін емес.

Бірқатар елдерде, бірінші кезекте, жұмыстан тыс уақытта жұмыс істегені және демалыс пен мереке күндері жұмыс істегені үшін еңбекақыға қосылатын кейбір үстемелер заңда реттеледі. Осындай Заң Қазақстанда да бар. Мемлекет осындай шараларды қолдана отырып, біріншіден, қалыпты жұмыс уақытынан тыс орындалатын жұмыстың ұзақтығын шектейді, екіншіден, кәсіпкерлерді қосымша қызметкер жалдап, осылайша жұмыссыздықты қысқартуға ынталандырады.

Нарықтық экономика жағдайында еңбекақыларды индекстеусіз болмайды. Индекстеу бағалардың инфляциялық өскенде еңбекақының сатып алу қабілетін қолдау үшін қажет.

Жеке табысты реттеуді салықтар пәрменді реттеуші болып табылады. Көптеген елдерде салық жүйесінде табысты аз қамтылғандардың пайдасына қайта бөлу қарастырылатын әлеуметтік әділдік қағидасы жүзеге асырылуы тиіс деп саналады.

Қазақстанда қазіргі кезеңде қолданылатын салық жүйесінде аталмыш қағида қолданылмайды. 2007 жылдан бастап табыс салығының жаңа шкаласы – 10% бірыңғай ставка енгізілді. Әлемдік тәжірибеге сәйкес әлеуметтік тұрақтылық экономиканың сараланған салық ставкаларға көшуіне орай дамитынын көрсетеді.

Жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шаралардың ықтимал жиынтығы өте көп, ең алдымен – олардың барлығы экономикалық өсу мен инвестициялық прогресті ынталандыратын іс-шаралар.

Мемлекет жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға тікелей де ынталандыра алады. Егер ол жұмыс берушінің еңбекақыға жұмсайтын шығынының бөлігін өтесе, онда бұл қаражат субсидия деп аталады. Ал егер мемлекет салық жеңілдіктерін берсе, онда олар жұмыспен қамтуды көтермелейтін салықтық жеңілдіктер деп аталады. Осы екі шараны қызметкерлерді жұмысқа жалдағанда немесе фирмаларда жұмыспен қамту деңгейі артқан жағдайда қолдануға болады.

Жұмыспен қамту жөніндегі субсидиялар жалпы немесе атаулы, мақсатты болуы мүмкін. Екінші жағдайда басқалармен тең мүмкіндігі жоқ азаматтардың белгіленген тобын жалдау, еңбекке жарамдылығы шектеулі адамдарды, біліктілігі төмен қызметкерлерді жалға алудың көтермелеу жөнінде айтылады.

Экономикасы нарықтық елдерде жұмыс іздегенде консультациялық және ақпараттық көмек көрсететін, жұмыссыздарды оқытатын, оларға жәрдемақы төлейтін, өз ісін ашатын жұмыссыздарға қолдау көрсететін мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтері жұмыс істейді. Қазақстанда осы рөлді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің халықты жұмыспен қамтитын функционалдық бөлімшелер атқарады.

Қазақстандағы жұмыспен қамту саласындағы саясат жұмыссыздықтың ашық нысанына бейімделген. Мемлекет «жасырын жұмыссыздарды» қоса алғанда жұмыссыздардың барлық санаттарын қолдауға қатысты міндеттерді өзіне алмайды. Мұның өзінде халықты жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыруға, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауға, жұмыспен қамту органдарының жолдамасы бойынша кәсіптік бағдарлау мен психологиялық қолдауға, кәсіби даярлау мен қайта даярлауға, біліктілікті арттыру жөніндегі қызметті тегін алуға, жұмыспен қамту органдары кәсіптік оқытуға жібергенде медициналық куәландырудан тегін өтуге, сонымен бірге жұмыспен қамту органдарының ұсынысы бойынша басқа жерге жұмысқа (оқуға) жіберуге байланысты материалдық шығынды өтеуге кепілдік беріледі.

Халықтың жекелеген санаттарына арналған жұмыспен қамтудың қосымша кепілдіктеріне:

мемлекеттің жұмыспен қамтуға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыруы, қосымша жұмыс орындары мен арнайы ма-мандандырылған ұйымдар (мүтедектер жұмыс істейтін ұйымдар) құруы;

арнайы бағдарламалар бойынша оқытуды ұйымдастыру және т.б.

Жұмыспен қамудың өсуіне кемсітуге қарсы және көші-қон заңнамасы да әсер елеулі етеді.

Кемсіту мәселесі иммигранттарға қатысты айтылады. Иммиграция жөнінде сөз қозғалғанда екі қарама-қайшы көзқарас туралы айтпай кетпеуге болмайды. Бірінші көзқарасқа сәйкес шет елдерден келетін қосымша жұмыс күші (ағын негізінен дамыған елдерге қарай ағылады) осы елдердің экономикасының өсуіне қосымша мүмкіндік береді. Ал екінші көзқарас бойынша шетелдік жұмыс күші жергілікті тұрғындарды жұмыс орындарынан айырады, ұлтаралық проблемалар туындатады, осыған байланысты елге шетелдіктердің келуін шектейтін шектеулер күшейтіледі. Нәтижесінде осы шектеулер бірде күшейтіледі, кейде әлсіретеді. Иммиграциядан түсетін жалпы пайда одан шегілетін ысыраптан асып түсуі нақты жағдайға байланысты болады. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық жағдайда көші-қонды жариялау, оған ашық нысан беру негізгі проблемаға айналдып отыр.

Эмиграцияның проблемасы иммиграцияның проблемасына қарама-қайшы сипатта болады. Эмиграцияның салдарынан еліміз еңбек ресурстарын жоғалтып, өзі өндіре алатын өнімнен айырылады. Елімізден неғұрлым білікті кадрлар кетеді, солардың орнына басқаларды даярлау үшін қосымша қаражат жұмсауға мәжбүр болады. Жоғары білікті кадрлардың өсіп-өнуін көтермелеуге арналған механизм құру қазіргі кезеңнің ең маңызды мәселесіне айналып отыр.

Мемлекет еңбек тәртібі мен жағдайын реттеуде қызметкерлердің өзінің немесе оның отбасының жағдайымен тәуекелге бас ұрмауға тиіс екенін ойластырады. Сондықтан ол жұмыстың қалыпты ұзақтығын реттемелейді, еңбек етудің міндетін нормативтерін енгізуі, жұмыс берушілерге жұмысшыларды қауіпсіздік техникасының құралдарымен қамтамасыз етуді, ал жұмысшыларға – олардың қалауына қарамастан, осы құралдарды міндетті түрде пайдалануды міндеттеуі мүмкін. Жұмысқа қабылдауға жасына қарай жол берілетін заңмен, ал ХЕҰ конвенциясы бойынша – міндетті мектеп білім аяқталатын жастан төмен емес мөлшерде (кез келген жағдайда 15 жастан төмен емес) реттеледі.

Қазақстанда еңбекшілердің денсаулық сақтау мен қауіпсіз еңбек жағдайларының құқығы заңда бекітілген, алайда елімізде жұмыскерлерді салауатты және қауіпсіз еңбек ету жағдайларын қамтамасыз ететін тиімді шаралар қолдануға ынталандыратын экономикалық және құқықтық механизмдер құрылмаған.

Әлемдік тәжірибеде еңбекті қорғаудың тиімді ұлттық жүйесін құру күрделі қаржылық, құқықтық, медициналық, техникалық және ұйымдастыру мәселелерін шешумен байланысты мемлекеттік еңбекті қорғау доктринасын әзірлеумен, өзара келісілген құқықтық институттарды қалыптастырумен, күрделі әлеуметтік инфрақұрылымның (техника мен еңбек жағдайларын сараптаумен, медициналық диагностикамен және емдеумен, әлеуметтік және кәсіби сауықтандырумен) дамуымен байланысты екенін растайды.

Мемлекет еңбек нарығында ойдағыдай әрі жан-жақты жұмыс істеуге тиіс. Алайда мемлекеттің қызметі нарықтық механизмді шектейтіндіктен, осы қызметтің қарама-қайшылығы да жоқ емес. Мемлекеттің қызметі экономикалық тиімділікпен кереғар келмеуге тиіс, ал мемлекет нарықтық механизмге қажетті кезде шамалы ғана араласуға тиіс.

Қазақстанның Еңбек кодексінде мемлекеттік органдардың еңбек қатынастарын реттеу саласындағы өкілеттігіне 2-тарау арналған. Атап айтқанда, 15-бапта Қазақстан Республикасының Үкіметі:

еңбек, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп, осы саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді және олардың орындалуын ұйымдастырады;

еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың және оны жүргізудің тәртібін белгілейді;

еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында ақпарат беру мен мемлекеттік статистиканы жүргізудің тәртібін белгілейді;

шетелдік жұмыс күшін тартудың тәртібін анықтайды;

әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін анықтайды және оларды тағайындау мен төлеу тәртібін анықтайды;

екі айдан аспайтын уақытша еңбекке жарамсыздық белгіленуі мүмкін сырқаттардың тізімін бекітеді;

орташа еңбекақы есептеудің бірыңғай тәртібін орнатады;

бақылау акциялар пакеті мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы төлеу туралы үлгілік ережені бекітеді;

азаматтық қызметке орналасу және мемлекеттік қызметшінің бос лауазымына орналасу үшін конкурс өткізу тәртібін белгілейді;

азаматтық қызметкерлердің лауазымдарының тізбесін анықтайды;

республикалық жұмыс берушілер мен республикалық қызметкерлер бірлестіктермен бас келісім жасайды;

тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдаудың тәртібін белгілейді;

мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін бекітеді;

ұйымдағы кадрлардың кәсіби даярлығына, оларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді;

салалық келісімдерде белгіленген көтеріңкі салалық коэффициенттерді бекітеді;

бестен аса адам қаза болған қайғылы оқиғаларды тексеруге арналған комиссия құрады деп айтылады.

Еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясат қызметкерлермен жұмыс берушілердің бастамасының дамуына ықпал ететін жағдай жасауға бағытталған, ол қызметкерлердің, жұмыс берушілер мен мемлекеттің мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуге тиіс.

Мемлекет, бір жағынан, экономиканың барлық субъектілерінің шаруашылық қызметін реттейтін нормалар мен ережелерді белгілей отырып, заң шығарушы, ал екінші жағынан, – әлеуметтік әріптестіктің екінші тарапы болып табылады. Әлеуметтік әріптестік – бұл әр түрлі әлеуметтік топтар мен топтардың мүдделерін интеграциялау тәсілі, өзара түсінісу мен келісудің арқасында қарама-қайшылықтарды жою тәсілі. Қазақстанда еңбек қатынастары сипатының өзгеруіне байланысты еңбек нарығында мүдделерді келісу, тиімді шешім әзірлеу жөніндегі механизм құру қажет. Осы мақсатқа әлеуметтік әріптестіктің арқасында қол жеткізуге болады.

9.5.	Әлеуметтік әріптестік
------	-----------------------

Әлеуметтік әріптестік – бұл қызметкерлердің, жұмыс берушілер мен атқарушы билік органдарының арасындағы олардың мүдделерін үйлестіруге, еңбек қатынастарын реттеуге қатысты жасалатын өзара қарым-қатынастар жүйесі.

Әлеуметтік әріптестік теориясы мен практикасы Батыста соғыстан кейінгі жылдары (ең алдымен, батыс еуропалық және скандинавиялық елдер жөнінде сөз қозғалады) қалыптасты. Соңғы жылдары Қазақстанда да әріптестік практикасы игерілуде.

Әлеуметтік әріптестік еңбек нарығындағы қатынастардың шартты сипатын сақтап, дамытады, алайда мұның өзінде осы нарықта бүкіл тарих жалғасында қалыптасқан шарттық қатынастардан сапасымен ерекшеленеді. Осы орайда әңгіме жұмыс беруші мен жалдамалы қызметкердің ортақ ымыраға келуі жөнінде ғана емес, сонымен бірге осы мүдделердің ортақтығы тілге тиек етіледі. Осы бірігудің нәтижесінде экономика өседі және оның нәтижелері жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасында бөлінеді. Әріптестіктің арқасында еңбек нарығындағы қатынастардың сипаты да өзгереді. Әлеуметтік әріптестік мүдделердің ортақтығын негізге ала отырып, өндірістің дамуына жұмыс беруші ғана, сонымен бірге қызметкер де мүдделі екенін білдіреді, демек олар осы дамудың жолын іздестіріп, ортақ мақсаттарын іске асыру үшін күш-жігерін біріктіруге тиіс.

Әлеуметтік әріптестікті жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру «трипартизм» идеясына жол ашты. Осы идеяға сәйкес әлеуметтік әріптестік мемлекет, жұмыс беруші мен қызметкер деп аталатын үш субъектінің өзара ықпалдасуымен қамтамасыз етіледі. Мемлекет жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасында өтетін келіссөздерге міндетті түрде қатысады (келіссөз жүргізілген жағдайда үш жақты келісім жасалады). Ал егер мемлекеттік органдар келіссөзге тікелей қатыспағанның өзінде мемлекет кез келген жағдайда «ойынның ережесін»

пысықтап, тиісті бағдарларды белгілейтін төрешінің де, сонымен бірге қол жеткізген келісімдердің кепілдігінің рөлін де атқарады.

Аталмыш келісімдер әр түрлі деңгейде, яғни жалпыұлттық, өңірлік, салалық, жекелеген фирма деңгейінде де жасалуы мүмкін. Бұл ретте қызметкерлердің атынан кәсіподақ немесе қызметкерлер мақұлдаған өкіл-қызметкерлер, ал жұмыс берушінің атынан – олардың одақтары немесе қауымдастықтары қатысады.

«Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріпестік туралы» ҚР Заңында осы ұғымға «әлеуметтік әріптестік – атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдерінің мүдделерінің келісуін қамтамасыз етуге бағытталған қатынастар мен механизмдердің жүйесі» деген анықтама берілген. Ол келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

әлеуметтік және еңбек, сонымен бірге олармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді механизмін құру;

қоғамның барлық топтарының мүдделерінің дұрыс есебін жүргізу негізінде әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

қызметкерлердің еңбек құқықтарына кепілдікті қамтамасыз етуге жәрдем көрсету;

әлеуметтік әріптестердің арасындағы барлық деңгейдегі консультациялар мен келіссөздер процесіне жәрдем көрсету;

ұжымдағы еңбек дауларын шешуге жәрдем көрсету.

Әлеуметтік әріптестіктің негізгі қағидасына:

тараптардың өкілдерінің өкілеттігі;

тараптардың тең құқықтығы;

талқыланатын мәселелерді таңдаудың еркіндігі;

міндеттемелерді қабылдаудың еріктілігі;

тараптардың мүдделерін құрметтеу;

ұжымдық шарттарды, келісімдерді орындаудың міндеттілігі;

тараптардың, олардың өкілдерінің кінәсі бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамау үшін жауапкершілігі;

мемлекеттің әлеуметтік әріптестікті нығайтып, дамытуға жәрдем көрсетуі;

қабылданатын шешімдердің жариялылығы жатады.

Әлеуметтік әріптестікті әр түрлі, яғни республикалық, өңірлік, салалық, ұйымдар деңгейінде жүзеге асыруға болады.

Әлеуметтік әріптестік:

ұжымдық шарттың, келісімнің жобасын дайындау мен оларды жасасу жөніндегі ұжымдық келіссөздер;

еңбек қатынастарын реттеу және олармен тікелей байланысты қатынастарға, сонымен бірге еңбек саласында қызметкерлердің құқықтарына кепілдік беру мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жетілдіруге қатысты өзара консультациялар (келіссөздер);

қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өкілдерінің еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысу нысанында жүзеге асырылуы мүмкін.

Әлеуметтік әріптестік еңбек нарығындағы қатынастардың шартты сипатын дамытады, ұжымдық келіссөздер барысында ымыраға жетуге және оларды әдетте 3 жылға жасалатын құқықтық актіде – ұжымдық шартта бекітуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында ұжымдық шарттардың маңызы еңбек нарығының айрықша ерекшелігіне байланысты артып отыр. Оны талдау біріншіден, дамыған еңбек нарығымен салыстырғанда бұл жерде төлем бизнестің табысына, нақты бизнес-құрылымдардың түсіміне байланысты екенін көрсетеді.

Екіншіден, жекешелендіру мен экономикалық құлдырау, сонымен бірге бірігу мен жұту жағдайында жұмыспен қамтудың әжептәуір қысқарып, қызметкерлердің жұмыстан босауына әкеп соқтырды.

Үшіншіден, еңбекақы төлеу жүйесі бөгделер ғана емес, өз қызметкерлері үшін де жабық тақырып екені белгілі. Еңбекақының өзін салық төлеуді ғана емес еңбекақы төлеу қорының өзін бірыңғай әлеуметтік салық төлеуден шығаруға қызығып еңбекақыны «конвертпен» беру жағдайлары кездеседі.

Ұжымдық келіссөздер мен шарттарға қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбекақы төлеу нысаны мен жүйесі, қызметкерлер босатылған жағдайда өтемақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі өзара міндеттемелері, сонымен бірге бағалардың өсуін ескере отырып еңбекақыны реттеу механизмі, қызметкерлердің еңбек жағдайы мен оны қорғау, ереуілден бас тарту шарттары кіреді.



Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өкілдерінің арасындағы тиісті уағдаластықтар республикалық, өңірлік, салалық және ұжымдық деңгейдегі келісімдер түрінде ресімделеді.

Республикалық деңгейде жұмыс берушілер, кәсіподақтар, үкімет атынан *үш жақты комиссия* қалыптастырылады. Осы комиссия әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін жалпы қағидаларды анықтайтын бас келісім әзірлейді. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үш жақты комиссияның шешімімен келісімнің мазмұны, негізгі қағидалары, тараптардың құқықтары, келіссөз жүргізу мен келісімнің қорытындысын әзірлеу тәртібі, келісімнің қолданылу механизмі тәртіптелетін Бас келісім әзірлеу мен оны жасаудың ережесі бекітілген. Бас келісім тараптардың теңдігі мен өзара жауапкершілігі қағидаларына негізделген ортақ, әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық мақсаттардың басымдықтары еліміздің экономикасының дамуының нақты кезеңіндегі міндеттерге байланысты. Реформалаудың бірінші кезеңінде басты міндет ретінде меншікті жекешелендіру мен мемлекет иелігінен айыру қарастырылды. Кейіннен қоғамның дамуының әлеуметтік міндеттері маңызды деп танылды, осының барлығы үш жақты келісімнің мазмұнында баяндалған.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Жұмыссыздық пен оның себептері*  
*Екінші қайталама жұмыспен қамту*  
*Еңбекақы төлеу жөніндегі кепілдіктер*  
*Жұмыспен қамту мен оның нысандары*  
*Еңбекақы*  
*Ең аз еңбекақы*  
*Жұмыспен толықтай қамтылмау*  
*Жұмыспен ресми емес қамту*  
*Ресми тіркелетін жұмыссыздық*  
*Жұмыспен қамтуды реттеу*  
*Еңбек нарығы*  
*Әлеуметтік әріптестік*  
*Еңбекақының нысандары*  
*Еңбекақының функциялары*

## 10-тарау. ТАБЫС ЖӘНЕ ӨМІР СҰРУ ДЕҢГЕЙІ. КЕДЕЙШІЛІК ПРОБЛЕМАСЫ

10.1.	Халықтың табысы және оны өзгерту тенденциялары
-------	------------------------------------------------

Еңбек қатынастарымен қоса, әлеуметтік тұрақтылық пен орнықтылық ең алдымен халықтың табысының деңгейіне, құрылымы мен оның бөлінуінің ерекшелігіне байланысты. Егер табыстың деңгейі қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, онда экономикалық саясат пен қайта құруға наразылық білдіру қаупі туындап, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде тұрақсыздық орын алады.

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін барлық элементтер өзара байланысты. Еңбек қатынастары, жұмыспен қамтудың жай-күйі, еңбекақы деңгейі, әлеуметтік әріптестік адамдардың өмір сүру көздерімен байланысты барлық мәселелердің шешімін таппай өздігінен нәтижеге жете алмайды. Біріншіден, еңбекақы халықтың табысының бөлігін ғана құрайды, екіншіден, халықтың табысы мен шығысының құрылымы еңбекақының деңгейімен тікелей байланысты емес факторлармен анықталады және әлеуметтік қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатпен тікелей байланысты, сонымен бірге Қазақстанның ұлттық экономикасының үлгісін қалыптастырудың қазіргі кезеңінде әлеуметтік әділ табыс жүйесін құру өзекті мәселеге айналып отыр.

Осы проблеманың шешімін табу үшін аса маңызды әрі күрделі факторды қарастыру қажет. Біріншіден, бірінші кезеңде қалыптасқан табыс жүйесі мен халықтың өмір сүру деңгейінің құрылымы әлеуметтік тұрақсыздықтың талаптарына жауап бермейді. Екіншіден, қоғамда табысты әділ бөлу нысандары халықтың өсіп-өнуінің нарықтық негіздері әлі құрылып жатқан қиын жағдайда қалыптасады. Ал бұл бүкіл табыс жүйесі мен халықтың өмір сүру деңгейіне келеңсіз әсер етіп, оны бұзатын фактор болып табылады. Үшіншіден, әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыратын дербес элемент қана емес, сонымен бірге ол табысты бөлудегі және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы теңсіздікті айтарлықтай тегістеуге тиіс.

Халықтың табысы азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының аса маңызды көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге ол адамдардың өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің негізін қалайтын, демек, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдайтын маңызы бар. Адамның тыныс-тіршілігіндегі табыстың рөлі тұтынудың деңгейі мен құрылымы осы табыстың мөлшеріне (көлеміне) байланысты болуымен айқындалады. Қызметкерлер мен олардың отбасының, барлық азаматтардың өсіп-өнуі табыстың деңгейімен байланысты.

Халықтың табысы – бұл белгіленген кезең ішінде тұтыну мен ақша жинауға арналған ақшалай және табиғи қаражаттың жиынтығы.

Табыстар заттық нысаны бойынша ақшалай және табиғи табысқа бөлінеді. Халықтың ақшалай табысы – жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысының түріндегі барлық ақшалай қаражаттың түсімі, зейнетақылар, шәкіртақылар, әр түрлі жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік трансферттер, меншіктен ақша салымы, дивиденд, рента бойынша пайыз түріндегі табыс, акция, бағалы қағаз, қосалқы шаруашылықтың өнімін, әр түрлі бұйымдар мен басқа да тауарларды сатудан түскен ақша түсімі, бөгде тарапқа көрсетілген қызметтің төлемі, сондай-ақ сақтандыру өтемі, несиелер, шетел валютасын сатудан түскен табыс және т.б.

Халықтың табиғи табысы – ауыл шаруашылығы өнімінің, егін шаруашылығының, мал шаруашылығының, құс өсіру шаруашылығының, әр түрлі бұйымдардың, қызметтерді және үй маңындағы, бау-бақша учаскелерінен, жеке шаруашылықтан, үй шаруашылығынан, жеке, отбасының тұтынуына арналған (яғни тауарлық нысандағы емес) табиғат сыйларын дайындаудан алынатын зат-тық нысандағы басқа өнімнің барлық түсімі, сондай-ақ еңбекақы мен әлеуметтік трансферттердің тауарлар түріндегі барлық түрлері.

Халықтың материалдық қамтамасыз етілуінің көрсеткіші деп ақшалай табыс, жеке қосалқы шаруашылықтардан түсетін табиғи түсімнің құны және республикалық және жергілікті бюджеттер мен кәсіпорындардың әлеуметтік қорларының қаражаты есебінен алынатын тегін қызметтердің құны кіретін жиынтық табыс аталады.

Халықтың ақшалай табысы бастапқы және иемденетін табысқа бөлінеді. Халықтың бастапқы табысына меншік өндіріс факторларынан алынатын барлық түсімдер кіреді. Халықтың иемденетін табысы табысты бөлу процестерінің нәтижесінде алынады. Аталмыш табыс бастапқы табыс пен әлеуметтік трансферттің міндетті төлемдер мен жиынның сомасына азайтылған сомасына тең болады. Иемденетін табыс табиғи әлеуметтік трансферттер ескеріліп нақтыланады. Халықтың нақтыланған иемденетін табысына иемденетін табыс пен табиғи трансферттердің сальдосы кіреді.

Халықтың табысының құрамында қарызға алынған қаражатты да ескеру қажет. Қарыз ақша халықтың түпкілікті және жалпы табысының көрсеткіштерінде көрсетіледі. Халықтың түпкілікті табысы иемденетін табыс пен халықтың таза борышының сомасынан құралады. Таза борыш кредиттік ұйымдар мен кәсіпорындар тұтынушылық мақсатта азаматтарға берген несие бойынша берешектің өзгеруін көрсетеді. Жан басына шағылған ақшалай табысты анықтау үшін түпкілікті табыстың сомасын елдің халқының санына бөлу керек. Халықтың жалпы табысына нақтыланған иемденетін табыс пен таза борыштар кіреді.

Халықтың табысы тұтынушылық бағаларға байланысты, сондықтан атаулы және нақты иемденетін табысты ажырата білу керек. Атаулы табыс бағаның өзгеруі ескерілмеген ақшалай табыстың деңгейін көрсетеді, яғни оған алынған түпкілікті табыстың бүкіл сомасы кіреді. Нақты иемденетін табыс бағалар индексі, тарифтер ескеріліп есептеледі. Тұтынушылық бағалар индексі халықтың атаулы табысының сатып алу қабілетіне ықпал етеді, ал оның өзі халықтың түпкілікті табыс пен күнкөрістің ең төмен деңгейінің мөлшері арақатынасымен көрсетілетін халықтың тауарлар мен қызметтер сатып алуының ықтимал мүмкіндігін айғақтайды. Тұтынушылық бағаның индексі өскен сайын күнкөрістің ең төмен деңгейінің құны өседі және тиісінше халықтың түпкілікті табысының сатып алу қабілеті төмендейді.

Қазақстанда халықтың табысын қалыптастырудың мемлекеттендірілген және бүкіл халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінен азаматтардың табысын қалыптастырудың нарықтық қағидаларына көшкен жағдайда бүкіл табыс жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Осы өзгерістер өндіріс көлемінің түсуімен, дәстүрлі байланыстардың бұзылуымен және мемлекеттік меншікті жекешелендірумен қабаттасып, халықтың табыс көзі айтарлықтай өзгерді. Бір жағынан, меншіктен және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстың негізді өзгеруіне орай есептелген еңбекақының үлесі кеміді, әсіресе меншіктен алынатын табыс айтарлықтай артты.

Қайта құрудың бірінші кезеңінде Қазақстан халқының табысы мен өмір сүру деңгейінде бірқатар келеңсіз жағдайлар қалыптасты.

Біріншіден, халықтың жасырын ақшалай табысының елеулі үлесі пайда болды. Жасырын ақшалай табыстың болуы бюджеттің ысырап шегуіне әкеп соқтырып қана қоймай, әлеуметтік қорғау жүйесін реттеу мен әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Екіншіден, бірінші кезеңдегі қайта құру келеңсіз теңсіздіктің орнығуына, қоғамда табыстың шамадан тыс сараланып, халықтың белгілі бір топтарында шоғырлануына әкеп соқтырды. Нарықтық экономикада еңбекақыдағы елеулі айырмашылықтарға, әлеуметтік басымдықтар мен қызметтің сол немесе басқа түрлеріне қолдау көрсетілуіне, сонымен бірге кәсіпкерлік ортадағы табыстың жоғары болуына және т.б. себептерге байланысты табыс әлеуметтік-экономикалық жағынан сараланады. Алайда Қазақстанның экономикасында бірінші кезеңде орын алған процестерде теңсіздіктің өте бір маңызды түріне табыс тең бөлінбеуіне жол берілді. Сол себептен біріншіден, халықтың ең кедей және ең бай топтарының табысының арасында көп айырмашылық қалыптасты.

Үшіншіден, табыс алудағы әлеуметтік теңсіздік тұтынудың саралануында да байқалады. Жан басына шаққандағы тұтынудың орташа мөлшері ең жақсы қамтамасыз етілген топта неғұрлым төмен қамтамасыз етілген топтың деңгейінен 6,3 есеге асты (Әлемдік банк 1996 жылы жүргізген өмір сүру деңгейін зерттеудің деректері бойынша осы мағыналар тиісінше 9562 және 1524 теңгені құрады). Халықтың тұрмысы нашар топтарының тұтыну деңгейі кедейшіліктің шегінен үштен бірге төмен болды, ал халықтың аз қамтылған топтарының тұтыну тапшылығының орташа мөлшері 32,9%-ды құрады (салыстыратын болсақ Ресейде – 42,6%, Украинада – 32,5%)<sup>6</sup>.

Сөйтіп, бірінші кезеңдегі қайта құрудың нәтижесінде табыс деңгейі мен игілік тұтыну деңгейі және оның сипаты бойынша айтарлықтай айырмашылығы бар топтар қалыптасты. Табысты

<sup>6</sup> Қазақстан. Уровень жизни населения в переходный период. Отчет №17520-KZ. Документ Всемирного банка. 1998. 23 марта. – С.12, 15.

осылай бөлу үлгісі қоғамның тұрақтылығына және дамыған елдердің жалпыәлемдік тенденцияларына қайшы келеді.

Қайта құрудың екінші кезеңінде Қазақстанның ұлттық экономикасы қоғамда табысты бөлудің сипатына елеулі өзгеріс енгізудің күрделі мәселесін шешуге тиіс болды. Экономикалық өсу мен табыс деңгейінің артуының арқасында осы мәселе шешімін тапты. 2000-2007 жылдар аралығында жан басына шаққандағы атаулы табыс 6352 теңгеден 25226 теңгеге дейін көбейіп, Джини коэффициентінің мөлшері 0,343-тен 0,293-ке дейін төмендеді.

Жеке тұлғалардың табысына бірыңғай салық ставкасын енгізу арқылы жасырын табысты жариялауға қатысты қолданылған шаралар осы табыстың үлесін әжептәуір төмендетті. Алайда осы фактор халықтың бай бөлігінде ақшалай қа-ражат мол болған жағдайда табыс құрылымының өзгеруіне көп әсер ете алмайды. Табыс құрылымын жақсартатын маңызды фактор ретінде ең аз төмен еңбекақының өсуі, еңбекақының неғұрлым жылдам артуы аталады, ал осы факторлар іске қосылды. Қазақстан азаматтарының көпшілігінің үй шаруашылықтарының табысын қалыптастыруда еңбекақының ерекше рөлін ескерсек, қазіргі қайта құру кезеңінде олар бұдан да тиімді іске қосылулары тиіс.

2000-2007 жылдар ішінде күнкөрістің ең төмен деңгейінің құрылымында қызметтерге жұмсалатын шығыс артып, халықтың азық-түлік өнімдері мен азық-түлік емес тауарларына жұмсайтын шығысының үлесі қысқарды. Бұл ақылы қызметтердің, оның ішінде тұрмыстық-коммуналдық қызметтердің және көлік қызметтерінің тарифтерінің шарықтап өсуімен байланысты.

<b>10.2.</b>	<b>Өмір сүру деңгейін өзгерту тенденциясы. Күнкөрістің ең төмен деңгейі</b>

Өмір сүру деңгейі көбінесе халықтың табыс динамикасына байланысты өзгереді. Халықтың табысы нарықтық экономика жағдайында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Мұның өзінде осы проблеманың екінші қырын ескеру қажет – үй шаруашылықтарындағы өмір сүру деңгейі бірқатар басқа факторларға да байланысты. Осы факторлардың арасында бұрын жинаған мүліктің мөлшері, жылжымайтын мүліктің көлемі, үй шаруашы-лықтарындағы тұрмыстың реті және т.б. маңызды рөл атқарады.

Халықтың табысы тұрғысынан өмір сүру деңгейі күнкөрістің ең төмен деңгейі көрсеткішімен бағаланады.

1991 жылы Қазақстанда «Ең төменгі тұтынушылық бюджет туралы» Заң қабылданды. Осы құжатта нарық жағдайындағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің нормативтік анықтамасына жалпы көзқарастар әзірленді. Алайда осы заң іс жүзінде қолданылмады. 1994 жылдан бастап ҚР Еңбек министрлігі, кейіннен ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ең аз тұтынушылық қоржынның (корзинаның) құнын ай сайын анықтауды жүзеге асырды. Бағалау халықтың табысы төмен топтарының нақты тұтынуы бойынша жүргізілді. Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшері әлеуметтік көмек көрсетуге арналған өлшемге айналды. ҚР Үкіметінің «Халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы» 1996 жылғы 19 қыркүйектегі №1150 қаулысымен 1997 жылғы қаңтардан бастап ҚР Статистика агенттігі халықтың әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары үшін күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерін есептей бастады. Онда «күнкөрістің ең төмен деңгейі» деген ұғымға адамның қоғамның осы даму деңгейінде және қолда бар экономикалық мүмкіндікте ең аз жол берілетін ретінде қабылданған деңгейде азық-түлік өнімдерін тұтынуды қамтамасыз ететін материалдық игіліктер мен қызметтердің жиыны-ның құндық бағасы деген анықтама берілген.

1998 жылдың желтоқсанында күнкөрістің ең төмен деңгейі мен кедейшіліктің шегін анықтау жөніндегі әдістемелік ұсыныс әзірленіп бекітілді (ҚР Үкі-метінің 1998 жылғы 18 қарашадағы №1175 қаулысы). Осы қаулыға сәйкес ең аз азық-түлік қоржынының құны мен негізгі азық-түлік емес тауарларына жұмсалатын шығыстың құнын есептеу тәртібі белгіленді. Ғылым академиясының Тамақтану институты әзірлеген ең аз азық-түлік жиынтығына 20 атау кірді. Тұты-ну қоржынындағы ең аз азық-түлік жиынтығының құны – 70%-ды, азық-түлік емес тауарлары мен қызметтеріне жұмсалған шығыстың құны 30%-ды құрады.

1999 жылдың соңында «Күнкөрістің ең төменгі деңгейі туралы»<sup>7</sup> Заңы қабылданды, онда күнкөрістің ең төменгі деңгейі «бір адамға қажетті және мөлшері бойынша ең аз азық-түлік қоржынының мөлшеріне тең ең аз ақшалай табыс», ал «ең аз тұтынушылық қоржын – азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің табиғи және құндық түрі», «азық-түлік қоржыны – адамның физиологиялық қажетін өтеуге қажетті ғылыми негізделген тұтыну нормалары бойынша азық-түлік өнімінің ең аз жиынтығы» деген анықтама берілген. Азық-түлік қоржынын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен азық-түлік өнімін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша статистика жөніндегі уәкілетті орган есептейді. Азық-түлік қоржынының құнын статистика жөніндегі уәкілетті орган халықтың әр түрлі жынысжас топтарына арналған азық-түлік қоржынына кіретін азық-түлік өнімін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын республикалық маңыздылығы бар қаладағы, астанадағы, облыс және аудан орталықтарында ағымдағы айдың ортасында қалыптасқан жағдай бойынша бөлшек сауданың өкілдік объектілерінде тіркелген орташа бағаларға көбейту арқылы есептейді.

Ерлер үшін негізгі азық-түлік өнімін тұтынудың ең аз нормалары келесі жас топтары бойынша белгіленеді: 0,5-1,0; 1-3; 4-6; 7-10; 11-13; 14-17; 18-29; 30-62; 63 және жоғары; ал әйелдер үшін – 0,5-1,0; 1-4; 7-10; 11-13; 14-17; 18-29; 30-57; 58 және жоғары. Мұның өзінде Қазақстан Республикасы халқының әр түрлі әлеуметтік топтарына арналған азық-түлік қоржынына кіретін өнімдердің энергетикалық құндылығы былайша анықталады: бүкіл халық үшін 2175 ккал.; 0-ден бастап 13 жасқа дейінгі балаларға – 1521 ккал.; 14-17 жастағы жасөспірім ер балаларға – 2755 ккал. және қыздарға – 2110 ккал., еңбекке қабілетті 18 және одан жоғары жастағы ерлерге – 2646 ккал., және әйелдерге – 2100 ккал., зейнеткерлер мен егде адамдарға – 2052 ккал.

Азық-түлік емес тауарлары мен қызметтеріне жұмсалатын шығыстың құны ең аз азық-түлік қоржынының құнын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен белгілі бір ең аз қажетті азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстың тіркелген үлесіне дейін арттыру арқылы анықталады.

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің тағайындалуы, оның көмегімен:

өмір сүру деңгейі бағаланып, кедейшіліктің шегі анықталады;

әлеуметтік саясаттың бағыттары анықталып, халықты әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылады;

еңбекақы, жәрдемақы мен өзге де әлеуметтік төлемдердің ең аз мөлшерін белгілеу негізделеді.

Өтпелі экономикада дағдарысқа және қаржы ресурстарының жетіспеуіне байланысты мемлекет күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерін қысқартуға мәжбүр болды. Егер 1998 жылдың соңына дейін ең аз азық-түлік жиынтығына 33 өнімнің түрі кірсе, 1999 жылдан бастап оған азық-түлік өнімінің 20 атауы ғана кіретін болды. 1998 жылдың әдістемесі бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейі 2006 жылға дейін есептеліп келді (10.2-кесте).

2005 жылы тұтынушылық қоржынның құрамы мен күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерін есептеу әдістемесі өзгерді.

Қазақстан халқының елеулі бөлігінің ақшалай табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен. Әсіресе реформалардың бірінші кезеңінде халықтың көбінің табысы осы деңгейде болды. Осы кезеңде табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен саны жыл сайын 30%-ға, 1998 жылы ең жоғары шегіне (39,0%) жеткен еді. Халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлағанын табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халықтың үлесінің артқаны да, сонымен бірге ең аз еңбекақының мөлшері мен бюджеттік салада қолданылатын тарифтік сетканың I разрядының ең аз мөлшері ұзақ уақыт бойы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен айтарлықтай төмен болды. Бұл еңбекке жарамсыз адамдар (мүгедектер, жетім балалар және т.б.) ғана емес, сонымен бірге төмен еңбекақы алатын адамдардың да өмір сүру деңгейі төмен екенін білдіреді. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің орташа айлық есептелген еңбекақысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен шамалы ғана асатынын ескерсек, онда көптеген қызметкерлердің өмір сүру деңгейі әр кезде де төмен болғаны анық.

<sup>7</sup> Закон РК «О прожиточном минимуме» от 16 ноября 1999 г. №471-1 // Казахстанская правда. 1999. 19 ноября.

**10.2. Қазақстан халқының табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен төмен ақшалай табысы бар үлесі \***

Көрсеткіш	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Халықтың жан басына шаққандағы орташа аралық ең төменгі табысының мөлшері, теңге	2881	3120	3336	3394	4007	4596	4761	5128	5427	6014
Халықтың табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен төмен үлесі, %	34,6	38,3	39,0	34,5	31,8	28,4	24,2	19,8	16,1	9,8

\* Деректер бойынша: Қазақстан тәуелсіздік жылдары. Ақпараттық-анықтамалық жинақ. Б.Т.Сұлтановтың редакциялауымен / – Алматы, 2006. – 271б.

Қайта құрудың екінші кезеңінде бірінші кезеңнің келеңсіздіктерін жоятын белгіленген шаралар қолданылды, осының нәтижесінде күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен тұратын халықтың саны мен үлесі айтарлықтай қысқарды.

Өмір сүрудің деңгейі мен сапасын алдағы өмірдің күтілетін орташа ұзақтығының көрсеткішіне (ұзақ өмір сүрудің базалық көрсеткіші), білімділіктің базалық көрсеткіші (15 және одан жоғары жастағы сауаттылардың үлесі, сондай-ақ оқумен қамту көрсеткіші) және халықтың жан басына шағылған нақты жалпы ішкі өнімнің көрсеткіші деп аталатын үш параметрге сүйеніп есептелетін адамның даму индексі немесе адам әлеуетінің даму индексі (АӘДИ) жатады. БҰҰ 1999 жылдан бастап есептелетін осы индекс әр түрлі елдердегі өмір сүру сапасының салыстырмалы сипаттамасын береді.

Қазақстанда адамның дамуының динамикасы екі кезеңге бөлінеді:

бірінші кезең (1990-1995 жж.), адамның дамуының барлық негізгі көрсеткіштері күрт нашарлап, осының салдарынан Қазақстан адамның дамуы индексі бойынша 54-тен 93-орынға түсті;

екінші кезең (1996-2005 жж.), осы кезеңде адамның даму көрсеткіштері баяу қалпына келіп, Қазақстан 80-орынға көтерілді.

Сөйтіп, өтпелі кезеңнің бірінші кезеңіндегі адамның даму мүмкіндіктері қысқарғаннан кейін республика қазір басқа елдерді осы көрсеткіштер бойынша қуып жетуге тырысуда. Қазақстанның АДИ неғұрлым жоғары 50 елдің қатарына кіру үшін өмір сүрудің ұзақтығы, оқумен жаппай қамту және жан басына шағылған ЖІӨ сияқты адамның дамуының барлық құрамдастарының айтарлықтай өсуін қамтамасыз етуге қатысты нақты міндеттер күн тәртібіне қойылуға тиіс.

<b>10.3.</b>	<b>Кедейшілік және оны бағалау</b>

Қоғамда әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтардың пайда болып, олардың өсіп-өнуімен байланысты халықтың кедей бөлігі өткір әрі шешім таппаған проблемасына айналып отыр.

Кедейшілік деген сөздің жәй мағынасы – бұл отбасының ағымдағы табыстың көмегімен тамаққа, киім-кешекке, тұрғын үйге өзінің қажеттілігін қанағаттандыра алмайтын қабілетсіздігі. Кедейшіліктің осы анықтамасы Англияда ХХ ғасырдың бірінші жартысында қалыптасып, бірінші кезеңде теорияда да, сонымен бірге әлеуметтік саясатта да басым болды. Кедейшілік жөніндегі түсінік дамыған сайын оған берілген әр түрлі бағалар біріге берді. Кедейшілік ұғымына анықтама берілгенде әр түрлі тәсілдер қолданылғандықтан, кедейшіліктің ауқымы әр түрлі бағаланды. Кедейшіліктің көп тұжырымдамасы қолданылады, солардың ішінен абсолюттік, салыстырмалы және субъективтік кедейшілікті жеке атап бөлуге болады.

Абсолюттік кедейшілік тұжырымдамасы қанағаттандырылуға тиіс ең аз қажеттілікті және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажет ресурстардың мөлшерін салыстыруға негізделеді.

Адамдардың табысы ең аз қажеттіліктің құндық бағасынан төмен болса және адамның өмір сүруге керек қажеттіліктері жеткілікті дәрежеде қанағаттанбаса олар кедей болып саналады.

Ең аз қажеттіліктің анықтамасы субъективтік факторға байланысты, яғни ең аз қажеттіліктің анықтамасын әзірлеу үшін жауапты сарапшылардың пікірі осы анықтамаға әсер етпей қоймайды. Әрине, көбінесе сарапшылардың қажеттілік саласындағы пікірлері қоғамда осы сәтте қалыптасқан өмір сүру деңгейімен үйлеседі.

Кедейшіліктің деңгейін шынайы бағалау үшін кедейшіліктің шегін дұрыс орнату қажет. Ғылым мен абсолюттік кедейшілікті анықтау әдістерінің ішінде тамақ өнімдерінің өзіндік салмағының әдісі, сондай-ақ кедейшіліктің «төменгі» және «жоғарғы» шегін анықтау әдісі кең пайдаланылады. Энгельдің заңы бойынша елдегі табыстың деңгейі неғұрлым төмен болса, тұтынудың жалпы көлеміндегі азық-түлік тауарларының үлесі солғұрлым жоғары болады. Ең кедей елдерде үй шаруашылықтары өзінің бюджетінің төрттен үшін азық-түлік өнімдеріне жұмсайды. Жоғары дамыған елдерде тұтынуға жұмсалатын тамаққа жұмсалатын жалпы шығыстың өзіндік салмағы айтарлықтай аз. Егер ХХ ғасырдың ортасында ол 30%-ға жетсе, бүгінгі күні – 2 есе аз. АҚШ-тың Әлеуметтік қамтамасыз ету басқармасының маманы Молли Оршански статистика бойынша орташа американдық отбасы өзінің табысының үш долларының бір долларын тамаққа жұмсайды екен. 1958 жылы тамақ өніміне жұмсалған шығыстың үлесі 28%-ды құраса, 1998 жылы осы үлес екі есеге қысқарды. 2000 жылы Норвегияда тамақ пен алкогольсіз ішімдікке жұмсалған шығын – 11,7%-ды, Германияда 13,1%-ды құрады. Біздің елімізде үй шаруашылықтарының тек 9,79%-ы ғана әлемнің дамыған елдеріндегі сияқты өзінің табысының 20%-ын тамақ өнімдері мен алкогольсіз ішімдікке жұмсайды екен. Қазақстан Республикасы бүгінде орташа деңгейде дамыған елдердің тобына жатады, 2005 жылы елімізде тамақ пен алкогольсіз ішімдікке жұмсалған шығыс 39,3%-ды құрады. Қазақстанда азық-түлікке осы орташа мағынадан жоғары шығын жұмсаған кедей үй шаруашылықтарының үлесі 38%-ды, ал кедей халықтың үлесі – 34,6%-ды құрады.

Абсолюттік кедейшіліктің екі түрінің (төменгі және жоғары) анықтамасы кедейшіліктің кез келген шегі тамақ өнімдері мен азық-түлік емес тауарлар деп аталатын екі құрамдастан құралады. «Төменгі» шек «негізгі тамақ өнімдерінің құнына», ал «жоғарғы» шек «негізгі азық-түлік емес тауарлардың құнына» негізделіп белгіленеді. Кедейшіліктің азық-түлік құрамдасы тамақ өнімдеріне қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты жұмсалатын ең аз шығынның негізінде анықталады. Азық-түлік емес шығыс үлесінің ең жақсы көрсеткіші өзінің тамақ қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, алайда осыны істегісі келмейтін отбасылардың азық-түлік емес тауарларға жұмсайтын шығынының көлемі болып табылады. Осыған байланысты өзінің азық-түлік қажеттілігін әзер қанағаттандыратын отбасының азық-түлік емес шығысының үлгілік мөлшері қандай деген сұрақ туындайды. Осы мөлшер негізгі азық-түлік тауарларын таңдап сатып алуға қабілетті отбасылардың азық-түлік емес шығысының ең төмен деңгейіне тең болады. Оны негізгі азық-түлік тауарларының мөлшерімен үйлесетін азық-түлік емес тауарларының ең аз мөлшері деп санауға болады. Осы мөлшер кедейшіліктің шегінің қисынды төменгі шекарасы деп танылады.

Кедейшіліктің «жоғарғы» шегі кедейшіліктің азық-түлік шегіне нақты жеткендердің (өзінің азық-түлік емес шығыстарын қысқарту арқылы өзіне мүмкіндік бере алатындар емес) арасында азық-түлік емес шығыстарының деңгейі қандай деген сұраққа берілген жауапқа сәйкес белгіленеді. Өзінің азық-түлік қажеттілігін қанағаттандыра алатындар өзінің азық-түлік емес қажеттілігін де қанағаттандыра алады деп ұйғарылатындықтан, осы мағынаны негізгі азық-түлік емес қажеттіліктің барынша қисынды есебіне сәйкес деп санауға болады. Кедейшіліктің «жоғарғы» шегі кедейшіліктің азық-түлік шегін азық-түлік шығысының бағаланатын үлесіне бөлу арқылы алынады. Осы мөлшер әдетте адамның негізгі азық-түлік тауарларына өзінің қажеттілігін қанағаттандырады.

Кедейшіліктің салыстырмалы тұжырымдамасында ең аз қажетті табысқа үй шаруашылықтарының медианасы (немесе балама табыстың орташа бөлінуінің) деңгейінің үлесі (дамыған елдерде – 40-50%) деген анықтама берілген. Осы тәсілдемеде кедейшіліктің деңгейін анықтауға баламалық шкаласын таңдау өте ықпал етеді. Кедейшіліктің абсолюттік деңгейімен салыстырғанда салыстырмалы деңгей жиынтық табыс ұлғайғанда көтеріледі, сондықтан осы тәсілдеме сол бір елдегі әр түрлі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуды салыстыру үшін көп пайдаланылады. Мұның өзінде кейбір жағдайларда тиісті мемлекеттік саясат жүргізгенде абсолюттік кедейшіліктің шекарасын еңсеруге болса, салыстырмалы кедейшілік тұжырымдамасында халықтың біршама кедей деп саналатын бөлігі әр уақытта болатыны

карастырылады. Егер Қазақстанда реформалардың бірінші кезеңінде табыстың төмен деңгейі мен өте кедейшілікке байланысты абсолюттік кедейшілікті өлшеу маңызды болып саналса, қазіргі кезеңде салыстырмалы кедейшілікті анықтау қажет болып отыр.

Шетелдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, Әлемдік банк өзінің практикасында кедейшіліктің салыстырмалы деңгейін бағалау үшін медиандық табыстың  $1/3$ ,  $1/2$  және  $2/3$  мағыналарын пайдаланады. Кедейшілік белгісі деңгейінің медиананың  $1/3$ -не тең төмен параметрлері Қазақстанда қолданылмайды, өйткені 2005 жылы 33313 теңгені құраған осы мағына азық-түлік қоржынының құнынан (3608,4 теңге) да төмен. Осындай деңгейде (ақшалай табыстың  $1/3$ -ін) жан басына шағылған ЖІӨ-нің мөлшері төмен дамушы елдер үшін пайдалануға болады. Сонымен бірге ҚР-да кедейшіліктің салыстырмалы шегі медиандық табыстың 40%-ына тең болып белгіленетін АҚШ-та да қолдануға болмайды. Онда жан басына шағылған табыстың деңгейі жоғары болғандықтан, медиананың жартысы айтарлықтай мөлшерді құрайды, ал Қазақстанда ол 2005 жылы тек 4969 теңгені құраған болатын (медиананың мағынасы 9938 теңгені құраған), яғни күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен 17% төмен болды.

ТМД кейбір елдерінде кедейшіліктің салыстырмалы шегі медиандық табыстың 60%-дық деңгейінде белгіленген (мысалы, Беларусь), ал Әзірбайжанда – салыстырмалы кедейшілік жан басына шағылған тұтынушылық шығыстың медианасы деңгейінің 60%-ы ретінде белгіленген. Қазақстанда соңғы жылдары кедейшіліктің салыстырмалы шегінің деңгейін негіздеу үшін зерттеулер жүргізілуде. ТМД елдерінде Еуропалық статистикалық агенттіктің әдіснамасының енгізілуіне байланысты, елімізде кедейшіліктің салыстырмалы деңгейі медиандық деңгейдің 60%-ы көлемінде белгіленуі мүмкін.

XX ғасырдың 70-жылдары Нидерландыдағы Лейден университетінің экономистері мен статистері кедейшіліктің субъективтік тұжырымдамасын әзірлеген болатын. Кедейшілікті анықтауға арналған осы тұжырымдама социологиялық зерттеулерге қатысатын адамдардың өздері кімді кедей, кімді санауға болмайтынына қатысты әжептәуір білікті төреші деген ұйғарымға негізделеді. Лейдендік әдіске сәйкес жалпы елдің бүкіл халқын білдіретін үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеудің негізінде халықтың ойынша «өзер күнелтуге» мүмкіндік беретін табыстың мөлшері анықталады.

Жүргізілген зерттеулер бір жағынан, адамдардың субъективтік пікірі мен олардың өмір сүру деңгейінің табыс, қажеттілік және т.б. объективтік параметрлердің арасында өзара байланыстың барын көрсетеді. Екінші жағынан, табысы кедейшілік шегінен төмен адамдардың бөлігі өзін кедеймін деп санамауы, ал табысын күнкөрістің ең төменгі деңгейіне негізделген кедейшіліктің шегімен салыстырса, онда өзін кедеймін деп санайтын адамдар қамтамасыз етілген деп қарастырылуы мүмкін.

Кедейшілікті бағалауға арналған барлық жоғарыда атап өтілген тәсілдемелер табысты бағалауға негізделген. Алайда табыстың деңгейін бағалау сенімді өлшеуіш емес. Мысалы, табысы ресми күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен төмен халықтың үлесінің бағасы ҚР Статистика агенттігі мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми деректері бойынша бюджеттік тексерудің, табысты қайта бағалау әдісін пайдаланып халықтың табысы мен шығысының балансының негізінде алынады. Бюджеттік тексеру деректері бойынша, баланстық әдіспен қайта бағалауды жүргізбей, халықтың табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен төмен үлесі жоғары болатын еді. Сонымен бірге кедейшіліктің көрсеткіштерін есептеу үшін халық өзі атаған табысы пайдаланылғанда үй шаруашылықтары табысының кемітіліп айтылуы ықтимал екендігін ескеру қажет.

Үй шаруашылықтары өздері алған табыстың және несиенің, кредиттің және меншікті жинақ ақшаның арқасында ғана шығыс жұмсай алатынын ескере отырып, халықтың табысын дәл көрсету үшін ҚР Статистика агенттігі табыс көрсеткіштерін тұтынуға жұмсалған шығыстың негізінде есептеуге көшті.

Жасырын табыс проблемасы кедейшіліктің деңгейін депривацияны бағалау мен тұтынудағы жоқшылықтың (мүмкіндіктен айрылудың) негізінде анықтау тұжырымдамасына артықшылық беруге мәжбүр етеді. Осы тұжырымдама ресурстары қоғамдағы орта деңгейден осы үй шаруашылықтарын жалпы қабылданған өмір сүру деңгейінен, дағдылар мен қызмет түрлерінің деңгейінен іс жүзінде нақты шығаратындай артта қалғандықтан, осы үй шаруашылықтарын кедейге жатқызуға негізделеді. Аталмыш тәсілдеме кедейшіліктің жан-жақты әлеуметтік түсінігінен туындаған, сондай-ақ отбасы табысының деңгейі мен оның тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз етілуі адамдардың қолында бар қаражаты өздері жататын қоғамның өміріне толыққанды қатысуға мүмкіндігі тұрғысынан бағаланатындықтан, «кедейшіліктің



азаматтық-құқықтық теориясы» деп аталады. Мысалы, тамақ адамның денсаулығын қолдаумен қатар әлеуметтік жағынан араласатын ортасы болып табылады. Мәдени-тұрмыстық тауарлар білім алып, рухани даму үшін жағдай жасайды, ал олар болмаса адамның толыққанды тыныс-тіршілігінің аясын тарылтады. Адамның даму тұрғысынан алып қараған-да кедейшіліктің осы тұжырымдамасында табыстың деңгейі ғана емес, сонымен бірге белгіленген уақыт кезеңіндегі ақшалай табыстың мөлшерін, сонымен бірге запастар (отбасылардың ұзақ пайдаланылатын тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейі, тұрғын үйдің сапасы) және денсаулық сақтау, білім беру мен мәдени даму қызметтерінің қол жеткізілімділігі ескерілген. Қазақстанда ҚР Статистика агенттігі өмір сүрудің деңгейін зерттеу ауқымында бұрын жоқшылықтың болуы тек «кедейлерге» қатысты анықталды. 2006 жылы іріктеуге түскен барлық үй шаруашылықтарында алғаш рет күнделікті жай ғана тұтынатын сол немесе басқа құрамдастың болмауын көрсету ұсынылды. Зерттелген үй шаруашылықтарының ең көп үлесі, яғни 76,2%-ы «жыл сайынғы демалысты үйден тысқары өткізу мүмкіндігі жоқ» деген жоқшылықтың түрін атап көрсетті. Ұсынылған тізбенің арасынан 46,9%-ы «көбінесе ақылы дәрігердің қабылдауын төлей алмаймыз»; 39,4%-ы – әдет-ғұрып дәстүрлерін ауыртпалық түсіретін борышсыз өткізе алмаймыз; 36,9%-ы – тіпті арзан жиһаз сатып ала алмаймыз»; 32,4% – өмір сүру үшін қажет дәрі-дәрмек сатып алуға ақша жоқ» деген нұсқалар көп тандалған. Депривацияның болуының үй шаруашылығының көлеміне тәуелділігін қарас-тырғанда үй шаруашылығының құрамында адам саны неғұрлым көп болса, балаларды қамтамасыз етуге қатысты жоқшылық бойынша берілген жауаптың саны көп екені көрінеді. Өзін «кедей» атты әлеуметтік мәртебеге жатқызғандардың басым саны өзінің тамағының қанағаттанғысыз сапасын, қажетті киім-кешек пен аяқкиімнің болмауын, емделуге арзан жиһаз сатып алуға қажетті қаражаттың жетіспеуін атап өтеді.<sup>8</sup>

БҰҰ құжаттарында адамның кедейшілік ұғымы – мысалы, ұзақ, салауатты және жасампаз ұзақ өмір сүру, сауатты болу, қалыпты тамақтану, өмірдің сапасынан, еркіндікпен және айналадағы құрметімен рахаттану сияқты аса маңызды адами қажеттілікті қанағаттандыруға мүмкіндік пен таңдауға мүмкіндіктің болмауы деген анықтама берілген. Осы орайда көрсеткіш ретінде: салмағы төмен бес жасқа дейінгі балалардың үлесі (дамушы елдерді осы көрсеткіш 30%-ды, ал Оңтүстік Азияда оның мөлшері 50%-ға жетеді); халықтың, мысалы, әйелдердің сауатсыздық деңгейі (барлық дамушы елдер бойынша – 38%, Оңтүстік Азияда – 63%, араб елдерінде – 56%; Экваториалдық Африкада – 52%) жетеді.

Табыс бойынша кедейшілік – ең аз қажетті табыстың немесе шығыстың болмауы. Табыс бойынша кедейшілік Оңтүстік Азияда кең таралған, онда кедейшілік халықтың 45%-ын қамтыған, ал Экваториалдық Африкада осы көрсеткіш шамалы ғана төмен (40%). Өте кедейшілік (жоқшылық) тамаққа деген ең аз қажеттілікті қанағаттандыру қабілетсіздікті білдіреді. Жиынтық кедейшілік – маңызды тамақ және өзге қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетсіздігі ретінде анықталатын соншалықты дәл емес ұғым, мұның өзінде маңызды «өзге қажеттіліктердің» ауқымы елдер бойынша ерекшеленеді.

Сонымен бірге кедейшілік проблемасын шешуде және халықтың ең кедей топтарын қолдауда бірқатар қиындықтар бар.

Кедейшілік проблемасын шешудегі бірінші проблема, ең алдымен, осы құбылыстың мағынасының өзінде қордаланған.

Біріншіден, Қазақстанда кедейшілікті бағалаудың қабылданған тәсілінде кедейшіліктің шекарасы өзгермелі және ол инфляция мен жұмыссыздықтың деңгейінің ауытқуымен, жалпыұлттық өнімнің динамикасына, халықтың нақты табысына, әдістері мен халықтың кедей бөлігіне жататын адамдардың мінез-құлқына ықпал етуі мүмкін есептеу басқа да институционалдық шешімдердің өзгеруіне тәуелді.

Екіншіден, кедейшілікті есептеудің қабылданған әдістемесі азаматтардың нақты жағдайын жан-жақты ескермейді. Табысты жасырудан басқа үй шаруашылықтарының мүліктік мәртебесін есептеу проблемасы да жоқ емес. Тексеруге сәйкес табысы бойынша кедей болып саналатын кейбір үй шаруашылықтарының саяжайлары, үй маңындағы жер телімі, автокөліктері, ал бірқатар жағдайда – екінші тұрғын үйі де бар болып шықты. Көбінесе осы мүліктік мүмкіндіктер қо-сымша табыс алу үшін пайдаланылады.

<sup>8</sup> Уровень жизни населения Республики Казахстан. Мониторинг. Причины и условия бедности. Рост благосостояния / Под ред. Ю.К. Шокаманова. – Алматы. – 2006. – С. 48.

Үшіншіден, экономикалық зерттеулер кедейшіліктің деңгейі табиғи зілзала, кәсіпорындардың банкрот болуы, қарулы қақтығыстар және т.б. сияқты төтенше және кездейсоқ бірқатар факторларға байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге кедейшіліктің жеке адамның экономикалық өміршеңдік циклімен байланысы бар екені анықталды. Жас мамандар тәжірибе жинақтау шамасына орай олардың мүмкіндіктері кеңейіп, ақшалай табыс артады, ал зейнетке шыққаннан кейін осы табыс азаяды. Сондықтан сол немесе басқа кезеңдегі өмір сүру деңгейі бүкіл өміршеңдік циклінде алынатын табысқа (зейнетақыға қаражат жинақтау, оқуға арналған кредит және т.б.) байланысты, сонымен бірге уақытша және тұрақты табыс өзгереді. Осы және басқа факторлар азаматтардың нақты жағдайын ай-тарлықтай өзгертіп, отбасылардың бөлігін мүлтік жағдайы бойынша бір санаттан екінші санатқа ұдайы ауыстыруы мүмкін. Демек, кедейшіліктің шекаралары әжептәуір шартты әрі олар өзгереді екен.

Кедейшілік проблемасын шешудегі екінші қиындық қоғамның қаржылық мүмкіндігінің шектелуімен байланысты туындайды. Халықты «Күнкөрістің ең төменгі деңгейі туралы» және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңдарда көзделген республикалық және өңірлік деңгейде қолдау шараларын жүзеге асыру үшін әлеуметтік мұқтажға жұмсалатын шығынды қаржыландыруды арттыру қажет. Қоғамның кедейшілікті біршама қысқарту немесе тіпті кедей халықты біраз қолдау жөніндегі мүмкіндігіне қолда бар ресурстың жетіспеуі қол байлау болып отыр.

Кедейшілікпен күрес жүргізуде кездесетін үшінші қиындық көмек көрсету механизмімен байланысты. Қатаң қаржы шектеулері белгіленген жағдайда кедей азаматтарды қолдаудың тиімді механизмін құру ең кедей отбасыларға атаулы көмек көрсетуді қажет етеді. Осы шараны жүзеге асыру үшін кедей үй шаруашылықтарының табысының нақты жай-күйі мен мүлкін қосымша тексеру керек. Мұқтаждықты тікелей бағалау отбасылардың мүлтік жағдайы мен нақты ақшалай табысы жөніндегі ақпараттардың дамыған жүйесіне, сондай-ақ берілетін көмектің мөлшері туралы шешім қабылдау рәсіміне негізделетін қыруар қаражатты қажет ететін шара болып табылады. Көмек беру тәртібін анықтау үшін жанама әдістерді пайдалануға болады. Алайда осы әдістер жетілдірілмеген және нақты кедей үй шаруашылықтарының бөлігін кедейшілік жөніндегі жәр-демақы алу құқығы бар отбасылардың қатарынан шығарып тастайды.

Сөйтіп, кедейшілікпен жүргізілетін күрес қаржының жетіспеуімен, кедейшіліктің нақты шегін анықтаудың қиындығы және халықтың шын мәнінде ең кедей бөлігіне көмек көрсетудің тиімді механизмін ойластырумен байланысты бірқатар проблемалар шешімін таппай отыр. Дамыған елдермен салыстырғанда экономикалық және әлеуметтік процестердің тұрақсыздығының, сонымен бірге осы елдерде кедей халықтың санының күрт өсуінің салдарынан өтпелі экономикаларда осы проблемалардың түйінін шешу қиынға соғады. Барлық елдердегі осындай құбылыстың етек жаюына өндірістің түсуі, халықтың нақты табысының төмендеуі, табыс алудағы теңсіздік, байлық пен меншіктің әділсіз бөлінуі, әлеуметтік трансферттердің жетіспеуі себеп болып отыр.

Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесі кедейшілікті қысқарту стратегиясына мемлекеттік саясаттың әр түрлі бағыттары кіруі тиіс екенін көрсетеді. Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған, нарық ығыстырғандар (қарттар, мүгедектер және т.б.) қатысында әлеуметтік қолдау және әлеуметтік игілікке тең қол жеткізу саясаты жүргізілуге тиіс. Кез келген еңбекке жарамсыз адам табысының мөлшеріне қарамастан денсаулық сақтау қызметтерімен пайдаланып, қажет болса – әл-ауқатты қолдайтын әлеуметтік жәрдемақы алуға тиіс.

Өкінішке орай, сол немесе басқа жағдайға орай кедейлер санатына еңбекке қабілетті адамдар да жатқызылады, статистика бойынша кедейлердің жартысын еңбекке қабілетті адамдар құрайды екен. Көбінесе еңбекке жарамды халық жұмыссыздықтың салдарынан кедей болады, сондықтан өнімді жұмыспен қам-тудың мүмкіндіктерін кеңейтіп, әрбір еңбекке жарамды адамды тіршілік ету құралдарының тұрақты көзімен қамтамасыз ететін жүйе құру қажет. Кәсіби оқыту мен білікті арттырудың нәтижесінде кедей адамдардың еңбегінің өнімділігі артуы тиіс, ал кедейлер экономикалық өсуден пайда алатын болады, сонымен бірге өсуге өзінің үлесін қосады.

Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын қолдау шараларын олардың еңбекке деген ынтасын сақтап, одан әрі күшейтумен үйлестіру қажет. Аталмыш шараларға мысалы, әсіресе көлеңкелі экономика етек жайған кезеңде кедейлердің жәрдемақы мен жеңілдікке мұқтаждығын тексеру, халықтың әлеуметтік жағынан шын мәнінде қорғалмаған топтарын анықтау және қолданылатын трансферттерді сол адамдарға бөлу сияқты шаралар жатады. Халықтың табысы төмен және әлеуметтік жағынан нашар қорғалмаған топтарын қолдау ісінде мемлекеттік емес

ұйымдар мен қорлар да өз үлесін қоса алады. Өтпелі экономикаларда кедейшілік проблемасы бұдан әлдеқайда күрделі әрі салмақты. Ол біріншіден, әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылыққа бағытталған ұлттық экономикалық үлгіні таңдауға және екіншіден, кедейлерге көмек беру қарастырылатын мемлекеттік бірыңғай әлеуметтік қорғау жүйесін әзірлеуге қатысты мәселелерді шешумен байланысты.

<b>10.4.</b>	<b>Кедейшілікті қысқарту проблемалары</b>
--------------	-------------------------------------------

Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсудің арқасында кедейшіліктің ауқымы қысқарды. Ресми статистикаға сәйкес 2007 жылы кедейшіліктің деңгейі (халықтың ақшалай табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен төмен үлесі) еліміздің халқының жалпы санының 12,7%-ын құрады.

Үй шаруашылықтарының бюджеттерін зерттеу деректері бойынша кедей халықтың жартысын еңбекке қабілетті жастағы халық, үштен бірін – балалар, оннан бірін – зейнет жасындағы халық құрайды екен. Кедей халықтың құрылымында еңбекке қабілетті жастағы азаматтардың өзіндік салмағының көп болуы көбінесе еңбекақының төмен деңгейімен және кедей үй шаруашылықтары мүшелерінің жұмыспен қамтылуымен және толықтай қамтылмауымен байланысты.

Кедейшілікпен күрес жүргізу саласында экономикалық өсудің жоғары қарқынын қолдау, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықтың ақшалай табысының өсіру, кедейшілікпен күресуге арналған әлеуметтік қорғау бағдарламаларының тиімділігін арттыру және әлеуметтік әріптестік механизмдерін дамыту сияқты келешекті мақсаттар қойылып отыр.

Кедейшілікті қысқартуда экономикалық өсудің қарқынын арттыру, макро-экономикалық тұрақтылықты қолдау маңызды рөл атқарады. Әлемдік банктің мамандары жүргізген талдаудың нәтижелері көрсеткендей, қайта құрудың екінші кезеңіндегі экономикалық өсу кедейлерге көп пайда әкелгенін көрсетеді, яғни экономикалық өсу кезеңінде олардың әл-ауқаты аз да болса жақсарып, бай адамдармен салыстырғанда кедейлердің тұтынуы едәуір артты.

2000-2010 жылдар аралығында кедейшілік көрсеткіштерінің төмендеуіне ықпал еткен факторлардың арасынан мыналарды жеке атап өту қажет:

Еңбек қызметінен алынған табыстың өсуі.

Жұмыспен қамтудың өсуі мен жұмыссыздықтың төмендеуі.

Еңбекақы бойынша берешектің азаюы.

Зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақылардың өсуі.

Кедейшілікті қысқартудың атап өтілген барлық факторлары кедейшілік деңгейі жоғары нашар дамыған ауыл шаруашылық және тоқыраған өңірлер үшін маңызы артып отыр. Осы өңірлерде аумақтардың экономикалық дамуына жәрдем көрсету кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр. Аталған өңірлердің дамуына ықпал ете алатын шараларға инфрақұрылымды дамыту, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, сонымен бірге жеке меншік-мемлекеттік әріптестік механизмдерін пайдалану, адами капиталдың сапасын арттыру (қайта оқыту және біліктілікті арттыру), шағын бизнестің дамуына жәрдем көрсету бағдарламалары мен еңбекке жарамды кедейлердің экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал ететін басқа да шараларды ерекше атап өту керек.

Атап өтілген шараларды әсіресе тоқыраған өңірлерде адамдар тұрақты тұратын өңірдің шектерінен тысқары еңбек ететін көші-қонға жәрдем көрсету бағдарламасымен толықтыруға болады.

Кедейшілікпен жүргізілетін күрестің ең маңызды механизміне әлеуметтік көмек көрсету бағдарламалары жатады. Алайда бағдарламалардың қаражатының елеулі бөлігі халықтың біршама санатына бөлініп, қаражаттың шамалы ғана бөлігінің халықтың кедей топтарының еншісіне тиюінің салдарынан, республикалық та, өңірлік те, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларының тиімділігі аз.

Балаға төленетін ай сайынғы жәрдемақы және тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған субсидиялар бағдарламасында әлеуметтік көмектің барынша тиімді бөлінетіні байқалады.

Мемлекеттік әлеуметтік көмек аз қамтылған отбасылардың, сондай-ақ тұрмысы нашар, жалғыздікті тұратын азаматтардың өмір сүру деңгейін қолдау, мұқтаж азаматтарды әлеуметтік жағынын атаулы түрде қолдауды күшейтіп, әлеуметтік жәрдемнің жалпыға қол жеткізімділігі мен

қоғам үшін қолайлы сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау, әлеуметтік теңсіздіктің деңгейін төмендетіп, халықтың табысын арттыру мақсатында көрсетіледі. Демек, әлеуметтік қызметтердің жиынтығы әлеуметтік қызметтер көрсетілетін халықтың санатының табысын арттырып, олардың кедейшілігін қысқартуға, сөйтіп, республикада кедейшіліктің қысқаруына септігін тигізеді.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік көмек беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру мәселесінің маңызы артып отыр. Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың кедейлердің үлесін одан әрі төмендетуге қосатын үлесін барынша арттыру қажет. Осы мақсатта әлеуметтік қорғау органдарының жұмысының нысаны мен әдістерін қайта құрып, әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамтуға жәрдем беру органдарының, сондай-ақ тұрғын үй субсидиялары мен әлеуметтік жәрдемнің өзге нысандарын беруді жүзеге асыратын органдардың әлеуметтік бағдарламаларды бірге жоспарлау, әлеуметтік бағдарламаларды бірлесіп іске асыру, кедей үй шаруашылықтары туралы дереккорды пайдалану сияқты қызметтерді тығыз үйлестіру керек.

Халыққа әлеуметтік жәрдем беру бағдарламаларының тиімділігінің төмен болуының салдарынан, біріншіден, әлеуметтік қорғау органдарын қайта ұйымдастыру, ведомствоаралық үйлестіру механизмдерін әзірлеп, енгізу, пилоттық тәжірибелер ауқымында ең тиімді бағдарламаларды пысықтау, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басқару жүйесін жетілдіру, іске асырылатын бағдарламалардың тиімділігінің мониторинг жүйесін қалыптастыру қамтылатын әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қайта құруды және екіншіден, кедейшілікпен күрес жүргізу жөніндегі ең тиімді бағдарламаларды кеңінен енгізуге, демек ресурстарды осы мақсаттарға қайта бөлуге көшуді қолға алу керек.

Кедейшілікті қысқарту саласындағы міндеттің бірі ретінде кедейшіліктің мониторингін жетілдірудің қажеттілігі мен әлемдік тәжірибенің ең үздік жетістіктерінің негізінде әлеуметтік көмектің тиімділігінің мониторингін құру қарастырылады.

Өтпелі кезеңде азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі қалыптас-тырылды. Алайда осы жүйенің әлеуметтік қызметтері халықтың кедей топтарына әр уақытта көрсетілмейді. Азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін халықтың кедей топтары үшін әлеуметтік қызмет көрсетудің қол жеткізілімділігін арттыру мақсатында да одан әрі дамыту қажет. Азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру үшін нарықтық механизмдерді, азаматтық қоғамның ұйымдары мен бизнестің әріптестігін, әлеуметтік инфрақұрылымды басқарудың жаңа үлгілерін пайдалану қажет.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Кедейшілік*

*Адамның даму индексі*

*Кедейшілік тұжырымдамалары*

*Кедейшілікпен күрес жүргізу бағыттары*

*Күнкөрістің ең төменгі деңгейі*

*Өтпелі экономикада халықтың табысының өзгеру тенденциялары*

*Халықтың өмір сүру деңгейі*

*Халықтың табысының нысандары*

# ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

Қазақстанның ұлттық экономикасының жаңа үлгісін қалыптастыру барысында әлеуметтік патернализм мен мемлекеттің халыққа қамқорлық жасау жүйесі нарыққа негізделген шаруашылық жүргізетін экономикаға тән халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне көшеді.

11.1.	Әлеуметтік қорғау жүйесінің рөлі мен функциялары
-------	--------------------------------------------------

Дамыған әлеуметтік қорғау жүйесінің болуы мемлекеттің дамығанын білдіреді. Осы елдерде әлеуметтік қорғау жүйесінде азаматтарды әлеуметтік қолдауға, оларға кепілдік беруге, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған институттар мен іс-шаралар жүйесі қолданылады. Аталған шаралардың арқасында ел азаматтары үшін қолайсыз болған әр түрлі тәуекелдердің салдары жойылып, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдау қамтамасыз етіледі.

Осы мемлекеттерде әлеуметтік қорғаудың әр түрлі жүйелері қолданылады. Әлеуметтік қорғау шараларының ерекшелігі мен жүйесі ұлттық экономикалық жүйеден туындайды. Ұлттық әлеуметтік қорғау жүйесі ұзақ уақыт бойы тарихи дамудан пайда болған өнім. Ол экономикалық фактордың ықпалымен ғана емес, сонымен бірге саяси пікірталастың, жалдамалы қызметкерлердің өз құқықтарын қорғау нәтижесінде қалыптасты. Батыс елдерінде әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуына бұрынғы социалистік мемлекеттердің халыққа әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз еткен мысалы үлгі болды.

Экономикалық әдебиет пен ресми материалдарда әлеуметтік қорғауға әр түрлі анықтамалар беріледі. Бұл біріншіден, әлеуметтік қорғау шаралары жүйесінің көп түрлі болуына байланысты. Аталмыш жүйе азаматтардың барлық санаттарын қамтиды және осы жүйеге көмек пен кепілдіктердің ауқымды көлемі кіреді. Екіншіден, әлеуметтік қорғаудың әр түрлі бағыттарының арасындағы шекаралар нысаны да, көздері де бойынша белгілі бір шамада шартты болып табылады. Әлеуметтік қорғаудың бір бағытына жатқызуға болатын төлемдер бірқатар жағдайда әлеуметтік қорғаудың бірнеше бағытындағы мәселелерді шешеді.

Әр түрлі елдер мен халықаралық ұйымдардың материалдарындағы терминдер біркелкі ұғымды бермейді. Осы ұғым қорғау шараларын атап өтуден бастап әлеуметтік қорғауға бағытталған бүкіл іс-шаралар кешенінің жинақтап қорытылған анықтамасына дейінгі даму жолынан өтті. Мұның өзінде social security (әлеуметтік қауіпсіздік), social protection (әлеуметтік қорғау) деген ұғымдар кеңінен қолданылады, ал Еуропалық одақтың материалдарында соңғы термин жиі пайдаланылады.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің мазмұны, бағыты мен рөлі жөніндегі мәселені шешкенде оның қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдаудың біртұтас жүйесіндегі маңызын негізге алу керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда, егер әлеуметтік-еңбек қатынастары экономикалық процестің негізгі субъектілерінің, яғни жұмыс берушілер мен қызметкерлердің қатынастары деңгейіндегі әлеуметтік тұрақтылықты анықтайтын болса, ал табыс пен өмір сүру деңгейі тұрақтылықты қолдайтын мүмкіндіктерді оның құрылымы мен көздерін көрсетеді, әлеуметтік қорғау шараларының мүлде басқа рөл атқаратыны айқын.

Әлеуметтік қорғау, оның институттары мен іс-шаралары азаматтардың жағдайын, олардың мәртебесі мен қоғамдағы жағдайына қарамастан әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге тиіс. Сөйтіп ол қоғамның еңбек қатынастарына кіретін де, сондай-ақ сол немесе басқа себептермен қоғамның субъектісі емес барлық мүшелерінің қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін аса маңызды функцияны орындайды, сол себептен әлеуметтік қорғау нысандарының көптігі де, олардың ұдайы дамып, өзгеретіні осы себептерге байланысты.

Әлеуметтік қорғаудың әлеуметтік тұрақтылықты қолдауда атқаратын рөлінің арқасында ол қарама-қайшылықтарды тегістеп, әлеуметтік-еңбек қатынастарының қолайсыз салдарын, табысты бөлудегі кемшіліктерді барынша қысқартуға мүмкіндік береді, сонымен бірге сол немесе басқа

себептермен еңбек қызметіне тартылмаған адамдардың игіліктерге қол жеткізуіне кепілдік беруін қамтамасыз етеді.

Сөйтіп, әлеуметтік қорғау қоғамның әлеуметтік тұрақтылық жүйесінде келесі функцияларды орындайды. Біріншіден, ол еліміздің барлық азаматтарының кез келген адамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін базалық (негізгі) әлеуметтік игіліктерге қол жеткізуіне ең аз кепілдіктерді қамтамасыз етеді. Екіншіден, ол еліміздің азаматтарын олардың өміршеңдік циклі процесінде туындайтын тәуекелден сақтандыруды қамтамасыз етеді. Үшіншіден, ол қандай да бір себептерге байланысты қоғамда қиын, кейде өте қиын жағдайда қалған еліміздің азаматтарына көмек пен қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Өзі атқаратын функцияларға және әлеуметтік қорғау көрсетілетін оқиғалар мен жағдайлардың көптігіне байланысты аталмыш жүйе көп деңгейлі болып құрылған. Әлеуметтік қорғау үкімет, өңірлер, жергілікті органдар, сондай-ақ жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өздері қолданатын шараларды қамтиды.

11.2.	Әлеуметтік қорғаудың бағыттары
-------	--------------------------------

Ұлттық экономикада әлеуметтік қорғау шаралары жүйесінің анықтамасын-да сол немесе басқа ұлттық экономикаға тән, көбінесе отбасының дәстүрлеріне, экономика мен қоғамдағы әйелдің атқаратын рөліне, елде адамдардың әлеуметтік игіліктерге құндылық немесе үкіметтің мәжбүрлі шарасы ретінде қарайтын көзқарасына байланысты адамдардың өмірінің әлеуметтік әдет-ғұрпы маңызды рөл атқарады. Осының нәтижесінде әлеуметтік қорғаудың ұлттық экономиканың үлгісімен үйлесетін және сол немесе басқа қорғау тәсілдері мен әдістері басым болатын, сондай-ақ әр түрлі бастапқы қағидаларға сүйенетін әр түрлі тұрпаттары қалыптасады.

Әлеуметтік нарықтық шаруашылықтың неміс үлгісінде қамтамасыз ету мен көмек көрсету (әлеуметтік көмек көрсету) қағидаларымен толықтырылған әлеуметтік сақтандыру негізгі орын алады. Швед үлгісінде және онымен үлгілес Скандинавия елдерінің ұлттық экономикалық жүйелерінде ынтымақтастық пен мемлекет көп рөл атқаратын халықтың барлық топтарын әлеуметтік қорғау шараларымен қамту қағидасына басымдық берілген. Оңтүстік Еуропа (Италия, Греция және т.б.) елдерінің әлеуметтік қорғау жүйесіне жеке тәсілдеме мен мемлекеттік деңгейдегі біршама мардымсыз шаралары басым бірнеше қағиданың үйлесуі тән. Қазақстандық ұлттық экономика үлгісіне тән әлеуметтік жүйе қалыптасу кезеңінде. Әлеуметтік жүйені қалыптастырудың маңыздылығы Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған әлеуметтік мемлекет құру міндетін нақты толықтыруды талап етумен ғана емес, сонымен бірге қайта құру процесін қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына кепілдік беретін жаңа қағидаларға негізделген институттар құрмай одан әрі дамыту мүмкін еместігімен анықталады.

Әлеуметтік қорғаудың рөлі мен негізгі функцияларына сүйене отырып оның:

әлеуметтік сақтандыру;

әлеуметтік көмек;

ең аз әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету сияқты бағыттарын жеке атап өтуге болады<sup>9</sup>.

**Әлеуметтік сақтандыру** – халықты әлеуметтік қорғаудың әр түрлі әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда халықты қорғауға арналған бағыты. Әлеуметтік тәуекел – еңбекке уақытша жарамсыздықтың тууы, өндірістегі қайғылы оқиға, жұмыстан және отбасындағы асыраушысынан айырылу, қарттығына байланысты еңбекке жарамдылықтан айырылу және т.б. әр адамның өмірінде болады. Олар барлығы жаппай әлеуметтік құбылысқа жатады және қоғамның барлық мүшелері оны бастан кешіреді. Осыған байланысты кез келген дамыған мемлекеттің әлеуметтік қорғауында сенімді, тұрақты әлеуметтік қорғау жүйесін құру бағыты қарастырылады.

Әлеуметтік сақтандырудың экономикалық тегі қызметкерлер мен жұмыс берушілерді міндетті түрде сақтандырумен тығыз байланысты. Бұл әлеуметтік қорғаудың осы түрінің тегімен және азаматтардың тыныс-тіршілігінің сол немесе басқа кезеңінде әлеуметтік тәуекелдің негізгі түрінің бірінің еріксіз туындайтынымен байланысты. Сонымен бірге әлеуметтік сақтандыру жүйесіне

<sup>9</sup> Систематизированное изложение мер социальной защиты см.: Право социального обеспечения Республики Казахстан: Учебник. – Алматы: «Арман», 2006.

азаматтарды ерікті (жеке меншік) сақтандыру да кіреді. Екі жағдайда да сақтандыруға сақтанушылардың өздері де әр түрлі себеппен – міндетті тәртіппен немесе ерікті түрде қатысады.

Сақтандыру төлемдерінің міндетті болуына байланысты тәуекел пайда болған жағдайда олар жоғары деңгейде кепілдік береді және төлем төлеу рәсімі күрделі болмайды.

Әлеуметтік қорғаудың нысаны ретінде әлеуметтік сақтандырудың тағы бір негізгі экономикалық ерекшелігі бар. Қызметкерлердің өсіп-өнуі үшін қажет қаражаттың бөлігі сақтандыру жарнасынан алынады. Қызметкер еңбегімен табатын және ай сайын, жыл сайын алатын қаражатты теориялық және практикалық жағынан қарастыратын болсақ, осы қаражат бұдан әрі сол немесе басқа күтпеген әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда оның өсіп-өнуі үшін пайдаланылатын болады. Осыған байланысты еңбекақы мен сақтандыру жарналарының арасындағы пропорцияны ғана емес, сонымен бірге жұмыс берушінің кәсіпорнында жұмыс күшін нақты пайдалануын ескере отырып, кәсіпкерлердің сол немесе басқа сақтандыру қорларына салатын ақша салымын анықтау қажет.

Қазақстанда әлеуметтік сақтандыруға арналған ақшалай қаражатты Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ), Міндетті медициналық сақтандыру қоры (МСҚ) деп аталатын мемлекеттен бюджеттік тыс қорлар тиімді басқаруға тиіс.

Бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар ҚР Үкіметі жанындағы қаржы мекемелері болып табылады және негізінен жұмыс берушілер қаражатының, сондай-ақ бюджеттің және жеке төлемдердің шамалы бөлігінің есебінен қалыптасады. Іс жүзінде тәуекелдерді өтеумен байланысты шығынның белгіленген бөлігі рес-публикалық бюджет арқылы да қаржыландырылады. Сақтандыру төлемдерінің тиісті және өсіп келе жатқан үлесін азаматтар мемлекеттік емес қорлар арқылы төлейді.

Әлеуметтік сақтандыруға жұмсалатын қаражаттың негізгі көлемі зейнетақымен қамтамасыз етуге, еңбекке уақытша жарамсыз болғанда және босанғанда берілетін жәрдемақыға, санаторлық-курорттық емдеу мен азаматтарды сауықтыруға жұмсалады.

Зейнетақымен қамтамасыз ету – әлеуметтік сақтандырудың ең ірі бағыты мен зейнетақы төлеуге жұмсалатын шығынның бабы. Қазақстан Республикасында зейнетақының мынадай түрлері қолданылады:

жасына байланысты зейнетақы;

қызмет өткерген жылдар үшін зейнетақы төлемдері.

1998 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектікке, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы мемлекеттік бюджеттен мүгедектікке, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы нысанында төленеді.

Әлеуметтік сақтандыруға жұмсалатын шығыстың көбісі бірыңғай әлеуметтік салықты төлеу арқылы қалыптасатын қаражаттың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есепке алынатын бөлігінен, сондай-ақ өндірістегі қайғылы жағдайлардан және кәсіби сырқаттардан міндетті сақтандыруға төленетін сақтандыру жарналарынан төленеді.

**Медициналық сақтандыру.** Бірыңғай әлеуметтік салықтың құрамында міндетті медициналық сақтандыру қорларына төленетін қаражаттан сақтандырылған адамдарға жұмсалатын медициналық шығыстар төленеді. Бұл ретте қазіргі уақытта көрсетілген шығыстар нормаланады, сонымен бірге міндетті және ерікті сақтандыру қолданылады.

Міндетті медициналық сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және еліміздің барлық азаматтарына міндетті медициналық сақтандыру есебінен берілетін медициналық және дәрі-дәрмек көмегін міндетті медициналық сақтандыру көлемі мен шарттарында алуға тең мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

Ерікті медициналық сақтандыру ерікті медициналық сақтандыру бағдарла-маларының негізінде жүзеге асырылады және азаматтарға қосымша медициналық және міндетті медициналық сақтандыру бағдарламаларында белгіленген-дерден тыс өзге қызметтерді алуды қамтамасыз етеді. Ерікті медициналық сақ-тандыру ұжымдық немесе жеке болуы мүмкін.

Медициналық сақтандыру медициналық сақтандыру субъектілерінің (азаматтар, медициналық сақтандыру ұйымдары, медициналық мекемелер) арасында жасалатын шарт нысанында жүзеге асырылады. Өзіне қатысты медициналық сақтандыру шарты жасалған немесе осы шартты дербес жасаған әрбір азамат сақтандыру полисін алады.

Міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі сақтандыру жарнасының тегі күрделі. Бір жағынан, сақтандыру жарнасында әлеуметтік сақтандырудың бар-лық белгілері сақталған, яғни ол еңбекке жарамдылықтан айырылуға байланысты туындаған тәуекелді өтейді. Екінші жағынан,

сақтандыру жарнасы денсаулық сақтаудың профилактикалық іс-шараларын қаржыландыру үшін де пайдаланылады.

Көрсетілген шығыс тиісті мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың есебінен төленеді. Төлемді немесе шығысты жұмыс беруші (тиесілігі бойынша төлеу үшін есептелген бірыңғай әлеуметтік салық сомасының және өндірістегі қайғылы жағдайлардан немесе кәсіби сырқаттардан міндетті сақтандыруға арналған сақтандыру жарналарының есебінен) немесе «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» деп аталатын атқарушы орган төлейді.

**Әлеуметтік көмек** – азаматтардың жағдайының нашарлауына және олардың жеке табысының жеткіліксіз деңгейіне, отбасының жағдайына, жасына, денсаулық жағдайы мен басқа да себептерге байланысты материалдық жәрдемге мұқтаждарға қолдау көрсету. Әлеуметтік көмек әр түрлі, ақшалай және заттық нысанда, қызметтер мен тауарлар түрінде жүзеге асырылуы мүмкін жеңілдіктер мен төлемдер түрінде көрсетіледі. Барлық азаматтарға арналған әлеуметтік сақтандырумен салыстырғанда әлеуметтік көмек нақты, нысаналы немесе белгіленген санаттарға көрсетілуі тиіс. Әлеуметтік көмек әлеуметтік сақтандырудан немесе халыққа әлеуметтік кепілдік беруден осымен ерекшеленеді.

**Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек** мемлекеттің табысы төмен адамдарға материалдық көмек көрсету мақсатында халықтың ең кедей топтарына беріледі.

АӘК көрсету өлшемі ретінде «Күнкөрістің ең төменгі деңгейі туралы» ҚР Заңына (1999 ж.) сәйкес экономикалық мүмкіндіктерге байланысты республикада белгіленетін табыстың шекарасы ретінде белгіленген «кедейшіліктің шегі» қолданылады.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың тізбесін және оның түрлері мен мөлшерлерін жергілікті билік органдары белгілейді. АӘК балаларға, жұмыссыздарға, мүгедектерге, зейнеткерлерге, студенттер мен басқа да адамдарға беріледі, АӘК-ті көбінесе көп балалы отбасылардың мүшелері алады.

Әлеуметтік қорғаудың осы бағытын тиімді іске асырудағы негізгі проблема – шынымен мұқтаж азаматтар мен тұрмысы нашар үй шаруашылықтарына көмек беру үшін халыққа төленетін атаулы төлемдердің ролі мен маңызын арттырып, жеңілдіктердің саны мен көлемін қысқарту.

Атаулы әлеуметтік көмекпен қатар тұрмысы нашар азаматтарға тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығынды өтеу үшін материалдық қолдау көрсетуге бағытталған тұрғын үйді төлеу көмегін жергілікті атқарушы органдар белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

**Ең төмен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету** – әлеуметтік қорғаудың маңызды бағыты. Әлеуметтік кепілдік азаматтардың материалдық жағдайы мен әлеуметтік тәуекелдерге қарамастан олардың базалық әлеуметтік игіліктерге тең қол жеткізуін және халықтың ең төмен қажеттілігін қанағаттандыруға мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз етуге тиіс болғандықтан, оның сапасы басқа.

Трансформация жағдайында әлеуметтік қорғаудың осы бағыты маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, осы кезеңде қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгеріп, тұрмысы нашар үй шаруашылықтарының саны көбейеді, ал осының өзі азаматтардың қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметтерге қол жеткізуін, сондай-ақ белсенді еңбекке араласу үшін бастапқы тең жағдайды күрделендіруі мүмкін. Осы орайда еліміздің азаматтарының білім алу мен медициналық қызметтерге қол жеткізу қажеттілігі өте маңызды.

Екіншіден, жекелеген азаматтардың табысы ұдайы өзгеріп, кәсіпорындар дағдарыстан зардап шегетін макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайында мемлекет азаматтардың қоғамдық қажетті әлеуметтік игіліктер мен қызметтер алуға конституциялық құқықтарын қорғауға міндетті. Осыған байланысты еңбекақының, зейнетақы мен басқа да кейбір басқа төлемдердің ең төмен мөлшерін белгілеу қажет. Қарастырылып отырған бағыттың ауқымында әлеуметтік қорғаудың осы нысандарын іске асырудың әр түрлі экономикалық механизмдері қолданылады. Әлеуметтік игіліктерге қол жеткізу әлеуметтік салаларды мемлекеттік қаржыландыру механизмдері, бюджеттен тыс қорларды пайдалану, сондай-ақ осы салалар қызметтерінің бөлігін азаматтардың өздері төлеуге жеке қатысу арқылы қамтамасыз етіледі. Мемлекет ең төмен нормативтерді заңмен белгілеп қамтамасыз етеді. Сонымен бірге бірқатар ең төмен кепілдіктер үкімет пен ведомстволардың арнайы қаулыларымен реттеледі және олар тегін әлеуметтік қызметтердің мөлшерін анықтау үшін негіз болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда тыныс-тіршіліктің барлық негізгі салаларына таралатын дамыған әлеуметтік кепілдіктер жүйесі қолданылады. Еңбек қатынас-тары саласында – бұл еңбекақы төлеу саласындағы кепілдіктер, еңбек шартын жасаумен және оны бұзумен байланысты кепілдіктер, еңбекті қорғау саласында және жұмыс істеумен байланысты кепілдіктер.



Міндетті әлеуметтік сақтандыру ауқымында зейнетақымен қамтамасыз ету, әр түрлі жәрдемақылар төлеу (жүкті болғанда және босанғанда берілетін жәр-демақылар) және т.б. салаларда кепілдіктер қолданылады. Медициналық жәрдем беру, жұмыспен қамту және т.б. салаларда азаматтардың құқығын қамтамасыз етуде де дамыған кепілдіктер жүйесі қолданылады.

Ең төмен төлем нормативтерінде көрсетілген ең төмен кепілдіктер жүйесі әлеуметтік-еңбек қатынастарының барлық негізгі бағыттары мен нысандарын, яғни ең төмен еңбекақы белгілеуден бастап нақты төлемдердің ең төмен мөлшерін анықтауға дейін қамтиды. Бір ерекшелігі, осы жүйенің бекітілген нормативтері төлемдердің абсолюттік сомаларынан жиі, яғни кезең-кезеңмен қайта қаралады. Бекітілген нормативтердің жиі қаралуы қоғамның зейнетақының, жалақының, басқа да төлемдердің мөлшерін өсіру мүмкіндігінің өсуімен де, сонымен бірге өндірістің түсуі, инфляция және т.б. экономикалық қиындықтардың салдарынан нормативтерді еріксіз нақты қараумен де байланысты.

11.3.	<b>Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік ортаның салаларын реформалаудың негізгі бағыттары</b>

Қайта құрудың қол жеткізген нәтижелеріне сүйене отырып әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі реформалау кезінде халықты әлеуметтік қорғаудың бағыттарының, нысандары мен әдістерінің біртұтас жүйесін қалыптастырып, оның алдағы уақыттағы дамуындағы қарама-қайшылықтарды жоюға күш-жігер жұмсау қажет. Осының арқасында әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаттарына жетіп, әлеуметтік тұрақтылықты да, сонымен бірге ұлттық экономиканың дамуын қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік жағдай бірдей жасалуы тиіс.

Бұрын айтылғандай, әлеуметтік қорғаудың (денсаулық сақтау, білім беру, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық және т.б.) қағидалары іске асырылатын әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік ортаның салаларын реформалау айрықша күрделі процесс.

Біріншіден, ол қоғамның барлық мүшелерінің материалдық мүддесімен тікелей байланысты. Аталмыш реформалар халықтың аз қамтылған топтарына қатысты екенін ескерсек, оның сол топқа ерекше ауыртпалық түсіретіні мәлім.

Екіншіден, объективтік және ұзақ мерзімге созылатын қиындықтар да жоқ емес. Нарықтық жүйе белгіленген даму деңгейіне жеткенде ғана ұдайы өндірісті нарықтық қағидаларға толығымен көшіруге болады. Өкінішке орай, Қазақстан қалыптасу кезеңін бастан кешіруде, ал жұмыс күшінің өсіп-өнуі нарықтық қағидаларға әлі көшірілген жоқ. Сонымен бірге табыс пен еңбекақының деңгейі әлеуметтік саланы нарыққа бейімдеп қайта құруға мүмкіндік бермей отыр.

Үшіншіден, жүргізілген реформаларға қыруар шығын жұмсалады. Бюджеттік ресурстан көп шығын жұмсалуына байланысты қолданылатын кепілдіктер, жеңілдіктер жүйесі қайта қарастырылуда, ал мемлекет тарапынан едәуір шығын жұмсалмай (бұрынғы кепілдіктердің алып тасталуының төлемі) әлеуметтік кепілдіктерді өзгертуге болмайды. Сонымен бірге қалыптасқан мемлекеттік қаржыландыру механизмін өзгерту үшін қомақты әкімшілік шығыны қажет.

Төртіншіден, әлеуметтік қызметтерді алу мен төлеудің ресми емес практикасы мемлекет пен халықтың әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілігін бөлуде көп кедергі келтіреді.

Әлеуметтік саланың нарықтық негіздеріне көшудің ерекшеліктеріне байланысты, қайта құруды бірте-бірте іске асырып, оның негізгі буындарын жеке бөлу сияқты аса маңызды қағидалары ұстану керек.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қорғаудың дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (1992-1996 жж.) – халықты әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша заңнама базасы жасалды, осы кезеңде халықты жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу, азаматтарға әлеуметтік кепілдік беру және халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қорғау сияқты басымды бағыттарда әлеуметтік әріптестіктің негіздері қаланды.

Екінші кезең (1997-1999 жж.) – зейнетақы жүйесін реформалау, жеңілдіктер белгіленген заңнаманы сәйкестендіру басталды, осының нәтижесінде барлық әлеуметтік жәрдемақылар атаулы әлеуметтік көмек қатарына көшіріліп, енді оның мөлшерін жергілікті билік бюджеттің мүмкіндігіне орай анықтайтын болды. Осының нәтижесінде әлеуметтік көмек алатындардың саны 5095 мың адамнан (1992 ж.) 917 мың адамға дейін (1999 ж.) күрт азайды.

Үшінші кезең (2000-2004 жж.) – Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы қабылданып (2001 ж.), атаулы әлеуметтік көмекке көшу кезеңі.

Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасына:  
республиканың бүкіл азаматтарына бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік тәуекелге байланысты бірдей деңгейде мемлекеттік төлем төлеу;

міндетті әлеуметтік сақтандыру;

жинақтаушы зейнетақы жүйесі;

әлеуметтік көмек пен азаматтардың белгіленген санаттарын бюджет қаражаты есебінен қолдаудың мемлекеттік арнайы бағдарламалары кіреді.

Зейнетақы жүйесін реформалау нарықтық қайта құрудың негізгі мәселесінің бірі болып табылады. Қазақстан бұрынғы кеңес кеңістігінде алғашқылардың бірі болып зейнетақы реформасына кірісті. Қазақстанда ол 1997 жылғы 17 маусымда «Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңы қабылданғаннан кейін 1998 жылғы 1 қаңтардан басталды. Осы Заңға сәйкес әйелдердің зейнетке шығатын жасы 55-тен 58 жасқа дейін, ал ерлердің жасы 60-тан 63 жасқа дейін ұзартылды. Зейнетке шығу жеңілдіктері алынып тасталды, ал мүгедектікке және асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік зейнетақы әлеуметтік жәрдемақымен ауыстырылды. Қолданылатын ортақ жүйемен қатар жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізу зейнетақы реформасындағы басты бағыт болды. Егер «Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақ КСР-інің бірінші Заңына сәйкес (1991 жылғы 17 маусымдағы), мемлекеттік зейнетақының жасына байланысты зейнетақы, мүгедектікке байланысты зейнетақы, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы, әлеуметтік зейнетақы сияқты түрлері қарастырылса, енді екінші заң қолданысқа енгізілгеннен кейін зейнетақы түрлерінің саны едәуір қысқарды.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі зейнетақы жүйесіне ортақ және жинақтаушы жүйе кіреді. Ортақ жүйеден зейнетақы зейнет жасы келгенде еңбек өтілі мен еңбекақының мөлшеріне барабар тағайындалады. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері міндетті зейнетақы жарнасының, ерікті зейнетақы жарналары мен ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы есебінен төленеді. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – Қазақстан Республикасының азаматтарына зейнетақы жасына жеткеннен кейін ай сайын төленетін ақшалай төлем (1996 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді). Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы мен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуына қарамастан төленеді. Қызмет өткерген жылдар үшін зейнетақы арнайы еңбек өтілі есептелетін ортақ зейнетақы жүйесінен төленетін зейнетақының бір түрі болып табылады. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз етудің ортақ жүйесінде төленетін зейнетақының мөлшерін арттыру жөнінде жыл сайын шара қолданылады. Жалпы зейнетақы жүйесін реформалау мынадай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

бөлу жүйесінен аралас бөлу-жинақтау зейнетақы жүйесіне көшу жүзеге асырылды;

мемлекеттің әрбір азаматтың алдындағы сақтандыру міндеттемесінің жеке есебін жүргізу жүйесі құрылды;

сақтандырылған адамдардың өзінің зейнетақы жинақтарын қалыптас тыру тәртібін таңдау мүмкіндігі пайда болды;

салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны 7,5 миллионнан асты;

14 жинақтаушы зейнетақы қоры құрылып, жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 76 филиалы мен 75 өкілдігі бар. 8 аудиторлық ұйым мен 18 аудитордың аудит жүргізуге арналған лицензиясы бар;

ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды 10 ұйым, сонымен бірге «Жинақтаушы зейнетақы қоры», «МЖЗҚ», «Қазақстанның Халық банкі» АҚ және «Қазақстан ТӨБ ЖЗҚ» АҚ сияқты зейнетақы қорларын дербес басқаруға арналған лицензиясы бар жинақтаушы қорлар жүзеге асырады;

ерікті зейнетақы жарналары бойынша ақша салымшыларының (алушылардың) шоттарының саны 2005 жылғы 1 желтоқсанға қалыптасқан жағдай бойынша 32173-ті, ал зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 469,2 млн теңгені құрады;

салымшылардың ерікті кәсіби зейнетақы ақша жарналары бойынша шоттарының саны 2005 жылғы 1 желтоқсанға қалыптасқан жағдай бойынша 3288-ді, ал зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 16,0 млн теңгені құрады.

Сонымен бірге реформа әлі де аяқталған жоқ. Мәселен, тек 5 млн адам ғана белсенді салымшы болып табылады.

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалауда бірқатар проблемалар қол байлау болып отыр.

Біріншіден, «өзін-өзі жұмыспен қамтитын» 1,5 млн адам жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылмаған.

Екіншіден, шарттардың және еңбекақысының 10%-ын жинақтаушы зейнетақы қорларына аударатын салымшы-қазақстандықтардың 7 млн адам санының арасында айырмашылық бар. ЖЗҚ деректеріне сәйкес осы адамдардың саны 8,5 миллионды құрайды, демек 1,5 млн адам екі және үш зейнетақы шартын жасасқан.

Үшіншіден, жинақтаушы зейнетақы қорларында зейнетақы активтерінен алатын табыстың деңгейі төмен.

Осы мәселелерді нормативтік-құқықтық базаны жетілдіріп, атап айтқанда, тиісті заңдар әзірлеп, оларды қабылдап шешуге болады. Сонымен бірге мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен байланысты барлық мәселелерді (осы қорлардың қызметін жария ету, заңнаманы жетілдіру және т.б.) шешу керек.

Қарт адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі (төртінші) даму кезеңі әлеуметтік қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесін құру қарастырылған. Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырумен байланысты. Әлеуметтік қамтамасыз етудің база-лық деңгейін енгізу, ортақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін сақтап, оны дамыту, міндетті және ерікті әлеуметтік сақтандыру аға буынға төленетін зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақының деңгейін, сондай-ақ олардың бұрын алған табысына барабар болуын айтарлықтай арттырады.

Зейнетақы нарығы жұмысының тиімділігін арттыру үшін:

Табыстылығы инфляцияның деңгейін жабатын мемлекеттік бағалы қағаздар (МБК) шығарып, оларды айналысқа шығарудың мемлекеттік ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу.

Қазақстандық жеке меншік және мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіндегі ашықтықты арттыруға және оларды қор биржасына тартуға қатысты ынталандыру шараларын жүзеге асыру.

Зейнетақы активтерін ел экономикасының нақты секторының басымды бағыттарындағы нақты, ұзақ мерзімді өндірістік жобаларды (тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыс, инфрақұрылым, қайта өңдеу, мұнай-химия, туризм және т.б.) инвестициялауға тарту жөніндегі тиімді механизмдер әзірлеу.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына кәсіпорындардың акциялар пакетін сатып алуға, сондай-ақ ұлттық компанияларды жекешелендіруге рұқсат ету.

Зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктерде орналастыру мерзімі мен мөлшерін ұлғайту.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін комиссиялық сыйақының деңгейін заңнамада белгіленген ең жоғары деңгейге дейін көтеру.

ЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) уақытында және толық төленуін бақылауды күшейту, сондай-ақ МЗЖ жөніндегі көп жыл бойы қалыптасқан бересіні азайту жөнінде шара қолдану. Салық органдарын барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың міндетті зейнетақы жарналарын төлеу барысы туралы ақпаратты ұдайы жариялауды міндеттеу.

Үлесі әр түрлі дереккөздерге сәйкес 1,5-тен бастап 2,5 млн адамды құрайтын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылмаған өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықты тарту механизмін әзірлеу.

Мемлекеттік органдар мен зейнетақы нарығына қатысушылардың күш-жігерін Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы жүйелерінің жұмыс істеу механизмі мен осы жүйелердегі барлық өзгерістер туралы ұдайы түсініктеме беру жұмысына жұмылдыру.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды іске асыру үшін мемлекеттік органдардың өкілдері (Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Ұлттық банктің, ҚҚА-ның), зейнетақы нарығына кәсіби қатысушылар (ЖЗҚ, КУПА, кастодиан-банктер), қоғамдық ұйымдар (Зейнетақы қорлары қауымдастығы, Қаржыгерлер қауымдастығы) кіретін көп өкілеттік берілген тұрақты жұмыс істейтін жұмыс комиссиясын құру ұсынылады.

Зейнетақымен қамтамасыз етуді реформалаудың қиындығы бүгінде алатын зейнетақының мөлшері мен көлемін ұлғайту қажет болуымен де, сонымен бірге қор нарығы дамымаған, өтпелі экономиканың құрылымдары тұрақсыз жағдайда жинақталған қаражаттың сақталуын қамтамасыз етумен де байланысты болып отыр. Осыған байланысты мемлекеттің зейнетақы жүйесінің

тұрақтылығы мен оның тиімді басқарылуының кепілі ретінде атқаратын рөлінің маңызы артып келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын іске асыру негізінде зейнетақымен қамтамасыз етудің үш сатылы жүйесі мен әлеуметтік сақтандыру жүйесі (мемлекет кепілдік беретін әлеуметтік жәрдемақы мен қосымша міндетті әлеуметтік сақтандыру) кіретін халықты әлеуметтік қорғаудың көп сатылы жүйесі құрылған.

Қазақстан Республикасында 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді. Аталмыш жүйе осы жүйеге қатысушыларды қосымша әлеуметтік сақтандыру нысаны, сондай-ақ тәуекелден, яғни қажетті сәтте болмауы мүмкін ақшалай қаражатты қажет ететін еңбекке жарамдылықтан айырылған, жұмыстан және асыраушысынан айырылған адамдарды қорғау механизмі болып табылады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төленетін әлеуметтік аударым мен төлемдерді Мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры жинайды. Осы қор 2005 жылғы сәуірден бастап тәуекелдік жағдайы туындағанда әлеуметтік төлемдерді оны алушыларға төлей бастады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесі әлеуметтік тәуекел туындағанда, яғни еңбекке жарамдылықтан айырылғанда, асыраушысынан және жұмыстан айырылған жағдайда ресми сектордың қызметкерлерін қосымша қорғау үшін құрылады. Төлемдердің мөлшері қызметкердің табысы мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қаражат аударудың ұзақтығына байланысты болады, яғни қызметкердің табысы мен міндетті сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, әлеуметтік төлем де соғұрлым көбірек болады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің екінші деңгейі әрбір азаматтың өзінің келешегі мен отбасының әл-ауқаты үшін жауапкершілігін ынталандырып, еңбек қатынастарын жария етеді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін бірқатар институттар, яғни Ұлттық банк, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі басқарады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік аударымдарды жинақтап, мониторинг жүргізеді. Ұлттық банк қордың активтерін инвестициялауды, сақтау мен оның есебін жүргізуді басқарады. Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналардың төленуін бақылау Қаржы министрлігіне, атап айтқанда жергілікті жерлердегі оның салық органдарына жүктелген. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменттері мен Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының аумақтық бөлімшелері әлеуметтік төлемдердің тағайындалуын жүзеге асырады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін жалпы реттеуді, оны бақылап, қадағалауды жүзеге асырады.

Әлеуметтік төлем алу құқығы қатысында ең басты нәрсеге назар аудару қажет. Жоғарыда атап өтілген әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда әлеуметтік аударымдары бар жұмыс істейтін азаматтар әлеуметтік төлем алуға құқылы. Еңбекке жарамдылықтан айырылған, асыраушысын немесе жұмыстан айырылған төлемді алушы екі көзден, яғни республикалық бюджеттің қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алуға құқылы. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасында кәсіпорындар еңбекақы қорынан сараланған әлеуметтік салық аударатын мемлекеттік бюджеттен тыс қор құрылған. Жүйеге аударылатын аударымдардың мөлшері кезең-кезеңмен ұлғайып келеді. Жұмыс-тан айырылудан әлеуметтік сақтандыру екі деңгейде жүзеге асырылады. Бірінші деңгейде барлық жұмыссыз азаматтарды жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен әлеуметтік қорғау қарастырылады. Осы қаражат жұмыссыз азаматтарды даярлауға, қайта даярлауға, олар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізуге және оларды жұмысқа орналастыруға жұмсалады. Екінші деңгейде белгіленген уақыт бойы әлеуметтік сақтандырудың жалпы жүйесінен жұмыссыз азаматтарға жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы төлеу қарастырылады.

Сақтандыру нарықтық экономикада тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін, жұмыссыздықтың келеңсіз салдарын төмендететін ең маңызды тұтқаның бірі болып табылады. Жұмыссыздықтан сақтандыру жұмыс істейтін және жұмыссыз азаматтардың, кәсіпкерлер мен мемлекеттің арасындағы қаржы түсімінің қозғалысын реттеуге негізделеді. Әр түрлі ресми тіркеліп жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдарда, шаруа (фермерлік) қожалықтарында, жеке кәсіпкер болып табылатын немесе оларға жалданып жұмыс істейтіндердің, сондай-ақ өндірістік кооперативтер мүшелерінің жалпы саны 4395,1 мың адамды құрайды. Қызметкерлердің осы санатының еңбекақысынан (табысынан) қолданыстағы заңнамаға сәйкес салық, зейнетақы және әлеуметтік аударым ұсталуы тиіс. Олардың саны жасы бойынша зейнеткер мен қосымша жұмыс істейтін 405,3 мың адамға азайтылуы тиіс. Нәтижесінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне ықтимал қатысушылардың жалпы саны 3989,8 мың адамды құрайды екен. ҚР Статистика

агенттігінің деректеріне сәйкес, жұмыс істейтін халықтың 70,4%-ы міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылған. Ал жұмыс істейтін халықтың ішінен 1179,2 мың адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылмаған. Бұл жұмыс берушілердің қызметкерлердің бір бөлігін ресімдемей, оларға еңбекақыны «қара кассадан» төлеп, әлеуметтік аударым аудармауымен, сондай-ақ әлеуметтік аударымның тұрақты аударылмауымен байланысты.<sup>10</sup>

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін реформалау – әлеуметтік төлемнің түрлері мен нысандарының көп болуымен де, сонымен бірге осы реформалар қоғамның аз қорғалған топтарын қозғауымен де байланысты. Мұның өзінде азамат бір санаттан екінші санатқа жылдам ауысуы мүмкін және экономикалық жағдаят нашарлаған жағдайда ең кедей топтардың едәуір көбеюі де мүмкін.

Қолданыстағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қолдану практикасы осы жүйенің бірқатар кемшіліктері мен қарама-қайшылықтарын айғақтады. Қолданыстағы әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне кедергі ететін негізгі кемшіліктерге:

заңнаманың жетілдірілмеуі – әлеуметтік саланы реттейтін заңнама әлеуметтік тәуекелдер мен оны төлеу негіздеріне емес негізінен төлемдердің түрлері бойынша қалыптастырылған;

заңнаманың жеткіліксіз әділдігі мен ынталандыру шараларының тиімсіздігі – әлеуметтік жәрдемақы алу құқығын пайдаланғанда экономиканың нақты секторының салық аударымдарын жүзеге асыратын қызметкерлерінің осы аударымдарды аудармайтындармен салыстырғанда артықшылығының болмауы;

әлеуметтік төлем төлеудің жеткіліксіз ашықтығы жатады, осы мақсатта әлеуметтік төлем алу процесін қадағалау үшін жеке сәйкестендіру жүйесі қалыптастырылуда.

Жоғарыда көрсетілген проблемалардың шешілуі әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

<b>11.4.</b>	<b>Мемлекеттік бағдарламалар</b>

Әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру көп жоспар құруды қажет ететін проблема. Ол үшін әлеуметтік қорғау саласында мекемелер құрып, әлеуметтік ортаның салаларын жетілдіру қажет.

Қайта құрудың екінші кезеңіне көшу белесінде халық санының азаюы жағдайында денсаулық сақтау проблемаларының ерекше өткірлігі, білім мен инновацияларға негізделген қоғамның қалыптасу жағдайында еліміздің зияткерлік әлеуетіне ықпал ететін білім беру проблемалары, сонымен бірге бағалар өсіп, табыс сараланған кезде халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің проблемалары, ұлттық қауіпсіздікті және азаматтардың әл-ауқатын қолдау факторы ретіндегі азық-түлікпен қамту қажеттілігі туындады.

Мемлекеттік бағдарламалар ұлттық экономиканы қалыптастырудың қазіргі кезеңінде онсыз адамдардың әл-ауқатының одан әрі өсуін қамтамасыз ету мүмкін болмайтын әлеуметтік тұрақтылықтың ең өткір проблемаларын шешуге тиіс.

Мемлекеттік бағдарламалар – әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастырудың жаңа институционалдық нысаны. Осы мемлекеттік бағдарламаларда басты ұйымдастыру мәселесі шешімін тауып, бағдарламалық тәсілдеме қазіргі бар институттардың қызметін әлеуметтік мәселелерді шешу мұқтажына бағыттай алатын ұйымдастыру нысандарына үйлестірілген. Мемлекеттік бағдарламалар бюджеттік ресурстарды әлеуметтік мақсаттарға тиімді пайдалануға жету тәсілі ретінде қарастырылады, осы проблема мемлекеттің бюджеттік ресурстарды мемлекеттік биліктің бүкіл сатысы бойы бақылаудың жаңа нысандарына сүйене отырып шешілуі тиіс.

Мемлекеттік бағдарламалар – қоғам дамуының нақты және жалпы проблемаларын үйлестіру тәсілі. Жалпы еліміздің келешегі көбінесе халықтың ден-саулығын нығайтуға, білім беруді дамытуға, тұрғын үй проблемасы мен экономикалық проблемаларды шешуге байланысты, ал адамның тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасауға арналған мемлекеттік бағдарламалар да өте маңызды болып саналады.

<sup>10</sup> С. Жолдасбаев. Система обязательного социального страхования: итоги первого года работы // Труд в Казахстане. – 2006. №2. – С. 9-12.

**«Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»**

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

Денсаулық сақтау жауапкершілігін мемлекет пен адамның арасында бөлу.

Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың халықаралық қағидаларына бастапқы ауыртпалықты медициналық-санитарлық көмек көрсетуге аударып көшу.

Денсаулық сақтауды басқарудың жаңа үлгісі мен саланың біртұтас ақпараттық жүйесін құру.

Ана мен баланың денсаулығын нығайту, медициналық-демографиялық ахуалды жақсарту.

Әлеуметтік маңызы бар сырқаттардың деңгейін үнемі төмендету.

Медициналық білім беруді реформалау болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесінің дамуында бірнеше сапалы кезеңдер іске асырылуы тиіс. Денсаулық сақтау саясаты дамуының бірінші кезеңінде денсаулық сақтаудың кезек күттірмейтін мәселелерін (БМСК көрсету, ана мен балаға, жұқпалы аурулармен, туберкулезбен және т.б. ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсету) шешу қарастырылады. Дамудың екінші кезеңінде басты қағидасы мемлекеттің, бизнес пен адамның мүдделерін келісу және ықпалдасу; сектораралық және пәнаралық тәсілдеме, жобаларды қаржыландыру болып табылатын қоғамдық денсаулық сақтау проблемаларын шешу қарастырылады.

***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Мемлекеттік бағдарламалар*

*Зейнетақы жүйесі*

*Зейнетақымен қамтамасыз ету*

*Әлеуметтік қорғау жүйесі*

*Әлеуметтік көмек*

*Әлеуметтік сақтандыру*

*Әлеуметтік кепілдіктер*

*Әлеуметтік қорғаудың функциялары*

## ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ. БЮДЖЕТ ЖӘНЕ БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

12.1.	Қаржы және қаржы жүйесінің мәні мен функциялары
-------	-------------------------------------------------

Нарықтық экономикада тауарлар, қаржы мен қаржы қызметтерінің өндірісі, олардың айырбасталуы ақшалай қаражаттың қозғалысы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанның ұлттық экономикасының трансформациясы барысында нарықтық қатынастардың даму шамасына орай ұдайы өндіріске әр түрлі қатысушылардың арасындағы ақшалай қаражаттың ауыспалы айналымының ауқымы, оны жұмылдыру, пайдалану, бөлу тәсілдері одан сайын өсіп, түрлері де кеңейеді. Осы процесте тауарлар қозғалысынан бөлек ақшалай қаражаттың қозғалысы ерекше орын алады.

Мемлекет пайда болғаннан кейін мемлекеттік билікке жататын институттар мен ұдайы өндірістік қатынастардың қалған субъектілерінің арасында жаңа үлгідегі қатынастар туындайды. Ал қатынастар қоғамда өндірілген өнімді бөлу мен қайта бөлу қатысында пайда болады. Ұдайы өндіріс процесіне кіретін әр түрлі субъектілер қазіргі бар меншік нысандарына, іскерлік айналым нормалары

мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа қоғамдық өнімнің белгіленген үлесін алуға тырысады. Нарықтық экономикада қоғамдық өнімнің құны бөлінеді және қайта бөлінеді, ал мемлекет және осы процестегі мемлекет пен қалған субъектілердің өзара қарым-қатынастары ақшамен байланысты жасалады.

Жасалған қоғамдық өнімді бөлу мен қайта бөлу процесі осы қатынастардың екі полюсінде, яғни, мемлекеттік билік институттары деңгейінде және ұдайы өндіріс процесінің қалған субъектілерінің: шаруашылық жүргізуші субъектілердің (фирмалардың) және үй шаруашылықтарының деңгейінде ақшалай қаражат қорларының қалыптасуымен байланысты.

Осы бөлу процестері қоғамдық өнім тікелей жасалатын қоғамдық өндіріске негізделеді. Жекелеген шаруашылық субъектілері шаруашылық жүргізу практикасы мен қабылданған құқықтық нормаларға сәйкес өз қызметінің нәтижесінде алынған табысты экономикалық субъект ретінде олардың ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін ақшалай қаражат қорларына бөледі. Бұған қажетті шикізат пен материал сатып алуға, еңбекақы төлеуге арналған қорлар, амортизациялық аударым қорлары мен мемлекетке салық төлемдерін төлеуге арналған қорлар жатады. Шаруашылық жүргізуші субъект ойдағыдай жұмыс істеген жағдайда оның жай ұдайы өндірісі мен мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін қорларды қалыптастырғаннан кейін, ол өзінің кеңейтілген ұдайы өндірісін, дамуын, қызметін кеңейтуді қамтамасыз ететін қорларды қалыптастыра алады.

Қоғамдық жиынтық өнімнің құнын бөлуге өзінің табысын еңбекақы, кәсіпкерлік табыс және дивиденд пен пайыз түрінде алынатын капиталдың әр түрлі табысы түрінде қалыптастыратын үй шаруашылықтары да қатысады. Сондай-ақ олардың алынған табыстың бөлігін мемлекеттік билік институттарының ақшалай қаражат қорларына аударуға қатысты мемлекеттің алдында міндеттемесі пайда болды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен үй шаруашылықтары деңгейінде қалыптастырылатын ақшалай қаражат қорлары жекелей ақша қорлары деп аталады.

Мемлекет шаруашылық жүргізуші субъектілер мен үй шаруашылықтары табысының бөлігін жинақтап қоғамда қауіпсіздікті, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етумен байланысты ақшалай қаражат қорларын құрады. Мемлекет деңгейінде қалыптастырылатын ақшалай қаражат қорлары орталықтандырылған ақша қорлары деп аталады.

Қаржы – бұл қоғамдық жиынтық өнімнің құнын әр түрлі қажеттілікті қанағаттандыру үшін ақшалай табысты, жинақ ақша мен қорларды қалыптастырып, оны пайдалану арқылы бөлу процесінде туындайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Қаржының ерекше және айырмашылық белгісіне оның экономикалық қасиетінен туындайтын ақшалай нысан; тауар ағынының қозғалысы негізделетін тауар ағынының қозғалысымен байланысты емес қатынастардың бөліну ерекшелігі; нысаналы қорлардың қозғалысында байқалатын жалпы қорға тән ерекшеліктер; өкімнің, яғни құнның

ақшалай нысандағы бір жақты қозғалысына негізделген орындалуға міндетті, қажетті, баламасыз ерекшелігі.

**Қаржының функциялары.** Қаржының ерекше белгілері оның атқаратын функцияларымен байланысты.

Қаржының басты функциясына оның бөлу функциясы жатады. Ақшалай қаражат қорларын қалыптастыру бөлу процесіне негізделеді. Жасалған қоғамдық өнімді экономикалық жүйеде өзінің айрықша функцияларын атқаратын ұдайы өндіріс процесіне барлық қатысушылардың, яғни мемлекеттің, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен үй шаруашылықтарының арасында бөлудің арқасында ұдайы өндіріс нақты жүзеге асырылады.

Қаржының бақылау функциясы қаржының жалпы бөлу процесінің санын көрсететін қасиетінің болуымен байланысты. Осыған байланысты қаржы бөлу процесі қалай жүріп жатқанын, ұдайы өндіріс процесіне қатысушылар ақша қорын қаншалықты тиімді жұмсайтынын, сондай-ақ экономиканы басқарудың әр түрлі деңгейінде ақша мөлшерінің сандық пропорциялары қалай қалыптасатынын, табыстың, қорлардың арақатынасын, қаржы ресурстарының нысаналы тағайындалуы бойынша дұрыс пайдалануын көрсетуі мүмкін. Демек қаржы ақшаның бөліну процесіндегі өзгерістер мен үйлеспеушіліктер туралы мәлімет береді.

Қаржы жүйесі экономикалық организмнің қан тарататын жүйесі болып табылады және бүкіл экономиканың қалыпты жұмысы осы саладағы істің мән-жайына байланысты.

Қаржы жүйесі – қаржы қатынастарының күрделі жүйесі, ұдайы өндіріс процесіне әр түрлі қатысушылар құратын орталықтандырылған және жекелей ақша қорларының жиынтығы, мемлекетте қабылданған және осы қатынастардың ұйымдастырылуын тікелей реттейтін құқықтық нормалар, осы қатынастарды тікелей іске асыратын институттардың жиынтығы.

Қаржы жүйесі іс жүзінде ұдайы өндіріс процесіне барлық қатысушылардың арасында бөлінетін ақша қатынастарын ұйымдастыратын нысан. Қатынастар жөнінде сөз қозғалғаннан кейін осы қатынастарды қалыптастыратын субъектілер мен деңгейлерді жеке атап өту қажет.

Осы орайда орталықтандырылған ақша қорлары қалыптасатын мемлекеттің деңгейі және жекелей ақша қорлары құрылатын – шаруашылық жүргізуші субъектілердің деңгейі мен үй шаруашылықтарының деңгейі болады. Осы деңгейлерде ақша ресурстарының функционалдық тағайындалуының, оларды қалыптастыру мен пайдаланудың әр түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылады.

**Қазақстанның қаржы жүйесі** жалпы мемлекеттік қаржы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, үй шаруашылықтарының (халықтың) қаржысы сияқты өзара байланысты элементтерден құралады. Осы жүйеде мемлекеттік бюджет, мемлекеттік кредит пен арнайы бюджеттен тыс қорлар кіретін жалпы мемлекеттік немесе орталықтандырылған қаржы негізгі элемент болып табылады. Орталықтандырылған қаржының әр түрлі деңгейлерінде құрылатын ақшалай қаражат қорларының көлемдері мен нысаналы тағайындалуы жалпы мемлекеттік басқару жүйесінде әр деңгей орындайтын функциялардың құрамымен және олардың мәнімен байланысты.

Мемлекеттік бюджет қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорының құрылуымен байланысты қаржы қатынастарын, бюджет тапшылығын жабуға жұмсалған мемлекеттік кредитті, жинақталған мемлекеттік борыштың (ішкі және сыртқы) сомасын көрсетеді; арнайы бюджеттен тыс қорлар қоғамдық тұтыруды нысаналы қаржыландырудың қосымша нысаны ретінде болады.

Жекелей қаражатта мемлекеттің, субъектілердің қаржы ресурстарының көбісі жинақталып, негізгі игілік сол қаржыдан жасалатындықтан, қаржы жүйесінің негізі осы қаржыдан қалыптасады. Бүкіл мемлекеттің әл-ауқатын құрайтын қоғамдық өнімнің сапасы мен мөлшері шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің нәтижесіне байланысты.

Қаржы жүйесінің бастапқы буыны материалдық өндіріс саласының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нақты сектордың) қаржысы мен қызмет көрсету саласының ұйымдары мен мекемелерінің қаржысынан құралады. Үй шаруашылықтарының экономикалық қызметі жалпы халықтың әл-ауқатының өсуіне айтарлықтай ықпал етеді, сол себептен жекелей қаржыға, сондай-ақ қаржы жүйесінің өзгеше бөлігін құрайтын халықтың немесе үй шаруашылықтарының қаржысы жатады.

Қоғамда жасалған жиынтық өнімді бастапқы бөлу процесінде үй шаруашылықтарының, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және мемлекеттің иелігіне түсетін ақша ресурстары өзінің нысаналы тағайындалуы бойынша пайдаланылады. Осы қаржы ресурстары осы ресурстардың қозғалысы нарықтық



негізде жүзеге асырылатын қаржы нарықтары, яғни банк жүйесі мен қор нарығы арқылы одан әрі бөлу процесіне түсуі мүмкін.

Жүйенің әрбір буынына қаржы қатынастарының, ақшалай қаражат қорларының тиісті жиынтығы мен қаржыны басқару аппараты кіреді (12.1-кесте).

Сөйтіп, қаржы жүйесі қаржы қатынастарының әр түрлі буындарынан құралады. Әрбір буынның ақшалай қаражат қорларын қалыптастыру мен пайдалануда өзіндік ерекшеліктері бар, сонымен бірге олар қоғамдық өндірісте әр түрлі рөл атқарады. Қаржы жүйесі мемлекет пен оның экономикалық агенттерінің ақшалай қаражат қорларын жасау мен оны пайдаланудың нысандары мен әдістерінің жүйесін білдіреді. Нарықтық қатынастардың дамуында да мемлекет жетекші рөл атқаратын көптеген елдерде қаржы жүйесінің жоғарыда келтірілген құрылымы қолданылады.

Қаржы жүйесі – еліміздің базалық экономикалық мүдделерін қамтамасыз ететін негізгі механизм. Республикада қаржы жүйесін дамытудың қазіргі кезеңдегі әлемдік практиканың талаптарына сай экономикалық саясаты нарықтық реттеу мен мемлекеттің нарықтық процестердің динамикасына ұйымдастырушы ықпал етуі оңтайлы үйлесімде құрылуы тиіс.

Қаржы тұрақсыздығы етек жайған жағдайда қаржы жүйесінің дағдарыстың салдарын жеңілдетуге, шағын және орта бизнесті дамытып қолдауға бағытталған мемлекеттік бюджетті жоспарлау мен орындау, жана Бюджеттік және Салық кодексі енгізу, қаржы қорларын қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу бөлігін тиімді басқару үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін экономикалық, әлеуметтік салада жаңа тың өзгерістер қажет.

12.2.	Қазақстанның ұлттық экономикасындағы бюджет жүйесі
-------	----------------------------------------------------

Ұлттық экономиканың нарықтық негізге көшу процесінде мемлекеттің, кәсіпорындар мен халықтың өзара қаржы қарым-қатынасының жаңа түрі – бюджет жүйесінің жаңа тұрпаты қалыптасуда. Бюджет-салық саясаты экономиканы макроэкономикалық реттеудің негізгі механизмі болып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асыратын маңызды тұтқаға айналып келеді. Мұның өзінде бюджет және салық жүйесі бүкіл ұлттық ұдайы өндірісті ұйымдастыруда, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде айрықша маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның ұлттық экономикасында экономиканың нарықтық негізінің қалыптасуының нәтижесінде жоспарлық орталықтандырылған экономикадағы-дай емес бюджет пен бюджет жүйесінің басқа тұрпаты қалыптасуда.

Орталықтандырылған экономикада мемлекеттік бюджет бүкіл халық шаруашылығының бюджеті болды.

Бюджет жүйесін ұйымдастырудың осы тұжырымдамасы ұдайы өндіріс процесінің мемлекеттендірілгенін, өндірістің орталықтандырылғанын, ұлттық табыстың, сонымен бірге мемлекет ауқымында жинақталып, өтелген ресурстардың айтарлықтай бөлігінің бөлінетінін, қайта бөлінетінін және пайдаланылатынын көрсететін. Халық шаруашылығының ақшалай табысының басым бөлігі мемлекеттік бюджет арқылы қайта бөлінетін. Мемлекеттік бюджет ресми түрдегі шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен халық шаруашылығы салаларының кеңейтілген ұдайы өндірісінің қаржы көзі мен бүкіл қоғамның, оның барлық бөліктерінің, ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың табысы мен шығысының ортақ «қазаны» болды.

Бюджет жүйесінің жаңа тұрпаты бюджет оның ішінде мемлекет бірлескен қажеттілікті (құқық қорғау мен қорғаныс сипатындағы, инфрақұрылым, ғылымның, мәдениеттің, денсаулық сақтау мен білім берудің игіліктері, мемлекеттік басқару жөніндегі қызметтер) қанағаттандыруға тиіс қоғамдық игіліктердің өндірісін қамтамасыз ететін нарықтық экономика институты ретінде қарастырылатын көзқарасқа негізделеді. Мұның өзінде мемлекеттік қаржының нарықтық экономикадағы шаруашылық субъектісі ретіндегі қаржының жаңа тұрпаты қалыптастырылады. Бұл бюджет жүйесі мен экономикалық тыныс-тіршіліктегі оның функцияларына қатысты қазіргі заманғы көзқарасты көрсетеді. Бюджет бүкіл халық шаруашылығының бюджеті болмайды, енді ол мемлекеттің қоғамдық тауарлар мен қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін жинақталған ақшалай ресурстарды пайдаланатын қаржы қоры болады. Бюджеттің экономикаға мемлекеттік ықпал ететін бүкіл құралдар жүйесін реттеуші рөлі артады.

Республикалық бюджеттің экономикалық саясат пен бюджет жүйесіндегі алатын жаңа орны, маңызы мен рөлі анықталып, оның жергілікті бюджеттермен жасалатын қатынастарының сипаты өзгереді. Дегенмен, қазіргі кездегі бюджет және салық жүйесін, мемлекеттік меншік пен қаржы ресурстарын жекелеу тенденциясында нарықтың дамуымен байланысты экономикалық және әлеуметтік процестерде мемлекеттің бірқатар, оның ішінде реттеуші және әлеуметтік функцияларын орталықтандыру қарастырылады. Бұл үшін мықты біріктірілген бюджет қалыптастыру керек. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары бюджеттерінің табыс базасын нығайтып дамытумен және олардың бюджеттің өзін-өзі қамтамасыз ету проблемасын шешумен қатар, республикада республикалық бюджеттегі ЖІӨ-нің елеулі бөлігін орталықтандыру қажет болып отыр. Республикалық бюджет нарықтық процестерді мемлекеттік реттеу жүйесіндегі, өңірлік саясат жүргізудегі, экономикалық даму стратегиясын қамтамасыз ететін, өңірлердің қаржы тұрақтылығын тегістейтін, бірыңғай экономикалық және әлеуметтік кеңістікті сақтайтын басты тұтқаның бірі болуы тиіс.

Экономикадағы бюджет жүйесінің негізгі функциясына жалпы мемлекет пен қоғамның қажетіне қаржы ресурстарын жинақтау; әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу; қаржы ресурстарын қайта бөлу (аумақтық-өңірлік, салааралық, ведомствоаралық, әлеуметтік); кәсіпкерлік қызметті қолдау және көтермелеу; инвестициялық функция; әлеуметтік қорғаудың функциясы; мемлекет пен онымен байланысты құрылымдардың қаржы табысы мен шығысын бақылау функциялары жататын болады.

Бюджет жүйесінің функциялары өзара байланысты және бірін-бірі өзара толықтырады. Кәсіпкерлік қызметті көтермелеу функциясы мен орталықтандырылған қаржы ресурстарын салық салу арқылы жинақтаудың арасындағы байланыс неғұрлым күрделі болып табылады. Қысқаша айтқанда, мемлекеттік бюджетте қаражат неғұрлым аз жинақталса, кәсіпкерлік қызмет, нарықтық қатынастардың дамуы соғұрлым жақсы көтермеленеді. Осыған байланысты ресурстарды бюджет арқылы қайта бөлуді барынша азайту, кәсіпкерлік қызметке салық салуды айтарлықтай төмендету, ақша ресурстарының қозғалысын әкімшілік, қаржылық, салық, валюталық бақылаудың дәрежесін төмендетуге қатысты ұсыныс жасалуда.

Алайда салықты төмендету жөніндегі әділ ұсыныс бюджет жүйесінің басқа функцияларының, яғни халық шаруашылығының басымды салаларының дамуын көтермелеудің, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, өңірлерді тегістеудің және т.б. маңызын төмендетуге болады дегенді білдірмейді. Мемлекет әлеуметтік шығыстардың ауыртпалығын өзіне алып, кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге өндірістің шығыны мен әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің білім беру мен денсаулық сақтауға, өнер мен мәдениетке, әлеуметтік қолдау мақсаттарына жұмсалатын шығыны (шын мәнінде «адамкапиталға» салым-инвестиция салу) нарықтық экономикаға әлеуметтік нышан беріп, оны адамдарға жақындатады. Бұл да болса кәсіпкерлікті стратегиялық қорғау бағытының белгісі болып табылады.

Бюджет – мемлекеттің табысы мен шығысы көрсетілген қаржы жоспары. Бюджеттің ең маңызды белгісі – бюджеттік бағдарламаларды бюджет процесі кезеңдерінде қалыптастыру, қарау мен бекіту нәтижесін заңмен бекіту.

Бюджет өзінің экономикалық мәні бойынша жасалған өнім мен табысты қайта бөлу процесінде қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорын қалыптастырып, пайдалануға қатысты мемлекеттің және басқа да субъектілердің арасындағы қатынастардың күрделі жүйесін білдіреді.

Бюджеттегі экономикалық қатынастардың қиындығы оның мемлекеттің, кәсіпорындардың, азаматтардың, сондай-ақ әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік биліктің қоғамдық тұтынуды қанағаттандыруға арналған ақша қорын қалыптастырып, оны пайдалануға қатысты қарама-қайшы экономикалық мүдделерінің тоқайласуымен байланысты. Осыдан бюджетті қалыптастыруда, сондай-ақ оны пайдалануда, қоғамдық емес, жеке мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін бюджеттің ресурстарын пайдаланып қалу өткір қарама-қайшылықтар мен күрес туындайды. Дамыған нарықтық экономикадағы сияқты Қазақстанда осы аса маңызды рөлді Қазынашылық бюджет жүйесі атқарады. Қазақстан ТМД елдерінің арасынан біріншілердің бірі болып автоматтандырылған қазынашылық жүйесін құрды.

Қазақстан тәуелсіз дамыған 17 жыл ішінде жүргізілген ірі ауқымды трансформация мемлекеттің атқаратын рөлі мен функцияларының өзгеруіне, сондай-ақ нарықтық экономика жұмыс істейтін тиісті инфрақұрылым мен институционалдық негіз құрудың қажет екенін көрсетті. Қазақстан Республикасында 1990 жылдан бастап жүргізілетін экономикалық және саяси

реформалар мемлекеттік қаржы саласын және ең алдымен бюджет жүйесін қозғамай қалмады. Мемлекеттік бюджет мемлекеттің ресурстарын жұмылдыру мен жұмсаудың басты құралы ретінде саяси билікке экономикаға ықпал етуге, оның құрылымын қайта құруға, экономиканың басымды секторларының дамуын көтермелеуге, халықтың аз қорғалған топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге нақты мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік бюджет орталықтандырылған қаржы ресурстарының көзі ретіндегі өзінің жетекші рөлін сақтай отырып, орнықты әрі тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеудің белсенді құралына айналып отыр. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында бюджет қаражатын қалыптастыру мен жұмсаудың өзге режимін жасау арқылы оның қоғамдық өндіріске ықпал ету әдістері де өзгереді. Бүгінгі күні қоғамдық өндірістің дамуы бұрынғыдай бюджеттік қаржыландыру мен дотациялау әдісімен емес, экономиканы қаржылық реттеуге көшуге мүмкіндік беретін тиісті нысандар мен әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бюджет еліміздің қаржы шаруашылығының жетекші буынының маңызды рөлін атқарады. Өндіріс процесі мен қоғамдық игіліктің бөлінуінің мән-жайын көрсете отырып, бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қаражатының қорын құру мен оны пайдаланудың экономикалық нысаны болып табылады. Ақшалай қаражат жалпы экономиканың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бүкіл ұлттық шаруашылық ауқымындағы үздіксіз ауыспалы айналымды жүзеге асыру үшін орталықтандырылады. Шоғырландырылған қаражат мемлекеттің әлеуметтік саладағы функцияларын атқаруға қажетті шығындарды қаржыландыру, қорғаныс сипатындағы, қоғамдық тәртіп, басқару міндеттерін шешу, сондай-ақ экономиканың басымды салаларын қаржыландыру үшін бөлініп, пайдаланылады.

Бюджет – ұдайы өндіріс процесінің маңызды алғышарты әрі оны жүзеге асыратын құрал. Бизнес әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін жағдай жасауға, қоршаған ортаның сақталуын қамтамасыз етуге, сонымен бірге ғылыми-техникалық прогресті көтермелеуге, қорғаныс қабілетін қолдауға, сондай-ақ өзге де мемлекеттік функцияларды орындауға көмектеседі. Демек бюджеттік қатынастарды жетілдірмей, ғылыми жағынан әзірленген бюджет саясатын жүйелі түрде жүргізбей, сондай-ақ бюджет процесін тиімді басқару жүйесінсіз шаруашылық механизмі қалыпты жұмыс істей алмайды. Нарық, корпорациялар мен мемлекет басқаратын экономикаға көшу мемлекеттік бюджетті, кәсіпорындар мен салалардың қаржысын қайта ұйымдастыруды, өңірлік және жергілікті деңгейдегі, бюджеттен тыс қорлардың қаржы қатынастарының жаңа блогының қарқынды дамуын талап етеді.

Бюджеттің жаңа тұрпаты қоғамның мүшелеріне, салық төлеушілерге мемлекет беретін қоғамдық игілік санатының негізінде қалыптасқан бюджет пен салықтарға қатысты көзқарасқа негізделеді. Қазіргі кезеңде бюджетке, ол атқаратын функцияларға осындай нарықтық көзқарас тән. Мемлекет бюджетті бірлескен қажеттілікті (қорғаныс сипатындағы өнім, инфрақұрылымның, ғылымның, мәдениеттің, білім берудің, басқарудың игілігі) қанағаттандыратын ерекше игілікті, қоғамдық тауарларды беру мүмкіндігі болу үшін қалыптастырады.

Мемлекеттік бюджеттің бөлу функциясына сәйкес, оның ұлттық табысты бөлу мен қайта бөлудегі рөлінің артып келе жатқанын атап өту қажет. Ұлттық табыстың 30%-ы, жалпы ішкі өнімнің 20%-ы қайта бөлінеді. Ұлттық табыстың, жалпы ішкі өнімнің көлемі де қайта бөлінеді. Сонымен бірге ақшалай қаражат мемлекеттік бюджет арқылы қоғамдық тыныс-тіршілік салаларының, экономиканың әр түрлі салаларының, аумақтары мен азаматтардың жекелеген топтарының арасында бөлінеді. Бюджеттің бөлу функциясы ауқымында қаржы ресурстарын шоғырландыру, экономиканы тұрақтандыру сияқты шағын функциялар да бар. Бюджеттің тағы бір маңызды функциясына бюджеттік ресурстардың қозғалысын бақылауды, қаржы ресурстарының уақытында және толық түсуін, сондай-ақ олардың тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру жатады. Бюджеттің функциялары өзара тығыз байланысты және өзара ықпалдасады.

Мемлекет құратын бюджеттік механизмде бюджетке тән белгілер бар, сондай-ақ ол бөлу мен бақылау құралы ретінде пайдаланылады.

Бюджеттік механизм – мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қаражат қорының пайда болу және оны пайдалану нысандары мен әдістерінің жиынтығы. Бюджеттік механизм ірі құрылымдық өзгерістер жүргізу, ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді дамыту, инновациялық технологияларды енгізу процестерінде пайдаланылады. Экономиканы реттеу үшін бюджеттік механизм мемлекеттің иелігіне түсетін ақшалай қаражатпен айла-шарғы жасау арқылы, қоғамдық өндіріс-тің дамуының қарқыны мен пропорциясына ықпал ете отырып пайдаланылады.

Бюджет саясатының негізгі мақсаты экономиканың тұрақты өсуін, шикізат емес салаларды әртараптандыру мен дамуын көтермелеу, салық жүктемесін ұлғайтпай мемлекеттік бюджетке түсетін түсімді барынша арттыру, мемлекеттік шығысты тежеу саясатын жүргізу, бюджетаралық қатынастарды және мемлекеттік борышты басқаруды жетілдіру болып табылады.

<b>12.3.</b>	<b>Бюджет жүйесі мен оның құрылымы</b>

Мемлекеттік бюджеттің экономикалық қатынастар жүйесі ретінде ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік мынада: осы қатынастар мемлекет тікелей қатысатын бөлу процесінде пайда болады және орталықтандырылған ақшалай қаражат қорын қалыптастырып, оны пайдаланумен байланысты. Ұлттық экономиканы үздіксіз қаржыландыру, оның субъектілерінің қоғамдық тұтынуын қанағаттандыру үшін мемлекет қолына ақшалай қаражатты шоғырландырады. Мемлекеттік бюджет республикалық бюджет туралы бекітілетін заңға сәйкес көрсеткіштері мүлтіксіз орындалуға тиіс еліміздің қаржы жоспары ретінде оның табысы мен шығысын қалыптастыратын әрі пайдаланатын көздерді көрсетеді.

Қазынашылық саясаттың міндеттерін іске асыру ауқымында мемлекеттің қаржы ресурстарын мемлекеттік басқару функцияларын барынша тиімді әрі толық орындауды қамтамасыз ететіндей бөлу керек. Бұл үшін нарықтық экономиканың жағдайына бейімделген экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың біртұтас жүйесін құру қажет. Бюджеттік жоспарлауда бюджет қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін нәтижеге бағдарланған әрі алдағы үш жылғы кезеңге бюджеттің болжамын жасау сияқты жаңалық пайда болды. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану бюджеттік жоспарлау, оны қарау, бекіту, орындау, сондай-ақ бақылау кіретін бюджет процесімен тікелей байланысты.

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде еліміздегі бюджет заңнамасының жалпы қағидаларын және бюджет жүйесі мен бюджет процесінің қолданылуының құқықтық негіздерін белгілеген қоғамның қаржы жүйесін түбегейлі жаңарту қажет болды.

Осы процесте бюджет жүйесін жетілдіру, бюджет процесін ұйымдастыру мен тиісті бюджеттік механизмді қалыптастыру жөніндегі жұмыс маңызды орын алады.

**Бюджет жүйесі** – бұл экономикалық қатынастар мен заң нормаларына негізделген бюджеттің барлық түрінің жиынтығы. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес бюджет жүйесі – бұл ҚР бюджеттері мен Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджет процестері мен қатынастарының жиынтығы. Бюджет жүйесі елдің мемлекеттік құрылымына сәйкес ұйымдастырылады. Қазақстан ұлттық-мемлекеттік құрылымының тұрпаты бойынша бірегейге жатады және оның бюджет жүйесі орталық бюджет және жергілікті бюджеттер деп аталатын екі буыннан құралады (12.1-сурет).

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің құрамына:

республикалық бюджет;

жергілікті бюджеттер: облыстық, республикалық маңыздағы қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңыздағы қаланың) деңгейі кіреді.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес 14 облыс (Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және т.б.) бар, осы облыстардың әрқайсының өз бюджеті мен тиісті құрылымдық бюджет буындары бар.

Бюджет жүйесі реформалаудың әр кезеңінде айтарлықтай өзгерді. Бюджет жүйесін құру мен басқарудағы аумақтық көзқарастарды күшейтудегі демократиялық қағидаларды кеңейтуді қарастырған бірқатар заңнамалық актілердің қабылдануы бюджет жүйесін қалыптастыру процесінде маңызды кезең болды.

Қазақстан Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдап, өзінің бюджет саясатын әзірлеуге кірісті. «Бюджет жүйесі туралы» Заң егемен республика қабылдаған алғашқы заңның бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында бюджетаралық қатынастарды заңмен реттеу осы заңнама актісінен басталады.

Аталмыш заңда жергілікті бюджеттердің республикалық бюджетке тәуелсіздігі белгіленген. Сонымен бірге Заңда жоғарғы органдарға төменгі деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру процесіне араласуға тыйым салынып, жергілікті бюджетте қалған қаражаттың артығының республикалық бюджетке алынуы заңсыз деп жарияланған. Жергілікті билік органдарына олардың

өз қаражатын, осы қаражаттың қай көзден алынғанына қарамастан, оны пайдалану мәселесін дербес шешу құқығы берілген.

Заңда жергілікті бюджеттердің тәуелсіздігі жарияланғанымен, барлық деңгейдегі бюджеттер барлық деңгейлері өзара байланысты сатылас басқарылатын (иерархиялық) жүйеден құралды. Заң қолданылмай, бюджетаралық қатынастар экономикалық емес өктемдік (императивтік) сипатта болды.

1994 жылға дейін Қазақстанда 3045 жергілікті бюджет болды; бюджет жүйесінің орталықтандырылуына байланысты, кенттік, ауылдық 2500 жергілікті бюджет таратылды.

1996 жылы жаңа «Бюджет жүйесі туралы» ҚР Заңы қабылданды. Осы Заң бюджет жүйесінің дамуындағы тағы бір қадамға айналды. Заңда бюджет жүйесінің қағидалары белгіленіп, бюджетті жасау, қарау, бекіту, оның атқарылуы мен бақылау тәртібі ретке келтірілді. Бюджет практикасына субвенциялар, мемлекеттік кепілдіктер, қарыз, қарызға алу, борыш және т.б. сияқты жаңа ұғымдар мен терминдер қолданысқа енгізілді. Мемлекеттік бюджеттің табысы жалпы мемлекеттік салыққа, жиынға, төлем мен жергілікті салық пен жиынға бөліне бастады. Осы кезеңде бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын орган ретінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті құрылды.

1999 жылы «Бюджет жүйесі туралы» үшінші Заң қабылданды. Осы Заңда жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін барлық өңірлерге табыстың бірыңғай бөлінуі және бюджеттік алу мен субвенциялардың белгіленген механизмі қамтамасыз етеді. Заңның осы редакциясына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттің арасындағы табыс бөлігі тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын түсімдердің түрі бойынша бөлінген, сондай-ақ бюджет деңгейлерінің арасындағы ресми трансферттердің ұзақ мерзімді көлемі белгіленген.

2005 жылы Қазақстанда бюджеттік және бюджетаралық қатынастарды реттейтін және бюджет жүйесінің қолданылуының, бюджет қаражатының пайда болуы мен оның пайдаланылуының негізгі ережелері, қағидалары мен механизмдері белгіленген, сондай-ақ бюджетті қалыптастырудан бастап оның атқарылуы мен бақылауын қамтитын барлық қаржы рәсімдерін реттейтін бірыңғай заң – Бюджеттік кодекс қолданысқа енгізілді. Бюджеттік кодекске бюджет жүйесін ұйымдастырудың, бюджеттік жоспарлаудың жаңа қағидалары, сонымен бірге барлық деңгейдегі бюджеттердің табыс және шығыс бөлігін қалыптастыру жөніндегі тәсілдемелер енгізілген. Орта мерзімді бюджеттік жоспарлауды әзірлеу, сондай-ақ мемлекеттік қаражаттың пайдаланылуын мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлін күшейту жөнінде өзгерістер енгізілген. Бюджеттік кодексте бюджет жүйесінің тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ететін оның жаңа қағидаларының негізі қаланып, бюджеттік жоспарлаудың бұрын қолданылған қағидалары мен барлық деңгейдегі бюджеттердің табыс және шығыс бөлігін қалыптастыру тәсілдемелері қайта қаралған.

Бюджет жүйесі ұйымдастыру тұрғысынан келесі қағидаларға негізделеді:

біртұтастық қағидасы – Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай бюджет заңнамасының қолданылуын, бірыңғай бюджеттік жіктеудің, бюджет процесін жүзеге асырудың бірыңғай рәсімдерінің пайдаланылуын қамтамасыз ету;

толықтық қағидасы – бюджеттер мен Ұлттық қорда еліміздің заңнама-сында қарастырылған барлық түсімдер мен шығыстарды көрсету;

нақтылық қағидасы – бюджет көрсеткіштерінің экономиканың ағымдағы жай-күйінің параметрлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының параметрлері мен бағыттарына сәйкестігі;

транспаренттік қағидасы – бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік актілерді міндетті түрде жариялау, бюджет процесінің ашықтығы, мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу;

жүйелілік қағидасы – мемлекеттік басқару органдарының бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сақтауы;

нәтижелілік қағидасы – бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген белгілі бір нәтижелерге жету қажеттілігіне байланысты бюджеттерді әзірлеу және оларды атқару;

тиімділік қағидасы – бюджет процесін бюджет қаражатының аз мөлшерін пайдалана отырып ең үздік нәтижеге жету қажеттілігін ойластырып жүзеге асыру;

жауапкершілік қағидасы – бюджет процесіне қатысушыларды бюджет заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;

бюджеттердің дербестік қағидасы – әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің арасында түсімнің тұрақты бөлінуін белгілеу.

Қазақстанда Әлемдік дағдарыстың келеңсіз әсері етек жайған жағдайда экономика мен қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі жоспарды іске асыру еліміздің бюджет заңнамасына өзгеріс енгізу қажеттігін туындатты.

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңартылған Бюджеттік кодекс қолданысқа енгізілді, онда жаңа мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бюджет қаражатының, уақытылығы, нысаналылығы мен мақсаттылығы қағидаларымен толықтырылған негіздері қаланып, стратегиялық орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың толық үйлесімі қамтамасыз етілген, сондай-ақ республика мен оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық және олардың бюджеттерінің параметрлерінің болжамын әзірлеу; бюджет қаражатын басқару әдістерінен «нәтижені басқару» әдісіне көшу қарастырылған; бюджеттің шығыстары базалық пен жаңа бастамаға жұмсалатын шығысқа бөлінген; бюджетаралық қатынастар бойынша нысаналы трансферттердің нәтижелері жөніндегі келісім жасау енгізілген. Қолданысқа жаңадан енгізілген Бюджеттік кодексте бюджетті «сырғымалы негізде» үш жылға жоспарлау тәртіптелген, мұның өзінде кезекті қаржы жылына құрылым бойынша толық көлемде, ал кейінгі екі қаржы жылына заңда базалық шығындары бар бюджеттік бағдарламалар ғана индикативті түрде бекітілетін болады. Осы орайда бюджеттік реформа жалпы бюджеттік қатынастарды жетілдіруге, практикаға бюджет шығысы мониторингінің, бақылау, аудит пен бағалаудың кешенді жүйесін енгізуге бағытталған. Оның басты мақсаты бюджет процесін жаңадан ұйымдастыру үшін оның барлық кезеңдерін құқықтық жағынан негіздеу, мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде дербестікті, нәтижелілік пен жауапкершілікті, сондай-ақ ғаламдық дағдарыстың Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға ықпал еткен жағдайда мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру болып табылады.

**Мемлекеттік бюджет** – бұл республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін жиынтық бюджет. Бюджет саясатында шоғырландырылған бюджет деген ұғым қолданылады. Шоғырландырылған бюджет талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылады және ол бекітілмейді. Қазақстандағы шоғырландырылған бюджеттің құрылымына республикалық бюджет, жергілікті бюджет пен республиканың Ұлттық қорына жіберілетін бюджет түсімдері кіреді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын көрсететін нақты бюджетті қалыптастыру үшін 2002 жылдан бастап бюджет есебінен мемлекеттің ағымдағы қажетін орындауға бағытталатын бағдарламалар жүзеге асырылатын ағымдағы бюджетке және экономикаға жұмсалатын инвестициялық шығыс, яғни инфрақұрылымды дамытуға, қала құрылысына, ақпараттық жүйе құру мен оны дамытуға, ғылымға, адами капиталға салынатын инвестициялар мен т.б. жұмсалатын шығыс кіретін даму бюджетіне бөлінді. Бюджеттің осылай бөлінуі мемлекеттің заңнамада белгіленген және қазіргі бар мемлекеттік мекемелер желісін ұстауға бағытталған өз функцияларын орындауының құнын және мемлекеттің өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуына салатын инвестициялық салымының көлемін нақты бағалауға, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды жүйелеуге мүмкіндік береді.

Елімізде төтенше немесе әскери жағдай туындаған кезде, көрсетілген жағдай енгізілген мерзімде қолданылатын төтенше мемлекеттік бюджет әзірленіп, бекітілуі мүмкін. Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттің негізінде қалыптастырылады және еліміздің Президентінің Жарлығында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

<b>12.4.</b>	<b>Қазақстан Республикасы бюджетінің табысы мен шығысының құрылымын қалыптастыру</b>

Мемлекеттік бюджет табысының құрылымы экономикалық жүйеде бюджеттің атқаратын жаңа рөлін айғақтайды. Қазіргі кезеңде салық түсімдерінің артуына байланысты бюджет табысы да айтарлықтай өсіп келеді. Бюджеттің салық және салықтық емес табысы болады.

Бюджет табысы – ҚР заңнамасына сәйкес республиканың мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының иелігіне тегін және қайтарылмайтын тәртіппен түсетін ақшалай қаражат.

Қазіргі кезеңде бюджетке түсетін салық түсімдерінің жалпы тенденциясы экономикадағы оң өзгерістер мен салық жүйесіндегі өзгерістерді көрсетеді. Ал әлемдік нарықтағы қолайлы жағдаят табысты арттыратын негізгі фактор болып табылады.

Табыс пен шығыстың құрамы мен құрылымы әлеуметтік-экономикалық дамудың әрбір нақты кезеңінде жүзеге асырылатын еліміздің бюджет-салық саясатының бағытына, табысты қалыптастыру мен шығысты пайдаланудың тиісті нысандары мен әдістеріне байланысты.

Табыс пен шығыстың құрылымы өздері жүйеленіп топтастырылған бюджеттік жіктемесінде анықталады. Аталмыш құрылым келесі тараулардан тұрады:

1. Табыстар:  
салық түсімдері;  
салықтық емес түсімдер;  
негізгі капиталды сатудан түскен түсім;  
трансферттердің түсімі.
2. Шығындар.
3. Операциялық сальдо.
4. Таза бюджеттік кредиттеу:  
бюджеттік кредиттер;  
бюджеттік кредиттерді өтеу.
5. Қаржы активтерімен жасалатын операциялардың сальдосы:  
қаржы активтерін сатып алу;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсім.
6. Мемлекеттің тапшылығы (профицит).
7. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану):  
қарыздың түсімі;  
қарызды өтеу;  
бюджет қаражаты қалдығының қозғалысы.

Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тұжырымдамасына сәйкес 2006 жылдан бастап Орта мерзімді қазынашылық саясат ауқымында мемлекеттік бюджеттің табысы мен шығысының құрамы мен құрылымы қарастырылады (12.3-кесте).

12.3. Мемлекеттік бюджеттің табысы мен шығысының құрылымы \* (ЖІӨ-ге пайызбен)

Көрсеткіштердің атауы	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
Мұнайдан тыс түскен табыс	18,2	17,4	16,6
Салық түсімі	17,2	16,5	16,1
Салықтан тыс түсім	0,39	0,34	0,30
Негізгі капиталды сатудан түскен табыс	0,61	0,53	0,20
Шығыстар	22,1	20,9	19,4
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қорғаныс	1,4	1,2	0,9
Қорғаныс	1,4	1,4	1,3
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқарушы қызмет	2,0	1,9	1,7
Білім беру	3,6	3,6	3,6
Денсаулық сақтау	2,6	2,7	2,6
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4,3	4,4	4,4
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1,2	1,0	0,9
Мәдениет, спорт, туризм, ақпараттық кеңістік	0,7	0,6	0,6
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны, жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	1,0	0,9	0,8
Отын-энергетикалық кешенін және жер қойнауын пайдалану	0,4	0,3	0,2

Өнеркәсіп, сәулет, қала салу және құрылыс қызметі, көлік және коммуникациялар	1,7	1,6	1,6
Өзге	1,4	1,0	0,7
Қарызға қызмет көрсету	0,4	0,3	0,2

\* ҚР Қаржы министрлігінің деректері бойынша

Мемлекеттік бюджеттің табысы мен шығысының құрылымы мұнай түсімінің республикалық және Ұлттық қордың арасында бөлудің оңтайлы балансын қамтамасыз ету мақсатында бюджет жүйесінің реформаланғанын көрсетеді. Мемлекеттік бюджеттің табысы жыл сайын ұлғайып келеді. Мәселен, 1997 жылы мемлекеттік бюджет табысының ЖІӨ-ге үлесі 16,7%-ды, ал 2007 жылы – 20,9%-ды құрады. Осы кезеңде мемлекеттік бюджет табысының ЖІӨ-ге қатынасы бойынша үлесінің артуы екі фактормен, біріншіден, ұлттық экономиканың жалпы өсуімен (осы кезеңде ЖІӨ көлемінің жыл сайынғы орташа өсімі 9%-ды құрады), екіншіден, республикада салық әкімшілігінің жақсаруымен байланысты. Мемлекеттік бюджет табысының негізгі үлесін 1995 жылы 80,3%-ды, ал 2007 жылы – 81,6%-ды қамтыған салық түсімі құрайды, олардың үлесінің өсуі өндірістің тұрақты өсуін, кәсіпорындардың қаржы жағдайының жақсарғанын, инвестициялық процестердің жанданғанын растайды.

Шын мәнінде, нақты есептелген табыс төмендеп, берешек өскен 1998 жылдағы дағдарыстың келеңсіз салдарын еңсеру үшін салықтардың төленуін бақылап, ретке келтіру қажет болды. 1999 жылдан бастап республиканың ірі салық төлеушілерінің мониторингін енгізудің нәтижесінде төлеушілердің осы санатынан түсетін салық түсімі мен бюджеттегі олардың үлесі де ұлғайды. Мәселен, ірі салық төлеушілерден түсетін салықтардың үлесі 1999 жылғы 33%-дан 2007 жылы 52%-ға дейін өсті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті табысының құрамында мұнай және мұнайдан тыс секторлар түсімдерінің арақатынасын анықтау маңызды. Бұл ел экономикасының айтарлықтай дәрежеде мұнай экспорты есебінен қаржыландырылуымен байланысты, сондықтан келешекте қазынашылық саясатты жүзеге асырғанда бюджеттің табыс бөлігінің әлемдік мұнай бағасының күрт ауытқуына тәуелділігін төмендетуге тырысу қажет. Осыған байланысты мұнай кірісінің түсімін есепке алмайтын, демек ғаламдық қаржы тұрақсыздығы жағдайында күрт ауытқитын, осының салдарынан мұнай баррелі бағасының 40-45 долларға дейін төмендейтін әлемдік мұнай нарығында қалыптасатын жағдайға тікелей тәуелді емес бюджеттің мұнайдан тыс тұрақты тапшылық тұжырымдамасын жасау қажет.

#### 12.4. Республикалық бюджеттің 2009-2011 жылдарға арналған табысы мен шығысы (млрд теңге)

Атауы	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Табыстар	3145	3629	3965
Салық түсімдері	2126	2376	2716
Салықтан тыс түсімдер	55,3	58,4	60,7
Шығындар	3320	3749	4122
Тапшылық	-539,0	-625,4	-482,6

Орта мерзімді кезеңге ұсынылған болжамда табыс саясатында, сонымен бірге шығын саясатында орын алатын ерекшеліктер көрсетілген. Кестеде салық саясатының мұнайдан тыс секторды (негізінен шикізат емес) дамытуды көтермелеуге бағытталатыны байқалады. Мұнайға байланысты емес табыстың салық базасын дамыту экономиканы әртараптандыру жөніндегі мақсаттарға жетуге ықпал етіп, жүргізілетін қазынашылық саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ететін болады.

Бюджеттің шығыс бөлігі әлеуметтік-экономикалық бағытқа арналады. Жүргізілетін шығын саясаты жалпы мемлекеттік шығыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталады. Бюджеттің жалпы шығыс бөлігінің динамикасы туралы айтатын болсақ, ол тұрақты өсіп келеді. Сөйтсе де жекелеген функционалдық топтар бойынша жағдай басқаша қалыптасуда. Қорғанысқа, білім беруге, денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмекке жұмсалатын шығыс жыл сайын ұлғайып



келеді, ал өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ОӘК пен басқа салалардағы шығысты қаржыландыру төмендеп келеді.

Мұнайдың әлемдік бағасы жоғары болған 2005-2008 жылдар аралығындағы қазынашылық саясат табыстың артығын Ұлттық қорда шоғырландыру арқылы айналыстан алып, кейін осы табысты әлемдік қаржы нарықтарында орналастыруға бағытталған болатын. Осы тәсілдеменің дұрыстығын мұнай экспорттайтын елдердің көп жылғы тәжірибесі дәлелдейді. Шамадан тыс мемлекеттік шығыс жұмсаудан кейінгі жекелеген қолайлы жылдар, сәйкесінше мұнай бағасы кезеңді түскен жылдар экономиканың макроэкономикалық теңгерімсіздігінің, мемлекеттік табыс пен шығыс тепе-теңдігінің бұзылуының салдарынан халықтың өмір сүру деңгейінің төмендейтінін көрсетеді. Осыған жол бермеу үшін жекелеген уақыт кезеңінде табиғи ресурстардан түскен табысты тұтынудың теңгерімділігіне жету жөнінде шара қолданып, оны үнемі жетілдіру қажет.

Бюджет шығысының құрылымы мемлекеттің тауарлар өндірісінің қоғамдық тұтынуы мен әлеуметтік мұқтаждықты қанағаттандыру саясатын айғақтайды. Әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын шығыстың көлемі мемлекеттік шығыстардың абсолюттік сомасының ғана емес, сонымен бірге оның ЖІӨ-дегі үлесін де арттырады, сондай-ақ мемлекеттің орталықтандырылған қаржы ресурстарының қоғамдық тұтынуды қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайды. Бүгінгі күні жергілікті бюджеттер әлеуметтік-мәдени іс-шараларды қаржыландыруға едәуір шығын жұмсайды.

Табыс пен шығыс құрылымында оларды бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша бөлудің маңызы зор.

Жергілікті бюджеттің құрылымында салық түсімдері табыстың 2/3-ін құрайды, дегенмен соңғы жылдары түсімнің жалпы көлеміндегі олардың өзіндік салмағы төмендеп келеді. Табыс пен шығыстың жергілікті және жоғарғы бюджеттің арасында бөліну пропорциясы салық базасы мен салық әлеуетінің, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени іс-шараларды қаржыландыру процесіндегі бюджет функцияларының қазіргі жүйесін көрсетеді. Тағы бір айтатын кететін жайт, трансферттердің айтарлықтай өсуі. Демек, жергілікті бюджеттердің жоғары тұрған деңгейдің қаржылай көмегіне тәуелділігі одан сайын күшейіп келеді. Табыс пен шығысты бюджет жүйесі деңгейлерінің арасында шектеу механизмін жетілдіруді қолға алу қажет. Жергілікті бюджеттердің нақты дербестігі табыс базасын толықтыратын меншікті көздерге байланысты, сондықтан жекелеген салықтардың (ҚҚС; корпоративтік табыс салығы) түсімін республикалық және жергілікті бюджеттің арасында белгіленген пропорцияда бөлу арқылы жергілікті бюджетті қалыптастырудың қазіргі қолданылатын тәртібін өңірлерге меншікті базаны дербес қалыптастыруға мүмкіндік беретіндей етіп қайта қарау қажет.

Бюджетті реформалау барысында бюджет саласындағы шекаралар айқын белгіленіп, функциялар орталық органдардың, сонымен бірге орталық және жергілікті билік органдарының арасында бөлінді, республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында бюджет қаражатының, түсімдердің жұмсалу бағыттарының бөлінуі бекітілді, мемлекеттік бюджеттің негізгі параметрлерін орта мерзімді болжауға көшу жүзеге асырылды.

Бюджет саясаты мемлекеттің экономиканың әр түрлі саларына қатысуының салыстырмалы тиімділігін бағалауға негізделеді және мемлекеттің қатысуы қажет емес немесе мақсатқа сәйкес емес бағыттарда бюджет қаражатын жұмсауды қысқартуға бағытталған. Бұл ретте бюджет қаражатын ағымдағы міндеттемелерді орындаумен қатар, өзекті стратегиялық міндеттерді кешенді түрде шешуге шоғырландырудың маңызы артып отыр.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына ғаламдық дағдарыс ықпал еткен жағдайда қазынашылық саясаттың міндеттерін іске асыру ауқымында мемлекеттің қаржы ресурстарын мемлекеттік басқару функцияларын барынша тиімді әрі толық орындауды қамтамасыз ететіндей бөлу керек. Бұл үшін экономика қызметінің қалыптасқан жағдайына бейімделген экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың біртұтас жүйесін пайдалану қажет. Осы жұмыстың барысы бағдарламалық құжаттарды оңтайландырып, сәйкестендіруді, сондай-ақ олардың іс-шараларының бюджет шығындарымен өзара тығыз байланысын ойластыруды қажет етеді.

<b>12.5.</b>	<b>Бюджет әлеуеті</b>

Нарықтық экономикада бюджет жүйесі мен бюджет саясатының тиімді жұмыс істеуі бюджет әлеуетіне, бюджеттік механизмнің мемлекеттің қолына қаржы ресурстарын шоғырландыру қабілетіне байланысты.

Бюджет (бюджет-салық) әлеуеті мемлекеттің жалпы және жекелеген аумақтардың бюджет жүйесі ауқымында қаржы ресурстарын шоғырландыру мүмкіндігін көрсетеді. Бюджет қатынастары субъектісінің қаржы ресурстарын шоғырландыру жөніндегі ықтимал мүмкіндіктерін бағалау мен бюджет жүйесінің сол немесе басқа деңгейінде шоғырландырылатын бюджет қаражатының нақты көлемін ажырата білу керек.

Жиналған бюджет қаражатының нақты көлемін ағымдағы бағамен (атаулы бюджет) және инфляцияның көрсеткіштері ескерілген бағамен (бюджет шығысының нақты көлемі – бюджет жүйесінің нақты табысы мен нақты шығысы) есептеуге болады.

Еліміздің бюджетінің әлеуеті бірқатар индикаторларды, яғни республикалық заңда белгіленген мемлекеттің табыс ресурстарын; бюджет-салық әлеуетін жұмылдыру дәрежесін (яғни заңда белгіленген мемлекеттің табыс ресурстары мен елдегі бар бюджет-салық әлеуетінің арақатынасын); негізгі бюджет-салық резервтері мен ысырапты; бюджет-салық әлеуетінің өсу факторы мен оны орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте іске асыруды; мемлекеттің бюджет-қаржы қауіпсіздігінің индикаторларын және т.б. сипаттайды.

Бюджет жүйесі жұмысының тиімділігін бағалау тұрғысынан алып қарағанда елдің, өңірдің немесе жергілікті өзін-өзі басқаратын аумақтың бюджет әлеуеті мен осы деңгейде нақты жиналған бюджет қаражаты мөлшерінің арасындағы айырмашылық дәрежесі ақпараттық болып табылады.

Бюджет әлеуеті мемлекеттің өзінің функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік реттеу мен ұлттық экономиканы қолдау функцияларын іске асыру мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді. Бюджет әлеуетінің өсуі немесе түсуі осы мүмкіндіктерге әсер етеді.

Белгіленген кезеңдерде қаржы саясаты үшін атаулы және нақты бюджеттің арасындағы айырмашылықтың маңызы артады. Инфляция өскен жағдайда табысты өсіретін және шығыс міндеттемелерді тиісінше инфляциялық кеңейтетін инфляциялық көздер пайда болады. Керісінше, инфляция төмендеген жағдайда бюджет инфляциялық табысты жоғалтады және инфляциялық жағдаяттың ауысуы қаржы саясатында толық шамада ескерілмесе де, бюджет қаражатының тапшылығы бюджет дағдарысының пайда болуына септігін тигізуі мүмкін.

Бюджет-салық саясатын, қаржы заңнамасын, бюджетаралық қатынастар механизмін, инвестициялық саясатты әзірлегенде бюджеттің әлеуетін бағалаудың маңызы артады

Бюджет әлеуеті оның көмегімен мемлекет қоғамдық тұтынуды қанағаттандыру үшін жасалған қоғамдық өнімнің бөлігін беретін интегралдық параметр ретінде қарастырылады. Бюджет әлеуеті әр түрлі мемлекеттік функцияларды орындау үшін қажетті қаржы ресурстарының мөлшерін анықтауда бағаланады, ал бюджет әлеуетінің өсуі немесе оның түсуі осы функциялардың іске асырылуына әсер етеді.

Бюджет әлеуеті шығу тегі бойынша нақты және ықтимал әлеуетке бөлінеді. Бірінші жағдайда жалпы бюджет жүйесі шоғырландыратын бюджет ресурстарының нақты мөлшері, ал екінші жағдайда – бұл шоғырландырылуы мүмкін (ықтимал) қаржы ресурстары.

Бюджет әлеуетінің қалыптасуына салық саясаты мен мемлекеттік шығыс саласындағы саясат, яғни салық-бюджет (қазынашылық) саясаты, оның кәсіпкерлік ортаның дамуына жасайтын ықпалының пәрменділігі ықпал етеді. Сонымен бірге бюджет ресурстарын пайдаланудың тиімділігі осы ақшалай қаражаттың мақсатқа сәйкес және уақытылы жұмсалыуымен тығыз байланысты.

Республика экономикасындағы бюджет әлеуетінің 80%-дан астамы салық түсімінің есебінен қалыптасады, оның басым бөлігі заңды тұлғалардың салық төлемдерінен құралады, ал жеке тұлғалардың толық мөлшерде жеке табыс салығының үлесі 30%-ды, ал әлеуметтік салықпен қосқанда 74%-дан асады. Қаржы тұрақсыздығы жағдайында бюджетке, оның ішінде жергілікті бюджетке түсетін салық түсімінің өзіндік салмағының төмендегені байқалады.

Бюджеттің әлеуетін анықтағанда салық жүктемесін ұлғайтпай, мемлекеттік шығысты тежеу саясатын жүргізіп, оның тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру арқылы мемлекеттік бюджетке түсетін түсімді барынша арттыру міндеті қойылады.

<b>12.6.</b>	<b>Бюджеттен тыс қорлар</b>

Қазіргі кезеңдегі экономикада қорлардың дамыған жүйесін құру қажет. Мемлекеттік және мемлекеттік емес қорлар, бюджет және бюджеттен тыс, ұлттық және халықаралық, аумақтық және жергілікті, салалық, салааралық, арнайы, қайырымдылық, үлестік, инвестициялық – бұл

қорлардың ең толық тізбесі емес. Бюджет қорларымен қатар көптеген бюджеттен тыс қорлар жұмыс істеп, дамып келеді. Осы қорлардың көп болуына қарамастан, оларға қаржы қатынастарының ерекше нысаны ретінде ортақ белгілер тән.

Біріншіден, бұл қаржы ресурстарын қайта бөлу нысаны. Қорларды пайдалану мен қалыптастыру қаржы ресурстарын екінші қайтара және үшінші рет бөлумен байланысты. Қорлардың қаржысы салық түсімі бөлігінің тікелей түсімінен бастап жеке табыстың, айыппұлдың және т.б. бөлігін қайырымдылық ретінде беруден құралуы мүмкін.

Екіншіден, қор шығармашылық мақсатта құрылады. Қордың қаржы қатынастарының белгісін қалыптастыру өлшемі, әдетте, қорлар қызметінің экономикалық жағы болса да (қордың ресурстары мен игіліктерін ұтымды пайдалану), дегенмен қорлардың мақсаты мен міндеті экономикамен байланысты болмайды. Қоғамға пайдалы міндеттердің көп болуына орай (жол салудан бастап нақты экологиялық және әлеуметтік проблемаларды да қамтитын) қорлардың да түрлері мен нұсқалары көп болады.

Үшіншіден, қорлар қызметінің коммерциялық емес мәртебесі – қорлар қызметінің мақсаты қоғамға пайдалы және қажетті міндеттерді орындаумен байланысты. Коммерциялық емес мәртебе қордың пайда алу мүмкіндігін жоққа шығармайды, алайда бұл қордың түпкілікті мақсатымен байланысты емес.

Төртіншіден, ақшалай қаражат қозғалысының ерекшелігі – ақшалай қаражат бастапқыда жиналып, оның көздері шоғырландырылады, осыдан кейін осы қаражатты мақсатты жұмсау үшін ол екінші қайтара бөлінеді. Қорлардың әрбір тобында қаржы ресурстарын қалыптастыратын меншікті көздердің жиынтығы болады, сондай-ақ қорлардың қаражатын бөлудің (жұмсаудың) әр түрлі ережелері қолданылады.

Бесіншіден, қорларды Қамқоршылық кеңесі басқарады және ол қор қаражатының пайдаланылуы жөнінде көпшілікке есеп береді.

Қордың ақшалай қаражаты қозғалысының айрықша экономикалық нысаны ретіндегі артықшылығы, ең алдымен, олардың тұрақтылығымен, салыстырмалы тәуелсіздігімен байланысты. Ол үшін қордың мүшелерінен белгіленген кезеңде жарна жиналып, неше түрлі қаржыландыру көздері пайдаланылып, бірқатар мүдделі тараптардың аралас қаржысы да қатысады.

Қоғам үшін ерекше маңызды бірқатар шығыс бюджеттен бөлінеді және белгіленген табыс көзінің есебінен қалыптастырылатын қаржы қорларының жекелеген сметалары бойынша қаржыландырылады. Ұйымдастырудың осы қағидасы ақшалай қаражатты шоғырландыру мен бөлудің ашықтығын, сондай-ақ осы қаражатты тиімді пайдаланудың тиімділігін бақылаудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бюджеттен тыс қорлар – бұл республикалық бюджеттен тыс құралатын және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса маңызды мемлекет, өңірлер мен экономика салалары деңгейіндегі орталықтандырылған міндеттерді шешуге арналған ақша ресурстарының мақсатты қорлары.

Қазақстанда ақша ресурстарының қомақты мөлшері қайта бөлінетін арнайы бюджеттен тыс қорларға Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Инвестициялық қор (2008 жылдың соңына дейін жұмыс істеген), Инновациялық қор, Ұлттық қор кіреді. Мәселен, соңғы жылдары еліміздің жалпы ішкі өнімінің 10%-ға жуығы қайта бөлінді.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЗЖҚ) салымшылардың зейнетақы жарнасын және алушылардың зейнетақы төлемін, сондай-ақ зейнетақы активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға, банктердің депозиттеріне, халықаралық қаржы институттарының бағалы қағаздарына инвестициялап тарту жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорын жұмыс берушілер еңбекақының барлық түрін сыйақыны, қосымша ақыны, үстемеақыны қоса алғанда еңбекақының 10%-ын міндетті зейнетақы жарнасы нысанында аудару арқылы қалыптастырылады. Мұның өзінде ай сайынғы табыс еңбекақының 75 еселік ең төменгі мөлшерінен (2011 жылы 15000 теңге) аспауы тиіс. Осы жарналардың есебінен жинақтаушы зейнетақы қорлары салым-шыларының зейнетақы жинақтары қалыптасады. Зейнетақы төлемдері Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан зейнет жасына, яғни жасы 63-ке жеткен ерлерге, 58 жасқа жеткен әйелдерге және тиісінше 25 және 20 жыл еңбек өтілі бар азаматтарға төленеді.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорымен қоса қазақстандық практикада ашық және корпоративтік түрге бөлінетін мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары (ЖЗҚ) жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді. ЖЗҚ-ның ең басты міндеті салымшылардың ақшасын инфляциядан қорғау және оларды молайту болып табылады. ЖЗҚ осы мақсатта жинақтарды әр түрлі инвестициялық құралдарға – акцияларға, облигацияларға, депозиттерге, алтынға, Ұлттық банктегі салымдарға, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына және реттеуші рұқсат ететін басқа да құралдарға салады. ЖЗҚ арасында ипотекалық, инфрақұрылымдық, қор биржасының ресми тізіміне кіретін Қазақстанның даму банкінің облигациялары сияқты құралдар кең тараған. Мемлекет рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімін қатаң белгілейді, мұның өзі салымшылардың жинақтарын қорғау механизмінің бір түрі болып табылады. 2009 жылдың басында міндетті зейнетақы жарнасы бойынша салымшылардың саны 9610859 адамды, ал зейнетақы жинақтарының сомасы 1 трлн 420,5 млрд теңгені құрады. 2004-2009 жылдар аралығында ЖЗҚ-ның орташа өлшенген табыстылығы 30,82%-ды құрады. Инвестициялардың мөлшері зейнетақы қорының жеке инвестициялық декларациясында белгіленеді. Осы декларацияда қор акциялардың болуы мен оның мөлшеріне байланысты инвестициялаудың немесе инвестициялық портфельдің басқыншылық, қалыпты немесе консервативтік стратегиясын белгілейді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мемлекет құратын акционерлік қоғам түріндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады. Ол жинақталған міндетті әлеуметтік аударымдар мен комиссиялық сыйақының есебінен әлеуметтік төлемдердің уақытылы төленуін қамтамасыз етуге арналған. Қордың активтерін әлеуметтік төлем төлеу, оларды қаржы құралдарына орналастыру, сондай-ақ әлеуметтік аударымның артық төленген сомасын қайтару сияқты мақсаттарға пайдалануға болады. Инвестициялық қызмет қордың активтерін жасалған шарттың негізінде Ұлттық банк арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Әлеуметтік аударым есептелетін объектіге байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударым 2005 жылдан бастап – 1,5%-ды, 2006 жылдан бастап – 2%-ды; 2007 жылдан бастап – 3%-ды құрайды. Әлеуметтік төлемнің: 1) асыраушысынан айырылған жағдайда; 2) еңбекке жарамдылықтан айырылған жағдайда; 3) жұмыстан айырылған жағдайда төленетін түрлері болады.

*Инвестициялық қор* жалғыз акционері ұлттық басқару компания болатын ұлттық даму институты болып табылады. Осы қор бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жаңадан салынатын және қазіргі кезде жұмыс істейтін келешекті ұйымдардың жобаларына инвестиция тарту, сондай-ақ экономиканың шикізат емес секторына жеке меншік инвестицияларды салуға ынталандыру арқылы Республиканың индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының міндеттерін іске асыру мақсатында құрылған. Қордың қызметі өзін-өзі ақтайтын және тиімді жобаларды жүзеге асыратын келешекті ұйымдарды инвестициялау мен инвестиция тартуға бағытталған. Инвестиция бөлу үшін біріншіден, жобаның елімізде жүргізіліп жатқан индустриялық-инновациялық саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес болуы, екіншіден, жобаның экономикалық және қаржы параметрлері бойынша тартымды болуы, үшіншіден, кәсіпорындардың технологиялық әлеуетін өрістетуге және өнім мен қызметтердің өндірісін өсіруге, сондай-ақ жоғары технологиялық өнім шығару сияқты міндетті талаптар қойылады.

Ұлттық инновациялық қор – коммерциялық ұйым, оның жалғыз акционері ұлттық басқару компания болып табылады. Қор елімізде жоғары технологиялық және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді, инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында құрылған. Осы қор алкогольдік, темекі өнімі өндірісіне, сондай-ақ ойын бизнесіне инвестиция салмайды. Қордың міндетіне инновациялық инфрақұрылымды дамыту, отандық инновацияларды сыртқы нарықтарға жылжыту, қаржы лизингі арқылы инновацияларды құрып, енгізуді қаржыландыру сияқты міндеттер жатады. Ұлттық инновациялық қордың қызметі инвестициялық қызметті, қаржыландырылатын жобалардың мониторингі мен іске асыру, инвестицияланатын компаниялардың қаржы жағдайы және т.б. жөніндегі негізгі ережелер бар. Қордың инвестициялық сая-саты туралы меморандумда белгіленеді.

Ұлттық қор ақша жинау мен тұрақтандыру функцияларын жүзеге асырады. Ақша жинау функциясы қаржы активтерін қалыпты тәуекел жағдайында ұзақ мерзім бойы жинақтау мен осы қаражаттан табыс алуды қамтамасыз етеді. Тұрақтандыру функциясы қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін қолдауға арналған.

Ұлттық қорды қалыптастыру мен пайдалану әлемдік және ішкі тауар мен қаржы нарықтарының жағдаяты, мемлекеттегі және шет елдердегі экономикалық ахуал, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары ескеріліп, макроэкономикалық және қазынашылық тұрақтылықты сақтау ойластырылып, сондай-ақ осы

қордың негізгі мақсаттары мен міндеттері сақталып анықталады. Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тұжырымдамасына сәйкес қолданыстағы практикада мұнай табысының барлық түсімі осы қорға бағытталады, ал республикалық бюджеттің табыс бөлігі тек мұнайдан тыс сектордың есебінен қалыптастырылатын әдіс пайдаланылады.

Ұлттық қор түсімдерден қалыптастырылады, ал осы түсімдерге мыналар кіреді:

1. а) мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін тікелей салық (корпоративтік табыс салығы, үстемеге салынатын салық; роялти, бонус, бөлінген өнімнің үлесі; экспортталатын өңделмеген мұнайға, газ конденсатына салынатын ренталық салық);

ә) республикалық меншіктегі және тау-кен және өңдеу саласына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен түсім;

б) ауыл шаруашылығының жер телімдерін сатудан түскен түсім.

2. ҚР Ұлттық қорын басқарудан түскен және шетелдік қаржы құралдарына орналастырудан құралатын инвестициялық табыс, сондай-ақ республиканың заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен табыстар.

Ұлттық қор тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыруға, сондай-ақ Ұлттық қорды басқарумен және жыл сайын аудит өткізумен байланысты шығыстарды жабуға республикалық бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферттер түрінде пайдаланылады.

ҚР Ұлттық қоры жеке және заңды тұлғаларды кредиттеуге, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдаланыла алмайды. 2010 жылы Ұлттық қор қаражатының сомасы млрд теңгені (доллардан астам) немесе еліміздің алтын-валюта запасының жартысына жуығын, ал жинақ ақша мен тұрақтандыру портфельдерінің арақатынасы 90/10%-ды құрады.

Әлемдік экономикалық дағдарыс ең өзекті экономикалық проблемаға айналып, көп елдің экономикасына әр түрлі дәрежеде нұқсан келтіріп, ең алдымен мемлекеттердің қаржы жүйесіне ауыртпалық түсірді. Осыған байланысты республиканың экономикасын қолдауға 1,2 трлн теңге немесе 10 млрд доллар бөлінді. Келешекте экономиканың нақты секторының ірі жобаларын инвестициялау бойынша қордың функцияларын кеңейту көзделіп отыр, аталмыш шара экономикалық дамуды қамтамасыз ететін міндеттерді іске асыруға ықпал ететін болады.

Бүгінгі күні әлемдегі кез келген басқа ел сияқты қазақстандық экономика әлемдік экономикалық дағдарыстың өте келеңсіз әсеріне шалдығып отыр.

Қаржы дағдарысының әлемді әбігерге салған әсерін еңсеру үшін дағдарысқа қарсы бағдарлама әзірленіп, оның негізгі басымдықтары ретінде қаржы секторын тұрақтандыру, жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенін көтермелеу, инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру сияқты басымдықтар қарастырылды.

Осы жағдайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қызметінің негізгі қағидалары туралы меморандум дайындалды. Осы меморандумға сәйкес, қор өзінің негізгі бағыттарының ауқымында ұлттық экономиканы әртараптандырып, жаңғырту, қолдау көрсету, сондай-ақ еліміздің экономикасын тұрақтандыруға жәрдем көрсету функцияларын атқарады. Осы орайда қор қызметінің негізгі мақсаты ұзақ мерзімді құндылықтарды барынша молайтып, әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін өзіне меншік құқығында тиесілі ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың акциялар пакетін басқару болып табылады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» (ҰӘҚ) АҚ іс-шараларды іске асыруға бөлінген ақшалай қаражаттың негізгі операторы болып табылады және банктерді қосымша капиталдандыру рәсімдерін жүргізу, Стрестік активтер қорының қызметін жедел ұйымдастыру, сондай-ақ басымды инвестициялық жобаларды қаржыландыруға арналған жинақтаушы зейнетақы қорларының қаражатынан қарызға алынған активтерді басқару үшін жауап береді. Қазақстан Үкіметі банк секторын қаржылай қолдау, атап айтқанда, еліміздің «Альянс-Банк», «ТұранӘлем банкі», «Қазкоммерцбанк» және «Халық банкі» сияқты ең ірі банктерінің акциялар пакетінің 25%-ын сатып алу үшін Ұлттық қордан жаңа қаржы институтына қомақты қаржы бөлді.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамына ірі ұлттық компаниялар мен жұмыс істейтін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар кіреді.

Ұлттық әл-ауқат қоры ипотекалық кредиттеу мен тұрғын үй секторын дамытудың арнайы бағдарламасын іске асырады, инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бөлінген ақшалай қаражатты жедел басқарады. Шағын және орта бизнесті қолдау

саласында жаңадан құрылған қор ағымдағы және жаңа жобаларды іске асыру үшін бөлінген ақша-лай қаражаттың түпкілікті тұтынушыға жетуі, сондай-ақ селолық жерлерде микрокредиттеу бағдарламасының орындалуы үшін жауап береді.

Дағдарыс жағдайында қаржы ресурстарының осы қордың қолына шоғырлануын өнеркәсіптік активтермен қаржының елеулі бөлігін бақылауға, экономика секторларының нақты жай-күйін бағалауға және осы секторлардың дамуының басымды бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

12.7.	<b>Негізгі бюджеттік пропорциялар. Бюджет тапшылығы мен профициті</b>

Бюджеттің пропорцияларын мемлекет реттейтіндіктен, ол ұлттық экономикада маңызды рөл атқарады. Бюджет жүйесінің пропорциялары, яғни бюджеттің ішкі пропорциялары мен бюджет саласының жалпы қоғамдық ұдайы өндіріспен және экономиканың басқа да салаларымен экономикалық өзара қарым-қатынастарды көрсететін пропорцияларды ажырата білу керек.

Бюджеттің ішкі үйлесімі бюджет шығысының тиімділігін арттыратын құрал болып табылады, сонымен бірге ол бюджет саясатының басымдықтары мен мақсаттарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бюджеттің, оның негізгі құрылымдық бөліктерінің макроэкономикалық көрсеткіштермен арақатынасы экономикалық жүйенің трансформациясы процесінде бюджет саласының қоғамдық ұдайы өндіріспен жаңа сапа және сандық өзара байланыстардың туындағанын анықтауға, сондай-ақ экономикалық саясатты қайта құрудың сол немесе басқа кезеңіндегі тиімді бағыттарын анықтау-

ға мүмкіндік береді. Бюджет саласын қоғамдық ұдайы өндіріспен байланыстыратын негізгі үйлесімнің арасынан келесілерді атап өтуге болады:

1. Шоғырландырма бюджет пен жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) арақатынасы.

Осы арақатынас ұдайы өндіріс процесінің мемлекеттендіру дәрежесін немесе қоғамдық өнім мен табыстың бюджет арқылы қайта бөліну дәрежесін көрсетеді. XX ғасырда көптеген батыс елдерінде «мемлекеттік бюджет/жалпы ішкі өнім» арақатынасының ғасырдың басындағы 10% ЖІӨ-ден соңына қарай ЖІӨ-нің 45%-ға дейін үнемі орташа өскені байқалды.

Осы тенденция аралас экономиканың дамуын, мемлекеттің жалпы қоғам экономикасының тыныс-тіршілігін реттеу рөлінің артқанын, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге тиіс әлеуметтік функциясы өрісінің кеңейгенін көрсетеді. Мемлекет ұлттық көлік, өндірістік-технологиялық инфрақұрылымды, тұрғын үй-коммуналдық саланы, ірі энергетикалық салалардың құрылысын, экологиялық бағдарламаларды іске асыруды қаржыландыру міндетін өзіне алып, бизнеске түсетін инвестициялық жүктемені айтарлықтай жеңілдетеді.

Қарастырылатын арақатынастың екі қыры, яғни табысының шоғырландырма бюджет ЖІӨ-ге қатынасы мен бюджет шығысының ЖІӨ-ге қатынасы кіреді. Бірінші қатынас қоғамда қаржы ресурстарын орталықтандыру дәрежесін, екіншісі – орталықтандырылған қаржы ресурстарының қоғамдық тауарлар мен қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайды.

ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесі қоғамдық тауарлар мен қызметтерге қажеттілігімен ғана емес, ЖІӨ-нің нақты динамикасымен анықталады. Экономиканың 1990 жылдардағы дағдарыс, халық шаруашылығының негізгі салаларында өндірістің құлдыраған жағдайында заңмен бекітілген әлеуметтік кепілдіктердің көлемі кеміп бара жатқан ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесін еріксіз арттыру қажет болды. Қоғамның алып тастауға немесе едәуір төмендетуге болмайтын мұқтаждықтары да артты. Кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділікті көтермелейтін салықтың деңгейін төмендету қажет болды, ал мұның өзі бюджеттің табысын, демек, мемлекеттің шығысын қысқартуға әкеп соқтырды. Ресурстар мен қоғам алдындағы міндеттемелердің теңгерімсіздігі шиеленісіп, осының салдарынан бюджеттің тапшылығы өсті. Қайта құрудың бірінші кезеңінде, яғни 1997 жылы бюджет тапшылығы 5,1%-ды құрады.

Осы жағдайда тиісті бюджет-салық саясатын жүргізу қажет болды. Ол үшін экономикаға салынатын салық жүктемесін төмендетіп, бюджеттің әлемдік баға мен шикізат экспортына тәуелділігін азайту, сондай-ақ басымды бағыттарды анықтап, оларға қаржы ресурстарын шоғырландыруды реттеу, бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесін құру арқылы мемлекеттік қаржыны реттеу қолға алынды.

Бюджет саласының ақша-кредит жүйесімен жан-жақты өзара ықпалдасуына байланысты, нарықтық экономикада бюджет шығыстарының, бюджет тапшылығы мен мемлекеттік борыштың және ақша нарығының пайыздық ставкаларының, қор нарығының, коммерциялық банктердің активтері мен пассивтерінің, валюта бағамы мен елдің алтын-валюта резервтері параметрлерінің арасындағы өзара тәуелділіктің күрделі механизмі қалыптасады.

2. Экономиканың нақты секторына бағытталатын бюджеттік қаржы түсімдерінің үлесі.

Тағы бір маңызды макроэкономикалық арақатынас. Нарықтық экономикадағы бюджет жүйесі бюджеттің табыс базасы тұрақты әрі орнықты болуы мүмкін емес экономикалық өсу факторларының рөлі мен маңызын арттыруға бағдарлануы тиіс.

3. Бюджеттің тапшылығы (профициті) мен ЖІӨ-нің арақатынасы.

Бюджет табысы мен шығысының арақатынасы қаржы қатынастары тұрақтылығының, бюджет-салық саясаты тиімділігінің жалпы бір көрсеткіші болып табылады. Орта және ұзақ мерзімді жоспарда бюджет тапшылығы (шығыстың табыстан асуы) мен бюджеттің профициті (табыстың шығыстан асуы) жалпы мемлекеттің экономикалық саясатының тиімділігінің аса маңызды индикаторы болып табылады.

Қысқа мерзімді кезеңде бюджет тапшылығы (профициті) аса маңызды бюджет пропорциясын сипаттай отырып, бюджет жүйесінің теңгерімділігінің негізгі көрсеткішіне айналып отыр.

Бюджетті мемлекеттік реттеу процесінде оның ішкі және сыртқы пропорциясын көрсететін оның пропорциялары ерекше орын алады. Бюджет жүйесінің пропорциялары ішкі бюджеттік пропорционалдыққа жатады және мыналарды көрсетеді:

1) шоғырландырылған республикалық бюджет табысының үлесін. Ішкі пропорционалдыққа ықпал ететін себептердің ішінен мемлекеттік билік деңгейлерінің арасында өкілеттіктерді шектеу процесін жетілдіруді; заңдармен қамтамасыз етуді – Салық және Бюджеттік кодекстерді енгізуді; жалпы сипаттағы трансферттердің – тоқыраған аудандардың бюджетпен қамтамасыз етілуін тегістеу үшін республикалық бюджет арқылы бөлінетін субвенциялардың өсуін атап өту қажет. Шоғырландырылған бюджеттегі республикалық бюджет табысының үлесі бюджет саласында жүргізілген реформаның, мемлекеттік билік пен жергілікті басқару деңгейлерінің арасында бюджеттік өкілеттіктердің шектелуінің, бюджет жүйесі жұмысының құқықтық негіздерін белгілейтін Бюджеттік кодекстің қабылдануының арқасында өсті. Өңірлердің экономикалық (қаржы) әлеуетінің тең болмауының салдарынан түсім бюджеттік трансферт-субвенциялар ме-ханизмінің көмегімен республикалық бюджет арқылы қайта бөлініп алынады және әкімшілік-аумақтық бірліктің әрбір тұрғынына шағып бюджетпен қамтамасыз етуді тегістеу мақсатында бюджетті реттеуді қажет етеді.

2) шоғырландырылған бюджет шығысындағы республикалық бюджет шығысының үлесі. Жекелеген жылдары кейбір өңірлерде шығыс табыстан асып кетсе де бюджет тапшылығы жоғарғы бюджетте шоғырланғаны байқалды. Бюджет тапшылығына әкеп соқтырған себептердің қатарына экономикалық, демографиялық, табиғи-климаттық жағдайлармен, өндірістік объектілердің, табиғи ресурстардың болуымен, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның және т.б. дамуымен байланысты бірқатар факторларды жатқызуға болады;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің табыс пен шығыс ресурстарының арақатынасын;

4) жергілікті бюджеттердің шоғырландырылған бюджеттегі табыс және шығыс әлеуетінің үлесін. Мәселен, жергілікті бюджет табысының шоғырландырылған бюджеттегі үлесі 42,3-тен 31%-ға дейін төмендеді, бұл бірқатар салықтардың, атап айтқанда, ең алдымен, корпоративтік табыс салығының жоғарғы бюджетке берілуі, яғни осы салық бойынша барлық түсімнің республикалық деңгейге аударылуымен байланысты, ал жергілікті бюджеттің әлеуметтік инфрақұрылым салаларын, яғни денсаулық сақтауды, білім беруді, ТКШ-ны, мәдениет пен спортты, әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыруда атқаратын рөлінің артуына байланысты шығыстың үлесі керісінше 34-тен 47%-ға өсті;

5) бюджеттің ағымдағы шығысы (ағымдағы бюджет) және даму бюджеті шығысының арақатынасын. Ғылымды көп қажет ететін салаларды, инновациялық технологияларды, әлеуметтік инфрақұрылымды және т.б. басымды дамыту қажет болғандықтан, экономикаға инвестициялар көптеп салынды;

6) әлеуметтік-экономикалық дамудың – табыс пен шығын саясатын, қаржы активтерін басқару, бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік және кепілді борышты басқару сияқты басымды бағыттарын іске асырудың негізгі механизмдері бар үш жылғы кезеңге арналған республикалық

бюджет әзірлеу арқылы бюджеттің мемлекеттік мүддені білдіретін табыс пен шығыс бөліктерінің ішкі пропорцияларын.

Бюджеттің ішкі үйлесімділігін құрайтын осы арақатынастар ең алдымен қаржыландырылатын шығыстың нәтижелілігін арттыруға, қазынашылық мақсаттар мен бюджеттік деңгейлердегі міндеттерді іске асыру мақсатында оңтайландырылады.

Бюджет саласының қоғамдық өндіріспен, бюджеттің құрылымдық бөліктерінің (табыспен және шығыспен) макроэкономикалық көрсеткіштермен экономикалық өзара байланысын көрсететін аса маңызды пропорцияларға мыналарды жатқызу қажет:

1. Шоғырландырылған бюджет пен жалпы ішкі өнімнің бюджет арқылы қоғамдық өнім мен табыстың бөліну дәрежесін көрсететін арақатынасы. Нарық-тық экономикасы дамыған әлемдік практикада шоғырландырылған бюджеттің құрамдастарының, яғни табысының ЖІӨ-ге және шығысының ЖІӨ-ге қатынасы қарастырылатын осы арақатынасы ұдайы өседі. Шоғырландырылған бюджет табысының ЖІӨ-дегі үлесі қоғамда қаржы ресурстарының орталықтандырылуының дәрежесін білдіреді, ал бюджет шығысының ЖІӨ-ге үлесі мемлекеттің қоғамдық тауарлар мен қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігін білдіреді.

Экономика тұрақты өсіп келе жатқан жағдайда мемлекеттік бюджет үнемі толықтырылып, оның шығыстары бірнеше рет артып, жаңа тенденциялар пайда болады. Біріншіден, экономикадағы теңгерімсіздік өседі, екіншіден, шикізат тауарларының бағасы жоғарылайды, қосылған құны жоғары өндірістердің дамуы көтермеленбейді, үшіншіден, экономиканың дәстүрлі белгілері тән «қызу» тәуекелі туындайды. Атап айтқанда ішкі де, сонымен бірге сыртқы да құрамдастарға негізделетін қиын реттелетін инфляцияда, экспорттық шикізаттың бағалары жоғарылап, жылжымайтын мүлік секторына, валюта нарығына қаражат молынан ағылып, импорт өседі. Сонымен бірге еңбек өнімділігінің төмендеуі мен ішкі нарықтағы ортаның нашар бәсекелестігі оның дамымауына, тұтынушылық бағаның жылдам өсуіне себеп болады. Ресурстардың және қоғам міндеттемелерінің теңгерімсіздігін жою үшін бюджет-салық саясатының экономикаға салынатын салық ауыртпалығын төмендету, бюджеттің шикізаттың әлемдік бағаларына тәуелділігін төмендету, экономикада басымды бағыттарды дамыту, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, бюджет ресурстарын мемлекеттің тиімді басқаруын күшейту мәселесін жетілдіруді қажет етеді.

2. Экономиканың нақты секторына бағытталатын бюджет қаражатының үлесі. Осы макроэкономикалық арақатынас бюджет жүйесі мен қоғамның қаржы ресурстарының негізгі көзі – жалпы қоғамдық өнім жасалатын экономиканың нақты секторының арасындағы макроэкономикалық арақатынас. Тұрақты экономикалық өсу бюджеттің тұрақты табыс базасын қалыптастыру үшін нақты мүмкіндік жасайды.

3. Бюджет тапшылығы (профициті) мен ЖІӨ-нің арақатынасы. Бюджет тапшылығы қазіргі кезеңдегі ғаламдық проблемаға айналып отыр, соңғы 20 жылда бюджет тапшылығын төмендеткен ел санынан оның тапшылығын ұлғайтқан елдердің саны едәуір артып кетті. Дамыған елдерде осы кезең ішінде мемлекеттік бюджеттің тапшылығы ЖІӨ-нің 3,5-тен 6,3%-ына дейін, ал өнеркәсібі дамыған елдерде осы көрсеткіш ЖІӨ-нің 1,8-ден 5,2%-ына дейін артты.

Мемлекеттік бюджет тапшылығы экономикалық жүйенің тұрақтылығын сипаттайтын аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер қатарына жатады.

Мемлекеттік бюджетте тапшылықтың болуы қаржы жүйесі жағдайының индикаторы болып табылады, тапшылық қаржы жүйесіндегі барлық орын алған процестерге ықпал ете отырып бүкіл экономикалық организмнің күретамыры болып табылады. Осы ықпалдың дәрежесі ең алдымен тапшылықтың мөлшеріне, тапшылықтың туындау себебіне, сондай-ақ бюджеттің артық шығысын қаржыландырудың таңдалған тәсіліне байланысты.

Қаржы-экономикалық дамудың әлемдік тарихы бюджет тапшылығының жалпыға тән құбылыс екенін растайды. Бюджет тапшылығын социалистік және капиталистік, дамыған және дамушы, федеративтік және бірегей, демократиялық және диктаторлық мемлекеттер де бастан кешірді, келешекте де кешіретін болады.

Сондықтан әлемде өзінің даму тарихының сол немесе басқа кезеңінде бюджет тапшылығы болмаған мемлекет жоқ деп сеніммен айтуға болады.

Бюджет тапшылығының табиғаты алуан түрлі себептермен байланысты, алайда бюджет тапшылығы бюджет табысының өсу қарқынының бюджет шығысының өсуімен салыстырғанда артта қалуынан туындайды.



Сонымен бірге экономикадағы тұрақсыздық, оның күйреуі, үкіметтің қаржы-кредит саясатының тиімсіздігі және осының салдарынан қазақстандық практикаға тән өндірістің құлдырауы, өнімсіз шығыстардың өсуі, ұлттық валютаның тұрақсыздығы, инфляцияның өсуі бюджет тапшылығына себеп болып, оның нақты жай-күйін көрсетті.

Әлемдік практика дамыған экономикада бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімнің 2-3%-ын немесе бюджеттің шығыс бөлігінің 8-10%-ын құрайтынын көрсетеді. Егер тапшылықтың мөлшері осы көрсеткіштен асып кетсе, онда ол экономикада дағдарыстың, мемлекет ақшалай қаражатқа мұқтаж жағдайда үкіметтің қаржы жүйесін бақылауға қабілетсіздігін растайды. Сондықтан бюджет тапшылығын инфляцияға әкеп соқтырмайтын деңгейге дейін төмендету қажет. Мемлекеттердің бюджет-салық саясатының мақсаты бюджет тапшылығын оны көздер (ішкі және сыртқы) есебінен қаржыландыру елдің экономикалық дамуын тежемейтіндей көрсетілген деңгейге дейін төмендету болып табылады.

Бюджет тапшылығының динамикасы шаруашылық жағдаятының өндірістің кезеңді құлдырауы мен көтерілуі сияқты ағымдағы ауытқуын да көрсетеді. Қазақстанда 1993-1999 жылдар аралығында бюджет тапшылығы 1993 жылғы 1,4%-дан 1999 жылы 3,4%-ға дейін өсті, ал 2000-2004 жылдары тапшылыққа жол бермеу үшін 0,2%-ға дейін күрт төмендеді. 2005 жылы бюджеттің профициті 144 млрд теңгеден артты немесе ЖІӨ-нің 2,8%-ын құрады. Кейінгі жылдары профицит тапшылықпен алмасып, 2007 жылы бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге 1,7%-ды немесе 215 млрд теңгені, ал 2008 жылы 2,1%-ды немесе 333,2 млрд теңгені, 2009 жылы 3,4%-ды немесе 571,3 млрд теңгені құрады.

Бюджет тапшылығы экономикалық өсудің аса маңызды индикаторы болып табылады, өйткені ол бюджет жүйесінің теңгерімділігінің аса маңызды бюджеттік пропорциясын сипаттай отырып, бюджеттің табысы мен шығысын көрсетеді. ЖІӨ-нің нақты өсу деңгейі неғұрлым жоғары болса, бюджет тапшылығының деңгейі соғұрлым төмен болады.

<b>12.8.</b>	<b>Бюджетаралық қатынастар және бюджеттік бөлініс (өңірлер арасында)</b>

Бюджетті тегістеу бюджеттік федерализмнің ең өзекті проблемасы болып табылады. Бюджетті сатылас және деңгейлес тегістеу қолданылады.

Сатылас тегістеуде берілген бюджет деңгейіне бекітілген өңірлік бюджет пен табыстың шығыс өкілеттіктерінің сәйкессіздігі жойылады. Орталық үкімет кез келген өңірге қарағанда экономиканы және салық түсімдерінің көлемін реттеу мүмкіндігі болғандықтан, бюджеттік және салықтық өкілеттіктерді қайта бөліп, немесе республикалық бюджет деңгейінде шоғырландырылған қаражатты қайта бөліп, өңірлік бюджеттердің теңгерімсіздігін өтеуге тиіс.

Өңірлік және жергілікті билікке сатылас теңгерімділік қағидасына сәйкес біріншіден, оларға бекітілген функцияларды қаржымен қамтамасыз ету мен халыққа мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың немесе жеке меншік сектор арқылы тиісті қызмет көрсетуін; екіншіден, меншікті табыс әлеуетін сақтап, оны арттыру жөніндегі өзінің құқықтарын тиімді пайдалану міндетін жүктейді.

Сатылас тегістеу бюджет теңгерімділігінің барлық проблемаларын шешпей-ді, оны деңгейлес тегістеумен орайластыру керек. Бюджеттердің деңгейлес бойынша теңгерімсіздігі аумақтардың экономикалық жағынан біркелкі дамымауымен және тиісінше олардың табыс (салық) әлеуеттерінің теңсіздігімен байланысты. Барлық елдерде аумақтардың бюджетпен қамтамасыз етілу деңгейіндегі деңгейлес теңгерімсіздікті тегістеу үшін арнайы субсидиялар пайдаланылады.

Құрамына өзінің географиялық, климаттық жағдайы мен әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері бойынша әр түрлі өңірлер кіретін Қазақстанда қызмет-терді орталықтандырып көрсету тиімсіз. Еліміздің жекелеген аумақтарының әлеуметтік-экономикалық біркелкі емес дамуы, экономиканың күрделі өндірістік құрылымы, жүргізілетін макроэкономикалық саясат нәтижесінің оның жергілікті деңгейде іске асырылуына өте тәуелді болуы республикадағы мемлекеттік басқаруды жекелеуді қажет етеді.

Бюджет практикасында жалпы елдің, сонымен бірге өңірлердің экономикалық және әлеуметтік дамуының бағыттары мен ауқымдарын реттейтін құжаттарды әзірлеудің мол теориялық және практикалық тәжірибесі жинақталды. Өңірлік саясаттың ғаламдық мақсаттарына жету үшін бүкіл еліміздің, сонымен бірге оның өңірлерінің алдында тұрған өзекті міндеттерді

бірте-бірте шешу арқылы жүзеге асыру көзделеді. Ең алдымен аумақтардың тұтастығының экономикалық және қаржылық негіздерін нығайту, көп укладты экономиканы реформалау мен қалыптастыруды тереңдетуге жәрдем көрсету, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейлеріндегі айырмашылықтарды жұмсарту, шаруашылық жүргізу жағдайы қиын, экологиялық жағдайы қолайсыз және әлеуметтік шиеленіскен өңірлерді қолдау, еліміздің экономикалық аудандарға бөлінуін жетілдіру сияқты міндеттерді шешудің маңызы артып отыр.

Республикада өткен реформа жылдары қазіргі кезеңдегі нарықтық экономиканың талаптарына бейімделген, алайда орталықтандырылған негізді сақтаған мемлекеттік басқару жүйесі қалыптастырылды. Орталық жекелеген функциялар мен өкілеттіктерді, сондай-ақ аумақтың дамуына қатысты көптеген мәселелерді шешу жауапкершілігін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне ішінара берді. Мемлекеттік функцияларды бұдан да тиімді іске асыру мақсатында өкілеттіктер орталық және жергілікті билік деңгейлерінің арасында бөлінді, алайда тәжірибе көрсеткендей айтарлықтай айқын болмады.

Еліміздің қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру үшін функцияларды барлық билік деңгейлерінің арасында бұдан да айқын бөлу, реформалар жүргізу орталығын жергілікті мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлеріне көшіру мәселесін шешу керек. Өткен жылдары мемлекеттік билік жүйесін жетілдіру жөніндегі жүйелі іс-шаралар оның жұмысының тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауға, әр түрлі билік деңгейлерінің қызметін үйлестіріп, өзара ықпалдасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Еліміздің Конституциясында мемлекеттік басқару жүйесін құрудың негізін қалайтын қағидалар мемлекеттік басқарудың жекелеген салаларын, билік деңгейлері арасында мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлуді реттейтін бірқатар заң қабылданып, нормативтік-құқықтық актілердің толық пакеті нақтыланды.

Қаржы тұрақсыздығы үдеп бара жатқан жағдайда өңірлердің дамуы мен өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықты қысқарту проблемасын шешу үшін қазіргі кезеңдегі мемлекеттік саясат ауқымында қыруар қаржы мен ұзақ уақыт қажет. Аталмыш проблеманы шешу барысында жаңа әрі неғұрлым тиімді стратегиялық және тактикалық тәсілдерді қолданған орынды. Осы тәсілдің бірі ретінде республикалық орталық, өңірлер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджетаралық қатынастары жүйесін жетілдіруді атауға болады.

Бюджетаралық қатынастар барлық елдерде қолданылады. Алайда нақты елдің мемлекеттік құрылымы оны құру механизміне де, сонымен бірге қағидаларына да әсер етеді. Біздің еліміздің ерекше құрылымы бюджетаралық қатынас-тарға өз ықпалын тигізеді.

Бюджетаралық қатынастар еліміздің ішкі экономикалық кеңістігінің біркелкілігінің жеткілікті дәрежесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың бір құралы болып табылады. Бюджетаралық қатынастар жоғарғы және төменгі бюд-жеттің, сондай-ақ республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының арасындағы бюджет процесіндегі қатынастарын көрсетеді. Бюджет мемлекеттің өз функцияларын орындауын және мемлекеттік саясаттың іс-шараларын іске асыруды қамтамасыз ететін басты құралы болып табылады. Сондықтан өзара қатынастардың тұрақтылығы мен ашықтығына, сондай-ақ тиімді бюджет саясатын жүргізуге ынталандыратын қағидаларға негізделген функцияларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін жеткілікті ақшалай қаражатпен қамтамасыз ететін бюджетаралық қатынастардың оңтайлы үлгісін қалыптастыру керек.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі түпкілікті мақсатқа жетуге бағытталған болса тиімді болады. Негізгі мақсатқа мыналар жатады:

өмір сүру деңгейін арттыру, халықтың әлеуметтік қорғалуы мен бюджеттік қызметтер мен әлеуметтік кепілдіктерге тең қол жеткізу;

тұрақты экономикалық өсуге жету үшін еліміздің және оның өңірлерінің салық және ресурстық әлеуетін оңтайлы пайдалану;

әр түрлі билік арасында бюджет жүйесінің ресурстарын пайдалануға қатысты келіспеушілікті жою.

Елде жалпы экономикалық ахуал өзгерген жағдайда бюджетаралық қатынастардың мақсаттары да өзгеруге тиіс. Әлеуметтік-экономикалық жай-күйдің көрсеткіштерінің өңірлер арасындағы айырмашылықтары өскен кезеңдерде тоқыраған аудандардың саны да өседі, осы кезде бюджетаралық қатынастардың негізгі мақсаты – «нашар» өңірлердің де қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың аумақтық саралануының өсуін тежеу.

Экономика өскен кезеңдерде бюджетаралық қатынастардың негізгі мақсаты өңірлердің арасындағы айырмашылықтарды қысқарту және осы айырмашылықтарды өзін-өзі реттейтін шекке дейін жақындатып, оны еңсергеннен кейін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің нарықтық механизмдері іске қосылады.

Қазақстандық практикада бюджетаралық қатынастар ауқымында бюджеттік федерализм сияқты бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша бюджет бөлінісі іске асырылатын қатынастарды білдіреді. Бюджеттік бөлініс (өңірлер шектерінде) деп Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының арасындағы бюджеттік өкілеттіктерді, табыстар мен шығыстарды шектеу, олардың республикалық бюджет пен жергілікті билік органдарының арасында еліміздің аумағында тұратын халықтың жалпы мемлекеттік мүдделерінің біртұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігін ойластырып бөлу және қайта бөлу аталады.

Іс жүзінде әр өңірдің бюджет дербестігін, жергілікті бюджеттердің толық дербестігін сақтай отырып орталық мемлекетті құру мен оның қызметін қаржымен қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешуді орталыққа беру қарастырылады.

Бюджеттік бөліністің базалық қағидаларына мыналар жатады:

жалпы мемлекеттік және өңірлік мүдделердің біртұтастығы;

бюджет-салық өкілеттігін, табыс пен шығысты бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша шектеуде орталықтандыру мен жекелеуді үйлестіру, оларды әр түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында объективті негізде бөлу және қайта бөлу;

тиісті аумақтың салық әлеуетіне сәйкес билік құрылымының осы үшін қажетті салық ынтасын беруге байланысты бюджеттердің жоғары дәрежедегі дербестігі мен билік органының әрбір деңгейінің оның теңгерімділігі, бюджетпен қамтамасыз етілуі үшін жауапкершілігі;

өңірлердің мемлекеттің бюджет және салық саясатын қалыптастырып, іске асыруға ойдағыдай қатысуы.

Қазақстанда бюджеттік бөлініс (өңірлер арасында) 90-жылдардың басында басталды. Сол кезде жүргізілген реформалардың нәтижесінде республикалық салықтардан барлық өңірлерге бірдей аударудың біршама ресмилендірілген ережелері, қаржылай көмек көрсетудің неғұрлым объективті және ашық өлшемдері ресурстардың беталды жекеле бөлінуіне тыйым салды. Жергілікті бюджеттердің тәуелсіздігі жарияланғанымен, барлық деңгейдегі бюджеттер иерархиялық (сатылас басқарылатын) жүйені құрап, олардың әрқайсысы басқалармен байланысты болды. Заң қолданылмады, ал бюджетаралық қатынастар экономикалықтан гөрі өктемдік рөл атқарды. Кеңес билігі жылдарындағыдай жергілікті бюджеттердің табыс базасы «жоғарыдан» қалыптастырылып, жергілікті бюджеттер республикалық бюджеттен кейін ғана бекітіледі.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының әр түрлі бастапқы деңгейлеріне байланысты қалыптасқан жағдайдан шығу жолдары іздестіріліп, экономиканы тұрақтандыру үшін басқару стратегиясы таңдалды. Еліміздің өңірлерінің экономикалық дамуында елеулі айырмашылықтар бар. Өңірлердің даму деңгейін бағалағанда халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейі, қолда бар экономикалық дамудың әлеуеті, жалпы өңірлік көрсеткіштің (ЖӨК) жан басына шағылған көрсеткіші, жұмыссыздықтың өсуі, экологиялық жағдайдың нашарлауы, сондай-ақ осы және барлық көрсеткіштерді біріктіретін адамның даму индексі (АДИ) қарастырылады.

Мәселен, Атырау облысында орташа айлық еңбекақы Ақмола облысымен салыстырғанда үш есе жоғары, ал жан басына шағылған жалпы өңірлік өнім Оңтүстік Қазақстан облысының ЖӨӨ-сінен асады. Және егер мұнай өңдейтін және өнеркәсіптік өңірлерде көптеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жағдай жақсы болса, еліміздің ауыл шаруашылығы өңірлерінде (әсіресе, Ақмола, Алматы, Жамбыл) облыстарында осы өңірлердің қарқынды экономикалық дамуына қатысты ахуал әлі де мәз емес. Өңірлер бойынша жұмыссыздық деңгейінде 5 есеге дейін айырмашылық бар. Алматы және Астана қалаларының тұрғындары неғұрлым жоғары табыс алады (республика бойынша орташадан 1,9 және 1,6 есе жоғары). Өңірлердің арасында ғана емес, сонымен бірге олардың ішінде де ақшалай табыстың айырмашылығы көп. Батыс облыстарда табыстың ең жоғары және ең төмен деңгейінің арасындағы айырмашылық 3,4 есеге, солтүстік облыстарда – 2,1 есеге, шығыс облыстарда – 1,4 есеге жетеді. Экономикалық және әлеуметтік ахуал өңірлердің өзінің қаржымен қамтамасыз етілуіндегі, өмір сүру деңгейіндегі, бюджеттің жан басына шаққандағы мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған шығысының деңгейіндегі елеулі ерекшеліктердің барын растайды.

Қаржыны реттеудің қолданылатын тәсілдері мен механизмдері өңірлердің арасындағы саралануды азайтуға ықпал етпегенімен қоса, керісінше оны күшейте-ті. Енді орталықтың ғана емес, сонымен бірге өңірлердің де мүдделерін ойластыратын бюджетаралық қатынастар

механизмін құру қажет болды. Сондықтан Қазақстанда бюджеттік бөліністің (өңірлер арасында) жұмысқа қабілетті жүйесін құрудың негізгі бағыттарында, өңірлер биліктерінің еліміздің аумағында Конституцияда қарастырылған әлеуметтік кепілдіктерді сақтай отырып салықалы әрі жауапты бюджет саясатын жүргізуге ынталандыратын өңірлер бюджеттерінің дербестігін қамтамасыз ету көзделеді.

Бюджет қатынастары реформасының негізгі бағыттарын төмендегі іс-шаралар бойынша топтастыруға болады.

Әр түрлі билік деңгейі арасындағы шығыс өкілеттіктері мен жауапкершілікті бұдан да айқын шектеуді дайындау.

Бюджетаралық қатынастарды реформалау қабылданатын заңдар мен Қазақстан Республикасы Конституциясының өзге нормативтік-құқықтық актілерін мүлтіксіз сәйкестікте республикалық та, өңірлік деңгейде де заңнама базасын бірте-бірте жетілдіру негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бюджетаралық қатынастарды жақсартуда олардың басымды бағытынан өңірлерді трансферттермен қамтамасыз етілуін тегістеуге бірте-бірте көшуде олардың бюджеттік дербестігін нығайту үшін жағдай жасауға, өңірлік және жергілікті биліктің меншікті табыс көздерін кеңейтіп, нығайтуға мүдделілігін арттыру үшін жағдай жасауға ерекше назар аудару.

Экономиканы қаржыландыруда салалық және аумақтық басымдықтарды оңтайлы үйлестіруге кепілдік берілуі тиіс.

Өңірлерді қаржымен қолдау механизмдерінде оның мөлшерін анықтау үшін қолданылатын теңгермелі және нормативтік-үлестік әдістерден аумақтардың басымдығын анықтау мен осы қолдауды көрсетудің әр түрлі нысандары мен тәсілдерін қолданудың үйлестірілген тәсілдемесін оралымды қолдануға көшу керек. Бюджетаралық қатынастар орталық пен өңірлер мүдделерінің балансына жетуге, мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлерінің өңірлердің экономикасын дамытуға мүдделілігін арттыруға және жергілікті бюджеттерге түсімнің тұрақты түсуін қамтамасыз ету үшін жетілдіріледі. Қазіргі уақытта қолданылатын бюджет деңгейлері арасындағы табыс пен шығысты бөлу жүйесінің бұрынғы жүйелермен салыстырғанда бірқатар артықшылығы бар. Табыс көздерінің әрбір салық түріне бөлінбей республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында анық бөлінуі қамтамасыз етіліп, оларды ұтымды пайдалану бағыттары шектелген.

Бюджетаралық қатынастар республикалық және жергілікті бюджеттер арасында трансферттермен және бюджеттік кредиттермен реттеледі. Трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, мақсатты ағымдағы трансферттерге, дамуға арналған мақсатты трансферттерге бөлінеді.

Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысанын анықтау процесінде бюджеттің әрбір деңгейінің салық әлеуеті, өңірлердің объективтік бюджеттік мұқтаждары, бекітілген табиғи нормалар ескеріледі. Субвенция бөлу мен бюджеттік алу арқылы, яғни жалпы трансферттер есебінен жергілікті бюджеттердің теңгерімділігіне қол жеткізіледі.

Бюджеттік субвенциялар – бұл жоғарғы бюджеттен төменгі бюджетке рес-публикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сома шектерінде берілетін сома.

Бюджеттік алу деп төменгі бюджеттен жоғарғы бюджетке республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сома шектерінде берілетін трансферт аталады (12.8-кесте).

Жалпы трансферттердің көлемі үш жылдық кезеңге бөлініп белгіленеді және тиісті жергілікті бюджеттің табыс пен шығыс көлемінің айырмасы ретінде анықталады.

12.8. Субвенциялар мен бюджеттік алудың 2005-2009 жылдардағы көлемі\* млн теңге

Облыстар	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
Бюджеттік алу	95008	119477	151499	817521	89922
Ақтөбе	1371	1601	1079	–	–
Атырау	28989	35621	43062	15467	20192
Қостанай	9478	–	–	–	–
Маңғыстау	15989	19440	24437	42493	5342

Алматы қ.	45358	56508	72310	52400	55811
Астана қ.	3301	6306	10611	9634	8576
Субвенциялар	133027	153150	192791	449066	526927
Ақмола	13865	15959	19617	31498	35399
Алматы	15419	17708	22186	48921	60034
Ақтөбе	–	–	–	15722	17544
Шығыс Қазақстан	15469	17610	22189	46936	54083
Жамбыл	15059	17396	21326	44197	52049
Батыс Қазақстан	7665	8490	11173	20212	21712
Қарағанды	5026	5909	7678	35715	40621
Қызылорда	11009	12330	14812	3616	42159
Қостанай	9478	10935	13415	33661	37721
Солтүстік	11461	13367	16546	31031	34097
Павлодар	1259	1618	3811	14677	16370
Оңтүстік	27317	31828	40039	90331	115133

\* ҚР Қаржы министрлігінің деректері бойынша

Субвенциялық облыстардың қатары жылдан жылға, өкінішке орай, кемімей, керісінше, көбейіп келеді, сонымен бірге талданатын кезеңде бөлінген қаржы ресурстарының мөлшері де 35,5 млн теңгеден 1333 млн теңгеге, яғни 3,5 есеге жуық өскен. Бұрынғыдай Алматы қаласы, Маңғыстау және Атырау мұнай өндіретін облыстар ірі республикалық «донор» болып қалып отыр. Кестеден жалпы трансферттердің айтарлықтай өскені байқалады, яғни 2002 жылы олардың үлесі табыс базасының жалпы мөлшерінің 20,3%-ын, 2003 жылы – 25,7%-ын, 2005 жылы – 37%-ын, 2008 жылы – 48%-ын құрады, яғни жергілікті бюджеттің жоғарғы бюджеттің қолдауына тәуелділігі артып келетіні байқалады.

Өңірлерге көмек көрсетудің қолданылатын механизмдері кейбір өңірлерді басқа өңірдің асырауында болуына үйретеді, ал екінші өңірді дамуға деген ынтадан айырады, өңірлердің арасындағы айырмашылықты тегістеуге емес, керісінше осы айырмашылықтарды күшейте түсіп, қаржы ресурстарын одан да көп бөлуді талап етеді.

Бюджетаралық қатынастардың біршама динамикасы дамып, соңғы жылдары жетілдірілгеніне қарамастан, көптеген проблемалар әлі де шешімін таппай келеді. Әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің дербестігін, экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету мен бюджеттік жауапкершілікті осы проблемалардың қатарына жатқызуға болады. Соңғы жылдардың практикасына сүйенетін болсақ, бюджет жүйесінің нығаймағанын, оның орнына реципиент-өңірлер санының көбейгені, сондай-ақ бюджеттердің дербестікке ие болмай, оның ессіне салық ресурстарының республикалық бюджетке тартылуы байқалады.

Тегістеуші трансферттер жүйесі барлық бюджетаралық қатынастарды реформалауда шешуші рөл атқаруы тиіс. Сонымен бірге тегістеуші трансферттер – бюджетаралық жүйенің бөлігі ғана, сондықтан олар бүкіл жүйенің функцияларын орындамайды. Тегістеуші трансферттер өңірлердің арасындағы бюджеттік түсімдер теңсіздіктерінің мөлшерін азайтып, барлық өңір халқының кемінде жергілікті деңгейде көрсетілетін ең аз қызметтердің түрін алуын қамтамасыз етуі тиіс.

Кез келген бюджетаралық қатынастар жүйесі осы екі міндетті орындайды.

12.9.	<b>Бюджеттік қатынастарды және бюджет процесін жетілдіру. Бюджеттендіру</b>
-------	---------------------------------------------------------------------------------

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржылық қағадағалауды реттеу агенттігінің бірлескен тұрақтандыру іс-қимылының жоспары (2008 жылғы қараша) ғаламдық дағдарыстың келеңсіз салдарын Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға тигізетін ықпалының салдарын жұмсартып, ұлттық экономиканың келешекте сапалы экономикалық өсуі үшін қажетті жағдай жасау мақсатында жасалды. Тұрақтандыру жоспарын іске асыру ауқымында мемлекет экономикаға 2,2 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 20%-ға жуығын инвестициялайды. 480 миллиардқа жуық теңге қаржы секторын тұрақтандыруға бағытталады, мұның өзі қаржы институттарының өтімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, негізгі бөлігі Қазақстанның энергетикалық және көлік проблемаларын шешуге бағытталатын 19 ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға 2,6 млрд доллар бөлінеді. Бұл халықты жұмыспен, кәсіпорындарды – тапсырыспен, ал бюджетті – тиісті салықтармен қамтамасыз етеді.

Әлемдік қаржы және экономикалық дағдарыстың салдарынан туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан, әлеуметтік ортаны дамыту мен халықтың аз қорғалған топтарын қолдауға ерекше назар аударылатын болады.

Қазіргі уақытта бюджет саясатының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

бюджет жүйесінің ұзақ мерзімді кезеңдегі теңгерімділігін қамтамасыз ету. Бұл ретте мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға ерекше көңіл бөлінеді;

бюджет шығысының нәтижелілігін арттырып, оларды соңғы нәтижеге бейімдеу;

орта мерзімді бюджеттік жоспарлаудың рөлін арттыру;

бюджет қаражатын негізгі бөлушілердің жауапкершілігін арттыру және дербестігін кеңейту;

республикалық және жергілікті мұқтаждық үшін мемлекеттік тапсырыс беру жүйесін жетілдіру.

Бюджет жүйесінің осы және басқа да міндеттерін бюджет процесін ұйымдастырудың республиканың үш жылғы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджет параметрлерінің болжамдарын пайдалану қарастырылған жаңа қағидаларын қалыптастырумен, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларымен үйлестіру керек.

Соңғы оқиғаларға сәйкес қоғамдық қаржыны басқару тәсілдемелері реформалануда. Бюджет процесінің негізін «бюджет ресурстарын (шығынды) басқарудан» орта мерзімді бағдарлар ауқымында бюджет процесіне қатысушылардың және бюджет қаражаты әкімшілерінің жауапкершілігі мен дербестігін арттыру арқылы «нәтижені басқаруға» көшу идеясы іске асырылуда («нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру» – НББ тұжырымдамасы).

«Ресурстарды басқару» тұжырымдамасының ауқымында бюджет негізінен бюджеттік жіктеу баптарына бөлінген қазіргі бар шығындарды индекстеу арқылы қалыптастырылады. Бюджеттік шектеулерді қатаң сақтаған жағдайда бюджеттің және бюджеттік жобалардың теңгерімділігі қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге бюджет шығыстарының күтілетін нәтижелері негізделмейді, ал бюджетті басқару тек нақты және жоспарлық көрсеткіштердің сәйкестігін бақылаумен шектеледі.

«Нәтижелерді басқару» тұжырымдамасының ауқымында бюджет мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен жоспарланған нәтижелеріне орай қалыптастырылады.

Бюджет қаражаты функциялармен (қызметтермен, қызмет түрлерімен) тығыз байланысты. Оларды жоспарлағанда бюджеттік бағдарламалар ауқымындағы олардың соңғы нәтижесіне ерекше назар аударылады, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің дербестігі мен жауапкершілігі кеңейеді. Ұзақ мерзімді қаражаттың ауыспалы лимиті белгіленіп, олар орта мерзімді қаржы жоспарының ауқымында жыл сайын нақтыланады, белгіленген функциялар мен бағдарламаларға арналған қаражаттың жалпы сомасы қалыптастырылады, осының негізінде бюджет қаражатының әкімшісі ресурстар пайдаланылатын бағыттарды пысықтайды. Ресурстарды (қызметкерлерді, жабдықтарды, үй-жайларды және т.б.) пайдалануды оңтайландыру үшін жағдай жасалады. Басымдық ішкі бақылауға беріледі, шешім қабылдау жауапкершілігі төменгі деңгейлерге жүктеледі. Қаржы мен қызмет нәтижесіне мониторинг пен кейінгі сыртқы аудит жүргізіледі, мұның өзінде бюджет қаражаты әкімшілерінің қызметі қол жеткізілген нәтиже бойынша бағаланады.

Әлемде кеңінен қолданылатын орта мерзімді қаржылық жоспарлау ауқымындағы «нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру» тұжырымдамасы (үлгісі) бюджет процесінің жаңа ұйымының негізіне айналады. Ол бюджет ресурстарын бюджет қаражаты әкімшілерінің және (немесе) өзі іске

асыратын бюджеттік бағдарламалардың арасында әлеуметтік-экономикалық саясаттың орта мерзімді басымдықтары мен бюджет ресурстарына (шығыс «шегі» шектерінде) сәйкес нақты нәтижелерге (көрсетілетін қызметтерге) қол жеткізуді ескеріп немесе оған тікелей байланысты бөледі.

Бюджетті жоспарлаудың көрсетілген әдістерінің дамуымен және бюджет шығысы нәтижелілігінің мониторинг жүйесін құрумен қатар осы үлгіде бюджет қаражатының әкімшілері басқаратын қаражаттың мөлшері мен құрылымын өзгертудің, оның көлемінің болжамын арттырудың нақты ережелері белгіленіп көп жылғы бюджеттік жоспарлау қарастырылады. Осыған байланысты шығыс міндеттемелерді олардың тағайындалу дәрежесі мен олардың орындалуын жоспарлау ережесіне сәйкес топтастыру қажет. Бюджетті жасау мен оны бекіту рәсімі нақты шығыс басымдықтарын әзірлеп, олардың іске асырылуын бағалауға бағдарланады және жоспарланған жайғасымды ірілендіреді және бюджет құжаттарының тізімі мен форматын өзгертіп, атқарушы органдардың бюджетті атқарудағы өкілеттігін айтарлықтай кеңейтеді.

## ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Бюджет*  
*Нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру*  
*Бюджет жүйесі*  
*Бюджеттік тегістеу*  
*Бюджеттік кодексе*  
*Бюджеттік пропорциялар*  
*Бюджет әлеуеті*  
*Бюджет процесі*  
*Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар*  
*Бюджет табысы мен шығысы*  
*Қазынашылық бюджет жүйесі*  
*Шоғырландырма бюджет*  
*Бюджетаралық қатынастар*  
*Әлемдік қаржы дағдарысы*  
*Тұрақтандыру қоры*  
*Қаржы жүйесі*  
*Қаржы*

## 13-ТАРАУ. САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі заманғы нарықтық экономикалық жүйелерде салықтар ерекше рөл атқарады. Олар бюджеттің табыс бөлігін құрайды, сонымен бірге олар қаржы жүйесінің барлық негізгі буындарына кіріп, қоғамдағы қаржы қатынастарын қалыптастырып, негіздейді. Салық жүйесінің оңтайлылығы мен еліміздің экономикалық жағдайына, ұлттық экономикасының экономикалық қағидаларына экономика буындары қызметінің тиімділігі, кәсіпкерлік ынтаның дамуы мен мемлекет қажеттілігінің қанағаттануы байланысты. Қазақстанның ұлттық экономикасында ұлттық экономикалық жүйені қалыптастырудың маңызды тұтқасы болуына орай салық пен салық жүйесінің маңызы артып отыр.

13.1.	Салықтардың мәні мен негізгі белгілері

Салықтардың пайда болуы мемлекеттің пайда болуымен байланысты, атап айтқанда оның институттары қалыптасу үшін қаржы ресурстарының қорларын және осы қорларды құруы мүмкін құралдарды қалыптастыру қажет. Салықтар осы құрал ретінде пайда болып, бастапқыда мемлекеттің функцияларын қамтамасыз етуге арналған қаржы әлеуетін (қаржы ресурстарының қорын) қалыптастыру үшін қажет болды. Мемлекеттің дамып, оның функцияларының кеңеюіне орай салықтардың рөлі артты, алайда салықтардың бастапқыдағы тағайындалуы мен олардың маңызы сақталып қалды.

Салық экономикалық санат ретінде бір жағынан мемлекет пен екінші жағынан жеке және заңды тұлғалардың арасында жаңадан жасалған өнімді қайта бөлу және мемлекеттің иелігіне оның құнының бөлігін міндетті түрде шеттету процесінде ұдайы болатын (қайта жалғасатын) экономикалық қатынастарды білдіреді.

Салықтардың нақты түрлері, деңгейі, ставкалардың деңгейі, жеңілдіктер жүйесі, салықтарды мемлекеттік жүйе деңгейлері бойынша бөлу сол немесе басқа елдің, оның қаржы-экономикалық саясатына орай анықталады. Салықтар салық, сондай-ақ салық төлеміне теңестірілген жиындар ұғымына анықтама беретін салық заңнамасын қабылдау арқылы белгілінеді.

Салық қатынастары құрылымы бойынша қаржы қатынастары жүйесіне кіреді, алайда олардың ерекше түрі ретінде олардың салыққа тән айрықша белгілері болады. Мұндай белгіге салықты төлеу міндеттілігі (мәжбүрлілігі), тегіндігі мен баламасыздығы жатады.

Салық төлеу міндет болып табылады және салық төлеушіге мемлекет тарапынан міндеттемені орындағаны үшін ешқандай құқық берілмейді. Салық төлеуші бюджеттен қаражат алған жағдайда да, салық төлеу міндеті мен бюджет қаражатын алу құқығының арасында заңда белгіленген өзара тәуелділік болмайды.

Қазақстанда салықтың нормативтік анықтамасы Қазақстан Республикасының Салық кодексінде (12-баб, 1-тармақ, 34-тармақша) берілген. Салық – мемлекет бір жақты тәртіппен белгілеген бюджетке белгіленген мөлшерде, қайтарымсыз және тегін негізде төленетін ақшалай төлем.

Салықты сипаттау үшін көбінесе «жиын», «төлем», «баж» деген терминдер қолданылады. Сондықтан осы ұғымдарды ажырата білу керек.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде жиын, баж, төлем бюджетке белгіленген мөлшерде аударылатын міндетті аударым деп айтылған.

Салық пен жиынның негізгі ерекшелігі мынаған байланысты:

Салық тегін және баламасыз. Ал жиын біршама баламалы төлем болып табылады, яғни субъект жиынды төлеп оның орнына, белгілі бір құқық, мәртебе немесе мемлекеттен рұқсат алады. Мысалы, лицензиялық жиын төлеушіге белгіленген қызмет түрімен айналысуға құқық беретін лицензия бергенде өндіріледі.

Жиын бір жолғы төлем болып табылады, ал салық тұрақты әрі ұзақ уақыт бойы қатынастарға тән.

Жиын төлеу – ерікті түрде төленсе, салық мәжбүрлі түрде төленеді.

Салық пен төлемнің айырмашылығын қарастыратын болсақ, төлем – мемлекетке өзінің меншігіндегі объектілерді пайдалану үшін төленетін төлем. Төлем – тұлға сол немесе басқа



объектіні пайдалану құқығын алатын ақылы және балама төлем. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде төлемнің бірнеше түрі, яғни жер телімін пайдалану төлемі, су ресурстарын пайдалану төлемі, жер үсті көздерін пайдалану төлемі, жануарлар әлемін және т.б. пайдалану төлемі қарастырылған.

Мемлекеттік баж – уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар заңды маңызды іс-қимыл және (немесе) құжат бергені үшін өндіретін міндетті төлем. Ол адамның жеке басын растайтын құжат бергенде, жүргізуші куәлігін бергені, нотариалдық іс-қимыл жасағаны және нотариалдық расталған құжаттардың көшірмелерін бергені үшін өндіріледі. Сөйтіп, салық пен төлемнің айырмашылығына келетін болсақ, салық мемлекет тарапынан нақты қызмет алумен байланысты, сондықтан біршама балама сипатта жасалады. Мемлекеттік аппарат осы қызметті көрсеткенде жұмсайтын шығынның сомасына сәйкес есептелетін өз бағасы болуы мүмкін болса да, аталмыш қызметтің тауарлық құны болмайды. Демек, баж, міндетті төлем ретінде, мемлекеттік аппараттың сол немесе басқа қызмет көрсеткен кездегі шығысын өтеуге тиіс, яғни ол қазынашылық функция атқармайды және табыс әкелмейді, тек шығысты өтейді. Ал салықтың атқаратын басты функциясы – қазынашалық функция.

<b>13.2.</b>	<b>Салық жүйесі және оны құру қағидалары</b>

Салық жүйесі деп заңда белгіленген салықтардың, сондай-ақ оларды белгілеу, өзгерту мен алып тастау; сондай-ақ салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесінің қағидалары, нысандары мен әдістері жиынтығы аталады. Салық жүйесі мен салық механизмі салық жүйесінің басты, тығыз байланысты әлменеті болып табылады.

Салық жүйесі – бұл мемлекет аумағында сол немесе басқа кезеңде өндірілетін салықтардың, жиындардың, баждардың және салықтарға теңестірілген басқа да төлемдердің жиынтығы. Қазақстандық және әлемдік практикада бюджет табысының көбін қалыптастырылатын негізгі салыққа қосылған құн салығы, корпоративтік табыс салығы, заңды тұлғалардың пайдасына салынатын салық, жеке тұлғалардың табыс салығы, кеден баждары, әлеуметтік қорларға төленетін төлемдер, сатудан төленетін салық, жылжымайтын мүлікке (немесе мүлікке) салынатын салық жатады.

Салық механизмі деп салық заңнамасын орындауға бағытталған ұйымдастыру-құқықтық сипаттағы барлық құралдар мен әдістердің жиынтығы аталады. Салық механизмі арқылы мемлекеттің салық саясаты іске асырылады, салық жүйесінің негізгі сандық және сапалық сипаттамалары, оның нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді орындауға мақсатты бағытталуы қалыптастырылады.

Салық механизмінде салық салу механизмі (салық ставкаларының деңгейлері, жеңілдіктер жүйесі, салық салынатын базаны есептеу тәртібі, салық салынатын объектілердің құрамы мен салықтарды есептеумен байланысты басқа да элементтер) маңызды рөл атқарады. Салық салу механизмін (сол немесе басқа салықты есептеу тәртібін) өзгерту арқылы салық жүйесін жаңартуға, мысалы, салықтардың саны мен түр құрамын өзгертпей, оның құрылымын өзгертуге болады, бұл үшін ең маңызды салықтардың ставкаларын өзгерту қажет болады. Алайда әлемдік практикада басқа тәсіл қолданылады, атап айтқанда салық жүйесі мен ставкалардың деңгейі тек өте қажет жағдайда ғана өзгереді, алайда салық жеңілдіктері жүйесі жиі қайта қаралады. Салық жеңілдіктері біршама қысқа мерзімге, яғни 2-3 жылға белгіленеді, осы мерзім өткеннен кейін жеңілдіктер өз-өзінен қолданылуын тоқтатады, алайда жеңілдіктердің мерзімі ұзартылуы да мүмкін. Салық төлеушілер құрамының, салық төлейтін объектілердің және т.б. есебінен салық төлеу базасын өзгерту арқылы салық жүйесінің бағытын біршама өзгертуге болады.

Салық жүйесін құрудың жалпыға танылған әділ (тең) салық салу, салықтардың белгіленуі мен дәлдігі (салықтардың көлемі, мерзімі, есептеу тәсілі мен тәртібі нақты белгіленіп, салық төлеушіге түсінікті болуы тиіс); салық төлеу мерзімі мен тәсілінің қолайлылығы; салық жинаудың үнемділігі (тиімділігі мен оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыс сол немесе басқа салық түрінде мемлекеттің табысына түсетін сомалардан біршама аз болуы тиіс) сияқты қағидалары қолданылады.

Салық жүйесінің ең басты қағидасының бірі әділдік қағидасы болып табылады.

Қазіргі уақытта салықтардың әділдігіне қатысты екі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасқа сәйкес, салықтар сатылас және деңгейлес тендік негізінде анықталуы тиіс, яғни табыс деңгейіне,

осы табысты алу жағдайлары мен басқа да факторларға қарамастан барлық салық төлеушілер үшін бірдей болуы тиіс. Мұның өзінде салық ставкаларының деңгейі барынша төмен (мүмкіндігінше ең төмен), жеңілдіктер де өте төмен, тіпті олар болмауы да тиіс. Екінші көзқарасқа сәйкес, керісінше, салық ставкаларының атаулы деңгейі маңызды емес (өте жоғары болуы да мүмкін), алайда салықтардың көп жеңілдіктері және салық ставкалары табыстың деңгейіне орай саралануы тиіс.

Дамыған елдердің практикасында салық жүйелері көбінесе сатылас және деңгейлес әділдік қағидасына негізделеді.

Негізгі салық ставкасының саралануы – табыстың деңгейіне байланысты прогрессивтік салық ставкалары түрінде тікелей нысанда кеңінен таралған құбылыс (мысалы, АҚШ-та табыс салығы осылай өндіріледі); жасырын нысанда – негізінен жеңілдіктер жүйесі арқылы; кейде тікелей және жасырын нысанда бір уақытта қолданылады.

Салық жүйесін құрудың жалпы (классикалық) қағидаларымен қатар салық теориясында бірқатар арнайы (жеке) қағидалар да әзірленген. Осы қағидалардың қатарында салық заңнамасының тұрақтылығы; салықтарды бір рет өндіру; шаруашылық жүргізудің ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен меншік түріне қарамастан салық төлеушілерге тең қаржы талаптарын қою; салық ставкаларының оңтайлы деңгейі; салық жеңілдіктері жүйесінің негізділігі; салық функцияларының оңтайлы үйлесуі (бюджет табысындағы тікелей және жанама салықтардың) және т.б. бар.

Федеративтік мемлекеттік құрылымды елдерде жұмыс істейтін басқа салық жүйелерінде салық жүйесінің біртұтастық қағидасы қолданылуда. Осы қағида бүкіл мемлекеттің аумағында біртұтас сипаттаманың бірі болып табылады; мемлекеттік биліктің өңірлік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін салықтық өкілеттіктер жеке өңірлік салық жүйесін қалыптастыруға және осылайша біртұтас салық кеңістігін бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Алайда салық әлеуеті жеткіліксіз өңірлерде басқа өңірлердің асырауына үйренуіне жол бермеу және жаңа резервтерді, өздерінің қаржы-экономикалық әлеуетін өсіру жолдарын іздестіруді ынталандыру үшін өңірлер мен муниципалдық құрылымдар деңгейінде біршама салықтық дербестікке жол беріп, оның орын-дылығына негіздейтін басқа да көзқарас қолданылады.

Салық жүйесін құратын қағидалар салықтардың өз функцияларын тиімді орындау үшін жағдай жасауы тиіс.

Мемлекет өзінің салық қызметі процесінде қандай қағидаларды басшылыққа алуы тиіс екеніне қатысты көп ғылыми доктрина мен теория бар. Осы қағидалардың тізбесі мен олардың сипаттамасына тарихи ахуал, ел экономикасының даму деңгейі, салық саясатының ерекшелігі ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде келесі 5 салық салу қағидасы аталады:

- салық төлеудің міндеттілігі;
- салық салудың белгілілігі;
- салық салудың әділдігі;
- салық жүйесінің біртұтастығы;
- салық заңнамасының жариялылығы (СК-ның 4-бабы).

Осы қағидаларды қолдану үшін салық салудың Қазақстан Республикасы Конституциясының азаматтардың құқығына қатысты нормативтік-құқықтық актілерді ресми түрле жариялау қажет деп белгіленген соңғы қағидасын заңды қағидаға жатқызуға болады. Осы қағиданы мемлекет өзінің мүддесіне белгілеген, себебі мемлекет салықтардың толық әрі уақытылы төленуіне мүдделі болғандықтан, ол салық төлеушілерді салық заңнамасының мазмұны туралы хабардар етеді.

<b>13.3.</b>	<b>Салық жүйесінің функциялары</b>

Салық жүйесінің біртұтас бүтін және әрбір жеке салық сияқты бірқатар функциялары бар. Салық жүйесінің функциялары салықтардың объективтік функцияларының туынды функциясы болып табылады.

Салық теориясында, ең алдымен, қазынашылық функция маңызды рөл атқарады. Басқа функциялар қатысында қазынашылық және бақылау функциясын қоспағанда қайсыбір басқа функцияларды жоққа шығарудан бастап олардың санын шамадан тыс асыруға дейінгі әр түрлі пікірлер қалыптасқан.

Осыған байланысты салық жүйесінің атап өтілген қазынашылық, макроэкономикалық (реттеуші), бөлуші, әлеуметтік, ынталандырушы, бақылау сияқты функцияларының маңызы танымды.

Қазынашылық функция мемлекеттік бюджет жүйесін табыспен қамтамасыз етеді және мемлекеттің ерекше бақылауы мен ықпалында, оның қаржы саясатының ортасында болады. Мемлекет бюджет (қазынашылық) саясатын іске асырып салық көздерін барынша көбейтуге тырысады, ал мұның өзі салық жүйесі мен салық саясатының басқа да функциялары мен міндеттерінің алдында қазынашылық функциялардың басым болуына әкеп соқтырады.

Салық пен салық саясатының реттеуші функциясы макроэкономикалық процестерді, жиынтық сұраныс пен ұсынысты, өсу мен жұмыспен қамтудың қарқынын реттейді.

Салық жүйесінің бөлуші функциясы бағалармен, табыстармен, пайызбен, акциялар бағамының динамикасымен және т.б. байланысты.

Салықтар ұлттық табысты, заңды және жеке тұлғалардың табысын бөлудің және қайта бөлудің аса маңызды құралы болып табылады. Салықтарды бөлу функциясы табыстарды ғана емес, сонымен бірге капиталды, инвестициялық ресурстарды бөлуге ықпал етеді.

Салықтардың әлеуметтік функциясы көп аспектілі рөл атқарады. Қазақстан жағдайында салық жүйесінің әлеуметтік функциясы мемлекеттің халық алдындағы едәуір міндеттемені алып жүруімен байланысты. Батыс елдерінде салық жүйесінің жеке меншік қаражат есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік функциясын (білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақы шығыны, әлеуметтік сақтандыру және т.б.) Қазақстанда салықтар есебінен мемлекет қаржыландырады. Салықтардың әлеуметтік функциясы салық жеңілдіктері мен салық ставкалары (ҚҚС, корпоративтік салық, жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы және т.б.) механизмі арқылы да көрінеді, яғни ол салықтың ішкі қолданылу механизміне кіреді.

Салық жүйесінің ынталандырушы функциясы аса маңызды, сонымен бірге ең «қиын үйлестірілетін» функция болып табылады. Оның заңды және жеке тұлғалардың экономикалық мүдделерімен тікелей өзара ықпалдасуына байланысты ол микроэкономикалық реттеу функциясы деп те аталады. Кез келген басқа функция сияқты ынталандырушы функция салық механизмінің ерекше нысандары мен элементтері, яғни жеңілдіктер мен сыйақылар жүйелері, тыйым салу мен шектеу ставкалары және салық механизмінің басқа да құралдары арқылы қолданылады.

Салықтардың бақылау функциясы қорғаныс функциясын атқарады, ол мемлекет пен кәсіпорындардың салық қатынастарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етеді. Бақылау функциясысыз салықтардың басқа функциялары жүзеге асырылмайды немесе оларды іске асыру негізсіз. Салықтардың бақылау функциясы құқықтық механизмдерге сүйене отырып мемлекеттік билік пен заңның күшіне бағыну негізінде ғана тиімді іске асырылады.

Қазақстан Республикасында салық жүйесі реформалаудың келесі бірнеше кезеңінен өтті.

Бірінші кезеңде (1991 жылғы желтоқсан – 1995 жылғы сәуір) Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі салық жүйесін қалыптастыру міндеті шешілді. Салық салуды құқықтық реттеу үшін базалық болып табылатын Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Заңы, сондай-ақ салықтардың жекелеген түрлеріне арналған бірқатар заңдар қабылданды. Салық жүйесіне салықтардың үш түрі кіретін болды:

17 жалпы мемлекеттік салық;

10 жалпыға міндетті жергілікті салық пен жиын;

17 жергілікті салық пен жиын.

Салық жүйесін дамытудың екінші кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы 24 сәуірдегі заң күші бар Жарлығы Қазақстанның меншікті қаржы жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Ең бастысы салық салу жүйесі айтарлықтай оңайлатылып, салықтардың саны 54-тен 11-ге дейін азайтылды, қосылған құн салығы қосылды.

Осының нәтижесінде қоғам мен экономикаға салынатын салық ауырпалығы айтарлықтай жеңілдеп, кейінгі жылдары Қазақстан экономикасының жоғары қарқынмен дамуына септігін тигізді.

Дамудың үшінші кезеңінде, яғни 2001 жылғы 12 маусымда ҚР Салық кодексі қабылданып, ол 2002 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

Осы Кодекс біріншіден, жекелеген салық түрлерін, сондай-ақ жиын және төлем сияқты төлемдерді құқықтық жағынан тәртіптеу; екіншіден, салық заңнамасына салық міндеттемесі,

салық өкілдігі сияқты жаңа қазіргі заманғы институттарды енгізу қажеттілігі; үшіншіден, салық берешегін өтеу механизмін және салық заңнамасын бұзғаны үшін заң жауапкершілігі механизмін жетілдіру мақсатында қажет болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде осы бұзушылық үшін жауапкершілік көзделген.

Салық жүйесін дамытудың төртінші кезеңінде жаңа Салық кодексі қабылданып, ол 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

Осы Салық кодексі экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға, бизнестің «көлеңкеден» шығуына ықпал ететін болады.

Жаңа Салық кодексінде:

тікелей іс-қимыл жасау заңының қағидасын іске асыру;

экономиканың шикізат емес секторына түсетін жалпы жүктемені төмендету;

экономиканы жаңғыртып, әртараптандыруға ықпал ететін жағдай жасау;

салықтық әкімшілікті жетілдіру мен салық рәсімдерін оңайлату арқылы бизнесті жүргізу жағдайын жақсарту қарастырылады.

<b>13.4.</b>	<b>Салықтардың түрлері мен жіктелуі</b>

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінде салықтардың, жиын-дардың, төлемдердің мынадай түрлері белгіленген:

1) салықтар:

корпоративтік табыс салығы;

жеке табыс салығы;

қосылған құн салығы;

акциздер;

экспортқа салынатын ренталық салық;

жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары;

элеуметтік салық;

көлік құралдарына салынатын салық;

жер салығы;

мүлік салығы;

ойын бизнесінің салығы;

тіркелген салық;

бірыңғай жер салығы;

2) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер:

мемлекеттік баж;

жиындар;

тіркеу жиыны;

автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүру жиыны;

аукциондар жиыны;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығын беретін лицензиялық жиын;

телевизиялық және радиохабар тарататын ұйымдарға радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат беру жиыны;

төлем;

жер телімін пайдалану үшін;

жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін;

қоршаған ортаға эмиссия үшін;

жануарлар әлемін пайдалану үшін;

орманды пайдалану үшін;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін;

радиожілік спектрін пайдалану үшін;

қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс үшін;

кеме жүретін су жолдарын пайдалану үшін;

сыртқы көрнекі жарнама орналастыру үшін.

Салықтардың құрылымын сипаттау үшін салық жіктемесін пайдалануға болады. Салық жіктемесінің қағидаларына сәйкес салықтардың құрылымы келесідей бөлінуі мүмкін. Салық салу

объектісіне байланысты – тікелей және жанама; өндіру деңгейі бойынша (бюджет жүйесінің буыны бойынша) – республикалық, өңірлік және жергілікті; төлем субъектісіне байланысты – жеке және заңды тұлғалардан; мақсатты тағайындалуына байланысты – жалпы (бюджеттің нақты шығысына функционалдық байланыссыз) және мақсатты; төлем көзіне – табыстан, сатудан түскен пайда мен түсімнен; алу тәсіліне – көзден және салық декларациясынан. Қажет болған жағдайда әрбір салық тобы сол немесе басқа белгі бойынша егжей-тегжейленуі мүмкін. Мысалы, тікелей салықтың құрамында табыс, мүлік, ресурстық (ренталық); жанаманың құрамында – акциздер, олар өз кезегінде жеке – жекелеген түрлер мен тауарлық топтарға және әмбебапқа және т.б. бөлінеді.

Салық жіктелуі тиісті салықтар мен олардың топтарының тиімділігі мен келешектегі маңызын бағалау тұрғысынан, бюджеттің табысын қалыптастырудағы әрбір салықтың және әрбір салық тобының рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ салық жүйесі мақсатының бағытын анықтауға да септігін тигізеді. Мысалы, жанама салықтардың басым болуы оның қазынашылық міндеттерді шешуге бағытталғанын, сондай-ақ салық жүйесінің негізгі пропорцияларын салыстырып талдау негізінде әлемдік стандарттарға сәйкестігін растайды.

Салық құрылымында олардың тікелей және жанама салыққа бөлінуінің маңызы бар. Тікелей салықтар салық түрінде жеке және заңды тұлғалардың табысына (пайдасына), табиғи ресурстарға және табыс алуға ықпал ететін басқа да факторларға салынады.

Қазақстан Республикасында тікелей салыққа корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, жер қойнауын пайдаланушылардың салығы мен арнайы салықтары; әлеуметтік салық; жер салығы; көлік құралдарына салынатын салық; мүлік салығы және т.б. жатады. Салық түсімдерінің құрылымында тікелей салықтардың үлесі біршама жеткілікті және оның 60%-ын құрайды.

Жанама салықтар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сату, экспорттық-импорттық және басқа да операциялардан өндіріледі. Салық сомалары тауардың бағасына үстеме (акциз бойынша) түрінде немесе пайызда: қосылған құнға (қосылған құн салығы бойынша) анықталады. Салық теориясында жанама салықтар әр түрлі қарастырылады.

Жоғары жанама салық салу сұранысты тежейтін фактор болып табылады, осы салықтардың ауыртпалығының салдарынан экономика ұзақ уақыт бойы құлдырайды. Сонымен бірге жанама салықтар тұтынушылық тауарлар мен қызметтер арқылы ең соңында жанама салықтарды төлейтін халыққа ауыртпалық түсіретіндіктен, олар әділетсіз болып саналады. Дегенмен жанама салықтардың бюджет табысы көзі ретінде бірқатар жақсы жақтары да жоқ емес. Жанама салықтар тікелей салықпен салыстырғанда жағдаяттың маусымдық ауытқуына, жеке ұдайы өндірістің жай-күйіне аз тәуелді, яғни сенімді бюджет көзі болып табылады. Сондықтан жанама салықтар әлемдік практикада кеңінен қолданылады, әрбір елдің салық жүйесінде болады және онда айтарлықтай рөл атқарады. Қазақстанда қосылған құн салығы (ҚҚС) мен акциздер жанама салыққа жатады.

<b>13.5.</b>	<b>Салық жүйесінің тиімділігі</b>

Салық жүйесінің қаржы жүйесі мен жалпыұлттық экономикадағы міндеттерді шешуде алатын орнына байланысты оның тиімділігі проблемасының маңызы артып отыр. Салық жүйесінің тиімділігі деп оның өзіне жүктелген функцияларды орындау қабілеті аталады. Осы тұрғыдан алып қарағанда салық жүйесі:

бюджетке салықтардың мемлекеттің өзінің экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси функцияларын орындау үшін жеткілікті көлемде түсуін;

ұдайы өндіріс процестерін кеңейтілген негізде жалғастыру үшін қаржы жағдайын жасауды;

мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатында белгіленген аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді басымды ретінде салық заңна-масында тиісінше қарастырылған және басымды міндет ретінде шешуді қамтамасыз еткен жағдайда тиімді болып танылады.

Салық жүйесінің тиімділігін бағалау үшін кешенді көрсеткіштер қажет. Салық жүйесі тиімділігінің жалпы өлшемі ретінде оның мемлекеттің қаржы әлеуетін тұрақты арттыруды қамтамасыз ету қабілеті қарастырылады.

Бұл ретте салық жүйесінің нәтижелілігін сипаттайтын тікелей көрсеткіштер іс жүзінде қолданылмайды. Сондықтан тиімділікті бағалағанда жанама макроэкономикалық көрсеткіштер қолданылады. Әдетте, жалпы ішкі өнімдегі салықтардың жалпы сомасының өзіндік салмағының динамикасы; жалпыұлттық өнімге қатысты бюджет тапшылығының деңгейі; жалпы экономика мен салалар бойынша қаржы нәтижелері есепке алынады.

Тиімділікті бір жақты қарастырғанда – бұл салықтардың өз функцияларын орындау үшін жоғары әлеуметтік мүмкіндіктерінің болуын растайтын оңтайлы жүйе ішіндегі сипаттамалар. Салық жүйесінің тиімділігін немесе тиімсіздігін анықтайтын жүйе ішіндегі ең маңызды сипаттамаларға салық салудың жалпы деңгейі (жалпыұлттық өнімдегі салықтардың өзіндік салмағы); тікелей және жа-нама салықтар мен жеке және заңды тұлғалар салықтарының арақатынастары;

салық заңнамасының орнықтылығы (тұрақтылығы); бюджет табысын қалыптастыруда жекелеген салық түрлері мен салық топтарының атқаратын рөлі; салық салу ставкаларының саралануы мен оның негізділігі; салық жеңілдіктері жүйесі мен оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басымдықтары мен салық төлеушілердің мүдделеріне сәйкестігі; санкциялар жүйесінің

сипаты; салық салынатын базаның есептеу қиындығының деңгейі; салық салудан жалтаратын жерлердің болуы; салық заңнамасының сапа деңгейі және т.б. жатады.

Салынатын салықтың ауырлығы салық жүйесінің маңызды сипаттамасы болып табылады, алайда осы ауырлықты есептеудің жалпы қабылданған әдістемесі әзірленген жоқ. Салынатын салықтың ауырлығы жөнінде әр түрлі түсінік беретін әр алуан көрсеткіштер қолданылады. Осы көрсеткіштердің арасынан салық төлеушілерден барлық өндірілген салықтардың алынған жалпы ішкі өнімнің мөлшеріне қатынасы кеңінен пайдаланылады. Кейде осы көрсеткіш ретінде салық төлеушілер төлейтін барлық төлемдердің сомасы қолданылады.

Салық төлеудің оңтайлы деңгейі кәсіпорындардың (жеке жұмыс істейтін капиталдардың) ұдайы өндірісінің, ірі өнеркәсіптік-қаржы құрылымдары мен жалпы қоғамдық шаруашылықтардың шектеріне, мүмкіндіктері мен қажеттілігіне байланысты, яғни нақты экономиканың игілігіндегі қаржы ресурстарының жалпы көлемінен императивтік (өктемдік) тәртіппен неғұрлым аз ресурс алынса, өндірістік экономикалық өсу үшін соғұрлым мүмкіндік көп болады. Алайда іс жүзінде кәсіпорындардан қаржы ресурстары экономиканың жағдайына, яғни саяси (қорғаныс, қауіпсіздік, басқару қажеттілігі), сонымен бірге құрылымдық өндірістік факторларға, «адами капиталға» ақша салудың қажеттілігіне, аумақтық-өңірлік себептерге, әлеуметтік қажеттілікке байланысты бөлінеді.

Тиімді салық жүйесін құру жолында оны оңтайландыру – сол немесе басқа міндеттерді шешу үшін салық құралдарын үнемі «үйлестіру» қажеттігі. Ұзақ уақыт бойы оңтайлы тәртіпте, ешқандай елеулі өзгеріссіз жұмыс істейтін салық механизмін құру мүмкін емес.

Салық жүйесі жұмыс істейтін орта да, жүйенің өзі де қатып қалған конструкция түрінде қалмайды. Салық тұтқалары мен уәждер сол немесе басқа кезеңде қалыптасқан жағдайды өзгерту мақсатында қолданылады.

Құралдардың уақытылы әрі оңтайлы жиынтығы келеңсіз жағдайлардың дамуына жол бермейді және қоғам үшін қолайлы процестерді қысқа мерзімде жандандырып өрістетуге мүмкіндік береді.

Салықтардың әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеуде атқаратын рөліне қарамастан әрбір экономикалық проблеманы салық шараларының күшімен шешу мүмкін емес. Ауқымында салық тұтқаларын пайдалану қажет болатын салықтардың әрекет ету саласының объективті шектері бар. Осы шектерді жасанды түрде кеңейту нәтиже әкелмейді, сонымен бірге бір проблеманы шешпеу бірқатар басқа проблеманың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін. Алайда осы проблеманы тек салық механизмі арқылы шешу мүмкін емес. Ол үшін қаржы, кредит, баға және валюта саясаты саласында келісілген кешенді шаралар, яғни мемлекеттің қолында бар құралдар мен әдістердің барлығын пайдаланған орынды. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мінез-құлқы көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады, соның ішінде салықтар бір ғана және кей кезде басты да емес фактор болып табылады.

Салық жүйесін тиісінше бағаламау және толықтай пайдаланбау оның тиімділігін төмендетеді, алайда салықтар және салық жүйесінің мүмкіндіктері мен функцияларын мүлдем асыру, оларды экономикалық дағдарыс кезінде негізгі қаржы-экономикалық проблемалар мен міндеттерді шешеді деп пайымдау салықтарға жүктелген проблемаларды шешуге мүмкіндік бермейді. Қазіргі кезде Қазақстанда салық жүйесіне ерекше назар аударылады, алайда осы жүйені бұдан да тиімді пайдалану үшін қолданылуы тиіс басқа да экономикалық тұтқаларды пайдаланып, тиімді өнеркәсіптік саясат жүргізу қажет.

Елбасының «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында (2008 ж.) Үкі-меттің алдына «салық жүйесін

Қазақстанның дамуының жаңа кезеңінің мақсаттарына сәйкестікке келтіру» міндеті қойылған.

<b>13.6.</b>	<b>Салыққа әкімшілік ету</b>

Тиімді салық жүйесін қалыптастыруда мемлекет ең басты рөл атқарады. Экономиканың қажеттілігі мен мемлекеттің қаржы мүддесіне сай салық заң-намасын қабылдау – қажетті, алайда жеткіліксіз талап. Салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін механизмді қалыптастыру осындай маңызды міндет болып табылады.

Салықтан жалтарудың негізгі себебі салынатын салықтың жоғары деңгейі мен табысты жасыру мүмкіндігінің болуы. Сондықтан салық төлеуден жалтару ауқымын қысқарту проблемасын шешу үшін салық заңнамасын реттеу, қайшылықтар мен келеңсіздіктерді жою, салық салумен байланысты мәселелерді әр түрлі түсіну мүмкіндігінің, сонымен бірге салықты бақылау проблемасын шешуді қолға алу қажет. Салықты бақылауды арнайы құрылған органдар жүзеге асырады және ол салыққа әкімшілік етудің негізін қалайды.

Қазақстанда салық қызметі органдары мемлекеттің және салық органдары (өңіраралық, облыстар, қалалар, аудандар, қалалардағы аудандар бойынша) алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуын, салық пен бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік органнан тұрады.

Қазақстанның заңнамасы бойынша салық қызметі органдары салық төлеушілердің құқықтарын сақтап, мемлекеттің мүддесін қорғауға, салық міндеттемелерінің есебін жүргізуге, ұйғарымнамалар бойынша қатаң салық тексерісін жүргізуге, салық құпиясын сақтауға, салық төлеушіні әкімшілік айыппұлға және басқа міндеттерге тартуға міндетті.

Сондай-ақ салық органдары салық төлеушіден салықты есептеу мен оны төлеу жөніндегі құжаттарды талап етуге, салық құқығын бұзушылық жасалғанын растайтын құжаттарды алуға, сотқа заңды тұлғаны тарату туралы талап беруге, пайда табу үшін пайдаланылатын кез келген объектілерді зерттеуге, мүлікті және басқа да құқықтарды түгендеуді жүргізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде негізгі салық ережелері жүйеленіп, салық заңнамасының барлық нормалары біріктірілді және Салық кодексінің құрылымына салық органдары мен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынастары айқын тәртіптелген «Салыққа әкімшілік ету» атты дербес бөлік енгізілді. Салық төлеушілерді мемлекеттік реттеу мен оларды тіркеу есепке қоюдың негізгі ережелері бекітіліп, салықты бақылаудың түрлері заңды негізде нақты реттелді.

Салықтық бақылау салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету процесіндегі аса маңызды элемент болып табылады. Салықты бақылауды салық органдарының лауазымды тұлғалары тексеріс жүргізу, салық төлеушілерден түсініктеме алу, есеп пен есептілік деректерін тексеру, үй-жайлар мен аумақтарды қарау арқылы жүргізеді.

<b>13.7.</b>	<b>Салық жүйесін жетілдірудің қайшылықтары мен негізгі бағыттары</b>

Қазіргі уақытқа дейін бұрынғы кеңес кеңістігіндегі елдерде қалыптастырылған салық жүйелері трансформациялық үлгідегі жүйе болып табылады және олар осы қалпында жаңа ұлттық экономикалар қалыптасып жатқан кездегі жалпы экономикалық жүйелердің қазіргі ахуалымен үйлеседі.

Бір жағынан, қолданылатын салық жүйелері көп сипаттамалары бойынша (атап айтқанда оларға салық түрлерінің құрамы, салық салынатын негізгі объектілер, салық ставкаларының деңгейлері мен т.б.) салық теориясының негізгі ережелері мен қазіргі заманғы салық салудың әлемдік практикасына жауап береді.

Екінші жағынан, олар әлемдік тенденциялардан салық механизмі арқылы жүзеге асырылатын қайта бөлу қатынастарының жалпы ауқымының мақсатты бөлінуі мен салық жүйесінің құрылымынан ауытқып, экономика мен әлеуметтік саланың нақты жағдайын көрсетеді. Атап айтқанда, жеке тұлғалардың табысынан төленетін салықтар мардымсыз рөл атқарады, ал бюджет

табысының басым бөлігі, яғни 90%-ға дейін заңды тұлғалар төлейтін төлемдер есебінен қалыптастырылады, ал жанама салықтарды көбінесе тұтынушылар (халық) төлейді.

Ұлттық салық жүйесін ұдайы реформалау және жетілдіру процесіне, сондай-ақ соңғы жылдары бюджет жүйесі табысының жалпы артуында байқалған қолайлы тенденцияларға қарамастан, нақты қаржы тұрақтылығына қол жеткізуге, тұрақты экономикалық өсу мен ел үшін қажет бюджет жүйесінің табыс деңгейін қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде тиімді салық саясатын қалыптастыру проблемасы өзекті болып отыр.

Ұлттық жүйені қалыптастыратын елдерде салық саясаты әрқалай анықталады. Атап айтқанда, табысқа салынатын салық ставкасы әлеуметтік әділдікті орнату құралы ретінде қарастырылады, осыған байланысты табыс салығының атаулы прогрессивтілігіне ерекше назар аударылады, бұл салық ставкаларын анықтайтын «шанышқы» санында көрінеді. Алайда көбінесе салық ставкасының атаулы прогрессивтілігі, сомасы жан басына шағылған табыстан екі есеге асуы мүмкін және табысы жоғары адамдарға берілетін әр түрлі жеңілдіктер мен шегерімдердің мөлшері үлкен (атап айтқанда капитал өсіміне салынатын салықтан босату, медициналық қызмет көрсету мен білім беруге жұмсалатын шығысты шегеру, қаржы табысына жеңілдікпен салық салу) салық салынбайтын жоғары «шекпен» ырықтандырылады. Әр түрлі елдердің тәжірибесі көрсеткендей, «шанышқы» саны мен атаулы прогрессивтілікті, сондай-ақ жеңілдіктер мен шегерімдерді қысқартып, салықтың нақты прогрессивтілігін күшейтуге болады.

Салық салудың прогрессивтілігін күрт қысқартуға әкеп соқтыратын жеңілдіктер және шегерімдермен қоса салық саясатының пропорционалдық пен қамту сияқты екі негізгі қағидасы бұзылатын жағдайлар да жиі кездеседі. Пропорционалдық қағидасы салық салу мақсаты үшін табыстың осы көзінің пайдасы мен ысырабының арасындағы сәйкестікті білдіреді, егер осы көзден алынатын пайдаға салық салынса, онда салық салуда осы көздің ысырабы да ескерілуі тиіс. Қамту қағидасында қайсыбір уақыт кезеңіндегі табыс ағынына салық салу қарастырылады, яғни, егер табыс алушыда қайсыбір төлем салық салудан босатылса, онда қандай жағдай болса да осы сома төлеушінің базасын кемітетін шығыс болып саналуы тиіс.

Кейбір жағдайда пропорционалдық пен қамту қағидасынан ауытқитын жағдайлар кездеседі, дегенмен, олар жүргізілетін саясат тұрғысынан негізделуі тиіс, ал өтпелі экономикалық көптеген елдерде осындай ауытқулар табысқа салынатын салықтың құрылымын бұзудың салдары болып табылады.

Пайдаға салынатын салық саласында нарықтық экономикасы қалыптасып жатқан елдерде проблема жоқ емес, олар дамыған елдерде де кездеседі. Осы проблеманың біреуі, дәлірек айтсақ компаниялардың табысына олардың салалық белгісіне орай салық салу мен амортизациялық аударымның ұтымсыз жүйесін белгілеу негізінен нарықтық экономикаға өтетін салық жүйелерінде кездеседі.

Тәжірибе көрсеткендей, трансформация жағдайында салық жеңілдіктері тиімсіз қолданылады. Көптеген елдерде салық каникулдары мен салық ставкасын төмендету қарастырылған, олар жалпы негізде салық төлейтін компаниялардан салықтан босатылған компанияларға салық төлейтін баға трансферттерінің жай механизмін қолдану арқылы салық төлеуден жалтаруға мүмкіндік береді. Тіпті уақыты шектелген салық каникулдары инвестиция тартса да, олардың мерзімі қысқа болады, сондықтан осы инвестициялар ұзақ мерзімді ақша салымы сияқты экономикаға ықпал етпейді. Сондықтан бірқатар елдерде салық кредиттері мен салық салынатын соманы инвестицияның сомасына қысқарту сияқты жеңілдік түрі қолданылады. Осы шараның артықшылықтары болғанымен оның кемшіліктері де жоқ емес. Инвестициялардың жекелеген түрлерін ынталандыруға арналған осындай жеңілдіктер нысаналы болады және олардың табысы да бақыланады. Сонымен бірге олар қолданылған жағдайда ұзақ мерзімді активтер сатып алынбайды, қысқа мерзімді активтерді сатып алу қолайлы болады.

Жанама салықтармен байланысты кез келген жеңілдіктерді пайдалану бұзушылық үшін көп мүмкіндік береді, өйткені жеңілдік берілетін мәміленің нысанын осы жеңілдік арналмаған тұтынушылар (сатып алушылар) да пайдалануы мүмкін. Кейбір ішінара жағдайларды қоспағанда салық саясаты тұрғысынан осы жеңілдіктерге түсініктеме беру қиынға соғады.

Тиімді әрі әділ салық жүйесін құру деңгейлес әділдік қағидасын белгілеумен тығыз байланысты.

Салық салудағы төмен ставкалар әр түрлі салық жеңілдіктерін алу мен салықтан жалтаруға ынтаны азайтады. Сонымен бірге әр түрлі салық салушылар қатысында да, сондай-ақ салық салынатын объектілер қатысында да (әр түрлі табыс көзі) салық салудағы кемсітушілік



жойылғаннан кейін салық жүйесін басқару, салық тәртібі оңайлап, салық төлеу деңгейі артатын болады. Сөйтіп, салық салудағы бейтараптық пен деңгейлес әділдік салық жүйесінің қарапайымдылығы мен ашықтығы сияқты екінші маңызды қағиданың сақталуына септігін тигізеді. Салық реформаларының бағытын анықтау тұрғысынан алып қарағанда салық салудың сатылас және деңгейлес салық салу қағидаларының арасындағы ең жақсы арақатынасты қамтамасыз ету міндетін есте сақтау қажет.

Салық салудың қазіргі жай-күйі мен оның қарама-қайшылықтары оны одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Жетілдірудің жалпы бағыттарына сәйкес экономикалық саясаттың мақсаттары мен салықтарды еліміздің экономикалық және әлеуметтік прогресінің факторына айналдыру қажет. Осы бағыттардың арасынан:

экономикадағы оң құрылымдық өзгерістерді көтермелеу;

экономикалық өсуді, инновациялық белсенділікті, сапалы тауарлар мен қызметтерді тұтынуды көтермелеу;

экономикалық өсу мен қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың негіздерін дамыту және нығайту;

салық жүйесін барлық салық төлеушілердің жағдайын теңестіру, тиімсіз және шаруашылық қызметке келеңсіз ықпал ететін салықтар мен жиындарды алып тастау, салықтар мен жиындардың экономикалық мәнін бұрмалайтын нормаларын қолдану механизмдерін алып тастау есебінен салық жүйесінің әділдігін күшейту;

экономикаға салық жүктемесін бірте-бірте төмендету, барлық салық төлеушілерге салық ауыртпалығын бұдан да тең бөлу арқылы заңды орындайтын жалпы салық ауыртпалығын азайту, негізгі салықтар бойынша ставкаларды төмендету және еңбекақы қорына түсетін жүктемені жеңілдету бағытын жалғастыру;

салықтар мен жиындардың жалпы санын қысқартып, олардың ең аз санын белгілеу, сондай-ақ әр түрлі салықтар мен жиындарды есептеу мен төлеудің қолданыстағы режимдерін барынша сәйкестендіру есебінен салық жүйесін оңайлату;

салық жүйесінің тұрақтылығын, сондай-ақ салық төлеушілер үшін ұзақ уақыт бойы салық төлемдері мөлшерінің белгілі болуын қамтамасыз ету;

салыққа әкімшілік етудің сапасын жақсарту бағыттарын жеке атап өткен орынды.

Осы мақсаттарға жету – бір жолғы мақсат емес, жаңа заңнама нормаларын енгізу, бүкіл салық жүйесі, сонымен бірге оның жекелеген элементтері қатысында нақты шешім қабылдау процесі.

Бүгінгі күні Қазақстанның салық жүйесі ТМД аумағында ең озық және тұрақты болып табылады.

2001 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Салық кодексінде:

қолданыстағы салық салудың өзгеруі (салық саны 9-ға дейін азайды, салық ставкаларының мөлшері төмендеді). Мәселен, пайдаға салынатын салықтың ставкасы 45%-ды құраған еді, оның орнына 30%-дық корпоративтік табыс салығы енгізілді; азаматтардың табыс салығы бойынша ең төмен ставка 12%-ды, ең жоғары ставка 40%-ды құрады, содан кейін олар тиісінше 5 және 30%-ға төмендеді.

ҚҚС бойынша заңнаманың ережелері Еуропа елдеріндегі жағдайға жақындады, 20% және 10%-дың орнына 16% бірыңғай ставка енгізіліп, есепке қоюға қойылатын талаптар белгіленіп, осының арқасында салыққа әкімшілік ету жақсарды;

экономиканың басымды салаларына (аграрлық сектор, шағын бизнес), әлеуметтік салаға салық салудың ерекшеліктері арқылы өндірісті көтермелеу идеясын іске асыру;

белгіленген жағдайда салықтық конвенциялар бойынша артықшылық алу ұсынылатын халықаралық салық салуға қатысты ерекше ережелер енгізу сияқты ережелер көрсетілді.

Жаңа Салық кодексі (2009 ж.) Қазақстанның салық жүйесін одан әрі реформалау процесін растайды. Қазақстандық экономистердің есептеуінше салық жүктемесін азайтудың өзі ғана кәсіпкерлердің ұлттық бизнестің дамуына сала алатын 35 млрд долларды салық жүктемесінен босатуға мүмкіндік береді екен.

Жаңа Салық кодексінің ең маңызды әрі тұжырымдамалық ережелеріне мына нормаларды жатқызуға болады:

корпоративтік табыс салығын, атап айтқанда 2009 жылы 20%-ға, 2010 жылы 17,5%-ға, 2011 жылы 15%-ға дейін кезең-кезеңмен төмендету;

инвестициялық салық преференциялары тек КТС бойынша ғана берілетін болды;

сонымен бірге залалды көшіру мерзімін 3-тен 10 жылға дейін ұзарту инвестицияларды жылдам есептен шығару артықшылығын толық шамада пайдалануға мүмкіндік береді;

ҚҚС ставкасы 2009 жылдан бастап 12%-ға теңелді. 2009 жылдан бастап жеткізуші төлеген ҚҚС сомасы «дебеттік» сальдодан сатып алушы төлеген сомадан асып кеткен соманы қайтару туралы ереже енгізілетін болады.

Әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан экономиканы тұрақтандыру жөніндегі бүгінгі жағдайда қаржы секторына салық салуға қатысты бірқатар мәселелер пысықталған.

Атап айтқанда, 2009-2011 жылдар кезеңінде левередждің шекті коэффициентін қаржы ұйымдары үшін 7-ден 9-ға, басқа заңды тұлғалар үшін 4-тен 6-ға арттыру есебінен сыйақыны шегеру мөлшері арттырылды (жеткілікті капиталдандыру ережесі).

Микрокредиттік ұйымдарға салық кезеңі ішінде берілген кредит сомасының 15%-ынан аспайтын күмәнді микрокредиттерге қарсы резерв құру жөніндегі шығыстың сомасын шегеруге жатқызу құқығы берілді.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесі реформаланды.

Әлеуметтік салықты реформалау ауқымында ставкалары 13%-дан 5%-ға дейінгі регрессивтік салық шкаласынан ставкасы 11% кең шкалаға көшу жүзеге асырылады;

Жаңа Салық кодексінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге салық салу режимі ішанара реформаланды.

Сондай-ақ кодексте мүлік салығын өндіру тәртібін өзгерту қарастырылады.

Көлік салығы бойынша жеңіл, жүк және арнайы автокөлік құралдарын пайдалану мерзіміне байланысты қолданылатын түзету коэффициенттері алып тасталды.

Салық кодексі тікелей қолданылатын заңға айналды, мұның өзінде онда әкімшілік етудің сапасы мен салық төлеушілердің мүддесі де үйлескен. Осыған байланысты Салық кодексіне салық салу саласындағы нормативтік құқықтық актілер барынша көп енгізіліп, салықтық рәсімдер оңайлатылған. Салық кодексінде қолданыстағы салық бақылауының әдістері тәртіптелген.

Елбасы өзінің «Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында қатаң салық тәртібін сақтау қажет екенін атап өткен. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар салыққа әкімшілік етуді оңайлату мен жетілдіруге, салық тәртібін күшейтуге бағытталған. Қазақстанда «Қазақстан Республикасының салық төлеушісінің хартиясы», «Салық қызметі органдары қызметкерінің кәсіби этикасының кодексі» бекітіліп, «Салық органдарының қызметін бағалау рейтингі» әзірленіп, салық тексерістерін жүргізу үшін салық төлеушілерді іріктеу ережелері жасалды.

Салық жүйесінің негізі әділдік деңгейін қамтамасыз ететін болса, ол тіршілік ете алады. Салық салу салық тәртібін сақтау мен салық төлеуден жалтару мүмкіндігін шектеу арқылы салық салудың ортақ мақсатына жетуге мүмкіндік беруі тиіс.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Салық*

*Салық түрлері*

*Акциздер*

*Қосылған құн салығы*

*Корпоративтік табыс салығы*

*Жеке табыс салығы*

*Мүлік салығы*

*Көлік құралына салынатын салық*

*Жер салығы*

*Әлеуметтік салық*

*Жер қойнауын пайдаланушылардың салығы мен арнайы төлемдері*

*Ойын бизнесіне салынатын салық*

*Тіркелген салық*

*Бірыңғай жер салығы*

*Салық жіктемесі*

*Салық жүйесі*

*Салыққа әкімшілік ету*

*Салық механизмі*

*Салық әлеуеті*

*Салық жүйесінің қағидалары*  
*Тікелей және жанама салықтар*  
*Жиын*  
*Салық салудың ауыртпалығы*  
*Салық жүйесінің функциялары*

## 14-тарау. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

14.1.	Қаржы нарығының мәні мен функциялары
-------	--------------------------------------

Дамыған қаржы нарығы – кез келген мемлекеттің, оның ішінде Қазақстанның да ұлттық экономикалық жүйесінің элементі. Сонымен бірге ол нарықтық механизмнің аса маңызды құрылымдық элементі болып табылады.

Қаржы нарығы – елдің барлық ақша ресурстарына сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын және өндірістік және өндірістік емес инвестицияларды капиталмен қамтамасыз ету үшін олардың қозғалысы жүзеге асырылатын нарықтық қатынастар саласы.

Кез келген экономикада пайда табу үшін, инвестициялау үшін салатын жер іздестіретін бос ақшалай қаражатты тарту қажет болады. Бос ақшаның тапшылығы мен артығы макроэкономиканың келесі үш негізгі секторларында, яғни:

нақты секторда – кәсіпорындарда, фирмаларда, ұйымдарда және т.б.;

мемлекеттік секторда – бюджет қаражаты мен бюджеттен тыс қорлардың қозғалысында;

бос ақшасы болғаннан кейін таза инвестор, кейде қаржы нарығында қарыз беруші болуы мүмкін халықта пайда болады.

Қаржы нарығы бос ақшалай қаражат пен инвестициялау объектісінің арасындағы делдал болып табылады.

Функционалдық тұрғыдан алып қарағанда қаржы нарығы арқылы ұлттық экономика ауқымындағы ақша жинақталады, бөлініп, қайта бөлінеді.

Қаржы нарығы бос ақшалай қаражатты жинақтау, жұмылдыру функцияларын орындайды, ал ақшаның іс-қимыл жасамауы нарықтық қатынастар табиғатына жат.

Қаржы нарығы бос ақша капиталын, халықтың жинақ ақшасын салудың каналдарын, жолдарын ұсынып, осы қарама-қайшылықты шешуі тиіс. Осы бос ақшалай қаражат банктердің бағалы қағаздары мен депозиттік-қарыз беру қызметі арқылы жұмылдырылады. Пайда алу мақсатында бос ақшаны салу үшін бағалы қағаз сатып алу немесе банкте депозит шотын ашу қажет. Қаржы ресурстарын жұмылдыру үшін бағалы қағаздарды сатуға немесе банктен кредит алуға болады.

Бос ақшалай қаражатты бөлу. Қаржы нарығында осы ресурстар инвестицияға жеткілікті қомақты сомаға бірігіп, несие капиталына айналады. Қаржы нарығының бөлу функциясы жүзеге асырылған жағдайда инвестициялар мөлшері бойынша да, сонымен бірге құрылымы бойынша да, яғни қажет етілетін мерзімдер мен кредиттеу нысаны бойынша капиталмен қамтамасыз етіледі. Нарық жағдайында қаржы нарығының бөлу функциясы олардың нарықты қалыптасқан пайдалылық деңгейінің сәйкестігі арқылы инвестициялардың қажет етілетін тиімділігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Қаржы нарығының қайта бөлу функциясы. Осы нарық бос қаражатты жұмылдырып және бөліп, олардың тұрақты қозғалысын қамтамасыз етуі тиіс. Банкаралық нарықта, банктер мен кәсіпорындар, жеке меншік сектор мен мемлекет арасында капиталдардың өзара ағыны үздіксіз орын алған жағдайда нарықтық экономика қалыпты жұмыс істейді. Қаржы нарығы капиталды қайта бөлетін механизмнің рөлін орындай отырып, барлық осы ақша ағынының қозғалысын кедергісіз қамтамасыз етуі тиіс.

14.2.	Ұлттық қаржы нарығының үлгісін анықтау проблемасы
-------	---------------------------------------------------

Қаржы нарығының функциялары бағалы қағаздармен жасалатын операциялар арқылы немесе банктер мен басқа кредит мекемелерінің депозиттік-кредиттік операциялары арқылы іске асырылуға тиіс.

Сондықтан қаржы нарығының құрылымы бойынша ол *бағалы қағаздар нарығы және банк кредиттері нарығы* деп аталатын екі өзара байланысты сегментке бөлінеді. Ал бағалы қағаздар нарығы мен банк кредиттері нарығы экономиканың қаржы секторында функционалдық тұрғыдан

қарастырғанда, сол бір рөлді атқара отырып бөлінетін ресурстардың көлемі үшін бір-бірімен бәсекелестікке түседі.

Экономикада қаржы ресурстарын бөлу, әсіресе инвестицияларды қаржыландыру үшін капиталды ұзақ мерзімге бөлу қаражаттың инвесторлар мен кредиторларға қайтармауының жоғары тәуекелімен байланысты.

Экономиканы инвестициялық қаржыландырумен байланысты осы тәуекелдер ұлттық төлем-есеп айырысу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып аса маңызды интеграциялық міндетті орындайтын банк жүйесі үшін өте қауіпті. Банк жүйесінің сенімділігін екі жолмен қамтамасыз етуге болады.

Біріншіден, акцияларды тоғыспалы иелену мен тоқайласпалы директораттар арқылы банк және өнеркәсіптік капиталдың тұтасуына мемлекеттік шектеудің болмауы арқылы. Бұл банктерге ірі қарыз алушылардың қызметін ішкі бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда банк жүйесінің депозиттік-кредит жүйесі экономикада капитал бөлінетін негізгі каналға айналады.

Екіншіден, инвестициялық капиталдың банк жүйесі арқылы бөлінуін әр түрлі дәрежеде қатаң шектеуге болады. Бұл жағдайда инвестициялар үшін экономиканы қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету функциясын бағалы қағаздар нарығы орындайды. Қаржы ресурстарын қайтармау тәуекелін өзінің қаражатын бағалы қағаздарға салатын тікелей кредиторлар мен инвесторлар өзіне алады. Олар қаржы инвестицияларын басқарудың қазіргі заманғы портфельдік технологияларын пайдалана отырып, өзінің салымдарын әртараптыра отырып өздерінің тәуекелдерін төмендетуі мүмкін.

Экономикада инвестицияларды қаржыландырудың тәуекелін макроэкономикалық басқарудың сол және басқа жолы мемлекеттік реттеудің белгіленген стратегиясы арқылы іске асырады. Нәтижесінде қаржы нарығының *континенталдық және ағылшын-саксондық* деп аталатын бір-бірінен ерекшеленетін екі үлгісі қалыптасады. Осы үлгінің әрқайсысының кемшіліктері жоқ емес, алайда олар банк жүйесі сенімділігінің қажет етілетін жалпы деңгейінде қаржы нарығының негізгі функцияларының тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

Қаржы нарығының континенталдық үлгісі еуропалық елдерде, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда тараған. Инвестицияларды ұзақ мерзімді қаржыландыруда экономиканың негізгі қажеттілігін компаниялар үшін сыртқы көздер есебінен (мысалы, Жапонияда 90%-ға дейін) банк жүйесі қамтамасыз етеді.

Экономикада депозиттік шоттарда орасан зор қаржы ресурстарын жинақтайтын және көлемі бойынша үлкен кредиттерді ұзақ мерзімге беруге қабілетті ірі банктер ғана инвестициялық капиталды қайта бөлу функциясын орындай алады. Қаржы нарығының континенталдық үлгісінде банк капиталы өте көп шоғырланады. Елдегі банктердің саны экономиканың ауқымына байланысты, алайда, әдетте, континенталдық үлгідегі елдердегі 3-5 банк банк жүйесінің 80%-ға дейінгі активін бақылайды. Қаржы нарығының қазақстандық үлгісі де континенталдық тұрпатқа жатады.

Банк жүйесінің негізгі буыны – банк операцияларының ең қомақты ауқымын жасай алатын әмбебап коммерциялық банк. Континенталдық үлгілі елдерде осындай банктің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, әдетте, клиенттердің депозит шоттарына тартылған қаражатын банктің қаржы нарығының ең тәуекелді секторы болып табылатын бағалы қағаз нарығына шығаруына заңмен тыйым салынады. Осы тыйымды Германиядағыдай, банкті кредиттік және инвестициялық деп аталатын екі департаментке бөлу арқылы іске асыруға болады. Инвестициялық департамент бағалы қағаз нарығында операциялар жасаумен айналысып, банктің меншікті қаражатымен жұмыс істейді немесе клиенттердің қаражатын трастылық басқару шарттары бойынша басқарады. Қазақстандық банктер де қаржы нарығында өзінің қызметін осылай дамытады. Қазақстандық коммерциялық банктер көп жағдайда әмбебап коммерциялық банк ретінде өз құрылымында тиісті операцияларды бөліп жүргізуді қамтамасыз ететін инвестициялық банкинг пен кредиттік банкинг секторын құрады.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін қажетті қаржы ресурстарын банк жүйесінен алатын компаниялар өздеріне қызмет көрсететін банктермен тұрақты әрі сенімді қарым-қатынас жасауға мүдделі болады. Компанияларға көлемі бойынша қомақты кредитті ұзақ мерзімге беретін банктерге ұзақ мерзімді кредиттеудің тәуекелін тиімді басқару үшін өздерінен қарыз алушылардың өндірістік және қаржы жағдайы жөнінде толық әрі сенімді ақпарат қажет.

Мемлекет тарапынан қатаң шектеу болмаған жағдайда компаниялар мен банктердің мүдделері акцияларды тоғыспалы иелену мен тоқайласпалы директораттар арқылы үйлесіп, бекітіледі.

Осының нәтижесінде әрбір жеке корпорация меншігінің негізгі үлесі онымен өз бизнесінің мүдделеріне байланысты орнықты стратегиялық инвесторлардың шағын ғана ауқымының арасында бөлінеді. Континенталдық үлгісі кемеліне жетіп дамыған экономикаларда компаниялардың өндірістік, қаржы және кадр саясатын бақылауға мүмкіндік беретін акциялар пакеті 25%-ке жуық пайызды құрайды.

Корпорацияның әжептәуір ірі акциялар пакеті меншігінің тұрақты инвесторлардың шамалы санының қолында болуы компаниялардың еркін айналыстағы акциялар пакетінің үлесін шектейді. Осы жағдай бағалы қағаздар нарығында акциялар нарығының сегменті арқылы қайта бөлінетін қаржы ресурстарының көлемін біршама қысқартады. Қазақстанда осы құбылыс ұлттық қор нарығында акциялар нарығының жұмысының «атаулы» негізгі проблемасына айналып, ал мұның өзі бүкіл бағалы қағаз нарығының дамуын тежеп отыр. Қаржы нарығының континенталдық үлгісінің елдері үшін үлестік қаржыландыру сегментінің өте қатты дамуы тән. Облигациялар мәміле саны бойынша, қозғалатын қаржы ресурстарының көлемі бойынша едәуір үлкен.

Қаржы нарығының ағылшын-саксондық үлгісі АҚШ-тың экономикалық және саяси ықпалындағы елдерде кеңінен таралған.

Ағылшын-саксондық үлгіде банк жүйесі экономикада инвестицияларды қаржыландыруға капитал бөлу саласынан шығарылады. Банк жүйесі қаржы ресурстарын бөлудің алғашқы және негізгі механизмі болғандықтан, осы үлгі аяқ астынан қалыптаспайды, оны мемлекет құруға тиіс.

Осы мақсатта банктер заң бойынша мамандандырылып, экономикаға есеп айырысу-төлем қызметін көрсететін коммерциялық банктер құрылады. Осы банктерге ұзақ мерзімді кредиттер беруге және қор нарығында операция жүргізуге тыйым салынады, сонымен бірге осы банктерге қаражатын бағалы қағаздарға салуға қатаң шектеу қойылады. Коммерциялық банктер инвестицияларды тек мемлекеттік өте сенімді облигацияларға сала алады, бұл жағдайда коммерциялық банктер мен өнеркәсіптік корпорациялардың өзара тұтасуы мүмкін емес. Бұл жағдай, әдетте, «жеке уния» – тоқайласпалы директоратқа заңмен тыйым салумен бекітіледі.

Ағылшын-саксондық үлгілі елдердің банк жүйесінде банк капиталы аз шоғырланған. Экономиканы қысқа мерзімді кредиттеуге мамандану қаржы нарығында ірі ғана емес, сонымен бірге орта және шағын банктерге де тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бағалы қағаздар нарығындағы операциялар өзінің ресурстарын бағалы қағаздар эмиссиясы нарығында қалыптастыратын инвестициялық банктердің мамандану саласын құрайды.

Мемлекеттік шектеулер экономикадағы инвестициялар үшін капиталды қайта бөлетін негізгі канал болып табылатын бағалы қағаздар нарығына бос қаржы ресурстарының қозғалысын қайта бағыттайды. Капитал құятын осы канал тиімді жұмыс істеу үшін қаржы ресурстарының орасан зор көлемін жылдам әрі арзан ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін білгілі бір жағдай жасау қажет. Бұл үшін тиісті мемлекеттік реттеу жүзеге асырылады.

Акциялардың жоғары өтімділігін қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздардың бір қолда шоғырлануына шектеу қойылады. Нәтижесінде әрбір жеке корпорацияның меншігі компаниядағы істердің жай-күйі жөніндегі кез келген жағымсыз ақпаратқа белсенді ден қоятын тұрақсыз портфельдік инвестициялардың көп санының арасында бөлінеді. Ағылшын-саксондық жүйелі елдерде акциялардың бақылау пакеті 5-тен 10%-ға дейін құрайды. Акционерлік меншіктің бөлшек құрылымы бағалы қағаздар нарығының осы сегментіндегі капитал айналымының жоғары айналысын қамтамасыз ете отырып, экономикада акциялар ұсынысы мен сұранысының жоғары деңгейін қолдайды.

Экономикада инвестициялық капиталды бөлудің негізгі каналы ретінде бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды пайдалану бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымының кеңінен дамуына әкеледі. Заңды тұлғалардың және негізінен жеке тұлғалардың ақшалай қаражатын жинақтайтын және оларды бағалы қағаздар нарығына шығаратын зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, инвестициялық компаниялар мен қорлардың көп саны пайда болады. Инвесторлар мен кредиторларға компаниялардың нақты бизнесінің жай-күйі мен оларды инвестициялау мен кредиттеу тәуекелінің деңгейі туралы қажетті кәсіби ақпарат беретін рейтингтік агенттіктер дамиды.

Акционерлік меншіктің тұрақты инвесторлардың қолында шоғырлануы, нарықты еркін айналатын акциялардың аз үлесі бағалы қағаздар нарығында акциялар нарығы сегментінің белсенділігін төмендетеді.

Нарықтық трансформацияны жүзеге асыратын көптеген елдердің тәжірибе-сінде инвестициялық процестердің қаржы нарықтарының дамымауының елеулі проблемасы көп кездеседі. Негізінен континенталдық үлгі қалыптасып келе жатқан Қазақстанда да осы проблема

шешімін таппай отыр. Акциялар нарығының сегменті инвестицияларды қаржыландыру процесінен іс жүзінде шығарылып тасталған, банк жүйесі банк капиталын шоғырландырудың континенталдық үлгісінің талаптарына жауап бермейді және экономиканы ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз етпейді.

<b>14.3.</b>	<b>Банк жүйесі. Қазақстан Ұлттық банкінің атқаратын ролі</b>
--------------	--------------------------------------------------------------

Әрбір елде жоғарыда сипатталған үлгілер ұлттық ерекшеліктердің ауқымында қолданылады. Сонымен бірге соңғы жылдары екі үлгінің жақындасуы байқалуда. Үлгілер қатаң құрылым емес, олар қарама-қарсы үлгінің, әсіресе айқын кемшіліктерді бейтараптандыратын кейбір элементтерін бір-бірінен «алады».

Қаржы нарығының континенталдық үлгісі азды-кем нарықтық болып саналады. Корпорациялардың өзінің табиғаты бойынша банктің қаржыландыруына консервативтік бағдарлануы экономикада ең жаңа технологияларға жоғары тәуекелді инвестицияларды қаржыландырудың өсуіне әкеп соқтырады.

Компанияларға олардың бизнесінің пайдалылығы мен тиімділігін арттыруға мәжбүр ететін бағалы қағаздар нарығының күшті қысымының болмауы экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Осы қарама-қайшылықтар экономикада бағалы қағаздар нарығының болуының арту есебінен шешіледі. Инновациялық компанияларды венчурлік қаржыландыру олардың бағалы қағаздарды орналастыруы арқылы ғана жүзеге асырылады. Мемлекет акциялардың бір қолда шоғырлануына шектеу қойып, зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары сияқты институционалдық инвесторлардың дамуын көтермелейді.

Қаржы нарығының ағылшын-саксондық үлгісінің негізгі кемшілігіне оның «нарықтылығының» екінші жағы, яғни компаниялардың тұрақсыз жұмыс істеуінің жоғары деңгейі жатады. Осы қарама-қайшылық инвестицияларды банктердің қаржыландыруына қойылатын шектеуді жеңілдету арқылы шешіледі.

Қазақстан, Ресей, жақын шет елдер, Шығыс және Орталық Еуропа елдері өз экономикаларын трансформациялау процесінде ұлттық қаржы нарығының үлгісін анықтау проблемасын шешуге тиіс болды. Осы елдердің негізгі бөлігі реформаның басында ағылшын-саксондық үлгіні қалыптастырғысы келді. Трансформациялық процестердің дамуы осы елдердің барлығында дерлік негізінен континенталдық үлгінің қолданылатынын көрсетеді. Қаржы секторында трансформациялық процестердің осылай дамуының себептеріне тоқталайық.

Бұрын айтылғандай, ағылшын-саксондық үлгіні құру үшін қаржы ағындарын бағалы қағаздар нарығына қайта бейімдеумен және олардың капиталдың экономикаға қайта бөлу функцияларын тиімді орындауына жағдай жасаумен байланысты мемлекеттік шектеулер мен көтермелеу шараларының белгіленген жиынтығын қолдану қажет. Аталған барлық елдерде мемлекет ағылшын-саксондық үлгіні құруда жүйесіз әрі жеткіліксіз іс-қимыл жасады.

Реформаның басында барлық елдер тиімсіз корпоративтік басқару проблемасымен кездеседі.

Ресми түрде құрылған механизм компанияның меншік иелері – акционерлер мен менеджменттің арасындағы дауды шеше алмайды. Акциялардың бір қолда шоғырлануына мемлекет шектеу қоймаған жағдайда осы қарама-қайшылық меншік иелерінің акциялар пакетін ірілендіруге, сондай-ақ өздерінің басқаруға тіке-лей араласуы арқылы компанияларды толық бақылауды жүзеге асыруға ұмты-лысын күшейтеді. Қазақстанда акционерлік меншікті шоғырландырудың орташа деңгейі да біршама жоғары.

Банк жүйесі – бұл елде белгіленген тарихи кезеңде банктердің алуан түрінің өзара байланысты жиынтығы.

Қазақстанның, бұрынғы Кеңес елдерінің, Орталық және Шығыс Еуропаның орталықтандырылған-жоспарлық экономикасында мемлекеттік банктердің аз саны болған еді. Нарыққа көшкенде өте қысқа мерзім ішінде экономиканың мүлде жаңа қағидаларға негізделген, негізінен жеке меншік, коммерциялық, күшті бәсекелік банк секторы құрылды.

Қазіргі уақытта, барлық осы елдерде нарықтық шаруашылығы өте жоғары дамыған көптеген мемлекеттердегідей Орталық банк пен коммерциялық банктер қауымдастығы түріндегі екі деңгейлі банк жүйесі құрылды. Осындай жүйе Қазақстанда да жұмыс істейді.

Қазақстанның Ұлттық банкі. Нарықтық экономикада Ұлттық банк жоспарлық шаруашылықтағыдан өзгеше функцияларды атқарады.

Қазақстанда Ұлттық банктің құқықтық мәртебесі, оның құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы заңда» (1995 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен) белгіленген. Осы заңның 3-бабына сәйкес, ҚР Ұлттық банкінің негізгі мақсатына теңгенің тұрақтылығын, оның сатып алу қабілеті мен шетелдік валюталарға қатысты бағамын қамтамасыз ету және ұлттық банк жүйесін дамытып, нығайту; есеп айырысу жүйесінің тиімді әрі үздіксіз қолданылуын қамтамасыз ету жатады.

ҚР Ұлттық банкінің негізгі міндеті экономиканың қаржы тұрақтылығын, инфляцияның бақыланатын деңгейі мен валюта бағамын тұрақтандыруды қамтамасыз ететін ақша-кредит саясатын жүргізу болып табылады. Осы саясатты жүргізгенде ақша саласын реттеу құралдары ретінде жанама, нарықтық тұтқаларды пайдалану және тек қиын жағдайда ғана экономиканың қаржы секторына тікелей әкімшілік шаралармен ықпал ету қарастырылады.

Экономиканы трансформациялау жағдайында ақша-кредит саясатын іске асырудың негізгі проблемасы оның ҚР Ұлттық банкінің банк жүйесі мен нақты экономикада орын алатын процестерге, яғни экономикалық белсенділікке, қорлануға, тұтынуға, инфляцияға ықпалын жеткізетін трансмиссиялық механизмнің «пысықталмауымен», ақша-кредит жүйесінің осы ықпалды толық қабылдамауымен байланысты туындайды.

Ақша-кредит саясатын іске асырудың тиімділігі орталық банктердің тәуелділік проблемасымен тығыз байланысты. Осы банктердің өз функцияларын нәтижелі орындау қабілеті мемлекеттік биліктің құрылымындағы орнымен анықталады.

Тәуелділіктің ресми қағидасы – мемлекеттік билік органдарының құрылымына кірмейтін және ақша эмиссиясы мен ақша айналысын ұйымдастыруға ерекше құқығы бар айрықша институт ретіндегі Қазақстанның Ұлттық банкі мәртебесінің негізгі элементі.

Практикада істің мән-жайы күрделі және тарихта орталық банктердің өз қызметінде саяси уәжді басшылыққа алған фактілер де болғаны рас. Ұлттық банктің билік органдарына тәуелсіздігіне қатысты айтатын болсақ, үкімет экономикалық саясаттың негізгі қағидаларын Ұлттық банктің ақша-кредит және қаржы саясатымен келіспей жүргізе алмайтыны белгілі. Алайда ақша айналысын реттеу жөніндегі жедел қызметте Ұлттық банк дербес шешім қабылдай алмайды.

Қазақстанның Ұлттық банкі жүргізетін ақша-кредит саясатында қазақстандық экономиканың қаржы жағдайының әлемдік шикізат нарықтарының баға жағдаятына өте тәуелді екені байқалады.

Сыртқы сауда ағындарының аз саралануы мен шикізат салалары өнімінің көбінесе экспортқа тағайындалуы теңгенің валюталық бағамын шамадан тыс тұрақсыздандырады. Экономиканы сыртқы нарықтардағы бағаның өзгеруінен қорғаудың қажетті шарасы ретінде валюта бағамының динамикасын тұрақтандыру мақсатында ҚР Ұлттық банкі валюта нарығына үнемі қатысып, валютаны бірде сатады, немесе оны сатып алады. Осының нәтижесінде Ұлттық банктің ішкі ақша саясатын дербес жүргізуі қиынға соғады. Банк валюта нарығында тек өзі үшін бастапқы болып табылатын өз операцияларының ішкі ақша айналысының жай-күйіне жасайтын жағымсыз ықпалын өтейді.

Соңғы бірнеше жыл бойы әлемдік нарықтарда мұнай мен газдың әлемдік бағалары үнемі өсіп келеді. Осының нәтижесінде ресурстарды белсенді экспорттаушы Қазақстанның экономикасына валюта өте көп түседі. Әлемдік нарықта қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін төмендететін теңге бағамының шамадан тыс нығаюына жол бермеу үшін Ұлттық банк өзінің алтын-валюта резервтерін арттыру мақсатында банк валюта нарығында валютаны сатып алуға және ішкі қаржы нарығына едәуір теңге массасын салуға мәжбүр.

Қазіргі уақытта қазақстандық экономикада ақшаға сұраныстың ақшаның нақты ұсынысынан артуы едәуір инфляциялық қысымды қалыптастырады, Ұлттық банк осы қысымды артық ақша массасын сірітіп, оны әлсіретуге тырысады.

Алайда Ұлттық банктің экономикадан қажетті мөлшерде ақша алу мүмкіндігі шектеулі. Бұл үкіметтің басқа елдердің үлгісі бойынша Қазақстанда Ұлттық қорды құру жөніндегі шешімімен байланысты. Ұлттық қорда мұнай сату жөніндегі сыртқы сауда операцияларынан, мұнай бағасының белгіленген шекті мәнінен асатын табысы жинақталады. Осының нәтижесінде доллардың елеулі бөлігі қазақстандық валюта нарығына түспейді, ал мұның өзі Ұлттық банктің



теңгенің сатып алу қабілеті мен оның валюта бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндетін жеңілдетеді.

ҚР Ұлттық банкі ұлттық банк жүйесінің дамуы, нығаюы мен орнықтылығы үшін жауап беретін институт болып табылады. Осы функцияны ол ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттікпен жалпы банк жүйесінің қызметін пруденциялық реттеу мен әрбір жеке банктің қаржы жағдайын қадағалау арқылы бірлесіп жүзеге асырады.

ҚР Ұлттық банкі пруденциялық реттеу ауқымында банк жүйесі жұмысының ережелері мен нормаларын қалыптастырады. Ол осы қаржы нарығына кірудің бөгеуілдерін белгілейді. Мәселен, 2002 жылдан бастап Қазақстанда жаңадан құрылатын банктің жарғылық капиталының мөлшері 2 млрд теңгені (11,5 млн еуроға жуық) құрауға тиіс деген талап қойылады.

Ұлттық банк пен ҚР ҚҚА осы қаржы нарығында жұмыс істеу ережелерін белгілейді, яғни жеке банк өтімділігін жоғалту қаупінсіз өзіне қабылдай алатын шекті тәуекелдің нормативін белгілейді, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептің стандарттарын қалыптастырады, банк менеджментінің әдістемелік басшылығын жүзеге асырады, мысалы, қазіргі заманғы тәуекеленеджементін ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және т.б. Осы әзірленген ережелердің ауқымында Ұлттық банк әрбір жеке банктің қызметі белгіленген талаптарды қанағаттандыратынын бақылап, ал аталмыш ережелер бұзылған жағдайда берілген лицензияны қайтарып алады.

Банк жүйесінің орнықтылығы осы нарықтың қажетті инфрақұрылымын құру есебінен де қалыптасады. Қазіргі уақытта Қазақстанда өзінің тиімділігін дәлелдеген жеке тұлғалардың ақша салымын сақтандырудың ретке келтірілген жүйесі жұмыс істейді. Осындай жүйелер барлық дамыған елдерде халықтың банк жүйесіне сенімінің қажетті деңгейін сақтау үшін қолданылады және нәтижесінде банктердің ресурстық базасы қажетті деңгейде тұрақты болады. ҚР Ұлттық банкі сақтандыру жүйесіне кіретін банктерді іріктеу үшін жауап береді.

ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы сәттегі және келешекке арналған аса маңызды міндетіне банктердің қайта қаржыландыру жүйесін реформалау жатады. Ұлттық банк банк жүйесінің орнықтылығына жауап бере отырып, банктерді ақша ресурстарымен қамтамасыз етудің тиімді механизмін қалыптастыруы тиіс. Ол мұны қаржы жағынан тұрақты банктерге сенімді бағалы қағаздардың кепілдігімен шамалы мерзімге (1, 7, 30 күнге) ломбардтық кредит беріп жүзеге асырады. Мұндай инфрақұрылым банктерге өзінің өтімділігін ойдағыдай басқару үшін қажет.

Ұлттық банк пен банк жүйесінің өзара ықпалдасуында өзара сенім көрсету деңгейінің маңызы зор. Кейде тіпті қаржы көрсеткіштері қолайлы жағдайда да нарықтың тұрақтылығына сенімсіздіктен банктердің арасында «сенімділік дағдарысы» туындайды. Есеп айырысу жүйесі тиімді жұмыс істеу үшін коммерциялық банктердің шоттарында қаражат жетіспеген жағдайда Ұлттық банк есеп айырысуды күн ішінде сенімді кредиттеуге тиіс. Қазіргі уақытта ҚР Ұлттық банкі үшін есеп айырысуды «ақшаның жолда болуын» барынша қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа электрондық технологияларға көшіру мәселесі ең басты болып отыр.

Коммерциялық банктер. Коммерциялық банктер – пайда алу үшін құрылған банктер. Қазақстанда ұйымдастыру-экономикалық нысаны бойынша олар акционерлік қоғам болып табылады. Көптеген бұрынғы кеңес елдерімен салыстырғанда Қазақстанда мемлекеттің коммерциялық банктерде үлесі жоқ деуге болады. Тек «Қазақстанның тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ және даму банкі – «Қазақстанның даму банкі» АҚ сияқты екі екінші деңгейдегі банк жұмыс істейді. Осы қаржы институттарының ерекшелігі ретінде «ҚТЖБ» АҚ – Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын қолдап, оны іске асыру үшін құрылған жалғыз арнайы мамандандырылған банк, ал «Қазақстанның даму банкі» АҚ-ның даму институтына жататын құқықтық мәртебесін атауға болады. «Қазақстанның даму банкі» АҚ қызметі экономиканың нақты секторын орта және ұзақ мерзімді кредиттеуді дамытуға көмек көрсетуге бағытталған. ҚДБ АҚ өзінің ресурстарын екі көзден, яғни еурооблигация орналастырудан алынған қаражаттан және республикалық және жергілікті бюджеттен кредит түрінде бөлінген қаражаттан құрайды. ҚДБ АҚ тартылған ресурстарды жеңілдікті ұзақ мерзімді кредит түрінде береді. «Қазақстанның даму банкі» АҚ қызметі отандық тауар өндірушіні күшейтуге, Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялану және дамудың шикізат бағытынан кетуі арқылы еліміздің тұрақты дамуға жетуіне ықпал ете отырып, оның сыртқы нарықтарға шығуына көмек көрсетуге бағытталған.

Қазақстанда қаржы нарығының континенталдық үлгісі қалыптасуда, оның ауқымында банк жүйесі экономикадағы инвестициялық капиталды бөлетін негізгі механизм болып табылады. Бүгінгі күні қазақстандық банк жүйесі негізгі қаржы делдалының міндетін орындайды. Сонымен бірге соңғы жылдары қазақстандық банктердің сыртқы нарықта қарыз алуы банк активтерінің

айтарлықтай өсуіне әкеп соқтырып, банк секторының тәуекелділік деңгейінің өсу мәселесін шиеленістіріп отыр.

Банктер кәсіпорындарға беретін қаржы ресурстарының бағасы нақты экономиканың банк жүйесімен өзара ықпалдасуын негізгі реттеуші болып табылады. Сырттан алынған қарыздардың өсуі, әлемдік ипотекалық нарықтағы дағдарыс пен қазақстандық банктердің өтемпаздығымен туындаған проблемалары ішкі кредит нарығында пайыздық ставкалардың өсуіне әкеп соқтырды.

2003 жылдан бастап қазақстандық банктер елдегі оң инвестициялық ахуалды пайдаланып, пайыздық ставканы төмендетумен қатар қолда бар ресурстардың көлемін арттырумен үйлесетін даму стратегиясын таңдады. Осы проблеманы шешу мақсатында банк қызметі үшін ең маңызды ауқым әсерін пайдалануға мүмкіндік беретін банк капиталын шоғырландыруға қол жеткізу қажет болды.

Банк қызметінде жеке банктің де, сонымен бірге жалпы банк жүйесінде де ауқым әсері бәсекеге қабілеттілікті арттыра алатынын маңызды элемент екенін атап өту қажет. Ірі банктің нарықты басып алу жөніндегі басқыншылық стратегиясын жүргізіп, банк қызметінің нарығында «демпингпен айналысып», осының нәтижесінде операциялық шығындарды қысқартып, табыстың ысырабының орнын толтыруға және осылайша өзінің клиенттік базасын, тартылатын ресурстар мен өзінің бақылау аясының көлемін кеңейтуге мүмкіндігі бар. Осы стратегия іске асырылған алғашқы бірнеше жыл ішінде көптеген банктер осындай жетістіктерге қол жеткізді. Алайда қазақстандық қаржы нарығының ашықтығы ушықтырған жүйелі, сондай-ақ жүйелі емес тәуекелдердің ықпалы ұлттық банк секторының дамуында келеңсіз салдардың білінуіне әсер етті. Қазақстандық банктерге мемлекеттің де, сондай-ақ ұлттық банктің де тарапынан уақытылы жасалған қолдау өтімділік проблемасының шешімін тауып, ұлттық экономикада жаңа дағдарыстық құбылыстардың туындауына жол бермеді.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі және қаржы қызметтері нарығын ырықтандыру алдында қазақстандық банк жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлттық банк қауымдастығының өзекті проблемасына айналып отыр.

Капиталды екі тәсілмен, мысалы, салық жеңілдіктері түріндегі көтермелейтін реттеуші болған жағдайда мерзімі бойынша ұзаққа созылатын ішкі қорлану және бірігу мен жұту арқылы капиталды орталықтандыру арқылы шоғырландыруға болады.

Қазақстанның банк қызметтері нарығында 35 банк жұмыс істейді (2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректер). Жалпы Қазақстанның банк секторында негізінен ірі және орташа банктер жұмыс істейтіндіктен, оның құрылымы біркелкі. Әлемдік практикада ірі банктердің шағын банктерді жұту және осы банктердің филиалға айналуы мен бірігуі арқылы банк капиталын шоғырландыру процесін көтермелеу үшін, мемлекет жұмыс істейтін банк ұйымдары капиталының ең төмен мөлшеріне қойылатын талапты бірнеше есеге арттырды. Мысалы, Ресейде Ресейдің Орталық банкі 2007 жылы капиталдың ең аз мөлшеріне қойылатын талапты 5 млн еуроға дейін арттырды.

14.4.	Қор нарығы және оның қалыптасуының ерекшеліктері
-------	--------------------------------------------------

Қор нарығы қаржы нарығының бағалы қағаздардың эмиссиясы (шығарылымы) мен оны сату-сатып алу жүзеге асырылатын бөлігін білдіреді.

Бағалы қағаз – бұл мүліктік құқықты білдіретін, өзінің құны бар, нарықта дербес еркін айналатын, сатып алу-сату объектісі және өзге де мәмілелердің объектісі бола алатын құжат. Бағалы қағаздар капиталдың түрі ретінде тұрақты немесе бір жолығы табыс көзі болуы мүмкін.

Қор нарығына бағалы қағаздар қарыз берумен байланысты кредиттік қатынастар мен бағалы қағаздар меншікке қатысу титулы болғанда бірге иелену қатынастары кіреді.

Дамыған нарықтық экономикада бағалы қағаздар мен оның нарығы бос ақшалай қаражатты кәсіпорындар мен мемлекеттің мұқтажы үшін жұмылдыруда өте маңызды рөл атқарады.

Өзінің экономикалық жүйелерінің трансформациясын жүзеге асыратын елдерде қор нарығын қалыптастыру процесі оңай іс емес. Қазақстанда да қор нарығының қалыптасуы ұзақ уақытқа созылды.

Экономикалық өсуге көшу үшін мемлекет бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі мақсатты саясат жүргізуге тиіс.

<b>14.5.</b>	<b>Бастапқы және қайталама қор нарықтары</b>
--------------	----------------------------------------------

Бағалы қағаз шығарылып, алғашқы қолға сатылғанда екі құбылыс орын алады, яғни қор нарығында тағы бір қаржы құралы пайда болып, ал эмитент (оны шығарушы) бағалы қағазды сатып өзіне қажетті ақшаны тартады. Содан кейін екінші және кейінгі мәмілелер жасалуы мүмкін: қағаз қолдан қолға өтеді, яғни айналады. Енді эмитент қосымша ақшалай қаражат алмайды – қордың құндылығы иеленушісін жай ғана алмастырады. Осыған байланысты бағалы қағаздардың бастапқы және қайталама нарығы болады.

Бастапқы нарық – бағалы қағаздар алғашқы инвесторлардың арасында орналастырылатын (яғни алғашқы адамға сатылатын) айналыс ортасы.

Қайталама нарық – бұл бұрын орналастырылған бағалы қағаздар иеленушісін алмастырып екінші, үшінші қолға өтетін орта.

Кез келген экономикада, әсіресе өтпелі экономикада бастапқы нарық даму үшін эмитент жөніндегі ақпарат толық және нақты болуы тиіс.

Қазақстанда бағалы қағаздардың пайда болуынан бастап осындай ақпарат проблемасы ең өткір проблемаға айналды. Ақша салымшыларын алдаған, қаржы пирамидаларымен орын алған атышулы даулар заңды және жеке тұлғалардың арасындағы ықтимал инвесторларды үркітті. Іс жүзінде болуы мүмкін ықтимал инвесторлар өзі туралы ақпаратты жариялауға асықпайды, ал эмитент-жаңа компанияларды инвесторлар жете танымайды.

Нарықтық экономикалы елдерде, мысалы, АҚШ-та, Германияда, Жапонияда мемлекет коммерциялық құрылымдардың бағалы қағаздар эмиссиясы проспектілерінің мазмұнын, ондағы істің мән-жайы жөніндегі ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету үшін қатаң бақылайды. Алайда шет елде мемлекет осы деректердің нақтылығы үшін жауап бермейді.

Қазақстанда бағалы қағаздар эмиссиясы проспектілерінің мазмұны мен қаржы нарығын реттеуші – Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік (ҚР ҚҚА) тарапынан оны мемлекеттік тіркеу тәртібіне талаптар қойылады. Алайда іс жүзінде эмиссияның қалыптастырылатын проспектілері ашықтық және шынайылық талаптарына кейде жауап бермейді.

Қазақстандық қор нарығының «ашық еместігі», яғни бағалы қағаз шығаратын компаниялар мен банктер туралы ақпараттың жеткіліксіздігі немесе оның нақты еместігінен инвесторлар ақша салуға болатын қор құндылықтарының арасынан лайықты таңдау жасай алмайды.

Дегенмен, соңғы жылдары Қазақстанда қор нарығының халықаралық практикаға және биржалық сауда стандарттарына жауап беретін инфрақұрылымы қалыптасты. Инфрақұрылымның инвесторлар мен кредиторларға қажетті ақпарат беру функциясын атқаратын ақпараттық құрамдасы бірте-бірте дамып келеді.

Қазақстанда қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарымен операцияларды жүзеге асыратын «Қазақстандық қор биржасы» АҚ (KASE) бас биржалық алаң ретінде қазіргі уақытта акциялар нарығының (KASE Shares) және облигациялар нарығының (KASE BY, KASE BC, KASE BP) өз индексін есептейді. Биржалық индекстер инвесторлар мен кредиторларға акциялар мен корпоративтік облигациялар нарығының жағдаятының жалпы жай-күйі, бағалы қағаздардың сұранысы мен ұсынысының көлемі, олардың қор нарығындағы бағалары өзгерісінің тенденциясы жөнінде маңызды ақпарат береді.

Инвесторлар мен кредиторларға қор нарығына қатысатын көп қаржы құралдарында дұрыс шешім қабылдауда эмитенттердің инвестициялық тартымдылығы мен кредит төлеу қабілетін талдау және бағалаумен айналысатын рейтингтік агенттіктер тағайындайтын бағалы қағаздардың рейтингі өте маңызды ақпарат болып табылады.

Қазіргі уақытта қазақстандық қор нарығында осы қызметтерді Moody's Interfax Rating Agency и Standard & Poor's жетекші әлемдік рейтингтік агенттіктердің ресейлік бөлімшелері көрсетеді. Қазақстанда ұлттық рейтингтік агенттіктер құру әрекеті жасалуда.

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы негізінен мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы дамып келді. Қазақстандық қор нарығының корпоративтік секторы ірі эмитенттер өздерінің IPO-сымен әлемдік қор нарығына шыға бастағаннан кейін дами бастады, нарыққа қатысушылар көпке танымал болу соншалықты қауіпті емес және меншікті қағаздарды орналастыру тиімді болуы мүмкін екенін түсінді.

Алайда ішкі нарықта эмитенттелетін корпоративтік қор құндылықтарының негізгі бөлігі, әдетте, сатылмайды, қайталама нарықты белсенді қозғалыс болмағандықтан, бағалы қағаздардың шынайы бағасының белгіленбеуіне байланысты, тек маркет-мейкерлердің қызметі арқылы листингте қолданып, сатылмайды.

Қайталама нарықты қалыптастыру үшін стратегиялық ауқымды кеңейту қажет, сондай-ақ тактикалық инвесторлар да пайда болуы тиіс. Стратегиялық инвестициялауда кәсіпорындарда бақылауды немесе шешім қабылдауға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар таңдалады. Стратегиялық инвесторды осы қағаздардың нарықтық бағасының – бағамының жылдам өсуі қызықтырмайды және тіпті ол жақын жылдары олардан пайда алуға тырыспайды. Аталмыш инвестор кәсіпорынның өзін нығайтуға, оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның нарықтарға шығуына, шын мәнінде, бүкіл капиталды, демек, стратегиялық инвестордың үлесін арттыруға мүдделі болады.

Тактикалық инвестициялауда бағалы қағаздар олардың нарықтық бағасы көтерілгенде оларды сату мақсатында сатып алынады. Тактикалық инвесторға өзінің машина жасау зауытының немесе аяқкиім фабрикасының бағалы қағаздарын сатып алып тұрғаны шын мәнінде бәрібір, оған тек қор қағаздарының бағасы өсетін кәсіпорынды таңдау маңызды. Бүгінгі күні қазақстандық қор нарығына тактикалық инвесторлар қажет, өйткені отандық стратегиялық инвесторлардың белгілі бір ділді ұстануына байланысты, олардың болуы биржалық сауданың дамуын тежейді.

Нарыққа көшетін елдерде, әдетте, алдымен тактикалық инвестициялау басым болады, тек белгілі бір кезеңде стратегиялық инвестор пайда болады. Ресейдегі оқиғалар осы сценарий бойынша дамиды, қайталама қор нарығы да осылай дамиды. Банк секторы әжептәуір дамыған, ал бәсекенің деңгейі банк қызметінің дамуына ықпал ететін Қазақстанда ықтимал эмитенттер қорлануды қолдануға асықпайды және өтімділік проблемасы туындағанда кредиттеуді жөн көреді.

<b>14.6.</b>	<b>Бағалы қағаздардың негізгі түрлері</b>

Нарықтық экономикада бағалы қағаздардың көп түрі қолданылады. Оларды бірнеше белгі бойынша, мысалы, әр түрлі эмитент түрі бойынша жіктеуге болады. Эмитенттер мемлекет, жеке меншік сектор және шетелдік субъектілер деп аталатын үш топқа бөлінеді. Қазақстанда мемлекеттік бағалы қағаздарды ҚР Үкіметі мен ҚР Ұлттық банкі шығарып, оларға кепілдік береді. ҚР Бюджеттік кодексімен 2005 жылы шектеу енгізілгенге дейін жергілікті билік органдары муниципалдық бағалы қағаздар шығаруға құқылы болатын. Корпоративтік бағалы қағаздарды мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдар шығарады. Қазақстанда айналысқа тек атаулы қор құндылықтары шығарылады. Бағалы қағаздың иесі туралы деректер тәуелсіз тізбе ұстаушы жүргізетін арнайы тізбеде тіркеледі.

Бағалы қағаздар өздерінің экономикалық тегі бойынша да жіктеледі. Бұл жағдайда:  
 меншік туралы куәлік;  
 қарыз туралы куәлік;  
 келешектегі мәмілеге арналған келісімшарт бойынша жеке жіктеледі.

Бағалы қағаздардың барлық осы үш түрі Қазақстанда қолданылып айналады (төмендегі 14.1-кестені қараңыз).

#### 14.1. Қазақстанның қор нарығында айналатын бағалы қағаздардың түрлері

Бағалы қағаздардың түрлері	Бағалы қағаздың сипаттамасы
1	2
I. Меншік туралы куәлік: – акционерлік қоғамдардың акциялары	АҚ пайдасының бөлігін алуға және оны басқаруға қатысу құқығын растайтын бағалы қағаздар
– инвестициялық қорлардың пайлары	Өзінің меншік иесінің үлестік инвестициялық қордағы үлесін растайтын құжатсыз шығарылым нысанындағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз

II. Қарыз туралы куәліктер: – мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, оның ішінде:	Өзін ұстаушының борышкері мемлекет болып табылатын қарыз қатысында құқығын растайтын бағалы қағаздар
1	2
◆ ҚР Үкіметі шығарған	Мемлекеттік инвестициялық және инновациялық бағдарламаларды қаржыландыру көзі болып табылады
◆ ҚР Ұлттық банкі шығарған	Ақша-кредит реттеу құралы, мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жабу көзі болып табылады
– жеке меншік сектордың бағалы қағаздары, оның ішінде:	Мемлекеттік емес борыштық эмиссиялық бағалы қағаздар
◆ корпоративтік облигациялар	Өзін ұстаушының борышкері мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылатын қарыз қатысында құқығын растайтын бағалы қағаздар
◆ депозиттік сертификаттар	Банктің сертификатты ұстаушыға көрсетілген соманы төлеу міндетмесі; талап ету құқығы сертификатпен бірге бір адамнан екінші адамға берілуі мүмкін
III. Келешектегі мәмілелерге арналған келісімшарттар: ◆ фьючерстер	Акцияларды, облигацияларды, басқа да бағалы қағаздарды немесе валютаны тіркелген баға бойынша белгіленген мерзімде сатып алу міндеттемесін растайтын бағалы қағаздар
◆ опциондар	Акцияларды, облигацияларды, басқа да бағалы қағаздарды немесе валютаны тіркелген баға бойынша белгіленген мерзімде сату міндеттемесін растайтын бағалы қағаздар
◆ своптар	Екі тараптың белгіленген уақыт кезеңінде белгілі бір шартпен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін растайтын туынды бағалы қағаз

Алайда қазақстандық қор нарығында акциялар мен облигациялар әлі де шешуші рөл атқарады.

Акция – акционерлік қоғам шығаратын және иеленуші-акционердің: 1) акционерлік қоғам пайдасының бөлігін дивиденд түрінде алу; 2) акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, демек, оның қаржы жағдайы жөнінде шынайы ақпарат алуға; 3) акционерлік қоғам таратылғаннан кейін қалатын мүліктің бөлігін алуға құқығын растайтын бағалы қағаз.

Әлемдік практикада акцияларды ресімдеудің сертификаттау мен тізбе жүргізу деп аталатын екі тәсілі бар екені белгілі. Олардың арасында айырмашылық бар. Бірінші жағдайда акционер акцияның сертификатын алуы оның меншік иесінің құқығын алған сәт болып саналады (сертификат бір немесе бірнеше акцияның, яғни олардың пакетінің болуы мүмкін). Осы сертификат меншіктің титулы болып табылады. Екінші жағдайда сатып алушыны акционерлер тізбесіне енгізу сатып алу сәті болып саналады, ал осы тізбе меншік иесінің мәртебесі болып табылады. Осы нұсқада сертификаттың материалдық нысаны болуы немесе болмауына қарамастан, ол меншік титулы болып табылмайды.

Қазақстанда тек атаулы акциялар шығаруға рұқсат етілген, бұл тізбенің бастапқы екенін білдіреді. Сонымен бірге іс жүзінде акцияларды ресімдеу акционерлердің құқығын бұзумен және қор нарығының дамуын тежейтін бірқатар проблемалармен (тізбені бей-берекет жүргізу, тіркеу инфрақұрылымының нашар дамуы және т.б.) байланысты. Қазіргі уақытта барлық акционерлік қоғамдардың акционерлердің санына қарамастан сыртқы тізбе ұстаушысы болуы тиіс екені қарастырылған нормативтік актілер қолданылады. Әрбір акционерлік қоғам тізбе жүргізуге міндетті.

Қалыптасып келе жатқан қор нарықтарына дамыған нарықтық экономикада ауқымы байқалмайтын тағы бір құбылыс тән.

Бұл жерде акциялардың күрт жіктелуін айтып кету қажет. Көбінесе «көгілдір фишкалар» деп аталатын шамалы (компаниялардың саны бойынша) акциялар тобы пайда болады. Бұл трансформацияланатын экономика жағдайында әр түрлі жағдаймен ойдағыдай дамып, табыс ала алған ірі компаниялар шығарған неғұрлым сенімді акциялар. Осы компаниялар, акционерлерді, негізінен шетелдік компанияларды тартуға күш салып, өтпелі кезең жағдайына бейімделгеннен кейін ақпараттық ашықтықтың қажет екеніне көз жеткізеді. Олардың эмиссиялық перспектілері халықаралық стандарттарға жақын. Осының арқасында акциялар жоғары өтімділікті, яғни меншік иесі ысырап шекпей акцияны ақшаға айналдыру қабілетін қамтамасыз етеді. Қазақстанда «көгілдік фишкалар» қатарына негізінен ұлттық компаниялар немесе мемлекет өзінің қатысуын жалғастыратын компаниялар кіреді. Осы компаниялар мемлекет иелегінен шығару және жаппай акционерлендіру процесіне жылдам ілісетін болғандықтан, қазақстандық инвесторлар осы компанияларға қызығушылық танытады.

Шамалы ғана компанияның «көгілдір фишкаларымен» қатар акционерлік қоғамдардың «меншігін қайта ірі құрылымдаудан» кейін қалыптасқан барлық қалған акциялары бар.

Қазақстанда акциялары «көгілдір фишкалар» болып саналатын компанияларға «Қазақмыс» корпорациясы», «Өскемен титан-магний комбинаты», «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Қазцинк» АҚ, «ССМӨБ», «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және бірқатар басқа компаниялар, яғни оларға мұнай және газ, энергетикалық, қаржы, байланыс құралдары сияқты салалық компаниялар жатады.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, кез келген өтпелі экономикада акциялармен осындай проблемалар туындайды екен. Қазақстанда аталмыш проблемалар:

жекешелендіру мен акционерлеудің орасан зор ауқымы мен қарқынымен;  
меншік құқығы өтуінің сенімділігі мен қор нарығында инвестициялаудың ақпаратпен қамтамасыз етілуіне кепілдік беретін қажетті инфрақұрылымның дамуының артта қалуымен;  
қажетті заңнама базасының жалпы экономикадағы, әсіресе қор нарығындағы трансформациялық процестердің дамуынан өте артта қалуымен;

бүкіл дүние жүзінде қалыптасып келе жатқан қор нарықтарынан шетел инвесторларының кетуіне және Ресейге, оның ішінде Қазақстанға инвестициялық қызығушылықтың төмендеуіне әкеп соқтырған Ресейдегі 1998 жылғы қаржы дағдарысымен байланысты қатты шиеленісті.

Облигация – бұл компаниялар мен мемлекетке қор нарығында ақша ресурстарын қарызға алуға мүмкіндік беретін борыштық міндеттеме болып табылатын бағалы қағаз.

Облигацияның:

эмитенттің облигацияны ұстаушыға оның атаулы құнын, яғни осы бағалы қағаз шығарылғанда алынған соманы межелеген мерзімде қайтару міндеттемесі;

эмитенттің облигацияны ұстаушыға алдын ала айтылған, көбінесе пайыз түрінде тұрақты тіркелген табысты төлеу міндеттемесі сияқты екі басты белгісі болады.

Акциямен салыстырғанда облигациялар меншік титулы болмайды, олар компанияны басқару құқығын бермейді, оларды өтеудің соңғы мерзімі болады. Облигацияның нарықтағы атқаратын ролі мен айналысы оның қор құндылығы ретіндегі ерекшелігі болып табылады.

Трансформацияланатын экономикаларда, көбінесе әлеуметтік міндеттемелердің мөлшері белгіленгенде мемлекеттер табыс көзінің аздығымен беттеседі, осының нәтижесінде – бюджет тапшылығы пайда болады, мемлекеттік облигациялар жетіспейтін қаржы ресурстарын жұмылдыратын аса маңызды тәсілге, бюджет тапшылығын жабатын көзге айналады.

Ағымдағы бюджет тапшылығын қаржыландырумен қатар мемлекет борыштық міндеттемелерді шығарады, сонымен бірге бұрын орналастырылған қарыздарды өтеп, оған қызмет көрсетеді, әр түрлі инвестициялық бағдарламаларды қаржыландырады.

Сонымен бірге қаржы нарықтары тұрақсыз әрі «енсіз» трансформацияланатын экономикаларда мемлекет қор нарығын жетіспейтін қаржы ресурстарын жұмылдыру көзі үшін пайдаланғанда бірқатар елеулі проблемалар туындауы мүмкін.

90-жылдардың соңында корпоративтік қаржы құралдары мүлдем болмағанда мемлекеттік бағалы қағаздар секторы ең басынан бастап қазақстандық қор нарығында қарқынды дамып, оның дамуында шешуші рөл атқарды. Бұл, бір жағынан, экономиканы қаржыландырудың маңызды мәселелерін шешуге, ал екінші жағынан – корпоративтік құралдар нарығының дамуына ықпал етпе- алмады.

Мемлекеттік облигациялар нарықтық қатынастары дамыған барлық елдерде бюджеттің проблемаларын шешу үшін қолданылады, алайда олардың көпшілігінде мемлекеттің қарыз алған ақшасының ауқымын ішкі нарыққа ұлттық экономикаға қауіпті шектерден асырып шығаруға жол бермейтін заңнама актілері қолданылады.

Бүгінгі күні Қазақстанның трансформацияланып жатқан, әлі де тұрақсыз экономикасында мемлекеттік бағалы қағаздар сияқты маңызды қаржы құралын пайдаланудың теориялық, заңнамалық, реттеуші қағидаларын әзірлеу маңызды.

2000 жылдары әлемдік мұнай және газ нарықтарында Қазақстан үшін бюджет тапшылығының проблемасы болмады. Алайда қазақстандық экономиканың шикізатқа бағдарлануы әлі еңсерілген жоқ, шикізаттың бағасы түскен жағдайда бюджет тапшылығының туындау қаупі әлі де сейілген жоқ, демек оны қаржымен тиімді әрі қауіпсіз жабу проблемасы да сақталып отыр.

Қазақстанда корпоративтік қағаздар нарығы 2000 жылдардың басында ғана ойдағыдай дами бастады, ал Қазақстандық қор биржасы олар бойынша алғашқы сауда-саттықты 1997 жылғы 19 қыркүйекте өткізді. Корпоративтік облигациялар эмиссиясының проспектілерін тіркеу (1999 жыл) корпоративтік құрал нарығының жұмысын жандандырған жоқ. Қазақстанның қор биржасында осы проблема шешімін тапқан жоқ. Аталмыш проблеманы екі жақтан, яғни акциялар нарығының даму проблемасы және корпоративтік облигациялар нарығының проблемасы ретінде қарастыруға болады. Капиталдандыру өспей және онда акциялар болмай ешқандай бағалы қағаздар нарығы дамымайтыны белгілі. Әлемнің барлық дамыған қор нарықтарының басым бөлігін инвесторлар дивидендтен ғана емес, сондай-ақ акциялар құнының бағамдық айырмашылығынан табыс ала алатын акциялар нарығы құрайды.

Соңғы уақытқа дейін «А» KASE листингіне кіретін акциялардың арасынан «Қазақтелеком» ААҚ-ның артықшылықты акциялары жалғыз тартымды бағалы қағаз болған. Осы бағалы қағаздар бойынша дивидендтер оның атаулы құнының 30%-ын құрады, сондықтан нарықта олар неғұрлым жоғары бағамен сатылды. Қазіргі уақытта осы акцияларды купондық облигацияларға айырбастау арқылы олар нарықтан шығарылды. «А» листингінің қалған акциялары табысы төмен болуына немесе дивиденд алуға қауіпіне байланысты тартымсыз болып табылады. Мәселен, егер 2006 жылғы 1 қазанға қалыптасқан жағдай бойынша деректерге сәйкес 2160 акцияның қолданыстағы шығарылымы тіркелсе, «А» санаты бойынша KASE-дің ресми тізіміне 43 шығарылым, «А» санаты бойынша – 42 немесе тіркелген шығарылымның жалпы санының 4%-ы кіреді. Сонымен бірге сол күнге облигациялардың қолданыстағы шығарылымының саны 875,9 млрд теңгенің 216-ын құрайды (немесе ЖІӨ<sup>11</sup> көлемінің 10,04%-ын), оның 85,57%-ы «А» санаты бойынша және 2,68%-ы «В» санаты бойынша енгізілген. Мұның өзі бір жағынан, эмитенттер акцияларға қарағанда биржаның листинг талаптарына жауап беретін облигациялардың эмиссиясын көп жүзеге асыратынын көрсетеді. Ал екінші жағынан, бұл облигацияларды өндірістік компаниялар емес, көбінесе қаржы институттары (58% банктер мен 17% өзге қаржы ұйымдары) шығаратынын айғақтайды.

Ірі қазақстандық компания үшін өз еурооблигациясын шығару ықтимал валюта тәуекеліне қарамастан ұлттық валютаға қарағанда шетел валютасында облигация шығаруға елеулі артықшылық береді. Бүгінгі күні қазақстандық экономика мен банк секторының «Қазком» АҚ, «ТұранӘлемБанкі» АҚ және «Қазақстанның Халық банкі» АҚ сияқты көшбасшылары, сондай-ақ «АТФ Банк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ және «АльянсБанк» АҚ сияқты озық қаржы құралдары мен бизнес технологияларын игерген банктер халықаралық еурооблигациялар нарығына шықты. Қазақстанның еурооблигациялар нарығының сапалы дамып келе жатқанын атап өту қажет. Мәселен, 2005 жылы Қазкомның – НТІ өтеу күні белгіленбеген туынды траншы, сол Қазкомның рейтингісі ең жоғары AAA ставкасы өзгермелі кепілдендірілген бондылары пайда болды. Ресейдің еурооблигациялар нарығымен салыстырғанда соның көмегімен нарыққа шағын қарыз ақша берушілер шыға алатын CLN – кредиттік ноталар сияқты сырттан қарыз тартатын осындай құралдың дамымауын атап өткен орынды. Сондай-ақ барлық 14 эмиссия – банктікі, нарықтың тарлығын көрсететін бірде-бір корпоративтік эмиссия болмады. Барлық дерлік жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі институционалдық нарық инвесторлары ретінде өздерінің портфельдерінде уақытында атаулы құнымен, ал кейде одан төмен бағамен сатып алынған Қазақстан Республикасының егемен борышы еурооблигациясының елеулі бөлігі бар.

<sup>11</sup> Осы көрсеткіштің шамалы деңгейіне қарамастан ол тұрақты қарқынды, яғни, 2001 ж. – 2,7%, 2002 ж. – 4,9%, 2003 ж. – 8,2%, 2004 ж. – 8,5%, 2005 ж. – 10,4%-ды көрсетеді, осы динамикада 2003 жылдан бері күрт секіріс байқалмайды, бұл эмитенттердің қорлану үшін қарыз алуды жүзеге асыруға қызығушылығының нашар екенін байқатады.

Қазіргі уақытта осы бағалы қағаздар биржадағы бағалар жоғары болған жағдайда басқарушы компанияларға оларды нарықты оңай сатуға, осылайша бағамдық табысты капиталдандырып, зейнетақы активтерінің табыстылығын арттыруға мүмкіндік беретін инвестициялық портфельдің жоғары өтімді әлеуеті (ресурсы) болып табылады.

Қарыз туралы басқа куәліктер – вексельдер, чектер, депозиттік сертификаттар қалыптастырылатын қор нарықтарында ойдағыдай айналады. Қазақстанда қаржы құралдарының осы түрлері әлі тиісінше дамымай келеді.

Келешектегі мәмілелерге арналған келісімшарттар – фьючерстер мен опциндар трансформацияланатын экономикаларға тән. Инфляциялық болжам, валютаның тұрақсыздығы мен өтпелі кезеңге тән басқа да факторлар жағдайында алдын ала белгіленген баға бойынша келешекке мәміле жасасу, сөзсіз қызығушылық тудырады. Қазақстанда мерзімді қаржы құралдары нарығының дамуы 1996 жылы басталды. «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-дағы (KASE) мерзімді фьючерстік нарықта қазіргі уақытта тек бір ғана фьючерстік келісімшарт – доллар жеткізуге арналған келісімшарт жасалған. Істің осылайша қалыптасуына базалық қаржы құралдарын сатудың төмен деңгейі қол байлау болып отыр. Барлық қиындықтар мен проблемаларға қарамастан, Қазақстанның қалыптастып келе жатқан қор нарығындағы бағалы қағаздар түрлерінің саны бірте-бірте көбейіп келеді.

<b>14.7.</b>	<b>Әлемдік қаржы нарықтарындағы бағалы қағаздар</b>

Соңғы жылдары әлемдік қаржы нарықтарында облигациялардың жаңа эмитенттері пайда болды. Қазақстанның егемен міндеттемелерінің осы нарықтарда пайда болуы аталмыш нарықтардағы ең маңызды құбылысқа айналды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының көмегімен Қазақстан Республикасының егемен еурооблигацияларының ұйымдастырылған қайталама нарығы қалыптастырылды. Осы еуро-облигациялардың алғашқы сауда-саттығы 1998 жылғы 19 қазанда биржада өткізілді. Бүгінгі күні қазақстандық егемен еурооблигациялар қазақстандық инвесторлардың арасында ғана емес, сонымен қатар шетелдік инвестициялық компаниялар мен қорлардың арасында да сұранысқа ие болып отыр. Қазақстандық корпоративтік еуроқағаздарды орналастыру нәтижесінде жеткен табыс 2005-2006 жылдары қазақстандық қаржы нарығының тым қызып кетуіне әкеп соқтырды.

Еурооблигациялар – қарыз беруші бірнеше елдің нарықтарында бір уақытта кредиторлар үшін шетелдік болып табылатын валютада орналастыратын бо-рыштық міндеттемелер.

Экономикасы дамушы елдердің әлемдік қаржы нарықтарына шығуына байланысты сол жерде осы елдердің ақша ресурстарына қол жеткізу үшін бәсеке сияқты жаңа құбылыс туындады. Нарыққа көшетін барлық елдер бюджет тапшылығын шешу үшін әлемдік қаржы ағынын пайдалануға тырысады, алайда әлемдік қаржы нарықтарының ресурстары да шектеулі.

Атап айтқанда, қазақстандық облигациялардың лайықты бәсекелестері жоқ емес. Латын Америкасы елдері әлемдік нарықтарда 100 млрд доллардың қарызын орналастырды. Шығыс Еуропа елдерінің арасында барлық облигациялық қарыздың 80%-ы Венгрияға тиесілі. Қазақстандық эмитенттермен салыстырғанда Ресейдің, Венгрия мен Чехияның рейтингтері біршама жоғары болып сақталып отыр.

Дегенмен, нарыққа көшетін елдердің бағалы қағаздарын шет елдерде орналастырудың басты проблемалары олардың өзара бәсекелестігімен байланысты емес.

Шет елдерден қарыз алуды одан әрі көбейтудің өзі елдің мемлекеттік борышын арттырады, ал осы борыш кейінгі ұрпақтарға «мұра» ретінде қалады. Елдер үшін көп мөлшерде алынған борышқа ағымдағы қызмет көрсету өте ауыр тиеді.

<b>14.8.</b>	<b>Қазақстандық қор нарығының ерекшеліктері</b>

Қазақстандық қор нарығының барлық сегменттері – мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, акциялар нарығы мен облигациялар нарығы әр түрлі қарқынмен дамып келеді. Соңғы кезде облигациялар нарығы қарқынды дамуда. Компаниялар қымбат банк кредитін алудың орнына



оларды көлемі, бағасы мен мерзімі жағынан қолайлы инвестициялық ресурс тартуды осының балама түрі ретінде қарастырады. Сөйтіп, қазақстандық облигациялар нарығы қор нарығының дамуын көтермелеуге, жеке инвесторлардың назарын аударып, банк кредитінің жоғары құнын өтеуге әрекет жасауда.

Қазақстандық акциялар нарығында акцияларды ұстаушылар шоғырлануымен және қосылуымен ерекшеленеді. Осы нарықта инвестициялық жағынан тартымды акцияларды инвестициялау мүмкіндігі шектеулі, акциялар қозғалмайды, сондықтан олардан шамадан тыс табыс алу мүмкін емес. Осының салдарынан қордағы алыпсатарлар акцияларға қызығушылық танытпайды, сол себептен «алыпсатарлық» жағынан келешегі жоқ қазақстандық нарық қалыптасып отыр. Енді акциялар нарығының осылай дамуының себептеріне тоқталайық.

Нарыққа ойдағыдай сатылатын құралдардың шектеулі саны қатысады. Не-гізінен бұл мұнай-газ секторының ірі компанияларының, шикізат және инфрақұрылымдық салалардың, өте ірі банктердің бағалы қағаздары, ал эмитенттердің басым көпшілігінің бағалы қағаздары өтімсіз болып табылады. Мұның өзінде басқа экономикалармен салыстырғанда акция шығаратын компаниялардың жалпы саны шамалы. Қазақстанда 2005 жылы 2300 эмитент-компания тіркелді (KASE листингіне тек 118 компания), ал АҚШ-та 7000-нан астам компания кірді.

Қазақстандық нарықта еркін айналыстағы акциялар саны аз, бұл бір жағынан, олардың өтімділігін төмендетеді, ал екінші жағынан, бағаға «алыпсатарлық» үстеме баға қосады.

Қолданыстағы тиісті нормативтік базаның жетілдірілмеуі (мысалы, инвесторлардың құқығын қорғау туралы заңның болмауы) және мәміле жасаудың техникалық инфрақұрылымының дамымауы қор нарығының дамуын тежейтін маңызды фактор болып табылады. Мысалы, Ресеймен салыстырғанда Қазақстанда бағалы қағаздармен мәміле бойынша клиринг пен есеп айырысудың құны 4 есеге және Лондоннан 8 есе қымбат тұрады. Мұның өзі қазақстандық қор нарығының бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, оның дамуын тежейтін тағы бір елеулі проблеманы – қазақстандық бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың қазақстандық сауда алаңдарынан батыс сауда алаңдарына көшу проблемасын қалыптастыруда.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Банк жүйесі*  
*Қайталама нарық*  
*Еурооблигациялар*  
*Коммерциялық банктер*  
*Бастапқы нарық*  
*Стратегиялық инвестициялау*  
*Тактикалық инвестициялау*  
*Бағалы қағаз*

## 15-ТАРАУ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ

15.1.	Қоғамдық ұдайы өндірістің мәні. Макроэкономика және ұлттық ұдайы өндіріс
-------	--------------------------------------------------------------------------

Ұдайы өндіріс – бұл өндірісті тұрақты түрде жаңғырту және өндірісті қайталауда оның нәтижелерін, пропорцияларын, нысандары мен қатынастарын біртұтас ету. Қоғам тұтынуды тоқтата алмайды, демек, ұдайы өндіріс – тұрақты және үздіксіз тұтынудың шарты.

Ұлттық ұдайы өндіріс процесінде қоғамдық өнім мен адамдар қызметінің басқа да нәтижелері ұдайы жаңартылады, табыс пен шығыс ауыспалы айналады, үй шаруашылықтары мен фирмалардың арасындағы жеке ұдайы өндіріс пен байланыс, жеке деңгейдегі, сонымен бірге өңірлік қатынастар деңгейіндегі экономикалық процестердің барлық субъектілері (қатысушылар) арасындағы экономикалық қатынастар жаңғыртылады.

Жай, ұлғаймалы және кішіреймелі ұдайы өндіріс болады. Жай ұдайы өндіріс – бұл өндіріс пен тұтынуды бұрынғы ауқымда жаңғырту. Ұлғаймалы ұдайы өндірісте өнім өндірісі мен тұтынудың көлемін арттыру қарастырылады. Кішіреймелі ұдайы өндіріс (өнім өндірісінің көлемі төмендегенде) белгіленген кезең ішінде жүзеге асырылуы мүмкін, алайда өндірістің ұзақ уақыт бойы түсуі елдің әлеуетінің бұзылуына және халықтың өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Экономикаға ұлғаймалы ұдайы өндіріс тән. Тек сол ғана игілікті тұтынуды арттыруға, өндірісті жетілдіру үшін жаңа алғышарттар құруға, жаңа технологияларды игеруге, әлеуметтік, экологиялық және қоғамның басқа да көкейкесті проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Макроэкономиканы және ұлттық қоғамдық ұдайы өндірісті зерттеуде ортақ нәрсе көп. Біріншіден, макроэкономика да, ұлттық ұдайы өндіріс те жалпы экономиканы, сонымен бірге табыстағы, жұмыспен қамтудағы және инфляциядағы өзгерістерді зерттейді, Олар экономикада орын алған процестерді түсіндіруге және қажетті экономикалық саясатты әзірлеуге тырысады.

Екіншіден, макроэкономика мен ұдайы өндіріс агрегаттық, ірілендірілген мөлшерлермен сабақтас және талдауда әр түрлі үлгілер пайдаланылады.

Үшіншіден, олар – мемлекет, қаржы нарықтары, инвестициялар және т.б. сияқты ұлттық экономиканың сол бір институттарының қызметін зерттейді. Алайда, жалпы экономикада орын алатын процестерді макроэкономика мен ұлттық қоғамдық ұдайы өндірістің теориясы әр түрлі зерттейді.

Егер макроэкономика үшін функционалдық байланыстар мен заңдылықтар маңызды болса, онда ұлттық ұдайы өндіріс теориясы ұлттық экономикада үздіксіз ұдайы өндіріс қалай және қандай нақты нысанда жүзеге асырылатынын анықтауға тырысады. Басқаша айтқанда, ұлттық қоғамдық ұдайы өндірістің теориясы ұдайы өндірісті сол немесе басқа ұлттық экономиканың үлгісіне қатысты жүзеге асырылуының заңдылықтары мен тенденцияларын, сондай-ақ механизмдерін зерттейді. Мұның өзінде ұлттық қоғамдық ұдайы өндіріс теориясында арнайы қарастырылатын бірқатар ерекше проблемалар

Біріншіден, бұл проблема пропорционалдыққа байланысты. Ұлттық экономика еңбекті қоғамдық бөлу мен күрделі өңірлік құрылым жағдайында тіршілік етеді. Алайда ұлттық экономиканың үлгісіне қарамастан өндіріс пен тұтынудың арасындағы байланыс бастапқы және кез келген экономиканың жалпыға тән байланысы болып табылады. Бұл түсінікті де, өйткені егер өндіріс тұтынумен аяқталмаса, онда ол мағынасыз болады. Өндірістің өзі де өндіріс пен тұтынудың біртұтастығы тұрғысынан алып қарағанда өнімді тұтыну болып табылады. Жеке ұдайы өндірістің әр түрлі буындарында өндірілетін өнімдердің көп түрі меншікті өндірушілердің тұтынуын емес, сонымен бірге басқа буындардың өндіріс құралдарына барлық қажетін, ал тұтынушыларды – әр түрлі тұтыну заттарына деген қажетін қанағаттандыруы тиіс. Осы орайда дамыған экономикада осы сәйкестіктер сапалы ғана емес, яғни тұтынушылық құнның белгіленген түрлері ғана емес, сонымен бірге сан бойынша да түрлері өндірілуі тиіс, яғни өндірілетін өнімдердің көлемдері жеткілікті, ал оларға жұмсалған шығын қоғамға қажетті болуы тиіс. Демек, ұлттық ұдайы өндіріс жеке ұдайы өндіріспен тоқайласып, үнемі әрі динамиканы өзгертін өндіріс пен тұтынудың сәйкестігін қамтамасыз ету проблемасын шешуі тиіс.

Сөйтіп, пропорционалдық, яғни өндіріс пен тұтынудың сәйкестігін қамтамасыз ету, өндіріс көлемі мен құрылымы проблемасын, яғни өндіріс пен тұтынудың арасындағы сәйкестікті, өндірістің көлемі мен құрылымының қоғамдағы шығыс пен табысқа сәйкестігін қамтамасыз ету проблемасы кез келген үлгідегі шаруашылықтың, кез келген ұлттық экономикалық жүйенің ұдайы өндірісінің негізгі проблемасына айналып отыр.

Екіншіден, ұдайы өндіріс үздіксіз болуы тиіс. Үздіксіздік қоғамдық өнімнің ғана емес, сонымен бірге қоғамның қолында жинақталған ресурстарының, оның экономикалық әлеуетінің ұдайы өндірісімен қамтамасыз етіледі. Экономикалық әлеует жаңғыртылмаса ең соңында өнімнің ұдайы өндірісінің процесі үзіледі немесе тоқтайды. Ұлттық экономика үшін аталмыш проблема қолда бар игіліктің запасы мен игіліктің жылдық ағынының ұдайы өндірісінің біртұтастығының проблемасына айналып отыр. Нақты айтатын болсақ, осы біртұтастық қоғамдық өнім мен ұлттық байлықтың өзара байланысы арқылы қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, ұдайы өндірісті ұлттық кеңейтуді зерттеу ұлттық экономиканың тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етудің жалпы проблемасын туындатады. Ұлттық экономиканың өсуіне ішкі өсу көздері болса, сондай-ақ ұлттық экономика үлгісінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де факторларын ескеріп қол жеткізуге болады.

Төртіншіден, ұлттық ұдайы өндіріс қозғалысының, ерекшеліктерінің және елдің даму кезеңдерінің толқынды нысанының есебі оны талдаудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Экономикада ұлғаймалы ұдайы өндіріс жалпы біркелкі емес, өндіріс пен тұтынудың ұлғаю кезеңі құлдыраумен және дағдарыспен кезектеседі. Осының барлығы ұдайы өндірістің толқынды табиғаты немесе жай, ұлғаймалы және кішіреймелі ұдайы өндіріс кезеңдерінің үнемі ауысатыны жөнінде айтуға негіз болады. Ұлттық ұдайы өндірістің толқынды қозғалысының әр түрлі нысандары болады.

Экономикалық циклдер ұдайы қайталанатын құбылыс ретінде XIX ғасырда белгілі болды. Өндірістің құлдырауының, оның тоқырауының үнемі қайталанатын 8-10 жылдық циклдері сол уақытта экономикалық әдебиетте арнайы зерттелді.

К. Маркс циклдердің себептері мен табиғатының себептерін теориялық жан-жақты негіздеп, олардың тегін нарықтық-капиталистік шаруашылықтың жалпы қайшылықтарымен түсіндірді. Оның дәлеліне сәйкес, нарықтық экономика субъектілерінің тәуелсіздігі, олардың пайданы барынша арттыруға тырысуы экономикалық өсудің күшті қарама-қайшылықтарының туындауына, экономика тиімділігінің түсуіне, ал осының салдары артық өндіруге әкеп соқтырады. Осылайша дағдарыстар өндіріс факторлары толықтай жүктелмеген жағдайда нақты және ықтимал өнімнің арасындағы теріс алшақтықтың білінуі болып табылады. Дағдарыс сұраныс пен ұсынысты сәйкестікке еріксіз келтіреді. Бұл жағдайда негізгі капиталды жаңарту циклінің материалдық негізі болып табылады. Циклдің ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды жаңартуға тәуелділігі кейінгі зерттеулерде атап өтілді (Китчин циклі). Осы байланысты бірқатар басқа зерттеушілер мен статистикалық деректер растайды.

Жаңа кейнсиандықтар циклдің табиғатына басқадай түсініктеме береді. Циклдің негізгі себебі ретінде олар жинақталған игілік запасының игілік ағыны өндірісінің мөлшеріне бейімделу процесін қарастырады.

Осы пропорция бұзылған жағдайда экономика дағдарысқа ұшырайды. Мұның өзінде осы пропорцияға ықпал ететін басты факторларды жаңа кейнсиандықтар жиынтық сұраныспен байланыстырады. Жаңа классикалық теория циклді түсіндіргенде өндіріс пен жұмыспен қамтылудың байланысына ерекше мән беріп, ұсыныстың жағдайына сүйенеді. Осы тәсілдеме ауқымында жұмыспен қамтылу мөлшерінің артуы капиталдың пайдалылығы мен оны жинақтау қарқынының өзгеруі арқылы өндірістің қарқынына ықпал ететін негізгі фактор.

Циклдерге ерекше көзқарас орыс экономисі Н. Д. Кондратьевтің «үлкен циклдер» теориясымен байланысты. Ол әлемдік шаруашылықтың динамикасында ұзақ мерзімді әрі елеулі ауытқу процестерінің барын негіздеді. Уақыт қатарларын, бірқатар экономикалық көрсеткіштердің өзгеруінің эмпирикалық талдауын қарастыра отырып, ол ұзақ мерзімді экономикалық циклдердің негізінде бұрын-ғы технологиялық базисті басқа қағидаларға негізделген экономикалық жаңа қағидалармен ауыстыру жатыр деген қорытынды жасады. Н.Д. Кондратьев осы процестің ерекшеліктерін экономиканың технологиялық базисінің қалыптасып өзгеру жағдайында капиталды жинақтаудың ерекше механизмімен байланыстырды. Кейін, XX ғасырдың 40-жылдарында Й. Шумпетер ұзын толқындар теориясының құрамдас бөлігі болып табылатын циклдердің өзгеруінің жалпы теориясын әзірледі

Саяси белсенділік факторларының, психологиялық факторларды және т.б. әсерімен циклдік динамиканың пайда болуын қоса алғанда экономикалық циклдерге, оның мәні мен оның өзгеруінің ерекшеліктеріне көп түсінік беріледі.

Ұлттық ұдайы өндіріс теориясы үшін ұдайы өндірістің ауытқу, толқындық нысанда жүзеге асатыны дау туғызбайды. Мұның өзінде сол немесе басқа елдегі дағдарыс процесінің мәні арнайы зерттеуді қажет етеді. Ұлттық ұдайы өндірістің толқынды қозғалыс нысаны дағдарыстың келеңсіз салдарының алдын алуға, циклдің ауытқу циклін тегістеп, дағдарыстық жағдайдың ұзақ мерзімді кезеңдеріне жол бермеуге бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеудің ерекше нысаны етеді.

Бесіншіден, экономиканың жекелеген буындарында орын алатын процестерді макроэкономика да, ұлттық ұдайы өндіріс теориясы да арнайы зерттемейді. Осы процестер халық шаруашылығы проблемаларын зерттеудің алғышарты ретінде қабылданады. Экономиканың осы деңгейін зерттеуде фирмалар мен үй шаруашылықтарының жекелеген ерекшеліктері, оларда шешім қабылдау механизмі, экономиканың әр түрлі секторларындағы жеке ұдайы өндірістің ерекше-ліктері маңызды емес. Ұлттық-қоғамдық ұдайы өндірісті қарастырғанда жеке ұдайы өндірістің ерекшеліктерін қарастырған жөн. Алайда ұлттық ұдайы өндірісті талдағанда жеке және өңірлік ұдайы өндірістің айырмашылығын ескеру қажет. Өңірлік ұдайы өндіріс – ұлттық ұдайы өндірістің ерекше құрамдас бөлігі. Бұл әрбір өңірдің ұлттық ауқымдағы ұдайы өндірістен айырмашылығы болса онымен бірқатар ортақ белгілері бар ұдайы өндірістің біршама ерекше жүйесі болуымен байланысты.

Қазақстанның трансформациялану жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу әлсіреп, ұдайы өндіріс мәселесі өңірлердің арасында елеулі әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар қалыптасқан кезде шиеленісе бастады.

Сөйтіп, кез келген қоғамдық ұдайы өндіріс үшін салалардың, салааралық кешендер мен т.б. арасындағы дәстүрлі пропорциялар жүйесімен қатар ұлттық экономиканың ұдайы өндіріс үшін өте маңызды ерекше өңіраралық және өңірлердің ішіндегі пропорциялары бар.

<b>15.2.</b>	<b>Ұлттық экономиканың экономикалық әлеуеті</b>

Экономикалық әлеует – бұл ұлттық экономика мен қоғамдық ұдайы өндіріс-тің экономикалық мүмкіндіктері. Экономикалық әлеуеттің мәні көп жағдайда ұлттық экономика ресурстарының сан және сапа сипаттамаларымен теңестіріледі. Бұл жағдайда экономикалық әлеует материалдық және материалдық емес нысандарда жинақталған және ұлттық ұдайы өндірістің кеңеюін қамтамасыз ететін ресурстардың жиынтығын білдіреді.

Қоғамдық ұдайы өндіріс теориясында экономикалық әлеуеттің мәні мен құрамына қатысты мәселеге әрқалай түсініктеме беріледі. Бұл ретте:

- табиғи-ресурстық әлеует;
- еңбек ресурстары;
- қаржы жүйесі;
- ғылыми-техникалық ресурстар;
- кәсіпкерлік ресурс ретінде;
- ЖІӨ және ұлттық байлық<sup>12</sup> жеке бөлінеді.

Экономикалық әлеуетті жіктеудің екінші нұсқасы РФ Ғылым академиясы ЭИ «Ұлттық экономика» оқулығында келтірілген. Осы оқулықта:

- негізгі капитал және басқалар, қаржы және қаржы емес активтер;
- табиғи ресурстар;
- адам ресурстары;
- басқаруды ұйымдастыру;
- инновациялық әлеует<sup>13</sup>.

Ресей экономикалық академиясының «Ұлттық экономика» деп аталатын оқулығында экономикалық әлеуеттің тағы бір төмендегі нұсқасы беріледі:

- ұлттық байлықты қоса алғанда, жиынтық экономикалық әлеует;

<sup>12</sup> Экономика США / Под ред. В.Б. Суяна. – СПб.: Питер, 2003. – С. 3.

<sup>13</sup> Национальная экономика: Учебник / Под ред. П.В. Савченко. – М.: Экономист, 2005. – С. 125.

инвестициялық әлеует;  
еңбек әлеуеті;  
тұтынушылық кешен;  
ғылыми әлеует;  
сыртқы экономикалық әлеует;  
рекреациялық әлеует<sup>14</sup>.

Экономикалық әлеуеттің басқа да тәсілдемелері қолданылады. Экономикалық әлеуетті қолда бар ресурстармен бірдейлендіру оның маңызды жағын көрсетеді, алайда бұл экономикалық әлеуеттің бастапқы ғана сипаттамасы болып табылады.

Экономикалық әлеует – бұл қолда бар ресурстар ғана емес, сонымен бірге қоғамның қолында осы ресурстар болғанда экономика тиімділігінің өсуі кезінде өнім мөлшерінің барынша көп көлемін шығару қабілеті<sup>15</sup>, мүмкіндігі.

Әдіснамалық жағынан, бұл жағдайда ықтимал ұлттық экономиканың ЖІӨ-сі мен экономикалық әлеуетін анықтайтын бірыңғай тәсілдеме. Ықтимал ЖІӨ – осы технологияда және халықтың бар санында инфляцияны жылдамдату қаупінсіз шығаруға болатын өнімнің ықтимал шығарылымы. Басқаша айтқанда, ықтимал ЖІӨ – бұл жұмыспен қамтудың табиғи тиісті деңгейіне сәйкес келетін өнім шығару.

Экономикалық әлеуеттің құрылымдық элементтерін толық пайдаланған жағдайда ол ұзақ мерзімді келешекте ЖІӨ-нің барынша өсуін қамтамасыз етуге тиіс. Осы орайда осы элементтердің саны мен сапасы бойынша теңгерімді арақатынасына қатысты күрделі мәселе туындайды. Мысалы, қазіргі кезеңдегі негізгі құралдардың ықтимал мүмкіндіктерін барынша пайдалануда жұмыс күшінің ғана емес, сонымен бірге оның қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды игерген, күрделі технологиялармен жұмыс істеуге дағдыланған және т.б. құрамы болуы қарастырылады. Ал жұмыс күшінің құрамы осындай болу үшін білімнің және адам әлеуетінің сапасы жоғары болуы тиіс. Ресурстарды басқару жүйесінің жаңа жағдайымен үйлесудің маңызы да жоқ емес. Сонымен бірге бұрын маңызы зор болған ресурстардың, мысалы, өндірістің индустриялық құралдары, көлік түрлері және т.б. кейбір түрлерінің маңызы жойылып келеді. Сөйтп, қолда бар ресурстарды, демек экономикалық әлеуетті тиімді іске асыру – көптеген факторларға байланысты кешенді проблемаға айналып отыр. Мұның өзі осы әлеуеттің шектері мен құрамын анықтауды қиындатады. Экономикалық әлеует – бұл ресурстардың қатып қалған жиынтығы емес, құрамы мен технологиялық деңгейі бойынша динамиканы өзгертетін ресурстар жүйесі.

Әлеуетті толық іске асыру мүмкіндігінің шектелуін халықаралық экономикалық байланыстар, сыртқы сауда, халық шаруашылығындағы құрылымдық өзгерістер, мемлекеттік реттеу арқылы қосымша ресурс тартып еңсеруге болады.

Мұның өзінде ұлттық экономикада сол немесе басқа ресурстардың болмауын әлеуеттің басқа элементтерімен өтеуге болады, осының арқасында ұлттық экономика тиімді әрі қарқынды дамиды. Айтылғанның мысалы ретінде елеулі табиғи ресурстар болмаса зор табысқа жеткен бірқатар елді (Жапония, Корея және т.б.) келтіруге болады.

«Басып озып даму» стратегиясын пайдаланатын елдердің тәжірибесі эко-номикалық әлеуеттің факторы ретінде ұлттық ерекшеліктерді пайдалану елдің дамуын едәуір жылдамдатып, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізуі мүмкін екенін көрсетеді. Сол немесе басқа нақты тарихи кезеңде, сондай-ақ елдің сол немесе басқа даму сатысында тиімді дамуды және экономикалық өсудің қарқынын жеделдетуді қамтамасыз ететін сол немесе басқа ресурстар түрі қарастырылады. Мысалы, меркантилизм кезеңінде бірқатар елдің дамуында сыртқы сауда, ал ірі машина өндірісі қалыптасқан кезеңде – ұдайы жаңғыртылатын индустриялық капитал шешуші рөл атқарады.

XXI ғасырда экономикалық әлеует білімге негізделген инновациялық қоғам қалыптастырумен байланысты жаңа факторларды анықтайды. Бұл жаңа жүз жылдықта экономикалық әлеуеттің құрылымы элементтердің құрамы бойынша да, сондай-ақ олардың әрқайсысының рөлі бойынша да қатты өзгертін білдіреді.

<sup>14</sup> Национальная экономика: Учебник. – М.: Издательство Российской экономической академии, 2002. – С. 77-207.

<sup>15</sup> Экономика США / Под ред. В.Б. Суляна. – СПб.: Питер, 2003. – С. 3.

Ұлттық ұдайы өндірістің аса маңызды міндеті мен функциясы – келешекті және дамумен үйлесетін экономикалық әлеуетті қалыптастыру.

Сөйтіп, елдің экономикалық әлеуетінің құрамында элементтердің негізгі үш түрін жеке бөліп атауға болады. Бірінші топ тұрақты және қоғам дамуының барлық сатысына қатысады. Ол адамдардың игілік жасау жөніндегі қызметінің ерекшеліктерімен және оның мәнімен тікелей байланысты және де оған осы қызметтің қолда бар резервтері кіреді. Осыған байланысты:

- табиғи әлеует;
- жаңғыртылатын табиғи әлеует;
- жаңғыртылатын материалдық әлеует;
- жаңғыртылатын материалдық емес әлеует;
- еңбек (кадр) әлеуеті экономикалық әлеуеттің құрамдасына жатады.

Әлеует элементтерінің екінші тобы бірінші топтың элементтерін біріктіріп және олардың дамуы мен жетілдірілуіне тікелей қатыса отырып, ұлттық ұдайы өндіріс процесінде ерекше дербес рөл атқарады. Экономикалық әлеует элементтерінің арасынанан осы өлшем бойынша;

- білім беру;
- ғылыми-техникалық (технологиялық);
- ақпараттық;
- басқарушылық;
- инновациялық әлеуетті жеке атап өту қажет.

Әлеует элементтерінің үшінші тобы ұлттық экономиканың жекелеген салалары мен орталарының экономикалық әлеуетін білдіреді. Осыған байланысты мысалы, өнеркәсіптік әлеуетті, қаржы, қорғаныс, сыртқы экономикалық әлеуетті жеке атап көрсеткен орынды.

Бұл жағдайда әлеует нысанының көптігі қабылданған жіктеу қағидасына байланысты. Элементтердің осы тобы жалпы экономикалық әлеуетті емес ұлттық экономиканың шағын жүйелерін сипаттап, оны айтарлықтай толықтырып нақтылайды.

Экономикалық әлеуетті бағалап, өлшеу – ерекше проблема. Жекелеген элементтер деңгейінде де оларды өлшеуге арналған толық статистикалық және ақпараттық база жоқ, ал қоғамның бүкіл қолда бар әлеуетін әділ бағалау қажет. Әлеуеттің элементтерін өлшеп, бағалау үшін есептеудің келесі ретін пайдалану қажет:

- сол немесе басқа әлеует түрінің табиғи құрамы мен мөлшерін анықтау;
- әлеует элементтерінің сапа сипаттамаларын анықтау;
- жалпы немесе жанама өлшеуіштердің негізінде әлеуетті жалпы бағалаудың жалпы тәртібі пайдаланылады

Әлеует элементтерінің құнын бағалау мүмкін болған жағдайда оның сандық мөлшері анықталады. Әлеуетті өлшеуіштердің арасынан нарықтық баға, ренталық баға, табысты капиталдандыру арқылы бағалау, шартты бірліктер мен т.б. көп пайдаланылады. Осының мысалы ретінде білімге жұмсалған шығын арқылы білім әлеуетін есептеуді келтіруге болады, сондай-ақ атаулы және нақты экономикалық әлеуетті ажырата білу керек. Атаулы әлеует – бұл қолда бар ресурстарды осы уақытта қоғамдық ұдайы өндірісте пайдалану мүмкіндіктеріне қарамастан жалпы бағалау. Ал нақты әлеует – бұл экономикалық айналымға тартылған әлеует. Әлеуеттің осы нысандарының арасындағы шекара технологияның, экономикалық саясаттың және ұлттық экономиканың басқа да қажеттіліктеріне байланысты өзгереді. Осының мысалы ретінде отын-энергетикалық әлеуеттің құрылымындағы өзгерістерді келтіруге болады, яғни осы саланың көлемі көмірге деген сұранысқа орай бірде қысқарып, бірде ұлғаяды. Халықтың зейнетақы жасының өзгеруіне орай кадр әлеуетінің өзгеруін де осының мысалы ретінде келтіруге болады. Ұлттық байлық ұлттық экономикалық әлеуеттің негізгі бөлігі болып табылады.

<b>15.3.</b>	<b>Ұлттық байлық экономикалық санат ретінде</b>

Байлықтың жалпы экономикалық анықтамасы мен ұдайы өндірістің ерекше санаты ретіндегі оның мәнін ажырата білу керек.

Егер табиғи шаруашылық өктемдік еткен бастапқы кезеңде байлық заттың сомасын білдірсе, меркантилистер байлықты елде ақшаның жинақталуымен байланыстырды. Тек меркантилизм дамуының кейінгі сатысында В. Петти заттық игілікті қосып байлықты есептеді. Физиократтар байлықтың нысанын ең алды-мен егін шаруашылығының өнімімен байланыстырып, «бастапқы»

және «ағым-дағы» авансты шектеп, байлықты экономикалық санат ретінде түсінуде маңызды қадам жасады. А. Смит және Д. Риккардо өкілі болып табылатын «Классикалық буржуаздық политэкономия» байлыққа өнімнің тауарлық нысаны деген түсінік берумен шектеліп, оған ұдайы өндірістің санаты ретінде ілім әзірлеген жоқ.

К. Маркс бір жағынан, негізгі және айналым капиталының арасындағы, екінші жағынан, қоғамдық өнімнің арасындағы айырмашылықты негіздеудің арқасында өнім мен ұлттық байлықты шектеуде маңызды қадам жасады, алайда қоғамдық өнімді ол арнайы қарастырған жоқ. Ұлттық байлықты зерттеуге кеңес кезеңіндегі ресейлік ғалымдар айтулы үлес қосты. Мұны экономикаға халық шаруашылығы тәсілдемесінің приматы ынталандырды. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы пікірталас барысында, С.Г. Струмилиниң, ал кейіннен С.А. Фалькнердің, А. Н. Ноткиннің, Н. А. Цаголовтың, М. В. Колгановтың, В. А. Собољдың, Я. А. Кронродтың, Е. Н. Фрейдмундтың, А. Вайнштейннің, В. Н. Богачевтің, содан кейін басқа да бірқатар экономистердің еңбектерінде ұлттық байлық пен өнімнің құрамы, шекарасының, сондай-ақ арақатынасының мәселелері жанақты талданды. КСРО халық шаруашылығы балансын әзірлеу барысында КСРО капиталы мен КСРО-ның халық мүлкін алғаш рет есептеу әрекеті жасалды, ал мұны ұлттық байлықтың көлемін ресми есептеу ретінде қарастыруға болады. Ұлттық байлық теориясының дамуына байлық пен өнімді ұдайы өндіріс санаты ретінде бөлген В.Н. Кириченко елеулі үлес қосты. 70-жылдары КСРО-да байлықтың статистикалық есептері үнемі жарияланып тұрды. Американдық ғалым Р.У. Голдсмиттің «АҚШ-тың соғыстан кейінгі жылдардағы ұлттық байлығы» атты еңбегінде (1962), сондай ұлттық шоттар жүйесін әзірлеу барысында ұлттық байлық пен оның құрамы жөніндегі түсінік одан әрі дамытылды.

Ұлттық байлықтың мәні, оның құрамы мен шекарасы ұдайы өндіріс барысындағы байлықтың орнымен, функциясымен анықталады. Ұдайы өндіріс процесінде ұлттық байлық пен оның функциясының ерекшеленуінің объективтік негіздерін ажырата білу қажет.

Ұлттық байлық – бұл қоғамда бар ұдайы өндіріс пен тұтынудың үздіксіздігін қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес игіліктің тұрақты запасы. Байлықтың негізгі функциясы осы. Ұдайы өндіріс процесінде ұлттық байлықтың тұрақты ерекшеленуінің немесе ұдайы өндірістің әр түрлі салаларында бекітілуінің объективтік негіздері бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, еңбек құралдарының, бірқатар игіліктің (халық ұзақ уақыт бойы пайдаланатын, тұрғын үй ғимараттары және т.б.) ұзақ уақыт бойы пайдаланылуына байланысты, олар жинақталып, өндіріс пен тұтынудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін ұдайы өндірістің әр түрлі салаларына ұдайы қатысады. Екіншіден, бірқатар өнім өндірісінің маусымдық сипатына (мысалы, ауыл шаруашылығында) және бірқатар салаларда өнім өндірісі циклдерінің ұзақ уақыт бойы жалғасуына байланысты запас болуы тиіс. Үшіншіден, өндірілген өнім өндірістен тұтыну саласына айналыс саласы арқылы өнімнің ғана түсетіндіктен, онда ұдайы өндірістің барлық салалары арқылы үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін де запас болуы тиіс. Және ең соңында ұдайы өндіріс процесінің қалыпты барысы күтпеген жерден бұзылған жағдайда (табиғи зілзала және т.б.) ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін де жинақталған запас болуы тиіс.

Ұлттық байлықтың ұдайы өндіріс процесіндегі негізгі функциясы – оның үздіксіздігін қолдау және тағы да басқа функциялар. Байлық ұдайы өндіріс процесінде өндірістің, айналыс пен тұтынудың үздіксіздігін қолдауға қатысты көптеген байланыстарға түсетіндіктен, ол өндіріс процесінде де, сондай-ақ тұтыну процесінде де әр түрлі функциялар орындайды. Ұлттық байлық ұдайы өндіріс процесінде өндіріс функциялары мен алғышарттарын және өндіріс нәтижелерін бір уақытта орындайды. Жылдық ұдайы өндіріс тұрғысынан алып қарағанда байлық өнім өндірісінің бастапқы пункті мен өндіріс базасы болып табылады. Ал өндіріс нәтижесі тұрғысынан алып қарағанда байлық ұдайы өндірістің ерекше көп жылдық нәтижесінің функциясын орындайды. Оның өсімі өндірістің тұтынудан асып түсуінің көп жылғы нәтижесі болып табылады. Байлық ұдайы өндірістің ерекше көрсеткіші ретінде елдің экономикалық қуатының, оның жинақталған өндіріс күштерінің жинақтап қорытылған сипаттамасын білдіреді.

Қоғамдық байлық пен өнімнің арасында ұдайы өндіріс процесіндегі тұрақты, орнықты байланыс бар. Ұлттық байлық пен қоғамдық өнімнің өзара байланысы ең алдымен оның біртұтастығын білдіреді. Ұдайы өндірістің санаты ретінде байлық пен өнім ұдайы өндірістің барлық салалары арқылы өнімнің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін де қажет.

Байлық пен өнімнің арасындағы айырмашылық олардың ұдайы өндіріс процесіндегі әр түрлі шынайы жағдайынан туындайды. Өнім өндіріс нәтижесі, ал ұлттық байлық – ұдайы өндіріс үздіксіздігінің жинақталған, онда бекітілген заттың талабы ретінде үнемі жаңғыртылады. Кейде өнімді де осындай талап ретінде қарастыруға болады, алайда тіпті үстірт қарағанның өзінде де

ұдайы өндірістің үздіксіз талабы ретіндегі байлық пен өнімнің арасында айырмашылықтың бары белгілі болады. Егер өнімнің құрамынан өндіріс құралдары мен тұтыну заттары жинақтауға және кеткендердің орнына үнемі түсіп тұрса, онда байлық өндіріс, айналыс пен тұтыну саласында тұрақты бекітіледі. Өнім өндіріледі және оны тұтыну сәтінде жоғалады, ал байлық барлық салада үнемі болады. Егер өнім байлықтың құрамына өзінің заттық нысанымен кірсе, байлықтың элементтері өндіріс процесінде тұтынылып, басқа заттық нысан алып, өнімнің жасалуына осылайша қызмет етеді.

Байлық пен өнімнің арасындағы айырмашылықтар оларды өндіріс нәтижелері ретінде қарастырғанда да анықталады. Өнім өндіріс процесіне тікелей шығады, ал байлық өнімнен жасалады. Сөйтіп, байлық өндірістің тікелей нәтижесі емес, алайда осы санат өндіріске сырт санат та емес. Байлық өндіріске үнемі қатысып, бүкіл ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Осы орайда өнімнің өндіріс процесімен салыстырғанда байлықтың тікелей өндіріс процесімен байланысы тығыз. Егер өнім өндіріс процесінен кетсе, онда байлық оған өзінің белгіленген бөлігімен енгізілген. Осы жағдай байлықтың экономикалық шекарасын анықтау үшін ерекше маңызды.

Өнім – бұл кезең ішінде өлшенетін материалдық игіліктердің ағыны, ал байлық белгіленген уақыт сәтінде өлшенетін жинақталған мөлшер.

Ұлттық байлық ұдайы өндіріс үздіксіздігінің жинақталған заттық талаптарының жиынтығы ретінде статистикалық және жоспарлық практикада нақты нысанда, фазалары мен сатылары бірігіп қатысады, ал олардың ерекшелігі статистика мен есеп жүйесінде қабылданған статистикалық базаның мүмкіндіктерімен, сондай-ақ ұлттық байлық белгіленген елдің байлығы ретінде сипатталады. Осының салдарынан ұлттық байлықтың құрамында оның тегінен тікелей туындамайтын, сонымен бірге сол немесе басқа себептерге байланысты оның құрамында болуы тиіс элементтер мен ескерілмейтін элементтер де ескерілуі мүмкін.

Егер байлықтың мәнін экономикалық санат ретінде қарастырсақ, онда оның құрамына жинақталған өндіріс құралдары мен ұдайы өндірістің барлық салаларындағы тұтыну заттарының жиынтығы кіруі тиіс.

Ұлттық байлықтың нақты шекарасын анықтағанда, ол межеленген уақыт кезеңіне түгенделетіндіктен, осы елде осы уақыт сәтінде болатын барлық тұтынушылық құндар, сондай-ақ аяқталмаған құрылыс та оның құрамына кіреді. Яғни аяқталмаған құрылыс өндіріс үздіксіздігінің қажетті шарты болса да, ол запасқа жатпайды. Байлықтың осы элементінің болуы осы уақыт мезетінде оны бағалағанда белгілі болады.

Статистикалық есептің ерекшелігіне байланысты қысқа мерзім бойы пайдаланылатын заттардың барлығы байлықтың құрамында есептелмейді. Мәселен, халықтың үй мүлкінде бір жыл мерзімге дейін тұтыну заттары есепке алынбайды. Сонымен бірге сол немесе басқа елдің байлығының құрамында елдің осы сәттегі иелігіндегі шетелдік валютаның запасы мен шетелдік активтерінің сальдосы енгізілуі мүмкін. Жалпы мемлекеттік резервтер байлықтың ерекше бөлігі ретінде есепке алынады. Елдің ұлттық байлығының нақты шектері мен құрамын бұдан да түрлендіретін бірқатар басқа да факторлар бар.

Ұдайы өндіріс процесінде ұлттық байлық функциясы тұрғысынан байлыққа табиғи ресурстар мен материалдық емес игіліктерді енгізу мүмкіндігі жөнінде пікірталас мәселесі шешілуде.

Табиғи ресурстар адам қызметінің процесіне қатысты жат нәрсе емес. Олар қоғам өндірген тұтыну құндарының пассив көзі емес, еңбек процесіне оның мезеті ретінде тікелей кіреді. Еңбек қызметін жүйелі түрде қарастырған жағдайда адам мен табиғаттың өзара байланысы тұрақты байқалады. Және керісінше осы қызмет процесінен табиғи ресурстарды алып тастау табиғатты ықпал ету объектісі мен адамның өзгерісін адам қоғамының белсенді қызметіне тәуелсіз жат нәрсеге айналдырады.

Табиғи ресурстар қоғамдық еңбек процесіне тікелей енгізілгендіктен, олар тұтыну құндарының жай көзі емес игілік жасау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, демек осы тұрғыдан ұдайы өндірістің міндетті алғышартының санына кірмеуі мүмкін емес. Еңбек процесі тұрғысынан еңбектің арқасында олар жинақталған байлықпен бірге ұлттық байлықтың құрамына кіреді. Адамдар өндірген табиғи ресурстар, еңбек құралдары, олар өңдеген өңделмеген материал олардың еңбек процесінің тікелей факторы және тұрақты заттық талаптары ретінде қолданылады.

Қоғамның рухани құндылықтары, ғылымның, мәдениеттің, білім берудің, өнердің және т.б. жетістіктері мен материалдық байлық ұдайы өндіріс процесінде тұрақты бірге болады. Қоғамдық өнімнің ұдайы өндірісінде өндірістік қызметтің материалдық емес алғышарттары бір уақытта жинақталып, жетілдіріледі.



Сөйтіп, ұдайы өндірістің үздіксіздігі байлық пен өнімнің ұдайы өндірістің бірыңғай процеске енгізілуіне байланысты қамтамасыз етіледі. Өнім жаңғыртылмаса немесе ол үнемі азайған сайын жинақталған байлық жаңғыртылмайды – негізгі қорлар өтелмейді, олар техникалық жағынан жаңартылмайды. Нәтижесінде жинақталған әлеует ескіріп, ол бүлінеді. Сөйтіп ұлттық өнімнің өндірісі кейінгі циклдерде бұрынғы ауқымда қайтадан жаңғыртылмайды. Және керісінше қоғамдық өнімнің өсімі келешекте жинақталған байлықтың ұлғайып, игілік пен қызметтерді тұтынудың өсуі үшін база жасайды.

<b>15.4.</b>	<b>Ұлттық байлықтың құрамы мен оны өлшеу тәсілдері</b>
--------------	--------------------------------------------------------

Ұлттық байлықтың мәні мен шектерін анықтау ұлттық байлықтың элементтерінің құрамына қатысты сұраққа жауап береді. Байлықтың көлемін есептеу мен өлшеудің нақты тәсілдері қабылданған есептеу әдіснамасы мен қолда бар статистикалық базаға байланысты. Статистикада ұлттық байлықты есептеуге арналған әдіснамалық нұсқаулықта келесідей түсініктеме беріледі.

**Ұлттық байлық** осы елдің резиденттерінің сол немесе басқа күні меншігінде бар барлық экономикалық активтердің жиынтық құнынан резиденттерге, сондай-ақ бейрезиденттерге қаржы міндеттемелері шегерілген нарықтық бағадағы жиынтық құны аталады. Осы анықтамада ұлттық байлықты экономиканың институционалдық секторы бойынша есептеу қарастырылады. Ұлттық байлыққа сол немесе басқа күні осы елдің резиденттерінің меншігіндегі қаржы емес активтердің нарықтық бағадағы жиынтық құны, оған қосымша бейрезиденттерге қойылатын қаржы талаптарының сальдосы деген анықтама беруге болады. Экономикалық активтердің көлеміне қаржы емес өндірілген активтер (негізгі қорлар, материалдық айналым қаражатының запастары, құндылықтар), өндірілмеген, оның ішінде материалдық активтер (жер, жер қойнауының байлығы, табиғи биологиялық және жер асты су ресурстары) және материалдық емес (өнертапқыштықты пайдалануға арналған лицензиялар, берілетін шарттар, сатып алынған гудвилл және т.б.), сондай-ақ қаржы активтері (монетарлық алтын, валюта, акциялар, қарыздар және т.б.) жатады. Сатып алынған гудвилл – тұрақты клиенттердің ауқымы, іскерлік байланыстар, бедел. Фирманың атауы, пайдаланылатын сауда маркалары, басшылықтың дағдылары және т.б.

Ұлттық байлықтың құрамында өткен қайта бағалау ескеріліп, аяқталмаған құрылысты қоса алғанда негізгі қорлар; бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалардағы материалдық айналым құралдары; сатып алынған бағадағы үй мүлкі есепке алынады.

Негізгі қорлар елдің ұлттық байлығының аса маңызды бөлігін құрайды. Негізгі қорларға ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар (жұмыс, күш беретін және ақпараттық), көлік құралдары, жұмысшы және өсімтал мал және негізгі қорлардың басқа да түрлері жатады.

Негізгі қорлардың құрамында барлық меншік нысанындағы ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігіндегі негізгі қорлар (тұрғын үйлер мен жеке қосалқы шаруашылықтың негізгі қорлары; шаруашылық құрылыстары, көп жылғы өсімдіктер, жұмысшы және өсімтал мал) кіреді.

Негізгі қорлардың болуы мен олардың құрылымы толық есептік құн бойынша аралас бағада, қайта бағалау жүргізілгенде – қалпына келтірілген құн бойынша есептеледі.

Үй мүлкінің құны үздіксіз түгендеу әдісінің негізінде, яғни халықты сұрату деректерінің негізінде нақтыланған есепті қызмет ету кезеңіне сәйкес келетін кезең ішінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын заттар бойынша тауар айналымы жөніндегі деректерді сомалау арқылы анықталады.

Ұлттық байлық элементтерінің құрамындағы материалдық, өндірілмеген құндылықтардың (табиғи ресурстардың) құны тиісті деректің болмауына байланысты нақтыланбаған. Табиғи ресурстардың болуы жөніндегі мәліметтер табиғи түрде келтірілген.

Қазақстан Республикасының статистикасындағы ұлттық байлықтың көр-сеткіштерін есептеудің әдіснамалық қағидаларына сәйкес оның құрамына келесі экономикалық активтер кіреді:

- қаржы емес өндірілген активтер;
- өндірілмеген, оның ішінде материалдық активтер;
- материалдық емес активтер;
- қаржы активтері.

Сөйтіп, статистикалық тәсілдемеге сәйкес ұлттық байлықтың құрамында:

негізгі капитал;  
материалдық айналым құралдарының запасы;  
құндылықтар;  
табиғи байлық – жер, жер қойнауының байлығы, су ресурстары;  
монетарлық алтын, валюта, акциялар, қарыздар, гудвилл және т.б.;  
халықтың үй мүлкі сияқты есепке элементтер алынады.

Нәтижесінде Қазақстанның ұлттық байлығының көлемі мен құрылымын келесі түрде көрсетуге болады (15.1-кесте).

15.1. Ұлттық байлықтың элементтері, млрд тенге

Жыл	Барлығы <sup>1</sup>	Оның ішінде			
		Негізгі капитал <sup>2</sup>	Материалдық емес активтер	Материалдық айналым құралдары (запастар) <sup>3</sup>	Анықтамалық: үй мүлкі
1	2	3	4	5	6
1997	3052,5	2731,0	10,1	311,4	118,5
1998	3049,4	2717,2	41,5	290,7	181,3
1999	3226,0	2879,6	44,4	302,0	255,9
2000	3844,4	3401,8	59,0	383,2	293,2
2001	4538,8	4004,0	78,1	456,7	445,1
2002	5696,2	4882,6	87,2	726,4	556,4
2003	6502,6	5707,4	97,3	697,9	691,2
2004	7507,1	6628,3	125,0	753,8	830,8
2005	10175,9	8426,1	201,1	1548,7	1049,2
1	2	3	4	5	6
2106	13784,2	11477,6	241,2	2065,4	1157,2
2007	16876,1	13943,0	295,9	3087,2	1455,4
Қорытындыға пайызда					
1997	100	89,5	0,3	10,1	3,8
1998	100	89,1	1,0	9,5	5,7
1999	100	89,2	1,3	9,3	7,0
2000	100	88,5	1,5	9,7	7,6
2001	100	88,2	1,7	10,0	9,7
2002	100	85,0	1,5	10,2	9,0
2003	100	87,8	1,5	10,7	10,6
2004	100	88,3	1,7	10,0	11,1
2005	100	82,8	2,0	15,2	10,3
2006	100	83,3	1,7	15,0	8,4
2007	100	82,6	1,8	18,3	8,6

<sup>1</sup> Өндірілмеген материалдық активтерді ескермей

<sup>2</sup> Материалдық емес активтерді ескермей

<sup>3</sup> Өндірілген де, өндірілмеген активтер де

Дереккөз: Қазақстанның статистикалық жылнамасы. Статистикалық жинақ, Астана, 2007

Ұлттық шот жүйесі ауқымында ұлттық байлық баланс жалпы ел үшін жасалған жағдайда актив пен пассив балансының жекелеген жайтын білдіреді. Бұл жағдайда дәл осы қазіргі сәттегі

ұлттық байлықтың мөлшерін есептеу үшін елде қазіргі сәтте жинақталған қаржы және қаржы емес активтерден қаржы міндеттемелері шегеріледі.

**15.2. Ұлттық байлықтың құрамына ҰСС әдіснамасына сәйкес кіретін активтерді жіктеу**

Қаржы емес активтер		Қаржы активтері
Өндірілген активтер	Өндірілмеген активтер	Монетарлық алтын және АӨҚ
Негізгі қорлар	Материалдық өндірілмеген активтер	Қолма-қол валюта мен депозиттер
		Акцияларды қоспағанда бағалы қағаздар
Материалдық айналым құрал-жабдықтарының запасы	Жер	Кредиттер мен қарыздар
		Акциялар мен капиталға басқадай қатысу
Құндылықтар	Жер қойнауы	Сақтандыру техникалық резервтер
Ұзақ пайдаланылатын уақыт тұтыну	Өсірілмейтін биологиялық ресурстар	Дебиторлар мен кредиторлардың өзге шоттары
		Тікелей шетелдік инвестициялар. Несиелер

Экономикалық зерттеулерде байлықтың элементі ретіндегі табиғи ресурстарды бағалау үшін біраз әрекет жасалды. Байлықтың негізгі үлесінің 85-98%-ын – табиғи-ресурстық әлеует құрайтындықтан, ресурстарды ұлттық байлыққа енгізу мәселесі көрсеткіштердің құрылымын өзгертеді, алайда оларды ұлттық байлықтың элементі ретінде бағалау әдісі әлі әзірленген жоқ.

**15.3. Ұлттық байлықтың элементтерін экономика секторлары бойынша болу, млрд теңге**

	Экономика бойынша барлығы	оның ішінде секторлар бойынша:				
		Қаржы-лық емес кәсіп-орындар	Қаржы-лық кәсіп-орындар	Мемлекеттік басқару	ҰШҚКҰ	
1	2	3	4	5	6	7
<b>1999 ж.</b>						
Баланстық құн, барлығы	2 272,2	1 776,7	17,9	79,2	4,6	393,8
?????? ??????Негізгі	1 925,8	1 432,1	16,2	79,1	4,6	393,8
Материалдық емес активтер	44,4	42,6	1,7	0,1		
Материалдық айналым құрал-жабдықтары (запастар)	302,0	302,0				

Анықтамалық: ұзақ уақыт пайдаланылатын тұтыну тауарлары (халықтың жеке үй мүлкі)	198,1					
1	2	3	4	5	6	7
<b>2002 ж.</b>						
Баланстық құн, барлығы	4 226,9	3 618,4	50,9	222,7	5,4	329,5
Негізгі капитал	3 413,3	2 813,0	44,6	220,9	5,3	329,5
Материалдық емес активтер	87,2	80,4	4,9	1,8	0,1	
Материалдық айналым құрал- жабдық-тары (запастар)	726,4	725,0	1,4			
Анықтамалық: ұзақ уақыт пайдаланылатын тұтыну тауарлары (халықтың жеке үй мүлкі)	408,4					408,4
1	2	3	4	5	6	7
<b>2004 ж.</b>						
Баланстық құн, барлығы	5 560,0	4 706,6	70,3	319,9	8,3	454,9
Негізгі капитал	4 295,7	3 456,8	61,1	316,4	6,5	454,9
Материалдық емес активтер	125,0	114,5	6,9	3,5	0,1	
Материалдық айналым құрал- жабдықтары (запастар)	1 139,3	1 135,3	2,3		1,7	
Анықтамалық: ұзақ уақыт пайдаланылатын тұтыну тауарлары (халықтың жеке үй мүлкі)	618,3					618,3

Дереккөз: Қазақстанның статистикалық жылнамасы. Статистикалық жинақ. Астана, 2007

Нарықтық қатынастарға көшудің, КСРО-ның байлығын бөлудің нәтижесінде Қазақстан Одақтың ұлттық байлығының 5%-ға жуығын иеленді, сондықтан Қазақстан Республикасының өңірлік деңгейдегі байлығын, оның өңірлерге бөлінуін, өңірлердің ресурстарды үнемдеу, өсуді экологияландыру, өндірістің ҒТТ-сы және өндірістің әртараптандырылуының ықпалы мен құрылымдық өсуі сияқты факторлардың маңызын бағалау қажет болды.

Экономиканың, қоғам мен мемлекеттің дағдарыстық даму жағдайында ұлттық байлықтың бағасын алу, оларды пайдалану мен болжау практикасы елеулі қиындықтармен беттеседі.

Ең бірінші қиындық экономиканың дағдарыстық даму, инвестициялардың қатты төмендеу және шектен тыс инфляциямен қабаттасу жағдайында және экономикадағы өзге де келеңсіз құбылыстарды бағалаудың қиын болуымен байланысты. Біздің экономикалық ғылым мен статистикада осындай күрделі ұдайы өндіріс жағдайында байлықты бағалау мен талдауға арналған жеткілікті әдіснамалық аппаратты әзірлеу қолға алынбаған.

Екінші қиындық отандық статистиканың ұлттық шот жүргізу жүйесіне ағымдағы өндіріс пен тұтынудың (ұлттық табыс пен өнім) көлемі де, сондай-ақ қолда бар жинақталған игіліктің запасы (ұлттық байлық) сияқты макроэкономикалық санаттардың ауқымын қайтадан қараумен байланысты. Нәтижесінде қазіргі заманғы халықаралық макроэкономикалық есеп әдіснамасына жауап беретін ұлттық байлық статистикасының жаңа үлгісі Қазақстанда іс жүзіне асырылған жоқ, ал жекелеген жағдайда ұлттық байлықтың кеңестік статистикасына қол жетімді болған (өндірістік және өндірістік емес байлық қорының үлесі мен құрылымын анықтау) бағалау да қиындап кетті.

Мемлекеттік статистика комитетінің деректері мен сараптама бағасы бойынша да Қазақстанның ұдайы жаңғыртылатын ұлттық байлығының басым бөлігі өндіріс саласына шоғырланған, ал «тұтынушылардың байлығы» байлықтың біршама шағын бөлігін құрайды. АҚШ-та байлықтың ұдайы жаңғыртылатын элементінің жартысынан көбі «тұтынуға арналған байлықтың» түрінде, ал халықтың үй мүлкінде осы байлықтың төрттен бірі, ал тұрғын үйде – 30%-ға жуығы шоғарыланады. Келесі ғасырдың бірінші ширегінің соңында Қазақстанның қайта жаңғыртылатын ұлттық байлығының құрамындағы қажетті өзгерістерді болжамды негізге алу қажет болар.

Ұлттық байлық ұдайы өндіріс процестерінің үлкен ауқымын қамтып, тұрақты өсудің жаңа сапасының белгілерін айғақтайды, сонымен бірге елдің ұлттық экономикасының дамуының ғылыми негізделген стратегиясын анықтау, оны әзірлеу үшін мүмкіндік жасайды.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Ұдайы өндірістің толқынды өзгерістері*

*Ұдайы жаңғыртылатын байлық*

*Халықтың үй мүлкі*

*Табиғи байлық*

*Материалдық айналым қаражатының запасы*

*Ұлттық байлық*

*Материалдық емес байлық*

*Қаржы емес активтер*

*Қоғамдық ұдайы өндіріс*

*Негізгі қорлар*

*Пропорционалдық*

*Байлықтың өңірлік құрылымы*

*Қаржы активтері*

*Экономикалық әлеует пен оның түрлері*

*Экономикалық цикл*

## 16-тарау. ҰАЙЫ ӨНДІРІСТІҢ ПРОПОРЦИЯЛАРЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бәсекеге қабілетті өнеркәсіпті көтермелеу, теориялық білімді іс жүзінде қолдану, ғылыми-техникалық өзгерістер қарқынының өсуі, ғылымды көп қажетсінетін өндірістер мен қызметтердің дамуы ұлттық экономиканың экономикалық өсуін күшейтеді. Құн нақты ресурстарға ғана емес, жаңа өнімде, жаңа технологияларда, тұтынушылармен жасалатын жаңа қатынастарда байқалады. Жоғары әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге жету үшін білімді қолдану қажет, ал осы білім тауардың, капиталдың түрінде байқалады және патент, лицензия түрінде бекітіледі.

Сөйтіп, қазіргі уақытта білім негізгі ресурсқа, ал білімді басқару – әлеуметтік-экономикалық дамудың шешуші факторына айналуға. Мұның өзінде ғылымды көп қажетсінетін өнім мен қызметтерді құруға негізделетін ғаламдық бәсеке-лестіктің рөлі артып отыр. Білімге негізделген өсу стратегиясы адами капиталға салынатын инвестициялармен шектелмейді, ол инновациялар мен білім үшін ашықтықты қамтамасыз етуді ойластырып, білім бар тұрақты капиталдың элементтеріне инвестиция салуды қарастырады.

Білім қоғамдық өндірістің жетекші факторына айналып келе жатқан инновациялық экономикаға көшудің арқасында тұтынылатын тауарлар құнының жаңа құрылымы қалыптасады.

Ұдайы өндірістік процесс нарықтың мұқтажын зерттеуден басталатындықтан, ол өзінің әдеттегі ауқымын кеңейтеді. Мұнда сондай-ақ оқыту, іргелі зерттеулер, инвестициялау, өндіріс, өткізу, қызмет көрсету, маркетинг пен инновациялық қызмет сатылары кіреді.

Түпкілікті өнімнің құнын қалыптастыруға:

инжиниринг;

тауарды нарыққа жылжыту;

логистика;

ақпараттық технологиялар;

консалтингтік қызметтер және т.б. қызмет көрсету түрлері кіреді.

Инновациялық экономика жағдайында менеджменттің функциясы кеңейіп, қызметкерлердің өндірістік процестегі функциялары мен жауапкершілігі оралымды әрі қатаң бөлінеді, қызметкерлер мен контрагенттер ұдайы оқытылып, олар ортақ жұмысты жетілдіру процесіне ерікті түрде қатысады.

Сонымен бірге бизнесті жүргізу нысаны дәстүрліден ерекшеленетін болады.

### 16.1. Бизнесті жүргізу тәсілдерін салыстырмалы талдау

Дәстүрлі	Инновациялық
Өндіруші – делдал – тұтынушы	Өндіруші – тұтынушы
Өндірушінің талабы	Тұтынушының талабы
Жапшай өндіріс	Тапсырыс бойынша өндіріс
Материалдық активтер	Материалдық емес активтер (білім)
Уақыттың ұзақтығы	Уақыттың жылдамдығы
Жердің алыстығы	Жердің алыстығын еңсеру
Бизнес	Жылдам бизнес
Шығыс көлемінің ең көп мөлшері	Шығыс көлемінің ең аз мөлшері

Ұлттық инновациялық жүйе ұғымын 1987 жылы ағылшын ғалымы К. Фримен (Ұлыбритания) енгізді. Оның ойынша «ұлттық инновациялық жүйе экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларындағы институционалдық құрылымдардың желісін білдіреді, олардың белсенділігі мен өзара ықпалдасуы жаңа технологиялардың бастамасын жасап, құрып, жетілдіріп, оның таралуына

ықпал етеді. Осы институттарға ғылыми-зерттеу институттары ғана емес, сонымен бірге оның көмегімен кәсіпорындар деңгейіндегі де, сондай-ақ ұлттық деңгейдегі де қолда бар ресурстар ұйымдастырылатын, басқарылатын іс-қимылдар кіреді».

Тиімді ұлттық инновациялық жүйе бәсекеге қабілетті «білім экономикасын» қалыптастыратын механизм болып табылады. Инновация – бұл белгілі бір әлеуметтік жүйеде материалдық және материалдық емес мәдениеттердің жаңа элементтерін (үлгілерін) құрумен, танумен байланысты өзгерістер жүйесі немесе бұл зерттеулердің, әзірлемелердің нәтижесі не болмаса жаңа не жетілдірілген әрі өзін адамдардың практикасында пайдалану арқылы қоғамға танымал болуына тырысатын әлеуметтік-экономикалық шешім.

Инновацияларды жүзеге асыру процесі инновациялық қызмет деп аталады және ол:

жаңа өнімді;

жаңа технологиялық процестер мен өндірісті ұйымдастыруды;

жаңа нарықты;

әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешумен басқарудың жаңа процестері, оларға сәйкес келетін қаржы құралдары мен ұйымдастыру құрылымдарын құру мен енгізуді қамтиды.

Инновациялық қызмет қатарында жоғары өтімді технологиялар, машиналар мен жабдық, халық тұтынатын тауарлар, ақпараттық қызметтер, басқарушылық шешімдер, білім беру бағдарламалары болуы мүмкін ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелерді орындау, өндірісті игеру және инновациялық өнімді сату үшін қаражат тартады.

Инновациялық қызметтің мақсаты – уақыт пен қаражатты барынша аз жұмсап, «ғылыми-зерттеу жұмысы – тәжірибелік-конструкторлық әзірleme – өндірісті ретке келтіру және игеру – инновациялық өнім шығару» тізбегін құрып, оны іске асыру.

Инновациялық орта инноваторлардың, инвесторлардың, бәсекеге қабілетті өнім (қызмет) мен дамыған инфрақұрылымның өзара ықпалдасу жүйесінен құралады. Мемлекет инновациялық қызметтің дамуын көтермелейтін экономикалық, қаржы, ұйымдастыру және нормативтік-құқықтық ережелер қолданылады.

Экономикалық ережеге:

инновациялар нарығында ұсыныстардың өсуіне ықпал ететін салық саясаты мен баға белгілеу саясатын жүргізу;

инновациялық салада жұмыспен қамтудың тиімді болуын қамтамасыз ету;

инновацияларды игеріп, тарататын отандық кәсіпорындарға қаржылық қолдаудың, салық және кедендік жеңілдіктердің әр алуан түрлерін беру;

техниканың қайта жаңғыртылуына жәрдем көрсету;

ғылымды көп қажетсінетін өнімнің лизингін дамыту;

кәсіпкерлікті жандандыру;

адал емес бәсекеге қабілеттілікке жол бермеу;

инновациялық салада сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту;

сыртқы экономикалық қолдау, оның ішінде мемлекеттік инновациялық бағдарламаларға енгізілген инновациялық жобаларға кедендік жеңілдіктер беру жатады.

Қаржы ережелеріне:

инновациялық қызметті қаржыландыруды қамтамасыз ететін бюджет саясатын жүргізу;

мемлекет үшін тек маңызы зор ғана емес, сонымен бірге жеке меншік инвесторлар үшін тартымды болатын инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға арналған тікелей мемлекеттік инвестициялар бөлу;

инновациялық салада қолайлы инвестициялық ахуал құру;

инновациялық қызметке қатысатын отандық және шетелдік инвесторларға дотация, жеңілдік кредит, кепілдік беру жатады.

Ұйымдастыру ережелеріне:

мемлекеттік, салалық және өңірлік инновациялық бағдарламаларды қалыптастырып, оларды іске асыру;

инновациялық инфрақұрылымды дамыту;

инновациялық қызметті жүзеге асыратын кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруға жәрдем көрсету;

инновациялық қызметті ақпараттық қолдау (инновациялық қызметке арқау болуы ықтимал мемлекеттік инновациялық саясаттың басымдықтары жөніндегі ақпаратқа, орындалып жатқан және аяқталған инновациялық жобалар мен бағдарламалар туралы материалдарға, аяқталған ғылыми-техникалық зерттеулерге);

осы саладағы интеграциялық процестерге, өңірлердің инновациялық саладағы өзара ықпалдасуын, халықаралық ынтымақтастықтың дамуын кеңейту;

отандық инновациялық өнімді әлемдік нарықтарға жылжыту;

халықаралық ұйымдарда инновациялық қызметтің отандық субъектілерінің мүдделері кіреді.

Нормативтік-құқықтық ережелерге:

инновациялық қызмет субъектілерінің өзара қарым-қатынастарының құқықтық негіздерін белгілеу;

инновациялық қызмет субъектілерінің, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына кепілдік беру кіреді.

Қазақстанның жағдайында ұлттық инновациялық жүйенің дамуында мемлекет мынадай рөл атқарады:

инновациялық дамудың механизмдерін әзірлеп, технологиялық дамуды болжайды;

инновациялық даму үшін қолайлы жағдай жасап, оның құралдарын дамытады;

инновациялық инфрақұрылымның дамуына қатысады;

білім беру жүйесін жетілдіреді;

жеке меншік капиталмен әріптес болады.

Ұлттық инновациялық жүйенің құрылымы инновациялық инфрақұрылым, ғылыми әлеует, кәсіпкерлік, қаржы инфрақұрылымы сияқты өзара байланысты элементтерден құралады.

Қазақстанда инновациялық процестердің даму деңгейі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін сипаттауға тиіс. Инновация экономиканың жаңа даму деңгейінде экономикалық өсудің стратегиялық факторына айналып отыр. Іргелі ғылым мемлекетаралық бөгеуілдерді еңсере отырып, ұлттық экономиканың дамуына көмектеседі. Қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері әлемнің әр түрлі өндірістік жүйелерін интеграциялайтын ғаламдық сипаттағы жаңа технологиялардың құрылуына арқау болды. Осының мысалы ретінде нанотехнологияларды, биотехнологияларды, көмірсутегі технологияларын, ядролық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жатқызуға болады.

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты міндеті өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласында бәсекеге қабілетті және экспортқа бейімделген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру болып табылады.

Әлемдік экономиканың ғаламдану жағдайында Қазақстанның экономикасы бірқатар проблемамен, атап айтқанда, экономиканың шикізатқа бейімделуі, әлемдік экономикаға нашар кіруі, ел ішінде салаларалық және өңіраралық экономикалық нашар интеграция, ішкі нарықта тауарлар мен қызметтерге тұтынушылық сұраныстың (шағын экономика) шамалы болуы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылымның кәсіпорындармен пәрменді байланысының болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) аз шығын жұмсалып, менеджменттің экономиканың ғаламдану міндеттеріне бейімделу мен сервистік-технологиялық экономикаға көшу міндеттеріне сәйкессіздігі сияқты бірқатар проблеманы бастан кешіріп отыр, мысалы, дамыған елдерде білім мен білім беруге жұмсалатын шығынның үлесі ЖІӨ-нің 2,5-3%-ын құраса, Қазақстанда осы көрсеткіш 0,3%-ды құрайды.

Қазақстанда инновацияға эндогендік сұраныс мемлекеттік тапсырыстың есебінен тіршілік етті. Төлемге қабілетті сұраныстың төмен болуына байланысты нарықтарда жаңалық енгізетін ұсыныстың саны өспей, микродеңгей мен макро-деңгейдегі инновациялардың ұсынысы баяу қарқынмен көбейді.

Алайда, Қазақстанда инновациялық процесті күшейту үшін үкімет бірқатар іс-шара қолданды.

Ұлттық инновациялық жүйені ойдағыдай дамыту үшін республикада «Ғылым туралы», «Авторлық және салалас құқықтар туралы», «Қазақстан Республикасының патенттік заңы», «Инновациялық қызмет туралы» және т.б. заңдар қабылданды.

Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастыратын және экономиканың салаларын әртараптандыру арқылы елдің тұрақты дамуына және дамудың шикізаттан бетбұрыс жасауға бағытталған «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Бағдарлама ауқымындағы проблемаларды шешу және қойылған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін Даму банкінің, Қазақстандық инвестициялық банктің, Технологиялар инжинирингі мен трансферттер орталығын және Инно-вациялық қордың экспортын сақтандыру жөніндегі корпорацияның жұмысын жандандырумен қоса экономиканың даму институттарының



қызметін үйлестіру үшін «Қазына» Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы қорын, сондай-ақ республиканың ірі ұлттық компанияларын біріктіретін және Қазақстанның ЖІӨ-сінің 10,4%-ын (5,3 миллиардқа жуық доллар) құрайтын үлесі тиесілі мемлекеттік корпорацияларды біріктіретін «Самұрық» мемлекеттік холдингі құрылды.

Инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына:

мемлекеттік қатысуы бар венчурлік қорлар құру және венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;

инновациялық қызметтің субъектілеріне мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін әзірлеу;

мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы инновациялық қызметтің арнайы мамандандырылған субъектілерін құру кіретін инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру;

инновациялық орта үшін кадрлар даярлау және оларды қайта даярлау;

өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық ережелер қалыптастыру;

өркениетті технологиялар нарығы үшін жағдай жасау арқылы, яғни авторлық құқықтарды, патенттерді және сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетелдік технологиялардың трансферттерін көтермелеу;

отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік практикаға сәйкес сапа стандартына көшуін жандандыру;

халықаралық донор ұйымдардың, мүдделі қаржы-кредит және шаруашылық құрылымдарының гранттарын тарту жатады.

Жалпы Бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең (2003-2005 жж.) дайындық сипатындағы іс-шараларды іске асырумен байланысты болды. Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру мақсатында мемлекеттің инвестициялық және инновациялық жобаларға қатысуын қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңа заңдар әзірлеу, талдау жүргізетін мамандарды даярлау, мемлекеттің қатысуымен іске асырылатын тиімді жобалар белгіленді.

Екінші кезең (2006-2010 жж.) экономиканың барлық салаларындағы Бағдарлама іс-шараларын ойдағыдай іске асырылатын кезең болуы тиіс. Мұның өзі халықаралық стандарттар бойынша ғылым мен техника жетістіктерінің арқасында қуатты экономика құруға, сондай-ақ жоғары білікті маман даярлауға мүмкіндік берді. Жеке меншік сектордың, шетелдік инвесторлардың, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттің қаржы институттарының қаржы ресурстары бір бағытта жұмыс істеп, инфрақұрылымның дамуының, жұмыс істейтін кәсіпорындарды қайта жаңарту, кеңейту және жаңа өндіріс құру проблемаларын кешенді түрде шешетін болады. Бұл ретте ірі, орта және шағын кәсіпорындардың пропорционалды дамуы қамтамасыз етілетін болады.

Болжам бойынша 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ-ні екі еселеу саласындағы стратегиялық мақсат мұнай мен газ өндіру қарқынын үдету есебінен орындалатын болады.

Үшінші кезең (2011-2015 жж.) Бағдарламаны іске асыруда ең өнімді болады. Осы кезеңде жаңа салалар мен нарықтарға енгізілген қуаттар игеріледі. Тауарлар мен қызметтердің өсу қарқыны мұнай мен газ өндірісінен артып, экономика мен экспорт салаларының құрылымдары әртараптандырылады.

Бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық сипаттағы тікелей жұмсалатын шығындардың көлемі жылына 1,2 млрд АҚШ долларын құрайды. Бұл ретте Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша Бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын мемлекеттік шығынның құны 2002 жылдың бағасымен 260 млн АҚШ долларын құрайтын болады.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдату үшін тиімді инновациялық саясат жүргізу қажет. Аталмыш саясат алдына ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне (басымды, іргелі және қолданбалы ҒЗЖ және ТКТЖ, өнертапқыштық) негізделген жаңа, озық, алдыңғы қатарлы техника мен технологияларды, еңбек пен басқаруды ұйымдастыру нысандарын, пионерлік және ірі өнертапқыш-тықты енгізу мақсатын қойып отыр.

Бағдарламаның іс-шараларын ойдағыдай іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамыту тұжырымдамасы туралы» (арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар) 2007 жылғы 26 желтоқсандағы №1294 қаулысы шықты.

Инновация (жаңашылдық) деген ұғымды жан-жақты қарастыратын болсақ – бұл табысты өндірістің, экономикалық және әлеуметтік салаларда жаңашылдықтың стратегиялық жеңісін қамтамасыз ететін жаңалық енгізу мен оны пайдаланудың синонимі. Осы орайда технологиялық фактор негізгі, алайда жалғыз ғана фактор болып табылмайды. Кейде инновациялар таныс

элементтердің қиоласуының, олардың алмасуы, өзара ықпалдасуы мен қосылуының арқасында пайда болады.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер жақсарған соңғы жылдарға арқа сүйей отырып әлі де болса қысқа мерзімді экономикалық өсуді орнықтыру мәселесінің шешімін табу қажет. Осы мәселенің шешімі мемлекет жүргізетін инновациялық саясаттың нақты тиімділігімен байланысты. Аталмыш саясат ғылым мен инновация саласына инвестиция салуға ынталандыру жөніндегі кешенді шаралармен нығайтылуы тиіс.

Әлемдік практикаға сүйенетін болсақ, білімге негізделген экономика жағдайында инновациялық даму жолының баламасы жоқ. Өндірісті, жұмыспен қамтуды, инвестицияларды, сыртқы сауда айналымының көлемін арттыру үшін жаңа өнімдерді, қызметтерді, технологиялық процестерді құрып, енгізіп, оларды кеңінен тарату қажет. Өнімнің сапасын едәуір арттырудың, еңбек өнімділігін өсірудің, өндірісті ұйымдастыруды жетілдірудің және оның тиімділігін арттырудың резерв көзі осы проблеманың шешімінде. Ал осының барлығы кәсіпорындардың және олар шығаратын өнімдердің сыртқы және ішкі нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға ықпал етеді.

Инновациялық қызметтің қазіргі кезеңдегі басымдықтарына отандық тауарлардың әлемдік нарықтарға шығу үшін бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіз болуы қол байлау болып отыр. Кәсіпорындар ішкі сұранысты барынша қанағаттандыруға тырысып, импорттық тауарды алмастыратын тауар шығаруға бейімделген. Сондықтан инновациялық қызметтің негізгі мақсаты ретінде өнімнің түрін кеңейту қажет.

Отандық тауар өндірушілердің ішкі нарықтағы жайғасымының нығаюына импорттық тауарды алмастыратын өнім шығаруды енгізу ықпал етеді, ал мұның өзі кәсіпорындардың инновациялық стратегиясына айтарлықтай ықпал ететін тағы бір фактор болып табылады.

Атап өтілген мақсаттардың маңызына қарамастан, олар инновацияның сыртқа өнім өткізетін жаңа нарықтарды басып алуға мүмкіндік беретін отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді ығыстырып отыр.

Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызмет негізгі рөл атқарады, ал елдің экономикалық қуаты оның соңғы нәтижелері – өндірістің тиімділігін арттыру, еңбек пен капиталдың өнімділігін өсіру, жоғары технологиялық өнімнің мөлшерімен анықталады.

Индустриялық жағынан дамыған елдерде технологияларда, жабдықтарда, кадр даярлауда, өндірісті ұйымдастыруда іске асырылатын жаңа білімнің үлесіне ЖІӨ өсімінің 80-95%-ы тиесілі екен. Осы елдерде жаңа технология енгізу нарықтағы бәсекенің негізгі факторына, өндірістің тиімділігін арттырудың, тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартудың негізгі құралына айналған.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005 жылы 269 ұйымда инновациялар:

ұйымның беделін өсіру (қатысушылардың 44%-ы);

инновациялық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру (қатысушылардың 36%-ы);

әлеуметтік жауапкершілік (қатысушылардың 34%-ы);

пайданы арттыру (қатысушылардың 20%-ы);

инновациялық өнімнің сұранысын, айналымы мен өткізуді өсіру (қатысушылардың 18%-ы);

тіршілік етуді қамтамасыз ету (қатысушылардың 13%-ы) мақсатында енгізілді.

Сонымен бірге кәсіпкерлер инновациялық қызметтің нәтижелері:

инновациялық өнімнің сапасын арттыруға (67%);

инновациялық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға (67%);

инновациялық өнімге тапсырыс берушілердің санын көбейтуге (44%);

нақты еңбекақыны көтеруге (34%);

өнімнің өзіндік құнын төмендетуге (31%);

пайдалылықты көбейтуге (29%);

еңбек өнімділігін арттыруға (24%);

қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға (28%) мүмкіндік береді деп санайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының стратегиялық міндеті республиканың өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық әлеуетін сақтап, дамыту арқылы бәсекеге қабілетті өнім алуға және ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің мүдделерін дамытуға бағытталған ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, жаңа ғылымды көп қажетсінетін және ақпараттық технологияларды дамыту болып табылады.

Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдарда өнеркәсіптік өндірістің көлемі мен жұмыс істейтіндердің

санында шағын бизнес секторының үлесі іс жүзінде өзгермейді және 2,8-3,2% және 12,0-14,0%-ды құрайды, бұл өнеркәсібі дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе аз.

Қазақстанда осы кезеңде зияткерлік меншікті пайдалану мен оның құқықтарын қорғау инновациялық қызметтің дамуының аса маңызды факторына айналып отыр. Құқық қатынастары субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің теңгерімділігінің есебінен зияткерлік меншіктің тиімді шаруашылық айналымы зияткерлік қызметтің нәтижелеріне деген сұраныс пен ұсыныстың, ғылыми-техникалық зерттеулер мен ғылыми ұйымдардың дамуын, олардың өнеркәсіпте іске асырылуын, жаңа бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтердің өндірісі мен тұтынуын, инновациялық бизнестің дамуына ерекше көзқарастың біртұтастығын қамтамасыз етуге қабілетті. Инновациялық дамудың базалық үлгісі инновациялардың ішкі (өрістету) және сыртқы (трансферт) көзі арасындағы арақатынасқа негізделеді. Меншікті іргелі және қолданбалы зерттеулерге негізделетін технологияларды жетілдіретін көшбасшы елдер (АҚШ, ГФР, Англия, Жапония) инновацияларды өрістетін стратегияларын әзірлеген. Технологиялар трансферті стратегиясы да меншікті іргелі және қолданбалы әзірлемелері жоқ және осы мақсаттарға арналған ресурстары шектеулі елдерде де іске асырылады.

Инновациялық процестер өндіріске қана емес, сонымен бірге қоғамдық өмірдің барлық дерлік жағына ықпал етеді. Осының нәтижесінде материалдық және материалдық емес игілікті тұтыну құрылымы жетілдіріліп, адамдардың тыныс-тіршілігінің жаңа салалары құрылады. Мысалы, жоғары технологиялар саласындағы бір орын өнеркәсіпте бірден бастап онға дейінгі жұмыс орнын құрады.

Осы мысалдар инновациялық даму, ғылымды көп қажетсінетін өндіріс құру және ақпараттық технологияларды кеңінен тарату жолына көшкен жағдайда, Қазақстанның қандай экономикалық пайда табатынын анық көрсетеді.

Осы орайда Қытайдың мысалы үлгі тұтарлық. 1986 жылы ҚХР-да «Жоғары ғылым мен техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілген болатын. Микроэлектроника мен информатика, биотехнологиялар, әуе-ғарыштық зерттеулер, энергия үнемдейтін технологиялар сияқты басымдықтар таңдалып алынып, жаңа жоғары технологиялардың даму аймақтары, технопарктер құрылды.

Әлемнің көптеген елдерінің қарқынды дамуы, олардың келешекке жасайтын қарышты қадамы тек стратегиялық маңызға ие бола бастаған инновацияға ғана негізделетін болды.

Шет елдерде ғылымды көп қажетсінетін өнімнің өндірісін бар-жоғы 50-55 макротехнология қамтамасыз етеді 46 макротехнологиясы бар жеті неғұрлым дамыған ел осы нарықтың 80%-ын ұстап тұр. АҚШ ғылымды көп қажетсінетін өнімнің экспортынан жыл сайын 700-дей, Германия – 530, Жапония – 400 млрд доллар алады.

Әлемдік экономикалық ғылымда ЖІӨ-нің өсуіне ғылым жетістіктерінің салымы 50%-дан асуы мүмкін екені дәлелденген. Бүгінгі күні ғылымды қажет-сінетін өнім нарығының көлемі 2 трлн 300 млрд АҚШ долларын құрайды екен, осы соманың 39%-ы – АҚШ-тың өнімі, 30%-ы – Жапонияның, 16%-ы – Германияның өнімі.

Елдің инновациялық дамуының бастапқы сатысында технологиялардың жабдық, материал мен лицензия түріндегі трансфертін қолдану ыңғайлы. Ең алдымен технологиялық жабдықтың өндірісін ретке келтіру сияқты бірінші кезекті міндетті орындауға қабілетті әр түрлі бейіндегі кәсіпорындардың арасында интеграцияны қалпына келтіру, машина жасайтын, металл өңдейтін кәсіпорындарды, бағдарламалық қамтамасыздандыру мен ҒЗТКЖ жөніндегі кәсіпорындарды біртұтас өндірістік құрылымға қосу қажет. Интеграцияның түрі әр алуан, яғни технопарк, бірлескен кәсіпорын, қауымдастық түрінде болуы мүмкін. Осы құрылымдардың қайта жаңғыртудан кейін жақын арада өндіріс құралдарын, бәсекеге қабілетті тауар шығаратын технологиялық желілер құра алатындығы маңызды.

Сөйтіп, бастапқы кезеңнің міндеті – өндірістік кәсіпорындардың артта қалуын азайту және өндіріс құралдарын құрудың меншікті инфрақұрылымын қалпына келтіру.

Екінші кезеңде дамыған елдермен технологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін технологиялар импортының құрылымында патенттердің, ал экспорттың құрылымында – лицензиялардың, жабдықтардың, инжинирингтік қызметтердің басым болуы қажет. Патенттер тек зияткерлік ақпарат болып қана табылады, осы патенттерді құрылған технопарктердің көмегімен отандық даяр өндірістік технологияға дейін өсіруге болады.

Технологиялар трансфертінің оңтайлы механизмін таңдау елдің индустриялық -инновациялық дамуындағы басымды бағыттардың бірі болып табылады. Жақын келешекте осы таңдау ұлттық

өнеркәсіптің ғылымды көп қажетсінетін бәсекеге қабілетті өнім шығару қабілетіне ықпал ететін болады.

Игеруші және өңдеуші салалар өнімінің қосылған құнының жоғары болуы Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің ерекшелігі болып табылады. Сондықтан еліміздің инновациялық дамуын іске асырудың табысы оны қамтамасыз ететін қаржы құрылымдарының дамуына немесе оған салынған инвестицияларға байланысты болады.

Әлемдік тәжірибе венчурлік қор құру инновациялық дамуды жылдамдатудың бір тәсілі екенін көрсетеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында «VISOR Investment Solutions» ЖШС-мен бірлесе отырып «Адвант» және «ТұранӘлемБанкі» АҚ-мен бірлесіп «Әрекет» Жоғары технологиялар қоры» құрылған. 2004 жылы венчурлік қорларға құйылған инвестициялардың жиынтық көлемі 1 587, 6 млн теңгені құрады.

Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының және ҚР Статистика агенттігінің материалдары бойынша ғылым мен инновация жөніндегі негізгі көрсеткіштерді былайша көрсетуге болады (16.2-кесте).

Осыған қарамастан Қазақстан Республикасындағы инновациялық жобаларға капиталдың келуіне өндіруші салалармен салыстырғанда даяр өнім шығаратын салалардағы табыстылықтың төмен деңгейі қол байлау болып отыр. Осыған байланысты мемлекеттің құрылымдық-инвестициялық саясатын жақсарту қажет. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік ортасы мен салық саясаты инновациялық қызметтің дамуын көтермелеуге тиіс.

1930 жылдардағы «Ұлы тоқырау» заманынан бері ең күрделі болған қаржы дағдарысы да республиканың экономикасына ауыртпалығын салды. Әлемдік дағдарыстың елдің инновациялық дамуына жасайтын ықпалын қарастырғанда:

ақша өтімділігінің дағдарысы ақшасы бар компаниялардың инвестициялық мүмкіндіктерін төмендетеді. Сондықтан инвесторлар тәуекелге, сонымен бірге венчурлік тәуекелге деген көзқарасын өзгертеді. Дағдарыс жағдайында венчурлік жобалардың ерекше тәуекелді болуына байланысты, олардың инвесторларды табуы екіталай;

қаржы нарықтарындағы күрделі жағдай сияқты оның элементінің бірі батыстың да, сондай-ақ отандық нарықтарда да қиын жағдайдың салдарынан портфельдік компаниялардан шығу оңай болмайтын экономикалық құлдырау. Бұл жағдайда барлығы қарқынды дамуды емес, тек тіршілік етудің қамын ойластырады, сондықтан сол мезетте инновациялық даму соншалықты сұранысқа ие болмайды;

ұлттық валютаның құнсыздануы ғылымды көп қажетсінетін өндірістердің дамуына септігін тигізуі ықтимал. Валютаның құнсыздануының арқасында импорттық тауарлардың бағасы көтереді, ал мұның өзі импортты алмастыру әсерін күшейтуі тиіс. Валютаның құнсыздануы батыстың тауарларын барлық бағытта ығыстыруды бастайтын қолайлы сәт, ал ішкі нарықтағы жайғасымды нығайту үшін шетелдік шикізатқа тәуелділікті барынша қысқартып, демек, өнімнің өзіндік құнын азайту сияқты жағдайларды ойластырған орынды.

Кез келген сәтте өзінің қуаттарын жүктеп, нарықта пайда болған келеңсіздіктің орнын толтыруға даяр өндірістер жұмыс істейтін салаларда ғана жылдам қымбаттап кеткен импортты отандық арзан өніммен ауыстыруға болады. Қуат жоқ жерде шамадан тыс жоғары бағалар мен тапшылық пайда болады және осыдан тұтынушы зардап шегеді. Атап айтқанда, импорттық жабдық пен материалдарға тәуелді іргелі ғылым ұйымдары қиын жағдайға тап болады.

Ішкі нарықта импорттық тауарлар бағасының көтерілуі отандық жоғары технологиялық өнім сапасының төмендеуі сияқты келеңсіз жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін. Ведомствоаралық талдамалы орталық (Ресей) өкілдерінің ойынша «кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі шетелдік компаниялармен бәсекелестікке тікелей тәуелді». Бәсекелестіктің төмендеуіне орай инновациялық компаниялар елеулі бәсекенің қысымынан босап, даму бағдарын жоғалтады, сол себептен олардың өнімдегі инновациялық құрамдасты арттыратын ынтасы төмендейді.

Дегенмен, әлемдік қаржы дағдарысы және онымен байланысты келеңсіздіктер (оның ішінде теңгенің бивалюталық себетке қатысты әлсіреуі) қосылған құны жоғары отандық өндірістердің дамуына түрткі болуы мүмкін. Сонымен бірге дағдарыс ұлттық экономиканы қайта форматтауға, басты мақсатқа инновациялық бағыттарды жатқызып, негізгі байлық ретінде шикізат ресурстарын емес, ой-өрісті тануға мүмкіндік береді.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Инновациялық саясат*  
*Инновациялық жүйе*  
*Инновациялық орта*  
*Инновация*  
*Зияткерлік меншік*  
*Желілік инновациялық процесс*  
*Инновациялық қызметтің уәждері*  
*Ұлттық инновациялық жүйе*  
*Инновацияларды құру мен сатудың негізгі факторлары*  
*Ұлттық инновациялық жүйенің құрылымы*  
*Инновацияның функциялары*  
*Инновациялық қызметтің мақсаттары*

## 17-тарау. ҰЛҒАЙМАЛЫ ДАЙЫ ӨНДІРІСТЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Тұрақты экономикалық өсу үшін жағдай жасау – қазіргі кезеңдегі экономиканың негізгі проблемасы. Экономикалық өсуге көшу үшін экономикаға салатын инвестицияларды арттырып, қолда бар экономикалық әлеуетті пайдалануды жақсарту керек. Мұның өзінде инвестицияларды айтарлықтай арттырып, олардың сапасын жақсартудың шешуші әрі ұзақ мерзімді маңызы бар.

17.1.	Инвестициялардың мәні мен олардың нысандары
-------	---------------------------------------------

Экономикадағы инвестицияларға әр түрлі көзқараста анықтама беріледі. Жалпы алғанда – бұл табыс алу мақсатында капитал салу.

*Қаржы көзқарасынан* алғанда – бұл бағалы қағаз сатып алу, оған ақша салу. Инвестицияларды қаржыландыру үшін жинақ ақшаның бөлігін бөлу қажет, осыған байланысты инвестициялар келешекте өнім шығаруды арттырып, оны тұтыну үшін ағымдағы тұтынудан бас тартуды қарастырады. *Макроэкономикалық тұрғыдан* инвестициялар нақты маңызға ие болады, олар негізгі өндірістік қорларға (негізгі капиталға), тұрғын үй құрылысына және запастардың өсіміне салынатын салымға жұмсалатын шығын ретінде қарастырылады. Бағалы қағазды сатып алу макроэкономикалық көзқарас тұрғысынан, инвестициялау болып саналмайды.

«Инвестициялар туралы» ҚР Заңында инвестициялар – бұл мүліктің барлық түрлері (жеке адам тұтынатын тауарларды қоспағанда), сондай-ақ лизинг шарты жасалған сәттен бастап қаржы лизингінің заттары, сондай-ақ инвестор заңды тұлғаның жарғылық капиталына салатын оларға құқықтар немесе кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын тіркелген активтердің ұлғаюы.

*Ұлттық қоғамдық ұдайы өндірістің* әр түрлі фазаларында инвестициялау процесі қаражат салу процесі; инвестициялайтын объектілерді құру жөніндегі қызметті жүзеге асыру; және ең соңында әр түрлі салаларда жаңадан құрылған қорларды пайдалануға беру сияқты әрқалай көрінеді. Инвестициялау процесінде жай және ұлғаймалы ұдайы өндірістің, өтеу және қорланудың көздері мен міндеттері тоқайласып, инвестицияларда ерекше құрылымдық бөлімшелердің айрықша нысандары мен түрлерін туындатады. *Халық шаруашылығы құрылымының тұрғысынан* алып қарағанда инвестициялар күрделі құрылыс пен құрылыс материалдары өнеркәсібі, күрделі құрылысқа бағдарланған машина жасау салалары инвестициялық саланың ерекше кешені ретінде қарастырылады.

Инвестициялар мен инвестициялық қызметтің келесідей сипаттамалары жеке аталады.

*Инвестициялық қызмет* – бұл инвестициялардың салымы және оларды іске асыру жөніндегі практикалық іс-қимылдар.

Инвестициялық қызметке жеке де, сондай-ақ заңды, оның ішінде шетелдік тұлғалар, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар қатысуы мүмкін.

*Инвестор* – бұл шешім қабылдайтын және меншікті немесе қарызға алынған ақшалай, сондай-ақ инвестициялық жобаға өзге де тартылған және олардың мақсатқа орай пайдаланылуын қамтамасыз ететін мүліктік зияткерлік құндылықтар.

Қаржы емес активтерге қаржы салымдары мен инвестициялар жатуы мүмкін. Инвестициялар ақша салымының *көзі* бойынша меншікті және тартылған көзге: *меншік нысаны бойынша*: отандық және шетелдікке, мемлекеттік және жеке меншік көзге бөлінеді.

*Қаржы салымдары* деп басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына ақшалай қаражаттың, материалдық және басқа да құндылықтардың салымы, мемлекеттік және жергілікті қарыздардың пайыздық облигациялары, елдің аумағында құрылған басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдары, кәсіпорындардың шет елдердегі капиталы, сондай-ақ заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға берген қарызы аталады.

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес портфельдік (қаржы) инвестициялар – басқа кәсіпорындардың акцияларына, облигацияларына, басқа да бағалы қағаздарына, активтеріне салынатын салым. Қаржы салымы нақты өндіріске салынатын инвестициялардың қосымша көзі болуы мүмкін. Портфельдік инвестициялардың бөлігі – материалдық өндірістің әр түрлі салалары кәсіпорындарының акцияларына салынатын

салымдардың өзінің тегі бойынша өндіріске салынатын тікелей инвестициялардан ешқандай айырма-шылығы болмайды.

Кәсіпорын жүзеге асырған қаржы салымы қарыз бен кредитті өтеу мерзіміне байланысты *ұзақ мерзімдіге* (бір жылдан асатын) және *қысқа мерзімдіге* (бір жыл ішінде табыс алатын) бөлінеді.

**Қаржы емес активтерге салынатын инвестициялар** – бұл негізгі капиталға салынатын инвестициялар, күрделі жөндеуге жұмсалатын шығындар, жер телімдері мен табиғатты пайдалану объектілерін сатып алуға жұмсалатын инвестициялар, материалдық емес активтерге (патенттер, лицензиялар, бағдарламалық өнімдер, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық эзирлемелер және т.б.), материалдық айналым қаражатының запасын арттыруға салынатын инвестициялар.

*Негізгі капиталға салынатын инвестициялар* деп негізгі қорларды сатып алуға, құруға және ұдайы жаңғыртуға (объектілердің жаңа құрылысы, оларды кеңейту, қайта жаңарту мен техникалық қайта жарақтандыру, машина, жабдық, құрал мен аспаптар сатып алу, негізгі отарды қалыптастыру, көп жылғы өсімдіктер және т.б. аталады) жұмсалатын шығындардың жиынтығы аталады.

*Материалдық емес активтер* – бұл жер телімдерін, табиғатты пайдалану объектілерін пайдалануға арналған патенттер, лицензиялар, құқықтар, авторлық құқықтар, ұйымдастыру шығындары, сауда белгілері, тауарлық белгілер, бағдарламалық өнімдер, ноу-хау және т.б.

Негізгі құралдарды *күрделі жөндеу* жабдықтарды, машиналарды, көлік құралдарын, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеуге бөлінеді.

*Материалдық айналым қаражатының запасын толықтыруға жұмсалатын инвестициялар* – бұл айналым қаражатының запасқа түсімінен және олардың кетуінен пайда болатын шығын және өнімнің запасқа түсуі мен олардан алудың арасындағы айырма ретінде анықталады.

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақты инвестициялар – жаңа кәсіпорын құруға және жұмыс істейтін кәсіпорындарды қайта жаңартып, техникалық жарақтандыруға жұмсалатын салым. Кәсіпорын бұл жағдайда – инвестор, ол қаражат салып өзінің өндірістік капиталын – негізгі өндірістік қорларды және оның жұмыс істеуі үшін қажетті айналым қаражатын арттырады.

Осы орайда меншікті және тартылған құралдар инвестициялық процесті қаржыландыру *көзі* болып табылады.

Меншікті құралдарға:

кәсіпорындар мен ұйымдардың иелігінде қалатын пайда;

амортизация;

қорланым;

сақтандыру органдары залалды өтеу түрінде төлейтін сомалар жатады.

Тартылған қаражаттың құрамына:

банктердің кредиттері, акция сатудан түскен қаражат, қайырымдылық және өзге де жарналар мен қаражаттар;

қарызға алынатын қаражаттың сан алуан түрлері, оның ішінде кредиттері;

мемлекеттік және жергілікті бюджеттің қаражаты;

бюджеттен тыс қорлардың қаражаты;

шетелдік инвестициялар жатады.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар өзінің *технологиялық құрылымы бойынша* құрылыс-монтаж жұмыстары, машиналар мен жабдықтар, құралдар мен аспаптар; негізгі құралдарды күрделі жөндеу; өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар сияқты жұмыстар мен қызметтердің түрлерінен құралады.

*Негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің бағыттары бойынша* негізгі капиталға салынатын инвестициялар жаңа құрылыс салуға, жұмыс істейтін кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және жұмыс істейтін қуаттарды қолдауға жұмсалатын инвестицияға бөлінеді.

*Шетелдік инвестициялар* қаржы емес активтерге салынатын қаржы инвестициялары мен инвестициялардың құрамдас бөлігі болып табылады.

17.2.	Қазақстан экономикасының инвестициялық қызметіндегі тенденциялар
-------	------------------------------------------------------------------

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы республика экономикасына инвестиция тарту саласында елеулі нәтижеге жетті. Мемлекеттің ұстанған инвестициялық саясатының арқасында жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізілді. Елдегі инвестициялық ахуалдың жақсаруы мемлекет қызметі басымдығының бірі болып табылады. Тұрақты және мақсатты жұмыс жүргізудің арқасында Қазақстан, халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша, ТМД елдері арасында инвестициялық реформа жүргізудің көшбасшысы болып танылды.

Standart & Poor's, Moody's Investors Service және FitchIBKA халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық рейтингі, «инвестициялық» кластағы (ВВС) кредиттік рейтингі тағайындауы, Әлемдік банктің 2003 жылы Қазақстанды инвестиция салуға ең тартымды жиырма елдің қатарына енгізуі республикадағы инвестициялық ахуалды растайды.

Қазақстан өзі таңдаған инвестициялық саясатта инвесторлармен жасалатын қарым-қатынастарда тұрақтылық пен айқындылық, заңнама нормаларының ашықтығы, инвесторлар мүдделерінің қорғалуы, жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін тең жағдай жасау, бұрын жасалған келісімшарттардың орнықтылығы қағидаларын ұстанады.

2000 жылдан бастап жалпы экономикалық жағдайдың тұрақтануының және кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы жағдайының жақсаруының нәтижесінде инвестициялық және құрылыс қызметі жанданды. 2000-2011 жылдар аралығында Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі бірнеше есеге ұлғайды.

Мемлекет экономиканың шикізат емес салаларына инвестиция салу үшін жағдай жасайды. Ірі инвесторларға бірқатар жеңілдік беру қарастырылған тиісті заңнама базасы әзірленіп қабылданды.

Инвестициялық салық преференцияларын беру арқылы өңдеу өнеркәсібінің тіркелген активтеріне инвестиция тарту жөніндегі саясат айтарлықтай нәтижеге жеткізді. Республикада инвестициялық қызметтің құқықтық өрісінде сапалы өзгерістер орын алды.

Қазақстанда отандық және шетелдік инвесторлардың қызметін реттейтін «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 9 қаңтардағы №373-ІІ Заң қабылданды. Аталмыш Заң шетелдік және отандық инвесторларға арналған заңнаманың бір-ыңғай талаптары түріндегі құқықтық режимді сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

Мемлекет инвесторларға инвестициялық қызметті көтермелеуге бағытталған бірқатар инвестициялық преференциялар беру кіретін тікелей инвестицияларды қолдайтын белсенді іс-шаралар қолдануда.

Осындай преференцияларға салықтық, кедендік преференциялар, сондай-ақ табиғи гранттар беру жатады.

Республикада шетелдік инвесторлардың жаңа инвестицияларын жылжытуға қатысты Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін көрсету жөніндегі белсенді ақпараттық жұмыс бағдарламасы іске асырылуда. Шетелдік ықтимал инвесторлармен қарым-қатынас орнату, шетелдік инвесторлардың түсініктемелерін жақсы қабылдайтын заңнама процесін қалыптастыру жөнінде іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Белгілі халықаралық орталықтарда еліміздің тартымды инвестициялық имиджін қалыптастыру және шетелдік инвесторларды көптеп тарту жөнінде халықаралық конференциялар, тұсаукесерлер, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұдайы өткізіледі.

Осыған байланысты жүргізілетін инвестициялық саясатта еліміздің инвестициялық ахуалын одан әрі жақсартуға, шетелдік және отандық инвесторларға ең төмен саяси және қаржы тәуекелімен еліміздің экономикасына инвестицияларды кедергісіз салу үшін мүмкіндік беруге ерекше назар аударылады.

Инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту мақсатында инвестициялық саясаттың өңірлік аспектілері күшейтілуде. Өңірлердегі инвестициялық саясат орта мерзімді бағдарламалармен байланыстырылып жүзеге асырылады және өңірдің экономикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты сараланады. Қазақстанның әрбір өңірінде кәсіпкерлер бизнестің таңдалған бағытын шығармашылықпен ойластырған жағдайда инвестициялық преференция алады.

Орталықтандырылған жүйеден шаруашылық жүргізудің нарықтық негізіне көшудің нәтижесінде инвестициялық қызмет түбегейлі өзгерді. Осы саладан мемлекеттің кетуіне байланысты күрделі құрылысты қаржыландыру практикасы өзгеріп, кәсіпорындардың инвестициялық қызметін меншікті қарыз қаражатының есебінен кеңейтуге жол ашылды, енді шетелдік инвестицияларға тәуелділік күшейді, осының барлығы инвестицияның көздері мен оның көлемінің өзгеруіне әсер еткен шешуші факторға айналды.



Осының нәтижесінде инвестициялық қызметте келесідей тенденциялар баулау алды.

Біріншіден, экономиканы реформалау жылдары меншік нысандары бойынша барлық қаржыландыру көздерінің есебінен күрделі салымдардың құрылымы айтарлықтай өзгерді. Мәселен, егер 1992 жылы мемлекеттік меншіктің үлесі 81%-ды, муниципалдық меншіктің үлесі – 6%-ды, араласы (шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындарды қосқанда) – 10%-ды, жеке меншік – 3%-ды құраса, 2006 жылы меншік нысандары бойынша күрделі салымдардың құрылымы мүлдем басқаша қалыптасты: мемлекеттік меншіктің үлесі 11,6%-ға дейін төмендеп, жеке меншіктің үлесі 65,1%-ға, шетелдік үлес 23,3%-ға дейін ұлғайды. 2009 жылы шетелдік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын өңдеу өнеркәсібінің салалары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың үлесі 12%-ды құрады.

Екіншіден, мемлекет өзінің инвестициялық салаға қатысуын қысқартты. Бюджет есебінен қаржыландырылатын негізгі капиталға салынған инвестициялардың үлесі 1992 жылы инвестициялардың жалпы көлемінің 16,6%-ын құраса, 2006 жылы осы көрсеткіш 11,2%-ға дейін төмендеді. 2009 жылдың бірінші тоқсанында өңдеу өнеркәсібінде негізгі капиталға салынатын инвестицияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру жүргізілген жоқ.

Үшіншіден, күрделі салымдарды қаржыландыру көздерінің құрылымында елеулі өзгерістер орын алып отыр: экономиканың мемлекеттік емес секторы қаражатының үлесі артып, халықтың жеке меншік тұрғын үйге жұмсалатын қаражатының көлемі ұлғайып келеді. Қазақстанда 2000 жылмен салыстырғанда 2006 жылы тұрғын үй құрылысының қарқыны 5,1 есеге ұлғайып, 2008 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында тұрғын үй құрылысына 44 335 млн теңге салынды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 83,9%-ды құрады.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты күрделі салымдардың негізгі көзі ретінде өзінің маңызын жойған жоқ. Экономиканы реформалау жылдары инвестициялық процесті орталықтан жекелеудің тұрақты тенденциясы қалыптасты, осы қаражаттың үлесі үнемі артып келеді.

Инвестициялық процесті жандандыру ішкі нарықтан мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жабу үшін тартылатын қаражаттың үлесін қысқартуға; қаржыландыру көздерін кеңейту мақсатында мемлекеттің қарызға алынған қаражаттың бөлігін қайтару жөніндегі кепілдігін беруге; мемлекеттің инвесторлармен және басқа да кредиторлармен тәуекелді бөлісу негізінде инвестициялық жобаларды кредиттеуге қатысуына қорланымды неғұрлым тиімді пайдалану үшін кәсіпорындарды сауықтыру мен банкроттық механизмін қолдануға ықпал етеді.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуына бағытталған инвестициялық саясат жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу:

- мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларға сәйкес;
- мемлекеттік инвестицияларды тікелей басқару арқылы;
- преференциялар, салық ставкалары мен жеңілдіктері сараланған салық жүйесінің көмегімен;
- жекелеген аумақтардың, салалардың, өндірістердің дамуына дотация, субвенция, бюджеттік несие түрінде қаржылай көмек көрсету арқылы;
- қаржы және кредит саясаты (бағалы қағаз шығарып, оларды айналысқа жіберу), амортизациялық саясаттың баға белгілеу саясаты нысанында;

ҚР аумағында белгіленген қолданыстағы заңнамаға, жерді және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану ережелеріне сәйкес;

мемлекеттік нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылап, сондай-ақ міндетті түрде сертификаттау ережесін сақтап;

монополияға қарсы шараларды қолданып, мемлекеттік меншік объектілерін, сондай-ақ құрылысы аяқталмаған объектілерді жекешелендіріп;

ұсынылатын инвестициялық жобаларды сараптауды ескеріп жүзеге асырылуы мүмкін.

Орындау үшін тиісті заңнама актілері мен қаулылар шығарып, оларды нақтылау, сондай-ақ белгілі бір экономикалық, оның ішінде инвестициялық саясат жүргізіп, елдің инвестициялық қызметі мен экономикасына ықпал етудің экономикалық да (жанама), сондай-ақ әкімшілік те (тікелей) әдістерін пайдаланады.

17.3.	Инвестициялық қызметті жетілдіру жолдары						

Инвестициялық қызметтің жақсаруына инвестициялар мен жалпы инвестициялар саласын ұйымдастыру мен басқаруға өзгеріс енгізу ықпал етуі тиіс.

Қазақстанда Индустриялық-инновациялық дамудың 2015 жылға дейінгі мерзімге арналған стратегиясы қабылданды. Стратегияда жеке меншік сектордың бастамаларына қолдау көрсету, ұлттық экономиканың шикізат емес салаларының дамуы үшін қажетті заңнамалық және институционалдық жағдай жасау қарастырылады.

Инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсетуде экономиканың дамуы үшін қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және жұмыс істейтін өндірістерді қазіргі заманғы технологиялар қолданып кеңейту, жаңа өндіріс ұйымдастыру және оларды жаңартуға инвестиция салуға ынталандыру, қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсаты қойылады.

Инвестицияларды мемлекеттік қолдауда инвестициялық преференциялар беру қарастырылады.

Инвестициялық преференция беру «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында реттеледі. Аталмыш Заңда инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздері белгіленіп, инвесторлар Қазақ-стан Республикасында инвестициялауды жүзеге асырған кезде олардың құқық-тарына кепілдік беріледі, сондай-ақ инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары, дауларды инвесторлардың қатысуымен шешу тәртібі анықталады.

«Инвестициялар туралы» Заңда бұрынғы инвестициялық заңнаманың өзін-өзі ақтаған және жақсы көрсеткен жақтары, сондай-ақ инвестицияларды көтер-мелеу мен қолдаудың халықаралық тәжірибесі ескеріліп сақталған.

Заңды инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың қарастырылған жаңа механизмінде бірқатар келесідей елеулі айырмашылықтар бар.

Біріншіден, отандық және шетелдік инвесторларды қолдау мен көтермелеу, сондай-ақ олардың тең дәрежедегі құқықтығы қарастырылған.

Шетелдік және отандық инвесторлардың теңдігі иеліктен айыру мен мемлекет иелігіне алудан кепілдік беру кезінде, мемлекеттік органдар тексеріс жүргізгенде, инвестициялық дауларды шешкенде, табысты пайдаланғанда, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылынан келтірілген зиянды өтеу кезінде әділдік табу қажет.

Екіншіден, инвестициялық дау ұғымын заңнамамен бекіту арқылы инвестициялық дауларды шешудің жетілдірілген механизмі, сондай-ақ осы дауларды Қазақстан Республикасының соттарында ғана емес, сонымен бірге тараптардың келісімі бойынша халықаралық арбитраждық соттарда шешу мүмкіндігі ұсынылады.

Үшіншіден, Заңда шетелдік инвесторлармен бұрын жасалған келісім-шарттардың тұрақтылық қағидасы расталады.

Төртіншіден, мемлекет үшін басымды қызмет түрлерін, яғни өңдеу өнеркәсібінің объектілерін инвестициялық преференция беру арқылы қолдау қағидасын сақтау.

Бесіншіден, қолданыстағы заңда инвестициялардың ең төмен шегі белгіленбеген, ал мұның өзі қызметтің басымды түрлерінде инвестицияларды жүзеге асыратын шағын және орта бизнес кәсіпорындарының инвестицияларды қолдану аясын кеңейтеді.

Экономиканың шикізат емес салаларына инвестиция салуды жандандыру және осы процестерді мемлекеттік қолдау мақсатында қаржы институттары мен экономиканың басымды және бәсекеге қабілетті секторларына инвестициялық ресурстарды шоғырландыру әрі бөлу механизмдерінің жүйесі қалыптастырылды. 2006 жылдың наурыз айында *Қазақстанның Даму банкі, Ұлттық инновациялық қор, Қазақстанның Инвестициялық қоры, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры, Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы, Маркетингтік-талдамалы зерттеулер орталығы, «Қазинвест» инвестицияларға жәрдем берудің қазақстандық орталығы сияқты қазіргі кезде жұмыс істейтін даму институттары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ құрылды. Әрбір институт өз ісімен айналысады, олар экономиканың игеруші секторының жобаларын кредиттеп, қаржыландырмайды. Осы институттардың қызметі жаңа және жұмыс істейтін жоғары технологиялық әрі экспортқа бейімделген өндірістерді құрып, дамытуға, ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді қолдауға, ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді дамытуға инвестиция тартуға бағытталған.*

Заң бойынша олар жеке меншік бизнеспен бірікпей жобаларды қаржыландыруға тыйым салынады.

Инновациялық жобаларды қаржыландыруда мемлекеттің жеке меншік сектормен тәуекелдерді бөліп, оның мүмкіндіктерін кеңейтетін стратегиясы орынды әрі өзін-өзі ақтайды.

«Қазына» қоры мен даму институттары әлеуметтік-экономикалық маңызы жоғары жобаларға қатысады, олардың қызметі бизнесті дамытып, бизнес-ұсыныстарды қолдауға бағытталады.

*Қазақстанның Даму банкі 2004 жылы құрылған. Банктің мақсаты:*

мемлекеттік инвестициялық саясатты жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;

өндірістік инфрақұрылымды және өңдеу өнеркәсібін дамыту;

ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдем көрсету болып табылады.

Даму банкінің негізгі салалық инвестициялық басымдықтарына:

алкогольдік өнім мен темекі бұйымдарын қоспағанда ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу;

тоқыма және тігін өнеркәсібі;

тері өндірісі, теріден бұйым және аяқкиім жасау;

ағаш өңдеу және ағаштан бұйым жасау;

баспа ісін қоспағанда целлюлоза-қағаз өнеркәсібі;

кокс, мұнай өнімдері мен ядролық материалдар өндірісі;

жарылғыш заттарды қоспағанда химия өнеркәсібі;

резина және пластмасса бұйымдарының өндірісі;

өзге де металл емес минералдық өнім өндірісі;

металлургия өнеркәсібі және даяр металл бұйым өндірісі;

қару-жарақ пен оқ-дәрі өндірісін қоспағанда машина және жабдық жасау;

электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар жасау;

көлік құралдары мен жабдықтарын жасау;

электр энергиясын, газ бен су өндірісі мен оны тарату;

тұрғын үй құрылысын, оқу, қонақүй, спорт-сауықтыру және қоғамдық-сауық кешендері мен барлау-бұрғылауды қоспағанда құрылыс;

көлік және байланыс жатады.

*Ұлттық инновациялық қор 2003 жылы құрылды. Ұлттық инновациялық қордың қызметі Қазақстан Республикасында жоғары технологиялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістердің инновациялық белсенділігінің өсуіне жәрдем көрсету мақсатында құрылды.*

Қордың инвестициялық қызметінің негізгі бағыттарына:

Қазақстан Республикасының аумағында венчурлік қор құруды инвестициялау және инвестиция тарту, шетелдік венчурлік қорларға инвестиция салу.

Инновациялық жобаларды іске асыратын компанияларды инвестициялау.

Ұлттық инновациялық инфрақұрылымның элементтерін (технопарк, тех-нологиялық бизнес-инкубатор) инвестициялау.

Қолданбалы ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру.

«Инновациялық технологияларды көшіру, қарызға алу және өрістету» сала-сындағы ынтымақтастықты дамыту, оларды коммерцияландыру мен енгізу.

Инновациялық қордың функцияларына:

венчурлік қорлардың жарғылық қорын құрып, оларға қатысу,

инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік ба-қылаусыз қатысу арқылы инновациялық жобаларды қаржыландыру;

инвестицияланатын кәсіпорындардың акцияларын немесе олардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін басқару;

инвестицияланатын кәсіпорындардың акцияларын қор нарығына шығаруға көмек көрсету;

жоғары технологиялық және ғылымды көп қажетсінетін өнім өткізетін келешекті нарықтарда жағдаяттық және маркетингтік зерттеу жүргізу;

қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды грант негізінде қаржыландыруды ұсыну;

отандық инновациялық өнімдерді сыртқы нарықтарға жылжыту;

инновациялық жобаларды қаржыландыруға сыртқы және ішкі инвестицияларды тарту;

қаржыландырылатын инновациялық жобаларды ұйымдастырушылық, жедел және басқадай алып жүру;

инновациялық жобалар жөніндегі ақпараттық дерекқор құру, келешекті жобалардың болуы жөнінде жеке инвесторларды хабардар ету;

технопарк, бизнес-инкубатор және инновациялық инфрақұрылымның басқа да элементтерін құруға қатысу.

*Қазақстанның Инвестициялық қоры* 2003 жылы құрылды. Қор келешекті ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асырып, тарту арқылы Қазақстанның индустриялық-инновациялық саясатын іске асыруға жәрдем көрсету, экономиканың шикізат емес секторларында жеке меншік сектордың бастамаларына қолдау көрсетуді мақсат етеді.

Қор жобаларды инвестициялауды жүзеге асырады, ол үшін:

Инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес болуы тиіс.

Инвестициялық жоба экономикалық және қаржы параметрлері бойынша тартымды болуы тиіс.

Инвестициялық жоба ұйымдардың технологиялық әлеуетін өрістетуге, өнім мен қызмет өндірісінің сапасы мен көлемінің өсуіне, сондай-ақ шикізат пен материалды өндеуді тереңдетуге, жоғары технологиялық өнім шығаруға бағытталған.

Төмендегі инвестициялау салалары бәсекеге қабілетті салалар мен кластерлер құруды мақсат етеді, атап айтқанда:

ауыл шаруашылығы өнімін өндеу (агроөнеркәсіп кешені, сондай-ақ консерві, мақта өңдейтін және тағы да басқа салалар);

құрылыс материалдары өнеркәсібі (базалықтан бастап, әрлеу және құрылыс материалдары өндірісіне дейін);

шыны өнеркәсібі;

химия және мұнай-химия өнеркәсібі;

металлургия;

машина жасау;

орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі;

балық өнеркәсібі;

инфрақұрылым (энергетикалық және көлік).

*Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры* 1997 жылы құрылды. Қор қызметінің негізгі мақсаты меншікті ақшалай қаражат пен мемлекеттің мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды, шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жобаларын іске асыру ауқымында Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлігін дамытуға бөлетін қаражатты тиімді пайдалану болып табылады.

Қор өз қызметінің ауқымында келесі қаржыландыру бағдарламаларын ұсынады:

ЕБРР кредит желісін;

бағдарламалық АБР;

отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы;

бюджет қаражатынан кредиттеу;

ШҚДҚ меншікті қаражаты есебінен кредиттеу;

қаржы лизингі;

микрокредиттер;

кепілдендіру.

*Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы* 2003 жылы құрылды.

Негізгі міндеттері:

Қазақстандық шикізат емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтердің экспортын сақтандыру.

Шет елге салынатын тікелей инвестицияларды сақтандыру.

Сыртқы экономикалық қызметті сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету.

Корпорацияның қызметін барлық отандық кәсіпорындар пайдалана алады. Жасалған шарттардың 60%-ға жуығы шағын және орта бизнеспен жасалған.

*Маркетингтік-талдамалы зерттеулер орталығы* 2003 жылы ұлттық экономиканы әртараптандыру мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесін талдаумен қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

Негізгі міндеттер:

Ішкі және сыртқы өнім өткізу нарықтарының жай-күйіне талдау жасау.

Салалар мен жекелеген кәсіпорындар әлеуетінің маңызы бар нарықтағы жайғасымдары мен бәсекелік артықшылықтарын анықтау.

Отандық бизнестің дамуы мен жаңа нарықтарды игеру үшін оңтайлы ұсыныстар әзірлеу.

Нарықтар мен салалардың жай-күйі туралы ақпарат тарату.

*«Қазинвест» инвестицияларға жәрдем берудің қазақстандық орталығы.*

Негізгі міндеті – Қазақстандағы инвестициялық мүмкіндіктер туралы ықтимал инвесторларды хабардар етудің тиімді механизмін құру және компанияларға инвестициялық жобаларды іске асыруға көмек көрсету.

Даму институттарының және құрылған тиісті инфрақұрылымның міндеті қосылған құны жоғары жаңа өндірістер мен жұмыс істеп тұрған өндірістерді дамытуды инвестициялау арқылы кәсіпкерлікке белсенді инвестициялық, ақша-кредиттік қолдау көрсету болып табылады.

Ұлттық инвесторлар кеңесінің алғашқы отырысында еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев отандық бизнестің ең ірі өкілдерімен қаржы дағдарысының салдарын еңсерудің жоспарын талқылады. Осы Кеңесте Қазақстанның дағдарысқа қарсы жоспарының негізгі параметрлері айқындалып, жылжымайтын мүлік нарығын қолдауға 3 млрд, шағын және орта бизнеске, ауыл шаруашылығы кешені мен инновациялық-индустриялық секторға 1 млрд, банктерге – 1 млрд және экономика мен бизнесті кредиттеуге тағы да 1 млрд доллар бөлінді.

Осы қаражат пайдаланылатын негізгі бағыттар: бірінші – халықтың 5 мил-лионға дейінгі ақша салымына кепілдік беру, ең ірі отандық банктерді қосымша капиталдандыру мен Стрестік активтер қорының жұмысы есебінен банк жүйесін қолдау арқылы қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету. Мұның өзінде Ұлттық қордан бөлінетін бүкіл қаражат тағайындалуы бойынша қатаң пайдаланылуы тиіс. Зейнетақы қорларына ерекше назар аударылатын болады. Қазақстандықтардың зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 1 трлн 300 млрд теңгені құрайды. Мемлекет заң бойынша қорланымның толық көлеміне кепілдік беріп, инфляцияның ықпалын өтейді.

Дағдарысқа қарсы жоспардың екінші тармағы – жылжымайтын мүлік нарығын қолдау. Аталмыш нарық айналысында банктердің, құрылыс компанияларының және ең алдымен халықтың мүдделері қордаланған проблемалардың «түйініне» айналды. Тұрақтандыру бағдарламасы ауқымында тұрғын үй құрылысы мен ипотекалық кредиттеу проблемаларын шешуге 3 миллиардқа жуық қаражат бөлінетін болады. Жалпы халықты қол жеткізінді ипотекамен және тұрғын үй бағаларымен қамтамасыз ету керек.

Мемлекеттен қосымша қолдау алатын сала – шағын және орта бизнес. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнесте 2 миллионға жуық қазақстандық жұмыс істейді, ал біздің 7 млн азаматымыздың әл-ауқаты кәсіпкерлердің қызметіне байланысты. «Самұрық-Қазына» қоры шағын және орта бизнесті қаржыландырып, қолдау үшін қосымша көздерден қаражат тартып, қол жеткізінді пайыздық ставканы қамтамасыз етуі тиіс. Екіншіден, шағын және орта бизнесті олардан тауар, жұмыстар мен қызмет сатып алу механизмі арқылы қолдау қажет, бұл барлық мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға қатысты мәселе.

Мемлекет агроөнеркәсіп кешенін назардан тыс қалдырмайды. Бүгінгі күні Қазақстан бұрынғыдай ет пен сүт өнімін импорттайды. Еліміздің өзін-өзі азық-түлікпен толық қамтамасыз етуге мүмкіндігі болса, Үкімет агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 1 млрд доллар жұмсайды. Мұның өзінде 2009-2011 жылдарға арналған үш жылдық бюджетте әр жылға 1 млрд жұмсалатын барлығы 3 млрд бағдарлама сақталған. Ақша кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің кең ауқымы үшін қол жеткізінді болуы тиіс.

Президент жоспарының бесінші және қорытынды бөлігі Қазақстанның инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларына арналған. Қазақстан экономикасын әртараптандыруға, өте маңызды жобаларға 1 млрд қаражат жұмсалады. Инфрақұрылым-ерекше маңызды мәселе.

*Лизинг* инвестициялық қызметті дамытудың тиімді механизмі ретінде қарастырылуға тиіс, ол – машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдары мен өндірістік қолданыстағы басқа да жылжымалы және жылжымайтын мүлікті ұзақ мерзімге арнайы жалға алу. Жай жалға алуға қарағанда оған екі емес, үш және одан да көп субъект, яғни жабдықты шығарушы (жеткізуші), лизингтік компания, лизингке алушы (пайдаланушы) қатысады. Оған банктер, сақтандыру компаниялары, делдалдар, кепілшілер мен тағы да басқа жеке тұлғалар қатысуы мүмкін.

Заңнамада лизингке қаржылық жалгерлік деген анықтама берілген. Лизингте қатынастардың тараптары арасында жалгерлік шарты (лизинг шарты) жасалып, оған сәйкес тараптардың бірі – жалға алушы, екінші тарап – жалға беруші көрсеткен мүлікті сол белгілеген сатушыдан меншікке сатып алуға және сол үшін жалға берушіге оны кәсіпкерлік мақсатта уақытша иелену пен пайдалану үшін төлем төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте жалға беруші жалға алынатын зат пен

сатушы таңдауы үшін жауап бермейді. Қаржылық жалгерлік шартында жалға беруші сатушыны және жалға алушы сатып алған мүлікті таңдайтыны қарастырылуы мүмкін.

Бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын мүлікті қоспағанда, лизингке берілген мүлік лизинг шарты қолданылатын бүкіл мерзім бойы лизингке берушінің меншігі болып саналады. Лизингтегі мүлікті лизингке беруші мен лизинг алушының балансына қою шарттары лизинг шартына қатысушылардың келісімі бойынша белгіленеді.

Лизингке берушінің табысы лизингке беруші лизингті алушыдан алатын лизингтік төлемнің жалпы сомасының және лизингтегі мүліктің құнын өтейтін соманың арасындағы айырмадан құралады.

*Тікелей лизингте* мүліктің меншікті иесі объектіні лизингке делдалсыз тапсырады; *ал жанама лизингте* мүлік лизингке бір немесе бірнеше делдал арқылы тапсырылады; *қайтарылатын лизингте* меншік иесі (шығарушы) оны келешек лизинг алушыға сатып, содан кейін оны ұзақ мерзімді жалға алады.

Экономиканың нақты секторына инвестиция тарту үшін *жекешелендіру процесінде мемлекеттік активтерді пайдалану* қосымша шарт ретінде қарастырылады.

Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру үшін *белсенді мемлекеттік макроэкономикалық саясат* жүргізу қажет. Осыған байланысты тиімсіз жұмыс істейтін өндірістерді қайта құрылымдау, ескірген технологиялар мен дағдарыста құнсызданған капиталды өндірістен жылдам шығарып, ауыстырудың маңызы артып отыр.

Кәсіпорындарды артық капиталдан босатуға қатысты қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру мақсатында пайдаланылмайтын активтерге салық салмай және амортизациялық ақша есептемей, оларды айналымнан шығарудың оңай тәртібін енгізу қажет. Осы мақсатта артық және пайдаланылмайтын жабдықтың көлемін анықтауды; салалар мен өңірлерде осындай жабдықтың құрылымын анықтауды; осы жабдықты сату, оны жалға беру немесе лизингке берудің тәртібін белгілеуді; шағын және орта бизнес субъектілерінің босатылатын жабдықтарды пайдалануға мүдделілігін арттыруды; кәсіпорындардың бос көлемдерін жалға беруді реттейтін нормативтік актілер әзірлеу қажет.

*Тұрғын үйді ипотекалық кредиттеу жүйесінің пайда болуы*, ұзақ мерзімді бюджеттен тыс қаржы ресурстарын банк кредиттеу саласына тарту үшін ипотекалық кредиттердің қайталама нарығын қалыптастыру инвестициялық қызметтің дамуына көмек көрсететін болады.

Ипотекалық кредиттеудің дамуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануына қарамастан тұрғын үй құрылысының осы бағыты әлі де толықтай қалыптасқан жоқ. Бұған халықтың төлемге қабілетсіздігі, сондай-ақ ипотекалық кредиттеу жүйесін іске қосуға арналған бастапқы қаражаттың болмауы қол байлау болып отыр.

Инвестициялық процесті дамыту үшін *мүлікті сақтандыру және мемлекеттік кепілдік жүйесін* құрудың маңызы зор. Қазіргі кезде, ірі кәсіпорындарда мүлікті сақтандыру ісі айтарлықтай дамымаған. Қолданыстағы ережеге сәйкес сақтандыру төлемдері сатылатын өнім көлемі құнының 1%-ынан аспауы тиіс болғандықтан, мүлікті сақтандырудың дамуына сақтандыру компанияларының қаржылық әлсіздігі, сондай-ақ аталған шығынды өнімнің өзіндік құнына жатқызуға қатысты шектеулер кедергі келтіреді. Нақты кепілдікті жеке меншік инвесторлар кепілдік-залог қорларын дамыту арқылы бере алады.

17.4.	Шетелдік инвестициялар мен олардың нысандары
-------	----------------------------------------------

Шетелдік инвестициялар құрылымдық қайта құру мен экономикалық өсудің маңызды факторы болып табылады.

Шетелдік инвестициялардың түсімі өндірістің техникалық деңгейін көтеруге, басқаруды жетілдіруге, еліміздің экономикасының әлемдік шаруашылыққа интеграциялануына ықпал етеді.

*Шетелдік инвестиция*

деп шетелдік инвесторлардың пайда алу мақсатында кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлеріне мүлік және зияткерлік құндылықтардың барлық түрін салуы аталады.

Шетел капиталы ақшалай қаражат, үлесі акция мен басқа да бағалы қағаз, кредит, технология, машина, жабдық, лицензия, кез келген басқа да мүлік, зияткерлік құндылық және т.б. түрде салынуы мүмкін.

*Шетелдік инвестицияларға* шетелдік инвестордың кәсіпорындар мен ұйымдарды толық немесе ішінара меншікке сатып алуы, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталында шетелдік инвестиция бар жарна, акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алу, заңды және жеке тұлғаларға кредит беру, сондай-ақ банктік ақша салымдары мен жылжымайтын мүлік сатып алу жатады.

Инвестициялардың құны (ақшалай қаражатты қоспағанда) сатушы мен сатып алушы тиісті күні келіскен нарықтық баға бойынша бағаланады.

Шетелдік инвестициялар:

қазақстандық инвесторлармен бірлесе отырып немесе шетелдік инвесторға толық тиесілі заңды тұлға құру;

Қазақстанның аумағында шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын құру;  
шетелдік заңды тұлғалардың заңды тұлға құрмай инвестициялық қызметті жүзеге асыруы;  
жұмыс істейтін заңды тұлғаның жарғылық капиталына (ақша салымына) қатысу үлесін сатып алу;

Қазақстанның заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке затқа құқық сатып алу,  
акцияларды қоспағанда мемлекеттік бағалы қағаз бен қазақстандық заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын сатып алу;

инвестициялық қызмет мақсатында өзге мүлік, оның ішінде жекешелендірілетін мемлекеттік және муниципалдық мүлікке құқық меншігін немесе зияткерлік мүліктік құқық сатып алу;

инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық кредит, оның ішінде заттық нысандағы кредит беру;

Қазақстан аумағында лизингтік қызметті қаржы лизингі нысанында жүзеге асыру арқылы бағаланады.

Шетелдік инвестициялардың құрамы тікелей, портфельдік және басқа да инвестициялар деп аталатын үш нысанға бөлінеді.

*Тікелей инвестициялар* –

бұл тікелей инвесторлар, яғни ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес ҚР аумағында құрылған немесе жаңадан құрылып жатқан шаруашылық серіктестік немесе қоғам нысанындағы кәсіпорынды толық иеленетіне коммерциялық ұйымның жарғылық капиталындағы 10%-дан кеме емес үлесті бақылайтын заңды немесе жеке тұлғалардың ақша салымдары.

Тікелей инвестициялардың құрамына:

жарғылық капиталға салынатын жарналар (кәсіпорынның шетелдік қосалқы иелері нақты енгізген толық жарна немесе жарғылық капиталдың бөлігі); жылжымайтын мүлік, жабдық, тауар және т.б. және ақшалай қаражат түрінде, яғни материалдық және ақшалай нысанда жасалған жарналар түрінде жүзеге асырылған материалдық емес активтер;

қаржы лизингі (шетелдік заңды тұлғаның ҚР аумағында қазақстандық ұйымдарға мүліктің қаржы лизингі жөніндегі қызмет көрсету нысанындағы лизингтік қызметін жүзеге асыру);

кәсіпорынның шетелдік қосалқы иелерінен алынған кредиттер;

өзге тікелей инвестициялар (акцияларды қосалқы құрылтайшыларды қосымша сатып алуы, тікелей инвестор жарғылық капиталға салған жарнамен қоса берген жабдық) кіреді.

*Портфельдік инвестициялар* – бұл шетелдік инвестордың шетелдік инвестициялары бар коммерциялық ұйымның жарғылық капиталындағы 10% үлестен (салымнан) кеме емес мөлшерде жасаған, салымшыларға кәсіпорынды басқару құқығын бермейтін шетел капиталының салымы, сондай-ақ акциялар, облигациялар, вексельдер мен меншікті және қарыз капиталдың бағалы борыштық қағаздары.

*Басқа инвестициялар* – бұл тікелей немесе портфельдік инвестициялардың анықтамасына жатпайтын инвестициялар.

Басқа инвестициялардың құрамына:

сауда кредиттері (тауарлар мен қызметтердің импорты мен экспортын төлеу немесе экспорттық және импорттық операцияларды жүзеге асыру үшін кредит беру);

өзге кредиттер (тікелей емес инвесторлардан алынған сауданы қоспағанда басқа кредиттер. Олардың құрамына Әлемдік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта жаңғырту және даму банкі сияқты халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған кредиттер кіреді;

өзге (мұнда жоғарыда атап өтілмеген қаржы активтері мен пассивтері, мысалы, мерзімі өтіп кеткен несие төлеміне, төленбеген еңбекақыға, төленбеген салықтарға жататын дебиторлық және кредиторлық берешек) кіреді.

Шетелдік инвестициялар ҚР заңнамасында және ҚР аумағында қолданылатын халықаралық шарттарда қамтамасыз етілген толық және шүбәсіз құқықтық қорғауды пайдаланады.

Заңнамада шетелдік инвесторлар салған капиталға және одан алынатын табыс пен пайдаға, шетелдік инвесторлардың кәсіпкерлік қызметіне жағдай жасауға кепілдік беріледі, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың ҚР аумағындағы қызметінің құқықтары мен мүдделерінің толық және шүбәсіз қорғалуы қарастырылады.

Шетелдік инвестор ҚР заңнамасында көзделген салықтар мен жиындарды төлегеннен кейін ҚР аумағында табыстар мен пайданы толық пайдалануға құқығы бар. Олар осы пайда мен табысты қайта инвестициялай алады немесе қазақстандық заңнамаға қайшы келмейтін басқа мақсатта пайдалана алады немесе ҚР шектерінен тысқары кедергісіз алып кете алады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес коммерциялық ұйымдарға олардың капиталымен қоса *ұлттық режим*, яғни отандық инвесторлар мен ұйымдарға берілетіннен аз қолайлы емес режим беріледі.

Инвестициялау жағдайын және шетелдік инвесторлардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын жақсартатын да, сондай-ақ нашарлататын да ұлттық режимнен алулар тек заң мен конституциялық құрылымның негіздерін, адамгершілікті, басқа адамдардың денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті шамасында ғана белгіленуі мүмкін.

Заңнамада инвестициялық жобаны жүзеге асыратын шетелдік инвестордың шаруашылық қызметі үшін жағдайдың тұрақты болуы, ҚР заңнамасының қолайсыз өзгеруінен кепілдіктер қарастырылады. Заңнама актілерінде көзделген жағдайдарда аталмыш шаралар қоғамдық мүддеде қолданған жағдайларды қоспағанда, шетелдік инвестициялар мемлекеттің иелігіне алынбайтыны және иеліктен айырылмайтыны немесе тәркіленбейтіні белгіленген. Шетелдік инвестиция мемлекет иелігіне алынып, иеліктен айырылған жағдайда шетелдік инвесторға жедел, балама және тиімді өтемақы төленеді.

Қосымша кепілдік ретінде шетелдік инвесторға ел аумағында шешімі міндетті түрде орындалуы тиіс халықаралық арбитраждық органдарға жүгініп, өз құқықтарын қорғау құқығы беріледі. Мұндай ереже Қазақстан Республикасында шетелдік инвестициялардың неғұрлым сенімді кепілі болып табылады.

Шетелдік әріптестердің ҚР аумағындағы қызметі жөніндегі ықтимал талаптарын қарап, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты тиісті шешім қабылдауды ҚР Қаржы және қор нарығындағы инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

Қазақстан экономикасына шетел капиталын тарту процесі ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделілік танытумен байланысты, ал бұл жобаға ірі шетел капиталы қатысуы қарастырылады. Осыған байланысты ҚР экономикасының инвестициялық процесіне ірі трансұлттық компанияның (ТҰК) қатысуын атап өту қажет.

<b>17.5.</b>	<b>Шетелдік инвестицияларды тартуды реттеу</b>

Экономикаға шетелдік инвестициялардың түсімін реттеу үшін шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасына артатын сенімін қалпына келтіріп, әлемдік капитал нарығында оның жағдайын жақсартып, қолайлы инвестициялық ахуал құру, шетелдік инвесторларды ынталандыру жүйесін дамыту, шетелдік инвестициялардың жолында кездесетін кедергілерді жойып, халықаралық инвестициялық ынтымақтастық саласында жалпы қабылданған стандарттарды қабылдау қажет.

Қолайлы инвестициялық ахуалды *шетелдік инвестицияларды мемлекеттік реттейтін нормативтік-құқықтық негіздерді дамыту* арқылы құруға болады. Ол екі бағыт, яғни



халықаралық инвестициялық ынтымақтастық саласындағы заңнаманы жетілдіру және капитал салымын ынталандыру мен оны өзара қорғау және қосарлы салық салуға жол бермеу туралы халықаралық шарт жасасу бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында заңнаманы дамыту мен шетелдік инвесторларды ақпаратпен қамтамасыз ету, салық, кеден және валютаны реттеу, еліміздің халықаралық инвестициялық ынтымақтастыққа қатысуын құқықтық қамтамасыз ету жөнінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

Қосарлы салық салуға жол бермеу үшін қазақстандық заңнамада салық салу мен жиынға қатысты ережелер, қолданыстағы заңнамамен салыстырғанда қосымша ережелер мен нормалар белгіленген халықаралық шарт жасасу тәртібі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының капитал салымын көтермелеу мен өзара қорғау туралы халықаралық келісімдер жасасу жөніндегі келіссөз процесі жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы капитал салымын көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісім жасасқан. Осы келісімдерде шетелдік инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін толық және шүбәсіз қорғау; шетелдік инвесторларға мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардың заңсыз іс-әрекетімен келтірілген залалады өтету құқығы; шетелдік инвесторға капитал салымын заңды тыйым салынбаған кез келген нысанда жүзеге асыру кепілдігі және құқықтарды өту кепілдігі (суброгация); күштеп айырылған мүлік, сондай-ақ мемлекет иелегіне алынатын мүлік үшін өтемақы төлеу және бірқатар басқа да іс-шаралар қарастырылған.

Өнімді бөлу туралы келісім (ӨБК) ТМД-ның Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан, Ресей сияқты бірқатар елінде пайдаланылады және Грузияда пайдалануға дайындық жүріп жатыр. Осы елдерде ӨБК негізінен мұнай және газ өнеркәсібінде қолданылады.

Өнімді бөлу туралы келісім минералдық ресурстар өндіру саласында шетелдік инвестицияның түсімін және жер қойнауының меншік иесі мемлекеттер мен жеке меншік шетелдік инвестордың арасындағы қатынастарды реттейтін азаматтық шарт нысанындағы құқықтық негіз құруға бағытталады. Өнімді бөлу туралы келісім ҚР аумағында, континенталдық қайраңда минералдық шикізатты іздестіруге, барлауға, өндіруге шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру процесінде оның субъектілерінің арасында туындайтын қатынастар қолданылатын саланы анықтайды.

Қазақстан Республикасы өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес кәсіпкерлік субъектісіне келісімде белгіленген жер қойнауының телімінде минералдық шикізатты іздестіруге, барлау мен өндіруге және осымен байланысты жұмыстарды ақылы негізде және межелеген мерзімге жүргізуге айрықша құқық береді, ал инвестор көрсетілген жұмыстарды өз есебінен және тәуекелді өзіне алып жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ірі ауқымда шетелдік инвестицияларды тартудың тиімді нысанына *инвестициялық келісім* жатады. *Шетелдік инвесторлардың* инвестициялық келісімді іске асыру жөніндегі жұмысы Инвестициялық келісім жасау және оны іске асыру тәртібі мен оған қоса тіркелген қосымшаларда реттеледі.

Инвестициялық келісім ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен қазақстандық коммерциялық ұйымның жарғылық капиталына салымды жүзеге асырған шетелдік компанияның арасында жасалады.

Инвестициялық келісім жасау үшін шетелдік инвестор инвестициялық келісімнің жобасы мен тәуелсіз сараптаудан өткен техникалық-экономикалық негіздеменің негізінде орындалған негізгі экономикалық көрсеткіштерді табыс етеді. Шетелдік инвестор сондай-ақ инвестициялық жоба жүзеге асырылатын бүкіл кезеңде жұмыстардың орындалуы және қаржымен қамтамасыз етудің жоспар-кестесімен қоса инвестициялық келісімнің іске асырыла бастағаны туралы хабарлайды.

Инвестициялық келісімде инвестицияларды жүзеге асыру мөлшері, бағыттары мен мерзімдері, ҚР аумағында шетелдік тауарлардың номенклатурасы, мөлшері, мерзімі мен тәртібі; тараптардың инвестициялық келісімді бұзғаны үшін жауапкершілігі мен оны мерзімінен бұрын бұзу тәртібі белгіленеді.

17.6.	Шетелдік инвестицияларды ынталандыру
-------	--------------------------------------

Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасында соңғы жылдары салық ауыртпалығын жеңілдетуге қатысты бірқатар шаралар іске асырылды, ҚҚС, кеден баждары мен пайдаға салынатын салық төлеуден бірқатар босату енгізілді.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясында экономиканың келешекті салаларын дамыту қарастырылған. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларына инвесторлар қызметтің басымды түрлерінде инвестициялық жобаны іске асырған кезде инвесторларға берілетін инвестициялық преференциялар жатады.

«Инвестициялар туралы уәкілетті органмен» – ҚР Заңына сәйкес ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетімен келісім-шарт жасау арқылы *инвестициялық преференцияның*:

Инвестициялық салық преференциялары.

Кеден салығын салудан босату.

Мемлекеттік табиғи гранттар сияқты түрлері беріледі.

Инвестициялық преференциялар тізбесі *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы №436 қаулысымен* бекітілген қызметтің басымды түрлерінде экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің 37 тараудан тұратын жіктелім деңгейінде беріледі. ҚР Үкіметі қызметтің әрбір басымды түрі бойынша инвестициялардың ең көп мөлшері мен инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімін бекіткен.

Инвестициялар белгіленген ең жоғары көлемнен асқан жағдайда қолданылатын салықтық преференциялардың қолданылу мерзімі ҚР Үкіме-тінің тиісті шешімімен анықталады.

Инвестициялық преференциялар инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын ҚР заңды тұлғасымен келісімшарт жасалғаннан кейін беріледі.

17.1-кестеде инвестициялардың салық преференцияларының инвестиция-лардың көлеміне байланысты қолданылу мерзімдері келтірілген.

#### 17.1. Салық преференцияларының қолданылу мерзімдері

Қызметтің басымды түрлері бойынша тіркелген активтерге салынатын инвестициялардың млн АҚШ долларына балама көлемі	Инвестициялық салық преференцияларының қолданылу мерзімі		
	Корпоративтік табыс салығы, жыл	Мүлік салығы, жыл	Жер салығы, жыл
5 млн АҚШ долларына дейін, қоса алғанда	1-5	2	2
5-тен 10 млн АҚШ долларына дейін, қоса алғанда	1-5	3	3
10-нан 20 млн АҚШ долларына дейін, қоса алғанда	1-5	4	4
20-дан 100 млн АҚШ долларына дейін	1-5	5	5

Инвестициялық преференциялар:

Көзделген инвестициялық қызмет қызметтің басымдық түрлерінің тізбесіне сәйкес болғанда.

Инвестициялар қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып жаңа өндіріс құру, жұмыс істейтіндерді кеңейтіп, жанарту үшін ҚР заңды тұлғаларының тіркелген активтеріне жүзеге асырылғанда.

Инвестициялық жобаларды іске асыруға өтініш берген ҚР заңды тұлғасының қаржы, техникалық және ұйымдастыру мүмкіндігінің барын растайтын қажетті құжат табыс еткен жағдайда беріледі.

*Инвестициялық преференциялар – бұл инвестициялық жобаны жүзеге асыратын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін нысаналы сипаттағы артықшылықтар.*

Қызметтің әрбір басымды түрі бойынша инвестициялардың ең көп мөлшері мен инвестициялық преференциялар уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жанындағы Инвестициялар жөніндегі комитетке табыс етілетін инвестициялық салық преференцияларының қолданылу мерзімі белгіленген.

ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі халықаралық инвестициялық ынтымақтастық саласында бірыңғай инвестициялық саясат жүргізетін атқарушы билік органы болып табылады.

ҚР Экономика және сауда министрлігі шетелдік инвестиция тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуді ұйымдастырып, осы саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді, инвестициялық саладағы халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық жасасуды үйлестіреді, халықаралық инвестициялық ынтымақтастық саласындағы ұсыныстарды сараптауды жүзеге асырады.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Мемлекеттік инвестициялар*

*Инвестициялар*

*Қаржы емес активтерге салынатын инвестициялар*

*Негізгі капиталға салынатын инвестициялар*

*Инвестициялық орта*

*Инвестициялық келісім*

*Капитал салымы*

*Инвестициялық конкурс*

*Инвестициялық рейтинг*

*Лизинг*

*Шетелдік инвестицияның нысандары*

*Өнімді бөлу туралы келісім*

*Инвестициялық ахуал*

## 18-тарау. ҰЛТТЫҚ ШОТТАР

18.1.	Ұлттық шоттар								
-------	---------------	--	--	--	--	--	--	--	--

Ұлттық қоғамдық ұдайы өндіріс ұлттық шоттар арқылы сипатталады.

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) деп бүкіл әлемде экономиканың макродеңгейдегі жай-күйі мен дамуын сипаттау мен талдау үшін пайдаланылатын өзара байланысты көрсеткіштер мен жіктемелердің жүйесі аталады.

Қазіргі уақытта әлемнің көп елі өзінің ұлттық шотын әзірлегенде БҰҰ халықаралық стандарт ретінде мақұлдаған 1993 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сүйенеді. Сондықтан ұдайы өндіріс процесін ҰШЖ пайдалана отырып зерттеумен байланысты мәселелерді бұдан әрі қарастырғанда осы стандарт негізге алынады.

Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикада сан алуан экономикалық операциялар жасалады, яғни кәсіпорындар шикізат пен материал сатып алады, әр түрлі өнім шығарады, жұмысшылар мен қызметшілерге еңбекақы, ал үкіметке салық төлейді, сонымен бірге банктерден қарызға ақша алып, бос және тартылған ресурстарды машиналар мен жабдықтарға және т.б. инвестициялайды. Экономикалық процесте кәсіпорындармен қоса басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер: қаржы мекемелері (банктер, инвестициялық қорлар, сақтандыру компаниялары), мемлекеттік басқару органдары, үй шаруашылықтары, әр түрлі коммерциялық емес ұйымдар (кәсіподақтар, саяси ұйымдар, діни ұйымдар және т.б.) қатысады. Олар сондай-ақ тауарлармен және қызметтермен, ақшамен, кредиттермен, акциялармен және басқа да қаржы құралдарымен операциялардың сан алуан түрін жасасады. Барлық осы шаруашылық жүргізуші субъектілер бір-бірімен өзара ықпалдасады, сондай-ақ жана құн құру процесінде тауармен, қызметтермен және активтермен алмасады. Экономикада не болып жатқанын біліп, экономикалық процестің ең маңызды нәтижелерін анықтау үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер жөніндегі де, сондай-ақ олар жасасатын әр түрлі операциялар, сондай-ақ активтер мен пассивтер жөніндегі ақпаратты ретке келтіру қажет. Осы реттеу ҰШЖ-да ерекше ережелер мен рәсімдердің көмегімен жүзеге асырылады. Реттеу экономиканың макродеңгейдегі жай-күйі мен дамуының жалпы көрінісін анықтау, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), түпкілікті тұтыну, инвестициялар, жинақ ақша, иемденетін табыс және т.б. сияқты ең маңызды макроэкономикалық ауыспалылардың арасындағы өзара байланысты белгілеу мақсатында жүзеге асырылады. Осы реттеудің негізінде алынған нәтиже мемлекеттік басқару органдарының макроэкономикалық саясат мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін қажет.

ҰШЖ – бұл қазіргі кезеңдегі экономикалық статистиканың аса маңызды тарауы. Оның маңызы біріншіден, оның құрамында ең маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болуымен және екіншіден, бүкіл экономикалық статистиканы үйлестіру мен интеграциялаудың тиімді құралы болуына байланысты, ал экономикалық статистиканың әр түрлі тарауларында пайдаланылатын анықтамалар, жіктеуіштер мен көрсеткіштер ҰШЖ-ның тиісті анықтамаларымен, жіктеуіштерімен және көрсеткіштерімен келісілуге тиіс.

ҰШЖ 60 жыл бұрын дамыған капиталистік елдерде мемлекеттік басқару органдарына нарықтық экономиканы реттеу мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат беру мақсатында пайда болды.

ҰШЖ-ның бухгалтерлік есепке көп ұқсастығы бар. Ол бухгалтерлік есептің кейбір маңызды тәсілдерін қолданады (мысалы, операцияларды қосарлы жазу қағидасы) және оның мақсаттары бухгалтерлік есептің мақсаттарымен, мысалы, басқарушылық шешім қабылдау үшін ақпаратпен қамтамасыз етумен бірдей. ҰШЖ – бұл жалпы экономикаға арналған бухгалтерлік есеп. «Ұлттық шот жүргізу» терминін алпыс жыл бұрын голландтық экономист Ван Клифф ұсынған болатын. Мұның өзінде Ван Клифф ұлттық шот жүргізуді макродеңгейдегі экономиканың жүйелі сипаттамасы бар нысаны бойынша бухгалтерлік шоттар мен баланстарға ұқсайтын кестелердің жүйесі ретінде қабылдады. ҰШЖ-ның дамуына Дж. Кейнс зор үлес қосты. Ол ҰШЖ-ны өзара байланысты ауыспалылар (табыс, тұтыну, жинақ ақша) жүйесі ретінде түсініп, ҰШЖ-ның деректерін мемлекеттік басқару ұйымдары экономикалық саясат мәселелері бойынша шешім қабылдағанда қолдануға тиіс деп санады.

ҰШЖ-ның дамуы бірнеше кезеңге бөлінеді, ол бірде экономикалық процестің әр түрлі аспектілерін қамтуды бірте-бірте кеңейтіп, макроэкономикалық статистиканың тиісті салаларының жүйелері мен тарауларының арасында үйлесімділікке жетуге тырысып, экономиканың секторлары мен салалары үшін шот (жалпы экономикаға арналған шоттарға қосымша) енгізу арқылы талдауды тереңдетуді ойластырды. Қазіргі кезеңдегі ҰШЖ жалпы тұжырымдамалардың, анықтамалар мен жіктеуіштердің көмегімен макроэкономикалық статистиканың өзара байланысты аса маңызды тараулары блоктарының жиынтығын білдіреді. Мұндай блоктарға:

өндірілген өнімнің, құрылған табыстың, экономика құрылымының неғұрлым жалпы көрсеткіштері;

ұлттық байлықтың көрсеткіштері;

салааралық баланстың көрсеткіштері;

сыртқы экономикалық байланыстың көрсеткіштері;

Мемлекеттік қаржының көрсеткіштері;

қаржы активтері және міндеттемелермен жасалатын операциялардың көрсеткіштері жатады.

Ұлттық шоттар жүйесі экономикалық теорияның ережелеріне сүйенеді, олардың ішіндегі ең маңыздысы болып келесілер табылады.

Біріншіден, экономикалық өндірістің, яғни жалпы ішкі өнім өндіріліп, жалпы табыс жасалатын саланың шектерін анықтау. Экономикалық ғылымда экономикалық өндіріс тұжырымдамасы көп өзгерді. Оның қалыптасуына уақытында Франсуа Кэнэннің, Адам Смиттің, К. Маркстің, А. Маршалдың және басқа да көрнекті ғалым-экономистердің еңбектері ықпал етті. КСРО-да макроэкономиканы талдау үшін қолданылатын халық шаруашылығы балансында (ХШБ) экономикалық өндіріс саласына тек материалдық өндіріс кірді. Материалдық емес салада (жалпы басқару, қорғаныс, денсаулық сақтау, білім беру және т.б.) ХШБ тұжырымдамасына сәйкес ұлттық табыс бөлініп, материалдық игіліктер тұтынылады. Ал ҰШЖ-да үй шаруашылықтары көрсететін қызметтерді қоспағанда (мысалы, тамақ дайындау, тұрғын үйді тазалықта ұстау, бала тәрбиелеу және т.б. жөніндегі қызметтер) барлық дерлік тауарлар мен қызметтерді қамтитын экономикалық өндірістің кең ұғымы қолданылады. Осы жалғыз ғана ерекшелік деректерді алудың қиындығымен, үй шаруашылығындағы әйелдердің қызметін бағалаумен және т.б. қиындықтармен байланысты жасалды. Сөйтіп, ҰШЖ тұжырымдамасына сәйкес экономикалық өндіріске қызметтің келесі түрлері кіреді:

меншікті тұтыну тауарларын қоса алғанда (мысалы, фермерлердің меншікті тұтыну үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруі) тауар өндіру;

қызмет көрсетуге арналған қызметтер өндірісі;

қаржы делдалдарының (банктердің, инвестициялық қорлардың, сақтандыру компанияларының) қызметі;

мемлекеттік басқару органдарының нарықтық емес қызметтер көрсетуі (жалпы басқару, қорғаныс және т.б. саладағы ұжымдық қызметтер де, сондай-ақ ағарту ісі, білім беру және т.б. салада жеке қызмет көрсету);

үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың нарықтық емес қызметтер көрсетуі;

жалдамалы қызметшілердің (аспазшы, бағбан, жүргізуші және т.б.) ақылы қызмет көрсетуі;

тұрғын үй меншік иелерінің меншікті тұтыну үшін тұрғын үй қызметтерін көрсетуі.

ЖІӨ өндірісі саласына қоршаған ортадағы өзгерістер енгізілмейді (мысалы, көмірдің, мұнай мен басқа да пайдалы кен қазбалары запасының таусылуы, ауа мен судың ластануы және т.б.), алайда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қызмет өлшеніп, ЖІӨ-ге енгізілуі тиіс.

ҰШЖ-да 1993 жылы қабылданған экономикалық өндіріс тұжырымдамасы көлеңкелі, заңсыз және формалды емес экономикада тауарлар мен қызметтер өндірісі жөніндегі қызметті қамтиды. Көлеңкелі экономика деп салық салудан жалтару үшін жасырын ұйымдастырылатын кәдімгі тауарлар мен қызметтер өндірісі аталады. Заңсыз экономика деп заңмен тыйым салынған тауарлар мен қызметтер өндірісі аталады (есірткі жасау және оны сату, жезөкшелік және т.б.). Іс жүзінде әлемнің көптеген елдері әзірше ЖІӨ-ге заңсыз экономикадағы қызметтің бағасын енгізбейді. Формалды емес экономика үй шаруашылықтарына тиесілі (мысалы, халықтың ұсақ фермалары, қосалқы шаруашылықтары, отбасы мүшелерінің еңбегіне негізделген мейрамханалар, жеке меншік еңбек қызметі және т.б.) қызметті қамтиды.

Екіншіден, ұлттық шоттар жүйесі табыстың мәнін анықтауға сүйенеді.

ҰШЖ белгілі ағылшын экономисі Д. Хикс әзірлеген табыс тұжырымдамасына негізделеді. Осы тұжырымдамаға сәйкес табыс деп ақша сомасының иесі өзін кедей етпей, яғни өзінің жинаған байлығын азайтпай және өзіне ешқандай қаржы міндеттемесін алмай, тұтыну тауарлары мен қызметтеріне жұмсай алатын барынша көп ақша сомасы аталады. Сөйтіп, Д. Хикстің ойынша, табыс ақшаның кез келген сомасы емес, сол немесе басқа тұлғаның иелігіндегі ақшалай ресурс-тың адамды кедей етпей, түпкілікті тұтынуға жұмсай алатын бөлігі ғана. Мысалы, осы көзқарасқа сәйкес меншікті үйді сатудан алынған ақша сомасы табыс деп саналмайды. Осы соманы тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсауға болады, алайда бұл жағдайда оларды сатып алушының активтері азаюының салдарынан ол кедейленеді. Егер үйді сатушы алынған ақшаны банкке салса, бұл жағдайда ақша түсімі табыс болмайды, өйткені осы операцияның нәтижесінде активтер-

дің нысаны жай ғана өзгереді, яғни материалдық активтер (үй) қаржы активіне (депозитке) трансформацияланады. Х. Хикстің табыс тұжырымдамасынан туындайтын ҰШЖ көрсеткіштерін есептеу әдіснамасына ЖІӨ-ден тауарлар запаста болатын кезеңде инфляцияның нәтижесінде тауар запасы құнының өсімі болып табылатын холдингтік табысты алып тастау талабы қойылды.

Үшіншіден, ҰШЖ құн құруда әр түрлі өндіріс факторларының рөлін тануға негізделеді. Еңбек құнының марксистік теориясымен салыстырғанда факторлар тұжырымдамасында жер мен капиталды еңбекпен бірге құнды құруға қатысатын факторлар ретінде қарастырылады. 1993 жылғы жаңа ҰШЖ-да өндіріс факторларына тікелей сілтеме жоқ және факторлық құн бойынша көрсеткіштерді бағалау көзделмеген. 1993 жылғы ҰШЖ-да факторлық табыс ұғымы факторлық табыс санатына мәні бойынша жақын, алайда кейбір айырмашылықтары да бар бастапқы табыс ұғымымен ауыстырылды. Сонымен бірге 1993 жылғы ҰШЖ-ның құрылымы қажет жағдайда факторлық құн бойынша көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, ҰШЖ барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерді институционалдық секторлар бойынша топтастырады. 1993 жылғы ҰШЖ келесі бес секторға бөлінеді:

қаржы емес корпорациялар мен квазикорпорациялар;

қаржы корпорациялары мен квазикорпорациялар;

мемлекеттік басқару;

үй шаруашылықтары;

үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

ҰШЖ-да институционалдық бірлік деп аталатын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер өздері экономикалық процесте жүзеге асыратын функциялардың өлшемдеріне және өндіріске жұмсалатын шығынды қаржыландыру әдісіне сәйкес осы сектордың біріне жатады. Мысалы, қаржы емес корпорациялар тауарлар мен қаржы емес қызметтерді өндірістің шығынын өтейтін және қалыпты пайданы қамтамасыз ететін баға бойынша оларды нарықта сату функциясын орындайды. Қаржы корпорациялары бос қаржы ресурстарын жинақтап және оларды белгіленген шарттармен инвесторларға береді, сөйтіп, қаржы корпорациялары ресурстарды үнемдейтін және осы ресурстарды инвестицияларды қаржыландыру үшін пайдаланатындардың арасында делдалдың рөлін атқарады.

Мемлекеттік басқару мекемесі әлеуметтік саясатты (мысалы, халықтың жекелеген топтарының табыс деңгейінде шамадан тыс айырмашылыққа жол бермеу, кедейшілікпен күрес) іске асыру мақсатында ұлттық табыс пен байлықты қайта бөлуді жүзеге асыру, сонымен бірге жалпы қоғамға (жалпы басқару, басқару, қорғаныс, ғылыми зерттеулер мен т.б.), сондай-ақ жекелеген тұлғалар мен халықтың топтарына (білім беру, денсаулық сақтау және т.б.) тегін қызмет көрсету функциясын орындайды.

Үй шаруашылықтары секторына кіретін бірліктер өндіріске қатысып, өзінің жұмыс күшін ұсынады және нарықтан тауарлар мен қызметтерді сатып алады; сонымен бірге үй шаруашылықтары ұсақ корпорацияланбаған кәсіпорындардың (ұсақ фермалар, отбасы мейрамханалары, дүкендер және т.б.) меншік иесі болып табылады. Осы кәсіпорындар тауарлар мен қызметтерді нарықта сату үшін, алайда кейде корпорацияланбаған кәсіпорындардың меншік иесі тұтыну үшін де шығарады. Корпорацияланбаған кәсіпорындардың қаржы нәтижесіне пайданың элементтері де, сондай-ақ еңбекақының элементтері де кіреді. Корпорацияланбаған кәсіпорындар үй шаруашылықтарының секторына әдейі енгізілген, өйткені іс жүзінде корпорацияланбаған кәсіпорындардың табысы мен шығысын олардың меншік иесінің табысы мен шығысынан жеке бөлектеу қиын.

Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың (қоғамдық, саяси, діни ұйымдар) функциясына осы ұйымдардың мүшелеріне тегін қызмет көрсету жатады.

Сөйтіп, шаруашылық жүргізушілердің орасан көп саны ҰШЖ-да бес біршама біркелкі топқа біріктірілген. Жоғарыда атап өтілген секторға енгізілген барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер осы елдің резиденті, яғни экономикалық мүдделері осы елдің экономикалық аумағында әжептәуір ұзақ уақыт бойы (бір жыл және одан көп) болатын бірлігі болып табылады. Резидент деген анықтама осы елдің экономикасын қалған әлемнің экономикасынан шектеу, бір жағынан, осы елдің резиденттерінің арасындағы экономикалық операцияларды шектеу, екінші жағынан, резиденттер мен бейрезиденттердің арасындағы операцияларды шектеу үшін қажет. ҰШЖ-ның барлық негізгі көрсеткіштері резиденттердің табысты өндірумен, бөлумен және қайта бөлумен, әр түрлі активтерді иеленумен байланысты қызметінің қатысында анықталған.

Барлық секторлар үшін ҰШЖ-да өндіріспен, табыс құрумен, оларды бөлумен және қайта бөлумен, жинақ ақшамен және қорланумен, сондай-ақ қаржы активтерін сатып алумен және қаржы міндеттемесін қабылдаумен байланысты экономикалық операциялар тіркелетін стандартты шоттар жиыны қарастырылады. Секторалдық шоттардағы ақпарат экономиканың жекелеген секторларының экономикалық және қаржы жағдайын, сондай-ақ экономикалық процестегі олардың арасындағы өзара байланыстарға талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ҰШЖ-да экономиканың салалары, яғни осындай қызмет түрлерімен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы (мысалы, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, құрылыс тауарлары мен т.б.) үшін неғұрлым маңызды шоттар (өндіріс шоты мен табысты құру шоты) жасалады.

ҰШЖ-ның көрсеткіштері ағымдағы нарықтық бағада есептеледі. Мысалы, өнімге салынатын барлық салықтарды (өнім субсидияларын қоспағанда) және сауда-көлік үстемесін қоса алғанда ЖІӨ сатып алушының бағасында есептеледі. Сонымен бірге ЖІӨ көрсеткіштері мен оны пайдалану құрамдастары, сондай-ақ қосылған құн көрсеткіштері нақты көлемнің индексын анықтау мақсатында тұрақты бағада (қайсыбір жылда базистік ретінде қабылданған бағада) есептеледі. Бөліп есеп айырысу әдісінде ЖІӨ құрамдастарын (еңбекақы, пайда және т.б.) баға элементі мен нақты көлем элементіне жай бөлу мүмкін болмағандықтан, олар тұрақты бағада есептелмейді.

Секторалдық шоттардағы, экономика салаларының шоттарындағы, жалпы экономиканың шоттарындағы ақпарат қорытындысында агрегат, яғни ең маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерді алуға мүмкіндік береді. Оларға:

- жалпы ішкі өнім (ЖІӨ);
- жалпыұлттық өнім (ЖҰӨ);
- жалпыұлттық иемденетін табыс (ЖҰИТ);
- түпкілікті тұтыну;
- жалпы қорланым;
- сыртқы сауда сальдосы;
- ұлттық жинақ ақша;
- таза кредиттеу мен таза қарыз алу;
- ұлттық байлық.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) осы елдің резиденттері сол немесе басқа кезеңде өндірген түпкілікті тауарлар мен қызметтердің құнын өлшейді.

Жалпыұлттық өнім (ЖҰӨ) деп осы елдің резиденттері осы елдің ЖІӨ-сін және әлемнің қалған елдерінің ЖІӨ-сін өндіруге қатысуымен байланысты алған бастапқы табыстың сомасын білдіреді. ЖҰӨ-нің құрамына еңбекақы, меншіктен алынатын табыс, өндіріс пен импортқа салынатын салықтар, жалпы пайда мен жалпы аралас табыс кіреді.

Жалпыұлттық иемденетін табыс (ЖҰИТ) деп осы елдің резиденттері (экономика секторлары) алатын жалпы иемденетін табыстың (ЖИТ) сомасы аталады. Экономика секторының ЖИТ-ы сектор алған бастапқы табыстың сальдосы плюс ағымдағы трансферттер минус төленген ағымдағы трансферттер сияқты есептеледі.

Түпкілікті тұтыну үй шаруашылықтарының, мемлекеттік басқару органдарының және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстарды қамтиды.

Жалпы қорланым ЖІӨ-ні пайдалану құрамдасы болып табылады; ол негізгі капиталдың жалпы қорланымын, материалдық айналым қаражатының өсімін және құндылықтарды таза сатып алуды қамтиды.

Ұлттық қорланым деп экономиканың барлық секторларының жинақ ақшасының сомасы аталады; экономика секторының жинақ ақшасы оның ЖИТ-ы мен түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстың арасындағы айырмаға тең болады.

Таза кредиттеу, таза қарыз алу деп осы елдің қалған әлемге уақытша берген немесе одан қайтарымдылық пен ақылы шартпен алған қаржы ресурстарының мөлшері аталады; таза кредиттеу, таза қарыз алу осы елдің резиденттері сол немесе басқа кезең ішінде сатып алған қаржы активтерінің айырмасы минус осы елдің резиденттері сол кезең ішінде қабылдаған қаржы активтері ретінде есептелуі мүмкін.

Ұлттық байлық сол немесе басқа күні осы елдің резиденттерінің меншігіндегі барлық қаржы емес активтердің нарықтық құны плюс қалған әлемге қойылатын таза талаптар аталады; таза талаптар деп осы елдің резиденттері ұстайтын шетелдік қаржы активтері мен сол күнгі бейрезиденттердің алдындағы міндеттемелер арасындағы айырма аталады.

Негізгі агрегаттардың арасындағы өзара байланыстар келесі схемада келтірілген.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)
Шет елден алынған бастапқы табыстың сальдосы
Жалпыұлттық өнім (ЖҮӨ) (А+Б)
Шет елден алынған ағымдағы трансферттердің сальдосы
Жалпыұлттық иемденетін табыс (ЖҮИТ) (В+Г)
Түпкілікті тұтыну
Ұлттық жинақ ақша (Д-Е)
Шет елден алынған күрделі трансферттердің сальдосы
Инвестицияларды қаржыландыратын жалпы көздер (Ж+З)
Таза қорланым
Жер және басқа да өндірілмеген материалдық активтерді сатып алу
Өндірілмеген материалдық активтерді (патент, лицензия және т.б.) сатып алу
Таза кредиттеу / таза қарыз алу (И-К-Л-М)

ҰШЖ-да экономикалық жіктеуіштер маңызды орын алады. Институционалдық секторлар мен экономика салалары бойынша атап өтілген жіктеуіштерге толықтыру ретінде Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуіші (МЖТЖ) және Мемлекеттік басқару органдарының функциялар бойынша шығыстарының жік-теуішін (МОФШЖ) атап өту қажет. Осы жіктеуіштерді қолдану түпкілікті тұтынуды терең талдауды қамтамасыз етеді.

<b>18.2.</b>	<b>ҰШЖ-ның негізгі шоттар жүйесі</b>

Шоттар ҰШЖ-ның маңызды элементі болып табылады. Олар институционалдық бірліктер, яғни кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, үй шаруашы-лықтары мен осы елдің резиденті болып табылатын басқалар жүзеге асыратын экономикалық операцияларды тіркеу үшін пайдаланылады; тіркелетін операциялар сондай-ақ осы елдің резиденттері мен қалған әлемнің резиденттері арасын-дағы операцияларды да қамтиды.

Шоттардағы жазулар әрбір жеке операцияға емес, экономикалық операциялардың тиісті топтарының жалпы қорытылған сандық сипаттамаларына қатысты. ҰШЖ-да экономикалық операциялар тауарлармен және қызметтермен жасалатын операциялар; табыспен жасалатын операциялар; қаржы құралдарымен жасалатын операциялар деп аталатын топтарға бөлінеді. Шоттардағы кейбір жазулар экономикалық операцияларды емес (екі немесе одан көп институционалдық бірліктің өзара ерікті түрде ықпалдасуы), төтенше жағдайлардың (өрттің, табиғи зілзаланың, соғыстың және т.б.) немесе инфляцияның нәтижесінде активтердің өзгеруін көрсетеді.

Шоттардағы кейбір жазулар – бұл экономикалық процестің әр түрлі аспектілерінің талдамалы жинақтап қорытылған көрсеткіштері. Осы көрсеткіштердің басым көпшілігі, мысалы, қосылған құн, жинақ ақша, бастапқы табыс баланстық әдіспен есептеледі, яғни ресурстағы жазулардың сомасы мен пайдаланудағы жазулар сомасының айырмасы ретінде есептеледі. Жоғарыда атап



өтілгендей, жалпы экономикаға қатысты аса маңызды көрсеткіштер, яғни жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс, ұлттық байлық агрегат деп аталады.

ҰШЖ шоттары өзінің нысаны бойынша бухгалтерлік есепшоттарға ұқсайды, олар Т тәрізді нысанда болады. Шоттарды баланстаудың екі әдісі қолданылады. Кейбір шоттар баланстаушы баптың көмегімен, яғни баланстық әдіспен балансталады. Баланстаушы бап кейін келесі шоттың бастапқы бабына айналады.

Басқа шоттар «анықтама бойынша» балансталады, яғни шоттың бірде-бір бабы баланстық жолмен анықталмайды, ал ресурстарға және пайдалануға жататын жазулардың арасында осы элементтердің анықтамаларының үйлесуіне орай тепе-теңдік орнатылғандықтан шоттың балансына қол жеткізіледі. Тауарлар мен қызметтер шоты «анықтама бойынша» балансталатын шотқа жатады. Ол ресурстардың, тауарлар мен қызметтердің тұтыну, қорлану және т.б. сияқты әр түрлі мақсаттарға пайдаланылатынын көрсетеді. Осы шотта баланстайтын бап жоқ, алайда егер баптар дәл белгіленсе, онда шот өзінен-өзі балансталады. Баланста қателіктің болуы (егер қателік болса), жекелеген баптардың көлемін белгілегенде қателікке жол берілгенін білдіреді.

ҰШЖ-ның шоттарында ресурстар және пайдалану (бухгалтерлік есептегідей дебет пен кредит емес) екі жағы болады. Әрбір шотта ресурстарға қатысты жазулардың сомасы пайдалануға қатысты жазулардың сомасына тең болады.

ҰШЖ-да шоттардың нақты жіктеуші қолданылады және шоттар келесідей топтарға бөлінеді:

экономика секторларына арналған шоттар;

экономика салаларына арналған шоттар;

жекелеген экономикалық операцияларға арналған шоттар;

жалпы экономикаға арналған шоттар (біріктірілген шоттар).

Экономикаға арналған шоттар:

ағымдағы шоттар;

қорлану шоттары;

активтер мен пассивтер балансы деп аталатын үш топқа бөлінеді.

Ағымдағы шотқа:

өндіріс шоты;

табысты құру шоты;

табысты бастапқы бөлу шоты;

табысты қайта бөлу (қайталама бөлу) шоты;

иемденетін табысты пайдалану шоты;

заттай нысандағы табысты қайта бөлу шоты;

нақтыланған иемденетін табысты пайдалану шоты;

Қорлану шотына:

капиталмен жасалатын операциялар шоты;

қаржы шоты;

активтер мен пассивтер көлеміндегі басқа өзгерістердің шоты;

активтер мен пассивтерді қайта бағалау шоты.

Активтер мен пассивтер шотына:

кезеңнің басындағы активтер мен пассивтердің балансы;

кезеңнің соңындағы активтер мен пассивтердің балансы кіреді.

ҰШЖ-да жоғарыда атап өтілген агрегаттармен қоса қоғамдық ұдайы өндірістің әр түрлі фазаларын талдауға пайдалануға болатын көрсеткіштердің көп ауқымы бар. Мәселен, өндіріс пен тауарлар және қызметтерді пайдалану фазасын, сондай-ақ табысты бөлуді талдау үшін ҰШЖ-да келесідей көрсеткіштер қарастырылған:

өнім шығарылымы (экономика секторлары мен салалары бойынша топ-тастыруда);

аралық тұтыну (экономика секторлары мен салалары бойынша);

қосылған құн (экономика секторлары мен салалары бойынша);

қосылған құн құрылымының еңбекақы, пайда, өндіріс салығы және т.б. сияқты оның негізгі элементтері бойынша (экономика секторлары мен салалары бойынша топтарда);

өндірілген өнімді тұтынуға, қорлану мен экспортқа түпкілікті пайдалану;

табысты бастапқы және қайталама бөлу (еңбекақы, пайда және аралас табыстар, өндіріс салығы мен импорт, меншіктен алынатын табыс және т.б.), ағымдағы трансферттер (табыс пен мүлік салығы, зейнетақы, жәрдемақы және т.б.).

Осы көрсеткіштер әр түрлі, алайда тауарлардың, қызметтер мен табыстардың ұдайы өндірісі процесінің өзара байланысты аспектілерін талдау үшін кең негізді қамтамасыз етеді. ҰШЖ

«экономиканың нақты» секторы деген терминді пайдаланбаса да, дегенмен оның деректері нақты экономиканың (осы санаттың әр түрлі өзгеруінің) жай-күйі мен дамуының әр түрлі аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, нақты экономика санатының неғұрлым жиі кездесетін бір анықтамасына сәйкес нақты экономика ЖІӨ-мен өлшенетін барлық тауарлар мен қызметтер өндірісі жөніндегі қызметті қамтиды. Осы анықтамада нақты экономикаға қаржы саласы, нақтырақ айтқанда, қаржы мекемелері мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарыз алумен және кредиттеумен, яғни қаржы активтерін сатып алумен және қаржы міндеттемелерін қабылдаумен байланысты қызметі қарама-қарсы тұр. Осы қаржы активтері мен міндеттемелері нақты активтерді, яғни ЖІӨ-ге кіретін тауарлар мен қызметтерді білдіреді. Шын мәнінде, тауарлар мен қызметтерді өндірумен байланысты кез келген операция қаржы құралдарымен операция жасауды білдіреді. Шаруашылық жүргізуші субъектілер, ең алдымен қаржы мекемелері осы операцияларды жүзеге асырып, экономиканың әр түрлі секторларының арасында уақытша бос қаржы ресурстарын қайта бөлудің күрделі процесін жүзеге асырады. Нәтижесінде сол немесе басқа сектордағы қаржы ресурсының артығы сол немесе басқа себеп бойынша нақты (қаржы емес) активтерге инвестицияларды қаржыландыруға пайдаланыла алмайды, ол экономиканың басқа секторларына қайтарымды және ақылы негізде беріледі. Осы қаржы ресурстарымен жасалатын қайта бөлу операциялары ЖІӨ-ні қозғамайды және жалпы отандық экономика үшін анықтама бойынша осы операциялардың сальдосы нөлге тең (егер басқа елдермен жасалатын операцияларды ескермесе), алайда қаржы мекемелерінің (банктердің, сақтандыру компанияларының және т.б.) делдалдық сипаттағы қызметтері ЖІӨ-ге кіреді. Осы қызметтер қаржы мекемелерінің жинақ ақшасы бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің уақытша бос ресурстарын тартып, оларды инвесторларға қайтарымды және ақылы негізде беретін делдалдық қызметі деп аталады.

Нақты экономиканы іс жүзінде тауарлар өндірісімен теңдестіретін анықтама да қолданылады.

ҰШЖ-ның жалпы құрылымын шоттар жүйесі арқылы ғана емес, сондай-ақ матрицалық нысанда көрсетуге болады.

<b>18.3.</b>	<b>Қазақстанда ҰШЖ-ға көшу</b>

1992 жылдың желтоқсанында еліміздің статистикалық практикасына ұлттық шоттар жүйесін енгізудің негізін қалаған Статистиканы, бастапқы және бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылданды. 1993 жылы республиканың орталық статистикалық органының құрылымында негізгі міндеті жаңа статистикалық есепті енгізу болып табылатын тиісті басқарма құрылды. Осы сәттен бастап ҰШЖ әдіснамасын игеру және оның негізгі шоттарын құру басталды.

Шот енгізудің бірінші кезеңінде жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерімен қоса, халық шаруашылығының балансын (ХШБ) – жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты есептеу жүзеге асырылды. Қатарлас есептеулер 1994 жылдың соңына дейін жалғасты.

ҰШЖ әдіснамасын игеру және тәжірибе жинақтау шамасына орай ЖІӨ-ні үш әдіспен есептеу дайындалды, ал 1990 жылдан бастап экономика салалары мен секторларындағы жүйелердің ағымдағы шоттары бойынша ретроспективтік есептеу жасалды. 1994 жылдан бері ЖІӨ жылдық деректердің негізінде маусымға кейін нақтыланып өндірістік әдіспен, ал 1995 жылдан кейін – түпкілікті пайдалану әдісімен тоқсан сайын есептеліп келеді. Табыс әдісі ЖІӨ-ні жылдық негізде баланстық қағиданы қолдана отырып есептеу үшін пайдаланылады. 1994 жылдан бері ҰШЖ-ның қысқа схемасы бойынша салааралық баланс қалыптастырылады, ал 1995 жылдан бастап жалпы өнірлік өнім (ЖӨӨ) ұдайы есептеледі. 1996 жылы ҰШЖ-93 әдіснамасын пайдаланудың дұрыстығын растаған Әлемдік Банк грантының ауқымында халықаралық сараптау жүргізілді.

Қазіргі уақытта республиканың Ұлттық шоттарына:

- тауарлар мен қызметтер шоты;
- өндіріс шоты;
- табысты құру шоты;
- табысты бастапқы бөлу шоты;
- табысты қайталама бөлу шоты;
- табысты қайта бөлу шоты;

табысты пайдалану шоты;  
 нақтыланған табысты пайдалану шоты;  
 капиталмен жасалатын операциялар шоты;  
 қаржы шоты;  
 «қалған әлемнің» шоты (1993 жылдан бастап).

Енгізу барысында ақпараттық базаның ҰШЖ-ның талаптарына сәйкессіздігімен, сондай-ақ макроқорсеткіштерді қалыптастырудың әдіснамалық қағидаларын толық қараумен байланысты проблемалар туындады. Статистика жүйесін реформалау барысында статистиканың сыртқы экономикалық қызмет, төлем балансы, үй шаруашылығы статистикасы сияқты мүлдем жаңа салалары құрылғанымен, қазіргі сәттегі ақпараттық база толық кіріктірілген және өзара байланысты шоттар жүйесін құру үшін әлі де жеткіліксіз.

<b>18.4.</b>	<b>ҰШЖ негізінде қоғамдық ұдайы өндірісті зерттеу</b>

Ұлттық шоттар жүйесі – қоғамдық ұдайы өндіріс процестерін талдаудың тиімді құралы. Мемлекеттік басқару органдары да, сондай-ақ бизнес өкілдері де экономикалық шешім қабылдағанда ҰШЖ деректерін талдаудың маңызды бағытына:

ұлттық өнімнің, ұлттық табыстың ұдайы өндірісінің қарқынын анықтау және осының негізінде экономикалық өсудің қарқынын межелеу, сондай-ақ осы процестердің сипатын анықтайтын факторлардың (жұмыспен қамту, қормен жарақтандырылу, энергиямен жарақтандырылу және т.б.) рөлін айқындау;

экономиканың салалық құрылымын және оның уақытқа байланысты өзгеруін, сондай-ақ осы динамиканың факторларын (салалардағы еңбек өнімділігінің өсу қарқынындағы айырмашылықтар, баға динамикасының біркелкі болмауы және т.б.) анықтау;

ЖІӨ бөлінетін табыстың негізгі нысандарының арасындағы пропорцияларды анықтау;

түпкілікті тұтыну мен қорланудың арасындағы пропорцияларды, сондай-ақ инвестициялардың динамикасына ықпал ететін факторларды анықтау;

инвестицияларды қаржылдандыратын негізгі көз ретінде ұлттық жинақ ақшаны және осы көздің ұйғарылған инвестицияларды қаржыландыру үшін жеткіліктілік дәрежесін талдау;

жалпы экономиканы да, сондай-ақ оның жекелеген секторларын қарыз алу/кредиттеудің мөлшерін анықтау;

халықтың нақты табысы мен тұтынуының деңгейін және динамикасын зерттеу;

ел экономикасына сыртқы экономикалық байланыстардың және ең алдымен – тауарлар мен қызметтердің сыртқы саудасының ықпалын анықтау;

инфляциялық процестердің экономикаға және әр түрлі макроэкономикалық ауыспалыларға жасайтын ықпалын талдау жатады.

ҰШЖ-ның негізінде экономика қарқынының, пропорциялары мен құрылымының көрсеткіштері әдіснаманың ерекшеліктеріне байланысты басқа есептердің негізінде алынған осындай көрсеткіштерден айырмашылығы болса да, олар ұлттық қоғамдық ұдайы өндіріс өзгерістерінің бағасын айтарлықтай өзгертеді. ҰШЖ деректері экономикалық статистиканың басқа, салалас тарауларының ақпаратымен бірге ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы қазақстандық экономиканың ұдайы өндірістік пропорцияларындағы ең елеулі өзгерістерді талдау үшін пайдаланылады.

**Жалпы қосылған құн** салалар деңгейінде тауарлар мен қызметтер шығарылымы мен аралық тұтынудың арасындағы айырма ретінде есептеледі. «Жалпы» деген ұғым көрсеткішке өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капитал құны кіретінін көрсетеді. **Өнім салығына** мөлшері өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің құнына тікелей байланысты салықтар кіреді. Өнім салығына қосылған құн салығы, акциз, отын салығы және т.б. жатады. Импортқа салынатын салық – бұл импортталатын тауарлар мен қызметтерге салынатын салық.

**Субсидиялар** – Мемлекеттік бюджеттен белгілі бір тауарлар мен қызметтердің түрін өндірген кәсіпорындарға төленетін өтелмейтін төлемдер.

**Жалпы ішкі өнім** өндіріс сатысында салалардың жалпы қосылған құнын қосу арқылы алынады. Жалпы ішкі өнім нарықтық баға бойынша есептеледі, яғни оған өнім мен импортқа салынатын таза салық кіреді. «Таза» деген термин салықтардың тиісті субсидиялар шегеріліп

көрсетілгенін білдіреді. Бұл – еліміздің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіші.

Реформалардың алғашқы жылдарында жалдамалы қызметкерлер еңбекақысының ЖІӨ-дегі үлесі (көлеңкелі қызметпен байланысты толықтай есептеусіз) халықтың ұсақ жеке кәсіпкерлікке (шаруа қожалықтары, ұсақ саудагерлер, жеке қызметпен айналысатын дәрігерлер, оқытушылар және т.б.) көшу процесімен де, сондай-ақ экономикада жұмыс істейтіндер санының кемуімен және жалдамалы қызметкерлер еңбекақысының тарифтік ставкаларының экономикадағы бағалар өсуінің жалпы қарқынынан көп артта қалуымен байланысты төмендеді. Аталмыш үлес 2007 жылы біраз төмендеп (31,5%-ға дейін), қазіргі уақытта 34-35% деңгейінде тұрақтады.

**Түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстар** үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға жұмсаған шығысынан, мемлекеттік мекемелердің жеке тауарлар мен қызметтерді түпкілікті тұтынуға жұмсаған шығысынан, сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтынуға жұмсайтын шығысынан құралады.

Мұның өзінде жеке қызметтер (денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет пен өнер) көрсететін мекемелер мен ұжымдық қызметтер (басқару, ғылым, қорғаныс) көрсететін мекемелердің арасында мемлекеттік басқарудың түпкілікті тұтынуға жұмсайтын шығыстарының пропорциялары ай-тарлықтай өзгерді. Егер 2003 жылы жеке қызметтерге жұмсалатын шығыстың үлесі (мемлекеттік басқару секторының ауқымында) мемлекеттік басқарудың түпкілікті тұтынуға жұмсаған бүкіл шығысының 1/3-іне жуығын құраса, 2007 жылы – 45%-ға жуықты құрады.

Қадағаланбайтын көлеңкелі экономиканы есептеу әдістері оның көлемін шамалап қана анықтауға мүмкіндік береді, сондықтан толық есептеу енгізілген деректерді, атап айтқанда, еңбекақының жасырын бағасын абайлап пайдалану қажет. 1990 жылдардың соңында 2000 жылдардың басында жалпы табыс пен аралас табыстың жиынтығы ретіндегі атаулы табыстың динамикасымен салыстырғанда еңбекақының атаулы өсу процесінің байқалғанын атап өткен жөн.

ҰШЖ әдіснамасы ауқымында қадағаланатын экономиканың бағасы (көлеңкелі және ЖІӨ-де ресми түрде есепке алынбайтын қызметтің үлесі ширекке жуықты құрады) көптеген жылдар бойы экономиканың көлеңкелі секторы қызметінің біршама қысқармағанын және оның жалпы экономикалық ахуалға келеңсіз әсер еткенін, салықтардың толықтай жиналмай, еліміздің бюджетінің табыс бөлігінің кемуіне әкеп соқтырғанын растайды. Ал осы жағдай билік органдарына ақшалай қаражатты экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру мақсатына жұмсау үшін оны бөліп, жинақтау мүмкіндігіне нұқсан келтірді.

Салааралық баланстың деректері бойынша сатып алушылар бағасының пайда болу заңдылықтарын талдау көлік тарифтері мен сауда үстемесі сияқты факторлармен салыстырғанда салықтардың өнімнің қымбаттауына соншалықты көп әсер ете қоймағанын көрсетті. Мәселен, өнеркәсіп тауарларының нарықтық бағасының 69%-ын өндірушілер, 25%-ын сауда делдалдары мен көлікпен тасымалдаушылар және 6%-ын мемлекеттік таза салықтар қалыптастырады.

ЖІӨ-ге қатынасты сипаттайтын бюджет тапшылығы (профицит), салық түсімдері (жиналған салықтардың), мемлекеттік борышқа қызмет көрсету сияқты көрсеткіштер маңызды рөл атқарады.

Көрсетілген көрсеткіштер экономикалық процестің маңызды қаржы аспектілерімен байланысты; олар бойынша үкімет салық жүйесі, валюта бағамы мен сырттан қарыз алу жөнінде нақты шешім қабылдауы тиіс.

ЖІӨ көлеміндегі мемлекеттік шығыс үлесі көрсеткіштерінің талдамалы жүктемесі көп. Атап айтқанда, осы көрсеткіш экономикалық өсудің мемлекеттік шығысқа тәуелділігін эмпирикалық талдауда пайдаланады.

Әлемдік практика ЖІӨ-де мемлекеттік шығыстың үлесі көп елдер осы елдер-ді шектейтін елдерге қарағанда анағұрлым баяу дамитынын көрсетеді. Басқару-мен қатар мемлекеттік мұқтаждарға тым көп ресурс жұмсалғандықтан елдер баяу дамып келе жатыр ма әлде экономикалық өсу қарқынының төмендеуіне байланысты мемлекеттік шығыстың үлесі артып отыр ма, осының себебі мен салдарын анықтау қиын.

Мемлекеттік шығыстың үлесі ЖІӨ-нің 1/3 және 2/3 аралығында болған жағдайда экономикалық динамикамен ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесі арасындағы тәуелділік (тікелей немесе кері) байқалмайды. Көрсетілген жағдайда экономикалық өсуге мемлекеттік шығыстың бөлінуі, ақша түсімінің мөлшері мен бағытталуы, инвестициялаудың келешегі, халықтың және шетелдік инвестрлардың мемлекет жүргізетін экономикалық саясатқа артатын сенімі көп әсер етуі мүмкін. Қазақстанда ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесі көрсетілген шектерден аспайды.

Ұлттық шоттар жүйесі экономикалық статистиканың салалас тарауларымен қоса мемлекеттік басқару органдарын экономикалық саясат қалыптастыру үшін кешенді ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік басқару органдары бюджет (қазынашылық), монетарлық және әлеуметтік саясат саласында қабылдайтын шешімдер мен оларды іске асыруға қатысты әзірленетін нақты іс-шаралар экономикалық құралдардың кең ауқымына, ең алдымен салық салу жүйесіне, отандық және шетелдік инвестицияларды ынталандыру механизміне, теңгенің бағамын қолдауға және т.б. сүйенеді. Осы мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін ұлттық шоттар жүйесі ауқымында әзірленетін тиісті ақпаратты тартып, оны талдау қажет. Мысалы, ұлттық бюджетті әзірлеу барысында ұлттық шоттар жүйесі мен экономикалық статистиканың салалас тарауларының негізінде анықталатын ЖІӨ мен оның өсу қарқыны, баға индексі мен ақша массасының динамикасы, валюта бағамы мен т.б. сияқты кейбір макроэкономикалық ауыспалылар маңызды индикатор болып табылады.

Бюджеттік ресурстарды әр түрлі әлеуметтік бағдарламаларға пайдалануға қатысты шешім қабылдағанда ҰШЖ-ның халықтың нақты табысы, үй шаруашылықтарының тұтынылуы, үй шаруашылықтарына төленген әлеуметтік трансферттер және т.б. сияқты көрсеткіштері зерттеледі. Шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі нақты басқарушылық шешімдер де ҰШЖ мен төлем балансының шетелдік инвестициялардың көлемі, динамикасы мен табыстылығы жөніндегі ақпараттық базасына сүйенеді.

Сөйтіп, экономиканы басқару мәселесіне қатысты қабылданатын шешімдерді, сондай-ақ кәсіпкерлік құрылымдар қабылдайтын шаруашылық шешімдерді негіздеу үшін ҰШЖ мен экономикалық статистиканың салалас тарауларының ауқымындағы көрсеткіштерді талдау қажет.

## ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*ҰШЖ агрегаттары*

*Экономикалық өндірістің шекаралары*

*ҰШЖ-ның институционалдық секторлары*

*ҰШЖ-ның қағидалары*

*ҰШЖ-ның негізгі шоттар жүйесі*

## 19-ТАРАУ. АШЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДСҰ-ҒА ҚОСЫЛУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

19.1.	Ашық экономиканың негізгі белгілері мен нысандары
-------	---------------------------------------------------

Қазақстанның ұлттық экономикалық жүйесінің үлгісін қалыптастыруда сыртқы экономикалық қатынастардың тиімді жүйесін құрып, оны дамыту маңызды бағыттың бірі болып табылады. КСРО мен басқа да социалистік мемлекеттердің экономикасы әлемдік экономиканың қалған бөлігінен біршама дербес әжептәуір тұйық экономикалық жүйе болды. Сыртқы нарықтарға КСРО Сыртқы сауда министрлігінің (КСРО ССМ) немесе КСРО Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (КСРО ЭБМК) жүйесіне кіретін арнайы мамандандырылған сыртқы сауда ұйымдарының аз саны шығуға құқылы болды. Әлемдік нарықтарда сату талаптарының өзгеруі өндірістік кәсіпорындардың қызметіне тікелей әсер етпеді. Теорияда еңбекті халықаралық бөлу өндірістің тиімділігін арттыратын фактор ретінде қарастырылса да, іс жүзінде автаркиялық (томаға-тұйықтық) түсінік өктемдік етті. Адамдардың сана-сезімінде импорт жетіспейтін тауарларды алу құралы, ал экспорт валюта алу үшін әдейі жасалатын «зұлымдық» әрекет деген ой қалыптасты.

Кеңес экономикасының жабық болуынан бірқатар құбылыстар мен ерекшеліктер етек жайды, елде әлемдік жүйеден қатты ерекшеленетін бағалар жүйесі қолданылды; рубль айырбасталатын валютаға жатпады; кәсіпорындар әлемдік нарықпен тікелей байланыс жасамағандықтан, онда жұмыс істеу тәжірибесі де болмады.

Нарықтық қайта құру аясында Қазақстанда еліміздің сыртқы экономикалық байланыстар жүйесі түбегейлі өзгерді. Бұрынғы жабық экономика «ашылып», экономика әлемдік шаруашылықтар жүйесіне нақты интеграцияланып, сыртқы эконо-микалық қызметтің барлық нысандары ырықтандырылды. Осының арқасында отандық экономиканың әлемдік шаруашылықпен өзара ықпалдасу жағдайлары түбегейлі өзгерді, егер бұрын экономиканың біршама жабықтығы елдің халық шаруашылығына сыртқы факторлардың, атап айтқанда әлемдік экономикалық дағдарыстар мен жағымсыз жағдаяттың ықпалы шектеулі шамада ғана әсер етсе, енді ашық экономикаға көшкенде халық шаруашылығының дамуы халықаралық тауар және қаржы нарықтарында қалыптасатын жағдайға, әлемдік аренадағы саяси жағдайларға тәуелді болды. Қазақстан сыртқы әлем үшін «ашық» болған жағдайда ұлттық өндіріс сыртқы нарықтарда ғана емес, сонымен бірге өзінің ішкі нарықтарында шетелдік бәсекелестермен жарыса бастады.

Ұлттық экономикалық жүйенің ерекше жай-күйі ретінде ашық экономиканың бірқатар белгілері мен қасиеттері бар. Макродеңгейде осы белгілер мен қасиеттерге:

әлемдік шаруашылықпен алмасу елдің ішіндегі өнімнің тапшылығынан немесе артық болуынан емес өндіріс шығыны мен тауар сапасының салыстырмалы шығынының негізінде орын алатын елдің тұрақты сыртқы экономикалық мамандануы;

негізгі тауарлардың ұлттық және әлемдік бағалары пропорцияларының салыстырмалылығы;

еңбекті, инвестицияларды халықаралық бөлуге, қаржы нарықтарына, сондай-ақ макроэкономикалық қызметтің өзге де нысандарына қатысу;

ұлттық валютаның халықаралық ауыстырылымы жатады.

Микродеңгейде:

барлық нысандағы кәсіпорындардың тауарлардың, қызметтер мен капиталдың сыртқы нарықтарына шығуы;

барлық экономикалық субъектілердің шаруашылық операциялар жүргізгенде отандық және шетелдік әріптестер мен нарықтарды таңдау еркіндігі;

сыртқы экономикалық қызметті кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналдыру жатады.

Мемлекеттің қызметінде:

отандық өндірушілерді оралымды қорғай отырып, ішкі нарықты шетелдік бәсекелестік үшін ашу;

шетел капиталының шаруашылықпен айналысуы үшін оны құқықтық және экономикалық кепілдіктермен қамтамасыз ету;

қазақстандық заңнаманың әлемнің дамыған елдерінің экономика саласындағы заңнамасымен жақындасуы, Қазақстанның халықаралық шарттық міндеттемелерінің ішкі құқық нормаларынан басымдығы;

әлемдік практикада сыртқы экономикалық байланыстарды реттеудің жалпы қабылданған құралдар мен әдістер кешенін қолдану;

Қазақстанның аса маңызды халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы;

отандық экспорттаушыларды сыртқы нарықтарда қолдау жатады.

Әлемнің бірде-бір елінің экономикасы ұлттық шекаралар арқылы (ішке де, сыртқа да) тауарлар, еңбек пен капитал ешқандай шектеусіз қозғалатындай ашық болмайды. Нарықтық шаруашылық жүргізетін шет елдердің үкіметтері өзінің сыртқы экономикалық айналымын әр түрлі, сондай-ақ әкімшілік шаралармен реттейді. Мұның өзінде экономика ашық болған жағдайда ұлттық экономикалық мүдделерге басымдық беріледі. Экономиканың ашықтық сипатының өсуін немесе кемуін өлшейтін өлшем ретінде көбінесе сыртқы сауда айналымының ЖІӨ-ге қатысты икемділік коэффициенті пайдаланылады. Импорттың ЖІӨ-ге қатысты икемділік коэффициенті осы елдің ЖІӨ-сі 1%-ға ұлғайған жағдайда импорттың қаншалықты өсетінін көрсетеді.

Экспорттың икемділік коэффициенті осы өнімді импорттайтын мемлекеттердің ЖІӨ-сі ұлғайғанда экспорттың қаншалықты өсетінін көрсетеді. Осы коэффициенттердің ұлғаюы немесе кемуі экономика «ашықтығының» тиісінше ұлғаюын немесе кемуін (өзге жағдайлар өзгермегенде) байқатады.

Үлкен ашық экономика және шағын ашық экономиканы қарастырайық.

Үлкен ашық экономика – бұл өзінің ауқымы, еңбекті халықаралық бөлуге нақты қатысуының, әлемдік тауар, капитал мен қызмет нарықтарындағы ықпал ету дәрежесінің, сондай-ақ ұлттық экономикалық және ресурстық әлеуетінің арқасында әлемдік экономикалық параметрлердің, яғни инфляция мен әлемдік бағалардың деңгейіне, аса маңызды тауар топтарының сұранысы мен ұсынысының динамикасына; әлемдік қаржы нарықтарының жай-күйіне, сондай-ақ пайыз ставкасының қозғалысына; сыртқы экономикалық байланыстарды реттейтін халықаралық нормалар мен ережелердің анықтамасы саласындағы саясаттың қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Үлкен ашық экономика қалыптасқан мемлекеттер (мысалы, АҚШ, Жапония, Германия) халықаралық нарықтың жай-күйі мен әлемдік пайыз ставкасының деңгейіне қатты ықпал етеді. Шағын ашық экономика – бұл әлемдік нарық процесі мен әлемдік пайыз ставкасының қозғалысына айтарлықтай ықпал етпейтін экономика. Әдетте, осы экономикалар әлемдік нарықтарда үлкен экономикалардың қатынастарында қалыптасатын процестердің ықпалымен дамиды. Қазақстандық экономиканың ықтимал әлеуетінің, ресурстық, индустриялық және интеллектуалдық әлеуетінің болуының арқасында еліміздің шағын ашық экономиканы қалыптастыру мүмкіндігі бар.

<b>19.2.</b>	<b>Ашық экономиканы қалыптастырудың негізгі проблемасы</b>
--------------	------------------------------------------------------------

Қазақстанның ашық ұлттық экономикасын қалыптастыру оның дамуының мүмкіндіктерімен байланысты. Олардың арасынан:

экономикалық өсу мен құрылымдық қайта құрудың өскелең факторы ретінде сыртқы экономикалық байланыстардың рөлін күшейту;

Қазақстанның еңбекті халықаралық бөлуге қатысуын кеңейту;

ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

Қазақстанның әлемдік шаруашылықпен өзара ықпалдасу үлгісін өзгерту;

еліміздің жаңа сыртқы экономикалық мамандануының базасында дәстүрлі тауар айналымынан ынтымақтастықтың жоғары нысанына; капиталдардың тоқайласуына; ғылыми-техникалық кооперацияға, өндірістік интеграцияға көшу;

ұлттық өндіріс факторларының трансшекаралық ұтқырлығын арттыру; нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуын жеделдетуді атап өту қажет.

Реформалардың бастапқы кезеңінде экономиканың ашықтығы деп «талықсытпалы ем» элементі ретінде сыртқы экономикалық қызметті жылдам ырықтандыру қарастырылды. Қазақстан экономикасының өндірістік инфрақұрылымы әлемдік нарық арқылы алдыңғы қатарлы өндірістік-техникалық кешендермен байланысты болмауына, елде өңдеу өнеркәсібінің (әсіресе жоғары

технологиялық өндірістердің) тиімділігі жоғары экспорттық салалардың жеткіліксіз болуына, ал экспорттық салалардың өніміне шығынның көп жұмсалуына байланысты, қайта құрудың тәжірибесі көрсеткендей, экономиканың ашықтығын осылай түсіну келенсіз салдарға әкеп соқтырды. Осының нәтижесінде экспортқа негізінен шикізат пен отын шығарылып, Батыстың дамыған елдеріне технологиялық тәуелділік сақталып отыр.

Ашық экономикаға көшудің жалпыәлемдік практикасы ең алдымен ішкі және сыртқы әлемдік нарықтардың арасында тауарлардың, капитал мен жұмыс күшінің жолындағы бөгеуілдерді азайту қажет екенін көрсетеді. Әрине, бүгінгі күні бірде-бір мемлекет сыртқы экономикалық шектеулерді толықтай жойған жоқ. Барлық елдерде сыртқы сауда-саттықты, валюталық реттеудің жұмыс күшінің көші-қоны жолындағы шектеулерде тарифтік және тарифтік емес реттеудің белгіленген нысандары сақталған. Дегенмен, Батыстың дамыған елдері соғыстан кейінгі жылдары интернационалдандырудың объективтік процесінің ықпалымен, әсіресе сауда және капитал қозғалысы саласындағы сыртқы экономикалық бөгеуілдерді алып тастау жөнінде маңызды қадам жасады. Батыс Еуропада, сондай-ақ АҚШ пен Жапонияда интеграциялық процесс айтарлықтай дамып, соңғы жылдары экономиканың ашықтығы да айтарлықтай ұлғайды.

Ашық экономиканы қалыптастырудағы негізгі проблема – ұлттық эконо-миканың мүдделерін сақтай отырып экономиканы ішкі және сыртқы ырық-тандыруды сәйкестендіру. Қазақстандағы және бірқатар басқа өтпелі экономи-калардағы экономикалық қайта құру ел ішіндегі нарыққа нақты жылжудан емес экономиканы «ашудан» басталады. Сыртқы саладағы ырықтандыру ішкі саламен салыстырғанда жедел қарқынмен жүрді.

Нәтижесінде ішкі нарықтың молығуына (ең алдымен тұтыну нарығының), халық шаруашылығының бұрынғы құрылымының бірқатар теңгерімсіздігі же-ңілдетілсе де, сыртқы нарықпен салыстырғанда Қазақстанның нарығы тым ашық болды. Экспорт пен импортты ырықтандыру, елден капиталды шығару инвестициялар мен қосымша жұмыс орнын құруға ықпал етпеді.

Ұлттық экономиканың жаңа институттары негізінен құрылып болған қайта құрудың қазіргі кезеңінде Қазақстанда қалыптасқан жағдайға орай ашық экономика құру үшін келесі қағидаларды іске асыру қажет:

біріншіден, ашық экономиканы қалыптастыру үшін құрылымды қайта құру қажет;

екіншіден, ашық үлгідегі нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін мемлекет ел ішінде ғана емес, сонымен бірге сыртқы экономикалық қызметте де ұлттық экономикалық мүддені қорғауда белсенді рөл атқаруы тиіс;

үшіншіден, еліміздің экономикасы ашық болу үшін Қазақстан халықаралық аренада өзінің лайықты орнын табуы, бұл үшін еліміз бәсекелік артықшылыққа ие болуы тиіс.

Ғаламдану мен өңірлердің интеграциялануы, нарықтардың ашықтығы дәрежесінің артуы тауарлар мен қызметтерді ұлттық өндірушілерге қойылатын талаптарды одан сайын арттырады. Интеграциялық процестердің дамуы нәтижесінде әлемдік шаруашылықта қуатты өңірлік экономикалық бірлестіктер қалыптасуда. Қазақстан халықаралық экономикалық ұйымдар жүйесіне, әсіресе ДСҰ-ға кіруге ниет білдіреді.

Осының барлығы Қазақстанның үлкен ашық экономикаға көшу жолындағы пәрменді нақты қадамдарын пысықтау үшін мемлекет жауапкершілігінің дәрежесін айтарлықтай арттырады.

Осы жағдайда Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының аса маңызды стратегиялық мақсаттарына мыналар жатады:

отандық кәсіпорындардың әлемдік машиналар мен жабдықтар, технологиялар мен ақпарат нарықтарына, минералдық-шикізат ресурстарына, көлік коммуникацияларына қол жеткізуін қамтамасыз ету. Осы орайда трансұлттық корпорациялар бақылайтын немесе шетелдік мемлекеттер мен олардың одақтарының қолдамаздық бөгеуілдері қорғайтын нарықтарға қазақстандық кәсіпорындардың өнімін жылжытуда саяси, қаржылық, ақпараттық қолдау көрсетудің маңызы артып отыр.

шет елдермен және олардың сауда-экономикалық топтарымен, ұйымдармен және одақтармен жасалатын қатынастарда қолайлы сауда-саяси режимге қол жеткізу, орын алған кемсітушілік шектеулерді алып тастау;

кредитор-елдермен, халықаралық ұйымдармен және Қазақстанның борышкерлерімен өзара қарым-қатынастағы валюталық-қаржы проблемаларын ұзақ мерзім бойы реттеу;

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық мүдделерін тиімді қорғау жүйесін қалыптастыру (валюталық, экспорттық, кедендік бақылау мен т.б.);



Қалыптасқан жағдайда және жаңа геосаяси ахуалда Қазақстанның қазіргі кезеңдегі сыртқы экономикалық саясаты келесі бірінші кезектегі міндеттерді шешуге бағытталады:

халық шаруашылығын жаңғырту мен шиеленіскен әлеуметтік проблемаларды шешу үшін валюта түсімінің негізі ретінде шикізат тауарлары экспортының тиімділігін арттыру;

белсенді инвестициялық саясатқа және өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін қайта құруға көшу, шетелдік коммерциялық банкердің ком-мерциялық кредиттері мен ұзақ мерзімді сыртқы міндеттемелері бойынша төлем төлеу қабілетінің тиісті деңгейін қолдау;

экономиканың құрылымын қайта құру, экспорттық мүмкіндіктерді дамыту үшін елімізге қосымша инвестициялық ресурстарды тарту;

өңдеу, әсіресе жоғары технологиялық өндірістер өнімі экспортының ықтимал нарықтарында қазақстандық экономикалық мүддені белсенді сауда-саяси қолдауды жүзеге асыру;

машина жасау мен агроөнеркәсіп кешенінде қайта құрылып жатқан импорт алмастыратын өндірістерге қатысты қалыпты қолдампаздықты қамтамасыз ету. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ашық экономикаға барар жолда сыртқы экономикалық қызмет тиімді болу үшін ғылымды көп қажетсінетін экспорттық әлеуетті дамытып, ұлттық экспорттаушыларға жан-жақты қолдау көрсету керек.

Ғаламдану жағдайында әлемдік экономика мен саудада елдердің жағдайы олардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Экспорт мен импорттың көлемі, әрбір нақты елдің сауда және төлем балансы салалар мен фирмалардың бәсекеге қабілеттілік деңгейіне байланысты қалыптасады.

Мемлекеттің ең маңызды міндетінің бірі – бәсекеге қабілеттілікті тиісті деңгейде қолдауға ықпал ететін орта құру. Осы орайда жиынтық сұраныстың, инвестициялық және инновациялық белсенділіктің өсуі, ғылыми-техникалық әлеуетті, іргелі және қолданбалы ғылымды, зерттеулер мен әзірлемелерді, сондай-ақ білім беру мен инновациялық қызметті қаржыландыруды кеңейту қолайлы фактор болып табылады.

Қазақстанның ұлттық экономикасының ерекшелігіне орай еліміз табиғи-ресурстық және ғылыми-техникалық әлеуетке негізделетін халықаралық мамандануды қалыптастыруы тиіс. Осыған байланысты еліміздің сыртқы сауда айналымының құрылымын, әсіресе экспорттың құрылымы жоғары технологиялық салалардың, машина жасау мен терең өңделген тауарлардың үлесін арттыру бағытында түбегейлі қайта құруды жүзеге асыру қажет.

19.3.	<b>Халықаралық экономикалық байланыстардың даму бағыты</b>

Тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасы, өндіріс саласындағы халықаралық кооперациялық байланыстар; атап айтқанда, капиталдың жалпы қозғалысы мен тікелей шетелдік инвестициялардың қозғалысы; жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны; ғылым мен техника саласындағы алмасу; валюталық-қаржы және кредиттік қатынастар халықаралық экономикалық байланыстың негізгі бағыты мен нысаны болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықта осыған сәйкес бір-бірімен тығыз ықпалдаса отырып:

тауарлар мен қызметтердің;

капиталдың;

жұмыс күшінің әлемдік нарықтары жұмыс істейді.

Олардың барлығы бірге әлемдік шаруашылық ауқымында ұлттық экономикалардың арасында қалыптасатын сату-сатып алу қатынастарын қамтитын біртұтас әлемдік нарықты құрайды. Осы қатынастарға немесе алмасуға ұлттық шекаралар арқылы өндіріс факторларының қозғалысы да кіреді. Каналдары бойынша сыртқы экономикалық байланыстардың өзге нысандарының ауқымында операциялардың негізгі көлемі өтетін халықаралық сауда халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі нысаны болып табылады. «Дәстүрлі» тауар айналымнан басқа алмасу ортасына әр түрлі қызметтер де түседі. Халықаралық сауда елдер арасында тауарлар мен қызметтердің алмасуы жөніндегі әдістердің, нысандар мен құралдардың күрделі кешенін пайдаланады.

Тұтыну нарығы тауарлармен, ал өндірістік сала – техникамен және технологиялармен молығу шамасына орай тұтынушылық, сондай-ақ өндірістік тағайындалыстағы, сонымен бірге ғылыми-технологиялық және құрылыс-жөндеу сипатындағы қызметтерге сұраныс артып келеді. Қызметтер нарығында жүзеге асырылатын алмасу түрленіп келеді және оған лицензиялар мен патенттер, ноу-

хау, инженерлік-консультациялық және көлік қызметтері мен т.б. кіреді. Әлемде ғылыми-техникалық прогрестің дамуына және өндірістік мамандану мен кооперацияның жетілдірілуіне байланысты, қазіргі заманғы қызметтердің жекелеген түрлері халықаралық экономикалық қатынастардың дербес нысанына айналып келеді.

Кеңес Одағының ыдырауының салдарынан қазақстандық сыртқы сауданың географиялық бағыты мен құрылымы өзгерді. Бұған ел аумағының өзгеруі мен көлік инфрақұрылымының нашарлауы себеп болды. Осының нәтижесінде тауарлардың бағасындағы көлік құрамдасы күрт өсіп, еліміз көптеген дәстүрлі Шығыс Еуропаның дамушы мемлекеттері мен елдерінің қатарынан өнім өткізетін нарықтары мен көп жылғы әріптестерін жоғалтты. Сондай-ақ жаңа нарықтарда, ең алдымен дамыған батыс мемлекеттерінің нарықтарында даяр өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігінен осы ысырапты импорт ұлғайған жағдайда отын-шикізат тауарларын, жартылай өңделген өнімдер мен бастапқы өңдеу сатысындағы бұйымдарды шығаруды көбейтуге мәжбүр болды.

ТМД елдерімен жасалатын сыртқы сауда айналымының үлесі, әсіресе осы елдердің Қазақстаннан импорты есебінен төмендеп келеді.

Мұның өзінде бүкіл қазақстандық сыртқы сауда айналымының 64%-дан астамы Қазақстанның негізгі сауда әріптесіне айналған ЕО елдерінің үлесіне тиесілі. Осы елдердің ішінен ГФР, Италия, Нидерланды біздің елмен сауда жасасуда көш бастап келе жатыр. Соңғы уақытта Қазақстан мен АҚШ-тың сауда-экономикалық қатынастарының көлемі артып келеді. Батыс елдерімен қоса Қазақстан

Беларусь Республикасы және Украинамен сыртқы сауда жасасады.

Қазақстанның сауда балансының оң сальдосына негізінен келесі факторлар:

а) отын-шикізат тауарларының, металдың, жартылай өңделген өнімдердің нақты көлемінің артуы және біздің экспортымыздың құрылымында осы тауар топтарының өзіндік жоғары салмағының сақталуы;

ә) импорт құрылымының қысқарып, негізінен машина мен жабдық жеткізілуі себеп болды.

Қазақстандық экспорттың басты проблемасына өңдеу өнеркәсібінің отандық өнімінің бәсекеге қабілетсіздігі мен отын-шикізат тауарлары мен бастапқы дәрежеде өңделген өнімге өте қатты тәуелділіктің сақталуы жатады. Қолайлы жағдаят пен өнімнің осы түрлері бағасының өсуінің арқасында мұнай мен мұнай өнімдерінің, көмірдің, дөңгелек ағаштың, целлюлоза мен бірқатар басқа тауарлар өндірісінде экспорт үлесі тұрақты түрде өсті. Мәселен, 1995 жылдан бастап 2005 жылға дейін мұнай өндірісінде экспорттың үлесі 55-тен 76%-ға дейін өсті. 2006 жылы экспорттың жалпы көлемінің 61%-ын құрайтын мұнай және газ конденсатының экспорты 2005 жылмен салыстырғанда 36%-ға, оның ішінде бағаның өсу есебінен 30%-ға ұлғайды.

2000 жылдан кейінгі экономикалық өсумен қатар импортта оң құрылымдық өзгерістер байқалмады. Импорттағы машиналар мен жабдықтардың үлесі іс жүзінде өзгермеді, ал жоғары технологиялық тауарлардың импорты да шамалы ғана өсті.

Сыртқы сауда құрылымында қалыптасқан келеңсіз процестерді еңсеру үшін:

ел экономикасындағы озық құрылымдық өзгерістердің, ең алдымен онда өңдеу өнеркәсібі өнімінің өзіндік салмағы мен көлемін арттыру, сондай-ақ экспортқа арналған қызметтер саласын дамыту есебінен экспорттың жаңартылған құрылымын қалыптастыру;

әлемдік нарықта қазақстандық экспорт үшін ең келешекті секторларды, қуыстарды анықтап, мақсатқа сәйкес игеру, кейін таңдалған бағытта нарықтағы табысты орнықтырып, дамыту үшін күш-жігерді жұмылдырып, шетелдік әріптестермен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ойдағыдай дамытумен, өндірістік кооперацияны тереңдетумен үйлестіру;

сыртқы экономикалық әріптестермен неғұрлым қолайлы сауда режиміне қол жеткізу, Қазақстан Республикасымен сауда жасасуға қойылған кемсітетін шектеулерді алып тастау, жаңа шектеулерге жол бермеу;

қазақстандық кәсіпорындардың экспорттаушы мен импорттаушы ретінде әлемдік капитал, машина мен жабдық, технология мен ақпарат, минералдық-шикізат ресурстары нарықтарына, сондай-ақ ғаламдық көлік коммуникацияларына қол жеткізуі үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау;

қазақстандық экспорттаушыларды коммерциялық тәуекелден мемлекеттік сақтандыру мен кепілдендіру жүйесін құру;

тауарлар мен қызметтердің экспортын қолдау, қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың шет елдердегі инвестициялық жобаларға қатысуын қолдау;

экспорт пен импортың кеден-тариф және салықты реттеу шараларын жетілдіру;

ұлттық экономикаға арналған технологиялық тауарлардың импортын қайта бағдарлау.

Сондай-ақ халықаралық жұмыс күшінің көші-қоны – ұлттық шекаралар арқылы еңбек ресурстарының көшуі бүкіл әлемдегі қазіргі кезеңдегі халықаралық экономикалық қатынастардың құрамдас әрі ажырамас бөлігіне айналды. Көші-қонның кез келген процесі жұмыс күшінің эмиграциясы да, иммиграциясы да болып табылады. Эмиграция – бұл тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында елден кетіп, басқа елдерге қоныс аудару. Иммиграция – бұл елге басқа мемлекет азаматтарының тұрақты немесе уақытша тұруға келуі.

Қазіргі уақытта әлемде 45 ресми тіркелген мигрант, ал олардың отбасының мүшелерін есепке алғанда – 100 миллионнан астам адам есепке алынған.

Ресми тіркелген, жария көші-қоннан басқа халықтың жасырын көші-қон да бар. Жасырын көші-қонның қалыптасуына өз елінен тысқары жан сақтау үшін кетуге мәжбүр ететін саяси және әскери факторлар маңызды рөл атқарса да, жария көш-қон сияқты ол да негізінен экономикалық факторлармен байланысты.

Қазақстаннан еңбекақының деңгейі жоғары және тиісті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға болатын тұрмысы жақсы елдерге білікті мамандар көп кетеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Ресей (Қазақстанда да сондай жағдай етек жайған) 90-жылдары шет елге білімді азаматтардың кетуінен жыл сайын 50-60 млрд долларға дейін шығын шеккен. 1989-2001 жылдар аралығында Ресейден математика, химия, физика және биология саласының 10 мың ғалымы қоныс аударды, осының салдары халық шаруашылығының ғылымды көп қажетсінетін және әлеуметтік маңызды салалары әлеуетінің азаюына, сол салаларда дағдарыстық құбылыстардың одан сайын белең алуына себеп болды.

Екінші жағынан, Қазақстан жасырын иммиграциямен байланысты қиындықтарды бастан кешіріп отыр. Мәселен, қазақстандық құқық қорғау органдарының деректері бойынша, 2005 жылдың басында Қазақстан Республикасының аумағында 4 мыңға жуық жасырын иммигрант, яғни бұрынғы КСРО одақтас республикаларының азаматтары, сондай-ақ Қазақстанның шекара және тіркеу-құқықтық режимдерінің жетілдірілмеуін пайдаланып, еліміздің аумағына келіп алған адамдар тұрды. Қазіргі кезде көші-қон процестерін реттеуге, көші-қон қызметінің рөлін арттып, миграциялық процестерді реттеу, көші-қон ағынын жария ету үшін құқықтық және экономикалық жағдай жасауға қатысты пәрменді іс-шаралар қолданылуда.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық экономикалық байланыстардың құрылымында капитал қозғалысы (көші-қоны): ұлттық шекаралар арқылы қарыз, кредит, ресми мемлекетаралық көмек, сондай-ақ инвестиция нысанындағы ақша түсімінің ауысуы артып келеді. Шетелдік инвестициялар халықаралық капитал қозғалысының негізгі нысаны болып табылады. Мұның өзінде егер шетел капиталының түсімі шамадан тыс пайда алу (арзан еңбек пен қол жеткізімді пайдалы қазбаларды пайдалану есебінен) мақсатында негізінен экономикалық жағынан артта қалған елдерге бағытталса, соңғы ондаған жылда капитал қозғалысы даму деңгейі тең (немесе біршама тең) мемлекеттер арасында, ынтымақтастықтың, сонымен бірге олардың арасындағы бақталастықтың құрамдас әрі тұрақты нысанына айналып, дамып келеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның экономикалық әлеуетін арттыру үшін әсіресе, ең алдымен өндірістік салаға, сондай-ақ инфрақұрылымдық салаларға бағытталатын инвестициялардың маңызы артуы тиіс.

Қазақстанның экономикалық қатынастарының қазіргі кезеңдегі құрылымы мен жай-күйі, ең алдымен, экономиканың ағымдағы жағдайы мен еліміздің геосаяси ахуалымен байланысты қалыптасады. Еліміздің халықаралық экономика-лық қатынастары біршама жабық экономикалық жүйеден әлемдік шаруашылыққа кірген ашық экономикалық жүйеге көшу жолында әжептәуір ілгері жылжыды. Алайда қазақстандық экономикада әлемнің көптеген дамыған елдеріне тән сыртқы экономикалық қызметтің дамыған нысандарымен бірге өтпелі нысандар да маңызды рөл атқарады.

<b>19.4.</b>	<b>Сыртқы экономикалық қызметтің өңірлік аспектілері</b>

Экономикада ғаламдық процестердің дамуы, әлемдік-шаруашылық процестерге ұлттық шаруашылық кешендерінің барлық дерлік құрамдас бөліктерінің кіруі үшін ұдайы өндірістік, сондай-ақ өңірлердің, олардың өнімді күштерінің, сол аумақтарда орналасқан кәсіпорындардың сыртқы экономикалық саладағы процестердің қажетті тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге

жасайтын ықпалын күшейту қажет. Бірегей де, сондай-ақ федеративтік құрылым нысанындағы мем-лекеттерде де ұлттық экономикалардың өңірлік деңгейлерінің маңызын арттыруға, олардың қазіргі заманғы қоғамның бүкіл тіршілік ету қарекетін қамтамасыз етуде дербес болуына ерекше назар аударылады.

Осы орайда анықтамаға сәйкес сыртқы экономикалық қызмет саласы мемлекет өзі жүргізетін жалпыұлттық даму басымдықтарын, ағымдағы ішкі және сыртқы саясат мүддесінде жүзеге асыратын күшті реттеуші рөлін сақтайтын шаруашылық қызметтің саласы болып қалатынын ұмытпаған жөн. Сондықтан өңірлік деңгейде сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру жалпыұлттық

және өңірлер мүддесінің, сондай-ақ аумақта орналасқан нақты өңірлердің шаруашылық жүргізетін субъектілерінің коммерциялық мүдделерінің балансын тауып, осы аумақта дамитын сыртқы белсенді экономикалық байланыстар жүйесінің балансын ескере отырып жолға қою негізделуі тиіс.

Қазақстан Республикасы субъектілері-өңірлерінің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы негізгі функцияларына мыналар жатады:

өңір экономикасының құрылымын жетілдіру (жалпы республикалық бағдарламаларды іске асыруға қатысу арқылы да, сондай-ақ дербес);

өңірлік маңыздағы экспорттық мәмілелерді кредиттеу және сақтандыру;

өзара мүдделілік танытылған жағдайда, шетел мемлекеттерімен және олардың өңірлерімен экономикалық ынтымақтастықты жолға қою;

сыртқы экономикалық қызметті өткізу және ақпараттық құрылымын ұйымдастыру;

өңірдің мұқтажын қанағаттандыратын экспорттық-импорттық мәмілелер ұйымдастыру.

Сыртқы-экономикалық қызметті жүзеге асырудың қолда бар құқықтық мүм-кіндіктерін іске асыру нақты өңірдің сыртқы экономикалық әлеуетінің жай-күйіне байланысты. Осы әлеует келесі бірқатар факторлардың жиынтығын қалыптастырады:

өңірдің экономикалық-географиялық, оның ішінде өткізу нарықтарына қатысты жай-күйі, оның шекаралас немесе шекарадан алыс орналасуы;

табиғи-ресурстық әлеуеттің көлемі мен ерекшеліктері;

көлік инфрақұрылымының даму дәрежесі;

өңір экономикасының қалыптасқан құрылымы;

білікті мамандардың болуы және жалпы жұмыс күшімен қалыптасқан жағдай;

нақты өңірде реформа жүргізудің ерекшеліктері, нарықтық қайта құрудың, оның ішінде осы өңірдің дамуының бастапқы сипаттамалары туындатқан нарықтық қайта құрудың динамикасы;

меншік нысанын қайта құрудың жылдамдығы мен бағыттары;

қаржы жүйесін қалыптастырудың және өндірістік қуаттарды жанарту процестері;

өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жалпы ахуал, әлеуметтік саясат;

өңірлік экономикалық саясаттың, оның ішінде инвестициялау саласының ерекшеліктері;

өңірдегі инвестициялық процестерді мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау жүйесі;

шет елдермен жасалатын сыртқы экономикалық байланыстардың тарихи дәстүрлері мен қалыптасқан ерекшеліктері.

Экспорттық-импорттық әлеует өңірдің жалпы сыртқы экономикалық әлеуетінің құрамдас әрі ажырамас бөлігі болып табылады. Оның жай-күйіне жоғарыда атап өтілген факторлардан басқа өңірдің аумағында сыртқы нарыққа қажетті өнім шығаруға қабілетті, тиімді жұмыс істейтін өндірістердің болуы, екінші жағынан, импортталатын өнімге сұраныс жасауға қабілетті халықтың төлем қабілеттілігі мен табыс деңгейі ықпал етеді. Экспорттың сыртқы сауда қызметінің әлемдік нарықта ұлттық экономика мен оның құрамдас бөліктерінің (өңірлерінің) салыстырмалы артықшылықтары іске асырылатын белсенді бөлігі болуына байланысты, бізді, ең алдымен қазақстандық өңірлердің экспорттық әлеуетінің дамуы қызықтырады.

ҚР субъектілері-өңірлерінің аумағында сыртқы нарыққа тауарларды жылжыту жүйесін дамытып, оның тиімді жұмыс істеуі үшін экономикалық, қаржылық және ұйымдастыру сипатындағы келесі кешенді іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

қазақстандық осы өңірдің мүдделері мен ықтимал мүмкіндіктерін ескере отырып шет елдердің, олардың аумағы мен тауар нарықтарына қатысты жүргізілетін сыртқы сауда саясатын әзірлеу;

өңірде өндірілетін тауарларды әлемдік нарыққа жылжытуға ықпал ететін пәрменді қолдау жүйесін құру және өңірдің аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың мүддесін тиімді қорғау;

сапалы (оның ішінде баға) сыртқы сауда және жалпы сыртқы экономикалық ақпарат жүйесін жолға қою;

өңірдің қазіргі кезде пайдаланылмайтын экспорттық ресурстарын кейін сыртқы нарыққа шығару мақсатында оларды шаруашылық айналымға тартуды кеңейту;

тиімді экспорт қызметін қаржылай және салық жағынан ынталандыру.

Жекелеген өңірлердің экспорттық қызметінің дамуы мемлекет жүргізетін жалпы сыртқы экономикалық саясаттың ағымынан жеке дами алмайды. Осыған байланысты өңірлердің экспорттық әлеуетінің проблемаларын зерттегенде Қазақстанның жоғарыда тілге тиек етілген сыртқы сауда кешенінің қазіргі кезеңдегі жай-күйін негізге алу керек. Қазақстандық экспорттың энергия-шикізат құрамдасы басым жағдайда елдің ұлттық экономикасының экспорттық базасы іс жүзінде аумағында әлемдік шикізат нарығындағы өтімді шикізаттың негізгі запастары, сондай-ақ жартылай өңделген өнімдер мен жоғары, алайда қажет жағдайда арзан бағамен сатуға болатын бастапқы өңдеуден өткен өнім шығаратын кәсіпорындар орналасқан өңірлердің әлеуетіне дейін жетеді. Айтылғанның мысалы ретінде шойынның, болаттың, прокаттың және т.б. ең қарапайым және арзан түрлерін шығаратын металлургия зауыттарын келтіруге болады. Қалған өңірлердің көбі тиімді әрі ауқымды сыртқы экономикалық қызметтен еріксіз тысқары қалады.

ҚР Индустрия және сауда министрлігінің деректері бойынша, 2007 жылы сыртқы сауда қызметіне 16 қазақстандық өңірдің 8-і ғана қатысты, мұның өзінде Қазақстан Республикасының бүкіл экспортының 46,5%-ы солардың үшеуіне тиесілі екен. Бұл, ең алдымен, Алматы қаласы, көмірсутегі шикізаты мен металл жеткізетін өңірлер (Атырау және Қарағанды облысы).

Көптеген өңірлердің сыртқы экономикалық қызметтен тысқары қалуы басқа ондаған, «шикізаттық» емес өңірлердің аумағындағы қазір қолданылатын, жылдан-жылға ескіре беретін өнеркәсіптік паркті қайта жанартуды қиындатады. Сөйтіп, жалпы сыртқы сауда өзінің ұлттық экономиканың тиімділігін арттыратын, сондай-ақ өңірлердегі өндірістік қуаттарды техникалық қайта жаратқандырып, жанартуға ықпал ететін фактордың ең маңызды функциясын толықтай орындамайды.

<b>19.5.</b>	<b>Арнайы экономикалық аймақтар</b>

Бірқатар еркін экономикалық аймақтар елі (еркін қойма немесе еркін кәсіпкерлік аймақ нысанында) экономиканың дамуын сыртқы экономикалық қызмет арқылы ынталандыруға маңыз беріп отыр. Бұл – елдің негізгі аймағымен салыстырғанда жеңіл салық режимі, сондай-ақ тауарларды, капиталды әкелу мен әкетуге жеңілдетілген кеден режимі берілетін заңда арнайы белгіленген аумақ. Әдетте, мұндай аймақтар жүкті тасымалдау оңай болу үшін шекара маңындағы аудандарда немесе ірі халықаралық әуежайлардың маңындағы аумақтарда, теңіз немесе ірі өзен порттарында және олардың маңындағы аумақтарда құрылады.

Қазір әлемде екі мыңға жуық арнайы экономикалық аймақ бар және олардың саны жылдам өсіп келеді. Бүгінгі таңда мұндай аймақтар өңірлердің дамуы мен тиімді шаруашылық байланыстарды қалыптастыратын орталық болып табылады, олар экономиканы жандандырып, инвестициялардың көптеп тартуға, халықты жұмыспен қамтуға, халықаралық сауданы кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда ҚР Президентінің 2003 жылғы 26 сәуірдегі Жарлығымен құрылған «Ақтау теңіз порты» ЕЭА және «Астана – жаңа қала» ЕЭА атты екі ЕЭА кеңінен танымал.

«Ақтау теңіз порты» ЕЭА көршілес елдерге тауар экспорттауға арналған аумаққа айналып, көлік-транзит мүмкіндігіне ие болу үшін, өңірді жедел дамыту, сондай-ақ республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне ойдағыдай интеграциялану, сонымен бірге тиімділігі жоғары және жоғары технологиялық экспорттық өндіріс құру, инвестиция тарту, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу мақсатында құрылды.

«Астана – жаңа қала» ЕЭА Астана қаласының сол жағалауында жылдам әрі кешенді құрылыс салу және оған шетелдік инвестиция тарту мақсатында құрылды. Осы мақсаттарды іске асыру үшін ЕЭА режимінде аймақтың аумағында тіркелген экономикалық субъектілерге салық және кеден жеңілдіктері мен преференцияларын беру қарастырылады.

Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу. Мемлекет сыртқы экономикалық қызметте негізінен экономикалық реттеу әдістерін пайдаланады және әкімшілік ықпал ету шараларымен қатар экономикалық әдістер де қолданылады. Лицензиялау мен квоталау – әкімшілік әдістің ең көп таралған түрі. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға берілген

лицензия шаруашылық жүргізуші субъектінің осы қызметпен айналысуға нақты мүмкіндігін растайды. Кейбір тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты (импорты) лицензия бойынша жүзеге асырылады, ал олардың тізімі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. Тауарлардың кейбір түрінің экспортына (импортына) мемлекеттік монополия сақталған, осы тауарлардың экспорты (импорты) бойынша қызметті лицензиялау да монополияға жатады. Квоталау – белгіленген тауар түрлерінің өндірісін, экспортын, импортын шектеу. Шектеуді мемлекеттік органдар тиісті квота енгізу арқылы енгізеді.

Бұл жағдайда «квота» деген ұғым межелеген кезең ішінде белгілі бір тауар түрлерін (немесе топтарын) елге әкелуге немесе одан әкетуге рұқсат етілген санының шегін (заттай немесе құн түрінде) білдіреді. Мұндай шектеу елдің халықаралық келісім бойынша, мысалы, жаппай қырып-жойтын қару-жарақты немесе қару-жарақтың ең қауіпті басқа түрлерін таратпау болмаса ұлттық мүдделерді сақтау қажеттілігі жөніндегі міндеттемесіне негізделеді.

Квоталау тауарларды әкелу (әкету) ауқымын біршама жылдам шектеуге мүмкіндік береді, алайда импорттың (экспорттың) көлемін арттыруға жарамсыз және шаруашылық жүргізуші субъектілердің квоталанатын тауарлар өндірісі мен оны сату жөніндегі мүмкіндіктерін шектейді. Осы әдіс оралымды болмағандықтан, ол ерекше жағдайларда, яғни ішкі нарыққа елеулі залал келтіру қаупіне жол бермеу, халықаралық келіссөздерде өзара тиімді уағдаластыққа қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ басқа мемлекеттердің кемсіту іс-әрекетіне жауап шара ретінде қолданылады. Бірінші жағдайда квоталауды қолдануды қарастырайық, егер жекелеген тауарлардың импорт түсімінің нәтижесінде біршама ұзақ кезең бойы ішкі нарықта өндіріс көлемі қысқарып, оның тиімділігінің көрсеткіштері нашарласа, ал ең соңында ел экономикасының белгілі бір тауар импортына тәуелділігі туындаған жағдайда осы тауарларды импорттауға квота енгізіледі. Ал экспорттық квоталар кейбір тауарлар экспортының шамадан тыс көлемінен ішкі нарықта олардың тапшылығы пайда болып, осы тауарлар бағасының өскені байқалған жағдайда енгізіледі. Сөйтіп, ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс реттеліп, жеткізілімнің тепе-теңдігіне қол жеткізіледі.

Сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу:

кедендік-тарифтік реттеу;

бейтарифтік реттеу;

қызметтердің және интеллектуалдық меншіктің сыртқы саудасына тыйым салу мен шектеу;

сыртқы сауда қызметінің дамуына ықпал ететін экономикалық және әкімшілік сипаттағы шаралар арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Экспорт пен импорт сандық шектеулерсіз жүзеге асырылса да, Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өзі үшін маңызды азық-түлік немесе өзге тауарлардың сыни жетіспеуіне жол бермеу болмаса оның кемуіне уақытша шектеу немесе тыйым салуы мүмкін. Айрықша маңызды тауарлардың тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

егер қазақстандық өнімнің өндірісін немесе сатуды қысқарту қажет болып, ол импорттық тауармен тікелей ауыстырылатын болса, егер Қазақстан Республикасында мұндай тауар көп өндірілмесе республикаға кез келген түрде әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларының немесе су биологиялық ресурстардың импортына шектеу енгізуі мүмкін; колда бар артық тауарды қазақстандық тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық бағадан төмен бағамен беру арқылы қазақстандық осы тауардың уақытша артығын нарықтан алуы мүмкін.

Мұның өзінде импортына шектеу енгізілетін азық-түлік және ауыл шаруашылығы тауарларының түрлерін де Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Санын шектеу белгіленгенде квота бөлу мен лицензия беру, әдетте, конкурс немесе аукцион өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Заңнамада жекелеген тауар түрлеріне уақытша сандық шектеулер енгізілген; мемлекеттің қауіпсіздігіне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік немесе республикалық мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығына жағымсыз ықпал етуі мүмкін тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты мен импорттына және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерді орындауына уақытша сандық шектеулер енгізген жағдайда лицензиялау қарастырылған.

Тұтынушыны сапасыз импорттық тауарлардан қорғау мақсатында мемлекет халықаралық сауда ережесін бұзуға жол берген елден тауар жеткізуге тыйым салуы мүмкін.

Квоталауды өндіріс пен қызмет көрсету саласында, еңбек нарығын реттеу саласында пайдалануға болады.

Экспорттық-импорттық тауарлар түсімін квоталауды, әдетте, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатына мемлекеттік ықпал етудің жанама әдісі – кедендік-тарифтік реттеу толықтырады. Осы орайда кеден бажы – міндетті жарна, шын мәнінде шекара арқылы өткізілетін тауарлар, құндылықтар мен мүлік үшін төленетін міндетті жарна. Кеден бажын кеден органдары кеден тарифінде қарастырылған ставкалар бойынша өндіреді. Кеден тарифі деп тауардың топтары бойынша жүйеленген (өңдеу дәрежесіне байланысты) кеден баждары ставкаларының жиынтығы аталады.

Қазақстан 1992 жылдан бастап Бүкіләлемдік кеден ұйымының (Кеден ынтымақтастығы кеңесі) мүшесі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының кеден тарифінде тауарлар Халықаралық сауда палатасы әлемдік саудада пайдалану үшін ұсынған Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесінің негізінде әзірленген СЭҚ Тауар номенклатурасына сәйкес жіктелген.

Кеден баждарының ставкалары бірыңғай болып табылады және заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауар өткізетін адамдарға, мәмілелер мен басқа да факторларға байланысты өзгермейді. Қазақстан Республикасында заңнамаға сәйкес баж ставкаларының келесі түрлері қолданылады:

адвалорлық, олар салық салынатын тауарлардың кедендік құнына пайызда есептеледі; айрықшалықты, салық салынатын тауарлардың бірлігі үшін белгіленген мөлшерде есептеледі; құрамдастырылған, кеден салығының аталған екі түрі үйлестірілген.

Импортталатын (экспортталатын) тауардың кейбір түрлерінің кеден бажы ақша түсімін арттыруға немесе отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында салынады. Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды әкелу мен әкетуді жедел реттеу үшін маусымдық баждар белгілеуі мүмкін. Осы орайда кеден тарифінде көзделген кеден баждарының ставкалары қолданылмайды.

Сол бір тауарға жоғары, орта және төмен баж ставкасы бар бірнеше әр түрлі тариф қолданылуы мүмкін. Бұл елдердің арасындағы сауда-саяси қатынастардың жай-күйімен байланысты, осы қатынастар неғұрлым жақсы болса (неғұрлым қолайлы режим) әкелу бажының ставкасы соғұрлым төмен болады. Неғұрлым қолайлы режим (өзара шартпен) қарастырылмаған сауда-саяси қатынастар жасалатын елдердің немесе шыққан елі белгісіз тауарларға ставкалар екі есе көп болып белгіленуі мүмкін. Кейбір елдермен жасалатын қатынастарда әр түрлі тарифтік жеңілдіктер (преференциялар) – бұрын төленген баждарды қайтару, оларды төлеуден босату, ставканы төмендету және т.б. қолданылады. Әкелім кеден бажының ставкалары, оларды белгілеу тәртібі мен преференциялар жүйесі, әкету баждарының ставкалары мен олар қолданылатын тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданыстағы заңнама шектерінде белгілейді.

Мемлекет экспорттық және импорттық баждарды өзгертіп, экспорт пен импорттың сипатын қажетті бағытта, олардың түсімінің мөлшерін нақты тауар түрлері бойынша біршама жедел өзгертуге, экспорттаушы мен импорттаушылардың экономикалық мүдделеріне ықпал ете алады. Сыртқы экономикалық саясаттың тікелей әдістерімен салыстырғанда мемлекеттік ықпал етудің жанама әдісі ретінде кедендік-тарифтік реттеудің артықшылығы осылай байқалады.

19.6.	Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ). Қазақстанның ДСҰ-ға қосылу проблемалары
-------	-------------------------------------------------------------------------

ДСҰ<sup>16</sup> – Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін құрылған Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (ГАТТ)<sup>17</sup> құқығын иеленген ұйым. ГАТТ/ДСҰ-ның құрылтай құжаттарында жазылғандай, бұл ұйым оған қатысушы-елдердің арасында сауда-экономикалық өзара қарым-қатынастарды кемсітусіз негізде ұйымдастыруға, сауда дауларын тек консультациялар мен

<sup>16</sup> Ағылш. World Trade Organization.

<sup>17</sup> Ағылш. General Agreement on Tariffs and Trade.

келіссөздер арқылы, күштің қысымынсыз және т.б. арқылы шешуге арналған тұрақты жұмыс істейтін халықаралық форум. ДСҰ-ға мүшеелдер (бұрын – ГАТТ) өзара саудада импорттық баждар мен тарифтерді бірте-бірте қысқартуға, тауарлар мен қызметтер саудасы жөніндегі операцияларды жүзеге асырғанда бір-біріне қатысты бейтарифтік емес (сандық және өзге) шектеулерді қолдануға жол бермеуге міндеттенеді.

ДСҰ қызметінің көрсетілген мақсаттары елдер осы ұйымда болудан алатын пайданы білдіреді. Іс жүзінде өзара саудада баждарды және өзге де шектеулерді қысқарту сатушылардың сатып алушыларға өз тауарлары мен қызметтерін арзанға сатуға мүмкіндік береді, осылайша ДСҰ-ға қатысатын елдердің әл-ауқаты жақсарады. Тауарлар және қызметтермен қоса ДСҰ ережелері осы ұйымға кіретін мемлекеттердің бір-бірінің аумағына инвестициялардың өзара жетуін жеңілдетуге де қатысты.

ДСҰ қызметі негізделетін идеялар тартымдылығы, елдердің халықаралық сауданың көлемі шарықтап өскен жағдайда жеңіске жетуге деген табиғи ұмтылысының арқасында осы ұйымға кіретін елдердің санын соңғы ондаған жылдары көп есеге ұлғайтты. 1948 жылдың қаңтарында ГАТТ-қа 23 ел қатысса, бүгінгі күні ДСҰ-ға 149 мемлекет кіреді, ал Ресей сияқты бірқатар ел «оған кіруге кезекте тұр». ДСҰ-ға мүше-мемлекеттер бүкіл әлемдік тауар айналымының 90%-дан астамын өндіреді.

ДСҰ-ға мүше болған ел оның құрамына кірумен қатар, өздерінің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы құқықтары ДСҰ-ға қатысатын басқа елдің іс-әрекетімен бұзылды деп санаған жағдайда, ол Дауларды шешетін арнайы органға шағым түсіру мүмкіндігін алады. ДСҰ-ға кіретін мемлекеттер демпингті пайдалануға қатысты бір-бірін өзара кінәлайды. Демпинг деп бір елдің кәсіпкерлері өзінің тауарлары мен қызметтерін екінші елдің нарығында өзінің нарығымен салыстырғанда арзандау сататын саясат аталады. Бұл ұлттық кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың арқасында негізінен арнайы экспорттық субсидиялар түрінде, ал осы саясаттың мақсаты бәсекелестерді, сондай-ақ осы елдің кәсіпкерлерін ығыстырып басқа елдің нарығын жаулап алу үшін әдейі жасалады. ДСҰ-ның ережесінде осындай практика сауданың еркіндігіне кедергі келтіретін «адал емес» деп айтылады және осындай жағдайда жауапты шектеу шараларын, сондай-ақ көтеріңкі, «кек алатын» баждарды қолдануға рұқсат етіледі.

Осы орайда ДСҰ осы ұйымға кіретін елдердің бір-біріне демпинге қатысты қоятын кінәсі «ішкі нарыққа залал келтіруге арналған тест» деп аталатын арнайы рәсім барысында дәлелденгенін талап етеді, тек содан кейін ғана өзін зардап шектім деп санайтын мемлекеттің ұлттық билік органдары демпинге қарсы іс-шараларды қолдануға құқылы. ДСҰ-ға мүше емес елдерге, олардың ойынша оларға қатысты заңсыз іс-әрекет жасалды деп санауға байланысты осы ұйымға шағым жасау құқығы берілмейді. Басқаша айтқанда, ДСҰ-ға кірмейтін елдің қатысында елді күйрететін баждар ешқандай шағым жасау құқығынсыз, дереу енгізілуі мүмкін. Бұл жағдай Қазақстанға да қатысты, соңғы жылдары АҚШ, Канада және ЕО елдерінің аумағында жыл сайын қазақстандық экспортқа қарсы әр түрлі шектеу шараларының саны күрт өсті. Осыдан Қазақстанның экономикасы жыл сайын миллиондаған залал шегеді.

ДСҰ-ға кіру мемлекетке тек пайда әкеледі деу қате. Барлық басқа халықаралық ұйымдардағыдай ДСҰ-ның қызметінде қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың барлық қайшылықтары айнақатесіз көрінеді, ал ГАТТ/ДСҰ қызметінің бүкіл кезеңінде сыртқы экономикалық қызмет саласында да мемлекеттік қолдампаздық саясаты қолданылып, уақыт өткен сайын етек жайып келеді. ГАТТ/ДСҰ-ның 58 жыл қызмет істеген уақыт бойы әлемдік саудада азды-көпті тең қатынастарды орнату үшін күрес және қолдампаздық, яғни еркін сауданы шектейтін шараларды жан-жақты қолдану сияқты қарама-қарсы тенденция жалғасып келді.

Мұның өзінде ДСҰ-ны өздерінің ұлттық өндірушілерінің мүддесіне ұлттық нарықтарын барынша қорғау үшін шетелдік бәсекелестерге қарсы пайдаланатын жетекші батыс мемлекеттерінің үкіметтері айтарлықтай артықшылыққа ие. ДСҰ-ға мүше болуы іс жүзінде кемсіту-шектеу шараларын қолданудың негізінде пайда болатын кезенді өзара жанжалдан, сондай-ақ АҚШ пен Жапония, АҚШ пен Еуропа одағы сияқты экономикалық алпауыттардың арасында туындайтын «сауда соғыстарынан» құтқармайды.

Осыдан нашар дамыған елдер көп зардап шегеді. 1996-1999 жылдар аралығында қатысушы-елдер министрлерінің деңгейінде өткен ДСҰ-ның алғашқы үш конференциясында батыстың ірі елдері шикізат, азық-түлік пен жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының, яғни экспорттың негізін құрайтын барлық тауарлардың және көптеген дамушы мемлекеттердің табысының басты көзінің импортына шектеу енгізу құқығына (айрықша жағдай ретінде) ие болды. Сөйтіп, ДСҰ дамыған елдердің өзінің экономикалық және саяси артықшылықтарын «үшінші әлем» мемлекеттері қатысында



пайдалануына кедергі келтірмейді, ал мұның өзі ДСҰ мүшелері арасында осы мәселе бойынша дау-дамай тудырады.

Қазіргі уақытта 2001 жылы Қытай ДСҰ-ға ойдағыдай кіргеннен кейін бүкіл әлемдік тауар айналымының 90%-ы осы ұйымға кіретін мемлекеттердің үлесіне тиесілі. ТМД-ға кіретін Молдавия, Армения, Грузия, сондай-ақ Қырғызстан да ДСҰ-ға мүше болып табылады.

Еліміздің ең ірі сауда әріптестерінің арасынан тек Беларусь, Украина және Ресей ғана ДСҰ-ға кірмеген, алайда олар да осы ұйымға кіру жөнінде келіссөздер жүргізуде. Демек, еліміз ДСҰ-ға кіруден ықтимал бас тартқан жағдайда қазақстандық кәсіпкерлер сауда және коммерциялық қызметінің жағдайлары жақсы және шығынды үнемдеуге мүмкіндігі бар шетелдік әріптестердің көпшілігімен пайдасы аздау экономикалық ынтымақтастық жасасуға мәжбүр болады. Сондықтан ДСҰ-ға кіруге тырысатын басқа елдер сияқты еліміз келіссөздер барысында мүдделердің тепе-теңдігін іздестіруге тиіс.

Әрбір елдің ДСҰ-ға кіруінің өзіндік ерекшеліктері бар, себептер таза сауда-экономикалық та, қоршаған әлеммен жасалатын өзара қарым-қатынастарға (әдетте, осы себептер ауызша тек экономикалық себептер деп аталса да) да байланысты.

Елдің ДСҰ-ға кіруі үшін ұлттық заңнаманың, әкімшілік ережелердің және нақты елде тауарлар мен қызметтердің сыртқы саудасын реттеу практикасының ДСҰ жүйесі негізделетін қағидалар мен құқықтық нормаларға сәйкестігіне қатысты басты заңды талап қойылады. Сондықтан сол немесе басқа елді ДСҰ-ға қабылдаудың рәсімі ДСҰ жұмысының құқықтық және ұйымдастыру негізін құрайтын осы елдің бірқатар көп жақты келісімдер мен уағдаластықтарға қосылуымен аяқталады. Алайда осы сәтке дейін үміткер-ел ДСҰ-ның келіссөздер жөніндегі жұмыс тобын құрайтын осы ұйымға мүше-елдердің қатарындағы оның негізгі сауда-экономикалық әріптестерімен екі жақты келіссөз жүргізеді.

Осы келіссөздер барысында (жақсы жүргізілген жағдайда олар бірнеше жылға созылуы ықтимал) елдің ДСҰ-ға кіруіне қойылатын талаптар белгіленеді. Осы нақты талаптардың тізбесі әрбір нақты ұлттық экономиканың ДСҰ-ға кіруінен алатын плюсі мен минусының балансын айғақтайды.

Ал осы нақты талаптарды екі құрамдасқа бөлуге болады. Бірінші құрамдас – кез келген үміткер-елге кіру үшін қойылатын талаптар. Мысалы, ДСҰ жұмыс тобының барлық мүшелерімен келіссөз жүргізу барысында үміткер-ел өзінің ұлттық өндірушілерін қолдаудың «шекті» деңгейлерін кейін осы деңгейлерді ұлғайтпайтындай етіп айтады. Басқаша айтқанда, мемлекет отандық өндірушілердің пайдасы үшін қандай талаптарды қорғай алса, ұлттық кәсіпкерлікті қолдау мүмкіндіктері сондай болады, ал одан тыс нәрсе бұрын айтылғандай кейін зардап шегетін «адал емес бәсекелестік» деп бағаланатын болады. Бұл – келіссөздердің ең маңызды әрі сыни элементі болып табылады, өйткені осы келіссөздер барысында ұлттық мемлекеттің экономиканың ауыл шаруашылығы немесе өнеркәсіптік өндірістің ғылымды көп қажетсінетін салалары, сондай-ақ банк-қаржы және сақтандыру саласы сияқты басымды салаларын қолдау жөніндегі келешектегі құқықтарының негізі қаланады.

ДСҰ-ға кіруге тырысатын әрбір елге қойылатын нақты талаптардың екінші құрамдасына – осы елдің саяси беделіне, осы елдің ықпалы мен экономикада ғана емес, сонымен бірге саясатта да осы елдің ықтимал бәсекелес ретінде төндіретін қауіпке байланысты жетекші әріптестер одан алуға тырысатын «шекті» кемсітулер (яғни экономикалық және саяси талаптардың түйісуі) жатады. Сөйтіп, ДСҰ-ға кіруге тырысатын әрбір елдің үкіметі қалыптастырған ресми делегация аталған жұмыс комиссиясының ауқымындағы келіссөздерде осы ел үшін басымды салаларды қолдаудың «шекті» деңгейлерін барынша қатаң қорғап, сондай-ақ айлакерлікпен байланысты әр түрлі экономикалық емес талаптарға жол бермеуге тиіс. Кейде осы міндет ұзаққа созылады, мысалы, Қытай Халық Республикасы-ның ДСҰ-ға кіруіне қатысты жүргізілген келіссөздер он жылдан астам уақытқа жалғасты.

Қытайдың ДСҰ-ға кіруіне қатысты келіссөздер 15 жылға созылды, нәтижесінде Қытай жағы ел 2001 жылдың желтоқсанында ұйымға мүше болып кірген талаптарға уағдаластық жасасты. Біріншіден, келіссөз процесімен қатар Қытай экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар бүтін салалар ғана емес (мысалы, қара металлургия) да, сондай-ақ жекелеген кәсіпорындарды ауқымды ынталандыру жүзеге асырылды. Осылайша, Қытай мемлекеті «нүктелік» капитал салымымен, салық амортизаторлары және жеңілдіктер жүйесімен отандық тауар өндірушілерді ірі шетелдік бәсекелестермен болатын ақтық айқасқа дайындады. Екіншіден, Қытай келіссөздер барысында өзінің нарығы мен ұлттық өндірушілерін қорғауға қатысты маңызды артықшылықтарға қол жеткізді.

Ресейдің, Қазақстан мен Беларусьтің ДСҰ-ға кіруге қатысты келіссөздері әр түрлі сатыда. Ресей 2008 жылдың басында ұйымға кіру жөніндегі екі жақты келіссөздерді аяқтап, енді ДСҰ елдерімен ұйымға кіруге қатысты көп жақты келісім жасасудың соңғы сатысына даярлануда. Қазақстан қазіргі уақытта екі жақты келіссөздер жүргізіп жатыр. Келіссөздер келесі төрт бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Тауарлар нарығына қол жеткізу жөніндегі келіссөздерге ДСҰ-ға мүше-елдермен Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін қолдану құқығын алатын импорттық кеден баждарын ұстаудың барынша төмен деңгейін анықтап, оны келісу кіреді.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жөніндегі Жұмыс тобына кіретін ДСҰ-ға мүше 39 елдің арасынан ең маңыздысы АҚШ, ЕО, Жапония, Канада, Австралия мен Швейцария тауарлар нарығына қол жеткізу жөнінде екі жақты егжей-тегжей келіссөз жүргізуде. Қазақстанның тарифтік ұсыныстары келесі қағидалар ескеріліп құрылуда. Бірінші қағида – ұлттық экономиканы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламасында белгіленген басымдықтардың негізінде орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте қорғаудың тиімді дәрежесін қамтамасыз ету. Екінші қағида – Қазақстанның ЕурАзЭҚ-қа мүше болуы үшін қойылған талаптарды барынша ескеру.

Қазақстанның тарифтік ұсыныстары салалық министрліктердің ұсыныстары мен отандық тауар өндірушілердің пікірін ескере әзірленетін импорттық кеден баждары ставкаларының тұрақты деңгейлеріне негізделеді.

2. Қызметтер нарығына шетелдік жеткізушілердің қазақстандық нарыққа қол жеткізу шарттарын келісу мақсатында жүргізілетін келіссөздер.

Келіссөздер Қазақстанның қызметтер нарығына қол жеткізуге қатысты ұсыныстарын талқылау мақсатында жүргізіледі. Қазақстан 1996 жылғы қаңтардан бастап бақылаушы мәртебесіне ие болды. Осы сәттен бастап Жұмыс тобының 8 отырысы, Жұмыс тобының ресми емес 3 отырысы, қазақстандық тауарлар мен қызметтер нарығына қол жеткізу шарттары жөніндегі екі жақты келіссөздердің 15 раунды өтті.

Қазіргі уақытта Жұмыс тобының 12 мүше-елімен, яғни Қырғызстан, Грузия, Түркия, Пәкістан, Қытай, Корея, Жапония, Оман, Куба, Египет, Мексика, Норвегия қазақстандық қызметтер нарығына қол жеткізу шарттары жөніндегі келіссөздер аяқталды. Қазақстанның ДСҰ-ға кіру процесіне Австралия, ЕО, Канада, АҚШ, Швейцария, Жапония сияқты елдер көп ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстан БҰҰ Жіктеуішінің 155 қызметтер секторының жалпы санының 76 секторы бойынша (немесе 49%-ымен) қызметтер нарығына қол жеткізу шарттары жөнінде келіссөз жүргізуде. Қазақстан экономикасы үшін қаржы, құқықтық, коммерциялық, көлік, телекоммуникациялық, туристік, құрылыс сияқты қызмет секторлары орынды қорғауды қажет ететін ең сезімтал сектор болып табылады.

3. Ауыл шаруашылығы бойынша көп жақты арнайы келіссөздер.

Табиғи-климаттық жағдайы күрделі, техникасы мен технологиялары ескірген, өнім өткізетін нарықтардан географиялық жағынан алыс орналасқан, теңіз жолдары жабық Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы бойынша келіссөздердің Қазақстан халқының 44%-ының селолық жерде тұруына байланысты әлеуметтік жағынан да маңызы зор. Жұмыс тобына мүше-елдермен ауыл шаруашылығы жөніндегі көп жақты келіссөздер тарифтік қорғаудың, ауыл шаруашылығын ішкі қолдаудың көлемі мен экспорттық субсидиялар мөлшерінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету жөнінде жүргізіледі.

4. Жүйелі мәселелер жөніндегі келіссөздер Қазақстанның заңнама саласында және ДСҰ-ға қатысушы ретінде өзінің міндеттемелерін орындау үшін қолданылатын шараларды анықтау үшін жүргізіледі. Келіссөздер Жұмыс тобының баяндамасына негізделеді. Көрсетілген келіссөздерде ДСҰ-ға мүше-елдермен экономикалық саясаттың, яғни валюта айырбастау мен төлемдер, инвестициялық режим, мемлекеттік меншік және жекешелендіру, баға белгілеу саласындағы саясат, бәсеке сияқты жүйелі мәселелер келісіледі. Сондай-ақ тауарлар мен қызметтер саудасына ықпал ететін саясатты әзірлеу мен оны жүзеге асыру механизміне қатысты мәселелер қаралып, олар келісуден өтеді. Сондай-ақ тауарлар мен қызметтер саудасына ықпал ететін саясатты әзірлеу мен оны жүзеге асыру механизмі жөніндегі мәселелер қаралып, келісіледі. ДСҰ-ға кіруге қатысты шешім қабылдағанда республика экономикасының дамуына ықпал етуі мүмкін барлық оң және жағымсыз салдарды бағалау керек. Мәселен, басқа мемлекеттермен тең құқықты қатынастардың негізінде халықаралық жүйеге интеграцияланғанда шығын шекпей пайда алу мүмкін емес екенін

есте сақтаған абзал. Тек пайданың шығыннан асуын және шығынның елдің ұлттық мүдделері мен мемлекеттік қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуін ойластыру қажет.

Американдық ғалымдардың ДСҰ желісі бойынша жүзеге асырылатын әлемдік сауданы ырықтандыру жөніндегі реформалардың ықпалын зерттеуге арналған зерттеулері қысқа мерзімді келешекте дамыған елдердің экономикасы мен саудасын ырықтандыру дәрежесі біршама жоғары болғандықтан, олардың жеңіске жететіні жөніндегі тұжырымды растайды. Ал бірқатар дамушы ел ДСҰ ауқымындағы келісімдерді іске асырудан шығын шегеді.

Сөйтіп, ДСҰ-ға кіру елге шығын мен пайда да, сондай-ақ проблема мен перспектива да әкеледі.

Әлемдік шаруашылыққа, соның ішінде ДСҰ-ға бұдан әрі интеграциялану кезінде тәуекелді барынша қысқартуға күш-жігер жұмсау қажет. ДСҰ-ның қызметінде жаңа либералдық ғаламдану идеялары етек жайған. Сонымен бірге ДСҰ – әлемді біртұтас нарыққа айналдыратын, әлемнің әр түрлі елдерінде кеден бөгеуілдерін төмендететін және экономикалық заңдарды сәйкестендіретін аса маңызды құрал. ДСҰ капиталдың, тауарлар мен еңбек ресурстарының еркін қозғалысының жалпы қабылданған қағидалары мен ережелері бар ғаламдық экономикалық интеграцияны қамтамасыз етуге қабілетті бүкіл әлемдік еркін сауда аймағын құруға бағытталады.

19.7.	Ұлттық экономикалық қауіпсіздік
-------	---------------------------------

Ұлттық экономикалық қауіпсіздік экономикалық жүйенің аса маңызды сапа сипаттамасы болып табылады. Экономикалық қауіпсіздік – ұлттық экономиканың тәуелсіздігін, оның тұрақтылығы мен орнықтылығын, тұрақты жетілдіруге қабілетті қамтамасыз ететін шарттар мен факторлардың жиынтығы. Экономикалық қауіпсіздік экономиканың ұлттық-мемлекеттік мүдделердің жүйелі түрде іске асырылуын, шаруашылық жүргізуші субъектілердің орнықты іске қабілеттілігін, халықтың тыныс-тіршілігінің қалыпты жағдайларын үнемі қолдау қабілетін білдіреді.

Экономикалық қауіпсіздік шаруашылық жүргізудің қаржы, сыртқы экономикалық, азық-түлік, салалық, өңірлік құрамдастарын және т.б. әр түрлі аспектілерін қамтиды. Елдің сыртқы экономикалық қауіпсіздігі әлемдік экономикаға интеграцияланған және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалына төзімді ұлттық шаруашылықты қалыптастыруға бағытталған тәуелсіз сыртқы сауда саясатын жүргізгенде іске асырылады. Сыртқы экономикалық қауіпсіздікті іске асыру отандық өнімнің сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігіне негізделеді.

Елдің экономикалық қауіпсіздігіне сырттан және іштен қауіп төнуі мүмкін. Сыртқы қауіпке:

Қазақстанның белгілі бір салаға маманданған табиғи ресурстарды экспорттаушы ретінде ғана танылу қаупі;

импортқа тәуелді болудың күшеюі; сыртқы берешектің ұлғаюы; капиталдың шет елдерге кету ауқымы; қолайсыз инвестициялық ахуал жатады.

Негізгі сыртқы экономикалық қауіпті талдау олардың сыртқы экономикалық қауіпсіздіктің ішкі факторларына қатысты маңызы аздау екенін көрсетеді. Ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің ішкі құрылымының келесі маңызды элементтерін жеке атап өту қажет:

мемлекеттің ұлттық ресурстарға, оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін және әлемдік саудаға, кооперациялық байланысқа ғылыми-техникалық жетістіктермен алмасуға тең қатысуға мүмкіндік беретін өндірістің, тиімділіктің деңгейіне қол жеткізуге бақылау жасау мүмкіндігі;

ұлттық экономиканың орнықтылығы мен тұрақтылығына қол жеткізу үшін қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау, кәсіпкерлік белсенділік үшін сенімді жағдай мен кепілдік беру, сондай-ақ жағдайды тұрақсыздандыруы ықтимал факторларды жою (экономикалық қылмыстардың көбеюі, әлеуметтік толқулар және т.б.);

елдің әлеуметтік-экономикалық прогресінің негізгі көрсеткіші ретінде ғылыми және білім беру әлеуетінің ұдайы жаңғыртылуы.

Елдің сыртқы экономикалық қауіпсіздігінің нақты қауіптерін ерекше атап өту қажет. Оларға маңызды экспорттық тауар бағаларының күрт түсуі немесе керісінше, импортталатын өнім бағасының күрт көтерілуі; өнім өткізетін немесе Қазақстан үшін өнім жеткізетін маңызды нарық болып табылатын қайсыбір мемлекетпен немесе мемлекеттер тобымен жасалатын саудаға эмбаргоның енгізілуі; экономиканың жекелеген тауарлар түрінің (мысалы, сол немесе басқа азық-түлік тауарлары) бір елден немесе елдер тобынан жеткізілуіне өте тәуелді болу; кредиторлардың

Қазақстанға өздеріне ғана тиімді экономикалық саясатты зорлап міндеттеу мүмкіндігін беретін шетел мемлекеттеріне қаржы жағынан өте тәуелді болу жатады.

Мемлекеттің ұлттық экономикалық қауіпсіздігін бағалау үшін сапалық та, сондай-ақ сандық параметрлер де пайдаланылады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өзгеше индикаторлар ретінде қолданылатын шекті экономикалық көрсеткіштер бар. Ел экономикасы өзгермелі жағдайға бейімделуі мүмкін, сондықтан шекті көрсеткіштер де өзгереді. Осы орайда көрсеткіштердің абсолюттік мағыналары ғана емес, олардың динамикасы да маңызды, өйткені динамика көрсеткіштердің қауіпті шекті мағыналарға жақындығының өзгеруін көрсетіп, жүйенің қай бағытта дамитынын да білдіреді. Шаруашылық динамикасының мониторингі мен талдауы дағдарыстың туындау бағыттарын болжауға ықпал етуі мүмкін.

Ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің деңгейін талдау үшін үш деңгейлі көрсеткіштер жүйесін пайдалануға болады. Бірінші деңгей тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуге арналған экономикалық саясатты жүргізуде бағдар болады. Осы көрсеткіштер ел экономикасы дамуының ұзақ мерзімді келешегін бағалау үшін ерекше маңызға ие болып отыр.

Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің екінші деңгейі – экономикалық жүйе құлдырау жағдайында тіршілік ете алатын өлшемді мөлшерлер. Екінші деңгейдегі көрсеткіштермен салыстырғанда нақты көрсеткіштердің нашарлауы дағдарыстың одан әрі тереңдеуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Ұлттық банк ресурстарының таусылуы, мемлекеттік қарыз алу нарығына қызмет көрсету жағдайының нашарлауы, сыртқы сауда режимінің өзгеруі, салық жүктемесінің күшеюі және т.б. қауіпті өзгеріс көрсеткішіне жатады.

Экономикалық қауіпсіздіктің үшінші деңгейі оған жақындау елеулі құрылымдық дағдарыс қаупін білдіретін шекті көрсеткіштерді сипаттайды. Екінші деңгейдегі экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерімен қатар осы көрсеткіштерді пайдалану борышқа қызмет көрсету дағдарысын болжауға көмектесер еді. Бұл көрсеткіштер осы уақыт мезетінде экономикалық жүйенің ең нашар элементін анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, олар қазақстандық экономика үшін өте маңызды болып отыр. Ұлттық экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің деңгейлері мен жүйесін қарастырудың басқа да әдістері бар.

Қазақстанның сыртқы экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйі мен оның өзгеруін келесі көрсеткіштердің жиынтығымен кешенді түрде сипаттауға болады:

«Сауда жасау жағдайы» индексімен, яғни ұлттық экономикаға экспортталатын және импортталатын тауарлардың әлемдік бағасының өзгеруі ұлттық экономикаға қалай ықпал ететінін, импорттың бірлігін төлеуге отандық ресурстарды көп немесе аз шығындауға тура келетінін, яғни тауар айналымының қалыптасқан құрылымындағы ысырап пен жеңістің сомасын көрсететін арақатынасымен.

Ішкі нарықтағы шетелдік бәсекенің ауқымымен, яғни елде өндіру үшін әлеуеті жеткілікті өнім бойынша тауарлар мен фирмаларға (тек ең ірі фирмалар бойынша) бөлінген тұтындағы импорттың үлесімен.

Сыртқы сауда айналымының техника сыйымдылығының өлшемімен, яғни экспорт пен импортта машиналар мен жабдықтардың, лицензиялардың, лизингтің (машиналар мен жабдықтарды ұзақ мерзімге жалға алу) және басқалардың өзіндік салмағымен.

Сыртқа өткізу нарықтары мен импорттық ресурстар көздерінің әртараптану дәрежесімен, яғни экспорт пен импорттағы елдер мен фирмалардың құрылымымен.

Сыртқы борышқа қызмет көрсету коэффициентімен, яғни оны өтеу мен пайыздарды жыл сайын төлеу үшін төленетін соманың сол немесе басқа жылы экспорттан түскен түсімнің мөлшеріне қатынасымен.

Алтын-валюта резервтері мөлшерінің импорттың мөлшеріне немесе сыртқы борышты және қайсыбір жылдың пайызын өтеу үшін төленетін төлемнің сомасына қатынасымен.

Көрсеткіштердің нашарлауы ұдайы өндірісті жүзеге асыру және экономикалық өсуді қамтамасыз ету мүмкіндігінің тарылғанын растайды. Осы елдерде тиісті шаралар қолданылмаса экономикалық күйреу, жұмыспен қамтудың қысқаруы, ұлттық өндіріс тиімділігінің төмендеуі сияқты келеңсіз салдар туындауы ықтимал.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Сыртқы сауда саясаты*

*Сыртқы экономикалық саясат*

*Сыртқы экономикалық қатынастар*  
*Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)*  
*Экспортты мемлекеттік қолдау*  
*Сыртқы экономикалық қатынастарды ырықтандыру*  
*Халықаралық капитал көші-қоны (қозғалысы)*  
*Халықаралық жұмыс күшінің көші-қоны*  
*Халықаралық тауарлар мен қызметтер саудасы*  
*Бейтарифтік құралдар*  
*Ашық экономика*  
*Сыртқы экономикалық саясаттың өңірлік аспектісі*  
*Бірлескен кәсіпорындар*  
*Кеден тарифі*  
*Экономикалық қауіпсіздік*

# ҒАЛАМДАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҢІРЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

20.1.	Ғаламдану								
-------	-----------	--	--	--	--	--	--	--	--

Ғаламдану (ағылшын тілінен «global» – әлемдік, жалпы) – елдердің экономикасы мен тыныс-тіршілігінің басқа салаларын әлемдік ауқымда қамтитын өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктердің күшею процесі. Ғаламдану адамзаттың қазіргі кезеңдегі экономикалық және қоғамдық өмірінің сан қырына қатысты күрделі, қарама-қайшы әрі көп факторлы құбылыс, сондықтан әр түрлі ғылыми бағыттарды, мектептер мен саяси көзқарастарды жақтайтындар оны әрқалай түсінеді.

«Ғаламдану» деген термин әжептәуір кейін, яғни 25 жылдан астам уақыт бұрын пайда болды. Басында қазіргі заманғы экономикада осы терминмен өте нақты, ерекше құбылыс, атап айтқанда, ірі трансұлттық корпорациялар (ТҰК) шығаратын жекелеген өнімдер нарықтарының қосылу феномені (заңғайыры) аталды. Кейін авторлар осы терминді әлемдік шаруашылықта орын алған бұдан да кең әрі жан-жақты, біркелкі емес және даулы процестерді сипаттау үшін пайдалана бастады.

Әр түрлі бағыттар мен көзқарастардың мамандары ғаламдану туралы айтқанда келесі көзқарастармен келіседі. Біріншіден, олардың барлығы ғаламданудың соңғы онжылдықтағы экономиканың және бүкіл адамзат қоғамының авиа-ғарыштық технологиялар, ядролық энергияны, жасанды интеллект саласындағы жетістіктерді жан-жақты пайдаланумен қатар техникалық-технологиялық, көлік-коммуникациялық базисіндегі аса маңызды сапалық, революциялық өзгерістерге негізделеді. XX соңғы ширегінде білімді, ғылыми жаңалықтарды жетілдіруден бастап оларды өндірісте жаппай қолдануға дейінгі секіріс адамзат тарихында бұрын-соңды байқалмаған әлемдік шаруашылық кеңістіктің әр түрлі бөліктерінің іштей тұтасып келе жатқан бүкіл әлемдік сауда-экономикалық кешенге бірте-бірте жақындауын қамтамасыз етті.

Екіншіден, ғаламдану әлемдік экономикадағы, оның ішінде бәсеке саласындағы барлық процестерді, мұның ішінде тауарлар мен қызметтерді өткізу нарықтары ғана емес, сонымен бірге қаржы ресурстары мен оларды бөлу бағыттары үшін бәсекелестікті қамтиды. Ғаламдану процесіне бүкіл әлемдегі меншікті ғаламдық бөлу де кіреді. Осының нәтижесінде ірі фирмалар мен корпорациялардың қаржы және өндірістік қуаты ұлттық шекаралардан тысқары орналасқан активтердің есебінен үстелетін меншіктің ғаламдануы сияқты құбылыс пайда болады.

Үшіншіден, ғаламдану шығыстың негізгі бағыттарының құрылымын және қазіргі заманғы корпорациялар қызметінің саласын түбегейлі өзгертеді. Қазіргі кезде озық технологиялар мен басқару құралдары саласымен қатар қыруар қаржы:

нарықтарды зерттейтін бүкіл әлемдік желі ұйымдастыруға (маркетингтік зерттеулер);

өнімді әлемдік ауқымда жарнамалау жөніндегі қызметке;

өндірілетін өнімді бүкіләлемдік өткізу жүйесін құруға жұмсалады.

Ғаламдану дәуірінде трансұлттық банктер (ТҰБ) мен трансұлттық корпорациялар (ТҰК), сондай-ақ оларды барынша қолдайтын олардың ұлттық мемлекеттері негізгі қозғалтқыш күш болып табылады.

Трансұлттық корпорация деп екі немесе одан көп шет елде филиалы бар компания аталады. Қазіргі уақытта әлемде өндірілетін бүкіл ЖІӨ-нің шамамен үштен бір бөлігі ТҰК-тың үлесіне тиесілі. Сонымен бірге олар халықаралық өнеркәсіптік те, сондай-ақ азық-түлік те шикізатының саудасын толықтай дерлік, яғни бидайдың, кофенің, жүгерінің, ағаш материалдарының, темекінің, темір рудасының әлемдік саудасының 90%-ына дейін, мыс пен бокситтердің 85%-ына дейін, шәймен және қалайымен – 80%-ын, бананмен, табиғи каучукпен және мұнаймен сауданың 75%-ын бақылайды.

Әлемдегі ТҰК-тың саны ұдайы өсіп келеді, қазіргі кезде олардың саны 50 мыңға жетті. Мұның өзінде олардың 90%-ының штаб-пәтерлерінің дамыған батыс елдерінде орналасқаны ТҰК-қа әлемдік шаруашылықтың экономикалық және қаржы-ақпараттық қуатын өзінде одан көп ауқымда жинақтауға мүмкіндік береді.

Ғаламдану жағдайында осы корпорациялардың арасындағы бәсеке күрт өршіп келеді. Бәсекенің ықпалымен бұрын тәуелсіз компаниялардың жылдам бірігуі, бір-бірін сатып алу, сондай-ақ әлсіреген бәсекелестерді жұту процесі анық байқалады. Осы орайда ТҰК-тың шет елдердегі экономикалық әлеуеті жаңа филиал ашу арқылы емес, әлсіз бәсекелестерден күшпен алынған әрі бұрын жұмыс істейтін экономикалық субъектілерді қосу арқылы көптеп өсетін болды.

Соңғы уақытта ең ірі меншік иелері ықпал ететін салалар жаңадан анықталып, мүлдем жаңа трансұлттық құрылымдар қалыптасып жатқан телекоммуникациялар мен байланыс индустриясы сияқты алдыңғы қатарлы салалардағы осындай өзгерістер бүкіл әлемдік шаруашылыққа әсерін тигізуде. Дегенмен меншікті ғаламдық бөлу барысында экономиканың барлық өзге, «ескі» салаларының құрылымы да өзгеріп жатыр.

Ғаламдану жағдайында трансұлттық капиталдың дамуындағы екі қарама-қайшы процесті атап өту қажет. Бір жағынан, ТҰК пен ТҰБ жалпыәлемдік нарықты және кез келген ұлттық экономиканы өз мүддесінде толық бақылауға алғысы келеді. Осы орайда осы алпауыт корпорациялар мен оның мүдделеріне қыз-мет ететін институттар халықаралық капитал, жұмыс күші, тауарлар мен қызметтер қозғалысының жолындағы кедергілерді өз мүддесін ойластырып жойып, ұлттық мемлекеттік институттарға өктемдік етуге тырысады.

Екінші жағынан, «өздерінің» ТҰК-ы мен ТҰБ-ының артықшылығын жан-жақты ойластыратын дамыған батыс елдері (яғни штаб-пәтерлері тиісті ұлттық аумақта орналасқан) әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеудің жан-жақты механизмдерін пайдалануды жалғастырып, оларды жетілдіруде. Сондықтан ғаламдану кезеңінде әлеуметтік мемлекеттердің ұйымдастырушы рөлі жоғалмайды, керісінше, ол барынша жетілдіріліп, бірқатар бағыттарда өзінің қызметін жандандырады.

Төртіншіден, ғаламдану кезеңінің негізгі ерекшелігінің бірі ретінде Интернет желісі, электрондық пошта және т.б. арқылы тұрмыстық халықаралық, шын мәнінде ғаламдық (яғни әлемдік ауқымда) тілдесуді жеңілдеткен (кейбір шетелдік те, отандық та мамандар «ақпараттық революция» деген терминді қолданады), сонымен бірге сол каналдар арқылы бір мезетте ғаламшардың ең ірі мемлекеттерінің ЖІӨ-сінің және ұлттық байлығының мөлшерінен едәуір көп мөлшердегі қаржы операцияларын жүргізуді қамтамасыз еткен бұқаралық коммуникация құралдарындағы төңкерісті атауға болады.

Мысалы, ең озық электрондық байланыс құралдарын пайдаланудың арқасында өткен ғасырдың 90-жылдарының соңында әлемнің валюта нарықтарында күн сайынғы операциялардың көлемі 1,5 трлн долларға жетті, ал соңғы бағалар бойынша ХХІ ғасырдың басында осы сан көбейді. Көрсетілген жағдайлар банк-қаржы секторының материалдық қаражаттың негізгі массасының «ұстаушысы» ретіндегі рөлін ғана емес, сонымен бірге барлық әлемдік ұдайы өндірістік процестердің барысына ықпал ететін белсенді ойыншы ретіндегі рөлін де арттырады. Осыған байланысты бірқатар сарапшы «қаржы экономикасы» деген арнайы терминді ұсынды.

Бесіншіден, ғаламдану кезеңінде ең жаңа технологияларда көрініс табатын жаңа білім саласы мен мамандарды даярлау және өндірістік процесті ұйымдас-тыру орасан зор коммерциялық маңызға ие болып отыр. Мәселен, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында дамыған батыс мемлекеттерінде ЖІӨ өндірісі өсімінің 80%-ы осы саланың дамуымен байланысты. Қолда бар сараптау бағасы бойынша жаңа технологиялар мен ғылымды көп қажетсінетін даяр өнім нарығындағы жыл сайынғы айналым шикізаттың, сондай-ақ мұнайдың, мұнай өнімдерінің, газ бен ағаш өнімі нарығының айналымынан бірнеше есе асып түседі екен, бұл жерде миллиард емес триллион доллар мөлшеріндегі қаржы айналады.

Алтыншыдан, экономикалық базиспен шаруашылық жүргізуші субъектілерді де, сондай-ақ жай адамдармен қарым-қатынас жасау құралдарында жетілдіру олардың халықаралық өзара ықпалдасуын көп есе күшейтуге ықпал етеді, сондықтан ғаламдануда әр түрлі елдердің өзара тәуелділік деңгейі бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп, бүкіл ғаламшар ауқымында тауарлармен, қызметтермен, капиталмен, ақпаратпен және т.б. алмасудың сапасы мен жылдамдығы артады, сондай-ақ сауда және сыртқы экономикалық байланыстардың басқа да нысандары жан-жақты кеңейеді. Бұл қазіргі әлемде орын алған процестердің көрінісін айғақтайды.

Ғаламданудың белең алуы мемлекеттердің, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қызметін үйлестірудің халықаралық нысандарының рөлін арттыруды қажет етеді. Осы орайда ғаламдану процесі елдердің ұлттық экономикалары мен әлеуметтік-саяси, сондай-ақ мәдени ерекшеліктерінің жойылатынын білдірмейді.

Әлемді мекендеген әр түрлі дінге сенетін, тарихи және ұлттық дәстүрлері сан түрлі осы елдердің әр алуан мәдениеті, сондай-ақ саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйелері адамзат

өмірінің аса маңызды саласын құрайды. Бұрынғыдай, қазіргі жағдайда, ғаламдану жағдайында кез келген осы ұлттық экономиканың қолында бар бүкіл мемлекеттік әлеуетті бәсекелік артықшылықты неғұрлым тиімді іске асыру үшін қоғамдық-саяси жүйені таңдау құқығы тек ұлттық мемлекеттік ішкі құзыретіне жатады. Ресурстардың неғұрлым күшті және дамыған елдерге бөлінуінің мүмкіндігі күшейген ғаламдану жағдайы елден жиынтық мемлекеттік әлеуеттің жоғары бәсекеге қабілеттілікті талап етеді.

Ғаламдану өндіріс пен халықаралық экономикалық өмірдің дамып келе жатқан интернационалдануының аса маңызды, алайда жалғыз ғана нысаны емес. Іс жүзінде ғаламдану процесімен бірге өңірлік экономикалық интеграция (өңірлердің дамуы) процестері де дамиды.

<b>20.2.</b>	<b>Халықаралық өңірлік интеграция, оның нысандары мен кезеңдері</b>

Өңірлік және қосымша өңірлік деңгейдегі экономикалық интеграция – бұл екі немесе одан көп мемлекеттердің шаруашылық өмірінің интернационалдану нысаны. Барлық бұрын болған және қазір бар мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастықпен салыстырғанда интернационалдануда ұдайы өндірістің ұлттық процестері бір-бірімен өзара тоқайласып, өзара кірігеді. Сонымен бірге ин-теграцияда оған қатысатын мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-қатынастарда, сондай-ақ үшінші елдермен жасалатын қатынастарда келісілген экономикалық саясат бірте-бірте жүргізіледі.

Өңірлік (субөңірлік) интеграция процесі сапасының дамығанда тұрақты құрылымдық байланыстар бірте-бірте қалыптасып, әріптес-елдердің арасындағы ынтымақтастық сауда-экономикалық қана емес, уақыт өте техникалық-технологиялық және қаржы-инвестициялық сипатқа ие болады. Осы процеске ТҰК ықпал ететін ортаға кіретін де, сондай-ақ шағын және орта бизнестің мүддесіне қызмет көрсететін сан мыңдаған банктер, фирмалар, өндірістік компаниялар, ғылыми-техникалық орталықтар тартылады.

Интеграция дегеніміз барлық деңгейде экономикалық өзара ықпалдасу да, сонымен бірге саяси өзара ықпалдастық жоғары деңгейде жүзеге асырылатын толыққанды, біртұтас экономикалық немесе жалпы шаруашылық кеңістік құрумен аяқталатын әжептәуір ұзаққа созылатын процесс. Осы кезеңдердің алдында интеграциялық ықпалдасу процесінен мемлекеттер белгіленген ретпен өтетін бірнеше тарихи және ұйымдастыру кезеңі немесе аралық саты болады.

Еркін сауда аймағы – бұл қатысушы-елдер өзара сауда бөгеуілдерін жоятын, алайда үшінші елдермен жасалатын өздерінің экономикалық байланыстарында іс-әрекет жасаудың толық еркіндігін сақтай отырып, баждарды немесе шектеуді жоятын болмаса жаңа баж, шектеу енгізетін, сондай-ақ кез келген сауда-экономикалық шарттар мен келісімдер жасасатын интеграциялық ынтымақтастықтың ең бірінші кезеңі немесе сатысы. Осы себеп бойынша еркін сауда аймағына қатысушы-елдердің арасында олардың мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін тауарлардың шығу тегін бақылайтын және үшінші елдерден әкелінген тауар массасының бөлігін жеңілдікпен өткізуге жол бермейтін кеден шекаралары мен бекеттері сақталған.

Еркін сауда аймағының дәстүрлі мысалы ретінде 1960 жылы құрылған Еуропалық еркін сауда қауымдастығының (ЕЕСҚ) қызметін келтіруге болады. Оның құрамына бұрын кіретін жеті елдің үшеуінің Еуропалық одаққа (ЕО) кірген 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕЕСҚ-да төрт ел, яғни Исландия, Лихтенштейн, Норвегия және Швейцария қалды. Олар екі жақты экономикалық сауда мен келісім жасау практикасын ұстанады, ал олардың әрқайсысы әлемнің кез келген елімен, оның ішінде ЕО-мен де әр түрлі мәселелер бойынша оған қол қояды.

Еркін сауда аймағынан кейінгі интеграциялық ынтымақтастық аймағы кеден одағы деп аталады. Осы аймақта аталмыш одақты құратын мемлекеттер өзара сауда бөгеуілдерін жою ғана емес, сонымен бірге сыртқы сауда бөгеуілдері мен барлық үшінші елдер қатысында жалпы кеден баждарының біртұтас жүйесін құру жөнінде уағдаласып одан әрі жылжиды. Бұл жағдайда осы одаққа қатысушы-елдердің «ішкі» шекараларында іс-қимыл жасайтын кеден қызметтері мен органдар өздерінің функцияларын осыдан кейін осы елдер қалыптастыратын біртұтас кеден кеңістігінің ортақ шекарасына айналатын оның сыртқы шекара-раларындағы кеден қызметтеріне табыстап, бірте-бірте тарайды. Мұндай кеден одағының ойдағыдай қызметінің мысалы ретінде 60-жылдардың соңынан бастап әжептәуір ұзақ уақыт бойы өзара ықпалдасудың осы кезеңінде болып, толыққанды жалпы нарық жағына бірте-бірте дамыған Еуропалық экономикалық қауымдастықты немесе ЕЭҚ-ты (Еуропалық одақтың бұрынғы атауы) келтіруге болады.



Кеден одағының тап осы кезеңінде қатысушы-елдердің шешімімен белгіленген үйлестіру және өкімдік функциялары, сондай-ақ бақылау құқықтары берілген ұлттық органнан жоғары экономикалық топтар жұмыс істей бастайды. Сөйтіп, мемлекет интеграциялық процестерді жақсы үйлестіріп, жылжыту мақсатында өзінің егемен өкілеттіктерінің бөлігін арнайы құрылған мемле-кетаралық құрылымдарға береді. Осы ерекше орган белгіленген тәртіппен қабылдаған шешімдерді интеграциялық бірлестікке (достастыққа, қауымдастыққа) қатысушы-елдердің тиісті ұлттық ұйымдары мен органдары орындауға міндетті. Интеграциялық процестің дамуына орай интеграциялық процестің келесі жоғары кезеңіне өткен сайын ұлттықтан жоғары органның маңызы арта береді.

Осы кезеңде интеграциялық бірлестікке қатысушы-елдердің ұдайы аударымдарының негізінде қалыптасатын және жалпы интеграциялық мақсаттар – ынтымақтастықтың көзделген мақсаттарын бірлесіп іске асыру үшін пайдаланылатын интеграциялық бірлестіктің ортақ бюджеті де пайда болады.

Ортақ нарық интеграциялық өзара ықпалдасудың келесі кезеңі болып табылады және оған қатысушы мемлекеттер ұлттық шекаралар арқылы тауарлардың ғана емес, сондай-ақ басқа өндіріс факторларының (қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің) еркін өтуі туралы уағдаласады, осымен ортақ нарық кеңістігінің қалыптасуы аяқталады. Мысал ретінде өзінің дамуында осы кезеңнен өткен және сол себептен ұзақ уақыт бойы – Ортақ нарық деген екінші атауы болған Еуропалық экономикалық қауымдастықты келтіруге болады.

Алайда толыққанды интеграциялық ынтымақтастық тек нарықтық әдістермен және тұтқалармен ғана шектелмейді. Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастырудың барлық деңгейлерінде ұлттық шаруашылықтардың бір-біріне өзара кірігу процесі мемлекеттік қана емес, сонымен бірге мемлекетаралық реттеу құралдарымен бүкіл қалыптасқан өңірлік қауымдастықты әр түрлі деңгейде және мақсатқа орай реттеуді қажет етеді. Осы мақсатқа жетуді интеграциялық топтардың ұйымдастыру құрылымдары іске асыра алатын және тек нарықтық әдістердің көмегімен ғана емес қамтамасыз етілетін әріптестердің келісілген ішкі және сыртқы (содан кейін жалпы сыртқы) экономикалық саясатының бірте-бірте қалыптасуының арқасында қамтамасыз етуге болады.

Интеграциялық ынтымақтастықтың жоғары сатысында (кейде толық эконо-микалық одақты білдіреді) оған кіретін мемлекеттер баждарды өзара алып тастау немесе өзара төлемдерді ұйымдастыру, бірлескен сауда, ал одан кейін үшінші елдер қатысында жалпы экономикалық саясат жүргізу, сондай-ақ өзінің бүкіл мемлекеттік экономикалық саясатын сәйкестендіру жөнінде уағдаласады. Сонымен бірге біртұтас әлеуметтік кеңістік қалыптасады, оның барысында:

интеграциялық бірлестікке мүше-елдер жүргізетін әлеуметтік саясат пен ұлттық заңнаманың бүкіл бірлестігінде халыққа берілетін әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді біріктіру үшін олардың «базистік» кепілдіктерін анықтаудың негіздері жақындастырылады;

осы интеграциялық бірлестікке кіретін әр түрлі елдердің әлеуметтік даму деңгейлерінің мақсатқа орай жақындасуы басталады;

интеграциялық бірлестіктің қаржы ресурстарын оған кіретін нашар дамыған елдердің ғана емес, сонымен бірге оның жекелеген бөліктерінің (әкімшілік өңірлердің) пайдасына межелеп бөлетін механизм құрылады.

Осы механизммен ұлттық қауымдастықтың (бірлестіктің) негізі ортақ нарыққа көшу сатысында қаланатын бірыңғай өңірлік саясат жүргізу де тығыз байланысты. Оның мақсаты – интеграцияланатын елдердің бүкіл аумағындағы шаруашылықты құрылымдық-технологиялық қайта құру процесін бірте-бірте сәйкестендіру. Интеграциялық ынтымақтастықтың жоғары сатысында осындай сәйкестендірілген өңірлік саясат нағыз біртұтас саясатқа айналады, ол таза құрылымдық-технологиялық аспектілермен қоса жаңа мазмұнға ие болады, яғни бірлестікке жалпы қатысушы-елдердің және олардың әкімшілік өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тегістеліп, олардың келешекте біртұтас шаруашылық ағза ретінде дамуы үшін жағдай жасалатын болады.

Сонымен бірге, өзара ықпалдасудың осы сатысына көшкенде қоршаған әлемге қатысты жалпы экономикалық саясат келісілген сыртқы саясатпен бірте-бірте толығады, ал осының өзі тараптардың экономикалық даму мүддесінде күш пен құралдарды өзара тиімді етіп біріктіруге мүмкіндік береді. Интеграциялық өзара ықпалдасудың осы неғұрлым жоғары сатысында ұлттықтан жоғары органдардың рөлі одан сайын жоғарылайды, олардың ішінде мемлекетаралық би-лік интеграциялық қауымдастықтың функциялары қатаң бөлінген заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына бөліну процесі аяқталады.

Соңғы жылдары бұрын әлемнің бірнеше ғана өңірінде етек жайып келе жатқан жатқан интеграциялық процесс қазіргі уақытта барлық континенттер мен субконтиненттерді қамтып, басым көпшілігінде алдына экономикалық ынтымақ-тастықтың интеграциялық сатысына шығу мақсатын қоятын көп өңірлік және субөңірлік сауда-экономикалық блоктар пайда болды. Қазіргі кезеңдегі әлемдік экономикалық кеңістік іс жүзінде күннен-күнге саны үнемі артып келе жатқан мемлекетаралық интеграциялық топтарға бөлінді десе болады.

Қазіргі таңда әлемде әр түрлі дәрежеде дамыған 100-ге жуық өңірлік (субөңірлік) сауда және экономикалық келісім мен уағдаластық жұмыс істейді. Оларды мемлекетаралық бірлестіктер әр уақытта қолдайды деу артық, бірқатар жағдайда (әсіресе кейбір африкалық және латын американдық елдер жариялаған одақтарға қатысты) интеграциялық ынтымақтастық тиісті шарт жазылған тек қағаз жүзінде қалған. Мысалы, Әлемдік банк сарапшыларының бағалауы бойынша нақты ынтымақтастықтың сипаты бойынша 20 мемлекетаралық бірлестікті оған кіретін елдермен бірге шын мәнінде интеграциялық бірлестікке жатқызуға болады екен.

Өңірлік және субөңірлік деңгейдегі интеграция халықаралық экономикалық қатынастарды дамытады, ол бұрын пайда болған негізгі топтардағы ынтымақтастықтың түрлерін көбейтіп, тереңдетеді. Бұған өнім өткізу нарықтары мен шикізат көзі үшін жүргізілетін күрестің барысында кеден жиындарын, өндіріс пен айналыстың қосымша шығынын үнемдеуге, сондай-ақ әлемдік нарықта бәсекелестерге қарсы күшті біріктіруге мүмкіндік алу үшін ең алдымен көрші мемлекеттердің материалдық-қаржы, содан кейін олардың өндірістік күш-жігерін кооперациялауды қажет ететін бәсекелестік ықпал етеді. Сондықтан көршілес елдермен жүзеге асырылатын интеграциялық процеске экономикалық жағынан қуатты мемлекеттер де көптеп қосылады.

<b>20.3.</b>	<b>Қазіргі кезеңдегі әлемдегі негізгі халықаралық экономикалық интеграциялық топтар</b>

Еуропалық одақ (ЕО) қазіргі уақытта басынан қиын кезеңді кешіріп жатқанымен экономикалық интеграция дамуының үлгісі болып табылады. Қазіргі уақытта оның құрамына кіретін Батыс, Солтүстік, Орталық және Шығыс Еуропа мемлекетінің 12-і басқадан өзге үйлестірілген мемлекеттік экономикалық саясат жүргізуді қарастырған экономикалық және валюта одағын («еуро аймағы» деп аталады) құрайды; ЕО-ға кіретін қалған қатысушы-елдер (Ұлыбритания, Дания және Швеция) әр түрлі себептермен «еуро аймағына» кіруге асықпайды немесе оны енгізу жолында («жаңа мүше-елдер» деп аталады). Осы конструкцияда валюта құрамдасы аса маңызды рөл атқарады. 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап қолма-қол ақшасы аударымға енгізілген бірыңғай еуропалық валюта-еуро 2002 жылдың алғашқы айларының ішінде айналыстағы француз және Бельгия франкісі, итальян лирасы мен неміс маркісін, австрия шиллингі мен испан песетасы, сондай-ақ басқа да ұлттық валюталарды алмастырып, еуроодақ аумағында толыққанды төлем құралына айналды.

Бүкіл еуроодақтың эмиссиялық орталығына айналған Майндағы Франкфуртта (Германия) резиденциясы бар біртұтас Орталық Еуропалық банк жұмыс істейді; «еуро аймағына» мүше-мемлекеттердің орталық банктері оның филиалдарына айналды. Осыған байланысты бірқатар сарапшы мен мамандардың пікірі бойынша келешекте батыс еуропалық саяси конфедерация пайда болуы ықтимал. Алайда конфедерацияға мүше-елдердің ұлттық егемендіктің бірқатар белгісінен бірте-бірте ерікті түрде бас тартуы қажет болуына және олардың көбінің осыған қарсылық көрсетуі мүмкін болуына байланысты, бұл іс асығыстықпен жасалмайды. Осының мысалы ретінде 2005 жылғы мамыр-маусым айларында Франция мен Нидерландыдағы жалпыұлттық референдумда елдер қабыл алмаған Біріккен Еуропаның Конституциялық актісін (Еуропалық Конституция) қабылдаудағы қиындықтардың салдарынан осы құжатты қолданысқа енгізу процесінің баяулағанын келтіруге болады.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында Американдық континентте үш елді (АҚШ, Канада мен Мексика) және Оңтүстік Америкада толыққанды еркін сауда аймағын, ал кейін – кеден одағын құруды мақсат тұтқан Аргентинаның, Бразилия мен Уругвайдың арасында жасалған (кейін оған Парагвай қосылды) «Меркосур» сауда пакті атты екі ірі бірлестік жұмыс істей бастады. 1999 жылдың желтоқсанынан бастап «Меркосурға» қатысушылар бірте-бірте бірыңғай валюта енгізуге

даярлануда. «Анд пактісіне» қатысушы-елдер (Венесуэла, Колумбия, Перу, Чили және Эквадор) өзара ынтымақтастықты жандандырды. Ал Батыс жарты шарда 2004 жылы Құрама Штаттар Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Никарагуа, Сальвадор және Доминикан Республикасы осы өңірде халықаралық сауданың негізін құрайтын азық-түлік, тоқыма және басқа да тауарлармен жасалатын саудадағы бөгеуілдерді бірте-бірте алып тастау қарастырылған Орталық американдық еркін сауда аймағы (ЦАФТА) туралы ауқымды Келісімнің жасалуын өңірлік ынтымақтастықтың тағы бір көрнекі мысалы ретінде келтіруге болады.

Сонымен бірге АҚШ-тың Американдық континенттің екі бөлігінің барлық елдерін бір интеграциялық блокқа біріктіре алатын Панамерикандық еркін сауда аймағын («Американың еркін сауда аймағы») қалыптастыруға қатысты барлық күш-жігері Құрама Штаттардың осы жобада экономикалық мақсаттардан гөрі саяси мақсаттарды көздеп отырғанына байланысты, ең ірі латын американдық елдерден қолдау таппай отыр.

Ал Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастық ұйымы құрылған Азия-Тынық мұхит өңірінде (АТӨ) транстынықмұхиттық экономикалық ынтымақтастықтың (АТЭЫ) ауқымды процесі дамып келеді. 1989 жылы құрылған осы топқа қазіргі уақытта Тынық мұхитқа шығатын жол бар 21 мемлекет, яғни АҚШ, ҚХР, Жапония, Қазақстан және т.б. елдер кіреді. Бүгінгі күні АТЭЫ-ға мүше-елдер ғаламшардағы экономикалық ахуалдың жай-күйіне ықпал етіп, бүкіл әлемдік шаруашылық өнімінің 55%-дан астамын шығарады. Сонымен бірге 1994 жылы олар 2020 жылға дейін өзара сауданы ырықтандыру жөніндегі Богор декларациясын қабылдаған. Сол уақытқа дейін бүкіл әлімдік тауар айналымының 50%-ынан кем емесін шарттар мен келісімдер жүйесімен қамтитын әлемдегі ең ірі еркін сауда аймағын құруды аяқтау қарастырылып отыр.

Азияда он мемлекет, яғни Бруней, Вьетнам, Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур, Таиланд, Камбоджа, Лаос және Мьянма (бұрынғы Бирма) кіретін Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы (АСЕАН) ірі саяси және саяси экономикалық конгломерат болып қалыптасты. Осы топтың көбі 1997-1998 жылдардағы дағдарысқа дейін экономикалық өсудің әлемдегі ең жоғары орташа жылдық қарқынын көрсетіп келді. Өзара сауда-экономикалық байланыстарды жеңілдетуге қатысты бір жолғы шараларды ұйымдастырумен ұзақ уақыт бойы шектеліп келген қатысушылар соңғы жылдары өңірдегі интеграциялық дамудың ұзақ мерзімді үлгісін әзірлеуді ойластырып, Шығыс Азияда ортақ нарық құруға бел байлады. 1999 жылдың соңымен – 2000 жылдың басынан бастап елдер өңірде бірте-бірте кеден одағын, ортақ нарық құрып, еуроға ұқсас «бірыңғай азиялық валюта» енгізуге кірісті. 2005 жылғы желтоқсанда Куала-Лумпур (Малайзия) қаласында АСЕАН елдерінің, Қытай, Жапония, Үндістан, Оңтүстік Корея (Корея Республикасы), Австралия мен Жаңа Зеландия мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының кездесуінің қорытындысы бойынша Шығыс Азия қауымдастығын қалыптастыру жөнінде шешім қабылданды.

90-жылдарда да Оңтүстік Азияда бұрын айтылған өңірлік интеграция идеясын жандандыру әрекеті жасалды. Ұзақ уақыт бойы жүргізілген келіссөздердің соңында Делиде қатысуға келісім берген Үндістанның, Пәкістанның, Шри-Ланканың, Бангладештің, Непал мен Мальдив аралдарының қатысуымен Оңтүстік Азия еркін сауда аймағын құру жөніндегі негізгі келісім жасалды. Қатысушы-елдер преференциалдық сауда келісімі ауқымында бірқатар өзара жеңілдік енгізуге уағдаласты. Сонымен бірге Оңтүстік Азияда интеграциялық ынтымақтастықтың толық шамада дамуына Үндістан мен Пәкістанның арасындағы шиеленіскен саяси қатынастар кедергі келтіреді.

Африка континентінде Шығыс және Оңтүстік Африка (ПТЗ) және Оңтүстік Африка елдерінің дамуын үйлестіру жөніндегі конфедерацияның (САДКК) арқасында өзара сауда көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін тұрақты мемлекетаралық қатынастар дамып келеді.

Таяу Шығыста 1981 жылы кейде «мұнай алтылығы» деп аталатын Сауд Арабиясы, Бахрейн, Қатар, Кувейт, Біріккен Араб Әмірлігі (БАӘ) және Оман кіретін Парсы шығанағының араб елдерінің ынтымақтастығы жөніндегі кеңес құрылып осы күнге дейін жұмыс істейді. Осы кеңеске кіретін елдердің көбісі сонымен бір уақытта Мұнай экспорттайтын елдер ұйымына да (ОПЕК) мүше, алайда осы картельмен салыстырғанда «алтылыққа» қатысушылар мұнай өндіру мен оны өткізуді ұйымдастыруға ғана емес, сонымен бірге келешекте өңірде біртұтас өндірістік кеңістік қалыптастыруға ықпал ететін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым құру жөнінде әжептәуір тиімді үйлестірілген саясат жүргізіп келеді.

Мемлекетаралық экономикалық интеграцияны дамыту барысында елдер осы процеске қатысатын елдердің ұлттық, этникалық, мәдени-тарихи, діни ерекшеліктерін, өзара мемлекеттік мүдделерді, саяси және экономикалық құқықтарды ескереді, сонымен бірге бірте-бірте шын мәнінде тең құқықты әріптестерден құралған интернационалдық шаруашылық қауым құру

мақсатында интеграциялық бірлестікке қатысатын әрбір ұлттық экономиканың артықшылықтарын барынша пайдалануға тырысады. Қазіргі кезеңдегі әлемдік шаруашылық дамуының нысаны ретінде халықаралық экономикалық интеграцияның негізгі ерекшелігі осыған негізделеді.

<b>20.4.</b>	<b>Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы</b>

Кеңес одағының ыдырауы салдарынан шаруашылық-өндірістік кеңістік тарап, кәсіпорындардың, ғылыми және өндірістік бірлестіктердің арасындағы байланыстар үзілді, сондай-ақ біртұтас елдің аумағындағы бұрынғы республикааралық шекаралар мемлекетаралық шекараларға айналды. Шекаралардың мемлекетаралыққа айналуына байланысты өзара сауда және басқа да экономикалық қатынастардың жолында бір мезетте көп бөгеуіл туындап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экономикаларын қыруар шығынға батырды.

Осы жағдайда Қазақстан мен басқа да бұрынғы кеңес республикалары әрбір әріптестердің мүддесін бірдей ескерумен қатар, еңбекті өзара тиімді бөлудің нәтижесінде дамудың барынша жоғары ортақ нәтижесіне жетіп қана қоймай, біртұтас одақтас экономика күйреуінің шығынын барынша азайтуға мүмкіндік беретін жаңа экономикалық өзара қарым-қатынастарды қалыптастырып, шаруашылық ынтымақтастықтың жаңа схемасын іске асыру проблемасын шешуге тиіс болды.

1991 жылғы желтоқсанда құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) осы мақсаттарға жетуге тиіс еді.

ТМД өзінің қызметін халықаралық құқық қағидасына негіздейтін толық құқықты халықаралық ұйым ретінде алдына келесі міндеттерді қояды:

әрбір қатысушы-елдің экономикалық реформалар мен мемлекеттік құрылыстың өзінің меншік үлгісін жүзеге асыруға мүмкіндігінше көмек көрсету;

экономикалық та, саяси да саланың көптеген аясында өзара қатынастардың дамуына ықпал ету;

қалыптасқан рухани, гуманитарлық және мәдени байланыстарды сақтау үшін жағдай жасау.

Беловеж келісінде жазылған барлық осы ережелер ТМД-ның 1993 жылғы Жарғысында айтылған. Осы құжатта жоғарыда айтылғаннан басқа келісілген экономикалық саясаттың келесі негізгі бағыттары қарастырылады:

нарықтық қатынастар мен тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күші мен капиталдың еркін қозғалысы негізінде ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру;

әлеуметтік саясатты үйлестіру, экономикалық реформа жүргізуге байланысты бірлескен әлеуметтік шаралар мен әлеуметтік шиеленісті төмендету жөнінде іс-шара әзірлеу;

көлік пен байланыс, сондай-ақ энергетикалық жүйелерді келісіп дамыту;

кредит-қаржы саясатын үйлестіру;

Достастыққа қатысушы-елдердің сауда-экономикалық байланыстарының дамуына жан-жақты көмектесу;

инвестицияларды ынталандыру және оны өзара қорғау;

өнеркәсіп өнімі мен тауарларын стандарттау мен сертификаттауға көмектесу;

интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау;

ортақ ақпараттық кеңістіктің дамуына көмектесу;

ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және т.б. салаларда бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру.

Жарғының және ТМД-ның құрылуы мен дамуы туралы басқа да құжаттардың қабылдануының маңызына қарамастан, осы құжаттарға:

жоғарыда атап өтілген ережелерді іске асырудың нақты жазылған механизмінің болмауы;

экономикалық саясаттың көрсетілген келісілген бағыттарын жүзеге асыру ауқымында Достастықтың оларды ұйымдастыратын мемлекетаралық билік, басқару мен ортақ органдарының өзара өкілеттіктерінің белгісіздігі сияқты ортақ кемшіліктер тән.

Талдау ынтымақтастықтың неғұрлым төмен сатыларынан жоғары сатыларына (кезеңдеріне) бірте-бірте өту қарастырылатын интеграциялық дамудың теориясы мен халықаралық практикасына қарама-қайшы ТМД ішінде интеграциялық даму кезеңдерін аттап өту әрекеті мен көзделген мақсатқа жету үшін пара беру фактілері де жиі кездесетінін көрсетеді. Осының нәтижесінде 1994 жылы ТМД-ға кіретін КСРО-ның 15 бұрынғы кеңес республикасының 12-і кірсе

де (Балтық жағалауы елдерін қоспағанда), осы елдердің арасындағы қатынастардың сапасы нашар, яғни 1992-1994 жылы қабылданған шешімнің бірде-бірі жүзеге асырылмады.

Осы жағдайда әрбір жаңа орындалмаған міндетпен қоса елдердің қарым-қатынастары да күрделеніп, осының нәтижесінде тараптардың экономикалық және саяси қатынастары да еріксіз нашарлайды.

ТМД дамуының бірінші кезеңінде Достастық елдерінің өзара қарым-қатынастарында дағдарыс өршіген сайын осы елдердің көпшілігінің ішінде де әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың да етек жайғаны мәлім. КСРО тарағаннан кейін пайда болған барлық мемлекеттерде өндіріс жаппай күйреді, ал ТМД бойынша 1991-1995 жылы өндірілген ЖІӨ 50%-ға дейін түсті.

КСРО-ның бұрынғы республикаларының арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуі ТМД елдерінің экономикасындағы дағдарыстық құбылыстардың туындауына себеп болды. Есептер ТМД елдерінде жалпы экономикалық құлдыраудың үштен бірі осы байланыстардың үзілуімен байланысты екенін көрсетті. Жалпы, ресми статистикаға сәйкес, 1991-1995 жылдары ТМД ауқымындағы тауар айналымының құндық мағынасы 60%-ға қысқарды, сондай-ақ Достастық республикаларының арасындағы жалпы тауар айналымындағы сауданың үлесі 1992 жылы 53%-ға, 1994 жылы – 40%-ға және 1995 жылы – 35%-ға дейін төмендеді.

Достастық елдері арасындағы экономикалық байланыстардың 1992-1995 жыл-дар аралығында одан әрі үзілуінің күшеюіне келесі себептер де түрткі болды:

жүзеге асырылатын өнімді жеткізу бойынша өзара төлеменің өсуіне байланысты бұрынғы КСРО ауқымындағы республикалық жеткізулердің «алыс шетел» нарықтарына бетбұрыс жасауы;

біріншіден, бұрынғы біртұтас КСРО халық шаруашылығының құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық экономикаларды жалпы басқаруды жоғалту, екіншіден, бағаларды ырықтандыру және үшіншіден, қатаң ақша-кредит саясатын жүргізудің салдарынан өндірістің ауқымын қысу;

үшінші елдерден импортталатын өніммен салыстырғанда Достастық мемлекеттері шығаратын өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің (бағаны ырықтандыру жағдайында) неғұрлым төмен болуына байланысты осы елдермен сауда қатынастарын дамытуға назар аудару.

1998 жылғы 17 тамыздағы Ресейдегі дефолт пен одан кейін Ресейдің ұлттық валютасы – рубльдің құнсыздануы салдарынан 90-жылдары ТМД қатты соққы алды. Осының нәтижесінде Достастықтың Ресеймен неғұрлым тығыз байланысты елдерінің экономикасына ауыртпалық әкелген және ТМД аумағында 1999 жылдың соңына дейін жалғасқан жалпы дағдарыстың дамуының жаңа кезеңі басталды. Бірінші кезекте:

рубльдің түсуіне байланысты ресейлік импорттың арзандауы;

тауарлардың Ресей нарығында бір уақытта қымбаттауы салдарынан Ресеймен жасалатын саудадағы теріс сальдоның күрт өсуі орын алды.

Әлеуметтік-экономикалық процестердің даму барысында ТМД-ның әр түрлі елдерінде елеулі ерекшеліктердің бары анықталды. Мәселен, бірқатар бұрынғы одақтас республикаларда (Беларусь, Түркіменстан) өнеркәсіп өндірісінің түсу қарқынын айтарлықтай кеміту немесе тіпті өндірілген өнімнің көлемін арттыру (Өзбекстан) мүмкін болды. Бұған жоғарыда атап өтілген мемлекеттерде және ТМД-ның басқа да көп елдеріндегі сияқты әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеудің нашарлауына жол бермеудің арқасында қол жеткізілді. Сонымен бірге Достастық мемлекеттерінде дағдарыс дамуының жалпы тенденцияларын жеке атап өту керек.

Біріншіден, интеграцияға қарсы процестер ТМД елдерінің көбінде экспорттық-шикізат салалары мен қаржы-делдалдық қызметке бағдарланған ұдайы өндіріс жүйесін қалыптастырды.

Екіншіден, машина жасау кешені (Беларусь Республикасын қоспағанда), тұтыну тауарлары мен конструкциялық материалдар өндірісі сұраныссыз қалып, тұрақты дағдарыс аймағын құрады.

Үшіншіден, өнеркәсіптік өндіріс пен экспорттың құрылымы тұрақты түрде кеміп, энергия-шикізат салаларының үлесі жылдан-жылға өсіп отырды.

Төртіншіден, негізгі өндірістік қорлардың қатты ескіруінің, қалған өндірістің энергия сыйымдылығы мен металл сыйымдылығының өсуінің, толықтай амортизацияламау салдарынан өндірістік сипаттамалардың сапасы жаппай нашарлады.

Бесіншіден, іргелі ғылыми зерттеулердің ауқымы тарылып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты техникалық қамтамасыз ету жағдайы нашарлады, ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялық өндіріс жылдам қарқынмен қысқарды.

Алтыншыдан, жұмыс күшіне сұраныс азайды, осыған байланысты еңбек әлеуеті біліктілігінің айырылуымен қатар (әсіресе ғылымды көп қажетсінетін салаларда) айқын және жасырын жұмыссыздық көбейді.

Жалпы өткен ғасырдың 90-жылдары ТМД ауқымындағы көп жақты негіздегі саяси және экономикалық мемлекетаралық интеграция іске аспады деуге болады. Бүкіл көрсетілген кезеңде ТМД-ға мүше-елдердің өзара қарым-қатынастарында дағдарыстық құбылыстар өршіп, ал оларға өзара ынтымақтастық механизмі қызметінің тиімсіздігі ықпал етті.

90-жылдардың соңында ТМД-ның дамуында жаңа кезең басталып, бұрынғы кеңес республикаларының мемлекетаралық ынтымақтастығына интеграциялық, яғни кешенді әрі жүйелі сипат бере отырып, оны жандандыру әрекеті жасалды. Кезең-кезеңмен туындайтын сыртқы қауіптер, Достастық мемлекеттері, сондай-ақ үшінші елдер де бір-біріне қоятын аумақтық талаптарға байланысты ТМД-ның бірқатар елінің таза саяси және әскери-саяси іс-әрекетін көп жақты негізде де (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың ауқымында), сондай-ақ екі жақты негізде де (Ресей-Беларусь және т.б.) үйлестіруді қажет етеді.

ТМД-ның бірқатар елінде 90-жылдардың ортасында Достастықтың ішіндегі мемлекеттер тобының арасында көп жақты ынтымақтастықты жедел дамыту үшін жаңа мүмкіндік ашқан, атап айтқанда, 1995 жылдың қаңтарында Ресей, Қазақстан мен Беларусь кейін ішкі кеден шекарасы болмайтынын, тарифтік шектеулердің жойылатынын және ішкі кедендік бақылаудың алынып тасталатынын (осы республикалардың арасындағы шекарада кеден бекеттерінің алынып тасталатынын) жариялаған маңызды оқиға орын алды. Осы ұйымның негізгі құжаттарында Кеден одағы «осы ұйымның қағидаларын мойындайтын және қабылданған құжаттардан туындайтын міндеттемелерді толық мөлшерде орындауға даяр ТМД-ның кез келген мемлекетінің қосылуы үшін ашық» деп атап өтілген.

Кеден одағының құрылуы Ресей, Беларусь пен Қазақстанның арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, ынтымақтастықтың неғұрлым күрделі интеграциялық нысандарына бірте-бірте көшу мақсатында жалпы қолайлы ахуал қалыптастырды. 1996 жылдың наурызында Кеден одағына Қырғызстан қосылды, ал 1999 жылдың қаңтарынан бастап Тәжікстан оған толық құқықты мүше ретінде қатысты. Елдер экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы арнайы келісімге қол қойды, шартқа сәйкес осы бірлестіктің ішкі шекараларында тарифтік шектеулерді жою және кедендік бақылауды алып тастау қарастырылды.

Еуразиялық идеяны жариялау ТМД елдерінің интеграциялық процестерінің дамуындағы басқа аса маңызды оқиға болып табылады. 1994 жылдың наурызында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеу Мемлекеттік Университетінде ТМД елдері-республикаларын еуразиялық біріктіру туралы тұжырымды сөз сөйледі.

Еуразиялық идеяда бұрынғы кеңес мемлекеттерінің өткенге қайтуы емес, тарихи дамудың толқынында жаңа толыққанды пәрменді интеграциялық бірлесуді білдіреді. Президент Н. Назарбаев кейіннен төрт мемлекеттің Бірыңғай экономикалық кеңістігінің құрылуын Еуразиялық идеяны үздік жүзеге асыру деп атады. Оның ойынша, еуразиялық идея – бұл ғаламдық әлемнің қажеттілігі, оны дамыту тауар ағыны үшін кеңістікті кеңейтуді қажет етеді.

90-жылдардың ортасынан бастап Достастық ішінде бұрынғы кеңес республикаларының әр түрлі топтары жақындасып, интеграциялық ықпалдасудың әр түрлі нысандары жылдам дами бастады. ТМД бойынша әріптестер Достастық мүшелерінің барлығы интеграцияны жылжыту саласында қайсыбір ауқымды әрі түбегейлі қадамдарды бір уақытта жүргізуге келіспеген жағдайда, осы мүше-лердің арасындағы өзара ықпалдастықты өзара жан-жақты жедел дамыту қажет деп санайды.

XXI ғасырдың бас кезінде Достастықтың аумағында келесі интеграциялық бірлестіктер қалыптасып, шын мәнінде жұмыс істеді:

құрамына 5 мемлекет, яғни Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Қазақстан мен Тәжікстан кіретін Кеден одағы. Одақ 2000 жылдың күзінде Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ)<sup>18</sup> болып қайта құрылды;

Орталық Азия одағы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан) 1994 жылы құрылып, 1998 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы, ал 2002 жылы – «Орталық Азия

<sup>18</sup> ЕурАзЭҚ-ты құру туралы шартқа 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында қол қойылып, ол 2001 жылғы 31 мамырда күшіне енді. Қазіргі уақытта ЕурАзЭҚ-та Украинаға, Молдавия мен Арменияға бақылаушы мәртебесі берілген.

ынтымақтастығы» (ОАБ) ұйымы болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта ұйым өзінің жұмысын тоқтатты;

Беларусь пен Ресейдің одақтас мемлекеті.

Сонымен бірге осы жуық араға дейін (2005 жылғы мамырға дейін – бес) құрамына Грузия, Украина, Әзірбайжан мен Молдова кіретін ТМД-ның төрт мемлекетінің саяси-экономикалық бірлестігі (қатысушы-елдердің бірінші әріп-тері бойынша – ГУАМ, осы ұйымның құрамынан Өзбекстан шыққанға дейін – ГУУАМ) жұмыс істеді.

ЕурАзЭҚ-қа қатысты айтатын болсақ, оның құрамындағы мемлекеттер нақты іс-әрекет жасау жөнінде айқын уағдаластыққа қол жеткізу үшін өзара мүдделерді пысықтау қажет деген ортақ пікірге келді. ТМД құрамындағы жаңа интеграциялық бірлестіктің басшы органдары, яғни Мемлекетаралық кеңес (мүше-елдердің мемлекет басшыларының деңгейінде), үкімет басшыларының кеңесі мен Интеграциялық комитет (үкімет басшылары орынбасарларының деңгейінде) тағайындалды. Бес мемлекет бірлестігінің бас лауазымды тұлғасы ЕурАзЭҚ-тың тұрақты негізде жұмыс істейтін және Мемлекетаралық кеңестің шешімімен бекітілетін ЕурАзЭҚ-тың бас хатшысы болады.

ЕурАзЭҚ жағдайында ТМД-да осы интеграциялық бірлестікке кірген мемлекеттердің экономикалық әлеуетіне орай әр түрлі мүмкіндіктер қарастырылған нақты шаруашылық-экономикалық мәселелер бойынша алғаш рет шешім қабылдау механизмі құрылды.

Мұның өзінде ЕурАзЭҚ дамуының стратегиялық және саяси мәселелерін шешкенде интеграциялық ынтымақтастықтың негізінде қарастырылғандай қа-тысушы-елдердің «бір ел – бір дауыс» қағидасы бойынша абсолюттік теңдігі сақталады. Бұл инварианттық тәсілдеме осы интеграциялық топтардың өздерінің экономикалық әлеуетін өрістету үшін өзара ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға ынталандырады.

2004 жылғы маусымда Астана қаласында ЕурАзЭҚ-қа мүше-елдердің Мемлекетаралық кеңесі отырысының қорытындысы бойынша бағалы қағаздар нарығындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. 2005 жылғы маусымда Мәскеу қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің кезекті отырысында ұзақ мерзімді негіздегі ортақ жобаларды кредиттеуді жүзеге асыруға тиіс ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық банкіні қалыптастыру туралы шешім қа-былданды.

Сөйтіп, «Үлкен» ТМД-мен салыстырғанда ЕурАзЭҚ сауда-экономикалық қатынастарға бірте-бірте интеграциялық сипат беріп, оны дамытуға арналған жан-жақты дамыған «аймақ» болып табылады.

Ресей-Беларусь ынтымақтастығы. Сол кездегі Кеден одағы ауқымындағы көп жақты сауда-экономикалық қатынастардың дами келе интеграциялық ынтымақтастықтың одан да дамыған нысаны – Екі мемлекеттің қауымдастығы құрылды. Қауымдастық туралы келісімде ТМД мен Кеден одағы ауқымында екі елдің өзара ықпалдасуының барынша жоғары дәрежесі қарастырылған, сонымен бірге екі жақты атқарушы және өкілдік-консультациялық органдар қосым-

ша құрылды. Бір жыл өткеннен кейін, 1997 жылғы сәуір-мамыр айларында Ресей мен Беларусь Одағының Шарты мен Жарғысына қол қойылып, екі көршілес елдің және бауырлас халықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жақын-дасуындағы келесі қадам жасалды.

1999 жылғы желтоқсанда Беларусь пен Ресейдің одақтас мемлекетін құру туралы шартқа қол қойылып, ол күшіне енді. Осы шартта:

Одақтас мемлекеттің ортақ Салық кодексі қабылданғанға дейін екі елдің салық заңнамасын сәйкестендіріп, жақындастырудан бастап бірыңғай салық жүйесіне бірте-бірте көшу;

сәйкестендірілген нормативтік-құқықтық базаның негізінде бағалы қағаздар мен оның инфрақұрылымының ортақ нарығын құру;

үшінші елдер мен халықаралық ұйымдар қатысындағы сауда режимдерін сәйкестендіру, кейін – Ресей мен Беларусьтің сәйкестендірілген нормативтік-құқықтық актілерін қабылдау;

бірыңғай ақша бірлігін (валюта) енгізудің және біртұтас эмиссиялық орталықты бір уақытта қалыптастырудың негізінде кезең-кезеңмен валюталардың интеграциясы қарастырылған.

2004 жылдың тамызында Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы Президенттерінің кездесуінде валюталардың интеграциясы, біріншіден, құрамдастың бірі ретінде, екіншіден, жеке бастың мақсаты емес, атап айтқанда бірыңғай шекара жүйесін, біртұтас кеден аумағын, ортақ бюджет құру үшін ғана ойластырылған. Алайда осы уақытқа дейін бірқатар уағдаластық іске асы-рылған жоқ.

Беларусь қазіргі уақытта Ресейдің екінші сауда әріптесі (Германиядан кейін) болып табылады.

Сөйтіп, ТМД елдері өңірлік («субөңірлік») интеграциялық бірлестіктерге кіретін ТМД-ға мүдделі мүше-елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін ТМД елдері біртұтас экономикалық кеңістікті бірте-бірте қалыптастыруды ойластыруда. 2003 жылғы 23 ақпанда ТМД мемлекеттерінің, яғни Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украина көшбасшыларының қатысуымен өткен

ресми емес кездесуде осындай мәселе қойылды. Кездесу аяқталғаннан кейін тараптар мәлімдеме жасады. Атап айтқанда экономикалық интеграцияның жаңа кезеңінде мүдделі тараптар Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру үшін қажетті іс-шаралар бойынша келіссөз жүргізуді бастайды деген шешім қабылданды.

Біртұтас экономикалық кеңістік. 2003 жылдың қыркүйегінде Ялта қаласында (Қырым, Украина) Ресей, Беларусь және Қазақстан арасында Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптастыру туралы келісімге қол қойылды. Осы мақсатта шаруашылық қызметтің бірқатар бағыттарын келісу көзделді. Атап айтқанда, 2004 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында БЭК-ке мүше-мемлекеттердің басшылары 29 құжаттан тұратын тізбені, оның ішінде келесі құжаттарды бекітті:

тауардың шыққан елі мен оның кедендік құнын анықтау жөніндегі бірыңғай бағаларды қабылдауға қатысты жобаларды;

экспорттық және импорттық тауарларды лицензиялаудың бірыңғай ережелерін;

БЭК елдерінің аумағы арқылы транзиттеудің бірыңғай ережелерін;

ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары;

кері экспорты кеденді бақылау туралы келісімді;

БЭК елдерінің аумағындағы инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысы туралы келісімді.

Астанада қол жеткізген уағдаластықтарға сәйкес көрсетілген құжаттар 2005 жылғы 1 шілдеде күшіне енетіндей 2004 жылдың соңына дейін қол қоюға даяр болуы тиіс еді.

Алайда БЭК-ке қатысушы-елдер 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарлар экспортында тағайындалған ел қағидасы бойынша ҚҚС өндіруге өзара көшу туралы шешім қабылдады. Бұл Ресей Беларусьқа, Қазақстан мен Украинаға экспорттайтын энергия тасымалдаушыларға (мұнай, табиғи газ бен газ конденсаты) толық шамада қатысты; ендігі уақытта осы өнімге салықтар олар жеткізілетін елдерде есептелетін болды (бұрын, мысалы, ресейлік мұнай өнімдерін Қазақстанға экспорттағанда ҚҚС екі рет – кеткенде және кіргенде салынатын, ал мұның өзі өндіріс үшін де, сондай-ақ жеке тұтыну үшін де мұнай өнімдерінің бағасын тым шарықтатып жіберетін). Ал Беларусьтан, Қазақстан мен Украинадан Ресейге экспортталатын тауарларға ҚҚС Ресей аумағында салынатын болды. Көрсетілген шара тауарлар мен қызметтерді айтарлықтай арзандатып, өзара тауар айналымының жалпы көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Ресейдің негізгі сауда әріптесінің ондығына кіреді, ал Ресейдің ТМД елдерімен жасайтын сыртқы сауда айналымында осы сауданың өзіндік салмағы 20%-ға жуықты құрайды. Ал Ресей Қазақстанның аса маңызды сыртқы сауда әріптесі болып табылады, қазақстандық экспортта оның үлесі жыл сайын 20%-ға жуықты, ал бірқатар жыл бойы қазақстандық импортта оның үлесі 40%-дан асады. Ресейдің Орталық Азия республикаларымен жасайтын сыртқы сауда айналымында Қазақстан тұрақты бірінші орында, мұның өзінде біздің елдеріміздің арасындағы өзара сауда айналымының көлемі соңғы жылдары айтарлықтай ұлғайды.

Екі елдің экономикалық саладағы өзара ықпалдасуының дәрежесін өзара сауданың даму көрсеткіштері айғақтайды. Мәселен, 2007 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы 2006 жылмен салыстырғанда 29,4%-ға артып, оның көлемі 16576,6 млн АҚШ долларын құрады. 2008 жылғы қаңтар-маусымда өзара сауданың көлемі 2007 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27,8%-ға ұлғайып, 9633,0 млн АҚШ долларын құрады. Ресей экспорты 20,2%-ға (6477,0 млн АҚШ долларына дейін), Қазақстаннан импорт – 46,9%-ға өсті (3156,0 млн АҚШ долларына дейін).

Сонымен бірге ресейлік-қазақстандық сауда қатынастарында осы қатынастардың дамуын тежеп отырған бірқатар проблемалар да жоқ емес. Аталмыш проблемалардың қатарына ортақ шекарада кеден, шекара, мал-дәрігерлік, көлік және фитосанитарлық қызметтердің жұмысында тиісті үйлестірудің болмауынан екінші қайтара тексеру жүргізілетін фактілер кездеседі, осының барлығы шекараны кесіп өту рәсімін баяулатып, сыртқы экономикалық операцияларға қатысушыларға қиындық тудырады.

Қазақстандық-ресейлік қатынастарда шекара маңындағы ынтымақтастық маңызды орын алады. ТМД мемлекеттерімен шекарада орналасқан Ресей Федерациясының 27 субъектісінің 12-і



қазақстандық облыстармен көршілес орналасқан. Ресейдің 89 өңірінің 76-ы Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыс жасайды. Шекара маңындағы ынтымақтастықтың маңызын қазақстандық-ресейлік сауданың 70%-ды құрайтыны дәлелдейді, ал Қазақстан мен Ресейдің шекара маңындағы өңірлерінің үлесіне 2004 жылғы 3,6 млрд АҚШ долларынан 2007 жылы 6,5 млрд долларға дейін өскен екі елдің тауар айналымының жалпы көлемінің 40%-ы тиесілі.

Қазақстанның шекаралас өңірлерімен сауда-экономикалық қатынастарды Челябинск, Орынбор, Тюмень, Новосибирск, және Омбы облыстары, сондай-ақ Алтай өлкесі ойдағыдай дамытуда. Қазақстан мен Ресейдің шекаралас көршілері арасында әр түрлі мәселелер жөніндегі тікелей, яғни республикалық басшылықтың қатысуынсыз шарттар мен келісімдер жасалып, іске асырылуда. Ал мұның өзі Қазақстан мен Ресей кеңес кезеңінде көршілес өңірлердің арасында қалыптасқан сауда-экономикалық байланыстардың үзілуіне жол бермей, сонымен бірге мемлекетаралық қатынастардың жаңа жағдайында олардың ойдағыдай дамуына ықпал ете алды.

Жалпы шекара маңындағы және өңірлік байланыстардың деңгейі тауар айналымының көлемімен ғана емес, сонымен бірге екі елдің экономикасында орын алған өзара интеграция процестеріне байланысты. Осыған орай Қазақстан мен Ресейдің арасында осы үшін қажетті қазіргі заманғы инфрақұрылым құру саласындағы өзара ықпалдасуының маңызы артып отыр.

БЭК одан әрі жұмыс істеу үшін оған қатысушы-елдердің салық және кеден заңнамасын сәйкестендіру қажет, мұндай іс-шара ЕурАзЭҚ ауқымында да әлі жүзеге асырылған жоқ. 2005 жылдың соңында қалыптасқан жағдай бойынша Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украинаның осы салалардағы заңнамасы әр түрлі болды. Мұндай жағдайда кеден шекараларын «ашу» үшінші елдерден тауарлардың бақылаусыз әкелініп, осының салдарынан БЭК-ке қатысушы-елдер тікелей зиян шегетін еді.

Қазіргі уақытта ТМД ауқымында Достастық ішіндегі әр түрлі субөңірлік топтарға мүше-елдердің арасында, сондай-ақ осындай топтар мен Достастыққа мүше-мемлекеттердің арасында «тоқайласпалы» ынтымақтастық дамып келеді. Жоғарыда айтылғандай, Украина, Молдавия мен Арменияның ЕурАзЭҚ-та бақылаушы мәртебесі бар. Ал 2004 жылдың мамырында «Орта Азия ынтымақтастығы» ұйымы мемлекеттерінің басшылары кеңесінің кезекті отырысында Ресейдің ОАЫ-ға қосылуға қатысты өтінішін қанағаттандыру туралы шешім қабылданып, 2004 жылы мамыр айында осы туралы ресми түрде жарияланды.

Бұдан кейін, 2005 жылдың қазанында ЕурАзЭҚ пен ОАЫҰ мемлекеттері басшыларының кездесуінде екі интеграциялық ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінің үйлесуін және Өзбекстан Республикасының ЕурАзЭҚ мүшелігіне өту туралы өтінішін ескере отырып, елдер осы ұйымдарды біріктіру орынды деген шешім қабылдады. Осы шешімге орай Өзбекстан ЕурАзЭҚ-тың ресми түрде алтыншы мүшесі болды.

Барлық көрсетілген фактілер ТМД елдерінің ТМД құрамындағы бірнеше мемлекетаралық бірлестіктер ауқымында дамитын бүгінгі күннің «жылдамдығы әр түрлі» шынайы жағдайын ескере отырып, ТМД елдері тандаған интеграциялық ынтымақтастықтың артықшылықтарын іске асыру бағытын жалғастыратынын растайды. ТМД елдерімен, сондай-ақ басқа да өңірлік бірлестіктермен интеграциялық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың қажеттілігі жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауында да айтылған: «Қазақстанның бастамасы немесе оның тікелей қатысуымен құрылған және өңірдегі қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құрудың негізін қалаған мемлекетаралық бірлестіктер өзінің қажет екенін дәлелдеді. Біз Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия елдерімен экономикалық және саяси ынтымақтастықты бұдан әрі нығайтып, өңірдегі тұрақтылық, ашық диалог және өзара ықпалдасу үшін берік негіз құруымыз керек» (Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы). Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты // <http://www.akorda.kz>).

Қазақстан мен Ресей арасындағы экономика саласындағы өзара ықпалдасудың қарқыны нығайып келе жатқан еуразиялық интеграцияның қосымша механизмі ретінде қарастырылады. Екі елдің осы саладағы бастамалары еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық факторына айналып отыр.

Қазақстан сонымен бірге Өңірлік қауіпсіздік саласында Ресеймен кең ықпалдасуды дамытуға ерекше назар аударады. Біздің елдер екі жақты форматта да, сондай-ақ халықаралық және өңіраралық ұйымдардың ауқымында да диалогты қолдап, нығайтуда, сондай-ақ қазіргі кезеңде туындайтын қауіптерге қарсы әрекет жасау, лаңкестікпен, экстремизммен, есірткі өндірісі мен оның заңсыз айналымына қарсы күресудің тиімді механизмдерін құру үшін көп жұмыс атқарды.

Сөйтіп, технологиялық дамудың, жалпы инновациялық кеңістік қалыптастыру жөніндегі стратегияның басымды бағыттары бойынша бірлескен мемлекетаралық бағдарламалар әзірлейтін,

сондай-ақ инновациялық өнім мен қызмет нарықтарын қалыптастырып, оларды дамыту үшін жағдай жасайтын мезгіл туды. Сондықтан еуразиялық қауымдастық ауқымындағы ғылыми-технологиялық ынтымақтастық инновациялық әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін қолдаудағы маңызды бағыт болып табылады. Ортақ инновациялық кеңістік қалыптастыру жөніндегі бірлескен стратегия әзірлеу және неғұрлым ашық болу мақсатында «ТМД елдерінің инновациялық дамуы» атты арнайы форум қажет болуы ықтимал.

Жақын араның өзінде-ақ бұрынғы кеңес кеңістігіндегі елдердің арасындағы интеграциялық байланыстарды мемлекетаралық экономикалық қайта құрудың, ғылыми-техникалық дамудың, инвестициялық саясаттың кешенді бағдарламаларынсыз күшейту мүмкін болмайды. Сонымен бірге 20-25 жылға арналған нақты және пәрменді салааралық бағдарламалар, өнеркәсіптегі, агроөнеркәсіп кешеніндегі экономикалық интеграция, сондай-ақ мәдениет, өнер, денсаулық сақтау, туризм мен спорт саласындағы ынтымақтастықты күшейту жөніндегі бағдарламалар қажет.

Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстан халықаралық қаржы институттары ауқымындағы инвестициялық және инновациялық жобаларға белсенді түрде қатысуы тиіс, ал мұның өзі еліміздің ғаламдық экономикаға интеграциялануына ықпал етіп, отандық экспорттаушыларды қолдайтын болады. Осыған байланысты жақын келешекте отандық бизнестің, әсіресе экспорттаушы-кәсіпорындардың мүддесін ескере отырып, Қазақстанның ірі халықаралық жобаларды бірлесіп қаржыландыруға қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Атап айтқанда, халықаралық қаржы институттарымен жұмысты жандандырып, Әлемдік банктің, Еуропа жаңғыру және даму банкінің (ЕЖДБ), Азия даму банкінің (АДБ), сондай-ақ жақын арада құрылған Еуразия даму банкінің (ЕДБ) жобаларына ерекше назар аудару керек. Әлемнің жетекші ТҰК-ымен ын-тымақтастық жасасу республикаға қосылған құны жоғары өнімнің экспортын дамытуға, халықаралық маркетингтің қазіргі кезеңдегі тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік берері анық.

Қазақстан үшін еуразиялық тұрақтылық проблемаларын шешуде «ғаламдық экономикалық әріптестікті» (ҒӘӨ) дамытудың алғышарттары өңірлік әлеу-меттік экономикалық жүйелер ауқымындағы ЕурАзЭҚ, ТМД және Орталық Азия өңірі сияқты дербес зерттеу объектілерінің интеграциялық бастамаларымен байланысты.

Бүгінгі күні ЕурАзЭҚ дамуының басымды бағыттарын іске асыру жөнінде пәрменді шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда, 2006 жылдың тамыз айының басында Беларусь, Қазақстан және Ресей мемлекеттері құратын Кеден одағын қалыптастыру жөнінде мемлекетаралық деңгейде шешім қабылданды. Душанбе қаласында 2007 жылғы қазанда өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысында мемлекет басшылары біртұтас кеден аумағы мен Кеден одағын қалыптастыруға қатысты негізін қалаушы құжаттарға қол қойды. Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыру 2010 жылға дейін аяқталды. 2008 жылдың қаңтарында Кеден одағы елдерінің келісілген сауда саясатын жүргізетіні жөнінде үкіметаралық деңгейдегі келісімдер қабылданды.

Әлеуметтік салада «Қарапайым халыққа қарай қарапайым он қадам» құжатында баяндалған Қазақстанның бастамасын іске асырудың маңызы артып отыр. Оның негізгі идеясы Қауымдастық елдерінің әлеуметтік аспектілерін дамыту және ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің азаматтары үшін олардың өздерінің аумақтары бойынша еркін жүруі, тұрақты немесе уақытша тұруы үшін жер таңдау, білім алуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Көрсетілген бағыттарды іске асыру мақсатында Қауымдастық ауқымында бірқатар құжаттар (Білім, білім дәрежесі мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану мен олардың баламалылығы жөніндегі келісім; ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің аумағында теледидар мен радио бағдарламаларын тарату үшін қолайлы жағдай жасау туралы келісім; «ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің келісілген әлеуметтік саясаты» атты мемлекетаралық бағдарлама және т.б.) қабылданды. Осы қабылданған құжаттардың орындалуы Қауымдастық елдерінің әлеуметтік саладағы интеграциялық процестерін жылдамдататын, ЕурАзЭҚ мемлекеттері азаматтарының әлеуметтік-еңбек құқықтарын қамтамасыз ететін, сонымен бірге Қауымдастық ауқымында ортақ еңбек нарығы мен біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыратын маңызды факторға айналады.

Сонымен бірге бүгінгі күні ЕурАзЭҚ ауқымында шешімін таппаған проблемалар да бар. Мәселен, интеграцияны тежейтін объективтік проблемаға ЕурАзЭҚ-қа қатысушы-мемлекеттердің ұлттық экономикасы құрылымдарының ерекшеліктері, Қауымдастық елдерінің сауда-

экономикалық ынтимақтастығы деңгейінің төмендеуі, оларда іске асырылатын экономикалық стратегиялар мен экономикалық дамудың ұлттық үлгілерінің айырмашылықтары жатады.

ЕурАзЭҚ-қа қатысушы-мемлекеттердің ұлттық экономикасы құрылымында елеулі ерекшеліктер бар. Мәселен, егер Ресей мен Қазақстан шикізатты ірі көлемде экспорттап, сонымен бірге ауқымды тауар номенклатурасын өндіреді (бұл әсіресе Ресейге қатысты), ал Беларусь негізінен үшінші елден түсетін импорттық шикізаттан даяр өнім шығаруға маманданған. ЕурАзЭҚ-қа қатысушы басқа елдерден өнеркәсіптік өндірісінің даму деңгейі бойынша артта қалған Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан алыс шет елдерден өнеркәсіптік тауарлардың елеулі бөлігін импорттайды. Осыған байланысты ЕурАзЭҚ-тың басқа мемлекеттеріне қарағанда Ресей тарифтердің көмегімен тауарлық жайғасымның кең ауқымын қорғауға мүдделі. Сөйте тұра қазіргі уақытта Ресейдегі кеден баждарының орташа салмақталған ставкалары жайғасымдардың саны бойынша ресейлік әкелу тарифі интеграциялық топ бойынша әріптестерінен төмен екен. Ресей мен Беларусьтің тарифтерінен Қазақстанның кеден тарифі айтарлықтай ерекшеленеді (ұлттық экономиканы қорғаудың төмен деңгейіне қарай).

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) мүшесі болып табылатын Қырғызстанды қоспағанда ЕурАзЭҚ ұйымындағы (және одан бұрынғы Кеден одағы туралы келісімдегі) мүшелік мерзімі неғұрлым көп болса, ұлттық кеден тарифтерін келісу деңгейі соғұрлым жоғары. Мәселен, Тәжікстанның ұлттық тарифтерінің ЕурАзЭҚ-тың Жалпы кеден тарифінің Базалық тізбесімен (ЖКТ БТ) үйлесу деңгейі 2007 жылы 80% белгісіне жетті, ал осы ұйымға мүше елдердің ішінен Қауымдастыққа соңында кірген Өзбекстанның осы көрсеткіші 30%-ға жуықты құрайды, ал ЕурАзЭҚ-тың басқа елдерімен салыстырғанда Өзбекстанның сыртқы сауда саясатында қолдампаздық деңгейі жоғары.

Экспорттық кеден баждарының ставкаларын келісу де елеулі қиындықтармен байланысты. Қазіргі даму сатысында ЕурАзЭҚ мемлекеттері бірқатар тауарларға қатысты қолданатын экспорттық баждар бюджеттің табыс бөлігінің көзі ретінде маңызды рөл атқарады (бұл Қазақстанда энергия тасымалдаушылардың экспорттық баждарына қатысты), осыған байланысты сыртқы сауданы реттеу құралдарын сәйкестендіру барысында қысқа мерзім ішінде оларды алып тастау немесе төмендету мүмкін емес.

Ұлттық экономикалардың құрылымындағы айырмашылықтар бірлескен жобаларды ықтимал дамыту саласын шектейді. Осыған байланысты негізінен Қазақстан тарапынан отын-энергетика кешені салаларының басымды рөл атқаратыны өте қатты байқалады. Алайда осы салада ЕурАзЭҚ-қа мүше-елдер мүдделерінің айырмашылықтарынан елеулі даулардың да қордаланғанын атап өту қажет. Мәселен, Ресей, Қазақстан мен Өзбекстан мұнай-газ ресурстарын ірі көлемде экспорттайды, ал Беларусь – импорттаушы ел және Батысқа баратын жолдағы транзит дәлізі, сонымен бірге Қазақстан мен Өзбекстан өздерінің экспорттық жеткізілімдерінің бағыттарын әртараптандыру үшін күш салуда.

ЕурАзЭҚ-қа қатысушы-мемлекеттердің ұлттық экономикаларының құрылымындағы айырмашылықтармен байланысты проблемаларды ұлттық экономикалардың құрылымын дамытудың басымдықтарын тегістеу, келісілген өнеркәсіптік саясат жүргізу, сондай-ақ кеден баждары төмендеп, егер осы баждар ықпал ететін салалар ұлттық экономика тұрғысынан елеулі болса, онда ұлттық бюджеттер мен жекелеген өндірушілердің ысырабын қысқартуға жұмсалатын ЕурАзЭҚ-тың қаражатынан өтемақы беру арқылы шешуге болады.

ЕурАзЭҚ елдерінің өзара саудасының динамикасы көбінесе үшінші елдермен салыстырғанда оның тауар құрылымының ерекшелігімен байланысты. Мәселен, ЕурАзЭҚ ішіндегі жеткізілімде бағасының өсуі отын-шикізат салалары өнімі бағасының өсуінен артта қалатын машина жасау кешенінің өнімі маңызды орын алады. Әлемдік нарықта үшінші елдердің тауарларымен салыстырғанда ЕурАзЭҚ тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі де өзара сауданы қысқаруына әсер етеді.

ЕурАзЭҚ елдері экономикасы құрылымының ұқсастығына, яғни өңделу дәрежесі төмен (өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, металлургия) салалардың болуына байланысты Қауымдастық нарықтарында ЕурАзЭҚ мемлекеттері өндірушілерінің бәсекесі өзара тауар айналымын төмендететін екінші фактор болып табылады. Аталмыш фактор өңір ішіндегі саудада кедергі келтіріп, «сауда соғыстарын» туындатады.

Шектеу шараларын енгізу өзара сауданың көлемін қысқартып қана қоймай, сонымен бірге интеграцияның негізіне нұқсан келтіреді, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстардағы кедергілерді жоюдың орнына олардың пайда болуына түрткі болады. Жағдай осылай қалыптасқаннан кейін соңғы жылдары үшінші елдермен жасалатын саудамен салыстырғанда

ЕурАзЭҚ елдерінің өзара саудасының төмен қарқынмен өсіп, елдердің сыртқы саудасының жалпы көле-мінде оның өзіндік салмағы азайды.

ЕурАзЭҚ-қа қатысушы-елдерде іске асырылып жатқан экономикалық стратегиялардағы айырмашылық сыртқы сауда саясатын келісу процесі мен жалпы интеграцияға айтарлықтай жағымсыз ықпал етеді. Трансформация барысында ЕурАзЭҚ-тың әр түрлі елдері нарықтық экономикаға көшудің әр түрлі үлгілерін қолданды. Бірқатар елде осы үлгілер либералды (ықтияр) қағидаларға (Ресей, Қазақстан, Қырғызстан) негізделді, ал екінші елдерде (Беларусь және Өзбекстан) – трансформация барысында мемлекеттің басымды рөлі мен нарықтық қатынастарға бірте-бірте көшуі қарастырылды. Сонымен бірге осы үлгілер бүкіл трансформациялық кезең бойы өзгерді (мысалы, Ресейде, Қазақстанда). Нәтижесінде бірыңғай экономикалық саясат әзірлеуге, демек интеграцияның жолында, атап айтқанда кеден одағын қалыптастыруға кедергі келтіретін әр түрлі экономикалық және институционалдық жүйелердің «мозаикасы» қалыптасты.

Егер тараптар ЕурАзЭҚ дамуының келісілген стратегиясын, тиісінше өздерінің нарықтарын әлемдік экономикада қорғаудың келісілген үлгісін әзірлеген жағдайда осы проблеманы шешуге болады. Басқа да ықтимал нұсқа ретінде бірыңғай даму векторын таңдау және экономикалық саясат саласында тәжірибе алмасуды қарастыруға болады. Сонда экономикалық үлгілердің айырмашылық-тарын таңдауға мүмкіндік бергендіктен, олар жағымды рөл атқаруы да мүмкін.

*ЕурАзЭҚ елдеріндегі интеграция дамуының субъективтік факторына:*

– мүдделерді келісу мен қабылданған шешімдерді іске асыру механизмінің болмауы. Біздің ойымызша, қазіргі уақытта ЕурАзЭҚ-та тараптардың мүддесін келісу үшін пайдаланылатын механизмнің бірқатар ережелерінің пысықталуына қарамастан (атап айтқанда «салмақталған» дауыс беру қағидасы) оның бірқатар кемшіліктері бар.

Интеграция сыртқы сауда бағытымен ғана айтарлықтай дәрежеде шектеледі, соңғы уақытқа дейін оның басқа құрамдастарына жеткіліксіз көңіл бөлініп келді. Атап айтқанда, ірі бірлескен инвестициялық жобалар іске асырылмады. Ресей мен Қазақстан Еуразиялық даму банкінің құрғаннан кейін жағдай өзгерді (банк туралы кейін айтылады), алайда осы банк ауқымында жобаларды қаржыландыруды толыққанды іске асыру үшін уақыт қажет.

Осының барлығы қол жеткізген уағдаластықтарды іске асыруға деген ынтаны азайтып, кеден одағын қалыптастыруға және интеграцияның басқа да бағыттарын дамытуға кедергі келтіреді. Ал қол жеткізген уағдаластықтарды іске асырудың тиімділігі оны іске асыруға мүдделілікпен, яғни келіссөз нәтижелерінің тараптар мүдделеріне сәйкестігінің дәрежесімен тікелей байланысты. Осыған орай ЕурАзЭҚ-қа әрбір қатысушының мүддесіне интеграция бойынша әріптестер тарапынан (және ең алдымен Қазақстанның) ерекше назар аударудың, қатысушы-елдердің нақты жағдайлары мен іс жүзіндегі мүмкіндіктерін ескерудің арқасында іске асырылатын іс-шаралардың тиімділігін едәуір арттыруға болады.

ЕурАзЭҚ елдерінің ДСҰ-ға қосылу жөніндегі келіссөздерде көзқарастарды үйлестірудің төмен дәрежесі жоғарыда атап өтілген проблеманың тағы да бір мысалы болып табылады.

ЕурАзЭҚ-қа қатысушы-мемлекеттердің кеден одағын қалыптастыруға және интеграцияның келесі сатыларына қозғалуға әр түрлі даярлығы. Кеден одағын қалыптастыруға даярлық дәрежесі (кеден тарифін сәйкестендіру дәрежесі бойынша) бойынша келесі 2 топқа бөлінеді:

Ресей, Беларусь, Қазақстан (жоғары даярлық дәрежесі);

Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан (төмен даярлық дәрежесі).

Қазіргі кезеңде одаққа кіру даярлығы осылайша саралағаннан кейін құрамына 6 қатысушы кіретін кеден одағын бірден құру мүмкін емес және ЕурАзЭҚ-тағы экономикалық интеграция форматы проблемасының бар екенін айғақтайды.

ЕурАзЭҚ ауқымында қаржы жағынан өзара ықпалдасу үшін «төменнен интеграциялану» түріндегі алғышарттар бірте-бірте қалыптасып, Қауымдастықтың басқа елдерінде ресейлік және қазақстандық қаржы институттары көптеп пайда болуда.

Қазақстанның банк жүйесі мен Ресейдің қор нарығын қоспағанда, ТМД елдерінің қаржы институттары нашар дамыған. Беларусь пен Өзбекстанда банк жүйесін мемлекет күшті реттейді, сондықтан олардың жұмысының көрсеткіштері орташа, Қырғызстан мен Тәжікстанда банк жүйесі жалпы ТМД бойынша ең нашар дамыған болып саналады. Тәжікстанда қор нарығы ұйымдастырылмаған, Қырғызстан мен Өзбекстанда ол соңғы жылдары қарқынды дамығанымен, әлі де әлсіз. Қазақстанның қор нарығы ресейлік нарықтан артта қалып отыр (капиталдандыру көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге өтімділік бойынша да).

Осы тенденциялардан қаржы интеграциясы дамуының ықтимал бағыттары, атап айтқанда бірлестіктің неғұрлым дамыған елдерінің (Ресей мен Қазақстанның) аз дамыған елдердің

нарықтарын қалыптастыруға көмек беретіні байқалады. Осы процесс қысқа мерзімде айтарлықтай пайда бере қоймағанымен, ұзақ мерзімді кезеңде тиісті нарықтарда стратегиялық жайғасымдарға қол жеткізу арқылы пайда алуға болады. Сыртқы нарықтар мен олардың инфрақұрылымы үшін шиеленіскен бәсекелік күрес өршіген қазіргі жағдайда бұл өте маңызды.

Қаржы интеграциясын институционалдық ресімдеу қалған бағытында басқа бағыттардағы сияқты проблемалар – қойылған мақсаттар жоғары болғанымен ресми өзара ықпалдасудың төмен дәрежеде болуы және осы мақсаттарды іске асырудың алғышарттарының әлсіздігі қол байлау болып отыр. Интеграциялық процестің дәстүрлі схемасында ол экономикалық интеграцияның соңғы сатысы болуына орай, қаржы интеграциясында аталмыш проблемалар әлі де шешімін тапқан жоқ.

Қаржы қызметтерінің немесе қор нарығының біртұтас нарығын құруды ЕурАзЭҚ-қа мақсат (әсіресе қысқа және орта мерзімді келешекте) етіп қою әлі ертерек. Қаржы нарықтары дамуының нақты проблемаларына және осы проблемаларды шешу үшін елдердің күш-жігерін жұмсауына ерекше назар аударатын азиялық тәжірибеге сүйенген орынды. Азиялық интеграция үлгісінің бұрынғы кеңес кеңістігіндегі жағдаймен ұқсастығы оның әр түрлі елдер тобын қамтитын кең ауқымды интеграциялық бірлестіктер (АТЭС, АСЕАН, Кооперация жөніндегі азиялық диалог, Шығыс Азия және Тынық мұхит өңірі елдерінің орталық банктері басшыларының жиналысы) шеңберінде іске асырылуымен байланысты.

## ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Ғаламдану*  
*Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ)*  
*Еуропалық одақ (ЕО)*  
*Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК)*  
*«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы*  
*Өңірлік экономикалық интеграция*  
*Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)*  
*Трансұлттық корпорациялар (ТҰК)*  
*Өңірлік халықаралық интеграцияның нысандары*  
*Халықаралық экономикалық интеграцияның кезеңдері*

## 21-тарау. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ МЕН СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Төлем балансы деп осы елдің резиденттері мен сыртқы әлемнің белгіленген уақыт кезеңі ішіндегі барлық экономикалық мәмілелердің жүйеленген жазуы аталады.

Төлем балансы осы елдің сыртқы әлеммен екі негізгі канал, яғни халықаралық сауда мен қаржы арқылы жүзеге асырылатын халықаралық экономикалық қатынастарының жай-күйін көрсетеді. Онда елде қалыптасқан экономикалық ахуалды талдау әрі осы жағдайға орай макроэкономикалық саясат (бюджет-салық, кредит-ақша, сыртқы сауда, валюталық және т.б.) әзірлеу үшін қажетті құнды және пайдалы ақпарат көп.

Төлем балансы осы ел мен қалған әлемнің арасындағы нақты және қаржы ағынының ауқымы жөнінде толық түсінік береді, сонымен қатар елдің сыртқы көзқарасын, атап айтқанда оның халықаралық тауарлар мен қызметтерді экспорттаушы мен импорттаушы ретіндегі рөлін айғақтайды. Бірқатар жылдың төлем балансының негізінде елдің жинақталған халықаралық инвестициялар бойынша жайғасымын анықтауға, яғни осы уақыт мезетіндегі елдің шетелдік активтер мен пассивтерін құрайтын «сыртқы берешек балансын» есептеуге болады. Егер елдің шет елдегі активтері оның сыртқы әлемнің алдындағы өтімді міндеттемелерінен асса, онда ел жалпы қалған мемлекеттердің нетто-кредиторы болады. Сыртқы әлемнің алдындағы өтімді міндеттемелер шетелдік активтерден асып кеткен жағдайда ел әлемдік қарыз қаражат нарығында нетто-борышкер болады.

Төлем балансының шоттарынан қордаланған берешек, борыштың негізгі сомасы бойынша пайыз бен төлем төлеу, сонымен бірге елдің сыртқы борышқа қызмет көрсетіп, оны өтеу үшін келешекте валюта табу мүмкіндігі туралы ақпарат та алуға болады.

Төлем балансының алтын-валюта резервтерінің динамикасы туралы деректері айырбастау бағамының сол немесе басқа жүйесін қолдаудың орындылығын талдауға, валюта және ақша нарықтарындағы жақын арадағы процестерді болжауға мүмкіндік береді. Тікелей шетелдік инвестициялардың динамикасы мен көлемі бойынша елдегі инвестициялық ахуалды бағалауға болады. Атап айтқанда шетел капиталы түсімінің жалпы көлеміндегі тікелей шетелдік инвестициялар үлесінің төмендігі елге деген сенімнің төмен екенін растайды және оның инвестициялық ахуалын қолайсыз әрі тәуекелді деп бағалауға негіз болады.

Төлем балансында ұлттық экономикадағы ірі күйзелістер де байқалады. Мәселен, елден алыпсатарлық капиталдың көптеп кетуі жөнінде деректер болса, онда осы елдің валюта және қор нарықтарындағы «жанталастың» орын алып, банк жүйесінің ықтимал дағдарысы туралы қорытынды жасауға болады.

Төлем балансы қосарлы шот қағидасы бойынша жасалады, яғни барлық экономикалық мәмілелердің екі жағы жазылады. Қосарлы шот қағидасында кез келген халықаралық мәміле төлем балансында екі рет, яғни бір рет кредит, екінші рет дебет ретінде өзінен-өзі есептеледі.

Кредитке нәтижесінде құндылықтардың елден әкетіліп, валюта әкелінетін мәмілер жатады. Дебетке нәтижесінде ел валютаны сатып алынатын құндылыққа айырбастап жұмсайтын мәмілелер жатады.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) әзірлеген стандартты жіктемеге сәйкес төлем балансына екі негізгі шот кіреді:

ағымдағы операциялар шоты;

капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шоты.

Қазақстанның төлем балансы ХВҚ-ның стандартты жіктемесіне сәйкес жасалады (Қазақстанның төлем балансының 2000-2006 жылғы деректері 21.1-кестеде келтірілген). Төменде келтірілген төлем балансы операцияларды есептеу жүйесі ретінде бейтарап біріктірілген түсінік береді: онда аттас баптар көрсетіледі, сондай-ақ олардың сальдосы есептеледі.

21.1. Қазақстанның төлем балансының құрылымы

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж. (9 ай)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ағымдағы шот	366,31	-1389,52	-1024,34	-272,63	335,43	-724,00	359,31
Тауарлар	2168,38	983,38	1987,14	3679,00	6785,39	10321,81	11853,85
Кредит	9288,11	8927,81	10026,91	13232,63	20603,14	28300,59	28804,01
Экспорт	9276,74	8909,14	10004,53	13201,42	20536,94	28180,80	28692,25
Дебет	-7119,73	-7944,44	-8039,77	-9553,63	-13817,75	-17978,78	-16950,16
Импорт	-7048,73	-7762,47	-7828,73	-9439,88	-13783,38	-17929,40	-16898,91
Қызметтер	-797,02	-1374,39	-1997,86	-2040,40	-3098,70	-5276,25	-4405,68
Кредит	1053,00	1260,21	1540,42	1712,29	2009,19	2247,79	2079,80
Дебет	-1850,03	-2634,60	-3538,28	-3752,69	-5107,90	-7524,04	-6485,49
Табыс	-1254,05	-1236,96	-1127,37	-1746,56	-2863,11	-5357,13	-6407,81
Кредит	138,64	224,76	233,78	255,31	422,54	680,33	939,45
Дебет	-1392,70	-1461,72	-1361,14	-2001,87	-3285,65	-6037,46	-7347,26
Ағымдағы трансферттер	249,01	238,46	113,74	-164,67	-488,16	-412,43	-681,04
1	2	3	4	5	6	7	8
Кредит	352,19	394,41	425,88	278,63	352,95	809,10	737,69
Дебет	-103,18	-155,95	-312,14	-443,31	-841,10	-1221,53	-1418,73
Капиталмен жасалатын операциялар-дың шоты	-290,53	-184,96	-119,81	-27,78	-21,28	14,01	21,46
Кредит	66,39	99,19	109,85	123,11	113,06	120,95	77,75
Дебет	-356,92	-284,15	-229,66	-150,89	-134,34	-106,94	-56,29
Қаржы операцияларының шоты	721,92	2228,94	823,98	1232,27	701,77	2872,82	1888,57
Тікелей инвестициялар	1278,16	2860,61	2163,83	2213,36	5436,15	2120,70	4499,52
Шет елде	-4,36	25,61	-426,39	121,33	1278,95	145,93	727,66
Қазақстанда	1282,52	2835,00	2590,22	2092,03	4157,21	1974,77	3771,87
Портфельдік инвестициялар	-55,02	-1317,47	-1246,74	-1890,96	-417,15	-3932,09	-3041,64
Активтер	-85,47	-1348,90	-1063,88	-2073,06	-1092,11	-5157,14	-3620,31
Міндеттемелер	30,45	31,43	-182,86	182,10	674,95	1225,05	578,68
Туынды қаржы құралдары (нетто)	0,00	0,00	0,00	15,85	-46,39	-112,64	49,45
Активтер	0,00	0,00	0,00	0,00	-44,61	-119,68	-60,90
Міндеттемелер	0,00	0,00	0,00	15,85	-1,78	7,04	110,36
Басқа инвестициялар	-360,50	1070,53	441,97	2427,56	-271,86	2853,07	6310,13
Активтер	42,90	464,84	-1116,83	-977,48	-4466,01	-4295,93	-4215,87
Міндеттемелер	-403,40	605,69	1558,80	3405,04	4194,15	7149,00	10526,00

Резервтегі активтер	-140,72	-384,72	-535,08	-1533,54	-3998,98	1943,79	-5928,89
Нетто қателер мен жазылмай кеткендер	-797,69	-654,46	320,17	-931,86	-1015,92	-2162,82	-2269,34

### 21.2. Қазақстанның төлем балансы, млн АҚШ доллары

	2006 ж.	2007 ж.	I-2007 ж.	II-2007 ж.	III-2007
1	2	3	4	5	6
Талдамалы көрсетілім					
А. Ағымдағы шот	-1794,85	-5294,17	-478,36	-1945,23	-2870,58
Сауда балансы	14641,74	10165,11	3598,77	3467,09	3099,25
Экспорт	38762,09	34218,94	10168,40	11902,74	12147,80
Импорт	-	-	-6569,63	-8435,65	-9048,55
Қызметтер балансы	-5912,00	-5701,78	-1333,48	-1932,85	-2435,44
Экспорт	2807,60	2521,59	698,48	866,76	956,34
Импорт	-8719,59	-8223,36	-2031,96	-2799,61	-3391,79
Табыстар балансы	-9317,19	-8070,07	-2352,02	-2948,32	-2769,74
Тартылған кредиттер мен қарыздар бойынша сыйақы төлеу	-1693,72	-2485,95	-737,94	-821,81	-926,20
Тікелей инвесторлардың табыстары	-7822,49	-6828,03	-1976,32	-2603,59	-2248,12
Резервтер бойынша сыйақылар	443,75	591,83	199,76	205,89	186,18
Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы	378,59	511,87	147,36	196,62	167,90
Өзге (нетто)	-623,33	140,21	15,13	74,58	50,50
Ағымдағы трансферттер	-1207,40	-1687,44	-391,62	-531,16	-764,66
В. Капиталмен және қаржымен жасалатын операциялардың шоты	16123,94	8155,58	3077,54	4479,72	598,33
Капиталмен жасалатын операциялардың шоты	32,73	0,72	5,65	2,15	-7,07
оның ішінде мигранттардың трансферттері	28,95	2,64	4,89	2,86	-5,11
Қаржы шоты	16091,22	8154,86	3071,89	4477,57	605,40
Тікелей инвестициялар	6625,86	3533,72	1789,16	307,34	1437,22
Қаржыландыру (нетто-игеру)	10873,99	7102,32	2964,52	1626,06	2511,74
Өтелгені	-4248,13	-3568,60	-1175,36	-1318,72	-1074,52
Портфельдік инвестициялар	-4507,52	-1848,30	-911,29	1102,89	-2039,90
оның ішінде Үкіметтің еуробондтары	0,46	-8,01	28,18	-36,19	0,00
1	2	3	4	5	6
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-67,77	-309,21	-62,68	66,29	-312,82



Басқа орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	14534,77	11989,09	4900,96	3875,44	3212,69
Сауда кредиттері	91,85	-338,65	-115,19	-395,28	171,82
Үкімет кепілдік берген	-37,03	-27,99	11,20	-26,10	-13,08
қаржыландыру (игеру)	56,26	53,60	13,30	6,42	33,88
борышты өтеу (есептелген)	-93,29	-81,59	-2,10	-32,52	-46,97
Басқалар (нетто)	128,89	-310,67	-126,39	-369,18	184,90
Қарыздар	14656,93	12327,74	5016,15	4270,72	3040,87
ҚР Үкіметі тартқан	0,67	-82,75	-105,63	29,17	-6,30
қаржыландыру (игеру)	104,08	66,92	17,17	40,30	9,45
өтелген борыш (есептелген)	-103,41	-149,67	-122,80	-11,13	-15,75
Басқалар (нетто)	14656,26	12410,49	5121,78	4241,55	3047,17
Өзге (нетто)	-214,02	0,00	0,00	0,00	0,00
Өзге қысқа мерзімді капитал	-494,11	-5210,45	-2644,26	-874,40	-1691,79
С. Қателер мен жазылмай кеткендер	-3254,50	-4270,92	-401,74	-1696,59	-2172,60
Д. Жалпы баланс	11074,59	-1409,52	2197,44	837,89	-4444,85
Е. Қаржыландыру	-	1409,52	-2197,44	-837,89	4444,85
ҚҰБ резервтегі активтері	-	1409,52	-2197,44	-837,89	4444,85
ХВҚ кредиті	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

Ағымдағы операциялар шотында бейрезиденттерге тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен барлық түсім мен резиденттердің шетелдіктердің тауарлары мен солар көрсететін қызметтерге жұмсайтын шығыстары, сондай-ақ инвестициялардан түскен таза табыс пен таза ағымдағы трансферттер («таза» деген термин алынған және төленген табыстың арасындағы сальдоны білдіреді) көрсетіледі.

Тауардың экспорты мен импортының арасындағы айырма сауда балансын құрайды. Жекелеген елдердің сауда балансын талдап халықаралық сауданың жиынтық көлемі туралы деректерді алуға болады. Мәселен, Қазақстанның 2005-2006 жылдың төлем балансында келтірілген деректер төлем балансы үнемі оң сальдомен аяқталғанын, оның мөлшерінің әсіресе 2003 жылы ұлғайып, 2004 жылы да өсуінің жалғасқанын көрсетеді.

Экспорттың импорттан асуы, яғни сауда балансының оң сальдосы экономиканың дұрыс жайүйінің көрсеткіші, демек осы елдің тауарларына әлемде сұраныс артып, ішкі нарықта да сатып алушылар импорттық тауардан гөрі жергілікті тауарды көп сатып алады деп саналады.

Алайда сауда балансының жай-күйін осылай бағалау әр кезде әділ бола бермейді. Мәселен, сауда балансының өсуіне елдің экономикалық әлеуетінің артуы емес, сауда жағдайының өзгеруі, атап айтқанда экспорттық өнімнің әлемдік бағасының өсуі немесе импорттың әлемдік бағасының төмендеуі де себеп болуы мүмкін. Бұл жағдайда тауарлардың таза экспортының айтарлықтай өсуіне Қазақстанның экспортының негізгі өнімі – мұнайдың әлемдік бағасының өсуі септігін тигізді.

Екінші жағынан сауда балансының тапшылығы елдегі экономикалық жағдайдың жағымсыз болуымен байланысты емес. Сауда балансының тапшылығына елдегі қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына орай жаңа импорттық жабдықты қосымша сатып алу қажеттілігінің туындауы себеп болуы мүмкін.

Ағымдағы операциялар шотында да қызметтердің экспорты мен импорты тіркеледі, оларға зияткерлік меншікті (патенттер, технологиялар, авторлық құқықтар), халықаралық туризммен, көлікпен, сақтандырумен байланысты шығыстар жататын төлемдер жатады.

Ағымдағы операциялар балансында инвестициялардың таза табыстары көрсетіледі. Олар кредит қызметтерінің, яғни шет елде салынатын ұлттық ақша капиталы қызметтерінің «таза экспортымен» байланысты. Осы бапқа инвестициялардың табысы, борыштық міндеттемелердің пайыздары, сондай-ақ шетелдерде жұмыс істейтін резиденттердің еңбекақысы кіреді. Егер шет елдегі ұлттық капитал осы елге инвестицияланған шетел капиталынан пайыз бен дивидендтің көп пайызын әкелсе, онда инвестициялардың таза табыстары оң, ал кері жағдайда – теріс болады.

Таза ағымдағы трансферттерге жеке меншік және мемлекеттік қаражаттың жауап ретінде тауар немесе қызметтер (шет елдерге зейнетақы, сыйлық, ақшалай аударым немесе шетел мемлекеттеріне тегін көмек) басқа елге аударымы кіреді.

Қазақстанның 2005-2006 жылдың ұсынылған төлем балансында ағымдағы операциялардың балансы оң сальдомен аяқталған. Бұл сыртқы борыш бойынша пайыздық төлемдердің ұлғаюына байланысты инвестициялардан түскен таза табыс теріс мөлшерді құраса да, елдің тауарлар мен қызметтердің экспортынан түскен жалпы табыс пен шет елдерден алынған трансферттер оның тауарлар мен қызметтердің импортына жұмсаған шығысынан асқанын білдіреді.

Елдің активтерімен жасалған барлық халықаралық мәмілелер (оларды сатып алу және сату) капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың шотында көрсетіледі. Мысалы, Қазақстанға шетелдік қарыз берілгенде, ол актив сатады, яғни осы қарызды келешекте пайызымен төлеуге уәде береді. Осындай мәміле капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шотының «кредит» бағанында (міндеттемелер) көрсетіледі. Кредитті Қазақ-стан бергенде, оның активі өседі, алайда қаржы елден кетеді, сондықтан осы мәміле «дебет» бағанында көрсетіледі.

Капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шотына сондай-ақ таза күрделі трансферттер (меншікті негізгі капиталға тегін беру) кіреді. Оған, мысалы, жол, емхана, әуежай салуға берілген инвестициялық гранттар жатады. Үкіметке берешекті «есептен шығару» да төлем балансының осы тарауына кіреді.

Капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шотының ұзақ және қысқа мерзімді кредит алу мен беруді көрсететін баптарының сальдосы активтермен жасалатын барлық мәмілелерден шетел валютасының таза түсімін көрсетеді. Кредит беру шет елдерде актив (акция, облигация, жылжымайтын мүлік және т.б.) сатып алуға жұмсалатын шығысты, ал кредит алу – актив сатудан түскен түсімді білдіреді.

Халықаралық капитал ағыны салым мақсаты бойынша төлем балансында тікелей, портфельдік және өзге инвестицияларға бөлінеді. «Тікелей» инвестицияларға капиталды инвестордың капитал орналастырылатын объектіні бақылау жасауын жүзеге асыратын ауқымды ұзақ мерзімге салуы жатады. Портфельдік инвестиция деп капиталды бағалы қағазға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді салымы аталады, бұл жағдайда инвесторға инвестицияланатын объектіге бақылау жасау құқығы берілмейді. Өзге инвестицияларға берілген және тартылған сауда кредиттері мен аванстар, несиелер мен қарыздар, ағымдағы шоттардағы қалдықтар мен депозиттер, қолма-қол шетелдік және ұлттық валюта, мерзімі өтіп кеткен берешек, уақытында келіп түспеген экспорттық және теңгедегі түсім және өтелмеген импорттық аванстар бойынша берешектің өзгеруі кіреді.

Қосарлы шот қағидасы бойынша жасалатын төлем балансы анықтама бойынша нөлге тең, ал бұл елдің барлық борыштары төленуі тиіс дегенді білдіреді. Сондықтан ағымдағы операциялардың шоты бойынша тапшылық капитал мен қаржы операцияларының шоты бойынша оң сальдоға дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс. Егер елдің резиденттері жалпы шетелдік тауарлар мен қызметтерді сатып алуға шетелдіктерге өз тауарларын, қызметтері мен активін сатудан алатыннан көп жұмсаса, онда Ұлттық банк берешекті шетел валютасының ресми резервін қысқарту есебінен өтейді.

Төлем балансына «Таза жазбай кету мен қателер» деген бап та кіреді. Әрбір мәміле теориялық жағынан төлем балансында дебет бойынша және кредит бойынша екі рет көрсетілуі тиіс болса да, іс жүзінде осы талап жиі орындалмайды. Жасалатын мәмілелерді әр түрлі қызметтер есепке алады, алайда олардың ақпараты уақыты мен сан түрінде де үйлеспейді де ықтимал. Ал кейбір экономикалық құн-дылықтар, әсіресе заңға қарсы мәмілелердің деректері статистикалық есепке мүлдем кірмеуі де мүмкін. Есепке енген осы ақпараттың жалпы сомасын кредит пен дебет бойынша жалпы жиынды есептегеннен кейін анықтауға болады.

Қазақстанның 2005-2006 жылғы төлем балансын талдау зерттелген кезеңде орын алған оң және келеңсіз тенденцияларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Оң тенденция ретінде ағымдағы операциялар балансының актив сальдосымен елдің алтын-валюта резервінің өсуін атауға болады. Ағымдағы операциялардың шоты бойынша актив сальдо,

ең алдымен, сауда балансының оң сальдосының есебінен қолданылды. XX ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында негізгі үлесін энергия тасымалдаушылар құрайтын экспорттың өсуіне теңгенің тұрақты түрде құнсыздануы ықпал етті. Соңғы жылдары қазақстандық экспорттың өсуіне әлемдік мұнай нарығында қалыптасқан қолайлы жағдай (1999 жылы 1 баррель мұнайдың құны 200 долларды құраса, 2006 жылдың соңында мұнайдың бағасы 150 долларға дейін шарықтап өсті) септігін тигізді.

Жағымсыз жайтқа, яғни ағымдағы операциялар шотындағы қызметтер импорты сальдосының үнемі теріс болуына қазақстандық резиденттердің туризм қызметтерінің импортына жұмсайтын шығындарының тұрақты өсуі де, сондай-ақ баланста көрсетілетін сандардың көбінесе жалған және «капиталдың кетуін» көрсетуі де себеп болды.

Ағымдағы операциялар шотындағы инвестициялардан және еңбекақыдан түскен табыс та теріс мөлшерді құрады, яғни шет елге салынған қазақстандық инвестициялардан алынған инвестициялық табыс Қазақстанға салынған шетелдік инвестициялар бойынша төленетін табыстан анағұрлым төмен болды. Алайда инвестициялардан түскен табысты төлем балансында жасалатындай, «төлемге» және «алуға» деп өте абайлап сальдолау қажет.

Инвестициялар бойынша табыстың теріс сальдосы Қазақстан ХВҚ Жарғысының VIII бабына қол қойып, ағымдағы операциялар бойынша валютаны айырбастау міндеттемесін алған, яғни тауарлардың, қызметтердің экспортымен және бейрезиденттердің меншігіндегі капитал табысының оралуымен байланысты валютаны айырбастауға барлық шектеулер алынып тасталған 1996 жылдан бастап тұрақты ұлғая бастады.

Ел үшін шетелдік инвестицияларды тарту, егер олар елден әкетуден айтарлықтай асса, ел үшін тиімді болып саналады. Қазақстанда 2005-2006 жылдары шетелдік инвестициялардың тиімділігі жалпы орташа болды: инвестициялардың табысын әкету инвестициялардың 61%-ын құрады. Сонымен бірге қарастырылып отырған кезеңде ішкі инвестициялармен байланысты ЖІӨ-нің өсу қарқыны тартылған шетелдік инвестициялар бойынша төленетін табыстың өсу қарқынынан төмен болды.

Жекелеген уақыт кезеңінде оң жылдық сальдода ағымдағы операциялар балансының сальдосы теріс мөлшерді құрады. 2000 жылдың үшінші тоқсанында, 2001 жылдың бірінші және екінші тоқсандарында Қазақстанда теңге нақты қымбаттап, ішкі және сыртқы қарыздар бойынша жоғары пайыз төлеуге мәжбүр болды. Өңделмеген мұнай бағасының арзандауына (баррель бағасының 150-ден 42 долларға дейін төмендеуіне) байланысты қазақстандық экспорттың қысқаруына, сондай-ақ сырттан алынған қарызды төлеудің қажеттілігіне байланысты 2007-2008 жылдары осы жағдай тағы қайталанды.

Бір жағынан, Қазақстанның ағымдағы операциялар балансының тұрақты оң сальдосы елге шетел валютасының көптеп түсуін, оның алтын-валюта резервінің өсуін, инфляцияны тежейтін ең маңызды фактордың бірі – теңге бағамының нығаюын білдіреді.

Екінші жағынан, Қазақстанның төлем балансының сальдосы әлемдік энергия тасымалдаушылар нарығында қалыптасқан жағдайға тәуелді болғандықтан, сондай-ақ энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағаларының олардың ішкі нарықтағы бағасының өсуіне әкеп соқтыруына және шығын инфляциясын туындатуына байланысты, ағымдағы операциялар балансы сыртқы қауіп-қатерге өте сезімтал. Сонымен бірге ақша массасы ұлғаюының нәтижесінде инфляцияның

өсу ықтималдығы да сақталады. Ұлттық банктің теңгедегі ақша массасын айықтыру, шетел валютасын сатып алуға жеткілікті мүмкіндігі болмаған жағдайда ақша базасы, демек, ақша ұсынысы да өседі. (Ұлттық банк айықтыру барысында ақша базасы өзгермейтіндей немесе ішінара айықтыруда қажет мөлшерге өзгертіндей етіп ішкі кредитті тиісінше өзгертіп, ресми валюта резервтерінің өзгеруін бейтараптандырады). Ашық нарықтағы операциялар арқылы жүргізілетін ойдағыдай айықтырудың мүмкіндіктері мемлекеттік бағалы қағаз нарығының даму дәрежесіне байланысты.

ҚР Ұлттық банкінің экспортты ынталандыру мақсатында теңге бағамын жасанды түрде төмен деңгейде қолдайтын саясатына назар аудару қажет. Нәтижесінде импортқа қарағанда экспортқа қосылған құн салығы салынбайтындықтан, кеден төлемдерінің мемлекеттік бюджетке түсетін төлемінің елеулі бөлігі жоғалады.

Инвестициялардан және төлем балансының қаржы шоттары баптарының табысы туралы деректердің негізінде капитал қозғалысының динамикасын талдауға болады. Капитал қозғалысы деп төлем балансының ағымдағы шотының «Инвестициялар мен еңбекақыдан түскен табыс» және «Ағымдағы трансферттер» баптары, сондай-ақ капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын

операциялардың шоты және «Таза қателер мен жазбай кетулер» бабы бойынша есепке алынатын операциялардың жиынтығы аталады. Егер сальдолардың жиынтық сальдосы оң болса, онда капиталдың нетто-түсімі, егер теріс болса – онда капиталдың нетто-кетісі орын алады.

Қазақстанның төлем балансында атап өтілген баптардың жиынтық сальдосы теріс, демек 1993-1999 жылдар аралығында Қазақстаннан капиталдың нетто-кетісі орын алып, демек, ұлттық жинақ ақшасы азайып отырған.

Қазақстаннан капиталдың кетуінің себебін меншік құқығының тиімсіз қорғалуымен, салық заңнамасының жетілдірілмеуімен, сондай-ақ экономикада қылмыстың көп орын алуымен түсіндіруге болады. Қазақстаннан әкетілетін капиталдың 70%-ға жуығы жылжымайтын мүлікке салынады немесе шетел банктеріндегі жинақ ақша шоттарында жинақталады, ал әкетілетін капиталдың жалпы көлемінің 15%-ына жуығы ғана бизнесті дамытуға жұмсалады. Демек, жақын келешекте қазақстандық резиденттердің инвестициялық табысынан қомақты түсім күтуге бола ма деген сұрақ туындайды.

Капиталдың кему ауқымының төменгі бағасы ретінде «Таза қателер мен тастап кетулер» көрсеткішін пайдалануға болады. Егер көптеген дамыған және дамушы елдердің төлем балансында «Таза қателер мен тастап кетулер» бабының көрсеткіштері нөлдік көрсеткіштің айналысында өзгерсе, Қазақстанда осы көрсеткіштің мағынасы теріс болады. Бұл елден қаражаттың әкетілетін және оның төлем балансының басқа баптарында есепке алынбайтынын білдіреді.

Капиталдың кетуінің ауқымын жоғары бағалау үшін «Таза қателер мен тастап кетулер» бабына сауда кредиттері мен қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың шетелдік әріптестеріне берген аванстары туралы деректер және уақытында түспеген экспорттық валюталық және теңгедегі түсім мен уақытында өтелмеген импорттық кредит бойынша берешектің өзгергені жөніндегі деректер қосылады.

«Сауда кредиттері мен қазақстандық экономикалық агенттер бейрезиденттерге берген аванстар» бабының көрсеткіштері үнемі теріс болады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың басымды бөлігі залалды болған экономикалық реформа жағдайында қазақстандық кәсіпорындар шет елден кімді ойдағыдай кредиттей алды деген сұрақ туындаса да, қарастырылып отырған бап бойынша теріс сальдонның ұдайы өсуі Қазақстаннан капиталдың жасырын кететінін растайды.

Төлем балансының деректері қазақстандық экономикалық агенттердің Қазақстанға экспорттық түсімді аудару жөніндегі берешегінің үнемі өсуіне қатысты ақпарат береді. Экспорт үшін түскен валюта қаражатының бөлігі қазақстандық заңнаманы айналып отырып үнемі шет елде қалады. Мұның өзінде экспорт-тық келісімшарттардағы бағаның нақты бағадан ықтимал төмендігі де, сондай-ақ импорттық бағаның көтеріңкі болуы да есепке алынбайды, ал статистикада осыны бағалау өте қиын.

Шетелдік ақша белгілері төлем төлеу қабілеттілігі эмитент-мемлекеттерде оларды салық төлеуге қабылдаумен қамтамасыз етілетін шын мәнінде пайызсыз борыштық сенімхат болғандықтан, резиденттердің қолма-қол шетел валютасының өсімі капиталдың кетісі деп қарастырылады. Қазақстанда осы белгілер заңды төлем құралы болмағандықтан, халық пен кәсіпкерлердің қаржы құралына айналып отыр және көлеңкелі айналымға қызмет көрсетеді.

Экономикалық өсу келешегіне тоқталсақ, Қазақстанда тікелей шетел инвестициясының (ТШИ) көлемі мен бағытының маңызы зор. Капиталдың алыпсатарлық түсімімен салыстырғанда ТШИ-дің елеулі бөлігі экономиканың нақты секторына бағытталады. ТШИ жаңа технологиялар мен басқару әдістеріне қол жеткізуді қамтамасыз ете алады. Олар инвестициялардың қосымша көзі және ішкі нарықтағы бәсекелестікті жандандырады.

2000-2006 жылдардың төлем баланстарының деректері бойынша Қазақстанға салынған тікелей инвестициялардың көлемі қазақстандық резиденттердің шет елдегі тікелей инвестицияларының көлемінен асып кетеді. 2000-2006 жылдар ішінде ТШИ-дің айтарлықтай көлемі жинақталды. Ұлттық экономиканың көлеміне қатысты ТШИ түсімін сипаттайтын көрсеткіштер тұрғысынаналып қарағанда Қазақстан біршама орташа жайғасқан. Мәселен, 2000 жылы Қазақстанда халықтың жан басына шағылған ТШИ-дің үлесі – 68,8 долларды, ал сол уақытта Ресейде ол 18,9 долларды, Эстонияда – 397,3 долларды, Литвада – 250,3 долларды, Әзірбайжанда – 133,9 долларды құрады. ЖІӨ-нің 1 долларына шаққанда ТШИ түсімінің көрсеткіштері тиісінше Қазақстанда 5,3 долларды, Ресейде – 1,0 долларды, Эстонияда – 11,4 долларды, Литвада – 8,7 долларды, Әзірбайжанда – 25 долларды құрады.

Қазақстан экономикасына ТШИ-дің салынуы қаржы нарықтарының дамымауы, заңнаманың жетілдірілмеуі, шетелдіктердің жергілікті нарықтың тыныс-тіршілігін білмеуі, сондай-ақ капиталдың қозғалысына шектеу қойылуы себеп болды.

Сөйтіп, төлем балансында оның көрсеткіштерінің жүйесі ұлттық экономиканың ішкі проблемаларын айғақтайды. Экономикалық өсудің келешегі мен сыртқы борышты уақытында төлеу мүмкіндігі ағымдағы операциялар балансының жай-күйіне және осы күнге дейін Қазақстан негізінен отын-шикізат және энергетикалық ресурстарды экспорттайтындықтан, ең алдымен әлемдік энергия тасымалдаушылар нарығында қалыптасқан жағдайға тәуелді.

Әзірленетін макроэкономикалық саясат пен қабылданатын заңдар инвесторларға қолайлы жағдай жасауға, капиталды заңсыз әкетуге бақылауды күшейтуге күш салуы тиіс. Үкіметтің арсеналында капитал түсімінің құбылуының жағымсыз салдарының алдын алатын іс-шаралар болуы тиіс. Осы салада бюджет-салық ортасын реттеу және капиталдың қысқа мерзімді түсімін банктердің бақылауын күшейтуге ерекше назар аударылуы тиіс.

### ***НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР***

*Валюта бағамы*

*Экономиканың «долларлануы»*

*Айырбастау бағамы*

*Төлем балансы*

*Шетелдік тікелей инвестициялар*

*Сальдо*

*Капиталмен жасалатын операциялар шоты*

*Ағымдағы операциялар шоты*

## 22-тарау. ӘЛЕМДІК ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ

Әлемдік шаруашылық – ұлттық экономикалардың еңбекті бөлумен, тауар, технология, қызмет, қаржы түсімдерін айырбастаумен және меншік қатынастары желісімен байланысты жүйесі. Әлемдік шаруашылықта ел экономикасының салыстырмалы көлемі, оның даму деңгейі ғана емес, сонымен бірге аталған байланыстар жүйесіндегі оның рөлі, ең алдымен – халықаралық еңбекті бөлудің маңызы артып отыр.

Әлемдік шаруашылық – елдерден құралған өзінше бір «сатыға» ұқсайды, осы елдің әрқайсысын экономикалық дамудың белгіленген бір сатысына жатқызуға болады. Жеке бір елдің халқының жан басына шағылған ЖІӨ-сі осы елдің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Алайда еңбек өнімділігінің деңгейі, адам әлеуетінің даму дәрежесі сияқты жеке көрсеткіштердің де өзіндік дербес маңызы бар.

Әлемдік шаруашылық – үздіксіз дамитын жүйе, елдердің саны біркелкі емес өседі, құрылымы да қайта құрылып, техникалық-экономикалық және институционалдық байланыстардың сапасы өзгереді. Осы процестер жеке елдің жағдайына әрқалай әсер етеді. Осыған орай елдің халықаралық экономикалық жағдайын бағалаудың ең күрделі әрі маңызды аспектісі – осы ел шаруашылығының сапа және құрылымдық сипаттамалары талданған ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне байланысты оның әлемдік шаруашылық динамикасындағы келешегін анықтау.

Қазіргі уақытта елдің әлемдегі және әлемдік шаруашылықтағы жағдайын бағалау мен оның рейтингісінің неше түрлі әдісі қолданылады. Осы бағалар елдің экономикалық қызметінің жалпы нәтижелерін де, сондай-ақ жекелеген құрамдастарына, яғни бәсекеге қабілеттілікке, экономикалық еркіндіктің дәрежесіне, инновациялыққа да және т.б. қатысты. Сол немесе басқа елдің эконо-микасының алатын орны туралы жалпы түсінікті жылдық өндірістің – халықтың жан басына шағылған жалпы ішкі өнімінің нәтижелерін салыстыру береді.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық салыстыру бағдарламасы ұлттық валюталарды сатып алу қабілетінің тепе-теңдігін (СҚТ) есептеуге негізделеді.

ЖІӨ-ні салыстырудың БҰҰ пайдаланатын есеп әдіснамасында:

Әрбір елдің ЖІӨ-ні түпкілікті пайдалануының жекелеген құрамдастары (үй шаруашылықтарының нақты түпкілікті пайдаланылуы, мемлекеттік басқару мекемелерінің түпкілікті пайдаланылуы, негізгі капиталдың жалпы қорланымы) бірқатар біркелкі тауар топтарына бөлінеді («бастапқы топтар»).

Әрбір тауар тобының ауқымында іріктелген репрезентативтік (өкілдік) тауарлар мен қызметтердің ұлттық бағалары тіркеледі. Әрбір елге рәсімге сәйкес әр бастапқы топтың өнім тізбесіне оның ұлттық тұтыну құрылымының өкілі ретінде болатын ең кемінде бір өнімді енгізу ұсынылды. Бастапқы топтардың тепе-теңдігін есептегенде өкіл-тауарлардың ішкі нарығына қатысты ақпарат ескерілді. 1999 жылы салыстырылған өкіл-тауарлардың соңғы тізіміне тұтыну және инвестициялық тауар мен қызметтің 3000-ға жуық атауы кірді. Содан кейін ЖІӨ-ні пайдалану құрамдастары бойынша СҚТ есептеу үшін осы СҚТ шығыс құрылымының таразасы пайдаланылып өлшенеді. Осы тәсілдеменің көмегімен алынған СҚТ-ның екі мағынасы (Ласпейрес пен Пааше формулалары бойынша) Фишер формуласының көмегімен орташаланады.

Фишер формуласының көмегімен орташаланған СҚТ көп жақты салыстырудың ЭКШ формуласын пайдаланып СҚТ-ға өзгертіледі. Осындай әдіспен алынған СҚТ транзитивтіктің талаптарын қанағаттандырады және СҚТ-дан Фишердің формуласы бойынша шамалы ғана ауытқиды. Пайдаланылатын есептеу әдіснамасы есептеу бірлігін (ақша бірлігін) және негізгі елді таңдауға қарамастан салыстыру нәтижесін алуға мүмкіндік береді.

ЖІӨ бойынша ұлттық валютадағы түпкілікті шығыстың құндық көрсеткіштері біріктірілген барлық деңгейлер бойынша тиісті СҚТ-ның көмегімен «халықаралық салыстырмалы» көрсеткішке қайта есептеледі. Бірыңғай валютада алынған нәтижелер ұлттық валютада көрсетілген «атаулы мөлшермен» салыстырғанда «нақты мөлшерлер» деп аталады.

Ұлттық валютадағы атаулы құн көрсеткіштері сатып алу қабілетінің тепе-теңдігінің көмегімен нақты мөлшерлерге қайта есептеледі. Салыстырылатын ел халқының жан басына шағылған ЖІӨ-нің базистік ел (елдер тобына) халқының жан басына шағылған ЖІӨ-ге қатынасы *халықтың жан басына шағылған ЖІӨ-нің нақты көлемінің индексі* деп аталады.

Нақты көлемнің жалпы индекстері мен халықтың жан басына шағылған нақты көлемінің индекстері ЖІӨ мен оның құрамдастарының деңгейінде халықаралық салыстырудың негізгі нәтижелері ретінде қарастырылады. Нақты көлемнің бірыңғай валютада көрсетілген көрсеткіштерін топтық, субөңірлер мен өңірлердің қорытындыларын есептеу және қорытынды сандағы әрбір елдің (немесе өңірдің) үлесін анықтау үшін пайдалануға болады.

Сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі деп базалық елдің бір ақша бірлігіне (немесе елдер тобының ортақ валютасының бір бірлігіне) сатып алуға болатын стандартты тауарлар мен қызметтер жиынтығын сатып алу үшін қажет валюта бірлігінің саны аталады. Мысалы, 1999 жылы АҚШ-та тауарлардың шартты себетін сатып алу үшін 100 АҚШ доллары қажет болды. Ал Ресейде сол тауарлардың себетін сатып алу үшін 2564 рубль қажет болды. СҚТ ЖІӨ-нің біріккен әрбір деңгейі бойынша есептеледі.

#### 22.1. Сатып алу қабілетінің тепе-теңдік көрсеткіштері

	ЖІӨ-дегі үлес, %	Халықтағы үлес, %
1. АҚШ	20,9	4,7
2. Қытай	13,2	20,7
3. Жапония	6,9	2,0
4. Үндістан	5,9	17,3
5. Германия	4,3	1,3
6-7. Франция	3,1	1,0
6-7. Ұлыбритания	3,1	1,0
8. Италия	2,9	0,9
9-10. Бразилия	2,6	2,8
9-10. Ресей	2,6	2,3
11. Канада	1,9	1,7
12. Мексика	1,8	0,5

Дереккөз: *World Economic Outlook (April 2005) Wash. IMF, 2005. P. 193.*

Қазақстан халықтың жан басына шағылған ЖІӨ көрсеткіші – межеленген кезең ішінде елдің қол жеткізген экономикалық дамуының басты көрсеткіші бойынша артта қалып отыр. 2007 жылы есеп жүргізілген 180 елден құралған тізімде (СҚТ-ның негізінде) Қазақстан 69-орын алды (жан басына шағылғанда 11563 доллар). Салыстыратын болсақ: 6-орын алған АҚШ-та (халықтың жан басына шағылғанда 161610 доллар), 53-орындағы Ресейде (халықтың жан басына шағылғанда 161611 доллар), 23-орындағы Францияда – (халықтың жан басына шағылғанда 34262 доллар), 61-орындағы Түркияда – (халықтың жан басына шағылғанда 13447), 90-орындағы Украинада – (халықтың жан басына шағылғанда 7634 доллар). Демек, Қазақстанды дамушы елдердің ішінен неғұрлым дамыған елге жатқызуға болады.

Қазақстан әлемде бірқатар негізгі тауарлардың, ең алдымен, энергия тасымалдаушылар, шикізат пен жартылай өңделген өнімдер өндірісі бойынша әлемде алдыңғы қатарда. Бұл бір жағынан, Қазақстанның табиғи байлығын, ал екінші жағынан, еңбек пен капиталдың экспорт пен табысқа бейімделген салаларда шоғырланғанын көрсетеді. Қазақстанның әлемдік шаруашылықтағы бетке ұстар салалары:

газ, мұнай мен электр энергиясы;

қара металлургия, ағаш, минералдық тыңайтқыштар, мақтадан жасалған мата;

дәнді дақылдар, тамырлы жеміс, сүт;

Ал жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жеңіл автокөлік бойынша Қазақстан әлемдік шаруашылықта төменгі орындарды қанағат тұтады.

Өкінішке орай, Қазақстанның машина жасау кешеніндегі табыстары оның мүмкіндіктерінен артта қалған. Оған инвестициялық сұраныстың төмен деңгейі, көптеген машина жасайтын фирмалардың бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігі мен экспорттық белсенділігінің төменділігі қол байлау болып отыр. Қазақстанның әлемдік шаруашылықтағы алатын орнын сипаттайтын көрсеткіштердің динамикасы қандай? Осы орайда ұзақ және қысқа мерзімді процестерді айырып,

жалпы-элементпен салыстырғанда елдің экономикалық даму қарқынын жеделдететін, сондай-ақ осы қарқынды баяулататын факторларды ескерген орынды.

Қазақстанның бүгінгі күнге дейін экономикалық өсу қарқынының жеделдеуіне біршама қысқа, сондай-ақ ұзақ мерзімді факторлар ықпал етті.

*Қысқа мерзімді факторлардың қатарына:*

1998 жылғы дағдарыстың нәтижесінде теңгенің құбылмалы бағамын енгізу, осы шараның арқасында экспорттық өндірістің барлық түрін ынталандыруға қол жеткізілді;

мұнайдың, шикізат пен жартылай өңделген өнімдердің көп түрінің әлемдік бағаларының көтерілуі;

жақын шет елдерден еңбек ресурстарының көп келуі жатады.

Қазақстанның ұлттық шаруашылығының өсу қарқынының *ұзақ мерзімді жеделдету факторларына* (орташа элементпен салыстырғанда):

жоғары білікті жұмыс күшінің едәуір әлеуетінің болуы;

озық технологияларды пайдаланудың кең мүмкіндіктері;

Қазақстанның аумағында Еуропа мен Азияны байланыстыратын транс-ұлттық көлік жолдарының дамуы;

жеке меншік және мемлекеттік секторда жинақталған ірі қаржы ресурстары жатады.

Энергия ресурстарының, шикізат пен жартылай өңделген өнімдердің одан әрі дамуы ұзақ мерзімді жоспарда Қазақстан экономикасының өсуін жылдамдататын (орташа элементпен салыстырғанда) фактор ретінде қарастырылмайды. Әлемдік ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы мен материал сыйымдылығы ұзақ мерзім ішінде төмендейді, сондықтан келешекте осы тауарларға әлемдік сұраныстың өсуінің қарқыны әлемдік ЖІӨ-нің өсу қарқынынан артта қалады.

Өкінішке орай, 2007 жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстанды да шарпыды. Энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағаларының түсуінің, сыртқы инвестициялық көздердің болмауының салдарынан, сондай-ақ тұрғын үй мен банк дағдарысы Қазақстандағы экономикалық өсудің қарқынын баяулатты. 2009 жылы ҚР Үкіметі келеңсіз салдарды еңсеруге көмек беретін дағдарысқа қарсы іс-шаралар қолданды.

Қазақстан Республикасының 2009-2013 жылдар аралығында макроэкономикалық дамуының келешегін қарастыратын болсақ, онда экономикалық өсуге келесі факторлар ықпал ететін болады.

Сыртқы – әлемдік экономиканың даму қарқынының баяулау кезеңі, дамыған елдердегі рецессия, Америкадағы ипотекалық дағдарыстың салдарынан туындаған әлемдік қаржы дағдарысы, сонымен бірге инвесторлардың тәуекелін төмендету мақсатында әлемдік капиталды қайта бөлуге бағытталған ғаламдық қаржы нарықтарын нақтылау, дағдарысты еңсеру мақсатында әлемнің жетекші елдерінің бірігуі, дамушы елдердің, ең алдымен Азия елдерінің жедел дамуының, шикізат ресурстары нарықтарында, өңделмеген мұнай нарықтарындағы елеулі өзгерістердің арқасында әлемдік экономиканың өсуі.

Ішкі – қаржы секторында іскерлік белсенділіктің төмендеуі, сыртқы борыштың ауыртпалығы, «голланд сырқатының» ықпалы, өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіп кешенінің дамуда артта қалуы, инфляцияның өсуі, шикізат ресурстарының қомақты запасының болуы, жеке меншік секторды Ұлттық қордың қаражатын пайдаланып мемлекеттік қолдаудың артып келе жатқан дәрежесі.

Факторлар жиынтығында оң да, сондай-ақ теріс те фактор бар екенін байқауға болады. Мысалы, әлемдік қаржы дағдарысы ғаламдық дамуға көп кедергі жасайды, сонымен бірге әлемдік экономикада Азия елдері экономикасының жедел дамуы кезеңді дағдарыстан шығуға серпіліс беруі ықтимал. Сонымен бірге шикізаттың мол запасы мен еліміздің алтын-валюта резервінің болуы Қазақстанға дағдарыстан оңай шығуға мүмкіндік береді.

Экономикалық өсу саясатын жүзеге асыру үшін ұлттық экономика дамуының ішкі қайшылықтарын, атап айтқанда, техникалық және әлеуметтік-экономикалық прогрестің, кеңейтілмелі ұдайы өндірістің қарқынды және экстенсивті құрамдастарының, экономикалық өсудің стратегиясы мен практикасының, қорланым мен тұтынудың, жұмыспен қамтудың өсуі мен инфляцияның, экономикалық өсуді тұрақтандыру мен қоғамдық өндіріс өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің арасындағы қайшылықтарды шешу қажет. М. Портер алғаш рет өзінің еңбектерінде осы қарама-қайшылықтарды шешетін, сондай-ақ ұлттық экономиканың тиімді макроэкономикалық дамуына тікелей ықпал ететін елдердің бәсекеге қабілеттілігінің себептері мен факторларын табу мәселесін қарастырды.



Қазақстан ұзақ мерзімді келешекте жоғары тиімді ғылымды көп қажетсінетін өндірістер мен қызметтер саласын басымды дамытудың негізінде ғана жеделдетіп (орташа әлемдік өсумен салыстырғанда) экономикалық өсе алатыны мәлім.

Тек осылай ғана әлемдік технологияларды игеріп, экономиканың тиімділігі мен халықтың табысын тұрақты өсіруге болады.

Қазірде және кейінгі келешекте де тұрақты жедел, ғылымды көп қажетсінетін өсу үлгісіне көшуді *тежеп отырған факторларға*:

ресурстарды өндіруші салалар мен шикізатты бастапқы өңдеуде шоғырландыру – ұлттық экономиканы инвестициялауға емес, капиталды жаппай әкетуге бағытталған стратегия;

орта және ұсақ кәсіпкерліктің дамымауы;

жоғары деңгейдегі бюрократтық, жемқорлық;

халықтың, ең алдымен еңбекке қабілетті жастағы санының жыл сайын қысқаруы, шет елге ғалымдар мен мамандардың қоныс аударуы;

шаруашылықтың барлық салаларындағы негізгі қорлардың өте ескіруі;

мемлекеттің өнеркәсіптік және инновациялық саясатының айқын ұлттық бағдарламасының болмауы жатады.

Сыртқы сауда өзінің қазіргі кезеңдегі құрылымымен Қазақстанның ЖІӨ-сін *жедел* өсіретін фактор бола алмайды. Сондықтан өндірістің барлық секторын қайта жаңартуға салынатын инвестицияларды айтарлықтай ұлғайту және жалпы-ұлттық шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек.

Ұлттық шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігі – соңғы он жылда экономикалық әдебиетте кең тараған күрделі ұғым. Ол ашық экономика мен ғаламдану жағдайында ұлттық шаруашылық іштей жалпы байланысты бүтін нәрсе ретінде әлемдік нарықтағы бәсекелік күрестің субъектісі екенінің даусыз фактісін айғақтайды.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік сұранысқа оралымды икемдене отырып сапалы тауарлар мен қызметтер өндіріп, оларды әлемдік бағалар бойынша өзіне пайда алатындай етіп сату, сондай-ақ шетел капиталы мен еңбек ресурстарын тарту қабілетін *тікелей* сипаттайды.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік ұғымының *кең түсінігіне* осы бәсекеге қабілеттілік жалпы тәуелді білім берудің, ғылым мен денсаулық сақтаудың, инфражүйелердің дамуы, кредит-қаржы саласы жүйесінің жай-күйі, құқық сақтау тәртібінің болуы және т.б. байланысты факторлардың бүкіл жиынтығы кіреді.

Ұлттық шаруашылықтардың бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін бірқатар халықаралық ұйым анықтайды. Осы орайда аз тауарды ойдағыдай экспорттайтын, ал ол шығарған қалған тауарлардың сапасы төмен және олар осы төмен бағамен табысы төмен жергілікті халыққа сатылатын елдің рейтингі қалай анықталады; көп тауарлар бойынша әлемдік нарықта ойдағыдай бәсекелестікке түсетін, алайда ұлттық еңбекақының деңгейі төмен елдердің рейтингісі қалай анықталады деген бірқатар проблемалар туындайды. Бұл жерде сөз жекелеген тауарлар мен қызметтер бойынша бәсекеге қабілеттілік емес, жалпыұлттық шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігі жөнінде қозғалғандықтан, елдер объектіні жан-жақты қамтитын кең ауқымды көрсеткіштер бойынша салыстырылуы тиіс.

Әр түрлі елдерді олардың бәсекеге қабілеттілігі бойынша рейтингісін бағалау бүгінгі күні «Дүниежүзілік экономикалық форум» (ДЭФ) атты швейцарлық ұйымның жыл сайынғы баяндамасында келтіріледі.

ДЭФ-тың экономикалық бағалары 1) ашықтық; 2) мемлекет; 3) қаржы; 4) инфрақұрылым; 5) технология; 6) басқару; 7) еңбек; 8) институттар деп аталатын сегіз топ бойынша бөлінген 200-ге жуық көрсеткішке негізделеді. Осы топтардың әрқайсысының өзінің «салмағы» бар, мысалы, «ашықтық», «мемлекет» және «қаржы» тобының салмағы – 16,7%, ал «басқару» мен «институттар» тобының салмағы – 5,5%-ды құрайды. Сегіз факторлық индекстің негізінде (әрбірінің ішінде субиндекс көп) жиынтық индекс пен елдің бәсекеге қабілеттілігі бойынша рейтингі анықталады.

Өкініше орай, ДЭФ есептерінде елдердің саны мен бәсекеге қабілеттіліктің базалық көрсеткіштерінің саны үнемі өзгереді. 1996 жылы, мысалы, есеп 49 елге, 2005 жылы – 117 елге қатысты болды, сондықтан әр түрлі елдердің бағаларын салыстыруға болмайды.

ДЭФ рейтингінің деректері бойынша 1999 жылы Қазақстан 74 елдің ішінен соңғы орында болды, 2000 жылы да 74 елдің ішінен 68-орында, 2001 жылы сол 74 елдің ішінен 65-орында, ал 2002 жылы 80 елдің ішінен 71-орында болды. 2004 жылы еліміз бәсекеге қабілеттіліктің индексін

есептеу үшін алынған 104 елдің ішінен 76-орында болса, 2005 жылы ТМД елдерінің ішінен Ресейден озып, 117 елдің ішінен 68-орынды иелендік.

Өкінішке орай, американдық «Мұрагерлік қоры» мен Wall Street Journal жасаған басқа рейтингіде (2000 жылы) Қазақстанға елімізде «экономикалық еркіндіктің деңгейі төмен» деген себеппен ең соңғы орындардың бірі берілген.

Transparency International рейтингі (1996 жылдан бастап 2000 жылға дейін) Қазақстанды сыбайлас жемқорлық күшті және бизнесі «ашықтан» төмен елдерге жатқызады. Рейтинг жасаушы сарапшылар әр түрлі көрсеткіштер жиынтығы мен әрбір елдің өзіндік салмағын анықтаудың әр түрлі әдістерін қолданады. Осының барлығы сол немесе басқа елдің жайғасымын бағалағанда субъективизм елеулі рөл атқаратынын көрсетеді. Алайда ол ұлттық экономиканың салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігін бағалауға арналған рейтингінің құндылығын кемітпейді. Мұның өзінде рейтингілердің ұлттық шаруашылықтардың салыстырмалы және халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің сол немесе басқа деңгейін түсіндіретін себептік-салдарлық байланыстарды ашпайтынын ескерген орынды.

Осы мәселені американдық экономист М. Портер «Халықаралық бәсекелес-тік» атты іргелі зерттеуінде шешуге тырысты. М. Портер ауқымды эмпирикалық материалда нақты ұлттық тауардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен осы тауарды өндірушінің осы өндіріспен байланысты ел ішіндегі фирмалар мен ұйымдардың «кластеріне» сүйену қабілетіне байланысты екенін көрсетті. Осы «кластерге» университеттердің ғылыми зертханаларын, КБ мен шикізат, жартылай өңделген өнім, станоктар, электрондық аспаптар, химия өнеркәсібінің бұйымдары мен т.б. шығаратын фирмаларды кіргізуге болады. Тек осы фирмалар мен ұйымдарды ортақ мүдде байланыстырып, олардың іс-әрекеті түпкілікті нәтиже үшін жұмыс істеуге үйлестірілуі маңызды.

Есептеулер көрсеткендей, XX ғасырдың басында Ресейде еңбек өнімділігінің деңгейі АҚШ-тағы еңбек өнімділігінің деңгейіне қатысты 27-31%-ды құрады. Осы ғасырдың 60-70 жылдары ол шарықтап өсіп, кейін төмендеді, соңғы жылдары айырмашылық қысқара бастаса да, қазіргі уақытта еңбек өнімділігі 25%-дан төмен түсті. Қазақстанмен өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымындағы ұқсастықты ескере отырып, отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін еңбек өнімділігін көтеру жөнінде ұзақ мерзімді шаралар қажет деген тұжырым жасауға болады.

Елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен оның экономикасындағы салалардың ішіндегі және салалардың арасындағы байланыстың дамуына және экспортты қолдауға бағытталған осы байланыстарды үйлестіруге байланысты. Басқаша айтқанда, жоғары дамыған ұлттық нарық – елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің іргетасы. Және керісінше, ұлттың ішіндегі ғылыми-өндірістік байланыстардың үзілуі елдің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне нұқсан келтіреді, қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі осы себептерге байланысты. Демек, экономиканың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күрт көтеру үшін, ең алдымен, отандық ғылым мен өндірістің арасындағы құнды байланысты қалпына келтіріп, оларды қазіргі кезеңдегі жоғары технологиялық негізде дамыту қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде халықаралық алмасуға қатысушы Қазақстан экономикасының *салыстырмалы артықшылықтары мен әлсіздігін* қарастыру қажет. Көрсеткіштердің абсолюттік мөлшерлері бағаланатын ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің деңгейлерін салыстыруға (белгіленген жиынтықта алынған) қарағанда салыстырмалы артықшылықтар нақты елдер сыртқы саудада мамандану пайдалы болатын бағыттарды меңзейтінін атап өту керек. Бұл осы ұлттық шаруашылықтың басқа салаларының, орталарының, жұмыс түрлерінің жайғасымына қарағанда орташа әлемдік деңгей қатысында жайғасымдары жақсы ұлттық шаруашылықтың салалары, орталары, жұмыс түрлері. Салыстырмалы артықшылық теориясының негізін Д. Рикардо қалап (салыстырмалы шығын теориясы түрінде), оны одан әрі Э. Хекшер мен Б. Олин (ресурстармен салыстырмалы қамтамасыз етілу теориясында) дамытты. 1990 жылы ЕО комиссиясы КСРО экономикасындағы ықтимал салыстырмалы артықшылықтарды бағалай келе, Кеңес одағына сыртқы сауданы ырықтандырған жағдайда отын, ағаш, қағаз, шикізат, химия өнімінің экспортына маманданған пайдалы болады деген қорытынды жасады. Комиссия XX ғасырдың 80-жылдарының соңында машина, жабдық, азық-түлік, тұтыну тауарларының экспорты пайда әкелмейді деген тұжырым жасады.

Экспорттың осы құрылымын өзгертуге бола ма және ол қажет пе деген сұрақ туындайды. Кейбір экономистер осы сұраққа нақты жауап бермейді. Олар елдің экономикалық дамуының

деңгейі оның өндірісі мен экспортының салалық құрылымына байланысты емес деп пайымдайды. Мысал ретінде Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, ОАР сияқты дамыған елдерге сілтеме жасайды.

## 22.2. Әлемнің кейбір елдері экспортының тауарлық құрылымы, %

Ел	Жыл	Экспорт барлығы	Оның ішінде өнім		
			ауыл шаруашылығының	өндіру өнеркәсібінің	өңдеу өнеркәсібінің
Ресей	2002	100	3,2	44,6	52,5
АҚШ	2002	100	4,6	1,6	93,8
Канада	2001	100	4,2	12,5	83,3
Австралия	2001	100	12,9	28,5	58,6
Жаңа Зеландия	2001	100	11,9	2,3	85,8
Қытай	2001	100	2,7	2,6	94,6
Үндістан	2000	100	8,9	16,2	74,9
Бразилия	2001	100	11,1	7,2	81,6
Мексика	2001	100	3,0	7,6	89,4
ОАР	2001	100	4,4	28,1	67,4

Дереккөз: Ресей және әлем елдері. 2004. 317, 318 б.

Келтірілген деректер барлық елдер даму және табиғи ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейіне қарамастан, ең алдымен, өңдеуші өнеркәсіптің экспортын дамытуға тырысады. Мысалы, Қазақстан сияқты Ресейге кері көрініс тән, Ресей өңдеу өнеркәсібінің экспорттағы үлесі төмен. 2007 жылы Қазақстан экспорты құрылымының үштен бірін минералдық өнімдер (72%), металл (16%), химия тауарлары (4,2%), азық-түлік өнімі (2,8%) құраса, тек қана 1,8%-ды – машина жасау өнімі құрады. Ал Қазақстан импортының құрылымында машиналар мен жабдықтардың үлесі 45%-ға жетіп, минералдық өнімдер – 14,3%-ды, химия тауарлары – 10,8%-да, тамақ тауарлары – 7%-ды құрайды.

Қазақстаннан тауарларды негізінен Батыс Еуропа елдері, әсіресе Италия мен Швейцария бүкіл импорттың 35,6%-ын импорттады, ал Францияның үлесі 8,8%, сондай-ақ тауарлар Германияға, Англияға импортталды. Қазақстанның импортында Ресейдің үлесі 10%-ды, ал Қытай – 9,4%-ды құрады. 2006 жылы Қазақстан импортының құрылымында Ресейдің үлесі 38,3%-ды, Қытайдыкі – 8%-ды, Германияныкі – 7,6%-ды, АҚШ-тыкі – 4,7%-ды және Украинаның үлесі – 4,2%-ды құрады.

Сөйтіп, сыртқы сауданың құрылымын өзгертіп, мүмкіндігінше машиналардың, жабдықтардың, даяр тауарлардың экспортына көшкен орынды. Осы мақсаттың жүзеге асырылуы екінші топтағы тауарлардың біршама жоғары тиімділігін және бірінші топ тауарларының – біршама төмен тиімділігін анықтайтын факторлардың тегіне байланысты.

Мамандар Қазақстанның отын-энергетикалық және шикізат өнімін өндіретін салалардағы салыстырмалы артықшылығына себеп болатын ең маңызды факторларға:

ірі және негізінен бірқатар түрлері бойынша әлемдік маңызы бар кешенді минералдық-шикізат запастарын;

ОЭК-де әлемдік деңгейдегі өнеркәсіптік қуаттардың болуын;

тиісті көлік және энергетикалық инфрақұрылымның болуын;

жоғары білікті мамандар мен ғылыми-техникалық жетістіктердің болуын жатқызады.

Жалпы өңдеу өнеркәсібінің және ішінара машина жасау экспортындағы жайғасымның нашар болуына себеп болған факторларға:

өнеркәсіп өнімін әлемдік нарықта бәсекеге қабілетсіз ететін тиімсіз технологияларды және өндірісті ұйымдастыру әдістерінің болуын, оның жоғары ресурс сыйымдылығы;

негізгі қорлардың өте ескіруі және оларды жаңартудың шектеулі мүмкіндігі;

өзінің индустрияны дамыту жөніндегі нақты мемлекеттік бағдарламалардың болмауы;

өндірістің ұтымсыз орналасуы және көлік шығындарының жоғары болуы;  
бизнес пен маркетингте тәжірибенің жетіспеуі, тиісті инфрақұрылымның болмауы жатады.

Қазақстанда өңдеу және өндіру өнеркәсібіндегі салыстырмалы жағдайды тегістеудің алғышарттары бар ма? Бұл үшін, ең алдымен, өндіру салаларына қарағанда (және металлургияда) өңдеу салаларындағы өндірістің тиімділігін арттыру қажет. Қазақстанда дәстүрлі күшті ғылыми-техникалық әлеует, білікті еңбек ресурстары, жан-жақты дамыған ғылыми және білім беру жүйесі сияқты бастапқы мүмкіндіктер бар, ал соңғы жылдары елімізде елеулі қаржы ресурстары да жинақталды.

Сөйте тұрғанымен Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі салаларын жаңғырту мен дамыту баяу жүзеге асырылуда, отын-энергетикалық кешеннен тысқары отандық және шетелдік инвестициялардың жаппай түсімі байқалмайды. Сондықтан өңдеу және өндіру салаларында салыстырмалы жағдайды тегістеу жөнінде әңгіме қозғау әлі ертерек, демек жуық арада экспорт құрылымының өзгеруі де екіталай.

Егер салыстырмалы-статистикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, онда ресурстарды өңдеу өнеркәсібінен өндіруші экспорттық салаға көшіру Қазақ-станға көп пайда әкелуді қамтамасыз етеді. Алайда экспорттың осылайша тарылуының салдарынан ұзақ мерзім бойы тиімділік болмайтыны анық.

Біріншіден, жоғарыда атап өтілгендей, ұзақ мерзімді келешекте өңдеу салаларының өнімімен салыстырғанда өндіру салаларының өніміне әлемдік сұраныс анағұрлым баяу өседі, сондықтан экспорттың шикізат құрылымы жалпы экономиканың өсуін бәсеңдетеді.

Екіншіден, өндіру өнеркәсібі мен оған қызмет көрсететін салалар Қазақстанның еңбек ресурстары мен капиталының бөлігін ғана сіңіруге қабілетті, ал осының нәтижесінде табысы жоғары экспорттық өндіріс әлемдік стандарттарға жауап беретін, ал өндірістің ішкі нарыққа бейімделген басымды бөлігі аталмыш стандартқа жауап бермейтін және аз табыс әкелетін «экономикалық дуализм» орнайды.

Үшіншіден, дуалистік экономикада экспорттық салалар жабдықты, технологиялар мен жоғары білікті мамандарды сыртқы көздерден алуға бейімделіп, күннен-күнге ішкі нарықтан бөлектеніп, Қазақстанның аумағындағы әлемдік экономиканың бөгде «анклавына» айналады.

Төртіншіден, экспорттық салалар жинақтайтын капитал ел ішінде қолданылмай, шет елге кетеді.

Айтылғанды қорыта келе Қазақстанның отын мен шикізат экспортының қол жеткізген абсолюттік деңгейінен бас тартпай, экономиканың осал тұстарын еңсеріп, өңдеу өнеркәсібі (әсіресе машина жасауда) мен қызмет көрсету саласындағы салыстырмалы артықшылықтарға жетуге күш-жігер салуы, сондай-ақ осы өнім түрлерінің арқасында өзінің экспортын одан әрі өрістетугі тиіс. Ирландия, Корея Республикасы, Қытай, Малайзия және т.б. елдердің тәжірибесі осы күрделі міндетті шешуге болатынын растайды.

Демек Қазақстан ел экономикасының әлемдік шаруашылыққа интеграциясы процесін жалғастырудан бас тартпай, осы процесті өзінің ұлттық мүддесіне бағындырып, оның қарқыны мен бағытын реттеуі тиіс. Қазіргі кезеңдегі сатыда осы мүдделер ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен, халықтың әл-ауқатын жақсартумен, өңдеу өнеркәсібін әлемдік стандарттар деңгейінде дамытумен байланысты. Осы мақсатқа жету үшін шикізат пен отын экспорты табысының бөлігін өңдеу өнеркәсібінің салаларына, қызмет көрсету мен инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік салаға пайдаланған орынды.

Қазіргі заманғы тәжірибе мемлекеттік саясат «импортты бір жақты алмастыру», импортты меншікті өндіріспен ығыстыру мақсатын қоймауы тиіс екенін көрсетті, өйткені аталмыш саясат тиімділік пен дамуға ықпал етпейді, мемлекет өнімі әлемдік және ішкі нарықтарда (оның тарлығын ескере отырып) бәсекеге қабілетті инвестицияларға жәрдем беруі тиіс.

Сарапшылар Қазақстанның ұлттық экономикасының әлемдік шаруашылықтағы орны мен оның қазіргі кезеңдегі және алыс келешектегі бәсекеге қабілеттілігін анықтауға күш салуда. Осы болжамды бағалар экономикалық саясаттың негізін қалайтын ұзақ мерзімді экономикалық стратегия әзірлеуге көмек беретін практикалық маңызға ие болып отыр. Бұл үшін болжам үш талапқа жауап беруі тиіс, атап айтқанда, онда елдің ішкі мүмкіндіктері нақты бағалануы; жалпыәлемдік ахуал нақты бағалануы тиіс, сондай-ақ қолданылатын көрсеткіштерді мемлекет реттеп, оған ықпал етуі үшін ішкі мүмкіндіктердің болжамдық бағасының әдіснамасы толық ашылуы тиіс.

Сарапшылар әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан 2030-2050 жылдар аралығында әлемдік шаруашылық ойдағыдай өседі деп болжап отыр. Олардың ойынша өңдеу және өндіру

өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығы анағұрлым баяу өсетінін, ал осы салаларда жұмыс істейтіндердің саны қысқарып, экономика ең алдымен жоғары технологиялық салалар мен қызметтердің есебінен өседі.

Дамыған елдерде аталмыш тенденция бұрыннан бері жүзеге асқан, алайда осы елдерде әлем халқының 20%-ға жуығы тұрады. Ал дамушы елдерде тұратын 80% азық-түлік өнімінің, дәрі-дәрмектің, ұзақ пайдаланылатын заттардың, машиналар мен жабдықтардың қажеттілігін соншалықты жоғары деңгейде қанағаттандыра алмайды. Алайда осы мүмкіндікті дамушы елдердің төлемге қабілетті сұранысы проблемасының салдарынан іске асыру мүмкін емес. Демек, бүкіл әлемдік шаруашылықтың келешегі үшін дамыған елдерге қарағанда дамушы елдердің өзінің төлемге қабілетті сұранысын біршама жылдам қарқынмен кеңейте ала ма деген сұрақ туындайды. Егер кеңейте алса, онда өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс жақын жарты ғасырда өсу қарқыны бойынша қызмет көрсету саласына да, жоғары технологияларға да дес бермейді.

Yoldman Sachs американдық инвестициялық банктің экономистері Д. Уилсон мен Р. Пуршотоманның болжамына сәйкес төрт дамушы елдің, яғни Бразилия, Ресей, Үндістан мен Қытай ЖІӨ-сінің жиынтық көлемі АҚШ, Германия, Англия, Франция, Италия, Канада мен Жапония – «жетілігі» ЖІӨ-сінің көлемінен асып түседі. Осы болжам бойынша 2050 жылы ЖІӨ көлемі бойынша елдер келесідей орналасады: 1) Қытай, 2) АҚШ, 3) Үндістан, 4) Жапония, 5-6) Ресей және (немесе) Бразилия. Осындай нәтижеге жету үшін 50 жыл ішінде ЖІӨ өсуінің орташа жылдық қарқыны: Ресейде – 3,9%-ды, Бразилияда – 3,7%-ды<sup>19</sup>, Қытайда – 5,6%-ды, Үндістанда – 5,8%-ды құрауы тиіс.

Авторлар ЖІӨ өсуінің осы болжамын жасағанда жұмыспен қамтудың, инвестициялар мен капитал өнімділігінің динамикасын бағалауға сүйенеді. Олардың ойынша өсу үшін бүкіл жарты ғасыр бойы макроэкономикалық ашықтық; қажетті институттардың болуы; халықтың білім деңгейінің өсуі сияқты жағдай жасалуы тиіс.

XXI ғасырдың бірінші жартысында әлемдік шаруашылық макроэкономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік-саяси орнықтылық жағдайында дамитынына күмән келтіретін көп дәлел айтылады. Керісінше, елдерге ішкі де, сондай-ақ халықаралық қатынастарда да шиеленіскен жағдайлармен бетпе-бет келуге тура келеді және елдер оларды еңсеру үшін өзінің ішкі және халықаралық мекемелерінің құрылымын трансформациялауы тиіс.

Қазақстан Республикасы бәсекелік күрес өршіген жағдайда, прогрессивтік құрылымдық өзгерістер мен инфрақұрылымдық өзгерістердің негізінде тиімділікті арттыруға бағытталған жүйелі іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзінің бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, әлемдік экономикадағы лайықты орнын ала алады.

## **НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР**

*Сыртқы берешек*

*Сыртқы сауда*

*Капиталды әкету*

*Сыртқы экономикалық қатынастарды ырықтандыру*

*Халықаралық экономикалық қатынастар*

*Жұмыс күшінің көші-қоны*

*Әлемдік шаруашылық*

*Ұлттық бәсекеге қабілеттілік*

*Сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі*

*Сыртқы экономикалық қызметтің өтпелі нысандары*

<sup>19</sup> Внешнеэкономический бюллетень. 2004. №11. С.7.

# МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе</b>		<b>3</b>
<b>1-ТАРАУ.</b>	<b>Ұлттық экономикалық жүйені талдаудың маңызы мен қағидалары</b>	<b>5</b>
1.1.	Экономикалық жүйе. Ұлттық экономикалық жүйе. Ұлттық экономика үлгісі	5
1.2.	Экономикалық құрылым және экономикалық жүйелер	6
1.3.	Экономикалық құрылым және ұлттық экономикалық жүйе	7
1.4.	Ұлттық экономикалық жүйе және ұлттық экономика үлгісі	8
1.5.	Ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру қағидалары	8
1.6.	Ұлттық экономика үлгісінің дамуы мен объективтік тенденциялары	10
1.7.	Ұлттық экономиканың мақсаттары	13
<b>2-тарау.</b>	<b>Қазақстанның ұлттық экономикасы үлгісінің ерекшеліктері</b>	<b>16</b>
2.1.	Орнықты табиғи факторлар мен экономикалық маңызы	16
2.2.	Қазақстанның экономикасы және оның салалық құрылымы	19
2.3.	Экономиканың өңірлік құрылымының рөлі	20
2.4.	Қазақстанның ұлттық экономика әлеуметтік-мәдени факторы	22
2.5.	Қазақстанның ұлттық экономика ерекше белгілері	23
<b>3-тарау.</b>	<b>Өтпелі экономика және Қазақстанның ұлттық экономикасының үлгісін қалыптастыру</b>	<b>25</b>
3.1.	Өтпелі экономиканың маңызы	25
3.2.	Өтпелі экономиканың түрлері	26
3.3.	Қазіргі кезеңдегі өтпелі экономиканың ерекшеліктері	28
3.4.	Кеңестік экономикалық жүйенің негізгі мен қарама-қайшылықтары	29
3.5.	Қайта құрудың бастапқы талаптары	30
3.6.	Нарықтық алғышарттардың кемелділігі	31
3.7.	Макроэкономикалық тепе-теңдік	31
3.8.	Халық шаруашылығының құрылымы	31
3.9.	Қайта құрудың негізгі бағыттары. қалыптасуы	32
3.10.	Экономикалық саясаттың бағытын таңдау проблемасы	34
3.11.	Қайта құрудың негізгі кезеңдері. құлдырау мен оның жай-күйі	34
3.12.	Қайта құрудың бірінші кезеңінде ұлттық экономиканы қалыптастырудың қарама-қайшылықтары	36
3.13.	Ұлттық экономика үлгісін қалыптастырудың кезеңінің ерекшеліктері	38
3.14.	Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері	39
<b>4-тарау.</b>	<b>Меншік және оны қайта құру</b>	<b>41</b>
4.1.	Меншіктің заңды ұғымы	41
4.2.	Меншіктің экономикалық маңызының негізгі белгілері	41
4.3.	Меншік құқығы	42
4.4.	Меншік құқығын жүйелеу	43
4.5.	Экономикалық билік және экономикалық тәуелділік	44
4.6.	Экономикалық процестің ұдайы өндірісінің мен нәтижелері	45
4.7.	Меншіктің тарихи нысандары	46

4.8.	Меншік нысанын жіктеу өлшемдері	47	
4.9.	Меншік нысандары мен олардың негізгі белгілері	48	
4.10.	Акционерлік меншіктің ерекшеліктері	50	
4.11.	Меншікті қайта құрудың экономикалық өлшемі	51	
4.12.	Қазақстандық экономикадағы меншікті қайта ерекшеліктері	52	құрудың
4.13.	Қазақстандық жекешелендірудің нәтижелері, мен нысандары	54	кезендері
<b>5-тарау.</b>	<b>Мемлекеттің экономикалық рөлі.</b>		
	<b>Экономиканы мемлекеттік реттеу</b>	<b>57</b>	
5.1.	Мемлекеттің экономикалық рөлінің мен бағыттары	57	мазмұны
5.2.	Мемлекеттің экономикалық рөлінің дамуы	59	
5.3.	Мемлекеттің Қазақстан экономикасындағы мен алатын орнының ерекшеліктері	61	рөлі
5.4.	Мемлекеттің ел экономикасында функциялары	62	атқаратын
5.5.	Мемлекеттің экономикалық саясаты	63	
5.6.	Трансформация аяқталған жағдайдағы саясаты мен оның рөлі	65	тұрақтандыру
5.7.	Мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары	68	
5.8.	Тікелей мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары	69	
5.9.	Жанама реттеу әдістері мен құралдары	73	
5.10.	Ғаламдық қаржы дағдарысы және оны еңсеру жөніндегі іс-шаралары	75	ҚР Үкіметінің
<b>6-тарау.</b>	<b>Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісінің әлеуметтік жағынан тұрақты дамуының негіздері</b>	<b>79</b>	
6.1.	Экономикалық және әлеуметтік дамудың біртұтастығы	74	
6.2.	Әлеуметтік тұрақты экономикалық дамудың мәні	80	
6.3.	Әділ бөлу және ұлттық экономика үлгісін қалыптастыру	82	
6.4.	Әлеуметтік қайта құрудың түбегейлі сипаты	85	
<b>7-тарау.</b>	<b>Кәсіпкерліктің мәні мен нысандары</b>	<b>91</b>	
7.1.	Кәсіпкерліктің экономикалық тегі мен белгілері	91	
7.2.	Кәсіпкерліктің уәжі мен мақсаты	94	
7.3.	Кәсіпкерліктің маңызы мен мәні	94	
7.4.	Кәсіпкерлік иесі	95	
7.5.	Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық дамуы	96	
7.6.	Кәсіпкерліктің нысандары	98	
7.7.	Мемлекеттік кәсіпкерліктің арттырудағы рөлі	99	бәсекелестікті
7.8.	Шағын кәсіпкерлік	100	
7.9.	Кәсіпкерліктің функциялары	103	
7.10.	Қазақстанда кәсіпкерлік қызметке қатысушылар	107	
<b>8-тарау.</b>	<b>Кәсіпкерлік ортаны және кәсіпорындардың кәсіпкерлік мінез-құлқын қалыптастыру</b>	<b>113</b>	
8.1.	Кәсіпкерлік факторлары	113	
8.2.	Кәсіпкерлік ортаны құру	113	
8.3.	Экономиканы ырықтандыру дамуының талабы ретінде	114	кәсіпкерліктің
8.4.	Кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз етуді қалыптастыру	115	
8.5.	Кәсіпкерлік және жауапкершілік	116	
8.6.	Бәсеке және кәсіпкерлік	116	
8.7.	Кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру және қарсы саясат	118	монополияға
8.8.	Өндіруші және өндіруші емес Көлеңкелі экономика	119	кәсіпкерлік.
8.9.	Кәсіпорын кәсіпкерлік субъектісі ретінде	121	

8.10.	Кәсіпкерлік бағыттары	үлгідегі	кәсіпорындарды	125	қалыптастыру
8.11.	Мақсатты стратегиялары	бағдарларды	түрлендіру	және 126	іс-әрекет
8.12.	Жеке ұдайы өндіріс пен кәсіпкерліктің сипатын өзгерту			126	
<b>9-тарау.</b>	<b>Қазақстанның ұлттық экономикасында еңбек қатынастарының қалыптасуы</b>				<b>129</b>
9.1.	Қоғамның қатынастарының сипатының өзгеруі	әлеуметтік	құрылымының	және 129	еңбек
9.2.	Еңбек нарығының мәні мен ерекшеліктері			130	
9.3.	Еңбекақы, оның функциялары мен рөлі			133	
9.4.	Әлеуметтік қамтудың өзгерістерінің тенденциялары	тұрақтылықтың	қалыптасуы	және 135	жұмыспен
9.5.	Әлеуметтік әріптестік			143	
<b>10-тарау.</b>	<b>Табыс және өмір сүру деңгейі. Кедейшілік проблемасы</b>				<b>146</b>
10.1.	Халықтың табысы және оны өзгерту тенденциялары			146	
10.2.	Өмір сүру деңгейін		өзгерту	148	тенденциясы.
	Күнкөрістің ең төмен деңгейі				
10.3.	Кедейшілік және оны бағалау			150	
10.4.	Кедейшілікті қысқарту проблемалары			155	
<b>11-тарау.</b>	<b>Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы. Мемлекеттік бағдарламалар</b>				<b>157</b>
11.1.	Әлеуметтік қорғау жүйесінің рөлі мен функциялары			157	
11.2.	Әлеуметтік қорғаудың бағыттары			158	
11.3.	Әлеуметтік қорғау мен реформалаудың негізгі бағыттары		әлеуметтік ортаның	161	салаларын
11.4.	Мемлекеттік бағдарламалар			165	
<b>12-тарау.</b>	<b>Қаржы жүйесі. Бюджет және бюджетаралық қатынастар</b>				<b>167</b>
12.1.	Қаржы және қаржы жүйесінің мәні мен функциялары			167	
12.2.	Қазақстанның ұлттық экономикасындағы бюджет жүйесі			169	
12.3.	Бюджет жүйесі мен оның құрылымы			172	
12.4.	Қазақстан мен шығысының құрылымын қалыптастыру	Республикасы	бюджетінің	174	табысы
12.5.	Бюджет әлеуеті			177	
12.6.	Бюджеттен тыс қорлар			178	
12.7.	Негізгі бюджеттік мен профициті	пропорциялар.	Бюджет	182	тапшылығы
12.8.	Бюджетаралық қатынастар (өңірлер арасында)	және	бюджеттік	185	бөлініс
12.9.	Бюджеттік қатынастарды Бюджеттендіру	және	бюджет процесін	189	жетілдіру.
<b>13-тарау.</b>	<b>Салық және салық жүйесі</b>				<b>192</b>
13.1.	Салықтардың мәні мен негізгі белгілері			192	
13.2.	Салық жүйесі және оны құру қағидалары			193	
13.3.	Салық жүйесінің функциялары			194	
13.4.	Салықтардың түрлері мен жіктелуі			196	
13.5.	Салық жүйесінің тиімділігі			197	
13.6.	Салыққа әкімшілік ету			199	
13.7.	Салық жүйесін бағыттары	жетілдірудің	қайшылықтары	мен 199	негізгі
<b>14-тарау.</b>	<b>Қаржы нарығын қалыптастыру</b>				<b>204</b>
14.1.	Қаржы нарығының мәні мен функциялары			204	
14.2.	Ұлттық қаржы нарығының үлгісін анықтау проблемасы			204	
14.3.	Банк жүйесі. Қазақстан ұлттық банкінің атқаратын рөлі			207	
14.4.	Қор нарығы және оның қалыптасуының ерекшеліктері			210	
14.5.	Бастапқы және қайталама қор нарықтары			211	



14.6.	Бағалы қағаздардың негізгі түрлері	212	
14.7.	Әлемдік қаржы нарықтарындағы бағалы қағаздар	216	
14.8.	Қазақстандық қор нарығының ерекшеліктері	216	
<b>15-тарау.</b>	<b>Экономикалық әлеует және ұлттық байлық</b>	<b>218</b>	
15.1.	Қоғамдық ұдайы өндірістің мәні және ұлттық ұдайы өндіріс	218	Макроэкономика
15.2.	Ұлттық экономиканың экономикалық әлеуеті	220	
15.3.	Ұлттық байлық экономикалық санат ретінде	222	
15.4.	Ұлттық байлықтың құрамы мен оны өлшеу тәсілдері	225	
<b>16-тарау.</b>	<b>Ұдайы өндірістің пропорциялары.</b>		
	<b>Қазақстан Республикасында инновациялық экономиканы қалыптастыру</b>	<b>230</b>	
<b>17-тарау.</b>	<b>Ұлғаймалы ұдайы өндірістегі инвестициялар</b>	<b>238</b>	
17.1.	Инвестициялардың мәні мен олардың нысандары	238	
17.2.	Қазақстан экономикасының инвестициялық тенденциялар	239	қызметіндегі
17.3.	Инвестициялық қызметті жетілдіру жолдары	241	
17.4.	Шетелдік инвестициялар мен олардың нысандары	246	
17.5.	Шетелдік инвестицияларды тартуды реттеу	248	
17.6.	Шетелдік инвестицияларды ынталандыру	249	
<b>18-тарау.</b>	<b>Ұлттық шоттар</b>	<b>252</b>	
18.1.	Ұлттық шоттар	252	
18.2.	ҰШЖ-ның негізгі шоттар жүйесі	256	
18.3.	Қазақстанда ҰШЖ-ға көшу	258	
18.4.	ҰШЖ негізінде қоғамдық ұдайы өндірісті зерттеу	259	
<b>19-тарау.</b>	<b>Ашық экономиканы қалыптастыру.</b>		
	<b>Қазақстанның ДСҰ-ға қосылу проблемалары</b>	<b>262</b>	
19.1.	Ашық экономиканың негізгі белгілері мен нысандары	262	
19.2.	Ашық экономиканы қалыптастырудың проблемасы	263	негізгі
19.3.	Халықаралық экономикалық байланыстардың бағыты	265	даму
19.4.	Сыртқы экономикалық қызметтің өңірлік аспектілері	267	
19.5.	Арнайы экономикалық аймақтар	269	
19.6.	Дүниежүзілік сауда ұйымы Қазақстанның ДСҰ-ға қосылу проблемалары	271	(ДСҰ).
19.7.	Ұлттық экономикалық қауіпсіздік	275	
<b>20-тарау.</b>	<b>Ғаламдану және халықаралық өңірлік экономикалық интеграция</b>	<b>278</b>	
20.1.	Ғаламдану	278	
20.2.	Халықаралық өңірлік интеграция, мен кезеңдері оның нысандары	280	
20.3.	Қазіргі кезеңдегі әлемдегі негізгі экономикалық интеграциялық топтар	282	халықаралық
20.4.	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы	284	
<b>21-тарау.</b>	<b>Қазақстанның төлем балансы мен сыртқы экономикалық қызметі</b>	<b>294</b>	
22-тарау.	Әлемдік шаруашылықтағы Қазақстанның ұлттық экономикасы	302	

**А. В. СИДОРОВИЧТИҢ, Ә. Ә. ӘБІШЕВТИҢ**  
жалпы редакциялауымен

## **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА**

Басуға \*\*. \*\*.2011 ж. қол қойылды. Формат 60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «Times». Көлемі \*\*. Таралымы \*\*\* дана. Тапсырыс №\*\*\*\*.